



Арап қарпінен көшірген —
МҰРАТХАН ҚАНИ

АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1993

ББК 63.3(2 Қаз)

Қ 17

Қ 17 Қазақтың көне тарихы / (Дайындаған М. Қани.— Алматы: Жалын, 1993.—400 б.

ISBN 5-610-01143-4.

«Қазақтың көне тарихы» аталған бұл кітапты Қытай Халық Республикасындағы қазақ ғалымдары жазып, 1987-жылы Шинжаң халық баспасынан шығарған болатын. Аталмыш кітаптың тарихи-танымдық мән-мәйегін ескеріп, туындыны Қазақстанның қалың оқырманына ұсынып отырмыз. Өйткені бұл кітап көне қытай, араб, парсы жұрттарының жазба деректеріне, түрік, маңғол шежіре-жыл-намаларына сүйене отырып, қазақ халқының сақ, ұлы иозы (юэг-жи) үйсін, қаңлы, һун (хунну) секілді ежелгі елдердің ұрпағы екеніне көз жеткізеді. Сөйтіп, аталмыш туынды қазақтың арғы ата-бабасынан (біздің дәуірімізден мыңдаған жыл бұрын) мұралыққа қалған қасиетті қара қонысында отырған байырғы ел, марка мәдениеті, бай тарихы бар көшелі жұрт, көне халық екенін дәлелдеп берген.

К 4702220201—38 Кулақтандырылмаған — 92

408(05)93

ББК 63.3(2 Қаз)

ISBN 5-610-01143-4

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ

Редакторы Б. Қожабекова
Суретшісі А. Тіленшев
Техникалық редакторы Н. Қушнареева

ИБ 4806

Теруге 10.04.92 жіберілді. Басуға 18.08.92. қол қойылды. Қалпы 84×108¹/₁₆. Қағазы № 2. Қаріп түрі Тип. Таймс. Шығынқы басылмас. Шартты бояу көлемі 21,63. Шартты баспа табағы 21,0. Есептік басмалу табағы 22,16. Ұзын саны 40000 дана. Тапсырыс 3556. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министірілігінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министірілігіне қарасты «Кітап» фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

© Шинжаң халық баспасы, 1987

© «Жалын» баспасы, 1993

БАСПАДАН

Қазақ халқының түп төркіні, адамзат тарихындағы өз орны, туған жұртымыздың әлемдік ұлы мәдениетке қосқан үлесі жайлы жазылған үлкенді-кішілі ғылыми туындылар үздік-сөздық болса да жарық көріп жүр. Бірақ халқымыздың арғы-бергі тарихын баяндайтын туындылардың басын біріктіріп, даулы-дамайлы пікірлерді мәмілеге келтіріп, ортақ та ордалы тұжырымға ұйытатын жүйелі кітап шығару ісі кешеуілдеп келеді. Ал мына өздеріңізге ұсынып отырған «Қазақтың көне тарихы» осы түрлі себептермен кешеуілдеп қалған игілікті істі ілгері жетелеудің алғашқы нышаны іспетті.

«Қазақтың көне тарихы» аталатын бұл кітап қазақ тарихына қатысты ежелгі, қазіргі жазба деректерді, шежіре-жылнамаларды, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді түгелге жуық қамти отырып, бұрын-соңды айтылған дүбәра болжамдар мен қисынды ғылыми тұжырымдардың аражігін ажыратып береді. Анығырақ айтқанда, көне қытай, грек, араб, парсы жұрттарының жазба деректеріне, маңғол, түрік жылнама-шежірелеріне сүйене отырып, аталмыш туынды ежелгі сақ, үйсін, ұлы ноғыз, қаңлы, алан, қыпшақ, һун хандықтары мен патшалықтарының мемлекеттік құрылымын, мекен-жайын, діні мен тілін, салт-дәстүрін, мәдениеті мен шаруашылық-кәсібін анықтайды. Сонымен бірге бұл туынды түрік қағандығы, түркеш қағандығы, қарлық қағандығы, қимақ қағандығы секілді біздің дәуіріміздің алғашқы кезеңінде дәуірлеген ірі империялық мемлекеттердің іргесін қалаған елдердің дені қазіргі қазақ халқының құрамындағы үйсін, қоңырат, қыпшақ, жалайыр, найман, керей, уақ тақылеттес тайпалар екеніне де нақты ғылыми дәйектеме-дәлелдер арқылы көз жеткізеді.

Сондай-ақ кітаптағы Елжау би, Жөнші би, Шын би, Силы би, Бөрі би, Ер би, Ел би секілді ежелгі үйсін патшалығындағы ел билеушілердің аты-жөні мен лауазымдары да тіліміз бен мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйеміз тарихтың тым терең қойнауынан бастау алатынын аңғартады. Демек, кезінде өз алдына хандық, патшалық құрып дәуірлеген, адамзат та-

рихына өшпестей із қалдырған сак, үйсін, ұлы иозы, алан, қаңлы, һун, тағы басқа ежелгі халықтардың қазіргі қазақтың арғы ата-бабасы екені даусыз. Ендеше «Қазақтың көне тарихын» оқыған көзі қарақты оқырман қазақтың күні кеше ғана «ғайыптан» пайда болмағанына, байырғы ата-бабасынан мұралыққа қалған қасиетті қара қонысында отырған ежелгі ел екеніне, кемелді тарихы, марка мәдениеті бар көне жұрт екеніне көз жеткізері қақ. Міне, осындай нәр-мәйегін, қазіргі ұрпақтардың өз тегін, ұлттық мәдениетінің түп төркінін, туған халқының тарихын танып-түсінуіне тигізер септігін ескеріп, араб жазуымен басылған «Қазақтың көне тарихы» атты кітапты қазіргі қазақ жазуына көшіріп, қалың оқырманның игілігіне ұсынып отырмыз.

Кітапта ғасырлар бойы бодандықтың темір құрсауынан құтыла алмай жанталасқан қазақ халқының социализм кезінде «азат ел болып, бақытқа белшесінен батқанын» сипаттайтын ұшқары ойдың ұшқыны қылаң беріп қалады. Мұндай таптаурын түйін-толғамды коммунистік қоғамның артықшылығын асыра бағалауға күштейтін, өнер мен ғылымды бәрі-бәрін тек бір-ақ партияның мұрат-мүддесі үшін қызмет етуге қыстайтын қасаң да қатал цензураның кітапқа жапсырған жамауы деп бағамдау керек. Ал туындыдағы қазақ хандығының таптық құрамы төңірегіндегі сыңаржақ пайымдаулардың төркіні — біртұтас халықты «бай, кедей» деп жікке бөлетін, хан, сұлтан, би, батыр атаулының бәрін бір көгенің бойына тізбектей салатын көне концепсияда жатыр.

Сондай-ақ кітаптың әуелдегі атының («Қазақтың қысқаша тарихы») тым жалпылама, жадағайлау қойылғандығын ескеріп, туындының атына «Қазақтың көне тарихы» деп ептеп өзгеріс енгізіп, соңғы тарауларында кітапқа нұсқан келтірмейтіндей аздаған қысқарту жасадық. Сонымен бірге туындыдағы «моңғұл», «жұңғар», «Россия» деген тәрізді ел-жұрт аттарын қазақ тіліндегі атауының қазіргі қалпына түсірдік. Осындай түзетулер енгізіп, «Қазақтың көне тарихын» өзінің ата-тегін, туған халқының басынан өткен қилы заман, қиын кезеңдерді білгісі келетін оқырмандардың игілігіне ұсынып отырмыз. Қазіргі Қазақстан Республикасының, қазақ елінің тарихын әріден білгісі келетін әрбір адам бұл кітапқа бір үңілмей кетпесе керек деп ойлаймыз.

7

Жанна
моя

Еліміздегі қазақ ұлты — жұңхуа¹ ұлттары ұлы үйелменінің бір мүшесі. Қазақ ұлтының еліміздегі туысқан ұлттармен тізе қоса отырып, ұлы Отанымызды құруда, оның ұлан-байтақ территориясын ашып гүлдендіруде, экономикасын өркендетуде, жұңхуа ұлттарының жарқын мәдениетін жарыққа шығарып, ортақ тарихын жасауда өзіндік үлесі бар.

1982-жылы жүргізілген санақ бойынша, еліміздегі қазақ халқының жалпы саны 903 мың 370 адам. Қазақтар мал шаруашылығымен және егіншілік кәсібімен шұғылданады. Олардың едәуір дамыған үйелмендік қолөнер кәсібі бар. Қазақтардың бір бөлегі қалаларда тұрады, осы заманғы завод, кен кәсіпорындарында жұмысшы болып істейді. Қазақтардың жоғары оқу орындарында білім алған он мыңдаған зиялылар қосыны қоғам өмірінің барлық салаларында қызмет атқарып отыр.

Еліміздегі қазақтар негізінен Шиңжаң ұйғыр автономиялы өлкесін, Іле қазақ автономиялы облысын, Мори қазақ автономиялы ауданын, Баркөл қазақ автономиялы ауданын мекендейді. Сонымен бірге Үрімжі, Шыхзы, Қарамайлы қалаларында және Санжы хұйзу автономиялы облысына қарасты Шонжы, Жемсары, Фуқаң, Мичаң, Санжы, Құтыби, Манас аудандарында тұрады. Бұлардан тыс Шиңжаңмен шекаралас Шинхай өлкесінің Хайши маңғол-тибет, қазақ автономиялы² облысында, Гансу өлкесінің Ақсай қазақ автономиялы ауданында да қазақтар қоныстанған.

¹ Жұңхуа — қытай елінің аты

² Бұл облыстағы қазақтар 1984-жылы Шинжаңға қайтып қоныстанды.

1954-жылы, қарашаның 27-нде Іле қазақ автономиялы облысы құрылды, оған: Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтары және Бұратала моңғол автономиялы облысы қарады. Облыстың орталығы Құлжа қаласы болды. 1954-жылы 17-шілдеде Мори қазақ автономиялы ауданы, 1954-жылы 30-қыркүйекте Баркөл қазақ автономиялы ауданы, 1954-жылы 25-қаңтарда Хайши моңғол-тибет-қазақ автономиялы облысы, 1954-жылы, сәуірдің 27-нде Ақсай қазақ автономиялы ауданы құрылды.

Еліміздегі қазақ халқының негізгі қонысы солтүстік Шинжаң — суы сүт, топырағы май, тасы алтын тамаша мекен. Асқар биік құздары бұлт бүркеніп, мұз жамылған Алтай, Тянь-Шань, Тарбағатай таулары — қарағай мен қайың өскен орман, құтты қазына. Бұл таулардың басындағы мәңгі мұз бен қар су байлығының сарқылмас қайнары. Осы таулардан аққан Ертіс, Іле, Еміл, Манас, т. б. ұлы-кішілі өзендер, жалпақ жоңғар даласының кенезесін кенелтіп, оны орманы құлпырып, бұтасы бүрлеген, балаусасы балбырап, өңірі гүлдеген, бау-бақшасы маужырап, мәуесі салбыраған, егісі жайқалып, малы мыңғырған құтты мешін қоныс — жер жәннәтіне айналдырған. Тянь-Шань теріскейіндегі Іле аңғары астықтың кені, алманың бағы, атақты Іле тұлпары мен ақ бұйра қойдың атамекені. Алтайдың тегене құйрық қойы — әлемге әйгілі асыл тұқым.

Егіні мен малы тең өркендеген жоңғардың жерасты байлығы да өте мол. Алтай тауы атам заманнан бері алтын тау деген атпен жер жүзіне даңқын таратқан, ал Қарамайлы «мұнай теңізі» аталып отыр. Бұл жерде көмір, темір, түсті металл мен асыл металдардың ашылмаған мол қазынасы жатыр. Бұл байлықтар отанымызды осы замандандыруда үлкен үлес қоспақ.

Қазақ халқы — еліміздің ежелгі ұлттарының бірі. Қазақ халқының ертедегі тарихы туралы еліміздің ежелгі тарихында мол мәлімет бар. Мұндай деректер ежелгі парсы және грек тарихында да ұшырайды.

Қазақ халқы — ерте заманда еліміздің батыс өңірін, Алтай, Тянь-Шань таулары мен Жоңғар ойпатын, Жетісу өңірі мен Сырдария алабын және дешті-қышпақ даласын мекен еткен. Ежелгі түркі тілдес тайпалардың, атап

айтқанда, сақ, үйсін, қаңлы, алан, қимақ-қыпшақ, дулат, түркеш, қарлық, оғыз, арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, жалайыр, алшын, т. б. тайпалардың түрліше тарихи даму дәуірлерін басынан кешіре отырып, бірте-бірте этникалық бірігуі, және этногенездің жалпы заңдылықтары бойынша табиғи түрде дамуы арқылы халық болып қалыптасты. Қазақ халқының шығу тегі туралы қазақтың байырғы шежіресінде мол мәлімет сақталған, қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың аттары, тайпалық таңбалары, ұрандары және осы ру-тайпалардың шығу тегі мен таралу мән-жайын баяндайтын шежіре деректері талай дәуірді басып өтіп біздің заманымызға жетті. Бұл шежіре деректері, негізінен алғанда, жазба деректермен бір жерден шығып, оны толықтырып отырады.

Қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысы ұзақ тарихи даму дәуірлерін басынан кешірді. Ежелгі жүңгоның, парсының және гректің жазба деректеріне қарағанда, біздің заманымыздан бұрынғы 7—4-ғасырларда Орта Азия өңірін сақ тайпалары мекен еткен. Бұл сақтардың «Шошақ төбелі тымақ киетін сақтар» (тигра хауда сақтары) деп аталатын тайпаларының орналасқан жерінің орталығы Іле алқабы мен Жетісу өңірі болған. Біздің жыл санауымыздан¹ бұрынғы 4—3-ғасырдың шегінде бұрынғы сақ тайпаларының одағы ыдырап, оның орнына үш ірі тайпалық одақ — үйсіндердің, қаңлылардың, аландардың тайпалық одақтары құрылған.

Үйсіндердің тайпалық одағы Тянь-Шань тауының шығыс сілемінен Шу өзеніне, Балқаш көлінен Ыстықкөлге дейінгі ұлан-байтақ өңірді қоныстанғаң. Еліміздің сол замандағы жазба деректерінде үйсіндер қоныстанған жерлердің орталығы болған Іле өзені алқабы мен Жетісу өңірі «үйсіндердің атамекені» деп аталған. Қаңлылардың тайпалық одағы Қаратау аймағы мен Сырдарияның орта ағысы алабын мекен еткен. Аландардың тайпалық одағы Арал теңізінің батыс жағалауынан Каспий теңізінің солтүстік жағалауына дейінгі жерлерді қоныстанған. Ежелгі жүңго жылнамаларында қыпшақтар — хуше, уже деп аталған. Олар Ертіс бойын, Тарым және Халбин тауларының бөктерін мекендеген. Бұл тайпалардың негізгі кәсібі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы еді. Сонымен қатар оларда едәуір дамыған егіншілік және теміршілік,

¹Біздің жыл санауымыздан сөзі кейінгі беттерде б. ж. с. деп қысқартылып беріледі.

ағашшылық, зергерлік, көншілік (тері илеу), өрмек тоқы-
машылығы, т. б. қолөнершілік кәсібі болған.

Жоғарыда айтылған тайпалар одағының ішіндегі ең ірісі — үйсіндердің тайпалық одағы еді. Олар б. ж. с. дейінгі екінші ғасырдан бастап Іле өзені алқабы мен Жетісу өңірінде ірге теуіп, бұдан бұрын осы өңірде жасаған сақ тайпалары және ұлы иозы (ұлы жүз) тайпаларымен тоғысып, қазақ халқының арғы тегін қалыптастырды. Үйсіндер Іле өзені алқабында құдіретті мемлекеттік үкімет құрып, еліміздің Орта жазық өңірімен өте тығыз саяси экономикалық және мәдени байланыс орнатты. Сонау хан патшалығының Уди патшасы заманында хан әулетімен құдандалық байланыс жасады. Хан әулетінің ханшалары — Шижүн ханша мен Жейейу ханша үйсін күнбилеріне ұзатылып, Іле өңіріне келін болып келді. Бұлармен бірге келген Фың Лиау ханым үйсін елінде дарынды дипломат болып қызмет атқарды. Өз кезінде үйсін елі хан әулетімен одақтасып, ортақ жауға қарсы қажырлы күрес жүргізді. Үйсін күнбилігі мен Орта жазықтағы феодалдық-патшалық арасындағы достық барыс-келіс және татулықпен қатар өмір сүру қатынасы төрт жүз жылға созылды. Бұл сол замандағы шығыс пен батыс арасындағы маңызды қатынас жолы «Ұлы жібек жолын» ашуда және оның сақталуына үлкен үлес қосты.

Біздің дәуірдің 552-жылы Алтай тауын мекендеп, мал баққан көшпелі түрік тайпалары түрік қағандығын құрды. 582-жылы түрік қағандығы өз ішінен бөлініп: Шығыс түрік қағандығы және Батыс түрік қағандығы болып екіге айрылды. Батыс түрік қағандығы үстемдігінің орталығы үйсіндердің атамекенінде болды. Ұлан-байтақ өңірді мекендеген ежелгі қазақ тайпалары Батыс түрік қағандығының құрамына енді. 659-жылы таң патшалығы Батыс түрік қағандығын құлатты, енді Батыс түрік қағандығының орнына Түркеш қағандығы құрылды. Оның орталығы да Іле алқабы мен Жетісу өңірінде болды, бұрын Батыс түрік қағандығына қараған қазақ тайпалары Түркеш қағандығына бірікті. Ұзақ өтпей Түркеш қағандығының билігі Қарлық тайпасының қолына өтті. Қарлық қағандығы 766—940-жылдары дәурен сүрді, бұл қағандықтың орталығы да Іле өңірі мен Жетісу жерінде болды, көптеген қазақ тайпалары Қарлық қағандығының қол астына қарады. Ежелгі қазақ тайпалары Қарлық қағандығынан соң қарахандар әулетінің (10—11-ғасырда) қол астына, одан кейін кедендер (қара қытайлар) құрған Батыс Лиау патшалығына (12-ғасырда) қарады. 9—10-ғасырда Ертіс өзені бойында өмір сүрген Қимақ

елінің өкімет билігі 11-ғасырда қыпшақ тайпасының қолына өтті. 11-ғасырда қыпшақтар кең-байтақ қазақ даласына үстемдік етті. Олар 11-ғасырдың ортасында Сырдарияның төменгі ағысындағы Оғыз мемлекетін (орталығы Жаңа кент) талқандады. Бұрынғы «Мазафат әл-Ғуз» (оғыздар қонысы) өлкесін басып алып, «Дешті қыпшаққа» (қыпшақ даласына) айналдырды, оғыз тайпаларын Маңғыстау мен қазіргі түркімен жеріне қарай ығыстырды. Одан кейін Каспий теңізі атырабындағы «Дешті хазар» (хазар даласы) аймақтарын өздеріне бағындырып, өрісін кеңейтті. Олармен шекаралас далаларды көктей отырып, Днепр өзеніне дейін барып жетті. Бұрын бұл өңірлерді мекендеген аландардың, оғыздардың және хазарлардың бір бөлегі қыпшаққа қосылып кетті. 13-ғасырдың басында қыпшақ тайпалары мейлінше күшейді, шығыста Ертіс өзенінен бастап, батыста Дон өзеніне дейінгі, Орал тауынан Қара теңізге дейінгі ұлан-байтақ территорияны алып жатты. Қыпшақтар осы өңірдегі және айналасындағы түркі тілдес ру-тайпаларды өзіне бағындырды, олар кейін келе «қыпшақ» атанып кетті.

Қазақ халқының түп төркіні заманымыздан бұрынғы 7-ғасырдан бастап жазба тарихта әйгілі болған сақтар еді. Заманымыздан бұрынғы 3-ғасырдан 5-ғасырға дейін өмір сүрген үйсіндер бірлестігі мен қаңлылар бірлестігі қазақ халқының негізгі ұйытқысы болды. Осы негізде Батыс түрік (6—7-ғасыр) Түркеш-қарлық (8—10-ғасыр) дәуірінде қазақ қауымы өз алдына жеке халық болып қалыптаса бастады. Бұдан соңғы қарахан әулеті мен қимақ-қыпшақ (11—12-ғасыр) дәуірінде бұл барыс одан әрі дами түсті. 12-ғасырдың екінші жартысында Жетісу өңірі мен Оңтүстік Қазақстан өлкесіне үстемдік еткен кедендердің батыс Лиану мемлекеті де қазақ тарихында із қалдырды.

Қазақ халқы он үшінші ғасырдың басында Шыңғысхан жорығының алапатына тап болды, қазақ тайпаларының (керей, найман, меркіт, т. б.) бұл шапқыншылыққа қарсы жасаған жиырма жылдық күресі сәтсіздікке ұшырады. Шыңғысхан олардың арасындағы алауыздықты, батыраңқылықты пайдаланып, жеке-жеке бағындырды. 1218—1219-жылдары Шыңғысханның батысқа аттанған әскерлері найман Күшлүк ханды жеңіп, Жетісуды алды. Балқаш көлінің шығысындағы Қиялық қаласын билеген Қарлық Арслан хан, Іле алқабындағы Алмалық қаласын билеген қаңлылардың ұлыс бегі Озық Тұғырыл және оның баласы Сұнақ тегін, дулат тайпасының басшысы Ортобелер Шыңғысханға өз еркімен бағынды. Шыңғысхан 1219—1221-жылдарда Қазақ-

стан мен Орта Азияны түгел бағындырды. Шыңғысхан жаулап алған жерлер мен елдерді ұлыстарға бөлді де, ұлдарына енші етіп үлестірді. Ертiс өзенi мен Едiл өзенiне дейiнгi ұлан-байтақ өңiрдi мекендеген қазақ тайпалары Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының үлесiне тидi. Жетiсуды мекендеген қазақ тайпалары Шыңғысханның екiншi ұлы Шағатайдың үлесiне тидi. Бiрақ бұл тек алым-салық жинау, әскер алудың көлемi ғана едi, бұл екi ұлысқа қараған қазақ тайпалары өрiс-қоныстарында бұрынғыдай араласып отырды.

1227-жылы Жошы хан өлген соң, Ертiс өзенiнен Днепр дариясына дейiн созылған Жошы ұлысы, батыс және шығыс деп екiге жiктелдi. Жошы ұлысының батыс бөлегi — Едiл алқабы мен оның батысындағы жерлер, Қырым, Солтүстiк Қавказ, Солтүстiк Хорезм және осы өңiрлерде жасаған халықтар Жошының орнына отырған ұлы Бати ханның үлесiне тидi де, оны Алтын Орда тiкелей басқарды. Жошы ұлысының шығыс бөлегi — Алтай таулары мен Ертiс өзенiнен Жайық (Орал) өзенiне, Балқаш көлi мен Сырдария алабы, Арал теңiзiнiң солтүстiгiне дейiнгi жерлер және оны мекендеген халықтар Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнiң үлесiне тидi де, бұл арада Ақ Орда хандығы қалыптасты. Ақ Орда хандығының территориясы қазiргi Қазақстан жерiн түгелге жуық қамтыды. Оның халқы этникалық жатқан бiрыңғай тайпалар — қыпшақ, қаңлы, үйсiн, жалайыр, қарлық, найман, керей, қаракесек (арғын), қоңырат, алшын, маңғыт, т. б. болды. Араб тарихшысы Әл-Омаридың айтуынша, «Ертеде (Шыңғысхан жорығынан бұрын) бұл мемлекет қыпшақтар елi болған едi».¹ Жоғарыдағы қазақ тайпалары бұл дәуiрде «қыпшақ» деген жалпы атты қолданды.

Ақ Орда қол астындағы тайпалардың бiр тұтас территориясы болды. Олардың әлеуметтiк даму дәрежесi бiркелкi, шаруашылық тұрмысы негiзiнен көпшендi және жартылай көпшендi мал шаруашылығы, тiлi — қыпшақ әдеби тiлi (көне қазақ тiлi), мәдениеттiң даму дәрежесi де қарайлас едi. Ақ Орда хандығы 11-ғасырдан 13-ғасырдың басына дейiн өмiр сүрген «қыпшақ елi» негiзiнде құрылған. Ақ Орданың билеушiлерi Шыңғысхан тұқымынан шыққан хандар болғанымен, қыпшақ бiрлестiгi кезiнде қалыптасқан территория, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет және тiл тұтастығы Ақ

¹ Әл-Омари «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы». (ИЗО) I-том, 235-бет.

Орда тұсында сақтала берді және дами түсті. Шыңғысхан жорығы кезінде кейбір этникалық топтардың бұған келіп қосылуы және жорық кезінде аздаған адамдардың бұл елден бөлініп басқа жаққа сіңіп кетуі бұл тұтастыққа елеулі ықпал жасай алған жоқ, қайта осы жорықта келіп Ақ Ордаға үстемдік еткен аз санды маңғолдар тез арада өзі билеген жергілікті халықтарға сіңіп «дәл қыпшақ болып кетті»¹. Сөйтіп Шыңғысхан жорығынан соң екі жүз жыл (1227—1428) өмір сүрген Ақ Орда хандығы қазақтың даму тарихын үзіп тастаған жоқ, жалғастырды, оның халық болып қалыптасуына саяси негіз болды. Халық — тарихтың қожасы, «халық, тек халық қана тарихтың қозғаушы күші бола алады» деген маркстік тұжырым тұрғысынан алғанда, Ақ Орданы қазақтардың хандығы деп есептеуге болады.

1428-жылы Ақ Орда хандығы құлаған соң, оның орнына құрылған Әбілхайыр хандығы 40 жыл (1424—1668) өмір сүрді. Бұл тұста Ақ Орданың территориясы мен этникалық негізі, шаруашылығы мен мәдениеті және тілі қазқалпында қалды. Сөйтіп, Әбілхайыр хандығы өзінен бұрынғы Ақ Орда хандығының жалғасы болды. Мұндағы өзгеріс: Ақ Орданы билеген Орда-Ежен әулетінің орнына Шайбани тұқымынан шыққан Әбілхайырдың ауысуы және Әбілхайыр хандығы құлаған кезде Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани бастаған көшпелі өзбек тайпаларының бір бөлігінің Мауараннахрға қоныс аударуы болды.

15-ғасырдың орта шенінде құрылған қазақ хандығы Ақ Орда хандығына мұрагерлік етті. Қазақ хандығын құрған Керей хан мен Жәнібек хан Ақ Орданың ақырғы ханы Барак ханның балалары еді. Бұл қазақ хандығы әулеті болып қалыптасып, қазақ халқына 300 жылдан астам уақыт бойына үстемдік етті. Қазақ хандығының негізі бұрынғы Ақ Орда хандығының территориясы және оны мекендеген қазақ тайпалары еді, оған бұрын Моғолстанға қараған Жетісу жері мен ондағы ұлы жүз тайпалары қосылды. Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы маңызды белес болды. Қазақ хандығының құрылуы және нығайып дамуы түрлі хандықтарға қарап келген қазақ тайпаларын қазақ хандығына топтастырды, қазақтың этникалық территориясын біріктірді, осы арқылы қазақтың халық болып қалыптасу барысы біржолата аяқталды.

16-ғасырдың соңы мен 17-ғасырдың басында батыс Маңғолиядағы ойрат тайпалары едәуір күшейіп, өздерінің

¹ Әл-Омари «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы».

өріс-қоныстарын үздіксіз кеңейтуге ұмтылды. 1635-жылы ойрат тайпаларының одағы құрылды. Бұл одақ «жоңғарлар» деп аталды, бұл одақты хұндайжы деп аталған феодал ақсүйектер басқарды. 17-ғасырдың 70-ші жылдарында жоңғар билеушісі Халдан шартарапқа шабуыл жасап отырды. Олар оңтүстік Шинжаңды жаулап алды, Шиңхай өлкесіне басып кірді. Қыруар әскер бастап, батысқа қарай үздіксіз шабуыл жасап, қазақ хандығына және қырғыз тайпаларына қауіп төндіріп отырды. 18-ғасырдың басында қазақ халқы және Шинжаңдағы әр ұлт халықтары жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы қажырлы күрес жүргізді. Жоңғар феодал ақсүйектері 1723-жылы көктемде қалың қолмен Талас өзені алқабындағы бейбіт отырған қазақ халқына тұтқиылдан шабуыл жасап, ауыр апатқа ұшыратты. Қазақ хандығының астанасы Түркстан қаласы мен Тәшкент қаласына басып кіріп, талан-тараж жасады. Бұл өңірді мекендеген қазақ халқы атамекенін тастап Бұхараға қарай қоныс аударып, аш-жаңалаш жаяу шұбырды. Бұл ауыр оқиға қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» деп аталды. Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының бір бөлігі аманат беріп, алым-салық төлеп, жоңғар феодалдарына уақытша бағынуға мәжбүр болды. Кіші жүз қазақтарының бір бөлегі батысқа қарай ығысып барып, орыс патша үкіметіне бағынды.

Қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды» апатының ауыр жылдарында аш-жалаңаштықтың азабын арқалай жүріп, тұс-тұстан анталаған жауларға қарсы күрес жүргізіп, өзінің елдік еркін сақтап қалды. Жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы күрестің айбынды туын көтерген қазақ ханы Абылай жоңғар феодалдарының өз ішінде туған қиян-кескі қырқыстарды пайдалана отырып, зор жеңіске қол жеткізді. Жоңғар шапқыншылары басып алған қазақ жерлерінің көбін қайтарып алды. Ол қазақтың Ұлы Ханы болып, Орта жүз бен Ұлы жүзді және Кіші жүз тайпаларының бір бөлегін қол астына біріктірді. Алайда, жоңғар феодалдары жағынан қазақ халқына төнген қауіп түбегейлі жойылған жоқ еді.

1755—1757-жылдары жүнгоның Шиң патшалығы үкіметі (Ежен хандығы) жоңғар феодалдарының бүліншілігін біржолата тыныштандарды. Сөйтіп жоңғар феодалдары жағынан қазақ халқына төнген қауіп жойылды. Шиң патшалығы үкіметінің бұл қимылын қызу қолдап, атсалысқан қазақ ханы Абылай қарамағындағы қазақтарды бастап Жүңго мемлекетіне бағынатындығын баяндап, Шиң патшалығына хат жолдап, Бижиңге елші жіберді. Шиң патша-

лығы бұл елшілікті қабылдап, Абылайды қазақтың ханы етіп бекітті.

18-ғасырдың 60-шы жылдарында Шиң патшалығының мақұлдауы бойынша қазақтар өзінің Алтай, Тарбағатай, Іле өңіріндегі бұрынғы атақонысына қайта келе бастады. Қазақ халқы ұзақ уақыттық соғыс аласапырандығынан құтылып, ес жиып, етек жауып, бейбіт өмір өткізді. Шиң патшалығы үкіметі Абылай ханның ұсынысы бойынша Құлжа, Шәуешек, Үрімжі және Қобдадан қазақтарға арнап сауда базарын ашты. Әр жылы жаз, күз мезгілінде қазақтар мал және мал шаруашылығы өнімдерін осы базарға әкеп сатып, мақта, торғын-торқа, шәй, астық, тағы басқа бұйымдарды сатып алып отырды. Осы сауда базарлары негізінде Үрімжі, Құлжа, Шәуешек қалалары салынып, дамыды. Бұл сауда базарлары қазақтардың ішкі өлкелері мен экономикалық және мәдени қарым-қатынасын күшейтуде, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын дамытып, халық тұрмысының қажетін қамдауда аса маңызды роль атқарды.

18-ғасырдың ақырында, елімізді билеген Шиң хандығы бірте-бірте әлсіреп, батыс жаққа қарауға мұрсасы келмей қалды. Бұл кезде орыс патша үкіметі қазақ даласы мен Орта Азияға ішкерілеп еніп, бұл территорияларды өзіне қосып ала берді. Орыс патша үкіметі 1824-жылы қазақтың хандық үкіметін жойды, қазақ халқын ресейлік әкімшілік тәртібіне бағындырды.

1883—1864-жылдарда орыс патша үкіметі Ежен хан үкіметін бірқыдыру тең құқықсыз тоқтамдарға қол қоюға мәжбүр етті. Осы тоқтамдар бойынша Жұңго мен Ресей сынды екі елдің шекарасы айырылды. Сонымен, Жұңго шекарасы ішіндегі қазақтар Жұңгоға, Ресей шекарасы ішіндегі қазақтар Ресейге қарады. Осыдан бастап қазақтар Жұңго мен Ресей сияқты елде жасайтын ұлтқа айналды.¹

¹Қазір бұл екі елден басқа Маңғолия, Ауғанстан, Түркия, т. б. елдерде де қазақтар бар. Қазақтардың жалпы саны жеті миллион үш жүз мың адам.

1992-жылғы дерек бойынша қазақтардың саны он (10) миллион адам. (Ред.)

2

„Қазақ”
атауы
туралы

Бір ұлттың ұлттық атының «(этнонимінің) шығу тегі, мән-мағынасы мен сөз төркіні тұманды мәселе, қай қашанда тарихнамада талай пікір туғызып, айтыстар көтеретін, сан алуан жорамал-жоруларды жарыққа шығаратын және бірауызды шешімге келе қою қиын күрделі мәселе. Бейне сол сияқты, «қазақ» атауының шығу тегі, оның мән-мағынасы туралы мәселеде талай заманнан бері талқыланып, сан алуан жорамал-жорулар мен дәлел-деректер, келелі пікірлер айтылып келе жатқан кәделі мәселе. Бірақ әлі күнге дейін бұл мәселеге ғылымда дәл, тоқ етер жауап жоқ. Бұл мәселені талқылауда, қазақ халқының құралу, қалыптасу тарихы мен уақытын «қазақ» атауының деректемелерде жарыққа шығуынан ажырата білу керек. Өйткені бір халықтың тарихи қалыптасуы мен оның атының тарихи деректемелерде жарыққа шығуы үнемі бір уақытта бола бермейді, ілгерінді-кейінді болып отырады. Алайда, бір ұлттың ұлттық атының шығу тегін, мән-мағынасын анықтау, сол ұлттың арғы тегі мен алғашқы кездегі тарихын түсінуге көмегі көп, маңызды мәселенің бірі. Сондықтан қазақ тарихын баяндаудан бұрын, «қазақ» атауы туралы бұрынды-соңды айтылған болжал-пікірлер мен дәлел-деректердің басты-бастыларына тоқталуды тиімді көрдік.

«ҚАЗАҚ» АТАУЫНЫҢ ТӨРКІНІ ТУРАЛЫ

«Қазақ» атауының төркіні, қай кезде, қалай пайда болғаны жайында сан алуан пікірлер айтылып келеді. Еліміздегі зерттеушілердің бұл жөніндегі болжал-пікірлерінің бастыларын мынадай үш түрге бөлуге болады:

1. «Қазақ» деген атау 15-ғасырда жарыққа шыққан. Жәнібек пен Керей бастаған көшпенді тайпалар 15-ғасырдың 60-шы жылдарында Әбілхайыр ханның үстемдігіне қарсы шығып, Шығыс дешті қыпшақтан батыс Жетісуға, Шу өзені бойына қоныс аударған. Алғаш рет осы тайпалар «қазақ» деп аталған. Мұның мағынасы: «Өз ұлысынан бөлініп шыққан, қашақтар» деген сөз еді. Бұл кейін келе қазақтардың атына айналған¹ деседі.

2. Ежелгі Жүңго жылнамаларындағы «үйсін», «усын» яки «асу» деген ұлыс аттары «қазақ» атауының дыбыстық баламасы дейді. Жаң Шиман, Хи Шиутау қатарлы зерттеушілер осы пікірді қуаттайды².

3. «Қазақ» атауы «Таң патшалығы тарихында» (7—8 ғасырларда) «каса», «хаса» түрінде жазылған. Бұл атаудың тарихи деректемелерде жарыққа шығуы тым ерте деп есептейді³.

«Қазақ» атауы ерте кезде қазақтармен қарым-қатынас жасаған, жазу-сызу мәдениеті бар елдердің көбінің жазба деректерінде, атап айтқанда ханзу, араб, парсы, византия, орыс, маңғол және түркі тілдеріндегі жазбаларында кездеседі. Бұл елдердің тіл өзгешелігі мен жазу-сызудағы дағды-дәстүрлеріне сай, «қазақ» атауы әр алуан формада — аса, каса, хаса, хайсақ, қасақ, көсек, гәсуг, гасаг, хасык, т. б. болып жазылып келген. Біз енді деректерге аялдаймыз.

Араб саяхатшысы және жазушысы Мұхаммед Әл-Ауфи 1228-жылы Индияда «Таңдаулы әңгімелері мен аңыздар жинағы» («Жәмихәлхикаят о Доам Әлроят») атты кітап жазған. Осы кітапта: «Алтайды мекендеген қарлықтар... тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа шығыл,

¹ «Жүңгодағы аз ұлттар», «Жүңго аз ұлттарының ахуалы», Жүңго қоғамдық ғылым академиясының этнография институты құрастырған «Қазақтың қысқаша тарихы туралы деректер жинағы», т. б. кітаптарда.

² Жаң Шиман «Батыс өңірі тарихындағы ұлттарды зерттеу» 48-бет, 1947-жылы.

Хи Шиутау «Үйсін ұлысын зерттеу».

³ Дин Чияң «Мелүй Шусайдың батысқа саяхатындағы жағырафиялық деректер». Фан Унлан «Жүңгоньң жалпы тарихы», 3-басылуы, 1-кітап.

үш ұлыс қазақ бар» дейді.¹ Қарлықтардың Жетісудағы өкімет билігін қолына алып, Қарлық қағандығын құруы 766-жылдағы оқиға болатын.

982-жылы парсы тілінде жазылған «Хүдүд Әл-Ғалам» (Әлем шекаралары) атты кітапта Алан мемлекетті және оның қалалары жайында тоқталып: «Алан елінде қасақ деген ұлыс бар» дейді.²

Шығыс әдебиетінің әйгілі классиктерінің бірі — Әбілқасым Фердоуси (940—1020) өзінің «Шахнама» атты эпопеясында: «Қазақ», «Қазақ хандығы» деген ел көк теңіздің (Арал теңізі) солтүстігін мекен етіп тұрған күшті және көп санды ел» деп, Тұранның жауы Иранды «қорқытпақ» болған.³

Оныншы ғасырда араб авторы Мәсғудидың шығармасында «қасақ» деген халық аты аталады. Түркия профессоры З. У. Тоған тоғызыншы ғасырда араб авторы Әдһам Әл-Купидің шығармасында «қазақ» деген сөздің бар екендігін атап айтады.⁴

Византияның императоры Константин Порфирордни (905—959) өз жазбаларында Кубаннан шығысқа қарай мекендеген елді «Қазақия» деп аталған. Ол кезде (10-ғасырда) Кубанның шығыс жағында қазақ халқының құрамындағы ең зор, саны мол тайпалардың бірі қыпшақ елі тұрғандығы тарихқа әйгілі. Егер қыпшақтар өздерін «қазақ» деп атамаған болса Константин Порфирордни оны қалай ойлап тапсын. Ал ол кезде орыс пен украин казачествосының аты да, заты да жоқ еді.⁵

Оныншы ғасырдан бастап орыс жылнамаларында да қазақтар туралы бірсыпыра деректер берілген. 965-жылы жазылған «Повесть временных лет» жылнамасында 968-жылы орыс князы Сватославтың Кубань өзенінің оңтүстігіндегі қасақтарға әскери жорық жасап, оларды жеңгендігі баяндалған. 1022-жылы Тмутаракан князы Митлав қасақтарға шабуыл жасаған. 1066 жылы Тмутаракан князы Ростлав қасақтардан салық алып тұрған.

Орыс шежірешісі Никонның мәліметінде: Кавказға келіп, оңтүстік Ресейге шабуыл жасаған Шыңғыстың әскерлері

¹Marguart I. Uber Volkstum komanen. 42

²«Хүдүд Әл-Ғалам» 48-тарауында.

³М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы».

⁴З. У. Тоған «Жалпы түрік тарихына кіріспе», I-том. 3-басылуы, 69-бет, Стамбул. 1981.

⁵М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы»

бұдан бұрын да «қазақтарды» бұлап-талаған деп жазады. Осыған үйлесетін дерек, «Маңғолдардың құпия шежіресінде» де кездеседі. Онда: «Солтүстік жақтағы қанлыларға, қыпшақтарға, байжігіттерге, орыстарға, мажарларға, асарларға, сасаларға, шеркештерге, бұлғарларға жорыққа аттанып, Еділ мен Жайық өзенінен өтіп, Киев қаласына шабуыл жасау жөнінде Сүбітай батырға бұйрық берілді», делінген. Орыс шежірешісі Никон «қазақтар» деп осы жолғы шабуылға тап болған қаңлы, қыпшақ, байжігіт, аса, т. б. ұлыстарды айтып отырған көрінеді.

Мауараннахрдың билеушісі Әмір-Темірдің жылнамасында: нижрияның 737-жылы (жаңа эраның 1356-жылы) қазақтардың Мауараннахрға шабуыл жасағандығы жазылған.

Зерттеуші П. Путков өзінің «Қазақ атауы туралы» деген мақаласында: «Грузия аймағында 1480-жылдары көшіп жүрген түркі тектес халықтар бізге қазақ деген атпен белгілі» дейді.

Орыс тарихшысы Карамзин: «1481-жылы Алтын Орданың ақырғы ханы Ахметке шәйбандық Ибақ хан 100 мың қазақпен шабуыл жасады, сондай-ақ ноғай мырзалары Мұса мен Жаңбыршы 15 мың қазақпен шабуыл жасап, Ахмет ханды өлтірді» деп жазады.

Әйгілі тарихшы, этнограф, тіл ғалымы А. Вамбери 1885 жылы баспадан шыққан «Түрік халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» деген кітабында көптеген жазба деректер келтіре отырып, қазақ деген аттың 9—10-ғасырларда ел таныған, әлемге әйгілі халықтың аты болғандығын айтады, сонымен бірге қазақ атты халықтың сол уақытта болғандығын дәлелдейді. Қазақтың антропологиялық типтік ерекшеліктерінің, кейіп-келбетінің мәліметтерін жинап, зерттей келіп... қазақ халқының тіпті ертеде, оныншы ғасырдан ілгері қалыптасқан антропологиялық ерекшелігі бар, деп бағыл тұжырым жасайды.

Маңғол Халық Республикасы Ғылым академиясының қызметкері Ісләм Қабышұлы «хасаг» деген сөздің маңғол әдебиетінде оныншы ғасырдан бастап белгілі болғанын, маңғолдардың «Батырлар жыры» мен «Бабалар шежіресінде» «хасаг» (қазақ) деген сөздің кездесіп отыратынын атап көрсетеді. Автордың айтуына қарағанда, ерте кезде маңғолдар көшіп жүргендерді «қасақтар», деп атаған.²

Телқожа Жанұзақов: «Қазақ атауы Кавказдағы түркі

¹ «Маңғолдардың құпия шежіресі». 262-параграф.

²Ісләм Қабышұлы «Керейлер керуені», 79-бет.

тайпалары құрамында алтыншы ғасырдан бастап жалпы есім және этнотермин ретінде кездескен... кейіннен оныншы, он бірінші ғасырларда да осы қазақ сөзі түркі тайпалары арасында кеңінен тараған. Қыпшақтардың, ноғайлардың ішінде де қазақтар болған» дейді.¹

Біз жоғарыдағы жазба деректер мен дәлелдерден «қазақ» атауының тоғызыншы, оныншы ғасырлардан бұрын-ақ төңіректің төрт бұрышына таныс, әлемге әйгілі ат болғанын көреміз, бұл атау оныншы ғасырдан кейін тіпті де кең тараған. Демек, «қазақ» атауы тек 15-ғасырда ғана жарыққа шыққан» дейтін пікір дәлелсіз, жетпей айтылған жадағай тұжырым.

Ежелгі «усин», «үйсін» яки «асо» деген ұлыс аттары «қазақ атауының дыбыстық баламасы» дейтін пікір де орынсыз. Өйткені «үйсін» мен «қазақ» атауы дыбыстық жағынан тым алшак, оның үстіне қазіргі қазақ арасында үйсін ұлысының аты сақталып отыр. Егер үйсін мен қазақ бір сөз болса, онда қазақ атауымен қоса үйсін аты сақталмаған болар еді. «Қазақ» — жалпы халықтың аты. «Үйсін» — қазақтың құрамындағы ұлы жүз ұлысының аты, қазіргі қазақтар бұл екі ұғымды екі басқа түсінеді.

Қазақ атауы «Таң патшалығы тарихында» (7—8 ғасырларда) «каса», «хаса» түрінде жазылған деген пікір өте дәлелді. Жұңгоның 7-ғасырдағы «Таң патшалығының жаңа тарихы» атты кітабының «Парсы тарауында»: Парсылар шығыс жақта тохар, қаңлылармен шекаралас, олардың солтүстік жағында түріктердің «каса» ұлысы тұрады, деп жазылған. «Иуан патшалығы тарихындағы аудармаларға қосымша» атты кітапта: «Түріктер мейлінше күшейген кезде... олардың батыс бөлегін каса яки хаса ұлыстары қоныстанады. Батыс елдерінің ежелгі деректерінде бұл ұлысқа қазақ деп аталған. Каса яки хаса деген атау осы қазақ атауының дыбыстық баламасы» дейді. Ханзу² тілінің дыбыстық жүйесінің дамуы мен өзгеруіне байланысты ханзу әрпі әр дәуірде әр түрлі дыбысталаып (оқылып) отырған. Сондықтан, ханзу тарихшылары ұқсас бір ұлттың атын түрлі дәуірде түрліше әріптермен таңбалап отырған. Бұл әріптер өз дәуірінде сол ұлттардың атын едәуір дұрыс бейнелеген. Бұл әріптердің ерте замандағы оқылуы мен қазіргі оқылу-

¹Телқожа Жанұзақов «Қазақ деген сөз қайдан шыққан», «Жұлдыз», 3-сан, Алматы, 1983.

²Ханзу — қытай (Шығыс Түркістан қазақтары хансу деп те атайды), біз бұл кітапта қытай тіліндегі жазылу нұсқасы бойынша алып отырмыз.

ының арасында айтарлықтай айырма бар. Демек, 7—8-ғасырлардағы көне жазу тілінде жазылған тарихтардағы «каса», «хаса», «аса», «кіса», «хса», «касо» деген халық аттары «қазақ» атауының сол замандағы көне ханзу тіліндегі дыбыстық баламасы екені анық. Жоғарыда баяндалған батыс пен шығыстың тарихшыларының деректемелерінде оныншы ғасырдан бұрын пайда болған «қазақ» атауы осы пікірдің дұрыстығын дәлелдейді.

Тарихи деректердің қисынына қарағанда, осы «Таң патшалығы тарихында» кездесетін «қаса», «хаса», «аса» атауларын «Таң патшалығы тарихында» кездесетін тайпа аты «аса» («янса») мен байланыстыра зерттеуге болады. «Кейінгі хан патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресінде»: ...«аландардың бұрынғы аты аса» дейді. «Уи хандығы тарихының түсіндірмесінде»: «Аса елінің тағы бір аты — Алан» деп жазылған. «Кейінгі хан патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресінде»: «Аса мемлекеті өзінің атын Алан бірлестігі деп өзгертті, олардың жерлеріндегі қалалар қаңлы еліне тәуелді» деген дерек беріледі. Бұған қарағанда, «аса» мен «алан» бірге жасаған тұстас екі тайпаның аты болған, асалар үстем орынға шыққанда бұл екі тайпа аса деп аталып жүрген. Кейін келе аландар үстем болғанда «алан бірлестігі» деп аталған. Тарихшы М. Ақынжановтың айтуынша, осы алан ұлысы кіші жүз алшын тайпасының арғы тегі. Оның үстіне қазақтың кіші жүзіндегі алшын, алаша, алаш деген тайпа аттары тіл тұрғысынан қарағанда алан атауымен түбірлес.

Алан (аса) тайпалары заманымыздан бұрынғы үшінші ғасырдан бастап Арал теңізі атырабы мен қазіргі Батыс Қазақстан өзірін мекен еткен. 982-жылы парсы тілінде жазылған «Хүдүд әл-ғалам» атты кітапта: «Аландар елінде қасақ (қазақ) ұлысы бар» деп көрсетілген. Әбілқасым Фердауси осы Арал теңізінің солтүстігін мекендеген халықты «қазақ» десе, Константин Порфиродни осы өңірді «Қазақия» деп атаған. Осы деректерге, әсіресе «Хүдүд әл-ғаламдағы» деректерге қарағанда, аландардың қосарлы аты болған «аса» да «қазақ» атауының хан әулеті кезіндегі дыбыстық баламасы болып шығады. Демек, «қазақ» атауы жазу тіліндегі деректерде, «аса», «каса», «хаса», «хасақ» түрінде жазылып келген. Ежелгі замандағы «хан патшалығы тарихы» қатарлы деректерде «алан» мен «аса» деген аттың қосарлана қолданылуы қазақтың шежірелері мен тарихы аңыздарында «қазақ» пен «алаш» атауының қосарлана қолданылуын еске түсіреді.

Жоғарыдағы жазба мәліметтер «қазақ» атауының тари-

хи деректемелерде жарыққа шығуының ерте екендігін дәлелдейді. Алайда, «қазақ» атауы деректемелерде жарыққа шығысымен халық атына айналған емес, ол алғашында жеке ру-тайпаның аты ретінде жарыққа шыққан, одан соң тайпалар одағының атына айналған. Мысалы: кіші жүз алшын ұлысының құрамындағы жеті ру (кердері, керейт, табын, тама, жағалбайлы, телеу, рамадан) тайпалары «қарт қазақ» деп те аталып жүрген. «Қазақ» атауы кейін келе кеңейіп халық атына, ұлт атына айналған.

«ҚАЗАҚ» АТАУЫНЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақ атауының мән-мағынасы туралы айтылған пікірлердің бірсыпырасы қазақ халқының арасында сақталған тарихи аңыздар мен шежіре деректерді сабақтаудан туған. Қазақ аңыздары мен шежірелері: «қазақ», «алаш» және «жүз» (үш жүз) деген атауларды бір-бірімен байланыстыра баяндайды. Қазақ арасына таралған тарихы аңызда: ерте заманда Қалша Қадыр деген батыр қолбасшы болады, ол шеру тартып, қол бастап, талай-талай жорықтар мен соғыс шайқастарын бастан өткізеді. Бір жолғы жорықтағы шайқаста ауыр жараланған Қалша Қадыр елсіз, сусыз жапан түзде жалғыз қалады. Жарақаттан қиналып, шөлден бұрлығып, әбден болдырған қолбасшы қанша қарманса да жүруге шамасы келмей жығылады. Өлім халінде жанталасып жатқан кезде аспаннан бір ақ қаз (аққу) ұшып келіп аузына су тамызып, оны шөлден құтқарып алады да, айдын шалқар көл жағасына бастап барады. Бұл қаз, аққу болып құбылып келген перизат — ақ қыз екен, үстіндегі аққу терісін сыпырып тастап, ару қызға айналып, Қалша Қадырдың жарасын емдеп жазады. Қалша Қадыр осы ақ қызға үйленеді, бұдан туған ұл «қазақ» атанады. Қазақтан: Ақарыс, Бекарыс және Жанарыс деген үш ұл туады. Ақарыстан ұлы жүз, Бекарыстан орта жүз, Жанарыстан кіші жүз тайпалары тарайды, — дейді.

Бұл аңызда қазақ халқының негізін салған қыз бейнесі ерек сипатталады. Бұл аңыздың тегі аналық дәуірде аққу-қазға сиынып, оны төтемдік нышан етіп табынған аналық рудың сәбилік санасынан туғандығын байқатады. Қазақтың қыпшақ тайпасында «қаз» деген ру бар. Ерте кезде Балқаш көлі «қаз суы» деп аталған. Сол маңда «қаз қаласы» дейтін қала да болған.

Аққу-қаздың кейпіне кіріп, аспаннан ұшып келіп айдын көлге шомылған перизат аруларға ғашық болып үйлену, қазақ ертегілерінде көп кездесетін оқиғалардың бірі. Қазақтар ақ қазды, аққуды киелі құс есептеп, оны атуға тыйым салады. Қазақтың ел ақтаған бақсы-дуаналары аққудың терісін басына киіп, оған сиынады. Қазақтар өлген аққу-қазды керегеге іліп қояды, қауырсындарын балаларының омырауына тағады. Бұлардың бәрі аққу мен қазға сиынатын ертедегі төтемдік ұғымның сарқыншақтары.

Жоғарыда айтылған қазақтың халық аңызы мазмұндас мәліметтер жүңгонің жазба деректерінде кездеседі: «Түріктердің арғы тегі Шу елінен шыққан, олар ғұндардың сол түстігінде тұратын, олардың тайпа бастығының аты Апаң еді, ол ағайынды он жеті ұл болған... осылардың бірі Еженшидо күн жайнататын киелі адам екен. Ол екі әйел алыпты, мұның бірі жаз перісі, енді бірі қыс перісі екен. Осы әйелдерінің бірі төрт балалы болыпты, бұл баласының бірі ақ қазға «аққуға» айналып кетіпті, енді бір баласы Абақан өзені мен Кен өзенінің арасын мекендеп, кигу (қырғыз) атаныпты...»¹ дейді. Заманымыздан бұрынғы 2-ғасырдағы үйсіндер туралы деректемеде: «Үйсін елін жау шауып, үйсін Күнбиі Нәнді биді өлтіріп, жаңа туған баласы Елжау биді ен далаға тастап кетеді, бұл баланы көк бөрі емізіп, құстар жем тасып беріп, қанатының астына алып асырайды»².

Бұл деректердің түп төркіні өз заманында ел аузынан алынған төтемдік аңыздар екені даусыз. Бұл аңыздардың шыққан заманы да тым ерте, осыдан екі мың жыл бұрын жүңгоның «Тарихи жазбалар», «Хан патшалығының тарихы» сияқты жазба деректеріне енген.

Қазақ халқы арасына кең жайылған тағы бір тарихи аңызда «қазақ», «алаш» және «үш жүз» деген сөздердің шығу төркіні туралы былай баяндалады: Есте жоқ ерте заманда Сыр бойында отыз екі рулы елді билеген Қызыл арыстан деген хан болады. Бұл ханның жасақтары мен төлеңгіттерін бастап соғыс жорықтарына аттанып ырғын олжа, көп тұтқын түсіріп қайтып отырады. Бір жорықта асқан сұлу қыз тұтқын болып қолға түседі, хан бұл қызды алады. Бір мезгіл өткен соң ханның әлгі тұтқын әйелі жүкті болып, тұла бойы түгел ала ұл туады. Мұны сұмдық жаман ырымға жорыған хан да, қарашалар да қатты қысы-

¹ «Жу құбыланамасы» 50-тарау, «Түріктер шежіресі».

² «Тарихи жазбалар, Дауан шежіресі». «Хан патшалығы тарихы». «Жаң Шиянның өмірбаяны».

лып, қайтерін білмейді. Ханның бәйбішесі: «ала» баланы аулаққа апарып, Сырдарияның суына тастап жіберіп, құтылуды ұйғарады. Ханның жасауылдары мен бөкеулдері «ала» баланы апарып Сырдарияның суына тастап жібереді де, қайтып кетеді. Сырдариядан балық аулап жүрген кедей қария, дарияда ағып бара жатқан баланы көріп, секіріп суға түсіп, құтқарып алады да, шөп күркесіне алып келеді. Бұл қария баласыз адам екен, «ала» баланы асырап, ер жеткізеді. Кедей шалдың шөп күркесінде өскен «ала» бала — асқан ақылды және батыр азамат болып, «Алаш» деген аты жұртқа жайылады. Мұны естіген хан оны ордасына әкелмек болады. Бірақ ханның қасындағы қарашылары Қотанбай мен Майқы би ала баланы ордаға әкелмей, қасына жүз жігіт қосып беріп, өз еркіне қоя беру керек деген кеңес береді. Хан бұл кеңеске мақұл болады. Сонымен Қотанбайдың үлкен ұлы Үйсін бастаған жүз жігіт Алашқа барып қосылады, келесі жылы Қотанбайдың ортаншы ұлы Болат бастаған жүз жігіт барып қосылады, үшінші жылы Қотанбайдың кіші ұлы Алшын бастаған жүз жігіт барып қосылады. Бұлардың бәрі де ержүрек жігіттер екен.

Осы үш жүз жігіт ешкімге бағынбай Алашқа еріп, еркін жүріп, ерлік жорықтар жасап, төңірегіндегі елдерді бағындырып «қазақ» деп аталады. Мұның мәнісі: «ержүрек еріктілер», «еркін адамдар» деген сөз еді. Кейін бұлар бас қосып ақылдасып, Алашты ақ киізге отырғызып, хан көтеріп, «Алаш хан» («Алаша хан») атандырады. Өзара кеңесіп өріс-қоныстарын бөліседі. Қотанбайдың үлкен ұлы Үйсін бастаған жүз жігітке (ұлы жүз) Сырдарияның басындағы жерлер, Қотанбайдың ортаншы ұлы Болат бастаған жүз жігітке (орта жүз) Сырдарияның орта өңіріндегі жерлер, Қотанбайдың кіші ұлы Алшын бастаған жүз жігітке (кіші жүз) Сырдарияның төменгі сағасындағы жерлер беріледі. Қазақ қауымы өз еркімен Алашқа барып бас қосқан осы үш жүз жігіттен таралыпты. Қазақтардың: «Атамыз Алаш, атымыз қазақ, үш жүздің ұрпағымыз», дейтіні осы екен деседі.

Жоғарыдағы тарихи аңызда Қотанбайдың балалары деп баяндалатын Үйсін — қазақтың ұлы жүзіне ұйтқы болған белді тайпа; Болат — қарлықтардың үш тайпасының бірі, бұл жұңгоның жазба деректерінде (薄落氏) деп аталады. Ал, Алшын — кіші жүз одағын қалыптастырған тайпа. «Алаш» аты ертеде жалпы қазақ қауымының ұраны болған; қазақтың байырғы шежірелерінде «Алаш» сөзі «Қа-

зақ» атауының синонимі ретінде қолданылған. Ел аузына таралған:

«Алаш-алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда.
Таңбасыз тай,
Енсіз кой болғанда.
Алаша хан болғанда...»

дейтін сөздер Алаш жайындағы аңыздың меншікті мүлкі қалыптаспаған (тайға таңба баспайтын, қойға ен салмайтын) заманнан келе жатқанын аңғартады.

«Алаш», «Алаш хан», «Алаш мыңы», «Алты сан Алаш» деген сөздер туралы қазақ арасына қыруар аңыздар таралған. Бұл аңыздарды алғаш рет қағаз бетіне түсірген 16-ғасырдағы қазақ тарихшысы («Қазақ жылнамаларының» авторы) Жалайыри Кадырғали еді. Алаша (аланша) хан туралы дерек Рашиденнің және Әбілғазының еңбектерінде де кездеседі. Бұл екі автордың айтуынша: Аланша (алаша) ханға қараған елдің жазғы жайлауы Ортау мен Кертауда (Ұлытау мен Кішітауда), қысқы қыстауы Сырдария бойында, Қарақұм мен Борсық құмында болған. Осы айтылған Ұлытаудан ағатын Жанқабыл өзенінің жағасында «Алаш хан ордасы» деп аталатын үлкен сарайдың тамтығы бар. Ұлытау ауданындағы Қаракенгір өзенінің оң жағында «Алаш хан күмбезі» деп аталатын күмбез бар¹.

1963-жылы Қазақстандағы Қарқаралы маңынан орхон жазуымен жазылған «сынтас» табылған. Қазақ ғалымы Мұсабаевтың анықтауынша, осы тасқа ойылған жазуда «қаған алты бөрік алаш» деген сөз барлығы мәлім². Алаш хан — халық арасына кең таралған тарихи аңыз, онда ежелгі көшпелі тайпаларды біріктіп, байтақ далада тұңғыш рет мемлекет құрған кісі туралы әңгіме болады. Аңыз оқиғасы 6—12-ғасырларда өмір сүрген тайпалардың тарихын еске түсіреді. Қазақ шежіресіндегі Алаш хан ақсүйек емес, «алты алаш» деп аталатын ежелгі тайпалардың атасы делінеді. Енді бір аңыз бойынша: ол атақты батыр болған, 8—9-ғасырдың мұрасы «Тасақырды» салуға қатынасқан. «Алаш, алаш мыңы — ежелгі қазақ тайпаларының алғашқы қауым болып біріккен одағы, «қазақ» деген бұрынғы елдің жалпы аты»³.

¹«Қазақ совет энциклопедиясы». I-том, 248-бет.

²«Қазақ ССР Ғылым академиясының ақпары», № 36, 83—84-бет. Алматы, 1967.

³«Қазақ совет энциклопедиясы», I-том, 247-бет.

«Қазақ» деген терминнің мән-мағынасы жөнінде айтылып келе жатқан бұрынды-соңды болжамдар мен тұжырымдарды жүйелеп келгенде мынадай үш салаға саяды:

1. Қазақ халқы арасына таралған тарихи аңыздың жүлгесімен «қазақ» деген сөздің төркіні кәдімгі жыл құсы қаз-аққудың «қаз» деген ұғымынан шыққан, яки осыдан өзгерген немесе қазға теңеу арқылы пайда болған деп есептейді.

2. «Қазақ» деген сөздің көне түркі тіліндегі мағынасы яки қолданылу дағдысы «өз елінен бөлініп шығып, еркін жүрушілер», «еркін адамдар», «көтеріліс жасап, өз еркімен кетушілер», «ер жүрек еріктілер» деген сөзді білдіреді. Демек, «қазақ» атауының арғы тегі «еріктілер» дегеннен шыққан дейді.

3. «Қазақ» атауының арғы тегі, ежелгі заманда қазақ даласын мекендеп, қазақ халқының құрамына енген тайпалар мен халықтардың аттарынан: сақ, қаспи, қазар, аз дегендерден қалыптасқан яки осы негізде өзгере қалыптасқан дейді. Біз бұл пікірлердің басты-бастыларына жеке-жеке тоқтала кетуді орынды деп есептейміз.

19-ғасырдағы қазақтың ұлы ақыны және ағартушысы Абай Құнанбайұлы өзінің «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген әйгілі қара сөзінде: Арабтар Орта Азияға жорық жасап (8-ғасырда) келгенде көшпелі халықтарды «хибаии», «хұзағи» деп атапты. Хибаии — киіз шатырда жүруші дегені екен. Жұзағи дегені өз жұртында «хұзағи» деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен... «Сол уақыттың бір ханы көшіп келіп жатқанда бұлардың тіркелу жүйесін көріп: міне, мыналар шынымен қаз-ақ екен депті. Әдей қайтқан қазға ұқсайды-ақ екен депті. Сонымен бұлар өзін-өзі де, бұларды өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті. Бұрын өздерін үліс дейді екен де жүре береді екен» деп жазады¹.

Қазақтың 19-ғасырдағы фольклор зерттеушісі Әбубәкір Дибайұлы қазақ деген сөзді «қаз» және «ұзақ» деген екі түрлі құстың атынан бірігіп қазақ болып қалыптасқан дейді. Ол тағы бір байымдауында: қазақ сөзінің әсілі «еркін жүрген адам» деген ұғымнан алынса керек, оны халық аңызынан толық аңғаруға болады деп тұжырымдайды.

Жазушы Р. Тоқтаров: қазақ атауы қаз (құс) және ақ (аппақ) деген сөздерден шыққан деген, яғни «ақ қаз» деген болжам айтады.

¹ «Абай шығармалары», 222-бет.

Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Рашидтің тарихы» атты еңбегінде Әбілқайыр ханға қарсы шығып, Дешті қыпшақ даласынан батыс Жетісуға қоныс аударған қазақ тайпалары жайында айта келіп: «Әбілқайыр хан өлгеннен кейін өзбек ұлысында ырың-жырың туып, дала мекендеушісі өзінің хауіпсіздігімен өз басының қамына бола Керей хан мен Жәнібек ханнан пана сұрады. Сөйтіп бұлар күшейіп алды. Алғашында әлгі қашқындар, ал кейіннен басқа да көп жұрттар қашып (өз ұлысынан) бөлініп кетіп, біраз уақыт мал-мүліксіз, қаңғып жүрген адамдар болғандықтан, оларды жұрт қазақтар деп атап кеткен. Сөйтіп оларға тағылған осы ат бекіп қалды»¹ дейді.

Түркия тарихшысы Зәки Уәлиди Тоған: «Қазақ» деп асылында бір саяси мақсатты көздеп, саяси көтеріліс жасау нәтижесінде салт яки үй ішімен бірге өз қауымынан бөлініп шығып иенге кетіп, өкімет билігін қолына алуға орай күтіп тау-тасқа бекініп, оқшау өмір өткізген адамдарды айтқан. «Қазақ» деген ат алғашында сұлтандарға ғана тән еді, кейін оларға қарасты тайпалардың және олар құрған мемлекеттің атына айналды»² дейді.

Шоқан Уәлиханов: «қазақ» сөзі әскери термин ретінде қолданылып «ержүрек, батыл» деген мәнді білдіргенін баяндайды³.

Атақты ғалым В. В. Радлов «қазақ» деген атауды: «тәуелсіз», еркін, ерікті адам» деп мағыналасқан. Ал А. Н. Самойлович: қазақ сөзі әлеуметтік тұрғыда белгілі бір мәнге: «батыл, ержүрек, еркін адам» деген мағынаға ие деп жазады. «Қазақ шежіресінің» авторы Шәкәрім Құдайбердіұлы да осы жоғарыдағы пікірлерді жақтайды: «қазақ» дегеннің мағынасы «өз алдына ел болып, еркін жүрген халық деген сөз» деп түсіндіреді.

Жоғарыда баяндалғандардың басым көпшілігі өткен ғасырда, атап айтқанда, Қазан төңкерісінен бұрын тарихи әдебиетте кең етек алған пікірлер болатын. Ал кейінгі кездерде бұл айтылғандардан тыс, бірсыпыра соны пікірлер айтылып жүр. Бұлар қазақ деген атауды ежелгі заманда қазақ даласын мекендеп, қазақ халқының құрамына қосылған тайпалар мен халықтардың аттарына байланыстыра зерттеп, тіл, тарих этнография, тағы басқа ғылымдар

¹ М. Х. Дулати «Тарих-и-Рашиди», 46-бет.

² З. У. Тоған «Бүгінгі Түрікстанның таяудағы тарихы», 37-бет. Стамбул, 1981.

³ Ш. Уәлиханов «Таңдамалы шығармалары», I-том.

негізінде тұжырым жасайды. Бұл пікірлерді айтушы ғалымдар: Ә. Қайдаров, Ә. Құрышжанов, А. Абдырахманов, Ө. Қойшыбаев, А. Ақынжанов, А. Н. Бернштам, тағы басқалар, біз енді осы пікірлерді шолып өтейік: Ә. Қайдаров. Ө. Қойшыбаевтар қазақ сөзін екі мүшеге бөліп қарайды да, «қаз» сөзінің бастапқы төркінін қазіргі Қазақстан жерінде 5—8-ғасырларда өмір сүрген «аз» деп таниды. 10—11-ғасырға дейін түркі тілдерінде, сөз басындағы көмейлік «Х» дыбысы пайда болғанға дейін, ол этноним ұяң қалпында «аз», қатаң тұлғада «ас» формаларында қолданылғанын дәлелдейді. Осы қазақ этнонимінің дыбыстық өзгерістер нәтижесіндегі этнолингволистикалық даму, өзгеру күйін көрсетеді».¹ Аз тайпасы Жұтто жылнамаларында 阿 咄 阿 跌 阿 至 түрінде кездеседі де, телі тайпаларының қатарында баяндалады. Орхон ескерткіштерінде түрік қағандарының аздарға жорық жасағаны жайында деректер бар. Бұл аз тайпасы ол кезде қырғыз тайпасымен қанаттас Енисей өзені маңын мекендеген. Алайда, Ә. Қайдаровтың: «түркі тілдерінде сөз басындағы көмейлік «х» дыбысы пайда болғанға дейін, ол этноним (қаз) ұяң қалпында «аз», қатаң тұлғада «ас» қолданылған» деген сөзі жаңсақ айтылған сияқты, өйткені бұл этноним (қаз) ұяң қалпында «аз», қатаң тұлғада «ас» қолданылған» деген сөзі жаңсақ айтылған сияқты, өйткені бұл арада мәселе сөз басындағы «х» туралы емес, (қаз) деген сөздегі «қ» туралы болса керек. 6—8 ғасырлардағы көне түркі тілінде «қ» дыбысы сөз басында жиі қолданылған, мысалы: қаған, қара, қыш, қырқыз, құл, қон², т. б. Тіпті орхон ескерткіштерінде (қаз құс) деген сөз де бар. Ол «аз» формасында емес, «қаз» қалпында берілген³.

А. Абдрахмановтың пікірі бойынша: «Қазақ сөзінің төркіні қаз және оғ (оқ) деген екі компоненттен жасалған. «Оғ» көне түрік тілдерінде «ру, тайпа»... алғашқы шығу тегі жағынан қазақ этнонимі «қаз-оғ (оқ)» яғни «қаз тайпалары» деген сөздермен байланысты болған» деп, тұжырым жасайды⁴.

Тарихшы М. Ақынжанов пен жазушы С. Мұқановтың пікірлері бойынша: «қазақ» деген сөз «қас» және «сақ» деп аталатын екі сөзден құралған. Қас «шын, нағыз» деген

¹ «Жұлдыз» журналы. 1983-жылы, наурыз.

² «Орхон әбиделері», 9-басылуы, 116—121-беттер, Стамбул, 1983.

³ «Көне түркі жазба ескерткіштердің тілі», 122-бет, Алматы, 1971.

⁴ «Жұлдыз» журналы, 1983 жылы, наурыз.

мағынада, сақ деген Орта Азияда ерте заманда өмір сүрген көшпенділер болған. Демек, авторлардың байымдауларында, қазақ сөзінің мағынасы «нағыз сақ», «шын сақтар»¹

«Кейбір авторлар бұл терминнің («қазақ») шығу негізі өзге этнонимдерге, мәселен «косогтер», «хазарлар» дегенде... деп есептейді»².

«Бұл термин («қазақ») алғашында феодалданушы әскери-тайпалық ақсүйектерді, алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау процесінде қауымдардың құрылуынан бөлініп шыққан жауынгерлерді белгіледі деген көзқарастар да бар»³.

«Алғашында саяси термин болған «қазақ» деген сөз бірте-бірте, Қазақстан территориясында тайпалардың халық болып бірігу процесіне байланысты этникалық маңыз алды. Қазан төңкерісінен бұрынғы этнографтар мен тарихшылардың кейбірі «қазақ» деген сөзді «еркін адам», «қашак» деген деп түсіндірді»⁴.

Академик Н. Я. Маррдың байымдауынша: «қазақ», «хазар» сөздерінің түбірі «қас», «қаз», демек «қас-пи» (қас-пи). «Каз ки» (қаз-қи) сөздерімен байланысып отырады... Солтүстік Кавказды мекендейтін елдер Кавказ тауына асып жүріп, оған өз тайпасының атын сіңірген, сондай тайпалардың бірі қаски (қасқи), көсек (қазақ)⁵.

Чехословакия академигі Б. Грозный (1879—1952) бұл мәселені былай тұжырымдайды: «Қасахи» біздің заманымыздан бұрын Каспий теңізінің батысында тұратын һүн тайпасы. «Қасахи» сөзінің түбірі — «қас», «қаз». Ал «қасақ», «көсег» сөздерінің түбірі де осыдан алынған. «Кавказ», «Каспий» бәрі бір түбірден⁶.

Армян жазушысы — Мұса Харенийдің айтуынша, «Қазақтар біздің заманымыздан көп бұрын, Иран патшасы Валириттістің кезінде (126—197) Күр өзенінің солтүстік жағасын қоныстап отырған»⁷.

Қазақстан академигі Әлкей Марғұланның айтуынша, «қазақтар арабтар келмей тұрып, Арал, Каспий теңізінің төңірегінде хазарлармен байланысты болған. Н. Я. Марр мен П. Грозный келтірген «қаз», «хаз» сөзі екеуі бірдей. Хазарлар ортасында «қазар ұғ», «бершілік» деген екі ұлы қауым болған. Бір тамаша жері — беріш осы күнге дейін кіші

¹ «Қазақ деген сөз қайдан шыққан», «Жұлдыз» журналы, 1984-жылы, наурыз.

^{2 3 4} «Қазақ ССР тарихы», I-том, 156-бет, Алматы, 1957.

⁵ Н. Я. Марр, Шығармалары, 286-бет. 1915.

⁶ Ежелгі тарих жайында, № 1, 263, 1947.

⁷ Вахошти, Грузия географиясы, 32-бет, 1904.

жүз ұлысының бір ұлы тайпасы»¹. Жұңғоның 2-ғасырдағы тарихи деректерінде: Арал және Каспий теңізінің төңірегіндегі елді «хаса», «каса» (қазақ) деп атаған².

Әйгілі ғалым Рамстедт жоғарыда келтірген «қазақ» пен «хазар» сөзінің төркіні бір дегенді жақтайды: «Хазар», «қазақ» сөзінің түбірі «қаз», «қас» негізінен шығуы анық, маңғол тілінде сақталған «қасағ терген» — алыптардың күймесі, соның бір дәлелі дейді. А. А. Семеновтың айтуынша: «Ескі дәуірлерде һүн (ғұн) мен қыпшақтар қолданған күймелі арбаны қазақтар да ерекше пайдаланған. Бірақ бергі кезде ұмытып кеткен. Ол күймелі арба маңғол тілінде «қасак терген» — қазақ арба түрінде сақталған»³.

Тарихшы Табиридің айтуынша, Амудария өлкесінде де қазақ болған. Арабтың әскер басы Ахнақ Ибини-Қайыс 7-ғасырда өзінің әскерімен тура қазақ өлкесіне тартады. Ол кезде Амудария мен Сырдың жағасын, Арал теңізі бойын, Жетісуды қоныстанған тайпалар: үйсін, қаңлы, абдал, қыпшақ, оғыздар еді⁴.

Ш. Уәлиханов: «Шайбаннамада» — «қазақ» өте қадірлі сөз, мықты, күшті, шабытты көрсетеді. Европа тілінде ондай ұғымды рыцарь (ер) деп атайды. Орта Азия тарихшысы Розбехан: «Бұл кездегі қазақтар өзінің жойқын ерлігімен, алып күшімен барлық дүниеде даңқты болды; олардың қайтпайтын ержүректік мінезі араб тілі секілді тілдерде ашық жазылған»⁵ дейді.

«Қазақ» терминінің төркінін тым ерте заманға апарып тіреген әйгілі ғалым А. Н. Бернштам болды. Ол «қазақ сөзі жайындағы В. В. Радловтың, Г. Вамберийдің, В. В. Бартольдтің, А. Н. Самойловичтің, Н. Я. Маррдың, тағы басқалардың пайымдауларын талдай келіп, «қазақ» сөзінің шығу төркіні мен қазіргі мағынасын екі дәуірге бөле қарайды. Яғни «қазақ» деген сөздің түп-төркіні ежелгі замандағы қаспи және сақ тайпасының бірігуінен пайда болған, «қазақ» сөзінің қазіргі мағынасы («еркін адам» т. б. дегендер) кейін шыққан ұғым деп тұжырымдайды. «Каспий не қасып сақтардың көшпелі бірлестігіне кірді. Сақ одағы құрылғаннан кейін олар едәуір кейінгі жаңа бірлестіктің құрамына енді. Бірақ олардың «қас» тайпа атауы жойылып кеткен жоқ. Жаңа этнонимнің құрамды бөлігі ретінде сақталып

¹ Әлкей Марғұлан, «Жұлдыз» 1-сан, 144-бет, 1948-жыл, қаңтар.

² «Хан патшалығының жаңа тарихы», «Парсы тарауы».

³ «Өзбектердің Шайбани хандығының тарихы жайында», 33—34-бет.

⁴ Әлкей Марғұлан «Жұлдыз» журналы, 145-бет, 1984-жыл, қаңтар.

⁵ Розбехан «Михманнами Бұхара», 35, 62, 92, 93, 94, 123.

қалды. Дәл осы бағы дәуірде этникалық (екі мүше) қас — сақ — қазақ жасалуы мүмкін. Біз бергі дәуірде қалыптасқан «қазақ» түркі сөзінен айыруды керек ететін «қазақ» тайпа атауы екі этнонимнің «қаз» бен «зақ» этнонимдерінен келіп шықты деп ойлаймыз. Сөйтіп «қазақ» тайпа терминінің бірінші сыңарынан біз бұл күнде Каспий теңізі атында сақталып қалған ең алғашқы «қас» тайпа атауының ізін көреміз. Ал тайпа атауының екінші сыңарынан Орта Азиядағы көшпенділердің бір кездегі ең ірі бірлестігін жасаған «сақ» атауын көреміз. Бұл қосар тайпа атауы қас сақ сөзіндегі екі «с» дыбысының біреуі өзара ықпал әсерімен түсіріліп, қазіргі «қазақ» этнонимі шыққан. Қазақ сөзінің қазіргі мағынасы барынша кейінгі дәуірдің жемісі¹.

Әйгілі ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты кесек еңбегімен (1541—1546-жылдары жазылған) есептегенде, «қазақ» атауының тарихы әдебиетте талқылана бастағанына 400 жылдан астам уақыт өтті. Әлі күнге дейін соны пікірлер айтылып келеді. Телқожа Жанұзақов 1983-жылы наурызда (Алматыда шығатын) «Жұлдыз» журналында жарияланған «Қазақ» деген сөз қайдан шыққан», деген мақаласында, «қазақ» сөзінің бірінші сыңары «қаз», «қас» Орал, Алтай, Кавказ тағы басқа тілдер тобында «еркек», «ер», «жігіт», «кісі» деген мағынаны білдіретінін дәлелдей келіп, қазіргі қазақ этнонимі, этнотермині қаз және ақ деген екі мүшеден бірігіп жасалған. Оның бірінші сыңары қаз (ер) «батыл», «жігіт», «адам», «кісі» деген мағынаны білдірсе, екінші сыңарындағы ақ, көптік, жинақтық ұғымды білдіретін, осы күнгі көптік жалғау көрсеткіші «лар»-дың синонимі екені байқалады. Олай болса, қазақ деген атаудың әуел бастағы лексикалық мағынасы «нағыз батыл кісілер, ержүрек жігіттер, батыр адамдар» деген болса керек. Ал кейіннен бұл мағына өзгере келіп, «кең далада еркін көшіп-қонып жүрген батыл адамдар, ер жүрек еркін кісілер» деген мағынаға ие болған» деп баяндайды². Ислам дінін уағыздаушы кейбір моллалардың (мысалы: Көбей Тоқболатұлының) қазақтың арғы тегін арабқа жақындатқысы келіп, «қазақ» сөзі араб тіліндегі «қазы-ақ» (әділ билік айтушы), «қазы-ақ» немесе «қаза-хақ» (дін жолындағы күресуші) дегеннен, «алаш» деген сөз Анес деген сақабаның атынан шығыптымыс дейтін ғылымға жараспайтын ой-жорамалдарын есепке

¹ А. Н. Бернштам. 49-бет.

² «Қазақ деген сөз қайдан шыққан», «Жұлдыз» журналы. 1983-жыл, наурыз.

алмағанда, «қазақ» термині туралы айтылып келе жатқан жорамал мен жорулардың, тұспал мен тұжырымдардың, болжал мен байымдаулардың жалпы саны 20-дан асады. Көпшілік зерттеушілер: «қазақ» деген сөздің әлеуметтік мағынасы «ержүрек еріктілер», «еркін адамдар», «ен далада еркін көшіп-қонып жүрген халық» деген пікірді ұнатады. Бұлай деп айту көшпелі қазақ өміріне де үйлеседі.

«Қазақ» деген атаудың шығу төркіні, оның алғашқы мағынасы мен соңғы кездердегі мағынасы жайында соны да сүбелі пікірлер айтылып келеді. Әрине, «қазақ» атауы бірден халық немесе ұлт атына айнала салған емес, оның алғашында ру-тайпа аты, яки тайпалық одақ аты немесе әлеуметтік-саяси, әскери термин ретінде жарыққа шығып, бірте-бірте дамып, халық атына айналған болуы ақылға қонымды. Бірақ қалай болған күнде де оның алғашқы мағынасы болады. Бұл мағынаны ең алдымен қазақтың өз тілінен, қазақтармен аралас, көрші болып өмір өткізген туыстас халықтардың тілінен, сондай-ақ тарихи лексикамыздың көне куәліктері болған жазба деректерден іздеу қажет.

«Қазақ» сөзінің бірінші сыңары «қаз» дегеннің кәдімгі құс атынан басқа да мағыналары бар. Қазақтың сөйлеу тілі мен әдеби тілінде сәби баланың ешқандай сүйемелсіз және демеусіз өз еркімен аяғын басып тік тұруын «қаз тұру» дейді. Өз еркімен аяқ басып жүре бастауын «қаз басу», «қаз-қаз басу» дейді. Ат үстінде тік тұруды яки төбе басында қарауыл қарап жалғыз тұруды «қаздию» дейді. Жас баланың ең алғаш адымдап аяқ баса бастағанын көрген ата-аналары мен туыстары шаттанып: «қаз-қаз!» деп айқайлап шабыт береді. Жазба әдебиеттегі «қаз-қаз басты аяғын еңбектеген немерем» (Аймангүл), «қаз-қаз тұрып талпынасың, қуанасың, күлесің» (Тоқмағанбетов) деген шумақтарда «қаз» сөзінің мағынасы өздігінен еркін жүріп-тұруға талпыну екені айқын. Бұл «қаз» еркін әрекеттің алғашқы қимылы. «Қаз» түбірінен туған «қаздаң қағу», «қаздандау», «қаздаңдат» етістіктері аяқты тік-тік басып өз еркімен жүре жөнелу, емін еркін әрекет жасау мағынасын білдіреді. Мысалы: «Гүлнар... аяғын қаздаңдап басып, есікке жөнелді» (С. Мұқанов), «Қаздаңдап кәрі саусағым, шекті бойлап ойнаған» (Жамбыл). Ал «қаз қалпы» деген тіркестегі «қаз» — өзгеріссіз, алғашқы нағыз бейнесі деген орында жұмсалады. Бұлардың құс атындағы қазбен қатысы жоқ.

Көне түркі тілінде жазылған «мәңгі тастарда» осы «қаз»

түбірінен туындаған «қазғану» сөзі кездеседі. Мысалы, «Түниүкүк ескерткішінде» мынадай сөздер бар: «iltaris қаofan қазojan masar, udu бән өзүм қазojan masar, il уәмә, bodunyәмә уоқ әртәгі әрти, қазajantүкiн үқүн udu өзүм қазoјantүкiм үқүн il¹

Мағынасы: «Ілтерiс қаған ерлiкпен күреспесе, мен өзiм ұдайы ерлiкпен күреспесем, ел де, халық та жоқ болар (жойылар) едi. Ерлiкпен күрескенiмiз үшiн, өзiм ұдайы ерлiкпен күрескенiм үшiн, ел және ел болды, халық және халық болды» дейдi.

Орхон жазуымен жазылған Күлтегiн ескерткiшiнде: «inim күл teginbirlә, әкi хад birlә өлү yitü қазoјan-tim; anqa қазoјanip, biriki boduniol ot sub kilma-dim...»²

Мағынасы: «inim Күл тегiнмен бiрге, екi шадпен бiрге өле-тiрiле тiресiп күрес жүргiздiм. Осындай қажырлы қайрат жұмсап, бiрiккен халықты өрт пен селге ұшыратпадым...» дейдi. Абақан өзенiнiң бойындағы ачурадан табылған найман ұлысының «Инанич-бiлге (Бұқа ханына) арналған», орхон жазуымен жазылған құлыптаста да осы «қазғану» сөзi барлығы мәлiм. Онда: «Eligiz үқүн қазoјanu ...yaojioja tegmix su tengi yeti bing oojlan erti»³

«Елiңiз үшiн ерлiкпен жауға тиiскен әскерiң жетi мың ұлан едi», дейдi. Жоғарыдағы үш ескерткiштегi «қазғану», «қазғандүк», «қазғантүкын», «қазғанмасар» деген етiстiктер «қажырлы қайрат жұмсау», «күресу», «талпыну», «еркiндiкке ұмтылу», «ерлiк iстеу», «табысқа қол жеткiзу» мағынасында қолданылады. Бұл сөздер 11-ғасырдағы Махмұд Қашқаридiң «Диуан лұғат ат-түрiк» сөздiгiнде «қазғанмақ» түрiнде, 1303-жылы жазылған «Кодекс куманикоста» (қыпшақ тiлi сөздiгiнде) қазған, қазан түрiнде кездеседi. Осы заманғы ұйғыр тiлiнде «қазанмақ» түрiнде қолданылады (ғалибият қазанмақ, шөһрәт қазанмақ, ұтуқ қазанмақ, т. б.). Бұл сөздердiң түбiрi «қаз» (қазған-дү-к) екенi даусыз. Осы «қаз» түбiрiне «ғақ» жұрнағы жалғанып «қазғақ» сөзi жасалып, «еркiн адамдар», «ержүрек ерiктiлер» деген мағынаны бiлдiретiн терминге айналған (қазақ тiлiнде «ғақ» жұрнағы жалғанып

¹ «Орхон ескерткiштерi», 97—98-беттер, Стамбул, 1983.

² «ORHUN ABIDELERL 71-bet. Istanbul, 1983.

³ S. E. MALOV 48, 49-bet.

жасалған: айғақ, құрғақ, талғақ, тайғақ, оңғақ, т. б. сөздер бар), көне түркі тіліндегі кейбір сөз арасындағы, әсіресе сөз соңындағы «ғ» дыбысы қазіргі қазақ тілінде «ү», «и» дыбыстарына ауысады немесе түсіп қалады. Мысалы, бағла-байла, тақ-тау, оғул-ұл, орғақ-орақ, т. б. осы заңдылыққа сай «қазғақ» сөзінің арасындағы «ғ» түсіп қалып «қазақ» болған. Оның алғашқы «қазғақ» түрі 8-ғасырдағы Енисей ескерткішінде орхон әрпімен тасқа ойылған. Енисей өзенінің бір тарауы Ұйық Тұран бойындағы тасқа жазылған

𐰇𐰺𐰽𐰾𐰿𐰸𐰽𐰾:

«қазғақ оғлұм¹» деген жазуы талай

ғасыр талас болып келген «қазақ» сөзінің тасқа басылған таңбасы, айпарадай айғағы болмақ. Сібір халықтарының ескі тілінде «қазақ» деген сөз «мықты», «берік», «жойқын», «алып» деген мағынада екен. Сонда «қазғақ оғлұм» дегеннің мағынасы «алып ұлым», «батыр балам» деген сөз болады. Бұл «қазақ» сөзінің көп айтылып келе жатқан «ер-жүрек еріктілер», «батыл адамдар» деген мағынасына сай келеді.

¹С. Малов, «Енисей жазулары», 16—20-беттер, 1952.

Байұрғы
қазақ
шежіресі
және тайпа
таңбалары

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ РУ-ТАЙПАЛАР

Қазақ халқының ежелгі замандағы озық ойлы қайраткерлері мен білікті адамдары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-бабалар шежіресін — өзінің ұлттық тарихын жасап қалдырған. Өзінен бастап жеті атасына дейін білу әрбір қазақ азаматының дәстүрлі борышы болған. Мұны таныту — ата-ана тәрбиесінің әліппесі еді. Тек ата-анасынан жастай қалған жетімдер ғана мұндай білімнен мақұрым болатын. «Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары», деген мақал осыдан қалған. Ал білікті де көшелі ауыл ақсақалдары мен рудың билері ең кем дегенде өз руының шежіресіне қанық болатын. «Шежіреші» деген даңқты атаққа ие болған біліктілер 15—20 атаға дейін тарата білген. Бүкіл бір жүздің, тіпті жалпы қазақтың үш жүзінің шежіресін таратып, қазақтың «жетпіс жеті атасын тарататын» жетік шежірешілер де болған. Бұлар аталарды таратумен қабат, сол аталардың жасаған дәуірінде халық басынан өткен ірі оқиғаларды да ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келген. Қазақтың әрбір ру-тайпасының, әрбір жүздің өз шежірешісі болған. Бұл шежірешілер қазақтың байырғы күнтізбесін — ай-күн есептерін де, ғұрып-әдет, салт-сана заңдарын да жақсы білген. Кейін келе осы ауыздан-ауызға көшіп келген ауызекі тарих-шежірелер қауырсын қаламмен жазылып, рубасылар мен билердің, хан-сұлтандардың қолында сақталатын болған. Жалпы алғанда, қазақ шежірелері 7-ғасырдан тартып 20-ғасырға дейінгі мезгілді қамтиды. Бірақ ұзақ заман бойына ауыздан-ауызға көшіп келгендіктен онда көптеген күңгірттіктер, жаңсақтықтар, қайшылықтар, дәуір мен жыл мезгілі белгісіз аңыздар, тағы басқа жамау-жасқаулар да бар. Исләм

дінінің қазақ арасына таралуына байланысты байырғы қазақ шежіресіне ежелгі дін кітабы Таураттан (Ауестадан) тарап, исләм діні арқылы қазаққа діни аңыздар араласты. Онда қазақтың арғы тегін Адам ата, Хауа анадан, Нұқ пайғамбардың баласы Япастан тарататын «рауаяттар» да болды. Бұл сияқты жамау-жасқауларды есепке алмағанда, байырғы қазақ шежіресінде тарихи мол мұралар мен аңыздар жинақталып сақталып келген.

Әрине, ауызша тарих-шежірелер мен аңыздарды ғылыми тарих орнына қоюға болмайды. Сондай-ақ халықтың өзі жасаған тарихи мұраларға немқұрайды қарауға да болмайды. Өйткені бұл нағыз ғылыми тарих бола алмағанмен, тарихнаманың кем болса орны өгейситін қайнары. Бұл қайнарды нағыз тарихи тұрғыдан зерттеп, ғылыми сарапқа салмай, беталды «мансұқ» етсек, онда тарих ғылымы өзінің бір қайнарынан айрылып, ақсап қалған болар еді.

Жер жүзіндегі халықтың қайсысы болса да ғасырлар бойғы тарихи дамудың туындысы. Зерттеліп жазылған тарихи кітабы жоқ болуы мүмкін, бірақ тарихсыз халық болуы мүмкін емес. Тарихсыз халық жоқ, халықсыз тарих жоқ. Іс жүзінде тарих бұрын басталып, дамып отырған. Ал осы тарих туралы тарих-тарихнама (жазба тарих) кейін жарыққа шығып дамыған. Тарихнама ең алғашында ауызша тарих-шежіре, аңыз түрінде басталып, жазба тарих кейін келе жарыққа шығып, кемелденіп отырған. Жер жүзіндегі ең ежелгі марка мәдениеті, бағы заманнан үзілмей келе жатқан жазба тарихы бар жұңгонің де шияшаң дәуірінен бұрынғы хуанди, янди жөніндегі деректері тарихи аңыз-ертегілерден басталады. Ежелгі Египет, Индия, Иран, Грек тарихтары да осындай.

Қазақтың осы тарихи шежірелері кейін қауырсынды қаламмен қағаз бетіне түскен болса, 20-ғасырдың бастарында (1905—1907-жылдары) жинақталып, зерттеліп, кітап болып басылды. Мұны жинақтап зерттеген және бастырғандар: Нұржан Наушабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхаметжан Тынышбаев, Машһүр Жүсіп Көпеевтер болды.

Жалпы қазақ шежірелерінің барлығында мынадай мазмұн баяндалады: Қазақтың арғы атасы — Алаш. Алаштан қазақ туған. Қазақтың Бекарыс, Ақарыс, Жанарыс деген үш ұлы болыпты дейді. Бекарыстың тұқымын ұлы жүз деп атап, одан: үйсін, қаңлы, дулат, сары үйсін (түркеш), жалайыр, албан, суан, шапырашты, ошақты, шанышқылы, сіргелі, тағы басқаларды таратады.

Ақарыстың тұқымын орта жүз деп атап, одан: арғын,

найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақты таратады. Жанарыстың тұқымын кіші жүз деп атап, одан: алшынды, ал алшыннан Әлімұлы, Байұлы, жетіруды таратады.

Осы жоғарыдағы аталғандардың әрқайсысы талай тайпалардың одағы болып келеді. Мысалы, Жанарыстың тұқымы кіші жүз алшынның үш тайпасы әлімұлы, байұлы, жетіру мынадай тайпаларға бөлінеді. Байұлының тайпалары: адай, беріш, алшын, жаппас, есентемір, малқар, таз, байбақты, тана, шеркеш, ыссық, қызылқұрт. Әлімұлының тайпалары: әлім, шөмекей, кете, қаракесек, қарасақал, төртқара, шекті. Жетірудың (қарт қазақтың) тайпалары: кердері, жағалбайлы, керейт, телеу, табын, тама, рамадан.

Орта жүздегі керей руы ашамайлы керей, абақ керей деп екі тайпаға жіктеледі, осының ішіндегі абақ керей 12 руға бөлінеді. Бұлар: жәдік, жантекей, шеруші, қарақас, молқы, күнсадақ, ителгі, шұбарайғыр, сарбас, жастабан, меркіт, шимойын.

Орта жүздегі найман тоғыз таңбалы найман деп, тоғыз тайпаға бөлінеді: қаракерей, төртуыл, садыр, матай, ергенекті, бағаналы, балталы, терістаңбалы, шыршыт.






Осы он екі абақ керей, тоғыз таңбалы найманның әрқайсысы талай ұсақ рулар мен ата жіктеріне бөліне отырып, осы күнгі адамдарға дейін келіп тіреледі.

Осы ру-тайпалар мен тайпалық одақтардың аты қазақ ішінде қазіргі күнге дейін сақталуда. Әрбір рудың өзіне тән таңбасы және ұраны бар. Бұл таңбаны ерте кезде рудың малына басқан, сол рудан өлген адамдардың моласының басына тасқа ойып орнатқан. Бірнеше ру бірлесіп тоқтам жасасқан жерде тасқа ойып белгі соққан. Ал ұран сол рулардың ата-балаларының немесе сол рудан шыққан батырлардың аты, жалпы ру-тайпа мүшелерін аттанысқа келтіру үшін соғыс кезінде тығызтаяң үндеу ретінде осы ұран шақырылған. Әдетте ат бәйгесі, балуан күресі кездерінде ұран шақырылады. Ру таңбасы сол рудың нышаны орнында қолданылған, рудың жалауларына салынған. Қазақтың көптеген ру аттары сол рудың таңбасы арқылы аталған. Мысалы: бағаналы, балталы, шанышқылы, ергенекті, тарақты, ашамайлы, ошақты, тарақ таңбалы, теріс таңбалы, сіргелі, тағы басқалар. Ру-тайпа аттарының тағы бір түрі сол рудың төтемдік ұғымынан туған. Мысалы: қоңырат, бура, тағы басқалар. Әдетте қазақ рулары өз ішінен қыз алыспайды, қыз алысу үшін

кемінде жеті атаға толған болуы, олардың қонысының арасында жеті өзен болуы шарт. Туыстас рулар бір-бірінен бөлек ру болып саналу үшін арада он үш ата өткен болуы шарт. Міне, осы себептерден «қазақ шежіресі» өз ұлтының тарихнамасы болуымен қабат, үйелменді ұйымдастырудың өлшемі болған. Қан-қарындастық қатынасын ру-тайпа мүшелерінің санасына сіңіріп, оларды ру ұранының туы астына топтастырып келген. Бір атадан тараған ру мүшелері өздерін туыс — деп санаған, оның жыртысын жыртып, намысын жоқтауға жұмылдырған. Ру-тайпа мүшелерінің бірі басқа ру жағынан өлтірілсе, жалпы ру мүшелері жиналып, оның құнын алған, мүшесі басқа рудың адамын өлтірсе, оның құнын төлеуге кісі өлтіруші ру жауапты болған. Бір рудың жесірінің екінші руға кетуіне жол берілмеген. Осы рулық қатынастардың шаруашылық негізі ретінде жайлаулық жерлерге жалпы рулық меншік сақталған. Тек қыстаулық, пішендік, егіндік жерлер ғана жеке адамның меншігінде болған.

Қазақты қалыптастырған жоғарыдағы ру-тайпалардың көпшілігі ежелгі заманнан тартып Орта Азия мен Орталық Азияның кең даласында, шығыста Баркөлден бастап, батыста Каспий теңізі, Еділ өзеніне дейінгі ұлан-байтақ өңірде көшіп-қонып мал өсірген түркі тілдес ру-тайпалар еді. Қазақ халқы ғасырлар бойғы тарихи даму барысында осы ру-тайпалардан құралып халық болған. Алайда, бұл тек бір дәуірдің ғана жемісі емес, сан ғасырлық тарихи дамудың туындысы.

ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰРАНДАРЫ




№	Ру аты	Таңбасы	Ұраны	Исі жүз
1	Қаңлы		Айрылмас (Бөйтерек)	Ұлы жүз
2	Үйсін			
3	Дулат		Бақтияр	
4	Ысты		Жауатар	
5	Тілік		Жауатар	
6	Сиқым		Сиқым	
7	Жаныс		Жаныс	
8	Ошақты			
9	Албан		Райымбек	
10	Бекболат			
11	Сіргелі		Тоғанас	
12	Жалайыр		Бөрібай	
13	Шанышқылы		Айрылмас (Бөйтерек)	
14	Бестаңбалы			
15	Шымыр		Шымыр	
16	Шапырашты		Қарасай	

жалғасы

№	Ру аты	Таңбасы	Ұраны	Исі жүз
17	Шынқожа			
18	Қоралас			
19	Суан			
20	Ботбай			
21	Сәмбет			
22	Қыпшақ		Ойырбас, Ойбас (Уайс)	Орта жүз
23	Қоңырат	∩	Алатау	
24	Саңғыл	∩		
25	Маңғатай		Мұқамал	
26	Найман		Қаптағай	
27	Бағаналы	У Х		
28	Тарақты	E ∩	Жаубасар (Жауқашар)	
29	Арғын	OO	Ақжол (Аманжол)	
30	Матай			
31	Садыр	∩		
32	Керей	□ + X	Рақожа, Ошбай, Ақжол	
33	Уақ		Жаубасар	

№	Ру аты	Таңбасы	Ұраны	Исі жүз
34	Ергенекті	Ж Д		
35	Балталы	□		
36	Қаракерей	Т	Қабанбай	
37	Саржомарт)		
38	Торе	М М	Арқар	
39	Керейт	↑	Ақсақал (ойтым)	Кіші жүз
40	Тама		Қарабура	
41	Алшын	∧		
42	Қарасақал	∧	Алдияр	
43	Масқар	➤		
44	Беріш	>		
45	Шүмекей	∑ 1	Дөйт	
46	Алтын	∧		
47	Серкеш (Шеркеш)	Υ		
48	Есентемір	∧		
49	Жүй	└		

№	Ру аты	Таңбасы	Ұраны	Исі жүз
50	Жағалбайлы	Т	Бағанам (манатау)	
51	Телеу	^ +	Тұлпар (арғымақ ханзада).	
52	Төртқара	+	Айырғау	
53	Сұнақ	∟	Қожахмет	
54	Мансыр	∟ ∟	Алтыбас	
55	Алаша	∟	Айырғау (Бәйтерек)	
56	Шекті	Σ Υ	Баймұрын	
57	Жаппас	Z		
58	Таздар	Σ		
59	Әлім (ұлы)	Σ		
60	Табын	○	Серке (тостаған)	
61	Арғын	∞	Ақжол	
62	Терістаңбалы табын	∪		
63	Рамадан	♀	Дулат	
64	Абдан (албан)	∪	Райымбек	
65	Оңтаңбалы табын	♀		
66	Кердері	♀	Қожахмет	

67	Адай (ядай)	+ 	Төлеген, Бекет	
68	Қаракесек		Ақпан	
69	Қарнык			

ҚАЗАҚТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТИПІ

Қазақтың арғы тегі ежелгі замандарда осы күнгі Жоңғария мен Жетісу өңірін мекендеген сақ, үйсін тайпаларынан шыққан деген тұжырым ежелгі тайпалар атының қазірі қазақ арасында сақталып отыруына ғана қарап айта салған жай болжал, жадағай емеурін емес, қайта дәйекті ғылыми тұжырым екені анық. Мұны көптеген шежірелік және тарихи жазба деректермен қатар археологиялық және антропологиялық зерттеулер даусыз дәлелдеп отыр. Қазіргі антропологиялық жіктеу бойынша қазақтың антропологиялық типі оңтүстік сібірлік немесе тұран нәсілінің негізгі уәкілдерінің бірі есептеледі. «Бұл нәсіл ерте кезде европа тектес және маңғол тектес тайпалардың бір-біріне араласуынан пайда болған. Қазақтың антропологиялық типінің негізгі сипаттамалары: краниологиялық тұрғыдан қарағанда бас сүйегі ұзыншақ, беті жалпақ келеді. Олардың бас сүйек көрсеткіші брахиграфияға (83 мм.) яғни жұмыр бастыларға жатады. Ал маңдай сүйегінің ені орташа (96,3 мм.), бет сүйегі биік (75,1 мм), ені тым жалпақ (40,7). Мұрын сүйектерінің көтеріңкілігі орташа (24,9), көз ұялары биік (35,4) және жалпақ (40,7). Қазақтың көзі, шашы көбінесе қара қоңырлау, бет түктері аздау келеді, көбінде орта бойлыдан артпайды. Дене бітімінің орта шамамен кейбір көрсеткіштері: дененің жоғарғы бөлігінің ұзындығы 74,1 см, төменгі бөлігінің ұзындығы 87,5 см, қолының ұзындығы 62,8 см, иығының жалпақтығы 37,6 см, кеуде аумағының кеңдігі 85,8 см, жамбасының жалпақтығы 27,6 см. Қазақтардың арасындағы қанның АВО жүйесінің ішінде (I) O тобы басым (58,1% = г; 33,6%); (II) A тобы (21% = г; 28,8% мен (III) B тобы (21% = г; 28,8%) өзара шамалас.

Қазақтар арасында палиодоциялық (жоғары күрек тістері астыңғы тістен сәл асып тұрады) тіс қабысу формасы өте жиі кездеседі. Күрек тістерінің бедерлері шамамен 63,5% шұңқырлау келеді. Жоғарғы және төменгі азу тіс бедерлерінің ішінде 5+5 түрлері жиірек кездеседі (82%). Осы көрсетілген антропологиялық анықтамалар қазақ антропологиялық типінің негізгі екі нәсілдік жүйеден құралғандығын көрсетеді. Оның бірі европейттік, екіншісі маңғолойттық нәсілдер. Бірінші жүйе қазақ даласының негізгі тұрғындарына тән қасиет, ал соңғы жүйені Орталық Азиядан ауып келген маңғол тектес тайпалар әкелген¹. Бұл айтылғандар осы заманғы қазақ ұлтының антропо-

логиялық типі туралы жүргізілген ғылыми зерттеулердің қорытындысы.

Б. ж. с. бұрынғы 3-ғасырдан біздің дәуіріміздің 5-ғасырына дейін жасаған үйсін жөнінде жүргізілген археологиялық және палеоантропологиялық зерттеулерде айтылған үйсін антропологиялық типі осы заманғы қазақ антропологиялық типінің арғы тегі екенін айқындайды.¹ «Үйсін антропологиялық типі Балқаш көлінен бастап Тянь-Шань таулы аймақтарын мекендеген тайпалар арасында жиі кездеседі. Бұған тән ерекшеліктер: бас сүйектері домалақтау, маңдайы сәл тікшелеу, көз ұялары биіктеу, қыр мұрынды, жақ сүйектері ірі әрі шығыңқы. Үйсін антропологиялық тип нәсілдік жағынан сақ дәуірінде өмір сүрген тайпаларға өте жақын. Демек, үйсіндерді сақ тайпаларының тікелей ұрпақтары деп тұжырымдау өте орынды. Сақ антропологиялық әсері де айқын сезіледі. Өйткені кейбір бас сүйектерінен, бет-пішін құрылыстарынан маңғол нәсілі тектес тайпалардың нәсілдік элементтерінің әсерлері анық байқалады. Осы күнгі қазақ халқының антропологиялық құрамының негізін қалауға үйсін антропологиялық типінің үлкен әсері болған. Жетісу қазақтарының көптеген рулары үйсін антропологиялық типі нәсілдері екені айқын².

Ежелгі үйсіндердің антропологиялық типі турасындағы археологиялық, антропологиялық зерттеулер қорытындысы еліміздің ежелгі жазба жылнамаларындағы «үйсіндер — сақал-шашы жирен, шүңірек көк көзді, қыр мұрынды келеді» дейтін деректерге сай келеді.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» II-том, 401-бет.

² «Қазақ совет энциклопедиясы» II том, 401 бет.

Қазақ халқының
түпкі тегі және
оның тарихи
қайнары

Қазақ халқы ежелгі заманда ұлан-байтақ Орта Азия өңірін мекен еткен түркі тілдес ру-тайпалар мен тайпалық одақтардың (ұлыстардың) ұзақ тарихи дәуірлерде ортақ территорияда бірге өмір сүріп, этногендердің жалпы заңдылықтары бойынша бірте-бірте бірігуі және дамуы арқылы өз алдына жеке халық болып қалыптасты.

Қазақ халқы қалыптастырған негізгі этникалық құрам — басты тайпалардың аттары мен таңбалары, ұрандары. Олардың шығу тегі мен таралуы туралы шежірелер ауызша әңгімелер және қолжазбалар түрінде біздің заманымызға жетті. Бұлардың басым көпшілігі ерте замандағы Жұңғоның және шет елдердің тарихшылары баяндаған жазба деректерге сай келеді және оларды толықтырып отырады. Бұлар қазақ халқының шығу тегі мен қалыптасу барысын зерттеудегі нанымды негіз болып табылады.

Қазақ халқының ата тегі болған тайпалар мен ұлыстардың ежелгі заман деректерінде аты ерте әйгілі болғандары: сақ, ұлы иозы (ұлы жүз), үйсін, қаңлы, алан және һүн (ғұн) тайпалары. Бұл тайпалар мен ұлыстардың тарихын олардың Орта Азия өңіріне — қазақтың өсіп-өнген мекендеріне, өрістеу мезгіліне қарай баяндаймыз.

САҚ ТАЙПАЛАРЫ

Қазақ тарихын зерттеген тарихшы, этнограф, антрополог, археолог ғалымдардың бірсыпырасы қазақ халқының арғы тегі ерте заманда (заманымыздан бұрынғы 7—4-ғасырларда) Орта Азияны мекен еткен ежелгі сақ тайпала-

рынан шыққан дейді. Әйгілі ғалым А. Н. Бернштам қазақтың атын сақтармен байланыстырады. Ол: «қазақ» деген сөз ерте замандағы «қаспи» және «сақ» деген екі тайпаның қосылуынан шыққан, яғни қаспи — сақ, қас — сақ — қазақ болған деп тұжырымдайды.¹ Тарихшы М. Ақынжанов қазақ деген сөз «қас» (нағыз), «сақ» (тайпа аты) деген екі сөзден «қас сақ» (нағыз сақ) дегеннен шыққан. «Қазақтар — түрік, маңғол тектес халықтың екі бұтағынан (һүн мен сақ тарауынан) құралған ежелгі халық»² дейді.

Қазақ халқын қалыптастырған арғын, қыпшақ, тағы басқа тайпалар ішінде сақ деген атты қолданған рулар да бар. Мысалы, сақтоғалақ, бес-сақ, сақ құлы, бо-сақ, қар — сақ, тағы басқалар. Қазақ халқының арғы тегі болған ежелгі үйсін бірлестігінің құрамында сақ тайпаларының барлығы еліміздің ежелгі жазба деректерінде айқын айтылады. Онда: «Үйсін халқы ішінде сақ тайпалары да, ұлы иозы тайпалары да бар»³ дейді. Бұл тарихи фактілер қазақтың арғы тегінің бір саласы ежелгі сақ тайпалары екендігін дәлелдейді.

Еліміздің ежелгі замандағы жылнамалары мен томдарында сақ тайпалары «сәйжүң» «шижүң», «шимо», «шижа» түрінде кездеседі. Бұлар «сақ» және «сақ тайпалары» деген атаудың өз кезіндегі ханзуша дыбысталуы еді. Мутиянзының «Өмірбаяны» атты еңбекте патша Жумууаң заманымыздан бұрынғы 9-ғасырда батысқа сапарға шыққан жолында шимо тайпаларына және олардың көсемі Шиаңшуға кездескендігі айтылады. Бұл аңызда айтылған шимолар Орта Азия өңірінде өмір сүрген сақ тайпалары еді. Дияң әулеті дәуірінде (6-ғасырдағы) Шүн Жи «Будда деректері туралы» деген еңбегінде «Хан патшалығының тарихы, батыс өңір шежіресінен» мынандай үзінді келтіреді: сақтар «асылында ұзақ заманнан бері дүнхуаң жерін мекендеген иүншіндер еді. Кейін иозілерден шығып, Памыр тауының күнгейіне қоныс аударған». Бірақ біздің заманымызға жеткен «Хан патшалығының тарихы, Батыс өңір шежіресінде» мұндай деректер жазылмапты.

Ежелгі заманда Орта Азия өңірін мекен еткен сақ тайпалары туралы тарихи деректер сол замандағы парсы және грек авторларының жазба деректерінде сақталған.

¹ А. Н. Бернштам Шығармалар, 94-бет.

² М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы», 1957, Алматы.

³ «Хан патшалығының тарихы. Батыс өңір шежіресі», 662-тарау.

Ежелгі грек тарихшылары оларды «Азиялық скифтер» деп атаса, парсы тарихшыларды оларды «сақ» деп атаған.

Ахменид иранның сына жазу текстерінде, оның ішінде накширостемдегі жазуында сақ тайпаларының үш тобы айтылады. Олар: хаомоварга сақтары (хаомо ішімдігін істейтін сақтар), парадария сақтары (теңіздің ар жағындағы сақтар) және тиграхауда сақтары (шошақ төбелі тымақ киетін сақтар) деп аталады.¹ Олар өз заманында Орта Азияның ұлан-байтақ өңірін мекен еткен.

Ол заманда «сақ» немесе «скиф» деген жалпы атпен аталған халықтың ішінде әрқайсысының өзіне тән аты бар көптеген тайпалар болған. Олардың көпшілігі көшпенді мал шаруашылығымен, бір бөлегі егіншілікпен шұғылданған. Ерте замандағы грек авторларының суреттеуіне қарағанда, олардың көшіп-қонатын көлігі екі, төрт, алты дөңгелекті арба, оған екі, үш жұп өгіз, ат немесе түйе жегілген. Осы арба күймесінің сырты сырымен, яки киізбен қапталған. Бұлар шөптің сонысы мен судың тұнығын жүзіп, малдарын оттатып көшіп жүрген. Сақтар көшкенде қатын-бала, үй-мүкәмалмен күймелі арбада, қонғанда киіз үйлерде отырған. Олардың қыстауларында кесектен (сабан араласқан балшық кірпіштен) там үйлер болған. Мал шаруашылығымен шұғылданған сақтар жылқы, қой, сиыр, түйе өсірген, егіншілікпен шұғылданушылар тары, арпа, бидай еккен. Тіпті мал шаруашылығымен шұғылданушылардың да қыстауларының маңында шағын егіншілігі болған.

Ежелгі грек авторларының деректемелерінде сақтардың бірсыпыра тайпаларының аты аталады. Олар: масагет, яксарт, дай, немесе дахи, фарат, көмар, асқатағ, исседон, асси немесе аримасып, сармат, каспи, тағы басқалар.

Масагет, яксарт тайпалары: Көк теңіздің (Арал теңізінің) оңтүстік және шығыс солтүстік өңіріне, Сырдарияның оң жақ алқабына орналасқан (ерте заманда Сырдария «Яксарт» деп аталған).

Дай немесе дахи тайпасы: Сырдарияның төменгі жағын, Көк теңіздің қолтығын мекендеген.

Аби тайпасы: Қаратау бойын, Сырдарияның алқабын қоныстанған. Фарат тайпасы: Талас Алатауын және Қаратаудың солтүстік, шығыс-солтүстік бөлегін мекендеген.

Көмар тайпасы: Келес, Шыршық, Ангрен өзендерінің бойларында және Тянь-Шань тауларының батыс сілемдерінде болған.

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 34—35-бет. Алматы, 1957.

Асқатағ тайпасы: Шу өзені мен Талас өзенінің аралығында, қырғыз Алатауының орта етегінде тұрған.

Исседон немесе асси тайпасы: Іле өзені мен Шу өзенінің бойын, оның шығыс жағындағы Тарбағатай тауына дейін созылған алқапты мекендеген.

Аримасып тайпасы: исседондардың солтүстік және шығыс солтүстік жағында, Алтайдың батыстағы сілеміне дейінгі жерлерде тұрған.

Сармат тайпасы: Каспий теңізінің терістігінде, шығыста Жем өзеніне дейінгі, солтүстік Жайық өзенінің басына дейінгі жерлерде тұрған.

Каспий тайпасы: Каспий теңізінің шығыс жағалауын мекендеген.

Памир-Алтай тауларының солтүстік шекараларынан бастап, Тянь-Шань тауларын басып өтіп, шығыс солтүстікте Алтайдың батыс сілемдеріне дейінгі, солтүстікке Балқаш көліне және Шу өзенінің аяғына дейінгі, батыста Талас өзенінің оң жағалауына дейінгі жерлерді қоныстанған. Асқатағ, исседон, аримасып сынды сақ тайпалары «тигра хауда сақтары» (шошақ төбелі сақтар) немесе («шошақ төбелі тымақ киетін сақтар») деп аталған. Жетісу алқабы осы «шошақ төбелі сақтардың» орналасқан жерінің орталығы болған.¹ Осы бір бағы заманның деректемесіндегі «шошақ төбелі сақ» деген атау күні кешеге дейін қазақ халқының өздерін «шошақ төбелі қазақпыз» деп келгенін еріксіз еске түсіреді. Іле өзені мен Шу өзенінің алқабынан Тарбағатай тауына дейінгі жерлерді мекен еткен сақ тайпаларын ежелгі грек авторлары «исседон» яки «асси» деп атаған.

Ежелгі грек тарихшыларының айтуына қарағанда, сақтар өте батыр жауынгер, «қасқа қатал, досқа адал» халық болған. Олар қастасқан жауын аямаған. Соғыста өлтірген жауларының бас сүйегін ішімдік ішетін ыдыс еткен. Жауларының жон терісінен шылбыр жасаған. Олар батыр жауынгерді ардақтап құрмет еткен. Жыл сайын үлкен мерекелер жасалып, бұл мерекеде ортадағы ортақ ыдыстан тек жауды өлтірген жауынгерлер ғана ішімдік іше алатын болған. Сақ деп аталатын тайпалардың әрқайсысының өз алдына ханы болған. Хандардың әмірі күшті еді. Хан қаза болса, оның өлігін арбаға салып ел аралатқан. Ханның өлігін көргенде бұқара қатты қайғырып, өз құлағын қанатып, шашын жұлып, бетін жыртып, көзін тырнаған.

¹ «Қазақ ССР тарихы» I-том, 35-бет, Алматы, 1957

Сол қолын оқпен тесетін болған. Қаза болған хан үлкен қорғандарға жерленген, өлікпен бірге алтын, күміс, ыдыс жабдықтарды және сойылған аттарды бірге көмген. Тіпті ханның ханымы мен қызметкерін де өлтіріп, онымен бірге жерлейтін жоралғылар болған.

Ежелгі заман тарихшыларының деректемелеріне қарағанда, б. ж. с. дейінгі 7—4-ғасырларда сақ тайпалары өз атырабындағы мәдениетті елдермен — Ассириямен, Мидиямен қарым-қатынас жасап отырған. Заманымызға дейінгі 6-ғасырда сол замандағы әлемге әйгілі ірі елдердің бірі Парсымен қарым-қатынаста болған. Сол кездегі ірі тарихи оқиғаларға қатынасып отырған. Заманымызға дейінгі 529—558-жылдарда патшалық еткен Парсы патшасы Кир сақтармен соғыс одағын жасасқан. Ол Лидия патшасы Крезбен соғысқанда сақтардан көмек алған. Бірақ Кир патша бұл одақты місе тұтпай, сақ-массагеттерді кіріп-тарлыққа түсіру үшін оларға шапқыншылық жасап, жаулап алу жорығын жүргізген. Осы сәтте сақтар жұмыла аттанып, Парсы патшасы Кирдың шапқыншылығына қиянкескі қарсылық көрсетіп, оның жорығын жеңіліске ұшыратқан. Осының нәтижесінде Парсы патшасының шапқыншы әскерлері тас-талқан болып, Кир патша соғыста өлген. Осы қиян-кескі шайқас жөнінде ежелгі грек тарихшысы Геродот былай дейді: «Массагеттердің әйел патшасы Томирис шайқаста парсыларды жеңгеннен кейін, жарғақ тұлыпқа қан толтырып, оның ішіне парсы патшасы Кирдің басын салып, «аңсағаның қан еді, іш енді соны!» деп тұлыпты дарияға лақтырған».

Заманымызға дейінгі 521—486-жылдарда өмір сүрген парсы патшасы Дари-I сақ тайпаларын өзіне бағындыру үшін үнемі жаулап алу жорығын жасап отырған. Парсы патшасының бұл шапқыншылығына сақ тайпалары ерлікпен қарсы тұрып, қажырлы күрес жүргізген. Б. ж. с. дейінгі 918-жылы парсы патшасы Дари-I қалың қолды бастап сақ-массагеттерді жаулап алуға аттанған. Сақтардың қажырлы қарсылық көрсетуі нәтижесінде Дари-I жеңіліске ұшыраған. Осы соғыста туылған таңғажайып оқиғалардың бірін ежелгі грек тарихшысы Полишен былай деп суреттейді: Ширақ деген бір сақ өзінің денесін пышақпен жаралап, парсыларға қашып барып, өзін сақ бастықтарынан зорлық-қорлық көрген етіп көрсетеді. Ширақ өзінің руластарынан кек алатын кісі кейпіне кіріп, парсы әскерлерін оларға

¹ «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі»

бастап барамын деп алдап, адастырып сусыз шөлге апарды. Парсының шапқыншы әскерлері шөлден қырылады. Ақырында Ширақ оларға: «Мен сендерді адастырып, қырғынға ұшыраттым, елімді аман алып қалдым, мен дегеніме жеттім. Енді қолдарыңнан келгендеріңді істей беріңдер!» дегенді айтып, ерлік көрсетеді.

Б. ж. с. дейінгі 6-ғасырдың аяғы, 5-ғасырдың басында болған гректер мен парсылардың соғысында сақ тайпалары парсылардың гректерге қарсы соғыстарына қатысқан. Бірақ бұл соғыс парсылардың жеңілуімен (500—499-жылдары) аяқталған.

Б. ж. с. дейінгі 4-ғасырдың 30-жылдарында македониялық Александр (Ескендір Зұлқарнайын) бастаған грек әскерлері парсы патшасы Дари-III Кодомонның әскерлерін талқандап, Орта Азияға басып кіріп, Мараканданы (Самарқанды) жаулап алып, Сырдария өңіріне қарай қаптайды. Бұған сақ тайпалары қажырлы қарсылық көрсетіп, «жеңілес жауынгер» атанып келген Александрдың шапқыншы әскерлерін ауыр жеңіліске жолықтырады. «Александрдың жорығы» атты кітапта айтылуына қарағанда, сақтар осы соғыста Александрдың санын садақтың оғымен жаралап өлтірген.

Сақ әйелдері қоғамдық өмірдің барлық салаларына, тіпті соғыс шайқастарына да ерлермен бірдей белсене қатынасып, ерлік көрсетіп отырған. Грек авторы Ктеси: «сақ әйелдері ержүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетеді» дейді. Алимент Александр былай деп жазады: «Соғыс ісімен ерлерден кем шұғылданбайтын сармат әйелдерін білемін, ерлермен бірдей садақтан оқ ататын басқа да сақ әйелдерін білемін». Б. ж. с. дейінгі 6-ғасырда сақ-массагеттердің Томирис деген әйел патшасы болған.

Сақтар ата-бабаларының аруақтарына, аспан жыныстарына, планеталарға, күн көзіне табынған, оған жылқы сойып құрбандық беретін болған. Ал отырықшы сақтар жерді «ана тәңірі» деп табынған. Сақтар соғыс тәңіріне де сыйынып, қылышты жерге шаншып қойып, оның үстіне сүт немесе қан құйып тәуіп еткен.

Сақтар өлген адамды өте жақсы киім кигізіп жерлеген, өлікпен бірге қару-жарақ, тамақ тағы басқа тұрмысқа керекті заттарды қойған. Кейде оның аты да бірге көмілген. Мұның үстіне топырақтан яки тастан оба үйіліп, оның төңірегіне дөңгелектеп тас қалаған. Археологиялық зерттеулер осындай молалардан күміс ыдыс, тарак, тағы

басқа заттарды тапқан. Бұл заттарға аттарды ұстап тұрған көшпенді сақтардың тұрмысын бейнелейтін суреттер салынған екен.

Сақтар өздері тұтынған құралына: қару-жарак, ыдыс-аяқ, тағы басқа нәрселеріне малдар мен аңдардың, қошқардың, текенің, аттың, түйенің, қодастың, арыстанның, аюдың суреттерін салып әшекейлеген. Қанжардың сабы, қазанның бұты, айылбас, тағы басқа нәрселер әр түрлі хайуандарға ұқсатылып жасалған.

Сақ тайпалары «нүктелі техника» деп аталатын суретшілік әдісі арқылы өздері мекендеген жерлердегі жартас-тарға аңшылық, малшылық тұрмысты бейнелейтін, жабайы хайуандар мен табиғат күштерін «кие» деп табынатын діни ұғымды білдіретін суреттер салған. Мұндай жартас суреттерінде қайқы мүйіз таутеке, бұғы, жылқы сияқты хайуандар жиі кездеседі. Кейбіреулерінде садақ тартып тұрған адам бейнесі де бар. Бұл сияқты жартас суреттері Шинжаңның Алтай, Тянь-Шань, Тарбағатай тауларының барлық жерінен табылады.

1969—1970-жылдары Алматы қаласынан 50 шақырым жердегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы Есік обасынан ежелгі замандағы Жетісу сақтарының экономикалық өмірі мен өнер-мәдениетін бейнелейтін мол мұра табылған. Бұл қабырға басын батысқа беріп шалқасынан жатқан 17—18 жастағы сақ жауынгері жерленген. Ол басына 200-ден астам алтын әшекеймен безендірілген шошақ төбелі биік (65—70 см) тымақ киген. Бұлардың көбі барыстың, таутекенің, арқардың, аттың, құстың кескінімен өрнектелген. Бас киімнің маңдай жағы теке мүйізді қос аттың мүсінімен және ұзын екі қос жапырақпен, басқа да бедерлі шеттікпен безендірілген. Мойнына таққан бұралған алтын алқаның ұшында жолбарыс бастары бедерленген. Оның сыртына киген қызыл былғары бешпеті үш мыңға жуық алтын әшекеймен безендірілген. Оның ішінен матадан тоқылған ішкөйлек киген. Беліне кесек алтынмен әшекейленген қайыс белбеу буынып, оң жағына ұзын темір семсер, сол жағына алтынмен әдемілеп апталған темір қанжар асынған. Бұл қабырдан 30-дай ыдыс шыққан. Олардың ішіндегі күміс зеренің сыртына 26 әріптен құралған екі жол жазу жазылған. Бұл жазу «Есік жазуы» деп аталған. Зерттеген ғалымдардың айтуынша, «Есік жазуы осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз жазумен (таңбалармен) жазылған. Есік жазуы ерте замандағы Қазақстан тұрғын-

дары бұдан 2300—2500 жыл бұрын жазу таңбаларын жасап, оларды пайдалана білгенін көрсетеді.¹

1983-жылы Іле Қазақ автономиялы облысының Күнес ауданындағы бір моладан шошақ төбелі тымақ киген сақтың қоладан құйылған мүсіні табылды. Бұлардың бәрі, көшпелі сақ тайпаларының әлеуметтік-экономикалық өмірі мен мәдениетінің даму дәрежесін бейнелейді.

Есік обасынан табылған «Есік жазуының» жұмбағы әлі шешілген жоқ. Сақ тайпаларының өз заманында қай тілде сөйлегені бізге беймәлім. Олардың тілі жөнінде нақтылы дерек жоқ. Тек ерте заманда жұңго, грек, парсы тарихшылары жазған деректердегі жалқы есімдер, ру-тайпа аттары, жер аттары және адам аттары ғана біздің заманымызға жетіп отыр. Осындай тіл материалдарын талдау арқылы «Қазақстан территориясын біздің заманымыздан бұрынғы 6—4-ғасырларда мекендеген сақ тайпаларының солтүстік тобы түркі тілдес болған да, оңтүстік тобы иран тілінде болған»,² деген болжам айтылады.

Қазіргі қазақ тіліне араб-парсы тілінен кірген көптеген сөздер бар. Бұлардың ішінде араб тілінен кірген сөздерді айыра тану оңай. Ал парсы тілінен кірген сөздердің көбі мүлде танылмайтын дәрежеде сіңісіп кеткен. Парсы тілінен қазақ тіліне тек атау сөздер ғана емес, бірсыпыра жұрнақтар да ауысқан. Олар араб-парсы тілінен ауысқан сөздермен қатар байырғы қазақ сөздеріне де жалғанып, жаңа мағына тудыра береді. Мысалы: «нар» (кер, гер, қар), «фар», (фаз), «нама» (дама, деме), «хана» (қана) жұрнақтары арқылы талапкер, жауапкер, айыпкер, жауынгер, қамшыгер, айлакер, сотқар, қиқар, әсемпаз, өнерпаз, аспаз, дауылпаз, жарнама, мазмұндама, мәлімдеме, жатақхана, аурухана, т. б. сөздер жасалған. Әсіресе түркі тілінде жоқ сөз алды қосымшаларының қазақ тіліне енуі ерекше назар аударады. Парсы (иран) тіліндегі сөз алды болымсыздық жұрнағы «бай» мен «на», араб-парсы тіліне енген кірме сөздерге де, қазақтың төл сөздеріне де жалғана береді. Мысалы: бейбак, бейғам, бейбастық, бейшара, бейтаныс, беймаза, бейтарап, бейсауат, намалыш, нахақ, неғайбыл, нарау, нақұрыс, нәдүріс, найынсап, наразы, нашар, т. б. қосымшалардың, әсіресе қазақ тілінің заңдылығына жат сөз алды қосымшаларының ауысуы әдетте бола бермейтін құбылыс. Сірә, бұлар тым ерте заманда қазақ халқының құрамына қосыл-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 4-том, 193—195-беттер

² «Қазақ ССР тарихы» 1-том, 45-бет, Алматы, 1957.

ған иран тілдес тайпалардың тілі арқылы қазақ тіліне енсе керек. Тілдің тоғысуы нәтижесінде иран тілінің сөздік құрамындағы бірқыдыру сөздер мен кейбір грамматикалық формалар қазақ тіліне сіңіп, сақталып қалған болуы мүмкін. Бұл құбылыстарды жоғарыда айтылған сақ тайпаларының тілімен байланыстыра қараған жөн сияқты.

Б. ж. с. дейінгі 2-ғасырда һүндердің жасаған жорығынан жеңіліп, Чиланшан тауы мен Дүнхуаң аралығынан батысқа қарай қоныс аударған ұлы иозылар бұдан бұрын Іле алқабы мен Жетісу өңірін мекендеген сақтарға келіп тиісіп, бұл өңірді басып алды. Сақтардың патшасы оңтүстікке қарай қашты. Сақ тайпаларының одағы ыдырап, әлденеше елге сіңісіп кетті.¹ Олардың бір бөлегі өздерінің бұрынғы қоныстарында қалып қойды. Бұдан соң шығыс жақтан келген үйсіндер ұлы иозыларды талқандап, Іле алқабы мен Жетісу өңірін жаулап алды да, ұлы иозыларды Амудария алабына қарай ығыстырды. Сөйтіп сақ тайпалары мен ұлы иозы тайпаларының бұл өңірде қалған бөлегі үйсін бірлестігінің құрамына қосылды.

Осы мезгілде бұрынғы сақ тайпалары мекендеген өңірде үш ірі тайпалық одақ, үйсіндердің, қаңлылардың және аландардың тайпалық одақтары жарыққа шықты. Бұл өңірлерде қалған сақ тайпалары осы одақтарға қатынасып, солардың атымен аталатын болды.

ҰЛЫ ИОЗЫЛЕР

Ұлы иозылар ерте заманда еліміздің батыс солтүстік өңірін қоныстанған ежелгі ұлыстардың бірі. Еліміздің жазба жылнамаларында олардың аты «ұлы иосі», «ұлы иозі», «ұлы жүз» түрінде кездеседі. Кейін келе бұлар «ұлы иозі» және «кіші иозі» деп екіге бөлінген. Ежелгі хансу тілінде жазылған бұл ұлыстардың атын «ұлы иүз», «кіші иүз» («ұлы жүз», «кіші жүз») деп оқуға да болады. «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресінде»: «Үйсін халқының ішінде сақ тайпалары да, ұлы жүз тайпалары да бар»², деп жазылған. Қазақ шежіресінде: «ұлы жүз — үйсін» деген сөз үнемі қосарланып жарыса жүреді. Бұдан, қазақтың ерте замандағы белді ұлыстарының бірі

¹ «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі». Чибнің тарауы.

² «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі», 66-тарау.

болған үйсін бірлестігінің іргесін қалаған ұлы иозы (ұлы жүз) тайпасының елеулі үлес қосқандығы байқалады.

Ұлы иозылер — біздің жыл санауымызға дейінгі 3-ғасырда Дұнхуаң мен Чилан (Шүлен) тауы аралығын қоныстанған. Бұлар өз кезінде һүндердің батыс жағындағы ірі ел еді. Алғашында һүндер осы иозылерге тәуелді болған. Һүндердің әйгілі қолбасшысы Мотехан тағына шыққанға дейін осы ұлы иозылердің ордасында аманатқа қалған болатын. Біздің жыл санауымызға дейінгі 209-жылы Моте (батыр) өзін чаниұй (тәңір құт) деп жариялап, хан тағына шыққаннан кейін шығыста Дұнхуаңға шабуыл жасап, батыста ұлы иозылерді талқандады. Біздің жыл санауымызға дейінгі 174-жылы Моте қайтыс болды. Оның орнына баласы отырып — Лаушаң Чаниұй деп аталды. Осы Лаушаң Чаниұй ұлы иозылерді күйретті, олардың ханын өлтіріп, бас сүйегін ішімдік ішетін ыдыс етті.

Һүндердің үртіс-ұдай жасаған шабуылынан үріккен ұлы иозы тайпалары өздерінің бұрынғы мекенін тастап, Іле өзенінің алқабына қоныс аударды. Бұдан бұрын Іле өзені алқабы сақ тайпаларының мекені еді. Қоныс аударып келген ұлы иозылер сақ тайпаларына шабуыл жасап, олардың ханын қуалап жіберіп, ел мен жерін басып алды. Бұл жөнінде «Хан патшалығы тарихында» былай деп жазылды: «Һүндерден жеңіліп батысқа қарай ауған ұлы иозылер сақтардың ханына шабуыл жасады. Сақтардың ханы оңтүстікке қарай кетіп, ұлы иозылер олардың жерін иемденіп алды»¹. Ұлы иозылер оңтүстікке қарай ауғанда, олардың көше алмай қалған бір бөлегі Тянь-Шань тауына шегініп, ол жердегі тайпалармен араласып кетті де, «кіші иозы» деп аталды. Ұлы иозылердың Іле өзені алабына ауып кетуі б. ж. с. д. 160—174-жылдар аралығында болған оқиға деп ұйғарылады. Бірақ қай жылы көшіп келгені жөнінде нақты дерек жоқ.

Бұрын ұлы иозылер Чиыан тауы мен Дұнхуаң аралығында тұрған кезде үйсін ұлысы да осы өңірде ұлы иозылермен қатынас жасаған еді. Ұлы иозылер Іле өңіріне қоныс аударған соң, үйсін ұлысы һүндердің көмегіне сүйеніп күшейе бастады, һүндер оларды әскери күш ретінде пайдаланып, соғыс жорықтарына пайдаланды. Ақырында үйсіндер һүндердің көмегімен ұлы иозылерге шабуыл жасап, оларды батысқа қарай ығыстырып жі-

¹ «Хан патшалығы тарихы. Жаң Шиянның өмірбаяны, Батыс өңір шежіресі».

берді де, Іле өзені алқабы мен Ыстықкөл алабындағы құнарлы қонысқа орнықты. Ұлы иозылардың көшіп кете алмағаны осы өңірде қалып, үйсіндерге қосылды. Тегінде үйсіндер шағын ел еді, Іле өзені алқабына ауысқаннан кейін тез дамып, «12 мың түтін, 630 мың адам, 188 мың 800 әскері бар» ірі елге айналды. Осы өңірде отырып қалған сақ тайпалары мен ұлы иозы (ұлы жүз) тайпаларының тоғысуы үйсіндерді осындай ірі елге айналдырды.

Жұңғоның жазба деректерінде ұлы иозылардың өмір тіршілігі туралы мол мәлімет жазылған. Ежелгі иозылардың шаруашылық өмірінің негізгі саласы көшпелі мал шаруашылығы еді. Сонымен қатар олардың бір бөлегі егіншілік, бақшалық және қолөнер кәсібімен шұғылданған. Жазба деректерде: «ұлы иозылардың тұрмыс салты һүндерге ұқсас», «олар жас кезінен бастап ат мінуге, садақ тартуға машықтанады» дейді. Ұлы иозылар мал шаруашылығында жылқы, қой, түйе және сиыр өсірді. Өз заманының деректерінде ұлы иозылар «жылқы елі» деп аталды. «Шайхайжиың» атты шығармада «ұлы иозылар елінде жақсы аттар көп» десе, Шұй Сұң: «ұлы иозы елінде неше жүз мың мініс аты бар» дейді. Бұл деректерден ұлы иозылардың жылқысы өте көп, әрі сапалы екенін байқауға болады. Ұлы иозылар өсірген тегене құйрық қойдың даңқы жер жарады, сол заманның деректерінде: «ұлы иозылардың тегене құйрық қойларының үлкендігі есектей» деп жазылған.

Ұлы иозылар ерекше асыл тұқымды сиыр өсірген екен. «Иуанжұңжи» атты шығармада: «Ұлы иозылар өсірген сиырдың даңқы әлемге әйгілі. Ол сиырлардың денесінен бүгін ет кесіп алса, ертеңіне қайта жетіліп отырады» дейді. Әрине, бұл сөздер сиырлардың «кессе кемімейтін» семіздігін асыра суреттеуден шыққан болса керек.

Ұлы иозылар әдеттегі түйемен қатар асыл тұқымды нар түйелер өсірген. Хан әулеті дәуіріндегі жазбаларда: «Ұлы иозы елі жалғыз өркешті нар түйелер өсіреді»¹, «Асылында түйе екі өркешті болады, ал жалғыз өркешті нар — түйенің ішіндегі асылы»,² дейді.

Ұлы иозылардың бір бөлегі жер өңдеп, егіншілік кәсібімен шұғылданды, олардың егіншілігі өзен алқабында болды. Олар жеміс-жидек өндіретін баушылық ісімен де

¹ «Хан патшалығы тарихы». Батыс өңір шежіресі, «Ұлы иозы» таурауы.

² «Түндзиан», «Жыңшыңжи».

айналысқан. «Шайхайжиң» атты шығармада: «Ұлы иозылер елінде таңғажайып жемістер мол, олардың мекендеген жерінің ауа райы жылы, топырағы құнарлы екендігі суреттелген. Ұлы иозылердың көшіп-қонғанда қолданылатын маңызды қатынас құралдарының бірі — төрт дөңгелекті арба, үлкен күйме болған. Олар үй іші мұкамалдарымен осы күймеге отырып, көшіп жүрген. Жұңгоның тарихи жинағы «Түңдианның» жазбасында: «Ұлы иозы елі — төрт дөңгелекті арбамен көшеді, арбаның үлкен-кішілігіне қарай, оған төрт өгіз, алты өгіз яки сегіз өгіз жегіледі», дейді.

16-ғасырда Орта Азия тарихшысы Зор Бехан Исфahanи өзінің «Минманнамии Бұхара» («Бұхара мейманының естелігі» (атты еңбегінде: 16-ғасырдағы қазақтардың дөңгелек орнатылған жылжымалы үй — үлкен күймемен көшетіндігін жазған болатын. Мұның өзі ежелгі ұлы иозылердың өмір тіршілігінің орта ғасырдағы қазақтарға өте ұқсайтындығын көрсетеді.

Әйгілі шығыс зерттеушісі ғалым Н. Веселовскийдің зерттеуіне қарағанда, ұлы иозылердың Арал атырабын мекендеген бір бөлегі «кердері» деп аталған екен. Ғалымның айтуынша, кердерілер заманымыздан бұрынғы бірінші ғасырда «иозі» «ұлы иозі» деп аталған. Заманымыздың бесінші ғасырына дейін Хорезмге қожалық етіп тұрған византиялықтар иозылерді «нұнефталит» деп атаған. Ефталит яки кердерілер — иозылердың тұқымы. Зормархтың кезінде (567—569) ефталиттер басқа халықтарға үстемдік ету жағдайында болған. Мың жыл бойына Арал теңізі «Кердері теңізі», ал Амудария «Кердері дариясы» деп аталған. Олардың Кердері деп аталған екі қаласы болған. Оның бірі Амударияның оң жағында, екіншісі сол жағында болған. Бұл айтылған кердерілер қазақтың кіші жүз құрамындағы белді тайпалардың бірі. Н. Аристовтың дерегінде: қазақтың ұлы жүзі арасында «қырық жүз», «мың жүз» деген тайпа аттары да кездеседі.

ҮЙСІНДЕР



Қазақтың байырғы аңыз-шежірелері мен жазба әдебиетінде «үйсін» деген атау екі түрлі мағынада — тар мағынада және кең мағынада қолданылады. Тар мағынадағы «үйсін» — қазақтың ұлы жүзінің құрамындағы тайпаның аты. Ал кең мағынадағы «үйсін» — Іле алқабы мен Жетісу өңірін және оңтүстік Қазақстанды мекендеген ұлы

жүз тайпаларының жалпы аты. Бұлар ежелгі заманнан бері осы өңірді мекендеген, Іле аймағындағы албан, суан, жалайыр тайпалары осы үйсін ұлысының тармақтары.

Байырғы қазақ шежірелерінің деректері мен тарихи жазба деректер, үйсін елінің тарихта тым ерте заманда әйгілі болғандығын және қазақ қауымының негізгі тұлғасы мен ұйтқысы болғандығын дәлелдейді. Үйсіндер туралы деректер осыдан екі мың жыл бұрынғы ханзу тіліндегі жылнамаларда кездеседі. Қазақ шежіресі бойынша: қазақтың ұл баласының бірі Бекарыс (кейбірінде Ақарыс), одан үйсін туған делінеді. Қазақтың тегі туралы аңызда: Қотанбайдың үлкен ұлы Үйсін (ұлы жүз), ортаншы ұлы Болат (орта жүз), кіші ұлы Алшын (кіші жүз) делінеді.

19-ғасырдағы орыс ғалымы Н. Аристовтың (ұлы жүз ботбай руынан шыққан шежіреші Діқанбайдан жазып алған) шежірелік деректері бойынша: «Ұлы жүз қазақтарының атасы Майқы би. Майқыдан: қаңлы, бақтияр, қырық жүз, мың жүз; бақтиярдан: үйсін мен ойсыл; үйсіннен: ақсақал, (абақ), жансақал (тарақ); абақтан қараша, қарашадан байдібек; байдібектен: албан, дулат, суан, шапырашты, сары үйсін, ошақты, ысты тайпалары тарайды»¹.

Шоқан Уәлихановтың қазақ арасынан жинап зерттеген шежірелік деректерінде, үйсін ұлы жүз қазақтарының түп атасы болып келеді. Онда: «Төбей, Төбейден үйсін, үйсіннен қойылдыр (қатаған шанышқылы), мекірейлі (жалайыр), майқы (абақ), қоғам (қаңлы) тайпалары өрбиді»². Бұдан құлдағанда баққараша — байдібек. Байдібектен: албан, дулат, суан, шапырашты, сары үйсін, ошақты, ысты рулары тарайды. Кейбір зерттеушілер: қазақ шежіресіндегі үйсіннің түп атасы Төбей (Туби яки Дуби) ерте замандағы ханзуша деректердегі үйсін елінің Нән Ду би болуы ықтимал, деп топшылайды.

Қазіргі қазақ ішіндегі үйсіндердің тайпасының таңбалары () (ту) және () (ағын су) формасында келеді. Қазақ арасында үйсін ұлысының арғы тегі мен өсіп-өрбу жағдайын баяндайтын шежіре деректері сақталған. Үйсіндер — қазақтың ұлы жүзін құрайтын үлкен ұлыс. Еліміздің қазақтары ішінде албан, суан, жалайыр, шанышқылы тағы басқа тайпалар осы ұлы жүз — үйсіннен тарайды.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», II-том, 401-бет.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», II-том, 401-бет.

«Үйсін» деген ат бұрын үйсіндер мекендеген өңірлердегі жер-су аттарында да сақталып отыр. Мысалы: ежелгі үйсіндіктің атамекенінің орталығы болған Іле аймағының Шапжал ауданы мен Маңғолкүре ауданының аралығында «Үйсін тауы» деп аталатын тау бар. Ежелгі ханзуша жазба деректерде үйсінді «усүн» деп жазған. Қазақтар мен маңғолдар бұрын Шиху ауданын «Қарусүн» деп атаған.

Қазіргі Манас-сауан аудандарының аралығындағы «Алусүн» деген өзен бар. Толы ауданында «Сарығусүн» деген өзен бар. Демек, «Қарусүн» — қара усүн (қара үйсін), «алусүн» — алусүн (алғы үйсін), сарығусүн — сарығусүн (сары үйсін) деген тайпа аттарының жер-су атында сақталған түрі болуы мүмкін. Ерте заманда бұл жерлерді үйсін тайпалары мекендеген.

Әйгілі ғалым Е. С. Малов: үйсін деген ел атының 8-ғасырдағы Орхон-Енисей ескерткіштерінде барлығын дәлелдейді. Осыған сүйенген орыс ғалымдары үйсіндердің исондармен (сақ тайпасы) туыс екенін айтады¹.

Үйсіндер еліміздің тарихындағы ежелгі ұлыстардың бірі. Олар заманымыздан бұрынғы 1—2-ғасырлардан бастап еліміздің батыс солтүстік өңірінде өкімет билігін орнатып, батыс өңірдің отанымыздың ішкі өлкелермен байланысын және бірлігін күшейтуде, «ұлы жібек жолын» ашуда және қорғауда маңызды рөл атқарған, еліміздің шекара аймақтарын ашып, көркейтуде елеулі үлес қосқан.

Үйсін тарихының ең алғашқы дерегі «Хан патшалығы тарихы, Дауан шежіресінде» кездеседі. Бұдан соң «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресінде», «Үйсін елі» деген арнаулы тарау енгізіліп, үйсіндердің тарихы баяндалады. Үйсіндер Іле алқабына қоныс аударудан бұрын Дұнхуаң мен Чилан (Шүлен) тауы аралығын (қазіргі Хыши аңғарын мекен етіп, көшпелі өмір өткізген, бұл кезде олар «Һүндердің батыс жағындағы шағын ел еді»². Нанымды тарихы деректердің дәлелдеуіне қарағанда: ол кезде үйсіндердің Нәнді би (Нанды би) атты көсемі болған. Осы Нәнді би ел билеген заманда, үйсін ұлысы өз маңындағы күшті көршілерінің шапқыншылығына тап болады, Нәнді би жау қолынан қаза табады. Ер өліп, Ертіс бұзылып, құтты мекен қонысын жау басып алған

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», II-том. 401-бет.

² «Тарихи жазбалар, Дауан (Ферғана) шежіресі».

үйсін елі телім-телім боп тенгіреп ауыр апатқа ұшырайды. Нәнді би жау қолынан қаза тапқанда, оның баласы Лежау би (Елжау би, Күнби) жаңа туған бала еді. Оны әкесінің туысы Боже Оңқа¹ деген адам алып қашып, һүндерге барады. Һүндердің чаниұйы (тәңір құты) бұл баланы асырап, ер жеткізеді.

Осы Хыши аңғарындағы үйсін ұлысын ойрандап, Нәнді биді өлтіргендердің кім екендігі жөнінде «Тарихи жазбалар» мен «Хан патшалығы тарихында», бірі-біріне қайшы екі түрлі дерек бар:

«Тарихи жазбалар. Дауан шежіресінде» Жаң Чиан былай дейді: «Һүндерден естуімізге қарағанда, үйсіндердің ханы «күнму» (күнби) деп аталады екен. Күнмудың әкесі (Нәнді би) һүндердің батыс жағындағы шағын елді билеген. Осы кезде һүндер оларға шабуыл жасап, Күнмудың (Елжау бидің) әкесін өлтіреді. Жаңа туған нәресте бала күнму иен далада қалады. Бұл баланы құстар ет тасып беріп, көкбөрі емізіп асырайды. Һүн тәңірқұты оны «киелі бала» деп біліп, әкеліп асырап ер жеткізеді. Ол есейіп ер жеткен соң шеру тартып, жорықтарға аттанып, жеңістерге жетіп, ерлік көрсетіп еңбек сіңіреді. Ақырында һүн тәңірқұты (Чанұй) әкесінің орнына күнму (күнби) етіп, бытыраған елін жинап, билігін береді, сонымен бірге батыс өңірдегі қалаларды қорғау міндетін тапсырады».

«Хан патшалығы тарихы. Жаң Чиан өмірбаяны» тарауында былай делінеді: патша (хан Удий) Жаң Чианнан Дашаның мән-жайын сұрағанда, ол мынаны айтты: «Менің һүндерден естуімше, үйсіндердің ханы «күнму» (күнби) деп аталады екен. Күнмудың әкесі Нәнді би тегінде Чилан мен Дүнхуаң аралығындағы ұлы иозылармен қанаттас отырған кіші мемлекеттің билеушісі екен. Ұлы иозылар Нәнді биді өлтіріп, олардың жерін тартып алған, халқы босып һүн еліне барып паналаған. Осы кезде жаңа туған жас бала күнмуды әкесінің туысы Боже Оңқа қалың шөптің арасына апарып тастап кеткен екен. Ашығып жатқан жас нәрестені көкбөрі келіп емізіп, құстары ет әкеліп беріп асырап жүрген. Оны көрген һүндер баланы «кие» деп біліп, еліне апарған, һүн тәңірқұты асырап ер жеткізген».

Жоғарыдағы екі кітаптың дерегі бір-біріне қайшы. «Тарихи жазбаларда: Нәнді биді һүндер өлтірген деп, «Хан патшалығы тарихында»: Нәнді биді ұлы иозылар өлтірген

¹ Боже — кісі аты, оңқа немесе оңқы — мәнсәбі (Ұлыс бегі).

дейді. Бұл мәселе жөнінде тарихшылар арасында талас бар. Бірсыпыра тарихшылар үйсінді ойрандаған ұлы иозылер еді десе, кейбір тарихшылар үйсіндерді қиратқан һүндер болатын деседі¹. Біз үйсін елін шауып, Нәнді биді өлтірген ұлы иозылер деген пікірді дұрыс деп құптаймыз. Оның дәлелі мынадай:

1. «Тарихи жазбалар» бұрын жазылған, «Хан патшалығының тарихы» кейін жазылған. Пан Чау «Хан патшалығының тарихын» құрастырып жазар алдында бұдан бұрын жазылған «Тарихи жазбалардан» басқа кітаптардан пайдаланған. Осы барыста «Тарихи жазбалардың» тарихы жинаққа үйлеспейтін жерлеріне өзгеріс енгізіп түзеткен, бұл түзету өз кезінде нанымды фактілер негізінде жасалған.

2. Һүндердің күшеюі кейінгі кездері болды, алғашында һүндердің оң-солындағы көршілері күшті елдер еді. Олар чин дәуірі мен хан дәуірі аралығында «күшті дұңху, гүлденген иозы» деген даңққа бөленіп отырған болатын. Ұлы иозылер һүндердің батыс жағындағы ірі мемлекет еді. Моте (батыр) хан тағына шығудан бұрын ұлы иозылер ордасына кепілге (аманатқа) қойылған болатын. Үйсіндер ол кезде ұлы иозылермен аралас отырған шағын ел еді. Мұндай жағдайда, һүндердің ұлы иозылерді баса-көктеп келіп үйсіндерді шауып, Нәнді биді өлтіріп, жерін басып алуы оңай-оспақ іс емес.

3. «Тарихи жазбалар» мен «Хан патшалығы тарихының» екеуі де үйсін елі ойрандалып, Нәнді би жау қолынан қаза тапқан кезде; оның баласы Елжау би (күнму) жаңа туған бала екенін бір ауыздан анықтайды. Шүй Сүң «Хан патшалығы тарихындағы батыс өңір шежіресіне қосымша» атты еңбегінде: «Күнмудың (Елжау бидің) туылған уақыты Мотенің ұлы иозылерді талқандауынан бұрын болатын»², дейді. Демек, күнму Елжау би туған кезде һүндердің күш-қуаты ол өңірге жеткен жоқ. Бұл тұста Хыши тілігіндегі күшті мемлекет ұлы иозылер болатын. Іргелес отырған шағын ел үйсінді бас салып, батыстағы Нәнді Биді өлтірген болса, онда Нәнді бидің баласы күнмуды (Елжау биді) бауырына салып, ардақтап асырмас еді. Оны әкесінің орнына күнби етіп, тозған елін құрап қолына беріп, батыс өңірдегі қалаларды мәңгі қорғау міндетін тапсырмас еді. Сондай-ақ үйсін күнбиі (Елжау би)

¹ Уаң Миңжие, Уаң Биңхуа «Үйсін жайындағы зерттеулер».

² «Тарихи дәуірлердегі ұлттарға тән деректер жинағы», 410-бет.

ата кегін қайтару үшін ұлы иозылерге өшіге шабуыл жасамас еді. Жоғарыда айтылған жағдайлар мен тарихи фактілер үйсін елін шауып, Нәнді биді өлтірген һүндер емес, ұлы иозылер екенін дәлдейді.

ҮЙСІН ҰЛЫСЫНЫҢ ІЛЕ ӨҢІРІНЕ КЕЛІП ІРГЕЛІ ЕЛГЕ АЙНАЛУЫ

Һүн тәңірқұты үйсін күнмуы Елжау биді асырап ер жеткізіп, һүндерге келіп паналаған үйсін халқын оның өз билігіне беріп, әкесінің тағына отырғызған соң, ол шеру тартып жорыққа аттанып, ерлік көрсетіп еңбек сіңіреді¹. Һүн тәңірқұты оған батыс өңірді мәңгі қорғау міндетін жүктейді. Ол өз елін қолына жинап алған соң, төңірегіндегі ұсақ ұлыстарға шабуыл жасайды. Он мыңдаған әскер жинап, оларға соғыс өнерін үйретеді². Һүндерге арқа сүйей отырып, бірте-бірте күш жинап, елдің санатын қалпына келтіруге ұмтылады. Бірақ бұл кезде олар әлі де болса һүндерге сырттай тәуелді еді. Һүн тәңірқұты оларды әскери күш ретінде пайдаланып отырады.

Б. ж. с. бұрынғы 177—176-жылдарда һүн тәңірқұты Моте бастаған һүн әскерлері ұлы иозылерге шабуыл жасап, оларды ойрандайды. Мотенің орнына отырған Лау-жаң тәңірқұт тұсында (заманымыздан бұрынғы 161—174-жылдарда) билік жүргізген һүн әскерлері ұлы иозылерді талқандайды. «Лаушаң тәңірқұт ұлы иозы ханын өлтіріп, бас сүйегін ішімдік ыдысы етеді.³ Ұлы иозылар қазіргі Гансу өлкесіндегі Хыши дәлізінен Іле өзені алқабына ауып келеді де, бұдан бұрын осы жерді мекендеген сақ тайпаларын талқандайды. «Хан патшалығы тарихы. Жаң Чианның өмірбаяны» тарауында былай дейді: «Һүндерден жеңілген ұлы иозылер батысқа ауып барып, сақ хандығына шабуыл жасады. Сақтардың ханы оңтүстікке қашып кетті, ұлы иозылер олардың жеріне орналасты». Бұл дерек «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресінде» де жазылған. Онда «ұлы иозылер батысқа қарай ауып барып, сақ хандығын талқандады, сақтардың ханы оңтүстікке қарай

¹ «Хан патшалығы тарихы. Жаң Чианның өмірбаяны».

² «Тарихи жазбалар. Дауан шежіресі».

³ Бұл да сонда.

беттеп, Индияға қашып кетті. Ұлы иозылер олардың жерін жаулап алды» дейді.

Ұлы иозылерден ата кегін қайтаруды есіне берік сақтаған үйсін күнмуы Елжау би ұлы иозылерге жорық жасауға бел байлайды. «Әкесінің кегін алуға аттанам деп һүн тәңірқұтына өтініш етеді»¹. Ол һүн тәңірқұты Лаушаң Жанұйдың қолдауымен самсаған қалың қолды бастап батысқа қарай шеру тартып келеді де, Іле өзені бойындағы ұлы иозылерді талқандайды. Ұлы иозылердің бір бөлегі батысқа қарай ығысып, Бактрия жеріне қоныс аударады². Енді бір бөлегі өз орнында, Іле алқабында қалып, үйсін ұлысына қосылып кетеді. Бұлардың ішінде бұрыннан қалған жергілікті тайпалары да бар еді.

Ұлы иозылерді жеңіп, Іле алқабы мен Ыстық көл айналасындағы шұрайлы да құнарлы қонысты жаулап алудың және бұл өңірде қалған сақ тайпалары мен ұлы иозы тайпаларын қосып алудың зор жеңісі үйсін елінің күшқуаты мен мемлекеттік беделін мейлінше арттырады. Осы мезгілде һүндердың Лаушаң тәңірқұты қаза болып, һүн билеушілері арасында алауыздық туып өзара қырқысады. Бұл орайды пайдаланған үйсін күнмуы: «һүндердың ордасына бағыныштылық білдіруден бас тартады»³. Һүн билеушілері әскер тартып келіп үйсіндерге шабуыл жасайды. Олар «жеңіске жете алмай, киелі елге қилікпейік деп, бойын аулаққа салуға мәжбүр болады». Осы сәтсіздіктен соң һүн билеушілері үйсін еліне онша соқтықпайтын болады.

✓ «Үйсін ұлысы Іле өзені өңіріне келіп орныққан соң, өркен жайып гүлденеді де, ұлан-байтақ өңірді қамтыған қуатты да күдіретті мемлекет құрады. Үйсін елінің территориясы: батыста Шу, Талас өзендеріне, шығыста Тянь-Шань тауларының шығыс сілеміне, солтүстікте Балқаш көлінен бастап, оңтүстікте Ыстық көлдің оңтүстік жағалауына дейінгі ұлан-байтақ өңірді қамтыды. Осы территориядағы үйсін елі шығыста һүндермен, солтүстікте қаңлылармен, батыста дауандармен, оңтүстігінде Тарым ойпатындағы қалалармен шекаралас болады. Үйсін елінің саяси орталығы — астанасы Чичу қаласы еді. Мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі күнму (күнби) деп аталды. Күнби өзі тағайындаған әскери-әкімшілік ұлықтар арқылы бүкіл мем-

¹ «Хан патшалығы тарихы. Жаң Чианның өмірбаяны».

² Бұл да сонда.

³ Бұл да сонда.

лекетті меңгеріп отырды. Кемеліне келіп дәуірлеген кезде үйсін елінде 120 мың түтін, 630 мың адам, 188 мың 800 сайлауыт әскер болды¹. Бұл сан сол заманда батыс өңірде болған 40 мемлекеттің жан саны мен әскер санының мәліметі бойынша, батыс өңірдегі 40 мемлекетте 39 мың 895 түтін, 309 мың 757 адам, 70 мың 499 әскер болған. Атап айтқанда, үйсіндердің жан саны олардан үш есе, әскер саны біржарым есе артық еді. Ол заманның деңгейімен алғанда, үйсіндердің аса құдыретті мемлекет болғандығы осыдан байқалады. Осы себепті тарихшылар: «Үйсіндер батыс өңірдегі мейлінше құдыретті мемлекет»² деп жазады. †

«Үйсін күнмуы Елжау бидің он ұлы болған. Олардың ішінде Дулы (Дұғлу) қабылетті де қайратты, соғыс өнеріне шебер қолбасшы болып жетіледі де, он мың атты әскермен өз алдына тұрады. Күнмудың тақ мұрагерлігіне тағайындалған баласы ерте қайтыс болып кетеді. Оның Жөнші би деген баласы жетім қалады. Күнмудың тақ мұрагеріне тағайындалған ұлы қайтыс боларда әкесі Елжау биге, Жөнші биді тақ мұрагері етіп бекітуді өтінеді. Елжау би бұл өтінішке ризалық білдіріп, Жөнші биді тақ мұрагері етіп бекітеді. Тақ мұрагері бола алмағанына наразы болған Дулы бүлік шығарып, Жөнші биді өлтіріп тастауға сұқтанады. Бұл жайды байқаған күнму Елжау Дулының өлтіріп тастауынан қауіптеніп, он мың әскермен Жөнші биді бөлек ұстайды. Елжау би он мың әскермен өзін қорғап ортада тұрады. Сонымен үйсін елі өз ішінен үш ұлысқа бөлінеді. Бірақ барлығы күнмуға (күнбиге) бағынады»³.

Б. ж. с. д. 141-жылы Хан патшалығына Уди патша болды. Бұдан бұрын хан патшалығының солтүстігіндегі һүндер күшейіп, Хан патшалығына қарсы үздіксіз шабуыл жасап, талан-тараж жүргізіп, үлкен қауып-қатер төндіріп келген еді. Уди таққа отырған соң хан патшасының мемлекеттік қуаты молайып, һүндерге қарсы жорық жасауға бел байлайды. Бірақ һүндер өте күшті еді. Сондықтан һүндерге қарсы тізе қосып күресетін сенімді одақтас табу мәселесі күн тәртібіне қойылады. Олар ұлы иозылердің һүндерге өш-кегі бар дегенді естіп, ұлы иозылермен дос бола отырып, һүндерге шабуыл жасауды жоспарлайды.

¹ Уак Миңжие, Уак Биңхуа «Үйсін жайындағы зерттеулер», 48—49-беттер.

² «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі».

³ «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі».

Бұл мақсатқа жету үшін заманымыздан бұрынғы 138-жылы Жаң Чиан бастаған жүз адамды ұлы иозылерге елшілікке аттандырады. Бірақ Жаң Чианды жол-жөнекей һүндер ұстап алады. Ол он неше жыл һүндердің қолында тұтқында болады, ақырында одан құтылып шығып, Ферғана арқылы ұлы иозылерге барады. Бұл кезде ұлы иозылер Амударияның оңтүстігіндегі Бактрия жерінде еді. Бұл құнарлы қонысқа орнығып көңілі көншіген ұлы иозылер шығысқа қайта келіп, һүндерден өш алу жөніндегі өтінішті қабылдамайды. Бұлардан күдер үзген Жаң Чиан мақсатына жете алмай қайтады.

Ұлы иозылермен одақтасуды жүзеге асыра алмаған Хан патшалығы енді үйсіндермен одақтасуды ойластырады. Осы орайда Жаң Чиан хан патшалығының Уди патшасына мынадай ұсыныс береді: «Қазір үйсіндер күдіретті елге айналып, һүндерге бағынудан бас тартып отыр. Бұрын һүндердің ханы Жөншіге қараған Хыши тілігі біздің Хан патшалығының иелігіне өткеннен бері иен тұр, үйсіндер шығысқа қайтып, осы өңірге келетін болса, һүндердің оң қолын үзіп тастауға болар еді. Үйсіндермен одақтассақ, батыстағы Бактрия қатарлы жерлерді де өзімізге тәуелді етуге болар еді»¹, дейді. Бұл пікірді мақұлдаған Уди патша Жаң Чианды елші етіп тағайындайды. Заманымыздан бұрынғы 119-жылы Жаң Чиан үш жүз адамнан құралған елшілікті бастап, үйсін еліне аттанады. Бұл елшілік құрамындағы әрбір адамға мініске екіден ат беріледі. Елшілердің жол азығы үшін он мыңдаған қой мен сиыр айдалады. Олар тарту-таралғы үшін сан сың сәрілік алтын, күміс, торғын-торқа, асыл бұйымдар ала барады.

Жаң Чиан үйсін еліне келіп, күнмуға (Елжау биге) жолығып, Уди патшаның сәлемін айтып, күнмудың шығыстағы ата мекеніне көшіп келіп, хан әулеті өкіметімен одақтасып, һүндерге соққы беруі жөніндегі ұсынысты ортаға қояды. Үйсін күнмуы Елжау би «шығысқа көшіп кел» деген ұсынысты қабылдай қоймайды. Өйткені шалғай жерде отырған үйсін күнмуы хан патшасының қаншалық қуаты барын жете түсінбейтін. Оның керісінше, өзімен іргелес отырған һүн елінің қуат-құдіретіне қанық еді. Һүндер жауласып отырған хан патшалығымен одақтасу һүндердің қатығына тиетін қауыпты іс екенін, мұның аяғы насырға шабатынын үйсін елінің биі мен бегі білетін-

¹ «Тарихи жазбалар, Дауан шежіресі».

ді. Оның үстіне Іле өзенінің алқабы мен Жетісу өңірінің құнарлы қонысына орнығып, іргелі ел боп жырғап жатқан үйсіндер үшін Дұнхуан мен Чиланға қайта көшудің қажеті де жоқ еді. Нәтижесінде Жаң Чиан өзінің көздеген негізгі мақсатын іске асыра алмай қайтады. Бірақ үйсін күнмуы хан патшалығының жай-жағдайын ұғыну мақсатымен Жаң Чиянға қосып өз елшілерін хан патшалығына жібереді. «Ондаған тұлпар тарту етіп алғыс айтады»¹.

Б. ж. с. бұрынғы 115-жылы үйсін елінің елшілері Жаң Чианмен бірге хан патшалығының астанасы Чаң-анге барады. Олар Хан патшалығының халқы көп, әрі бай ел екенін көздерімен көріп қайтады да, бұл жағдайларды үйсін еліне таныстырады. Хан патшалығының күдіретті ел екенін ұғынған үйсіндердің көзқарасы өзгере бастайды. Жаң Чиан елші болып үйсін еліне келгенде, оның көмекшілері қаңлы, дауан, ұлы иозы қатарлы елдерге барған еді. Жаң Чиан қайтып Чаң-анге келген соң, олар да қайтып келеді. Осыдан бастап, Орта жазықтағы Хан патшалығы мен батыс өңірдегі елдердің арасындағы барыс-келіс байланысы күшейе түседі.

Үйсін елінің Хан патшалығына елші жібергенін естіген һүн билеушілері оларға соғыс қаупін төндірмек болады. Үйсіндер һүндердің соғыс қаупінен сақтану үшін хан патшалығымен жақындауға тырысады. Б. ж. с. бұрынғы 110—109-жылдары үйсін күнмуы хан патшасының ханшасын айттыруға кісі салады. Бұдан кейін мың жылқы қалың мал айдағып Хан патшасына құда болады.

Үйсіндермен одақтасып һүндердің оң қолын үзіп тастау хан әулеті үкіметінің ұзақтан бері көксеген арманы еді. Үйсіндердің құдаласу талабы оларды мейлінше шаттандырды. Хан патшалығының Уди патшасы бұл талапты қуанышпен қарсы алып, үйсіндер әкелген жылқыдан он тұлпарды таңдап алып, Чаң-ан қаласының қасындағы хайуанат бақшасында көпшілікке көрме етеді.

Б. ж. с. дейінгі 108-жылы Уди патша өзінің туысы Жаңду Уаңның қызы Шижүн ханшаны үйсін күнмуы Елжау биге ханымдыққа ұзату жөнінде шешім шығарады. Бұл той аса салтанатты болады.

Хан патшаның үйсіндермен құдаласуы, олардың һүндерге қарсы күресіндегі үлкен стратегиялық маңызды мәселе еді, оның үстіне үйсіндер батыс өңірдегі ең ірі мемле-

¹ «Тарихи жазбалар, Дауан шежіресі».

кет болатын. Соның үшін өз кезінде Бан Чау былай деп жазады: «Үйсін — деген ірі мемлекет, оның әскері 100 мыңға жетеді. Олардың бастығына Уди патшаның өз ұрқынан қыз беруінің мәні, міне, осында». Уди патша бұл тойға мейлінше маңыз береді. Осы жылы көкек айында Хан патшалығының астанасы Чаң-ан қаласында аса салтанатты той жасалып, Шижүн ханша үйсін еліне ұзатылады. Қызметкер, нөкер, күтуші әтекттері болып жүздеген адам ханшамен бірге үйсін еліне аттандырылады. Бұдан бұрын ханшаларды ұзатқанда, оған тек бірнеше адам ғана қосылатын еді, жүздеген нөкермен ұзату, оның елден ерекше болғандығын көрсетеді.¹ Уди патша Шижүн ханшаға патшаға арналған самұрық суретті күймесін мінгізеді. Елден аттанғанда қоштасу күйін тарту үшін, Уди патша өз атынан пипаң² аспабын ханшаға қайран етеді.³ Патшаның бас уәзірі бастаған барлық төрелері ханшаны қаладан шығарып салып, сый аяқ көтерісіп, қош айтысады. Үйсін еліне ұзатылған Шижүн ханшаның алтын, күміс, торғын-торқа, киім-кешек, жасау-жиһаз артқан көш керуені екі шақырымға созылады. Тарихи деректерде айтылғандай: «Мейлінше мол жасау-жиһаздармен ұзатылады.⁴ Сол жылы сарша тамыз айында ұзақ сапарда болған Шижүн ханша үйсін елінің астанасы Чичу қаласына жетеді. Бұл елде ұлы дүбірлі той жасалады. Шижүн ханшаға арнап салтанатты да сәулетті сарай салынады.

Хан патшалығының ханшасы Шижүнның үйсін елінің күнмуы Елжау биге ұзатылуы әдеттегі құдалық қарым-қатынас емес, белгілі саяси мақсаттағы құдалық. Саяси, әскери одақ жасасудың бір түрлі тәсілі еді. Бұл құдалық хан әулеті өкіметі мен үйсіндер арасындағы одақтық байланыстың негізін қалады. Екі ел арасындағы достық, барыскелістің бастамасы болды. Сонымен бірге хан патшалығы ықпалының батыс өңірге енуіне жол ашты.

Үйсін күнмуы Елжау би үздік шыққан көсем, қажырлы қаһарман, соғыс өнеріне шебер, асқан ақыл-парасатты адам еді. Ол сан рет соғыс жорықтары мен қиын-қыстау шайқастарда ерлік көрсетті, өзінен әлдеқайда күшті жауларды жеңді. Ауыр апатқа ұшырап, азып-тозған үйсін ұлысын Іле алабындағы құтты мекен қонысқа орнықтырып, Іле

¹ «Тарихи дәуірлердегі ұлттарға тән деректер жинағы», 54-бет.

² Пипаң — ханзу музыка аспаптарының бір түрі.

³ «Тан патшалығының көне тарихы. Музыкалық мәліметтер».

⁴ «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі».

өзені алабында дербес үйсін мемлекеттің құруға маңызды үлес қосты. Сондықтан үйсін елінің халқы оны ардақтап, керемет киесі етіп табынды. «Әкесі Нәнді би (Нанды) жау қолынан қаза тапқанда, жаңа туған Елжау би иен далада қалады. Оны құстар ет әкеліп беріп, көкбөрі емізіп асырайды. Мұны керемет киесі деп білген һүн тәңірқұты асырап ержеткізеді» деген аңыздар халықтың оған деген ықылас-нанымынан туған. Сонымен бірге бұл түркі тілдес халықтар арасына тараған «Көкбөрі төтемі» туралы аңыздың ең ерте қағаз бетіне түскен түрі еді.

Үйсін елінің Хан патшалығымен құдандалық байланыс орнатып жатқанын естіген һүн билеушілері үйсін елінің Хан патшалығы жағына шығып кетуінен қатты қауіптенеді. Бұдан сақтану үшін һүн ханшасын дереу үйсін күнмуы Елжау биге береді. Елжау би оны сол дізесін басқан бәйбіше етеді. Үйсін күнмуы хан патшалығымен құдаласады, сонымен бірге һүндермен де ат кекілін кесісе қоймайды.

Елжау бидің хан әулеті ханшасы Шижұнды айттыруы, оған некелену үшін емес, тек саяси-дипломатиялық мақсат үшін еді. Ол кезде Елжау би жасы жетпістен асқан, немере-шөберелі адам болатын. Оның үстіне олардың іргелес отырған ірі һүндерден ада-күде қол үзуі мүмкін емес. Сондықтан һүн ханшасын сол дізесін басқан бәйбіше етті (һүндердің ғұрпы бойынша сол дізесін басқан бәйбіше нағыз ханым болады екен). Шүй Сұң «Хан патшалығы тарихының батыс өңір шежіресіне қосымша» атты еңбегінде: «һүн ханшасына жоғары орын берілуі күнмудың һүндерден қорыққанынан болған»¹ дейді. Сөйтіп һүн ханшасы үйсін ордасында болды. Шижұн ханша өзінің саяси міндетін орындау үшін, жылына бір рет күнмуға кездесіп шарап ұсынып, орданың төрелеріне сыйлық ұсынатын еді.² Ел-жұрттың қамы мен мұрагерінің май өкшесін ойлаған Елжау би хан патшасының ханшасы Шижұнды өзі алмай, немересі Жөнші (Шыншы) биге қосуды ұйғарған еді. Профессор Жаң Шиман «Үйсін қазақтары туралы зерттеу» деген еңбегінде былай дейді: «Иуанның жылнамасының» 6-жылы (б. ж. с. дейінгі 105-жылы) үйсін күнмуымың жылқы қалың мал айдағып, хан патшасынан ханшасын сұрады. Хан патшалығының Уди патшасы салтанатты той жасап, Шижұн ханшаны үйсін еліне ұзатты. Бұл кезде һүндер де өз ханшасын күнмуға берген еді. Үйсін

¹ «Тарихи дәуірлердегі ұлттарға тән деректер жинағы», 419-бет

² «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі».

күнмуы ұзатылып келген һүн ханшасын сол дizesiн басқан бәйбіше етiп белгiледi. «Һүн ханшасы үйсiн ордасында абырой-атак, мәртебе жағынан үстем орынға шықты... Жаңду (Шижүн) ханшасы өзiнiң төркiнiнен ертiп келген нөкер, қорғаушы, кәнизак, әтек сынды жүздеген адамның күтуiмен ордада тiрi жесiр болып отыра бердi. Тек құрғақ атағы болмаса, бiр жылдан астам мезгiл iшiнде күнмудың (Елжау бидiң) дидарын бiр-ақ рет көрген едi».¹ Бұл пайымдау шындыққа үйлеседi.

Тiрi жесiр болып өмiр өткiзген Шижүн ханша жергiлiктi халықтың тiлiн де бiлмейдi, ғұрып-әдетiне де көндiге алмады. Ол осындай жағдайда, ойсоқты болып өлең жазып, ән шығарумен айналысады. Шижүн ханшаның бiздiң заманымызға жеткен «Аққу әнi» деп аталатын алты шумақ жыры, оның көңiл күйiн бейнелеумен қабат, ерте заманда жат жерге ұзатылған қазақ қыздарының төркiн жұртын сағынып айтатын «көрiсу» жырына да меңзес келедi.

«Менi ұзатты әлемнiң бiр жағына,
Алыстағы жат елге — үйсiн ханына.
Дөңгелек үй, туырлық там орнына,
Ет жең, айран iшедi ас-суына.
Туған жердi сағынып, сарғаямын,
Аққу құс боп қайтсам деп ауылыма».

Бұл жырды естiген Уди патша жыл аралатып ханшаға арнаулы елшi арқылы сәлем-сауқат жiберiп отырады. Үйсiн күнмуы Елжау би өзiнiң бастапқы ақылы бойынша Шижүн ханшаны Жөншi биге қосуды ұйғарады. Бұған разы болмаған Шижүн Уди патшаға хат жазып, жағдайды мәлiмдейдi. Уди оған үйсiндердiң ғұрып-әдетiне бой ұсынуың керек деп жауап қайтарады. Сөйтiп, Елжау бидiң немересi Жөншi би мен Хан патшасының ханшасы Шижүн неке қиып, той жасайды.

Б. ж. с. дейiнгi 104-жылы шамасында үйсiн күнмуы Елжау би тағына немересi Жөншi бидi отырғызады. Жөншi би кейбiр деректерде «Чынжу би» деп аталады. Бiрақ «Чынжу» деген мәнсап аты, оның өз аты «Жөншi би» болатын.²

Хан патшалығының үйсiн елiне ұзатқан ханшасы Шижүн үйсiн ордасында бес жыл тұрып (б. ж. с. дейiнгi 103-жылы шамасында) қайтыс болды. Ол бiр қыз туған болатын, оның аты Шауфу едi.

¹ Жаң Шиман «Үйсiн қазақтары туралы зерттеу»

² «Хан патшалығы тарихы, Батыс өңiр шежiресi»

Шижун ханым қайтыс болған соң, Уди патша өз ұрқынан Чууаңның немере қызы Жиейүй ханшаны (б. ж. с. дейінгі 102—101-жылдарда) үйсін күнмуы Жөнші биге ханымдыққа береді.

Б. ж. с. дейінгі 96—93-жылдар аралығында Жөнші би қайтыс болады. Оның бір әйелі һүн ханшасы еді. Одан туған Най би әлі жас болғандықтан, Жөнші бидің немерелес туысы Оңқа би таққа отырады, және «аға өлсе жеңге мұра» деген әмеңгерлік салт бойынша, Жиейүй ханымды алады. Одан үш ұл, екі қыз туады. Үлкен ұлы Янгүй би, ортаншы Уаннан (Оңнан, кейін Яркенге хан болды), үшінші ұлы Дала (кейін оң қанат әскердің қолбасшысы болды), үлкен қызы Дес (кейін Күшірханның ханымы болды), кіші қызы Соган (Орху Оңқаның әйелі болды) еді.

Үйсін елінің шығыстағы көршісі Чесілер маңызды жол қатынас торабына орналасқан бай өлке болатын. Б. ж. с. дейінгі 86—74-жылдарда һүн билеушілері осы өлкеге басып кіріп, оларды һүн иелігіне бағынуға зорлады. Олардың мақсаты, осы маңызды жол торабы болған стратегиялық орынды алу арқылы хан патшалығының батыс өңірдегі елдермен саяси-экономикалық және мәдени байланысын үзіп тастау, үйсін еліне соғыс жорығын жасап, оларды өздеріне бағындыру еді.

Бұл қауіпті байқаған үйсін күнмуы Оңқай би мен Жиейүй ханым Хан патшалығына хат жазып, жай-жағдайды толық баяндап, һүндерге қарсы тізе қосып күрес жүргізу үшін әскер жіберуін сұрайды. Хан әулеті әскер жіберуге дайындалып жатқанда, Хан патшалығының патшасы Жауди кенеттен қаза болады да, бұл іс тоқтап қалады. Һүн әскерлері үйсін елінің шеткері аймақтарына басып кіріп, талан-тараж жүргізеді. «Хан патшалығымен байланысыңды үзіп, бізге бағын», деп қоқан-лоқы жасайды. Үйсін елі бұл қысымға бас имейді, ел ішінен 50 мың сайлауыт әскер жасақтап алып, һүндердің шапқыншылығына тойтарыс беруге дайындалады. Енді бір жағынан хан патшалығы үкіметіне хат жазып, һүндерге сілейте соққы беру үшін Хан патшалығының әскері шығыстан, үйсін елінің әскері батыстан тиісіп, бір мезгілде қоршай шабуыл жасау керек деген жоспарды ұсынады.

Жаңадан хан тағына отырған Хан патшалығының патшасы Шуанди үйсін күнмуы Оңқай би мен Жиейүй ханшаның хатын ала сала, дереу әскер аттандырып, һүндерге шабуыл жасап, үйсіндерге көмек көрсетілсін деп шешім шығарады. Һүндерге тұс-тұстан шабуыл жасау үшін хан

патшасының бас қолбасшысы бастаған жүз мың әскері бес топқа бөлініп, екі мың шақырымдық жолға жорыққа аттанады.¹ Үйсін әскерлерінің хан патшасы әскерлерімен тізе қоса қимыл жасауына қолқабыс ету үшін қолбасы Жаң Хүй үйсін әскеріне жіберіледі.² Алдын-ала белгіленген жоспар бойынша, һүндердің Баркөлдегі оң қанат ордасына үйсін әскерлері батыстан, хан патшалығының Жау Чүңго бастаған әскерлері шығыстан шабуыл жасауға келіскен еді. Үйсін күнмуы Оңқай би 50 мың атты әскерін бастап Баркөлге келеді.³ Бірақ Жау Чүңго бастаған Хан патшалығы әскері жетіп келмейді. Бұл Баркөл һүндердің оң қанатындағы саяси орталығы еді. Үйсін әскерлері Жау Чүңгоның келуін күтпей-ақ һүндерге тұтқиылдан шабуыл жасап, оларға ес жиғызбай есеңгірете соққы беріп, атой салып ордасын талқандап, һүндерді хан, қолбасы, түменбасы, мыңбасыларынан бастап 40 мыңнан артық адамын қолға түсіріп, 700 мыңнан астам малын олжалап алады»⁴. Ұзақ жолда аптығын басып келген хан патшасы әскерлері де үйсіндермен тізе қоса отырып, һүндерге тұс-тұстан шабуыл жасайды. Һүндер қырғынға ұшырайды, мал-мүлкінен айрылады, қырғыннан құтылғандары малын айдап, бет-бетімен қашады. Осы соғыста жеңілген һүн билеушілері үйсіндерге мейлінше өшігеді.⁵

Баркөлдегі жеңілістің кегін қайтару үшін қақаған қысқа қарамай 10 мың әскермен аттанған һүн тәңірқұты үйсін елінің шетіне келіп, тұтқиылдан шабуыл жасап, олардың ауылын шауып, малын талап әкетіп бара жатқанда, кенеттен қар жауып, қатты боран соғады. Тарихи деректемелердің айтуынша, бір күнде құрық бойы қар жауып, һүндердің адамдары мен малы қырылып, сұмдық ауыр апатқа ұшырайды.⁶ Мұны пайдаланған үйсіндер қалың қолмен келіп, һүндерге батыс жақтан шабуыл жасайды. Динлиндер мен ухуандар һүндердің солтүстігі мен шығыс жағынан келіп тиеді. «Үш елдің әскері һүндердің он мыңдаған әскерін өлтіріп, қыруар малын олжалайды. Соғысқа жұт апаты қосылып, халқы ашаршылықтан қырылады. Һүндердің халқының үш мың тоқсан алтысы шығынға ұшы-

¹ «Хан патшалығының тарихы, һүн шежіресі»

² «Хан патшалығының тарихы. Батыс өңір шежіресі»

³ «Хан патшалығының тарихы. Батыс өңір шежіресі»

⁴ Бұл да сонда.

⁵ «Хан патшалығының тарихы, һүн шежіресі»

⁶ «Хан патшалығының тарихы, һүн шежіресі»

райды.¹ Осыдан кейін һүндер әбден әлсірейді де, батыс өңірдегі ықпалынан айырылады. Бұрын оларға тәуелді болып келген тайпалар мен елдер ыдырады.² Телім-телім болған һүн билеушілері Хан патшалығына бағынады. Хан патшалығы батыс өңірде «Батыс өңір өкіл әкім мекемесін» құрады. Сонымен батыс өңір ресми түрде Жүн-гоға қосылады.

Жоғарыда айтылған екі реткі соғыста зор жеңіске жетіп, көп тұтқын түсіріп, ырғын олжаға белшесінен батқан үйсін елі мейлінше күшейіп, мемлекеттің беделі арта түседі. Олардың жан саны бұрынғыдан да молығып, мемлекеттік территориясы мейлінше кеңейеді. Бұл үйсін елінің кемеліне келіп, дәуірлеген кезі болатын. Батыс өңірдің бұрын һүндерге тәуелді болған елдері енді Хан патшалығына және үйсін күнмуына жағайымсып, олардың қамқорлық етуін тілейді. Олардың кейбіреуі үйсін күнмуының баласын өздеріне хан қояды, кейбірі үйсіндермен құдандалы болады. Тіпті кейбір елдердің қысым көрген хандары үйсін еліне келіп паналады. Мысалы, үйсін күнмуы Оңқай бидің ортаншы ұлы Уаннанды (Оңнанды) Яркен ханы жақсы көреді. Яркен ханы баласы жоқ адам екен. Яркен ханы қайтыс болған соң, оны халқы хан патшалығынан және үйсін күнмуынан Уаннанды сұрап алып, Яркеннің хан тағына отырғызады.³ Үйсін елінің оңтүстіктегі көршісі Күшар ханы үйсін күнмуымен құданда болып, достық одақ орнату ұсынысын ортаға қойып, Оңқай бидің Жиейүй ханымынан туған қызы Десті айттыруға елші жібереді. Бұл кезде Дес ханша Чаң-ан қаласында музыка білімін оқып жүрген еді. Б. ж. с. дейінгі 66-жылы ол оқуын аяқтап, музыкашы болып өз еліне қайтқан жолында Күшарға келеді. Күшар ханы Десті күтіп алып, үйсін күнмуына елші жібереді. Бұл кезде Күшар елі Жібек жолы үстіндегі маңызды қатынас торабы еді, үйсіндер Чаң-анге барғанда осы ел арқылы өтетін. Екі ел арасындағы достық қатынасты күшейту үшін, бұлар құда болады. Күшар ханы үйсін ханшасы Деспен қосылып той жасайды. Тойдан кейін, Жиейүй ханым Хан патшасына өтініш жазып: жиендеріңіз Деске хан патшалығының ұрқынан шыққан ханша деген атау беріліп, хан патшалығына төркіндеп баруына

¹ «Хан патшалығының тарихы, һүн шежіресі»

² Бұл да сонда.

³ «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі»

рұқсат етілсе екен деп сұрайды. Б. ж. с. дейінгі 65-жылы Күшар ханы мен Дес Чаң-анге барады, Деске ханша атағы беріледі. Бұлар Чаң-анге бір жыл тұрып, арнаулы таңба, сәнді күйме, көптеген музыка аспабы, ондаған музыкант, салтанат бұйымдары, асыл бағалы заттардан мол сый-сияпат алып, Күшар еліне қайта оралады.¹

Үйсін елінің мемлекеттік беделі артылып, күші кемеліне келген кезде көрші елдер оны арқа тірек етіп, басына күн туғанда бассауға сұрайды, Мысалы, үйсіндердің шығыстағы көршісі Чес елінің ханы Оғұй һүн тәңіркүтынан қысым көргенде үйсін еліне қашып келіп паналайды. Ол үйсін елінде жеті жыл тұрып, 62-жылы хан патшалығының астанасы Чаң-анге барады.²

Екі ел арасындағы одақтық байланысты үздіксіз күшейту үшін, үйсін күнмуы Оңқай би Чаң-ан қаласына елші жіберіп, өзінің үлкен ұлы (Жиеиұй ханымнан туған) Янгұй биге хан патшасының ұрқынан қалыңдық айттырып, «сүйек жаңғыртуды және һүндерге қарсы үздіксіз күресуді»¹ талап етеді. Хан патшасы бұл талапты қабыл алып, Шианфо ханшаны беруді ұйғарады. Шуанди патша ілгеріде Шижүн ханшаның үйсін тілін білмегендігінен тартқан қиыншылығын ескеріп, Шианфо ханшаны жүзден астам адамымен Шаңлифан деген жерге орналастырып, үйсін тілін үйретеді.² Үйсін күнмуы Оңқай би өзінің мұрагері Янгұй биді қалыңдығын әкелуге қайнына аттандырады. Үйсін қолбасшылары мен бектері бастаған 300 адамдық құдалар онымен бірге жүреді. Бұлар мың жылқы, мың қашыр қалың мал айдап Чаң-анге барады. Шаңлифанда сән-салтанатты той жасалып, оған һүн және басқа елдердің елшілері шақырылады. Шекарадағы ұлттармен байланысқа үлкен ықпал жасау үшін, бұл тойға Шуанди патшаның өзі де қатысады, Тойдан соң Шианфо ханша үйсін еліне ұзатылады. Оны ұзатып апаруға қолбасы Чаң Хүй бастаған елшілік қосылады. Шианфо ханшаның көші Дүнхуаңға жеткенде кенеттен суық хабар келеді: «Үйсін күнмуы Оңқай би қайтыс болыпты, Жөнші бидің һүн әйелінен туған Най би үйсін тағына отырып, өзін күнби деп жариялапты, ел ішінде ішкі қырқыс басталыпты». Бұл хабарды естіген Шианфо ханша Дүнхуаңда тоқтап қалады.

¹ «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі»

² Бұл да сонда.

ҮЙСІН ЕЛІНІҢ ЕКІГЕ БӨЛІНУІ

Оңқай бидің қайтыс болуы, Най бидің билікті тартып алуы, үйсін ордасының таққа таласқан ішкі қырқысты қоздыруы үйсін елінің екі жікке бөлінуіне апарып соғады. Жаңадан таққа отырған Най би ел-жұртқа жағымсыз, әпербақан, алкеуде, зорегер билеуші еді. Сондықтан «әулекі хан» атанып, үйсін еліне үлкен апат әкелді.¹ Ол таққа отырған соң Жиейүй ханымды алмақ болады. Жиейүй ханым Хан патшалығының үйсін елінде тұрған екі елшісімен Ұй-Хы-И және Рын Маумен астыртын ақылдасып, Най бидің көзін жоюға әрекет жасайды. Олардың бұл әрекеті сәтсіздікке ұшырап, жараланған Най би басқа жаққа қашып құтылады да, баласы Гинчишу әскер бастап келіп, Жиейүй ханым мен екі елшіні Чичу қаласында қоршауға алады. Батыс өңір өкіл әкім мекемесінің бастығы Жың Хы бұл хабарды естіп әскер жіберіп, оларды қоршаудан босатады. Хан патшалығы бұл оқиғаның екі елдің арасындағы қарым-қатынасқа ауыр зардабын тигізетінін біліп, Жақ Зұнды елші етіп жіберіп, Най бидің көңілін сұрайды, оған көп алтын-күміс, асыл бұйымдар тарту етеді. Жақсы дәрілер апарып, жарасын емдетеді. Жалпы жағдаймен есептеспей аңғал әрекет жасаған екі елші Уи-Хы-И мен Рын Мауды қамап, Чаң-анге әкеліп, басын алады.²

Заманымыздан бұрынғы 53-жылы Оңқай бидің (нұн әйелінен туған) баласы Ожет үйсін күнмуы болуға әрекет жасап, бірнеше оңқаны бастап барып, Най биді өлтіріп, өзін күнму деп жариялайды. Ожетпен соғысу үшін хан патшалығының генералы Шин Ушиан 1500 мың әскерді бастап Дүнхуаңға келеді. Бірақ Фың Лиау ханымның жарастыруы арқылы екі жақ соғыспай келісімге келеді.

Фың Лиау — Хан патшалығынан Жиейүй ханшаға ілесіп үйсін еліне келіп, үйсіндердің оң қанат әскерінің қолбасшысына некеленген болатын. Ол әскери-әкімшілік істерді және тарихты жақсы білетін тартымды әйел еді. Оның үстіне Жиейүй ханшаның елшісі болып, Хан патшалығының елшілерімен бірге батыс өңірдегі қалаларды аралап, бұл өңірдің жағдайына әбден қаныққан болатын. Ол батыс өңірде «Фың ханым» деген атпен әйгілі болатын.

¹ «Хан патшалығының тарихы. Батыс өңір шежіресі»

² Бұл да сонда.

Оның ері тегінде Ожетпен көңілде еді. Фың Лиау мен ерінің ақыл-насихат айтуы бойынша Ожет кіші күнму болуға разылық білдіріп, бітімге келді. Бітім нәтижесінде Янғұй би ұлы күнму, Ожет кіші күнму болып тағайындалады. Бұларға таңба беріледі.² Осыдан бастап үйсін елі Хан патшалығына тәуелді елге айналады.

Үйсін елі ұлы күнмулік, кіші күнмулік деп екіге бөлінген соң, Хан патшалығының ұлығы Чаң Кұйдың қатысуымен екі елдің шекарасы айрылды. Ұлы күнму Янғұй биге 60 мыңнан артық үй, кіші күнму Ожетке 40 мыңнан артық үй қарайды. Кейбір деректерде ұлы күнмуды оңтүстік иелік, ал кіші күнмуды солтүстік иелік деп атайды. Оңтүстік иеліктің орталығы Ыстықкөл алабы мен Іле өзені алқабында, солтүстік иеліктің орталығы Жетісу жазығында болады.

Үйсін елі екі иелікке бөлінгеннен кейін де билеуші топтар арасындағы тақ таласы аяқталмады. Бұл тартыстың аяғы бірін бірі өлтіруге апарып соғып отырды. Оңтүстік иеліктің (ұлы күнмудың) билеушілері күнмудың Хан патшалығынан алған әйелінен туған ұрпақтары еді. Ал оңтүстік иеліктің (кіші күнмуліктің) билеушілері күнмудың һүн тәңірқұтынан алған әйелінен туған (һүн тәңірқұтының жиендері) ұрпақтары еді. Сондықтан, өзара тартыста оңтүстік топ Хан патшалығына сүйенсе, һүн тәңірқұтына солтүстік топқа арқа сүйеп отырды. Әр иеліктің өз ішінде де таққа таласқан ішкі қырқыс жүріп жатты. Мұндай қырқыс солтүстік иелікте тіпті де күшті болды. Үкімет билігіне таласқан ішкі қырқыстар бір заманда кемеліне келіп дәуірлеген үйсін мемлекетін жегідей жеп, халық бұқарасын қатты күйзеліске ұшыратты.

Заманымыздан бұрынғы 1-ғасырдың орта шенінде оңтүстік һүн Хан патшалығына бағынды да, солтүстік һүн (кейбір деректерде батыс һүн деп те айтылады) батысқа қарай ығысып келіп Алтай, Саян тауларын мекендеген диңлын, қырғыз және хұша (қыпшақ) тайпаларын өзіне бағындырды, үйсін мен қаңлыларды да өзіне қосып алуға ұмтылды. Осы мезгілде Хан патшалығының Шуанди патшасы үйсін еліне тағы да елші жіберді. Бұрын үйсін елінде тұрып, Жиейүй ханыммен бірге Чаң-анге қайтқан Фың Лиау қайтадан Хан патшалығының елшісі болып, үйсінге ұлы күнмулікке келді. Ұлы күнмудың қол астын-

¹ Бұл да сонда.

² «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі».

дағы бектерге алтын тақия үлестіріп берді. Ұлы күнму Шын бидің үкімет билігін күшейтуіне көмектесті.

Осы мезгілде (б. ж. с. дейінгі 49-жылы) солтүстік тәңірқұты Шоже әскер бастап үйсін жеріне келіп, кіші күнму Ожетке елші жіберіп, үйсін елін өзіне қосып алуға әрекеттенеді. Кіші күнму Ожет бұдан батыл бас тартады. «Һүн елшісін өлтіреді де, басын хан патшалығы өкіл әкім мекемесіне жібереді. Өзі 8 мың әскерімен Шоже тәңірқұтқа қарсы тұрады»¹. Кіші күнму Ожет бұл шайқаста жеңіске жете алмағанмен, өз майданында мықты тұра-тындығын ашық әйгілейді.

Енді Шоже тәңірқұт үйсін елінің батыс жақтағы көршісі қаңлы елінің билерімен бірігіп, үйсін еліне жорыққа аттанбақ болады да, қаңлы елімен құдаласып, оларды өздеріне қаратып алады. Заманымыздан бұрынғы 44-жылы Шоже тәңірқұт қаңлылардың билерімен күш біріктіріп, үйсін еліне қайта-қайта шабуыл жасайды. Үйсін елінің астанасы Чигу қаласына басып кіріп, халқын тонайды, үйсін елінің қыруар малын олжалайды, үйсіндердің батыс жағындағы қоныстар қаңырап бос қалады².

Ұлан-байтақ жер мен елді өзіне бағындырып күшейген Шоже тәңірқұт батыс өңірдегі басқа елдерге де қауіп төндіреді. Б. ж. с. дейінгі 36-жылы хан патшасының батыс өңірдегі өкіл әкімі Ган Яншу мен орынбасары Чин Таң бастаған қалың қол Шоже тәңірқұтқа қарсы жорыққа аттанады. Үйсін әскерлері де шабуылға шығады. Ган Яншу мен Чин Таң бастаған әскерлер қаңлы еліне еніп, солтүстік Һүн әскерлерін талқандап, Шоже тәңірқұтты өлтіреді. Һүндердің бір бөлегі батысқа қарай ығысады да, енді бір бөлегі жергілікті тұрғындарға араласып кетеді, батыс өңірде үркін-қорқын аяқталып, ел іргесі орнығады.

Б. ж. с. дейінгі 33-жылы үйсін елінің ұлы күнмуы Шын би қайтыс болып, орнына оның баласы Силы би отырады. Кіші күнму Ожет қайтыс болып, орнына баласы Бөрі би отырады. Осыдан соң үйсін елінің билеуші топтары арасында үкімет билігіне таласқан күрес тағы да үдей түседі. Әсіресе кіші күнмулікте (солтүстік иелікте) бұл қырқыс қиянкескі болды. Кіші күнмулікте таққа таласқан ақсүйектер бірін-бірі өлтіріп отырады. Феодалданып келе жатқан әскери шонжарлардың арасында бұл ішкі қырқыс ел өміріне ауыр зардабын тигізеді.

¹ «Хан патшалығы тарихы, Һүн шежіресі»

² «Хан патшалығы тарихы, Чин Таңның өмірбаяны»

Б. ж. с. дейінгі 20-жылдарда ұлы күнму Силы би үйсін елін қайта біріктіреді. Ел іргесі тынышталып, халық бейбіт өмір өткізіп, «Оңқа-бектердің бәрі ұлы күнму Силы биге бойсұнады, өріс-қонысқа таласып озбырлық жасауға тыйым салынған жарлықтар жарияланады. Өндіріс өркен жайып, ел-жұрт алаңсыз тіршілік ететін болады. Силы би өзінен бұрын болған Оңқай биден кейінгі пәрменді билеуші еді, ол бүкіл мемлекетті мықты меңгеріп, оңқалар мен бектерді толық бағындырумен қабат, ел өмірін оңалтып, халықты бейбіт-шат тұрмысқа кенелтеді.

Б. ж. с. дейінгі 16-жылы солтүстік иеліктегі Уижынжаң үйсін елін біріктіруге қарсы шығып, Силы биді өлтіреді. Силы бидің орнына Еже би отырады. Б. ж. с. дейінгі 12-жылы оңтүстік иелікке қарасты бектердің Наншы Оңқа деген адамы Уижынжаңды өлтіреді. Силы би қаза болғаннан кейін ішкі қырқыстар салдарынан әлсірей бастаған үйсін елі бұрынғы күш-қуатынан айырылып, еңістей береді. Еліміздің бұдан соңғы жазба деректерінде үйсін туралы деректер анда-санда бір кездесіп отырады. Шығыс хан дәуірінде үйсін елшілерінің Хан патшалығының астанасы Лояңға келіп-кетіп тұрғандығы, Хан патшасының батыс өңірдегі елшісі Бан Чаудың (заманымыздың 83-жылы) үйсін елшілері арқылы үйсін күнмуларына сәлемдеме жібергендігі айтылады.² Заманымыздың 122—125-жылдарында Хан патшалығы мен үйсін елі арасындағы қарым-қатынастың үш рет үзіліп, үш рет жалғанғандығы баяндалады. Бұл ішкі өлкелерде үш патшалықтың өзара соғысы болып жатқан мезгілі еді.

Заманымыздың 4-ғасырында үйсін еліне шығыс жақтан сәнби тайпалары басып кіреді. 4-ғасырдың аяғында жо-жан тайпалары үйсіндерге шабуыл жасайды. Заманымыздың 435-жылы үйсін елшілері батыс алқаптағы сегіз елдің елшілерімен бірге Уи патшалығына тарту алып барады. 437-жылы Уи патшалығы үйсіндерге елші жібереді. 938-жылы үйсін елшілері Лиану патшалығына тарту тартып барады.

Үйсін елі өз заманында Орта жазықтағы Хан патшалығымен, һүндермен және басқа халықтармен: динлиндермен, Енисей қырғыздарымен, Алтайдың және Орта Азияның тайпаларымен қарым-қатынас жасап отырады. Әсіресе Орта жазықтағы Хан патшалығымен саяси, шаруашылық

¹ «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі».

² Хан патшалығы тарихы, Бан Чаудың өмірбаяны».

және мәдени қарым-қатынас жасауы, олардың саяси, шаруашылық және мәдениет жағынан гүлденіп, дамуына ізгі ықпал жасайды.

ҮЙСІН ЕЛІНІҢ ӨКІМЕТТІК ҰЙЫМЫ

Үйсін елінің ең жоғарғы билеушісі күнму (күнби) деп аталды. Күнби елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғары қолбасшысы болды. Оған ру-тайпаларды басқаратын бектер бағынды. Бүкіл үйсін елі өз ішінен оң қанат, сол қанат және орта деп үш әскери-әкімшілік бөлікке бөлінді. Оң қанат пен сол қанатты екі қолбасы меңгерді, күнби ортада отырып бәрінің үстінен қарады. Үйсін елінде басқарудың ондық жүйесі қолданылды. Күнму (күнби) өзіне қараған ел-жұртты балаларына бөліп беріп, мыңнан әскер және көшіп-қонатын жер беріп отырды.

Үйсін елі құрылғаннан бастап, оның бүкіл елді басқаратын үкіметтік ұйымы болды. Оның негізгі лауазымдары мынандай:

1. Күнму, яғни күнби — бүкіл мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі, алғашқы кезде бүкіл елде тек бір ғана күнби болған. Б. ж. с. дейінгі 53-жылдан бастап бүкіл елді ұлы күнби, кіші күнби болып билейтін болды.

2. Дулы (дұғлұ) — Хан патшалығының бас уәзірі дәрежелес лауазым, үйсін елінің әкімшілік бастығы, бұл лауазымға бір адам тағайындалды.

3. Қолбасы — оң қанат қолбасы, сол қанат қолбасы, бұл лауазымға екі адам тағайындалды, сол қанат қолбасының мәртебесі жоғары болып, бүкіл елдегі қарулы күштерді меңгерді.

4. Оңқа (Оңқы) — ел ішіндегі ру-тайпа басшылары. Бұл лауазымдарға үш адам тағайындалды.

5. Дарту — қолбасшының көмекшісі, әр қолбасшыда бір көмекші болды. Бұл лауазымға екі адам тағайындалды.

6. Абыз — бұл лауазымға екі адам тағайындалды.

7. Ұлыс бегі — бұл лауазымға бір адам тағайындалды.

8. Орда бегі — бұл лауазымға екі адам тағайындалды.

9. Атқосшы — бұл лауазымға бір адам тағайындалды.

Үйсін елінің үкіметтік ұйымы тоғыз дәрежеге бөлінген, оны он бес адам меңгеріп отырған.

Б. ж. с. дейінгі 3-ғасырдан заманымыздың 10-ғасырына дейінгі 1200 жылдық үйсін тарихында, үйсін күнбилері

әулетінің тек он ұрпағы жөнінде ғана нақты дерек сақталған. Олар мынадай:

Алғашқы күнбилер әулеті:

1. Нәнді би.

(Б. ж. с. дейінгі 177-жылдан бұрын)

2. Нәнді бидің баласы —

Елжау би.

(Б. ж. с. дейінгі 177—104-жылдар шамасында)

3. Елжау бидің немересі —

Жөнші би.

(Б. ж. с. дейінгі 104—93-жылдар шамасында)

4. Елжау бидің немересі, Дулының баласы —

Оңқай би

(Б. ж. с. дейінгі 93—60-жылдарда)

5. Жөнші бидің һүн әйелінен туған баласы —

Най би

(Б. ж. с. дейінгі 60—53-жылдарда)

Ұлы және кіші күнбилікке бөлінгеннен кейінгі ұлы күнбилер әулеті:

6. Оңқай бидің Жиейүй ханымнан туған баласы —

Янғұй би

(Б. ж. с. дейінгі 53-51-жылдарда)

7. Янғұй бидің баласы —

Шын би.

(Б. ж. с. дейінгі 51—53-жылдарда)

8. Шын бидің баласы —

Силы би.

(Б. ж. с. дейінгі 33—16-жылдарда)

9. Силы бидің кіші әкесі, Жиейүй ханымның немересі —

Еже би.

(Б. ж. с. дейінгі 10—7-жылдарда)

Кіші күнбилер әулеті:

6. Оңқай бидің һүн әйелінен туған баласы —

Ожет.

(Б. ж. с. дейінгі 53-33-жылдарда)

7. Ожеттің баласы —

Бөрі би.

(Б. ж. с. дейінгі 33—30-жылдарда)

7. Бөрі бидің баласы —

Ер би.

(Б. ж. с. дейінгі 30—17-жылдарда)

9. Ер бидің інісі —

Үйжынжаң.

(Б. ж. с. дейінгі 17—12-жылдарда)

10. Ер бидің баласы —

Ел би.

(Б. ж. с. дейінгі 11—7-жылдарда)¹

ҮЙСІНДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТИ

Ежелгі замандағы үйсіндердің әлеуметтік тұрмысы мен мәдениетін зерттеуде азаттықтан бергі 30 жыл ішінде еліміздің археологтары қыруар жұмыс жүргізіп, көрнекті табыстарға қол жеткізді. Ежелгі үйсіндерден қалған молалар мен олардың қоныс жұрттары Хыши тілігінен бастап байтақ жоңғар даласын көктей өтіп, Қазақстанның Жетісу жеріне дейін созылады. Оңтүстіктен солтүстікке тартылған үйсін обалары дізбектеліп, кең даланың күн төбесіндей көрінеді. Осы обаларды (молаларды) қазып зерттеу ісі елімізде де, Совет Одағында да жүргізілді. Бұл салада қол жеткен көне мәдениет куәліктері тарих ғылымына нанымды заттық дәлелдемелер беріп отыр.

Археологиялық қазбалардан табылған заттық дәлелдемелерге қарағанда, ежелгі заманда жоңғар ойпаты мен Жетісу жерін мекендеген үйсіндер жартылай көшпелі, жартылай отырықшы (егінші) ел болған. Олардың көшпелі мал шаруашылығында жылқы мен қой, әсіресе құйрықты қой өсірген. Сонымен бірге сиыр, түйе, таулы жерлерде қодас өсірген. Олардың отырықшы-егінші аудандары өзен алқаптарында — Іле, Шу, Талас өзендерінің бойларында болған. Бұлармен қатар қолөнер кәсібі, темір, ағаш өңдейтін, үй кәсіпшілігі, өрмек тоқымашылығы да болған. Үйсіндер жүн матаны өрмек арқылы өздері тоқыған. Ал жібек матаны Жұңгоның ішкі өлкелерінен келетін сауда керуендерінен атқа айырбастап алып отырған.

Ежелгі үйсіндер егіншілікке қоладан жасалған орақ, темір соқалар қолданған. Маңғолкүре ауданының Шаты деген жеріндегі үйсін моласынан шыққан темір соқа мұның айпарадай айғағы болып отыр. Соқаның салмағы 3 қадақ келеді.² Тастан жасалған қол диірмендер, олардың астық дәндерін ұсатып, ұн тартып жегендігін көрсетеді. Іле, Шу, Талас өзендерінің алабынан үйсіндердің жер суланды-

¹ «Шинжаң археологиясының отыз жылдығы»

² «Уаң Миңжие, Уаң Биңхуа «Үйсін жайындағы зерттеулер»

ру жүйесінің іздері табылған. «Ежелгі үйсіндер біздің заманымыздың 3—5-ғасырында егіншілікпен, бау-бақша, жеміс-жидек өсірумен шұғылданып, отырықшылыққа үйрене бастаған. Шу, Іле өзені бойындағы елді мекендердің орнында күйдірілген кірпіштен қаланып, таға тәрізді жасалған жерошақтар, тік бұрышты тұрғын үйлер табылды»¹. Ежелгі үйсіндердің егіншілік мәдениетінің дамуына олардың «Ұлы жібек жолы» жағасында болуының, Жүңгоның ішкі өлкелерімен, Орта Азия елдерімен экономикалық қарым-қатынасының игі ықпал жасағаны даусыз.

Жер астынан табылған заттардың дәлелдеуіне қарағанда, үйсіннің қолөнер кәсібі жан-жақты өркендеген. Әсіресе қыштан күйдірген сан алуан ыдыс-аяқ, құмыра жасау ісі дамыған. Қоладан, темірден қару-жарақ, өндіріс құрал-саймандары, таға, қазан жасалған. Алтын мен күмістен алуан түрлі сәндік бұйымдар: жүзік, білезік, сырға, алқа, түйреуіш, әшекейлі ою-өрнегімен сәнделіп істелген. Тері илеу, тоқымашылық, ағаш өңдеу, тас қашау кәсібі өрістеген².

Қазылған үйсін молаларының үлкен-кішісі және оған сүйекпен бірге қойылған заттардың саны мен сапасы, құрбан етілген малдардың сүйегі ежелгі үйсіндерде меншікті мүліктің болғандығын, әлеуметтік теңсіздіктің барлығын дәлелдейді. Үлкен және мол мүлікті молаларға күнбилер, қолбасшылар, ақсүйектер жерленген, орташаларына ру-тайпа билері, батырлар жерленген, қарапайым молаларға әдеттегі адамдар жерленген, бұлардың ішіне сапасы нашар санамалы заттар ғана қойылған. Үйсіндердің мұндай мал-мүлік теңсіздігінің барлығы Хан патшалығы дәуіріндегі тарихи деректерде де жазылған. Онда: «Үйсіндердің иелігінде жылқы көп, байлардың жылқыларының саны 4—5 мыңға жетеді», дейді.

Үйсін ескерткіштерін зерттеу бұл мәдениеттің үш кезеңнен өткенін анықтайды. Бұлар: алғашқы кезең — біздің заманымыздан бұрынғы 3—1-ғасырлар, орта кезең — біздің заманымыздың 1—5-ғасырлары, кейінгі кезең біздің заманымыздың 3—5-ғасырлары. Бұл кезеңнің жағдайлары моладан шыққан қыш-құмыра ыдыстардан айқын байқалады. Алғашқы қыш құмыра ыдыстар қолмен жасал-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 11-том, 402-бет.

² «Шиңжаң археологиясының отыз жылдығы» деген кітаптағы үйсін моласынан табылған суреттерге қараңыз.

ған, әрі кішкене, әрі қарапайым келеді. Орта кезеңдердегілер қолмен істелген арнаулы дөңгелек арқылы айналдырып өңделген. Олар алғашқы кезеңдегілерден үлкен, бүйірлі әрі терең келеді. Соңғы кезеңдегілері арнаулы дөңгелек арқылы жасалған, жақсы күйдірілген, әрі үлкен, әрі сапалы, ыдыстардың сыртына әр алуан өрнектер түсірілген.

Үйсін обаларынан табылған сәндік бұйымдарда көшпелі тұрмысты, аңшылықты және үйсіндердің нанымдарын, сенімдерін бейнелейтін суреттер: арыстан, жолбарыс, қабылан, құлжа, тауешкі, бұғы, бөкен бейнелері бар. Ерттеулі атты ұстап тұрған адамдардың мүсіні қойылған шамдалдар тым тамаша. Әйелдердің әшекейлі бұйымдарына түйелі көш, әр алуан құс бейнелері нақышталған. Бұлар өте әсем. Күнес ауданынан табылған қоладан құйылған сарбаздың мүсіні¹ үйсін өнерінің даму деңгейін дәлелдейді.

Заманымыздың 6—7-ғасырынан бастап бұрынғы үйсін ордасына бағынған дулат тайпасы осы одақта үстем орынға шығып, бұл одақ дулаттар, яки бес тайпалы дулаттар деген жаңа атпен аталды. Сонда да үйсін аты сақталып отырды, бірақ бұрынғы дәуірдегілерге қарағанда жазба деректерде сирек кездесетін болды.

ҮЙСІН АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТИПІ

Кейінгі кезде жүргізілген археологиялық және антропологиялық зерттеулер «үйсін антропологиялық типін» анықтады. Үйсін антропологиялық типі ежелгі үйсіндердің атамекені Тянь-Шань таулы өңірлерінен Балқаш көліне дейінгі байтақ өңірге жайылған. «Бұған тән ерекшеліктер: бас сүйектері домалақтау, маңдайы сәл тікшелеу, көз ұялары биіктеу, қыр мұрынды, жақ сүйектері ірі, әрі шығыңқы». Бұл айтылғандар еліміздің ежелгі заман жазбаларындағы: «Үйсін адамдарының батыс алқаптағы өзге жұрттан едәуір айырмашылықтары бар, олар қыр мұрынды, шүңірек көк көз, жирен сақалды келеді» деген деректеріне сай келеді.

«Үйсін антропологиялық типінің морфологиялық құрылыстары нәсілдік жағынан сақ дәуірінде өмір сүрген тайпаларға өте жақын. Демек, үйсіндерді сақ тайпалары-

¹ «Іле суреттер жинағы», Іле халық баспасы

² «Қазақ совет энциклопедиясы», II-том, 401-бет

ның тікелей ұрпақтары деп тұжырымдау өте орынды... Саяк антропологиялық типінде көшпелі шығыс тайпаларының антропологиялық әсері де айқын сезіледі. Өйткені кейбір бас сүйектерінен, бет-пішін құбылыстарынан маңғол тектес тайпалардың нәсілдік элементтерінің әсері анық байқалады. Осы күнгі қазақ халқының антропологиялық құрамының негізін қалауға үйсін антропологиялық типінің үлкен әсері болған. Жетісу қазақтарының көптеген рулары үйсін антропологиялық типі нәсілдері екені айқын.¹

Көптеген зерттеуші ғалымдар ежелгі үйсіндердің түркі тілдес екенін дәлелдейді: ежелгі түркілердің басшыларының аттарында «ми» деген сөз көп қайталаанады. Жапон ғалымы Сиратори осы ханзуша «ми» деген әріп хан әулеті дәуірінде «би» деп дыбысталғанын анықтаған. Қазақтар өздерінің тайпа бастықтарын «би» деп атап келген. (Мысалы: Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бейсенбі би, Көген би). Бұл фактілер ежелгі үйсіндердің қазіргі қазақ халқының арғы атасы екенін анықтайды.

ҚАҢЛЫЛАР

Қаңлылар — қазақтың халық болып қалыптасуына өзекті ұйтқы болған негізгі тайпалардың бірі, қазақтың тарихи аңыз, шежіре деректері қаңлыны ұлы жүзден таратады. Сырдария бойындағы қаңлылар мен Жетісу өлкесіндегі қаңлылар негізінен қара қаңлы, сары қаңлы болып екі арыс елге айрылады. Олар ұлы жүз Төбейдің немересі Бәйтеректен таратылады. Бәйтеректен Қаңлы, Қаңлыдан Қанкөжек, одан Келдібек, Келдібектің бірінші әйелі сары бәйбішеден сары қаңлы, екінші әйелі хан қызынан қара қаңлы ұрпақтары тарайды. Сыр бойындағы қаңлылар сары қаңлының бес баласы (Ақбота, Ақынқожа, Телқожа, Омыртқа, Миам) мен қара қаңлының алты баласынан (Тоғызбай, Онбай, Тоғанай, Бақа, Бадырақ, Қара) өрбіген ұрпақ деп есептесе, Жетісу қаңлылары өздерін Сары қаңлының бес баласы (Әлсейіт, Түрке, Шоқпар, Құйысқансыз, Шанышқылы) мен қара қаңлының алты баласынан (Ерезен, Қаспан, Еңке, Тайта, Оразымбет, Бақа) таратады. Шежіре деректерін салыстырып көрсек, Сыр бойы қаңлыларының арғы әулеттері Жетісу қаңлыларының арғы атасы болып шығады.²

¹ Бұл да сонда.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», II-том, 401-бет

Тарихи аңыздар мен рауаяттарда «қаңлы» деген аттың шығу тегі Оғыз ханмен байланыстырылады. «Оғызнама» дастанында: «Оғыз хан бір соғыста жеңіске жетіп, ырығын олжа алады. Мұны алып жүре алмайтын болғанда, Оғыз ханның шеріктері ішіндегі асқан кемеңгер әрі шебер Бармақылық Иөсін (үйсін) білігі деген адам арба жасап, осы олжаларды алып жүреді. Арбадан «қаң-қаң» деген үн шыққандықтан, арба «қанға» деп аталады да, оны жасаған қартқа «Қанғалы (қаңлы) деген ат беріледі¹. Бұл аңыз парсы тарихшысы Рашиденнің «Жамих ат-тауарих» атты еңбегінде және тарихшы Әбілғазының «Шежіреи түрік» атты шығармасында да бар. Рашиденнің еңбегінде Оғыз ханның жорығында арбаны олжаға түсірген тайпа «қаңлы» деп аталса, Әбілғазының шығармасында осы арбаны жасаған адам «қаңлы» деп аталады, ал «Оғызнама» дастанында осы арбаны жасаушы «Бармақылық Иөсін білігі» деген данышпан шебер, ол арбаны тұңғыш рет жарыққа шығарушы адам ретінде суреттеледі. Бірақ бұл аңыздарды тарихи жазба деректерге салыстырсақ, арасы тым шалғай жатқандығы байқалады. Оғыз тайпалары 8-ғасырдың ортасынан бастап Сырдарияның төменгі алқабы мен Қаратау өңіріне келе бастаған. Орхон ескерткіштерінде шығыс түрік қағандығы құрамына енген оғыз тайпалары Шығыс Маңғолияда еді, олар тоғыз-оғыздар болатын. 9-ғасырдың соңы, 10-ғасырдың ортасында Арал теңізі және Каспий теңізі маңындағы территорияларда оғыз одағы құрылды, 10-ғасырда Сырдарияның төменгі бойындағы алқаптарда оғыз мемлекеті ұйымдасты, мемлекет орталығы Жаңакент (Яңгікент) болды.¹ Ал қаңлылардың Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау өңірін мекендеуі бұдан мың жыл бұрынғы іс. Еліміздің (Хан патшалығының) жазба деректеріне қарағанда, олар біздің заманымыздан бұрынғы 3-ғасырдан бастап әйгілі болған. Бұл қаңлы деген ат біздің заманымыздан бұрынғы зороастризм дін кітабы «Абеста» деректері мен үнді халқының эпосы «Махабхарата» қолжазбаларының деректерінде де әйгілі болған. Бұл деректерде «Хаңға» түрінде берілген. 8-ғасырда орхон жазуымен жазылған «Күл тегін», «Білгі қаған» ескерткіштерінде «Қаңғу-Тарбан» түрінде кездеседі. «Тарбан» деп Отырар қаласын айтқан. Кейбір деректерде «Кенріс»,

¹ «Оғызнама» дастаны, 236—238-жолдарында, Ұлттар баспасы, Бижиң, 1980.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 440-бет

«Қаңғар» деп те айтылады. Мұның бәрі «Қаңлы» деген аттың түрліше тілдердегі деректердегі дыбыс өзгешеліктері. Ерте заманда Сырдарияның орта шені «Қаң», «Қан» деп аталған. «Қаңлы» осы Сыр бойын мекендеушілер деген сөз дейтін болжам да бар.¹

Орта Азияның ежелгі тарихын зерттеуші әйгілі жапон ғалымы Сиратори бұл жөнінде мыналарды айтады: Жүңго жылнамаларында жазылған халық аты «Қаңжүй» деген сөз ежелгі заманда «康居» деп оқылған. Бұрынғы заманда Сырдарияның қазіргі Ташкент қаласынан төменгі жағы «қаң-ки» өзені деп аталған. Сырдарияның осы айтылған орта және төменгі ағысы алқаптарын мекендеген халық та «kankar-kangar» деп аталған. «Қаңжүй» деген ханзуша әріптің сол замандағы оқылуы «kankar (kan-kar)» дыбыстық жағынан «kangki» дегенге жақын. Демек, хан әулеті дәуіріндегі халық аты «қаңжүй» (қаңгүй) «kankar», «kangkang» яки «kangar» деген атаудың дыбыстық баламасы.² Сиратори осы «қаңғыр» (қаңлы) деген сөзге «қарулы, жақсы-жайсаң» деген мағына береді.³ Әйгілі ғалым Махмұт Қашқари өзінің «Диуан лұғат ат-түрік» атты еңбегінде: «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді», дейді. Қазақ халқының «Келелі елде қаңлы бар, қаңлыны хан көтер», «қаңлыдан өзге хан болмас» деген мақал-мәтелдеріндегі «қаңлы» сөзінде де жақсы-жайсаң деген ұғымның барлығы байқалады.

Жапон ғалымы Сиратори бірсыпыра дәлелдерді келтіре отырып, ерте замандағы қаңлылардың түркі тілдес ұлыс болғанын дәлелдейді. Ол: «Жин патшалығы тарихының» 97-тарауындағы «Қаңлылар шежіресінде»: «Қаңлы елінің ханы Най би Жин патшалығының ордасына елші жіберді» деген деректегі Най би мен үйсін елі туралы деректегі Най би деген сөзді салыстыра отырып, қаңлылар өздерінің бастықтарын «би» деп атаған. Қазіргі кезде Тянь-Шань алабын мекендеген қазақтар да бастықтарын «би» деп атайды⁴, дейді. Бұдан басқа да бірсыпыра дәлелдер келтіреді.

Қаңлылардың Қаратау ауданы мен Сырдария өңіріне қай кезде және қайдан келгені жөнінде «Тарихи жазбалар» мен «Хан патшалығы тарихында» ештеңе айтылма-

¹ Бұл да сонда, 6-том, 456-бет.

² Сиратори «Соғдылар туралы зерттеу»

³ Бұл да сонда.

⁴ Бұл да сонда.

ған. Одан кейінгі дәуірде жазылған «Сұй патшалығының тарихы, батыс өңір шежіресі, қаңлы тарауында»: «Қаңлылар — бір жерге ірге теуіп отырмайтын көшпелі ел, олар Хан патшалығы дәуірінен бері осылай болып келген. Олардың ханы ұлы иозылардың уын руынан шыққан. Оның бұрынғы мекені Чилан тауының солтүстігіндегі Жауу қаласында еді. Бұларды һүндер талқандаған, осыдан соң батысқа қарай қоныс аударған...» дейді, жапон ғалымы Сиратори. Қаңлылар алғашында шығыста болған, хан әулеті дәуірінде Сырдарияның Орта және төменгі өңіріне ауып келіп мемлекет құрған¹ дейді.

«Тарихи генеалогиялық (шежірелік) зерттеулерде қаңлылардың шығу тегі, оның таралу өрісі, даму-өркендеу кезеңдері, түркі халықтарының тарихындағы ролі туралы талас пікір көп. Алайда қаңлы тарихын зерттеушілердің көпшілігі-ақ Жұңго жылнамалары мен Авеста тарихынан белгілі біздің заманымыздан бұрынғы 3—1-ғасырларда Сыр бойы мен Қаратау алқабын мекендеген, өзінің дербес мемлекеті болған Кангуй, қаңға тайпалары бірлестігі мен одан кейінгі дәуірлерде де дәл сол өлкені қоныстанып, көрші түркі тайпаларының саяси-әлеуметтік өміріне әр кезде түрлі ықпал жасап келген қаңлылар, сайып келгенде біртұтас этностық қауымның негізі екенін мойындайды»².

Еліміздің ханзу ғалымы Уи Иуан: «Үш ордаға бөлінген қазақтар... ежелгі қаңлылар»³ дейді. Чи Иүншы: «Қазақ дегеніміз — ежелгі қаңлы елі»⁴ дейді. Жапон ғалымы Сиратори: «Ежелгі қаңлылар тұрмысы, ғұрып-әдет және тіл жағынан қазіргі қазақтар еді»⁵ деп дәлелдейді.

Қазақ құрамындағы қаңлылардың ұраны: айрылмас, бақтияр, бәйтерек. Бұл ұрандар қазақтың байырғы шежіре деректеріндегі ұлы жүз Төбейдің ұрпақтары, қаңлылардың арғы аталарының аттары болып келеді.

Қаңлылардың тайпалық таңбасы екі түрлі, бірі « I » (көсеу таңба), енді бірі « ☉ » (ай, күн таңба). Тарихи деректерге қарағанда, ерте замандағы қаңлылар зороастризм дініне сеніп, ай мен күнге және отқа табынған екен. Олардың таңбасының ай мен күн және от көсейтін көсеу болуы ерте замандағы діни нанымнан туған болса керек.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 455-БТ

² Бұл да сонда

³ Уи Иуан «Қаруды қасиеттеу естелігі»

⁴ «Батыс шекара районындағы істер жобасы», II-том

⁵ «Сиратори «Соғдылар туралы зерттеу»

Қаңлылар заманымыздан бұрынғы 3-ғасырдан бастап, осы заманға дейін Сырдария алабы мен Жетісу өңірін мекен етіп келген ежелгі ел есептеледі. Қилы-қилы замандарда осы өңірде болған сұрапыл соғыстар мен ел іргесі шайқалған үркін-қорқын кездерде басқа жаққа ауып барып, өзге елге сіңіп кеткен қаңлылар да болды. Алайда, олардың негізгі бөлегі өздерінің атамекенінде қалып, қаңлы деген атын сақтай отырып, қазақ халқын қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

Қаңлы елінің жағырафиялық орны жөнінде «Тарихи жазбалар, Дауан шежіресінде» былай дейді: «Қаңлылар — дауандардың батыс солтүстігінде екі мың шақырым жердегі көшпелі ел. Олардың ғұрып-әдеттері ұлы иозыларға ұқсас. Қару ұстаған әскерлері 80—90 мың. Дауандармен көрші отырады. Кішкене ел болғандықтан, оңтүстікте ұлы иозылардың, шығысында һүндердің тізгіндеуінде болды». Бұл деректе тағы былай дейді: «Асалар — қаңлылардың батыс солтүстік жағында екі мың шақырым жерде тұрады». «Ұлы иозылардың оңтүстігінде — дашалар, батысында аншилер, солтүстігінде — қаңлылар тұрады».¹ Біз бұл деректерден сол замандағы қаңлы елінің шығыс жақта һүндермен, оңтүстікте ұлы иозылармен, батыс солтүстік жақта асалармен шекаралас, ал, шығыс оңтүстікте дауандармен көрші екенін ұғынамыз. Демек, б. ж. с. дейінгі 3-ғасырдан бастап жазба тарихта әйгілі болған қаңлы елінің негізгі территориясы Сырдарияның орта алқабы мен Қаратау өңірінде болған. Қаңлылардың күшейіп, гүлденген дәуірінде олардың қарамағына Ташкеннен Хорезмге дейінгі өлкелер енген. Б. ж. с. дейінгі I-ғасырдың аяғында қаңлы елінің территориясы Ферғана, Соғды өлкелеріне дейін кеңейген. Қазақтардың шежірелік деректеріндегі қаңлылардың (қара қаңлы мен сары қаңлының) өрістері мен қоныстары жоғарыдағы жазба деректерге сайма сай келіп отырады.

Қаңлы елінің ең жоғарғы билеушісі хан болған, онан соң ханның орынбасары болған. «Хан патшалығы тарихы, Чин Таңның өмірбаяны тарауында»: «Қаңлы ханының орынбасары неше мың әскерімен Чигу қаласына шабуыл жасап, ұлы күнмуға қарасты мыңдаған адамды өлтіріп, малын талады»² делінген. Хан патшалығы кезіндегі деректерде қаңлы хандарының аттары аталмайды. Ал «Жин патшалығы тарихында» қаңлы елінің Най би деген ханының

¹ «Тарихи жазбалар, Дауан шежіресі»

² «Хан патшалығы тарихы, Чин Таңның өмірбаяны».

аты кездеседі¹. Ал «Сүй патшалығы тарихында» қаңлы елінің ханы Даш би (Тас би) деген адамның аты аталады. Сонымен қабат ханның қол астында мемлекет ісін басқаратын үш уәзірі барлығы айтылады². Қаңлы елінің астанасы Битен қаласы болған. Жапон ғалымы Сиратори Битен қаласының орны қазіргі Түркістан қаласының маңында болса керек деп мөлшерлейді³. Қаңлының ханы қыста Ұлы орын деген жерде тұрады. Жазда жайлауға шығады. Битен қаласы мен Ұлы орынның арасы атқа жеті күншілік жер. Битен қаласы мен жайлауының аралығы 9 мың 340 шақырым келеді.

Жазба деректердің айтуына қарағанда, қаңлы елі өз ішінен бес иелікке бөлінген. Әр иеліктің кіші хандары болған. Олар ұлы ханға бағынған. Бұл иеліктер өздерінің орталық қалаларының атымен аталған. Ол иеліктердің аттары және тұрған орындары мынадай:

1) Сусе иелігі. Орталығы Сусе қаласы. Өкіл әкім (духу) мекемесі тұрған жерден 5776 шақырым. Яңгуаннан 8025 шақырым жерде.

2) Фуһу иелігі. Орталығы Фуһу қаласы. Өкіл әкім мекемесі тұрған жерден 5757 шақырым. Яңгуаннан 8025 шақырым жерде.

3) Ионе иелігі. Орталығы Ионе қаласы. Өкіл әкім мекемесі тұрған жерден 5266 шақырым, Яңгуаннан 7525 шақырым жерде.

4) Жи иелігі. Орталығы Жи қаласы. Өкіл әкім мекемесі тұрған жерден 1296 шақырым, Яңгуаннан 8555 шақырым жерде.

5) Иоган иелігі. Орталығы Иоган қаласы. Өкіл әкім мекемесі тұрған жерден 6906 шақырым, Яңгуаннан 8355 шақырым жерде⁴.

«Тарихи жазбалар, Дауан шежіресінде» қаңлылардың бес иелігі жөнінде ешқандай дерек жоқ. Жаң Чиан батыс өңірге елші болып келгенде, бұл жөнінде ештеңе естіп білмеген. «Хан патшалығы тарихындағы» дерек бұдан әлде қайда кейін жазылған. Бұған қарағанда, қаңлы елінің бес иелікке бөлінуі кейінірек болған оқиға болуы мүмкін. Бұл бес иеліктің орны мен орталығының нақ қай жерде екенін анықтайтын жазба дерек жеткіліксіз. Сиратори:

¹ «Жин патшалығы тарихы, қаңлы тарауы»

² «Сүй патшалығы тарихы, қаңлы тарауы»

³ Сиратори «Соғдылар туралы зерттеу»

⁴ Бұл иеліктердің аты ханзу тіліндегі дыбысталуы бойынша беріліп отыр, олардың қаңлы тілінде қалай аталғаны мәлімсіз.

Бұл бес иеліктің орталықтары Сырдарияның солтүстігі мен Қаратау аралығында деп ұйғарады.

Кейінгі кездерде жүргізілген археологиялық зерттеулер жоғарыда келтірілген жазба деректердегі олқылықтарды заттық айғақтармен толықтырып отыр. Қазақстан археологы Қ. Ақышев бастаған археологиялық экспедициясының анықтауы бойынша, қаңлылардың I-ғасырдағы саяси орталығы — Отырар (Фарап). Яғни Орхон ескерткіштеріндегі қаңғу-тарбан (С. Г. Клашторни) болып есептеледі.² Отырар қаласы тарихи деректерде «Тұрар банд», «Тарбан», «Тарбанд» деп аталып келген. Ал араб тіліндегі деректерде «Фарап» делінеді. Алғашында «Фарап» деп сол қала тұрған аймақ — Отырар көгалы аталып, одан соң осы аймақта қала Отырар да Фарап деп аталған екен. Зерттеуші С. Г. Фафуровтың айтуынша, Шаш (Ташкент) маңында да қаңлы ұлықтарының ордасы болған. Бірақ бұл қаңлы еліне қарасты бес иеліктің қайсысыныкі екені мәлім емес. Ежелгі қаңлы елі ұлан-байтақ өңірге жайылған. Олардың ата қонысы Қаратау алқаптары мен Сырдарияның орта шенінен басталып, Шаш өлкесінің көгалды ойпаттарына дейін барған. Олар қыс мезгілінде Сырдарияның төменгі бойындағы қамсаулы қыстауларында қыстаған. Жаз мезгілінде Арыс, Шу, Талас өзендерінің алқаптарындағы, тіпті Сарысу бойындағы шөбі шүйгін жайылымдарына көшіп баратын болған. Әйгілі ғалым А. Н. Бернштамның топшылауы бойынша, олардың өріс-қонысы Шаш түбінен басталып, сонау Хорезм жері Арал жағалауына дейін 800—900 шақырымға созылып жатқан Сырдың екі жақ өңірін түгел қамтиды.

Қаңлы тайпаларының негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болған. Олардың бір бөлегі егіншілік және бау-бақша кәсібімен айналысқан. «Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір шежіресінде» және «Сұй патшалығы тарихы, қаңлы тарауында»: қаңлылар мал шаруашылығымен шұғылданады. Жылқы, түйе, қашыр, есек, сиыр өсіреді деп жазады. «Жу патшалығы тарихы, қаңлы тарауында»: оларда қой өте көп, аттары өте жақсы. Қаңлылардың жері мал шаруашылығына да, егіншілікке де қолайлы. Ауа райы жылы келеді. Онда дәнді дақылдың алуан түрі егіледі. Бау-бақшада шырын жемістер жетілдіріледі³

¹ Сиратори «Соғдылар туралы зерттеу»

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 456-бет

³ «Солтүстік» патшалықтары тарихы, қаңлы тарауы»

дейді. Жазба деректерде: «Қаңлы елінде жүзім шарабы мол, байларының үйінде көл-көсір шарап болады. Бұл шараптар жыл бойы үзілмейді де бұзылмайды. Қаңлы елінен алтын, күміс, асыл тастар, хош иісті жұпар шайлар, кілем-кілше, қымбат аң терілері шығады»¹

Қаңлы елінің ежелгі мекенінде жүргізілген археологиялық зерттеулер жазба деректерді заттық айғақтармен анықтай түсуде. Археологиялық қазбалардан шыққан заттардың дәлелдеуіне қарағанда, ежелгі қаңлылардың бір бөлегі көшпелі мал шаруашылығымен, енді бір бөлегі отырықшы егіншілікпен шұғылданған. Оларда едәуір дамыған қолөнер болған. Олар көп елдермен сауда жасасып отырған. Сол заманға сай едәуір көлемді қалалар да болған. Археологиялық зерттеулер арқылы ашылған «Жеті асар», «Алты асар», «Қауыншы», «Ақ төбе», «Алтын төбе» және Отырар сияқты қаңлылардың елді мекені, отырықшы қыстақ, қала қорғандарының жұрттары, жер суландыру құрылыстары — канал, арықтар, егіс алаңы, бау-бақшалардың жұрты және осы жерлерден табылған кетпен, қол орақ, қол диірмен, астық сақтайтын ұралар мен қамбалар, астық қалдықтары жоғарыдағы деректерді дәлелдейді.

Қаңлылар өрмекпен жүн мата тоқыған, алуан түрлі қыш ыдыстар істеген. Қоладан және темірден өндіріс құрал-саймандары мен қару-жарақтар жасаған. Алтын мен күмістен сақина, сырға, білезік, алқа тағы басқа да алуан түрлі әшекейлі сән-салтанат бұйымдарын жасаған. Отырған үйлерінің қабырғалары әшекей ою-өрнектермен безендірген.

Еліміздің жазба тарихының айтуынша, қаңлы елінің ресми жазба заңы болған. Бұл деректе: «Олардың заңы хан сарайында сақталады. Осы заң бойынша қылмыстарды жазалайды. Өрескел ауыр қылмыс жасағандардың тұқымы құртылады. Одан соңғылары өлім жазасына үкім етіледі. Ұрлық істегендердің қолы кесіледі»² дейді.

Қаңлылар ата-аналарының аруағына табынған. «Қаңлы елінде ата-бабалар мазары бар, әр жылы маусым айында барлық иеліктер жиналып, ата-бабаларына шек береді»³,

¹ «Солтүстік патшалықтары тарихы, қаңлы тарауы», «Сұй патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресі».

² «Сұй патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресі», 83-бөлім

³ Бұл да сонда.

деп жазылған. Қаңлы тайпаларының бір бөлігі бұдда дініне сенген. «Тарихи жазбаларда» «олар бұддаға сенеді»¹ деген дерек бар. Археологиялық қазбалардың анықтауынша, қаңлылардың бір бөлегі отқа, айға, күнге табынған.

Еліміздің жазба деректерінде, қаңлылардың эн-күй, музыка, би сияқты көркемөнерінің гүлденіп, өркен жайғандығы және олардың Орта жазыққа дейін өрістеп, даңққа бөленгендігі туралы мол мәлімет бар. Бұл деректердің дәлелдеуінше қаңлыларда қос шекті және бес шекті музыка аспаптары, дап-дабыл, сыбызғы-сырнайлар болған². «Сұй патшалығы тарихы, музыка аспаптары тарауында»: Жу патшалығының патшасы той жасағанда қаңлы елінің және Күшардың музыка аспаптарын алдырды деп жазады. «Таң дәуірінің естеліктері» атты кітаптың 33-тарауында: «Жу Уди түрік қызын ханымдыққа алды. Батыс өңірдегі елден оны құттықтап, Күшар, Сулы, Қаңлы елдерінің музыка аспаптарын тойға әкелді» дейді. Бұл мәліметтерден қаңлылардың музыка аспаптарының аса атақты болғандығы байқалады.

Таң патшалығы билік жүргізген уақытта (618—907) Орта Жазықта қаңлы билері салтанат санатына көтерілген. Таң патшалығы дәуірінің ардагер ақыны Бэй Жүйи өзінің «Биші бикеш» деген өлеңінде қаңлы биін тамаша суреттеген болатын. Онда:

«Биші бикеш ойқастап,
Оңға, солға бой тастап,
Жауған қардай қалықтап,
Құйындай күйішіп шарықтап,
Мүдіруді білмеген,
Бұрала толқып билеген,
Келіпті бикеш қаңлыдан.
Алты айшылық арыдан,
Жарыса зырлап күймемен
Көңілі толқып күйменен,
Бидің биік сарасы,
Әлемде жоқ бағасы,
Қол жеткісіз асылға,
Әр кімнің бар таласы.
Алқа-қотан айналды
Жұрттың төре-қарасы»

¹ «Сұй патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресі».

² Бұл да сонда.

дейді. Ақынның бұл өлеңінен қаңлылар мен Орта жазықтағы халық арасындағы мәдени қарым-қатынастың тығыз болғандығы, қаңлы биінің бұл өлкелерге кең таралып, жұрт құмарта үйренетін өнерге айналғандығы байқалады.

Ерте замандағы қаңлылардың жазу мәдениеті болған. «Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір тарауында»: «Қаңлылардың жазуы көлденеңнен жазылады, олардың өздері жазған кітаптары бар», дейді. Қаңлылардың ол кезде қолданған жазуы қандай жазу, соғды жазуы ма, көне түркі жазуы ма, әлде бұлардан басқа бір түрлі жазу ма, онысы бізге беймәлім. 13-ғасырда «Қаңлы тілінің сөздігі» жасалған. Бұл сөздік «Тиббион әл-лұғат ат-түрікі әла лисан әл-қаңлы» деп аталған. Түркия ғалымы М. Ф. Көпүролының айтуына қарағанда, осы «Қаңлы сөздігінің» авторы Мұхаммед ибн Қайыс деген тіл ғалымы екен.

Б. ж. с. дейінгі 1—2-ғасырларда қаңлылар батыс өңірдегі белді мемлекеттердің бірі еді. «Хан патшалығы тарихы, Батыс өңір шежіресінде»: «Қаңлы елінің 200 мың үй, 600 мың жан саны, 120 мың әскері бар», деп жазылған. Қаңлылар одан кейінгі кезде тіпті де күшейген. «Солтүстік патшалықтар тарихы, қаңлы тарауында»: «Қаңлылар — атақты да құдіретті мемлекет, батыс алқаптағы көптеген елдер оған тәуелді болып отыр. Ун елі, Ши елі, Сау елі, Хы елі, Шауан елі, Насайпо елі, Онах елі, Ну елі сияқты елдердің бәрі қаңлы мемлекетіне бағынады» дейді.

Орта жазықтағы Хан патшалығы батыс өңірдегі елдермен байланыс жасау үшін Жаң Шианды бірінші рет елшілікке жібергенде, Жаң Шиан қаңлы еліне келеді. Қаңлы билеушілері Жаң Шианға жол бастаушы әрі аудармашы қосып беріп, ұлы иозыларға апарып қояды. Заманымыздан бұрынғы 119-жылы Жаң Шиан екінші рет елші болып үйсін еліне келгенде, оның көмекшісі қаңлы еліне келеді. Жаң Шиан үйсін елінен қайтып Чаң-анге барған соң, бір жылдан кейін қаңлы елінің елшілері де Жаң Шианның көмекшілерімен бірге Чаң-анге барады. Осыдан бастап, қаңлы елі Орта жазықтағы патшалықпен саяси, шаруашылық және мәдени қарым-қатынас жасайды.

Б. ж. с. дейінгі 49-жылдан бастап солтүстік хундердің тәңірқұты Шоже жаулап алу жорығына аттанады. Олар солтүстік хұшаларды (қыпшақтарды), диңлиндерді өзіне бойұсындырып, батыс жақта хангүндерді (қырғыздарды) талқандайды. Одан соң Іле алқабына қарай үм-

тылады. Қаңлы, үйсін, дауан сықылды үш ірі елді өзіне бағындырып, оны батыс өңірдегілерді жаулап алу үшін хан патшалығына қарсы күресте тіректі базаға айналдырмақ болады. 44-жылы Шоже тәңірқұт Хан патшалығының елшісі Тужиді өлтіреді. Осы кезде қаңлы елі мен үйсін елінің арасында қақтығыс туылып, үйсіндер қаңлыларға шабуыл жасап отырған еді. Үйсіндерге соққы беру үшін сыртқы көмекке сүйенуді ойлаған қаңлы ханы Шоженің қырғыз елінде екенін естіп, елші жіберіп, оны қаңлы еліне шақырады. Үйсіндердің хан патшалығына бағынып, һүндердің елшісін өлтіргеніне құса болып, зығырданы қайнап отырған Шоже тәңірқұт қаңлы ханының һүндермен бірігу туралы ұсынысын қуанышпен қабылдайды да, әскерін бастап қаңлы еліне аттанады. Қаңлының биі мен бегі мыңдаған ат, түйе алып шығып Шожені қарсы алады. Салтанатты қонақасы береді. Қаңлының ханы Шоже тәңірқұтпен тізе қоса отырып, үйсіндерді және батыстың басқа елдерін бағындырмақ болып, Шоже тәңірқұтқа қызын береді. Шоже тәңірқұт та қаңлы ханына қыз береді. Оның мақсаты: қаңлы жерін тірек етіп және олардың әскери күшін пайдаланып, батыс өңірдегі елдерді жаулап бағындыру еді.

Қаңлы елінің қарулы күшіне сүйенген Шоже тәңірқұт дереу үйсін еліне жорық жасап, елін шауып, малын талайды. Үйсін елінің батыс жағындағы ұлан-байтақ өңір қаңырап бос қалады.¹

Үйсін еліне жасаған жорықтың жеңісіне масаттанған Шоже тәңірқұт қаңлының ханын адам ғұрлы көрмей, басынып, зорлық-зомбылық істейді. Қаңлы ханның қызын, оған қоса оның бектері мен халқынан жүздеген адамды өлтіріп, Талас өзеніне тастайды. Қаңлы халқын зорлап, қалаға қорған соқтырады. Бұл қорғанды жасауға әр күні 1500 адам жұмыс істейді. Қорған екі жылда салынып бітеді. Қаңлы ханының Шожемен бірлесудегі мақсаты басқа елдерді бағындыру еді. Істің нәтижесі оның ойлағанының керісі болып шықты. «Шақырған бұлт басқа еңбек» болады да, қаңлы халқының басына ауыр апат төнеді.

Шоже тәңірқұт қаңлы еліне орнығып, күш жинап алған соң, төңірегіндегі дауан, аса елдерін алым-салық беруге зорлайды... Бұл елдер Шожеге ауыр алым-салық беріп тұруға мәжбүр болады. Ол мұнымен тынбайды, жаулап алу жорықтарын үздіксіз жүргізе береді. Шоже-

¹ «Хан патшалығы тарихы. Чин Таңның өмірбаяны».

нің зорлық-зомбылығы мен шапқыншылығына батыс өңірдегі елдердің билеушілері мен халқы мейлінше қарсы болады.

Б. ж. с. дейінгі 36-жылы хан патшалығының батыс өңірдегі өкіл әкімі Кан Яншу және оның орынбасары Чин Таң Шоже тәңірқұтты жою үшін қаңлы еліне жорыққа аттанады. Батыс өңірдегі үйсін қатарлы елдердің әскері де бұл жорыққа қатысады. Қаңлы елінің он мыңнан артық атты әскері оларға көмектесіп, қаланы қоршайды. Шоже тәңірқұт қоршауды бұзып шығуға бірнеше рет әрекет жасайды. Бірақ қоршауды бұза алмай артқа шегінеді. Ақырында Кан Яншу мен Чин Таң бастаған әскерлер қаланы алып, Шоже тәңірқұтты өлтіреді. Батыс өңірде бірнеше жылға созылған үркін-қорқын тынышталып, ел іргесі орнығады.

Бұдан кейінгі ханзуша деректерде қаңлы хандарының Орта Жазықтағы елдерге елші жіберіп, тарту тартқандығы туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы, 11-жылы қаңлы ханы өзінің баласын Хан патшалығының астанасына жіберіп, патшаға тарту ұсынады¹. Жин хандығы кезінде қаңлы ханы Най би елші жіберіп, Жин патшасына тарту тартады². Қаңлылар Сүй патшалығының Янди патшасы тұсында (605—617) тағы бір рет елші арқылы тарту жолдайды³. 626-жылы қаңлы ханы елші жіберіп, Таң патшалығының Уди патшасына тұлпар тарту етеді. 635-жылы тағы бір рет елші жіберіп арыстан, алтын, күміс, шаптол тарту етеді. Бұл шаптолдар арнаулы бақшада егіледі⁴.

Византияның елшісі Земарх 568-жылы түрік қағаны Дибалға кетіп бара жатқан жолда Каспий теңізі мен Арал теңізінің аралығындағы өңірден өтеді. Ол осы жерлердің қаңлылардың иелігінде екенін жазады. Қаңлылар 6—8-ғасырларда батыс түрік қағандығының қол астына қарайды. Кейінгі кездерде (9-ғасырға дейін) қаңлылардың бір бөлегі қыпшақтарға араласып кетіп, «қаңлы-қыпшақ» деп аталған. II-ғасырдағы Махмұт Қашқари өзінің «Диуан лұғат ат-түрік» атты еңбегінде «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді» деп жазады.

Осы қаңлы тайпасынан шыққан және Іле өңіріндегі

¹ «Хан патшалығы тарихы, Батыс өңір шежіресі»

² «Жин патшалығы тарихы, қаңлы тарауы»

³ «Солтүстік патшалықтар тарихы, қаңлы тарауы»

⁴ «Таң патшалығының жаңа тарихы, Батыс өңір шежіресі»

Алмалықта туып-өскен әйгілі тарихшы Жамал Қарши (1230—1315) өзінің «Мүлхакат ас-сурах» («Сөздікке қосымша») атты шығармасында: 12-ғасырдың басынан 13-ғасырдың аяғына дейін қаңлылар Жетісудағы ең мықты ұлыс болып, бұл өлкені Алмалықта отырып билеген. Қарақытайлар шабуылы кезінде қаңлылар қарлық елімен бірігіп, ол кездегі сәулетті астана Баласағұн қаласын жаудан қорғауға көмектесті» деп жазды. Маңғол шабуылы алдында қаңлылардың күшті ел болғанын кейін Рашидин де айтты: «Олар Жетісудан Ертіске дейін үстемдік құрды» деп жазды. Жамал Қаршидың айтуынша, маңғол әскерлері Жетісуға келгенде қаңлылар ешбір қарсылық көрсетпеген. Олардың ұлыс бегі Тұғырыл мен оның баласы Сұнақ тегін барлық әскерлерімен Шыңғысханға қосылады. Ол үшін Шыңғысхан Жошының үлкен қызы Бикені Сұнақ тегінге қосады. Қаңлының бектеріне үлкен сый көрсетіп, оларды Шағатай ұлысында бірінші орынға отыртады¹.

13-ғасырда Шыңғысхан әскері Самарқан қаласына кіргенде, осы қалада 40 мың қаңлы жауынгері болған. Ал Хорезм шаһы Мұхаммед сұлтанның әскерлерінің ішінде 100 мың қаңлы болған. Олар Талас өзені бойында өз тайпаларымен көшіп жүрген.

1220-жылы Геноя елшісі Буксон сапар шегіп, Шыңғысханға бара жатқан жолында Мауараннахрда қаңлы ұлысын басып өткен. Ал Платокарпин Команиадан (қыпшақ елінен) өткен соң қаңлы (қанғыт) еліне келген. 1253-жылы Руброк және осы қаңлы жерін басып өткен. Әмір Темірдің тұсында қаңлылар Сырдарияның оң жағында болған. 14-ғасырдағы Ақ Орда хандығының қарулы күштерінің оң қанаты болған. Ақ Орданың жалғасы болған қазақ хандығын құруда, нығайтуда, қазақтың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтауда, ежелгі заманнан бері Сырдария алабы мен Жетісу өңірін мекендеп, мол мәдениет мұраларын жасаған қаңлылар елеулі үлес қосты. Қаңлылар өте көп ел еді. Олардың бір бөлегі өзбек, қырғыз, қарақалпақ, тағы басқа халықтардың да құрамына қосылды. Кейбір топтары батысқа кетіп, басқа халықтарға сіңіп кетті. Ал қазақ құрамына қосылған қаңлылар ұзақ ғасырлар бойы өздерінің атамекенінде жасап, мәдениет дәстүрін үзбей келген маңызды бөлегі еді.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 245-246 беттер

АЛАНДАР

Қазақ тарихын зерттеуші ғалымдардың бірсыпырасы қазақ халқын қалыптастырған негізгі ұлыстардың бірі кіші жүз алшын тайпасын ежелгі аландармен байланыстырады. Тарихшы М. Ақынжанов: «Кіші жүз қазақтары — сақтардың батыс бөлегі болған. Самарттар алан тайпаларынан және ақ һүндерден бірлескен. Олар һүндермен 4-ғасырда араласқан, һүндердің біразы кіші жүз құрамына қосылған»,¹ дейді. Жалпы кіші жүз қазақтары алшын деген біртұтас атпен аталады, ал кіші жүздің өз ішінде алшын, алаша, алаш деген ру аттары да бар. Тіл тұрғысынан алғанда осы алшын, алаша, алаш және алан деген — ұлыс-тайпа аттары өзара түбірлес. Олардың өсіп-өрбіген өріс-қонысы мен таралу тарихы да бұл пікірдің дұрыс екендігін дәлелдейді. Қазақтың тарау тегі туралы аңызда: қазақтың арғы атасы болған Қотанбайдың кіші ұлы Алшын бастаған 100 жігіт Сырдарияның аяғындағы алқапқа (Арал атырабына) орналасып, кіші жүз алшын аталады. Еліміздің жазба тарихында әйгілі аландар осы айтылған Сырдарияның аяғы мен Арал теңізі атырабында жасаған.

Еліміздің жазба жылнамаларында аландар жайында алғашқы дерек Иүй Шуан құрастырған «Уи хандығы тарихының түсіндірмесі» атты кітапта кездеседі. Онда «Аса мемлекетінің тағы бір аты алан дейді». «Кейінгі Хан патшалығы тарихы» атты кітапта бұларды «алан бірлестігі» деп атайды. «Кейінгі хан патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресінде»: «Аса мемлекетті өзінің атын Аса біріккен мемлекеті, деп өзгертті» деп жазады. Бұған қарағанда тегінде аса мен алан бір жерде қоныстанған туыстас екі тайпа сияқты. Аса тайпасы үстем орынға шыққанда, бұлар «аса» деп аталып жүрген. Кейін алан тайпасы күшейіп үстем орынға шыққанда екі тайпа бірігіп «алан бірлестігі» деп аталған көрінеді. Жұңго жылнамаларында «аса» мен «алан» біртұтас ұлыс ретінде баяндалады. Енді біз осы деректерге тоқталамыз.

Ежелгі аландардың орналасқан мекені жайында мынадай деректер бар: «Тарихи жазбалар, дауан шежіресі, асалар тарауында»: «Асалар — қаңлының батыс солтүстігінде 2 мың шақырым жерде... төңірегінде жары жоқ жайдақ теңіз жағасында тұрады» дейді. «Хан патшалығы тарихы, Батыс өңірі шежіресінде»: «Қаңлылардың батыс

¹ М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы», Алматы, 1957.

солтүстігінде 2 мың шақырым жерде Аса мемлекеті бар... Олардың ғұрып-әдеттері қаңлыларға ұқсас»¹ дейді. «Үш патшалық шежіресінде»: «Аса мемлекеті... батыста Рим мемлекетімен, шығыс-оңтүстікте қаңлы елімен шекаралас, олар бұрын Қаңлы мемлекетіне тәуелді еді, қазір оларға бағынбайтын болды»² деп жазылған. «Түндиян жинағының» «шекара қорғанысы тарауында» да: «Асалар — батыста Рим мемлекетімен шекаралас, шығыс оңтүстікте қаңлы елімен шекаралас. Олар төңірегінде жары жоқ, жайдақ теңіз жағасында тұрады» делінген.

Бұл деректерден ежелгі аландар — «асалардың» ұлан-байтақ өңірді мекендеген ел екендігін байқауға болады. Бұл деректерде айтылған «төңірегінде жары жоқ жайдақ теңіз» қазіргі Арал теңізі еді. Ежелгі аландар — «асалар бірлестігі Арал теңізінің батысына қарай, қазіргі батыс Қазақстанның жерін мекендеген.

Ежелгі замандағы аландар Орта Азиядағы ірі елдердің бірі болған. «Тарихи жазбалар, Дауан шежіресінде» және «Хан патшалығы тарихы, Батыс өңір шежіресінде»: «Аландардың қарулы жасақтары 100 мыңнан артық» дейді. Мұнда «қарулы жасақ» деп ресми әскер айтылып отыр. «Хан патшалығы тарихы, Батыс өңір шежіресі, қаңлы тарауында»: «Қаңлы елінің 120 мың үй, 600 мың жан саны, 120 мың әскері бар» делінген. Бұл санаққа қарағанда үй басына бір әскер тура келеді, әр үйде бес адам болған. Осы салыстырма бойынша есептегенде 100 мыңнан артық әскері бар алан елінде 100 мыңнан артық үй, бес-алты жүз мың жан саны болуға тиіс, ол заманда 5—6 жүз мың жан саны бар ел ірі мемлекет есептелген.

Бірақ алан елі алғашқы кезде өзінің оңтүстігіндегі белді мемлекет қаңлыларға тәуелді болған. Қаңлы мемлекеті әлсіреген кезде одан бөлініп шығып, тәуелсіз тұрған. «Кейінгі Хан патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресі, алан тарауында»: «Аса елінің жеріндегі қалалар Қаңлы мемлекетіне бағынады» дейді. Ал «Үш патшалық шежіресінде»: «асалар (аландар) бұрын Қаңлы мемлекетіне тәуелді еді, қазір оларға бағынбайтын болды»³ деп баяндалады.

Алан ұлысының негізгі кәсібі көшпелі мал шаруалығы болды, олардың бір бөлегі егіншілікпен шұғылданды, олар-

¹ «Хан патшалығы тарихы», 96-бөлім

² «Тарихи дәуірлердегі ұлттарға тән деректер жинағы», 224 бет.

³ «Тарихи дәуірлердегі ұлттарға тән деректер жинағы», 656 бет.

дың ғұрып-әдет, киім кешектері қаңлыларға ұқсас еді. «Тарихи жазбалар, дауан шежіресінде»: «Асалар көшпелі мемлекет, олардың ғұрып-әдеттері қаңлыларға ұқсайды» дейді. «Асалардың тұрмыс-салты қаңлыларға ұқсас» делінеді. «Кейінгі Хан патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресі, асалар тарауында»: «Аса елі халқының салты, киім-кешектері қаңлылармен бірдей» деп жазылған. «Уижынның 30-тарауында»: «Аландар — жайдақ теңіздің жағасында мал бағып, шөптің сонысы мен судың тұнығын пайдаланып көшіп жүреді, бұл елде бағалы бұлғын терісі өте көп», дейді.

Тарихи деректердің баяндауынша: Алан елінің ауа райы жылы, жері құнарлы, шөбі шүйгін, мал шаруашылығына да, егін шаруашылығына да қолайлы екен, онда жеміс-жидектер жақсы өскен. «Кейінгі Хан патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресінде»: «Алан елі ауа райы жылы, ағашы мәуелі, шөбі шүйгін-шұрайлы жер, онда ақ шөп деп аталатын әрі аласа, әрі жіңішке шөп қалың шығады. Бұл шөп піскенде ағарып кетеді, оны мал сүйсініп жейді»¹ дейді.

Тарихшы М. Ақынжановтың айтуына қарағанда: «Қазақтың кіші жүзінің тайпалары алшын, адай, кердері, жағалбайлылардың аттары тарихта ерте кезден бастап әйгілі болған. Бұл тайпалар Б. ж. с. дейінгі I-ғасырда һұндердің шапқыншылығына қарсы зор қайрат көрсеткен қаһарман елдердің бірі деп есептеледі. Бұлар 5-ғасырда ақ һұндердің ішінде аты әйгілі тайпалар. 10-ғасырда кердерілер Арал теңізінің иесі болды».²

Әйгілі ғалым Н. Василевскийдің айтуынша: кердерілер (кіші жүздегі жетірудың бірі) — үйсін, һүн қатарлы ежелгі ел. Олар б. ж. с. дейінгі I-ғасырда «иоз» деп аталған. 5-ғасырға дейін Хорезмге қожалық етіп тұрған. Византиялықтар иозыларды «Һүн — ефталит» деп атаған. Ефталит яки кердерілер иозылардың тұқымы. Земархтың кезінде (567—569) ефталиттер басқа халықтарға үстемдік ету жағдайында болған. 1000 жыл бойына Арал теңізі «кердері теңізі», Амудариясы «кердері дариясы» деп аталған. Олардың «Кердері» деп аталатын екі қаласы болған, оның бірі Амударияның оң жағында, екіншісі сол жағында болған. Белгілі ғалым С. Аманжоловтың зерттеуінше ежелгі грек тарихшылары Геродот (б. ж. с. дейінгі 5-ғасырда) пен

¹ «Хан патшалығы тарихы, түсіндірмелер».

² М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы»

Страбон (I-ғасырда) алшындарды «алозон» деп атаған екен.¹

7—8-ғасырларда алшын тайпаларының кейбіреулері хазар хандығының құрамында болған. Хазарлар ортасында «қазарұғ» «бершілік» деген екі ұлы қауым болған. Бір тамаша жері беріш осы күнге дейін кіші жүз ұлысының бір ұлы тайпасы².

Парсы тілінде (982) жазылған «Әлем шекаралары» атты кітапта алан елінде қасақ (қазақ) деген ұлыс бар екендігі жазылған³.

Қазақтың кіші жүз тайпаларының едәуір бөлегі кейінгі кезде (9-ғасырдан соң) қыпшақтармен бірге Алтайдан ауып, Арал және Каспий теңізі атырабына келіп, бұрын осы өңірді мекендеген алан, кердері, тағы басқа тайпалармен араласып кетті. Алшын тайпалары 11—12-ғасырларда қыпшақ хандығының құрамына қосылды, 1223-жылы Алтын Ордаға қарады, одан соң Ақ Орданың қол астына қарады, 15-ғасырда қазақ хандығы құрылғанда қазақ хандығына кірді. Демек, ежелгі алан тайпасының бір бөлегі кіші жүз алшын тайпаларының қатарында қазақ халқының құрамына қосылып, қазақ халқын қалыптастыруға үлес қосқан.

ҺҰНДАР

Һұндар (ғұндар) — ежелгі замандағы еліміздің батыс өңіріндегі көшпенді ұлыстың бірі. 24 тайпадан біріккен көшпенді Һұндардың одағы б. ж. с. дейінгі 2-ғасырда дәуірлеп заманымыздың I-ғасырында ыдырады. Һұндар⁴ өзінің басшысы Моте тәңірқұт тұсында төңірегіндегі толып жатқан ұлыстарды өзіне бағындырып, шығыста Лиаухы өзенінен батыста Памир тауына дейінгі, солтүстікте Байқал көлінен оңтүстікте ұлы қорғанға дейінгі ұлан-байтақ өңірге үстемдік еткен.

Тарихи деректердің дәлелдеуіне қарағанда, осы Һұндардың бір бөлегі ежелгі замандағы қазақ ұлыстарымен тоғысып, қазақ халқын құрған қайнардың біріне айналған.

¹ С. Аманжолов «Қазақ тілінің тарихы және диалектология мәселелері».

² Әлкей Марғұлан «Жұлдыз» журналы № 1, 144-бет, 1984

³ «Әлем шекаралары» 48-тарау

⁴ Һүн — қытай жылнамаларында осылай жазылған, біздің әдебиеттерімізде «хун» деп беріліп жүр.

Үйсін ұлысы Хыши тлігінде көшіп-қонып жүрген кезде, іргелес көрші ұлы иозылардың шапқыншылығына ұшырап, халқы азып-тозып, һүндерге барып паналаған. Осы жаугершілікте үйсін күнбиі Нәнді би жау қолынан қаза тапқанда, оның жаңа туып, жетім қалған баласы Елжау биді һүн тәңірқұты асырап ер жеткізіп, азып-тозып һүндерге келген үйсін халқын жинап өз қолына беріп, әкесінің орнына отырғызған. Үйсіндер һүн елінде 20 жылдай тұрып, аралас-құралас өмір өткізді. һүн тайпалары мен үйсін тайпаларының тоғысуы осы кезден басталған.

Онан соң үйсін ұлысы Іле өңіріне қоныс аударып, іргелі елге айналды. Б. ж. с. дейінгі 71-жылы үйсін билеушілері хан патшалығымен тізе қоса отырып, қазіргі Баркөл ауданында һүндердің оң қанат ордасына тұтқиылдан шабуыл жасап ойсырата жеңді. Осы бір соғыста үйсін күнбиі Оңқай би һүндердің 40 мың адамын қолға түсіріп өзіне қосып алды.¹ Бұдан кейінгі соғыстарда үйсіндер һүндердің қыруар адамын қолға түсірді. Олар үйсін ұлысына сіңісіп, олардың жан саны мен күш-қуатын молайта түсті.

Б. ж. с. дейінгі I-ғасырдың орта шенінде һүндер одағы өз ішінен оңтүстік һүн (яки шығыс һүн) және солтүстік һүн (яки батыс һүн) деп екіге бөлінді де, оңтүстік һүндер хан патшалығына бағынды, солтүстік һүндер батысқа қарай қоныс аударды. Осы батысқа қарай қоныс аударған солтүстік һүндер Алтай тауы мен Іле өзені алқабы, Жетісу өңірі мен Сырдария бойына келіп, бір мезгіл қазақ даласын қоныстанып, жергілікті тайпалармен араласты, осы һүндердің бір бөлегі ежелгі қазақ тайпаларымен тоғысып, оларға сіңіп кетті. Әсіресе күш-көлігі жоқ кедейлері шаршап-шалдыққан жерінде қалып отырды.

«Кейінгі Хан патшалығы тарихы, оңтүстік һүн шежіресінде»: «қоныс аударған һүн тәңірқұты үйсін жеріне көшіп барды» дейді.

Жоғарыдағы деректің айтуынша, батысқа қарай босқан һүндер алдымен үйсін жеріне келген, одан соң қаңлы еліне ауып барған. Осы барыста һүндердің талай тайпасы үйсін елінде қалып қалған. Осы үйсін жерінде қалған һүн тайпалары оңтүстік, солтүстік патшалықтары дәуірінде (5—6-ғасырларда) дамып, 200 мыңдай жан саны бар Иобан мемлекетін құрған.

¹ «Хан патшалығы тарихы, үйсін тарауы».

Иобан мемлекеті жайындағы алғашқы дерек «Уи патшалығы тарихы», мен «Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір шежіресінде» кездеседі. Осы кітаптың «Иобан мемлекеті тарауында» былай дейді: «Иобан елі ... тегінде һүндердің солтүстік тәңірқұтының қол астындағы тайпалар еді. Хан патшалығының арбалы армия генералы Душан өкшелей қуған солтүстік һүн тәңірқұты Алтын таудан өтіп, қаңлы еліне барған. Олардың болдырып, көшке ілесе алмағандары Күшардың солтүстік жағындағы ұлан-байтақ (неше мың шақырымдық) өңірде қалып қалған. Олар кейін келе 200 мыңнан астам халқы бар ел болған».

Бұл тарихи фактілер 200 мыңнан астам халқы бар, ұлан-байтақ өңірге орналасқан Иобан мемлекетінің іргесін үйсін жерінде қалған һүн тайпалары қалағандығын анықтайды.

Иобан мемлекетінің жағырафиялық орны жөнінде «Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір шежіресі, Иобан мемлекеті тарауында» былай дейді: «Иобан мемлекеті үйсіндердің батыс солтүстігінде 10 мың 930 шақырым жерде, Күшардың солтүстігінде орналасқан». «Хан патшалығының тарихы, батыс өңір шежіресі, Күшар тарауында»: «Күшар елі солтүстігінде үйсіндермен шекараласады» дейді. Осы кітаптың «Үйсін тарауында»: «Үйсіндер оңтүстікте қалалық мемлекеттермен шекаралас» деп жазылған. «Ал қалалық мемлекеттер һүндердің батысында, үйсіндердің оңтүстігінде. Олардың оңтүстігі мен солтүстігінен асқар таулар қоршап тұрады», деп анықтайды.¹ Осы қалалық мемлекеттердің бірі — Күшар, оның солтүстігіндегі асқар тау Тянь-Шань тауы, «Солтүстік патшалықтар тарихы, Иобан тарауында» және осы кітаптың «Күшар тарауында» жазылуына қарағанда, осы екі елдің арасын асқар тау бөліп тұрған, бұл таудың оңтүстігінде Күшар елі, солтүстігінде Иобан елі жасаған. Күшар мен Иобанның арасындағы асқар тау Тянь-Шань тауы екені анық. Демек, һүндерден қалған тайпалар іргесін қалаған Иобан елі үйсін жерінде құрылған, бұрыннан осы өңірді мекендеген үйсін тайпалары да осы елдің құрамында болған. Ұлы жүз үйсіннің албан тайпасы 5—7-ғасырларда Жетісу өңірінде құрылған осы Иобан одағына кірген². Қазақ арасында адбан, абдан, адман, атбан деген ру-тайпа аттары да ұшырайды.

«Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір шежі-

¹ «Хан патшалығы тарихы, Батыс өңір шежіресі»

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 1-том, 249-бет

ресі, Иобан тарауында»: «Иобандар — өте таза болады, олар күнделікті үш уақыт тамақтың алды-артында қолдарын жуып, ауыздарын шаюды салтына сіңірген» деп суреттейді. Бұдан қазақтардың тамақтың алды-артында қол жуып, ауыз шаятын әдетінің ертеден келе жатқан ізгі салт екені байқалады.

Батысқа қарай ауған һүндердің бір бөлегі үйсін елінде қалады да қаңлы, алан еліне барады, олардың бір бөлегі қаңлы, алан тайпаларымен араласып, 200 жылдай өмір сүріп, бірте-бірте осы тайпалармен тоғысты, бірқыдыру һүн тайпалары осы ұлыстарға сіңіп кетті.

Батысқа қарай ауған һүндер Еділ мен Днепр өзендерінің аралығына барып, табан тіреп, біраз уақыт дәурен сүрген соң, олардың одағы 5-ғасырда құлады. Һүн қауымы ыдырап, әр жерге тарап кетті. Һүндердің көпшілігі Еділдің төменгі жағына, қырсахараға, Сырдарияның төменгі жағына келіп тоқтады. Олардың кейінгі ұрпақтары оғыз, қыпшақ, қарлық деген аттармен белгілі болды¹.

Кейбір зерттеушілер қазақтың арғын және қыпшақ тайпасын ежелгі һүндермен байланыстырады. Арғын тайпасының елдік аты (этнонимі) «арұғ» (таза, ақ), «ғұн» (һүн) деген екі сөзден құралып, «арұғ — ғұн» (арғын) болған, бұл (таза ғұн), «ақ һүн» мағынасын білдіреді деген болжал айтады. Сондай-ақ қыпшақ тайпасының ұраны «ойбас» сөзін һүн батырының атымен байланыстырады. «Ғылыми жағынан ерекше көзге түсетін жай — арғын тайпасының елдік аты (этнонимі) ежелгі заманда жасаған ғұн елінің атын еске түсіреді. Сол елдің аты арғын тайпасының атында сақталған деуге болады... Қыпшақ елінің ұраны — «ойбас» немесе «ойырбас». Ол ғұндардың атақты батырының аты. Бұл көптеген ғалымдардың қыпшақтар ғұннан тараған деуіне дәлелдің бірі болуға тиіс.²

Археологиялық қазбалардан табылған заттық мәдениеттің куәліктері ежелгі һүндер мен қазақтардың байланысы барлығынан дерек береді. Маңғол ғалымы С. Доржы жазған «Солтүстік һүндер» атты кітаптың I-тарауында «Солтүстік һүндердің молалары» туралы тоқталып, Ноян тауындағы һүн моласынан табылған жүннен істелген бұйымдарды, ою-өрнек кестелерді баяндайды. Бұл моладан шыққан оюлар мен кестелерде әр түрлі дөңгелек, үшкіл пі-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 3-том, 449-бет.

² Бұл да сонда, I-том, 451-бет.

шінді геометриялық ою-өрнектер бар екен, бұларды талдай келіп Доржы былай дейді: «Бұл кестелер мен өрнектер және олардың құрылымы қазіргі қазақ арасында қолданылып жүрген сырмақтардағы ою-өрнектерді еске түсіреді».

Қорытып айтқанда, ежелгі замандағы һүндер батысқа қоныс аударудан бұрын ежелгі қазақ тайпаларымен тығыз байланысты болған. Олар бір мезгіл үйсін, қаңлы, тағы басқа тайпаларды билеген. Солтүстік һүндер батысқа қоныс аударғанда үйсін, қаңлы, алан жерлеріне келіп, одан соң шығыс Европаға қарай ауған. Осы кезде һүндердің бір бөлегі осы өңірлерде қалып, үйсін, қаңлы, алан ұлыстарымен тоғысып, оларға сіңісіп кеткен. 5-ғасырда Еділ мен Днепр аралығындағы һүн одағы ыдырағаннан кейін, бұлардың бір бөлегі қайта толқып, қазақ даласына келіп, олардың кейінгі ұрпақтары оғыз, қыпшақ, қарлық атанып кеткен. Бұл тайпалардың бір бөлегі қазақ халқының құрамына қосылып, қазақ халқын қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Соның үшін ежелгі һүндерді қазақ халқын құраған қайнардың бірі деуге болады.

Жоғарыда баяндалған үйсін, қаңлы, алан ұлыстары өзара тығыз саяси, шаруашылық және мәдени қарым-қатынаста болды, тіпті олар аралас-құралас ғұмыр кешті. Кейбір тайпалар біресе үйсін ұлысының, біресе қаңлылар ұлысының құрамына кіріп отырды. Үйсіндер алғашқы кезде һүндерге бағынды, кейін келе һүндердің бір бөлегі үйсін, қаңлы, аландарға қосылып кетті. Ал қаңлылардың кейде үйсіндерді, кейде аландарды өз қол астына қаратқан кездері де болды. Бұл ұлыстар арасында айырбас сауда жүріп жатты. Бұл қарым-қатынастар оларды бір-біріне жақындата берді.

Кейінгі кезде жүргізілген археологиялық зерттеудің анықтауынша, үйсін, қаңлы, алан ұлыстарының дәуірлеген кезі — темірден жасалған құрал-саймандардың барлық жерде таралған кезі болды. «Үйсіндердің, қаңлылардың, аландардың және басқа тайпалардың мәдениеті сақ тайпалары мәдениетінің заңды жалғасы және дамыған түрі болды. Бұл мәдениет сақтар мәдениетінің негізгі элементтерін қамтып, оны ары қарай дамытты»¹. Бұл ұлыстардың өз заманындағы экономикалық өмірі, даму дәрежесі деңгейлес еді. Осы ұлыстардың молаларынан табылған бұйымдардағы әшекей, ою-өрнектердің қазіргі қазақ арасында қолданылып келе жатқан ою-өрнектермен ұқсас екендігі-

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 55-бет, Алматы, 1957

нің анықталуы¹ қазақ халқының сол ежелгі мәдениеттің мұрагерлері екенін көрсетеді.

Бұл тарауда келтірілген шежірелік деректер мен жазба тарихи мәліметтер және археологиялық, антропологиялық зерттеулер ежелгі сақ, үйсін, қаңлы, алан, һүн, иобан ұлыстарының қазақ халқының арғы атасы және алғашқы ұйтқысы екендігін дәлелдейді.

¹ Академик Мұхтар Әуезовтың аяқталмаған еңбегінде «Ежелгі үйсін мола-сынан шыққан бұйымдардағы ою-өрнектер» атты мақаласында қазақ арасында қолданылған ою-өрнектермен ұқсас екен.

Қазақ халқының
құралу және
даму барысы

Қазақ халқының арғы тегі және негізгі қайнары болған ұлыстар мен тайпалардың тарихы (бейне алдыңғы тарауларда айтылғандай) б. д. д. 7-ғасырдан біздің дәуіріміздің 6-ғасырына дейін созылды. Бұл ұлыстар мен тайпалардың нәсілдік белгілерінде, экономикалық тұрмыс қалпында, мәдениеті мен тілінде жақындық және біркелкілік бар еді. Олар қазақ халқының құралуына алғашқы қайнар, өзекті ұйтқы болды, тарихи даму дәуірінің бел-белестерінде оларға жаңа этникалық топтар келіп тоғысып отырды, осы ұлыстарды ұйтқы еткен қазақ тайпалары бұдан бұрынғы дәуірлерде тайпалық одақтар шеңберінде өз алдына өмір өткізген еді. Олар біздің дәуіріміздің 6-ғасырынан бастап қоғамдық дамудың жаңа сатысына қадам басты, ерте феодалдық және феодалдық-хандықтардың қол астына бас қосып, құрала бастады. Атап айтқанда, 6-ғасырдан 12-ғасырға дейін түрік қағандығының, түркеш қағандығының, қарлық қағандығының, қарахандардың және батыс лиау) кеден) патшалығының қол астында болды. Бұрын өз алдына өмір өткізген ұлыстар мен тайпалардың біртұтас үкіметке бағынып, ұзақ уақыт бойына аралас-құралас бірге жасауы олардың арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланысты күшейте түсті. Бұл ұлыстар мен тайпалар бір-біріне ықпал жасап және өзара жақындасып, этникалық бірігу жолына беттеді, тайпалық айырмашылықтары барған сайын азайып, халықтық қасиеттер молая берді. Экономикалық тұрмыстағы, мәдениеттегі және тілдегі тұтастық бірте-бірте қалыптасуға қадам басты. Сөйтіп сонау заманнан бері келе жатқан қазақ тайпаларының экономикасындағы, тұрмысындағы, мәдениетіндегі және тіліндегі біркелкілік, табиғи түрде этногонездің жалпы заңдылықтары бойынша дамып, халық болып қалыптасудың барысын бастады және дамытты.

БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ

Түріктер турасындағы алғашқы дерек 542-жылдан бастап Жұңгоның жазба деректерінде кездеседі. Түріктер — 6-ғасырда Алтай тауының күн бетін мекендеген көшпелі тайпалар еді. Олар бұл кезде Маңғолиядағы жожан (ағар) хандығына бағынып, алым-салық төлеп, темірден қару-жарақ жасап беріп отырған. Бұл мезгілде Орта Азия өңірін мекен еткен теле (тірек) тайпалары жожан хандығына қарсы аттанады. Бұл хабарды естіген түріктердің ашына тайпасының бастығы Түмен (Бүмин) теле тайпаларына тұтқиылдан шабуыл жасап, елу мың үйлік телені өзіне бағындырып алады. Оларды өзінің тіректі әскері етіп күшейе түскен Түмен, жожан қағаны Анағайдың қызын айттыруға кісі салады. Бұған шамданған Анағай қаған Түменге елші жіберіп: «Сен менің темірімді соғатын құлымсың, бұл талапты қоюға қайтіп батылың барды»¹ деп даттайды. Оған ашуланған Түмен Анағайдың елшісін өлтіріп тастайды. Сонымен бұлардың арасында соғыс туылады, 551-жылы түріктердің басшысы Түмен, жожан қағаны Анағайға қарсы жорық жасап, жожаң хандығының әскерлерін талқандайды, жеңіліске ұшыраған Анағай өзін өлтіреді, 552-жылы Түмен өзін «ел қаған» деп жариялайды². Түрік қағандығының іргесін қалап, шаңырағын көтереді.

Түмен қағанның кіші інісі Мұқан қаған билік жүргізген кезде түрік қағандығы мейлінше күшейеді. Олар жожандардың (аварлардың) хандығын біржола жойып, шығыста кедендерді, солтүстікте қырғыздарды өзіне бағындырады. Батыста ефталиттерді (ақ һүндерді) талқандап, Орта Азия өңіріндегі елдерді қол астына қаратады³. Сөйтіп «Шығыста Лиаухай теңізінің батыс жағалауынан бастап, батыста Каспий теңізіне дейінгі 10 мың шақырымдық өңір, оңтүстікте Гоби шөлінің солтүстігінен бастап, солтүстікте Байқал көліне дейінгі 5—6 мың шақырымдық жерлер түгелімен түрік қағандығына бағынады»⁴. Демек, еліміздің қазіргі шығыс солтүстіктегі өлкелерінен бастап Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ өңірде түрік қағандығы құрылады. Түрік қағандығының ордасы Орхон өзенінің

¹ «Жу патшалығы тарихы. Түрік шежіресі».

² «Сын Жұнмян «Түрік тарихы жайлы жинақ», 500-бет.

³ «Жу патшалығы тарихы. Түрік шежіресі» және «Сүй патшалығы тарихы. Түрік шежіресі».

⁴ «Жу патшалығы тарихы. Түрік шежіресі».

басына көшіп орналасады. Маңғолия мен Орта Азияны мекендеген түркі тілдес тайпалар мен ұлыстар түрік қағандығына бағынады, Алтай тауынан Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпалары да түрік қағандығының қол астына қарайды.

Түрік қағаны Түменнің тағы бір інісі Естеми 552—553-жылдардан бастап батысқа жорық жасаған түрік әскерлерінің қолбасшысы еді. Ол осы жорығында Жоңғария мен Жетісу өңіріндегі және Сырдария алабындағы түрік тілдес тайпалар мен ұлыстарды өзіне бағындырды, 563—567-жылдарда Орта Азиядағы ефталиттер мемлекетін талқандады. Бұл кездер «Естемидің қол астында 10 шад басқарған жүз мың әскер болған. Ол батыс өңірдегі елдерді бағындырған соң, өзін қаған деп жариялады, оның қол астындағы тайпалар «он соқ бодон» (он оқ халқы) деп аталды»¹. Естемидің ефталиттерді күйретіп, батыс өңірдегі елдерді бағындыруы батыс түрік қағандығының негізін қалады. 576-жылы Естеми қайтыс болды, орнына отырған баласы Данже өзін Дарту қаған деп атады.

Осы мезгілде түрік қағандығының ортасындағы аға-інілер арасында өкімет билегіне таласқан ішкі қырқыс туылып, ұлы қаған Шыбараға қарсы шыққан Апа қаған батыстағы Дарту қағанымен тізе қосып, Шыбара қағанға қарсы күресті. Ақырында 582-жылы түрік қағандығы өз ішінен «шығыс түрік қағандығы» және «батыс түрік қағандығы» деп екіге бөлінді. Екі қағандықтың арасындағы шекара Аратүрік ауданы мен Алтай тауы болды. Батыс түрік қағандығының территориясы: Алтай тауынан Тянь-Шань тауына дейін, шығыста Баркөлден бастап, батыста Арал теңізі мен Каспий теңізіне дейін созылған кең алқапты алып жатты. Қағандықтың негізгі тірегі ежелгі үйсіндердің атамекенінде — қазіргі Жоңғар ойпаты мен Жетісуда еді. Қаған ордасы Шу өзені бойындағы Суяп қаласында болды. Осы ұлан-байтақ территорияны мекендеген түрік тілдес тайпалар: үйсін, қаңлы, дулат, түркеш, қарлық, теле, басмол (басмыл), қыпшақ, оғыз, шығыл (шуыл), баһа (жайма) т. б. тайпалар батыс түрік қағандығының құрамына қосылды.

Батыс түрік қағандығы құрылған кезде шығыс жақтан келген түркі тілдес көшпелі тайпалар бұрыннан осы өңірді мекен еткен үйсін, қаңлы ұлыстарына араласып, ете-

¹ «Таң патшалығының көне тарихы. Батыс түрік шежіресі».

не болып, сіңісіп кетті. Енді бұл тайпалар «он оқ бодон» (он оқ халқы), «бес арыс дулат», «бес тайпалы нұшбе» деген жаңа аттармен әйгілі болды. Бұл жаңа одақтар жарыққа шыққан кезде одақтың аты оған үстемдік еткен тайпаның атымен аталды. Алайда, одақ ішінде байырғы аттары да сақталып қала берді. Әскери-тайпалық құрылымдар ондық жүйе бойынша ұйымдастырылды. Бұл осы өңірде ежелгі үйсін заманынан (біздің дәуірімізге дейінгі 2-ғасырдан) бері қалыптасып, дағдыға сіңген дәстүр еді.

Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі, Мауараннахрдағы, Орта Азияның тағы басқа жерлеріндегі отырықшы аймақтар мен қалалар батыс түрік қағандығына тәуелді болды.

Батыс түрік қағандығындағы шаруашылықтың басым саласы көшпелі мал шаруашылығы еді, сонымен бірге, Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында, Алатаудың баурайында егіншілік алқаптары да болды. Олар көбінесе тары мен бидай екті, халықтың бір бөлігі бақшалықпен шұғылданып, жеміс-жидек, жүзім өсірді. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған тайпалар арасында патриархалдық қатынас үстем орында болды. Ал отырықшы, егінші аудандарда феодалдық қатынас қалыптасты.

Жұңго мен Византия арасындағы «ұлы жібек жолы» бұл елді басып өтті. Бұл жол сауда-саттықтың өркендеуіне, жол жағалауындағы қалалардың көркеюіне игі ықпал жасап отырды. Жетісудағы отырықшы аудандар мен қалаларды мекендеген соғдылар егіншілікпен, қолөнерімен, әсіресе сауда-саттықпен айналысты. Олар дипломатиялық жұмыстарға да қатынасып отырды. Көшпелілердің бір бөлігі бірте-бірте отырықшылыққа үйреніп, егіншілікпен айналысты, көшпелі тайпалардың отырықшы қала-қыстақпен шаруашылық байланысы күшейді. Отырықшы соғдылар түрік тілдерінде сөйлей бастайды.

Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналысы жарыққа шықты, сауда мен қолөнердің орталық қалалары гүлденді. Олар: Құлан, Неуакет (Шу алабында), Тараз (қазіргі Жамбыл қаласының орнында), Мерке (қазіргі Меркениң маңында) қалалары еді. 630-жылы батыс өлкелерге келген атақты саяхатшы және будда ғұламасы Шуан Заң өзінің саяхат-естелігінде былай деп жазады: «Сұяптың батысында бір-біріне тәуелсіз, бірақ бәрі түріктерге бағынышты бастықтарға қарайтын он шақты қала бар. Қалаларда халықтың бір бөлігі жер өңдейді, ал

екінші бір бөлігі саудамен айналысады». Сол замандағы Жұнго тарихшыларының басқа деректерінде де, бұл қалалар жәйлі мәліметтер бар. Онда: «Батыс өңірдің қалаларында саудагерлер мен көшпелі малшылар бірге тұрады» деп хабарлайды. Ол кезде көшпелі малшылардың айырбас жасау үшін қырдан қалаға жақындап келіп қонып отыруы әдеттегі жағдай еді. «Ұлы жібек жолының» сауда керуендері осы қалаларға келіп дамылдап, жібек және жоғары сапалы мақта-мата, алтын-күміс бұйымдар, хош иісті майлар және тәтті-тағамдар сатып, өздерінің көлігін көшпелілерден толықтап алып отырды, сонымен бірге бұл қалалар ішкі айырбастың да тұрақты орталығына айналды. Қалалардың халқы іргелес аудандардың шаруалары есебінен өсіп отырды. Қалаларда өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын теміршілік кәсібі, қыш құмыра өндірісі, тоқымашылық, ағашшылық, тері өңдеу, тағы басқа да қолөнері кәсіптері өркендеді.

Батыс түрік қағандығы мен шығыс түрік қағандығының мемлекеттік басқару жүйесі ұқсас болды. Қағандықтың ең жоғарғы билеушісі қаған деп аталды. Ол бүкіл елдің иесі, елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғарғы қолбасшысы болды. Қағаннан соңғы лауазым ұлығ еді. Қағандықты басқаратын әр дәрежелі лауазымдар: япғұ, тегін, шад, еркін, тарқан (дархан), бег (бек), борұк (бұйрық), шор, елтебер, тұтұк деп аталды. Орданы басқаратын лауазым «үй қағаны», азық-түлікті басқаратын лауазым «ет жөні» деген атпен әйгілі болды. Батыс түрік қағандығын түріктің ашина тайпасынан шыққан ақсүйектер биледі. Қағаннан төменгі япғұ, тегін, шад сияқты жоғары лауазымдарға қағанның балалары мен туыстары тағайындалды. Олар қағандыққа қарасты тайпаларды билеп-төстеді және өз үлестеріне тиісті әскерлерге қолбасшылық істеді.

Батыс түрік қағандығында үкімет билігі атадан балаға мұрагерлік жолымен ауысып отырды. «Хан патшалығының ескі тарихы, түрік шежіресінде» былай дейді: «Батыс түрік қағандығының халқы дулы (дулат), нұшбе, қарлық, шоре, шымыр, үбір, тағы басқалар. Олардың ғұрыптары түріктерге ұқсас, тек тілдерінде ғана аздаған айырмашылық бар. Оларды билейтін япғұ, тегіндер әдетте түрік қағанның балалары яки туыстары... Бұл лауазымдардың бәрі де атадан балаға мұраға қалып отырады».

Түрік қағандығында мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі қағаннан бастап ру-тайпа бастығы бектерге дейін жиырма сегіз дәрежелі лауазым иелері болған, олардың барлығы

феодалданып келе жатқан шонжарлар еді. Халықтың негізгі бұқарасы «қара бодун» (қара бұқара) деп аталды. Феодал шонжарларға тәуелді халықтың ең төменгі жігі «тат» делінді. Әрбір бек пен тарқанның өзіне тәуелді «таттары» болды. «Татсыз түрік болмас, бассыз бөрік болмас» деген сөз түрік шонжарлардың бәрінде де осындай тәуелді адамдардың болғандығын дәлелдейді. Батыс түрік қағандығында үй жұмыстарына жұмсалатын құлдар да болған. Бұлар көбінесе соғыс тұтқындары еді.

Халық бұқарасы шонжарларға ауыр алым-салық төлеп отырған. Түрік қағандығы кезінде үрдіс-ұдайы жүргізіліп отырған соғыстарды әскер және ат, азықпен қамдап келген шонжарлар бұрын қауым болып пайдаланып келген шұрайлы жерлерді де жеке иемделіп алып отырған.

Батыс түрік қағандығында бүкіл мемлекетті территорияға бөліп басқару жүйесі болған жоқ, бүкіл ел ру-тайпа жіктері бойынша басқарылды. Қағандықтың негізгі халқы «он оқ» деген он ірі тайпаға бөлініп басқарылды. Бұл ірі тайпалардың бастықтары «шад» деп аталды, сонымен он ірі тайпаны он шад биледі. Он ірі тайпа «оң қанат» және «сол қанат» деп екіге бөлінді. «Сол қанатқа» дулылардың (дулаттардың) бес тайпасы, «оң қанатқа» нұшпелердің бес тайпасы кірді. Сонымен бірге ру-тайпалардың басында шор, еркін, тарқан және бектер тұрды. Қағанның түрлі жерлердегі өкіл әкімі, тегіндер мен япғұлар іс жүзінде бір бағыт армияның қолбасшылары еді. Оларда едәуір дербестік құқық болды. Мемлекеттік лауазымдар жиырма сегіз дәрежеге бөлінгенімен лауазымдардың штаттық шектемі болмады. Сондықтан мұндай мансаптылар барған сайын көбейіп отырды. Оның үстіне бұлардың қол астында әскери күшпен бағындырылған тайпалар болды. Осы жағдайлардың себебінен түрік қағандығы берік бірлестік жасай алмады. Қағанның күш-қуаты әлсіреген, соғыс жорықтарында үлкен сәтсіздікке ұшыраған кездерде яки жергілікті шонжарлардың жасағы күшейген кезде, олар өздерін қаған деп жариялап, қиянкескі қырқыстар мен ішкі соғыстар туып отырды.

Батыс түрік қағандығындағы ру-тайпалардың өзара диалектілік айырмасы болғанымен, олар бірыңғай түркі тілінде сөйледі. Осы кезде бұлардың арасында орхон жазуы кең таралып, жазу мәдениеті жарыққа шықты. Кейінгі заманда сол дәуірден қалған орхон жазуымен жазылған тас жазулар көп жерден табылды. Оны тұңғыш рет оқыған атақты дат ғалымы Томсон еді. Осы тас ескерткіштердің

ең бастысы 6—8-ғасырлардан қалған үш ескерткіш түрік қағаны Могиланның (Білгі қағанның), оның туғаны Күлтегіннің және Түниүкұқтың құлпы тастарына жазылған жазулар. Бұл ескерткіштер әдеби жанр жағынан қазақ әдебиетіндегі батырлар жырына ұқсайды. Бұл ескерткіштің бірі Түниүкұқ ескерткіші. Түниүкұқ — Білгі қағанның қайын атасы және әйгілі әскери маман. Ол жас кезінде он үш жыл Жұңгоның астанасында тұрып тәрбие алған. Ол осы ескерткішті 716-жылы өз қолымен жазған. Түниүкұқ қайтыс болған соң бұл ескерткіш оның моласының басына қойылды. Тарихшы Ма Шаңшудың айтуынша: «Осы Түниүкұқ Алтайдағы Қара Ертісті мекен еткен қарлық елінің Сабек тайпасынан шыққан адам»¹. 13-ғасырдың басында найман Таян ханның хатшысы болып, кейін Шыңғысханға тұтқынға түсіп, оларға ескі ұйғыр жазуын үйреткен Тататұнға осы Түниүкұқтың ұрпағы екен.

Жұңгоның жазба деректерінің дәлелдеуінше, 7-ғасырдың басында батыс түрік қағандығында жазба әдебиет дамып, әдеби дәстүр қалыптасқан. 630-жылы батыс түрік қағандығының астанасы Суяпқа келген будда ғұламасы және Жұңгоның атақты саяхатшысы Шуан Заң өзінің саяхат естелігінде: «Түрік елінің жазуы 25 дыбысқа негізделіп жасалған, оның жазба нұсқалары солдан оңға қарай көлденеңінен оқылады. Олар бір-біріне жазба кітаптар қалдырып отырады. Сөйтіп әдеби білім үздіксіз жалғасып, өрісі кеңейе береді»², дейді. Кейінгі кездерде қазақ даласынан табылған көне түркі тіліндегі көптеген ескерткіштер жоғарыдағы жазба мәліметтерді даусыз дәлелдермен толықтырып отыр.

«Тайпин Хуаниүжи» жинағында: «Түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп қызып алған соң, ән шырқап, бір-бірімен өлең айтысады»³ деп жазылған. Біз бұдан қазақ өмірінің барлық саласында кең жайылып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ақындар айтысының мұнан мың жыл бұрынғы батыс түрік қағандығы дәуірінен бері келе жатқан дағдылы дәстүр екендігін байқаймыз.

Жұңго жылнамаларының айтуынша, батыс түрік қағандығының Орта жазықтағы Сүй, Таң патшалығымен қарым-қатынас, барыс келісі жиі болып отырған. Тіпті одақтық жә-

¹ Ма Шаңшу «Түрік және түрік қағандығы».

² Шуан Заң «Ұлы таң патшалығы тұсындағы батысқа саяхат», бірінші тарауында.

³ «Тайпин Хуаниүжи» 196-бөлім, «Түрік шежіресі» тарауында.

не бағыныштылық байланыс орнаттықан кездері де болған. Бұлардың арасындағы қарымқатынас батыс түрік қағандығының шығыс түрік қағандығынан бөліну қарсаңында-ақ басталған еді. 581-жылы Сұй патшалығының патшасы Уинди өз елшісі Июан Жунды бөрі бас ту көтеріп, Үбірге (аратүрікке) жіберіп, батыс түріктің Дарту қағанымен байланыс жасап, сәлем-сауқат жолдаған. Бұдан соң Дарту қаған да Сұй патшалығына елші жіберген.

584-жылы батыс түріктің Дарту қағаны өз адамдарын бастап Сұй патшалығына барып жолығып тарту тартқан. 586-жылы Сұй патшалығы батыс түрік қағандығына күнтізбе тарту ерткен.

Батыс түрік қағандығының қол астына қараған теле (тірек) тайпалары батыс түрік билеушілеріне қарсы шығып, бір мезет бөлініп кеткен еді. Бұл мәселені шешу үшін, батыс түрік билеушілері Сұй патшалығымен одақтасып, екі жақтың әскери күшін бірлестіре отырып, солтүстікке әскери жорық жасап, теле тайпаларын бағындырған.

611-жылы батыс түріктің Шора қағаны өзінің інілері Дарту Шад, Шыданай тегін қатарлы адамдарды ертіп Сұй патшалығына барған, Сұй патшалығы оған хаса қаған деген атақ берген және Сұй патшасының ханшасы Шын Иді батыс түрік қағаны Шораға қосқан.

618-жылы батыс түрік қағандығының Тұтұқ Япғұ қағаны Таң патшалығына «елші жіберіп, бағыныштылық білдірген». Жұңго жылнамаларында батыс түрік қағандарының Орта жазықтағы патшалыққа өз елшілерін жіберіп тарту жолдап, сый-сияпаттармен қайтқандығы жөнінде көптеген деректер кездеседі.

7-ғасырдың 30-жылдарынан бастап батыс түрік қағандығында ішкі ыдыраушылық өріс алды. Билеуші топтың арасында өкімет билігіне таласқан қырқыстар өршіп отырды. Толассыз жүргізілген шапқыншылық жорықтары мен алым-салықтың ауыртпалығын арқалаған халық батыс түрік қағандығы билеушілеріне наразы болып, қарулы көтеріліске аттанды. Батыс түрік қағандығы билеушілеріне қарсы шығып көтеріліс жасаған тайпалар Таң патшалығына барып бағына берді. Таң патшалығы оларды мейлінше қолдап, бұлардың бастықтарын бауырына тартып шен-шекпен сыйлап отырды. 630-жылы қазіргі Құмыл аймағындағы «Иуыр» (үбір) елінің билеушісі Шыуаннан жеті қаланы тастап, Таң патшалығына бағынды. 632-жылы Ыстықкөл маңын мекендеген шеп тайпасының билеушісі

Хели Таң патшалығына бағынып, өз елін бастап шығысқа қарай көшіп, ішкі өлкелерге қоныс аударды. 635-жылы батыс түрік қағандығы билеушілерінің бірі Ашнашер Таң патшалығына бағынды. 639-жылы батыс түрік қағандығы ақсүйектерінің бірі Ашнамсе Жемсары ауданындағы шоре тайпасы мен Манас маңындағы шымыр тайпасын бастап Таң патшалығына қосылды. Таң патшалығы бұл бастықтарды үлкен мансапқа тағайындап, әскери күш етті.

Таң патшалығы қолдаған тайпалар көтерілісі батыс түрік қағандығын әбден әлсіретті. Олар 634-жылы Сырдариядан батысқа қарай созылған жерлерінен айрылған болатын. Шыбар қағандығының тірегі болған он оқ тайпалары бір-біріне қарама-қарсы екі қанатқа бөлініп кетті. Бұл орайды пайдаланған Таң патшалығы 640-жылы Гаужанды (Тұрпанды) алып, Таң патшалығының «Әнший өкіл әкім» (духу) мекемесін Тұрпанға көшірді. Таң әскерлері 643-жылы Қарашәріні алды. 648-жылы Күшарді алды. Енді өкіл әкім мекемесі Күшарға көшірілді. Күшар алынудың алдында ысты, ботбай, шимойын тайпалары Таң патшалығына бағынған болатын. Таң патшалығының өкіл әкім мекемесі Күшарға көшірілгеннен кейін, Күшар, Қашқар, Қотан, тағы басқа қалалар осы өкіл әкім мекемесіне бағындырылды. Одан соң, Таң патшалығы батыс түрік қағандығына елші жіберді. Батыс түріктің Иби Дулы қағаны бұл елшіні тұтқынға алды да, Таң патшалығының батыс өңірге аттанған әскерлеріне шабуыл жасады. Бірақ бұл соғыс Иби Дулы қағанның жеңілуімен аяқталды. Дулы қаған батыстағы Тохар еліне қашып кетті.

Бұл оқиғалардың бәрі Таң патшалығының Тайзүң патшасы (549—627) тұсында болған еді. 649-жылы Тайзүң патша қайтыс болды. Батыс түрік қағандығындағы Ашынақойлы (Қойлұқ) өзін Шыбар, қаған деп жариялап, қаған ордасын Шу өзені мен Талас өзені аралығындағы Мыңбұлаққа (бың башқа) қондырды да, Таң патшалығының әскерлеріне шабуыл жасады. Бұл соғыс бірнеше жылға созылды. Таң патшалығы Ашынақойлыға қарсы екі рет — 652-жылы және 657-жылы кең көлемді жорық жасады. Ақырында 658-жылғы шайқаста Таң патшалығының әскерлері Ашынақойлыны баласымен бірге тұтқынға түсірді. Бұл оқиға Жүңго жылнамаларында «Ашынақойлының бүлігін басу» деп аталды.

8-ғасырдың басында Батыс түрік қағандығы құлады. Оның соңғы қағанын 704-жылы Құлан қаласында түр-

кештер өлтірді. Енді батыс түрік қағандығының орнына Түркеш қағандығы құрылды. Бұрын батыс түрік қағандығына қараған ұлан-байтақ өңір және оны мекендеген тайпалар түркеш қағандығының құрамына қосылды.

БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫНА ҚАРАҒАН ТАЙПАЛАР

Ежелгі үйсіндердің атамекенін орталық еткен батыс түрік қағандығының негізгі халқы «он оқ бодон» (он оқ халқы) деп аталды. «Таң патшалығы тарихы» қатарлы жылнамалардың баяндауынша, батыс түрік қағандығы құрылған кезде өзіне қарасты негізгі тайпалар мен әскери күшті он ұлысқа бөлген, әр ұлысты бір шад билеген. Ұлысты билеген құқығының нышаны етіп, әр ұлысты билеуші шадқа бір оқ ұстатылып, он ұлысқа он оқ берілген. Осыдан бастап олар «он оқ халқы» яки «он оқ тайпалары» деп аталған.¹ Олар ежелден бері осы өңірді мекен етіп, қазақ халқының құралуына ұйтқы болған үйсін, қаңлы, дулат, тағы басқа тайпалар негізінде қалыптасқан және батыс түрік қағандығының тіректі әскери күші болған.

630-жылы батыс түрік қағандығының қағаны Тұтұқ Ябғу қайтыс болғаннан кейін ел ішінде ішкі толқулар туыла бастады. Шыбара Хилаш қаған тұсында батыс түрік қағандығы екі бөлікке бөлініп кетті: бес тайпалы дулат (дұғлу) — сол қанат, ал бес тайпалы нұшбе (оң шадыпыт) — оң қанат деп аталды.

Бұл иеліктің шекарасы Шу өзені болды. Шу өзенінен шығысқа қарай созылған жерлер мен қазіргі Жоңғар алқабын бес тайпалы дулаттар мекендеді. Ал Шу өзенінен батысқа қарай созылған байтақ өңірді бес тайпалы нұшбелер мекендеді.

Бұл екі иелікке айрылған он тайпаның әр қайсысының өзіне тиісті көшіп-қонып жүретін өріс-қоныстары болды. Бес тайпалы дулаттан құралған сол қанат тайпаларының билеушілері «шор» деп аталды. Ал бес тайпалы нұшбеден құралған оң қанат (оң шадыпыт) тайпаларының билеушілері «еркін» деп аталды. Жұңғоның тарих кітаптарында бұл тайпалардың аттары атынан олардың бастықтарының аты, одан бұл бастықтардың лауазымы тіркеліп жазылған. Мысалы: «түркеш — алаш — шор» деген тіркестегі «түркеш» — тайпасының аты. «Алаш» — осы тайпаны билеуші адамның аты. Ал «шор» — осы адамның лауазымы

(мансабы). «Азғыр — нижұқ — еркін» деген тіркестегі «азғыр» тайпаның аты, «нижұқ» — тайпа билеушісінің аты. Ал «еркін» — сол адамның лауазымы¹. Біз енді бұл тайпалардың тарихы жағдайына тоқталамыз.

ДУЛАТТАР

Дулаттар — қазақ халқының этникалық құрамына қосылған негізгі және белді тайпалардың бірі. Қазақтың байырғы шежірелері дулатты ұлы жүз үйсіннен таратады. Орыс тарихшысы Т. А. Аристовтың қазақ шежірешісі Диқанбайдан (1876-жылы қайтыс болған) жазып алған шежірелердегі дерек бойынша: үйсін Байдыбектің үшінші әйелі Домалақ енеден Жарықшақ туады. Жарықшақтан: албан, суан, дулат болып тарайды. Дулаттан: ботбай, шымыр, сиқым, жаным рулары тарайды. Қазақ ішіндегі дулаттардың таңбасы «о» (күн таңба), ұраны «бақтияр».

Дулаттар тегінде ежелгі үйсін бірлестігіне қатынасқан тайпалардың бірі еді. 6-8-ғасырлардағы батыс түрік қағандығы кезінде үстем орынға шығып, бұрынғы үйсін тайпалары дулат деп аталатын болды. Дулаттар осы дәуірден бастап жазба деректерде жиі кездесіп отырады. Дулат деген ат түрлі тілдегі деректерде «дулы, дулуғ, далу, дулуғас, далуғ, доғлат» түрінде ұшырасады.

Жұңгоның 5-8-ғасырлардағы жазба деректерінде дулат деген ат дулу түрінде жазылған. Осы 5-8-ғасырларда Жұңго тарихшылары дулу деп жазған халықты парсы авторлары «дұғлат», яки «дүкүлат» деп жазған². Дулу деген сөзді кейбір зерттеушілер тұғлуқ, дұғлы дегеннен шыққан деп топшылайды. Атақты шығыс зерттеушісі Н. Я. Бишурин мен Г. Е. Грум-Гржимайлоның жазғанына қарағанда, біздің жыл санауымыздан екі ғасыр бұрын өз алдына хандық құрған үйсін тайпалар одағында дулу тайпасы да болған. Үйсіннің күнмуы (күнбиі) қартайған шағында он ұлының үлкенін өз орнына тағайындайды, бірақ ол көп ұзамай дүниеден қайтады. Өлерінде ол орнын өзінің тұңғыш баласына беру туралы әкесіне тілек білдіреді. Әкесі оның орнына әрі батыр, өрі тапқыр баласы Далуды қойғысы келсе де, көңілін қимай

¹ «Таң патшалығы тарихы. Түрік шежіресі».

¹ «Жұңго тарихы сөздігінің» түрік тармағына қараңыз.

² С. Аманжолов «Қазақ тілінің тарихы мен диалектология мәселелері», Алматы, 1960.

уәде етеді. Қарт күнму тақ үшін таласта немересін Далу мерт етер деп ойлап, екеуіне де елмен қоса он мыңнан аса атты әскерді еншіге беріп... біреуін (немересін) Ыстық көлге, Далуды Іленің бойына қондырады. Содан соң Далудың еншісіне тиген ел Дұлұ, далұғ, дулұғ аталып кетеді. Олар кейін дұғлат, дулат атанған¹.

6-8-ғасырлардағы батыс түрік қағандығы тұсында бес арыс ел атанған дулаттар, ежелгі үйсіндердің атамекенін қоныстанған іргелі ел болып, қағандықтың іргесін қалаған «он оқ халқының» қақ жарымын ұстайды. Олар қазіргі солтүстік Шинжаңды және Жетісу өңірін қоныстанды. Олардың батыстағы шекарасы Шу өзені еді.

Жұңғоның ескі тарих кітаптарында дулаттардың бес тайпасы мына түрде берілген:

1. Түркеш — алаш — чор ұлысы:
2. Қойлау — күлүг — чор ұлысы:
3. Чимойын (шимугін) — лұи — чор ұлысы:
4. Ысты — тон — чор ұлысы:
5. Жаныс — шопан — чор ұлысы.

Жоғарыдағы түркеш, қойлау, шимойын (шимугін), ысты, жаныс тайпа аттары, алаш, күлүг, лұи, тон, шопан дегендер тайпа бастықтарының аттары, чор олардың лауазымы². Дулат тайпалары туралы жоғарыда көрсетілген жазба деректер қазақ шежіресіне негізінен үйлеседі.

Дулаттың бес тайпасының ішіндегі ең күштісі және иеленген жері кеңі түркеш (сары үйсін) тайпасы еді. Ол Таң патшалығы дәуірінде Іле өзені мен Шу өзені аралығындағы ұлан-байтақ өңірді мекендеген. «Таң патшалығының тарихы. Жағрафия тарауында» айтылуына қарағанда, Таң патшалығы батыс өңірді бірлестіргеннен кейін, түркештер екі аймаққа бөлініп бағынған. Оның бірі: түркеш-сұғамұқы ұлысы деп аталып, Лұңшүн — аймағына, екіншісі: түркеш-алаш ұлысы деп аталып, Жесан аймағына бағынған³. Бұл деректердегі «сұға», «мұқы», «алаш» дегендер түркештің тайпа көсемдерінің аты еді. Қойлау тайпасы қазіргі Барлық тауы мен Ебнор көлі атырабын мекен еткен. Олар Янбо аймағына бағынған⁴. Шимойын тайпасы қазіргі Тарбағатай (Шәуешек) атырабын қоныстанып, Боян аймағына қараған⁵. Жаныс тайпасы Еренқабырғаның

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 4-том, 41-бет.

² «Жұңго тарихи сөздігі, түрік тарауы».

³ «Таң патшалығы тарихы, Жағрапия тарауы», 7-бөлім, 1130-бет.

⁴ Бұл да сонда.

⁵ Бұл да сонда.

үстіртіндегі Үлкен жұлдызбен Кіші жұлдызды өріс-қоныс етіп, Иңса аймағына қараған. Ысты тайпасы Іле өзенінің шығыс алқабы мен қазіргі бұратала өңірін мекендеп, қос өзен аймағына қарасты болған.¹ Осы кезде дулат тайпасының бірі болған шымыр (чуми) қазіргі Кұтыби, Манас өңірін мекен еткен, олардың шығысында, қазіргі Жемсары ауданының маңында чуио тайпасы тұрған. Бұл тайпалар 639-жылы Ашнамсенің бастауымен хан патшалығына бағынған². Дулаттың ботбай тайпасы 648-жылдар шамасында шимойын, ысты тайпаларымен бірге Таң патшалығына бағынған³. Бұлардың бәрі де байырғы қазақ шежіресі бойынша үйсін-дулат ұлысынан тарайтын тайпалар. Олардың ішіндегі қойлау (ителі) және шимойын қазіргі керейлер ішіндегі белді тайпалар қатарына жатады.

Бұл тайпалардың 6-8-ғасырлардағы өріс-қонысы ежелгі үйсіндердің атамекені еді. Атап айтқанда олар Шу өзенінен шығысқа қарай созылған Жетісу жері мен Жоңғар өңірін мекендеген. Дулаттар бұдан соңғы дәуірлерде де осы өңірді мекен етіп, шағатай хандығы мен Моғолстанда үстем орында болған.

НУШБЕЛЕР (НУШУБИ)

Батыс түрік қағандығының оң қанатына (оң шадыпыт) жататын тайпалар — бес тайпалы нүшбе деп аталды. Бұл тайпаларды билейтін лауазым «еркін» деген атпен әйгілі болды. Жоғарыда айтылған дулаттардағыдай, нүшбелерде де тайпаның аты оны билеушінің атымен және лауазыммен қатар аталатын болған. Тарихи деректердің айтуынша, нүшбелерге төмендегі бес ұлыс кірген:

1. Азғыр (әскіл) — күл — еркін ұлысы;
2. Қасо — күл — еркін ұлысы;
3. Барысқан (барсаған) — тон ашбар — еркін ұлысы;
4. Азғыр (әскіл) — нижұқ — еркін ұлысы;
5. Қасо — шопан — еркін ұлысы⁴.

Жоғарыдағы; азғыр, қасо, барысқан... дегендер тайпа-

¹ «Таң патшалығының көне тарихы, түрік шежіресі».

² Бұл да сонда.

³ «Таң патшалығының көне тарихы», «Таң патшалығының жаңа тарихы».

⁴ «Таң патшалығының көне тарихы», «Таң патшалығының жаңа тарихы».

лардың аттары. Бұл — күл, тон, ашпар, нижүк, шопан дегендер сол тайпаларды билеген адам аттары, еркін олардың лауазымы (мансабы)¹.

Азғырлар (әскілдер) батыс түріктің нүшбе одағындағы ең күшті тайпа еді. Шыбар Ахилаш қаған тұсында, оң оқ тайпалары сол қанат және оң қанат болып екі иелікке айрылғанда, азғырлар екі ұлысқа бөлінген. Оның бір ұлысын Күл еркін, екінші ұлысын Нижүк еркін билеген. 637-жылы Күл еркін мен Тон Тұтұқ тізе қоса отырып, Шыбар Ахилаш қағанды орнынан түсіріп, Иби Дулы (тұлық) қағанды хан көтерген³.

Қасо тайпасы алғашқы кезде батыс түрік қағандығының шығыс жағында тұрған қуатты тайпа еді. Ол кезде қарлықтармен аралас жасап, шуио, шымыр, бесене тайпаларымен көрші отырған. Кейін келіп батыс түрік қағандығының оң қанатындағы нүшбелер құрамына қосылған. Батыс түріктің Шыбар Ахилаш қағаны тұсында қасо тайпасы екі ұлысқа бөлініп, оның бірін Күл еркін, екіншісін Шопан еркін билеген. Қасо тайпасы қарлықтар қатарында шығыстан батысқа қоныс аударып келген. Араб авторы Әл-Ауфи қарлықтардың ішінде «үш ұлыс қазақ» бар деп осы қасоларды айтқан болса керек.

«Таң патшалығының көне тарихы. Түрік шежіресінде: «Теле (тірек) ... қатарлы елдер бағынғаннан кейін, олардың халқы дулат, нүшбе, қарлық, шуио, шымыр, обырлерге араласып, сіңісіп кетті дейді. Бұл дерек, жоғарыдағы тайпалардың ішінде көптеген теле (тірек) рулары болғандығын көрсетеді.

КАСАЛАР (ҚАЗАРЛАР)

Жұңго жылнамаларының жазба деректерінде, түрік қағандығына қарасты тайпалардың бір бөлегі «каса», «хаса», «аса» деген аттармен аталған. Бұл кітаптың екінші тарауында «қазақ» деген атау туралы тоқталғанда, осы «каса», «хаса», «аса» деген сөздер «қазақ» атауының ханзу тіліндегі деректердегі бір түрі деген пікірлер баяндалған болатын.

Жұңгоның тарих кітаптарында осы касалардың

¹ «Жұңго тарихы сөздігі. Түрік тарауы».

² «Жұңго патшалығы тарихы, түрік шежіресі».

жағырафиялық жағдайы жөнінде бір қыдыру жанама деректер кездеседі. «Таң патшалығының көне тарихы. Батыс өңір шежіресі, парсы тарауында»: «Парсы елі... шығыс жағында тохарлармен және қаңлылармен шекаралас, олардың солтүстіктегі көршісі түріктің қаса ұлысы. Ал батыс солтүстік жағында шығыс Рим бар. Батысы мен оңтүстігі ұлы теңізге тіреледі» дейді.

«Таң патшалығының жаңа тарихы, батыс өңір шежіресі, Хорезм тарауында»: «Хорезм елі... Шығыс оңтүстікте парсылармен шекаралас. Олардың батыс солтүстігі түрік касаларымен тұтасады» дейді.

«Таң патшалығының жаңа тарихы, батыс өңір шежіресі, Рим тарауында»: «Рим елі батыс теңіз төңірегінде, астанадан қырық мың шақырым қашықтықта, Зан елінің (Сириядағы Дамаскінің) батысында тұрады. Олардың солтүстігінде түрік касалар қоныстанған. Батыс жағы ұлы теңіз, бұл — қалалы ел. Шығыс оңтүстігінде парсылар бар» деп жазылған. Араб, тағы басқа елдердің жағырафиялық жағдайы жөніндегі деректерде осы касалардың тұрған орны туралы жанама деректер келтіріледі.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда, түрік қаса елі оңтүстікте Иранмен шекаралас, шығыс оңтүстікте Хорезммен іргелес ел. Оның орны түрік қағандығының батыс бөлігінде, яғни, заманымыздан бұрынғы асалардың (аландардың) ежелгі мекенінде болған. Бірақ тым алыста болғандықтан ханзу тіліндегі тарих кітаптарында бұл жөніндегі дерек мардымсыз.

Парсы тілінде жазылған «Хүдүд әл-ғалам» (Әлем шекаралары) атты шығармада қазарлар (касалар) жайында былай дейді: «Қазарлардың шығыс жағында теңіз бен тау аралығында ұзын қорғаны бар, қалған жері теңіз маңы мен Еділ өзені алабында. Олардың оңтүстігінде Салыр, батысында Ұлы тау бар... Бұл аса көрікті, гүлденген, бай ел. Оларда қой мен сиыр көп, шетке көптеген құл шығарып сатады»¹.

«Қазарлардың астанасы және ханның тұратын орны Еділ өзенінің жағасында, қазарлардың патшасы Дарқан қаған деп аталады... Қаған және оның барлық әскерлері қаланың батыс бөлігінде тұрады. Оның қорғаны бар. Ол қаланың тағы бір бөлігінде мұсылмандар мен мажу-

¹ «Хүдүд әл-ғалам» (ханзуша аудармасы). 221 бет.

силер тұрады. Бұл қалада қағанның жеті ұлығы бар. Бұлар жеті түрлі дінге сенеді. Әр қандай уақытта, елулі дау-шар туылса қағаннан нұсқау сұрайды, яки бұл шау-дар жөніндегі бітімді тағанға мәлімдеп отырады¹.

«Қазарлардың 4—5 қаласы бар, оның базарында саудагерлер сауда-саттық істейді. Қазарлар жауынгер келеді. Жау-жарағы сай. Қазар ханының тұрмыс игіліктері мен байлығының көбі сыртқы бажыдан келеді»².

«Хүдүд әл-ғаламның» деректеріне қарағанда, қазарлардың бір бөлегі мал шаруашылығымен шұғылданған. Енді бір бөлегі қала-қыстақтарға орнығып, саудамен, жер өңдеумен айналысқан. Оларда бір қыдыру қала, базарлар болған, онда сауда маңызды орын ұстаған, жан-жақтан келген саудагерлер қазар ханына бажы төлеп отырған.

Бұл деректерде айтылған «хазар» (қазар) қағандығы — батыс түрік қағандығының ыдырауы нәтижесінде төменгі Поволжье мен солтүстік Кавказдың шығыс бөлегінде 7-ғасырдың ортасында құрылған алғашқы феодалдық мемлекет... «Қазар қағандығының астанасы Итіл қаласында (төменгі Еділде) болды»³.

Әйгілі ғалымдардың бірсыпырасы қазарларды қазақтармен байланыстыра қарайды. Әйгілі ғалым Әлкей Марғұлан өзінің «Тамғалы тас жазуы» атты мақаласында былай дейді: «...ғалымдардың зерттеуінше: Қазар «қазақ» тайпалары Каспий теңізінің төңірегінде, солтүстік Касказда ерте кезде қоныстанған, қазақтар Орта Азиядан Алтай, Саян тауына дейін белгілі... Қазақтар арабтар келмей тұрып Арал, Каспий теңізінің төңірегінде хазарлармен байланысты болған. Н. Я. Марр мен Б. Грозный келтірген «қаз», «хаз» сөзі екеуіне бірдей. Хазарлар ортасында «қаза оғ», «бершілік» деген екі ұлы қауым болған. Бір тамаша жері, беріш осы күнге дейін кіші жүз ұлысының бір ұлы тайпасы»⁴. Тарихшы М. Ақынжанов: қазақтың кіші жүз руларының кейбіреуі хазар хандығының құрамында болды⁵, дейді.

¹«Хүдүд әл-ғалам, қазар тарауы» (Ханзуша аудармасы).

²Бұл да сонда.

³«Қазақ совет энциклопедиясы, II-том, 557-бет.

⁴Әлкей Марғұлан «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз» журналы, № 1, 1984.

⁵М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы».

ТҮРКЕШ ҚАҒАНДЫҒЫ

Түркештер — батыс түрік қағандығындағы бес арыс ел дулаттың белді тайпасы. Дулаттар — ежелгі үйсін күнбиі Елжау бидің ортаншы ұлы Дулының (Дайоннның) үлесіне тиген он мың үйден өсіп-өрбіген, дулы (дұғлұ) ұлысы дегеннен дулат (дұғлат) атанған. Демек, түркештер ежелгі үйсін дулы ұлысының ұрпағы. Олар шежіре деректерде «сары үйсін» деп те аталады. Қазіргі қазақ ішінде (қаңлы ұлысында) түрке (түркеш) деген тайпа аты сақталған. Дулар ұлысы заманымыздан бұрынғы 2-ғасырдағы ежелгі үйсін заманында-ақ Іле өзені өңірін мекендеген.

6-ғасырдан басталған Батыс түрік қағандығы дәуірінде дулат тайпасы болған түркештер Іле өзені мен Шу өзені аралығында, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрді. Бұл өлке мал шаруашылығына қолайлы, құнарлы өріс-қоныс болуымен қатар, отырықшы егіншілік ошағы, бір шама көркейген қалалары бар бай өлке еді. Шығыспен Батыс арасындағы сауда-керуен жолының осы өңірді басып өтетін басты бөлегі түркештердің бақылауында болды. Мұның өзі түркештердің әскери, саяси және шаруашылық қуатын арттыра түсті.

Батыс түрік қағандығы құлағаннан кейін, түркештер тез арада күшейіп, тарих төріне шығуға талпынды. Түркештердің көсемі Ожелы (Огелы) алғашқы кезде Ашына құслұның қол астындағы бағатарқан еді. Ашына құслұның жолсыз озбырлығынан жиренген түркеш қауымы жұртқа жайлы майталман Ожелының төңірегіне топталады. Ашына құслұ Чаң-анге кетеді, оған қараған жер мен ел Ожелыге қалады. Ожелы түркеш ұлыстарын біріктіріп, басқару жүйесін қалыптастарады. Өзіне қарасты елді әр қайсысында жеті мың тұрғыны бар жиырма әкімшілік аймаққа айырады. Бүкіл ел оң қанат және сол қанат болып екі үлкен ұлысқа бөлінеді. Бұл кезде Ожелының ордасы Шу өзенінің батыс солтүстігінде еді. Бұдан соң Ожелы түркеш әскерлерін бастап бұрынғы Батыс түрік қағандығының астанасы Суяп қаласына шабуыл жасап, оны алады, өзінің ордасын осы Шу бойындағы Суяп қаласына көшіреді. Түркеш қағандығының ұлы астанасы Суяп қаласында, кіші астанасы Іле өзені бойындағы Қойлық (Күнгіт) қаласында болады. «Таң

патшалығының көне тарихында» айтылуына қарағанда, бұл кезде түркештердің территориясы: «Шығыс солтүстікте түрік қағандығымен қанаттас, батыс оңтүстікте соғдылармен, ал шығыс оңтүстікте Шитің аймағымен шекаралас болған¹. Түркеш қағандығы Батыс түрік қағандығының жері мен еліне иелік еткен.

699-жылы Ожелы батыр өзінің баласы Женуді Таң патшалығына елші етіп жіберіп, тарту тартады. Таң патшалығының патшасы У Зытияң бұл елшілікті зор ілтипатпен қарсы алып, Ожелыны «дуду» (уәли) етіп тағайындап, бұрынғы Батыс түрік қағандығына қарасты ұлыстарды басқаруды тапсырады².

Бұл мезгілде қайта қалпына келген Шығыс түрік қағандығы (соңғы түрік қағандығы) күшейіп алып, төңіректің төрт бұрышына соғыс жорығын жүргізіп жатқан. Оның үстіне тобандар (тибет) күшейіп, Тянь-Шаньның оңтүстігіне басып кірген болатын. Бұрынғы батыс түрік қағандығына қараған оң оқ тайпалары батыраңқы жағдайда тұрған еді. Бұл жағдайды жете ұғынған Таң патшалығы түркештерді мейлінше қолдады. Олардың батыс өңірдегі ұлыстарды қол астына қаратып, бұл өңірде баянды жағдайды жарыққа шығаруын үміт етті, сондай-ақ түркеш билеушілерін бауырына тартып, олармен тізе қоса отырып, шығыс түрік қағандығына және тобандарға қарсы күресуді мақсат етті. Түркеш қағандығының іргесін енді ғана жайғай Ожелы де Таң патшалығымен тізе қоса отырып, он оқ тайпаларын өзіне бағындыруға және Шығыс түрік қағандығының қаупінен қорғануға талпынды. Таң патшалығы өкіметі өз мақсатын орындау үшін, 706-жылы Ожелыны «Хуайды жүн уаң» (игі хан) деп жариялады. Осы жылы қыста «Таң патшалығының анчи өкіл әкім ордасының бастығы Го Июанжин түркеш қағаны Ожелымен соғыс жорығын жасау жолында келіссөз өткізеді. Бұл келіссөз аса тығылтаяң жағдайда болады. Олар қақаған аяз, қарлы боранға қарамай, соғыс шатыры алдында тұрып ұзақ сөйлеседі. Жасы әбден ұлғайған қарт қолбасы Ожелыге осы арада қатты суық тиіп, мұрттай ұшып жығылады да, ұзамай қайтыс бо-

¹«Таң патшалығының көне тарихы. Батыс түрік шежіресі».

²«Таң патшалығының жаңа тарихы. Түрік шежіресі, түркеш тарауы»

лады»¹. Оның орнына Саға (Ожелының үлкен ұлы) дуду, «Хуайды Жүн уаң» және сол қанат әскерлерінің қолбасшысы болып тағайындалады². Бұл кезде Түркеш қағандығының әскері екі жүз мың адамға жетіп, мемлекеттік күш кемеліне келген еді. Таң патшалығы Ашына Хуайдауды елші етіп жіберіп, «орда сарай жұмысын істейтін төрт адам тарту етеді және куәлік жолдайды»³. 708-жылы түркеш көсемі Саға Таң патшалығының астанасы Чаң-анге елші жіберіп рақмет айтады. Таң патшалығының Жуң Зүң патшасы елшіні ілтипатпен қабылдайды⁴.

708-жылы «түркештердің басшысы Саға өзін қаған деп жариялайды... Таң патшалығы Сағаны он төрт тайпа қағаны деп мойындайды». Бұдан бұрынғы Батыс түрік қағандығы кезінде билік басында болған түріктің Ашына тайпасынан шыққан ақсүйек Ашына Күл Чор Жүнженің қызғанышы қозып, Саға қағанға қарсы әрекет жасайды. Бұлардың арасында бұрыннан келе жатқан өшпенділік бар еді. Нәтижеде, Саға мен Жүнже арасында қырқысқан қан төгіс соғысы басталады. Таң патшалығының батыс өңір өкіл әкім мекемесінің бастығы Го Иуан Жин Сағаны қолдайды, ол: Саға тек Жүнжеге ғана қарсы, Тан патшылығына қарсы емес. Батыс өңірдегі соғыс аласапыранынан сақтану үшін, Жүнжені Таң патшалығының астанасы Чаң-анге шақыртып әкету керек дейді. Бірақ Таң патшалығының бас уәзірі Зүң Жукі бұған қарама-қарсы майданда тұрып, Ашына Жүнжені қолдайды. Ол: Таң патшалығы әскер жіберіп Жүнжеге көмектесу керек, тобандармен тізе қоса отырып Сағаны жою тиіс, дегенді қуаттайды. Бас уәзір Зүң Жукі Жүнжеден 700 сәрі алтын пара алған еді. Бұл жағдайды ұғынған түркеш қағаны Саға олардан бұрын қимыл жасап, Таң патшылығының Ашына Жүнжеге жіберген елшісін ұстап өлтіріп тастап, Таң патшалығына қарасты төрт қалаға шабуыл жасайды. Одан соң Таң патшасына елші жіберіп, бас уәзір Зүң Жукіге өлім жазасын беріп, басын алып, қала қорғанының қақпасына асу жөнінде кесетпе тап-

¹«Таң патшалығының көне тарихы. Го Иуан Жиннің өмі - баяны».

²«Тарих-айна», 208-бөлім.

³«Таң патшалығының жаңа тарихы. Түрік шежіресі, түркеш тарауы».

⁴Бұл да сонда.

сырады. Мұны естіген Зұң Жүкі Сағаға қарсы жазалау жорығына аттанбақ болады. Батыс өңір өкіл-әкімі Го Иуан Жин Таң патшасына хат жазып, жағдайды түсіндіріп, Сағаның жазықсыз екенін, оның тек Жүнжеге ғана қарсы тұрғандығын, Таң патшасына қарсы емес екендігін дәлелдейді. Таң патша өкіметі Го Иуан Жиннің пікірін мақұлдап, Сағаның жазығы жоқ деп жариялайды және оның он оқ (он тайпа қағаны екенін мойындайды¹). Сонымен батыс өңірде ел іргесі орнығады. 709-жылы түркеш қағаны Саға Хан патшалығы астанасы Чаң-анға елші жіберіп, адал ниетпен алғыс айтады.

Орхон жазуымен (716-жылы) жазылған «Түниүкүк мәңгі тасындағы» сөздерге қарағанда: осы кезде Таң патшалығы түркеш қағандығының қол астындағы он оқ халқымен бірлесіп шығыс түрік қағандығына қарсы жорыққа аттануға дайындалған. Бұл хабарды түркеш жақтан бір адам барып түріктерге мәлімдеп қойыпты, бұл ескерткіште: «түркеш қағанынан хабаршы келді, сөзі мынадай: шығыстан қағанға (шығыс қағандығына) әскер аттандырмақ болды... түркеш қағаны жиналды, он оқ халқы қалмай жиналды, табғач (Таң патшасының) әскері бар еді. «Үш хабаршы кісі келді, сөзі бір: қаған әскері аттанды, он оқ әскері қалмай аттанды, Парсы жазығында бірігеміз десті деді»², деп жазылған. Таң патшалығының жылнамаларында бұл жөнінде нақтылы дерек кездеспейді, бірақ түркеш қағаны Сағаның інісі Жену өз үлесіне тиген жер мен елді азсынып, ағасы Сағамен қарсыласып, шығыс түрік қағандығына қашып барғаны айтылады. Жену түрік қағанына барып, олардың әскерін бастап келіп Сағаны жоймақ болады. Бірақ шығыс түріктің Бөгі қағаны оған жол бастатпайды, өзі жиырма мың әскерімен түркештерге шабуыл жасап, Сағаны тұтқынға түсіріп, түрік ордасына апарып өлтіреді, хан ағасына қастық сайлап, еліне опасыздық істеген Женуда марқадам таппайды, шығыс түріктің Бөгелі қағаны Женуді ағасымен бірге өлтіреді. Жоғарыдағы Орхон тас жазуында: «Асусыз Алтай тауынан асып, өткелсіз Ертіс өзенінен өтіп, түркештерге шабуыл жасап, қағанын тұтқынға

¹ «Тарих-айна», 209-бөлім.

² «Түниүкүк ескерткіші».

түсірдік, япғұсын, шадын өлтірдік»¹ дейді. Айтылуы әркелкі болғанымен, бұл екі түрлі дерек бір оқиғаны баяндайды.

Саға қаза тапқан соң, түркештің шеп тайпасының бастығы Сұлу шор түркеш елінің басын құрап, өзін қаған деп жариялайды. Сұлу қол астындағыларға қайырымды, ел басқаруда ақыл-айласы мол адам еді. Сұлу әр жолғы соғыс жорықтарында түскен олжаны өзі иемденбей, қолбасшылары мен әскерлерге және қауым жұртқа бөліп беріп отырды, қол астындағыларды аялап жұмсады².

Сондықтан қалың түркеш қауымы Сұлуға мейлінше беріледі. Тарихи деректер «Сұлудың қол астындағы адам екі жүз мыңға жетіп, батыс өңірдегі басым күшке айналды»³, деп жазады.

Сұлу қаған кезінде түркеш билеушілерінің Хан патшалығымен барыс-келісі, қарым-қатынасының едәуір жиі болғаны жайында Жұңго жылнамаларында бірқыдыру дерек бар. Бұл деректерде: 717-жылдан 734-жылға дейінгі он жеті жыл ішінде түркештерден Таң патшалығына жеті рет елші барып, тарту тартып қайтқандығы жайында мәлімет берілген.

Түркеш қағандығы тұс-тұстан төнген қауіп-қатер астында арпалысып өмір өткізді. Оның сыртқы саяси жағдайы ауыр болды. Осы кезде Орта Азия халқына, сондай-ақ түркеш халқына төнген басты қауіп батыстан қаптаған араб шапқыншылары болды. Түркеш қағаны Сұлу Орта Азия елдерімен бірлесе отырып, араб шапқыншыларына қарсы қажырлы күрес жүргізді. Араб әскерлеріне бірнеше рет тойтарыс беріп, өзінің елі мен жерін, батыс өңірдің бейбітшілігін қорғау жолында елеулі үлес қосты. 737-жылы түркештер соғдылармен бірлесіп, Амудария жағасында арабтармен соғысты. Бірақ бұл шайқаста арабтар жеңіп шықты. Араб шабуылынан қашқан соғдының шаруалары, қолөнершілері және саудагерлері ағылып түркеш қағандығының территориясына келіп жатты. Арабтардың Орта Азияға басып кіруі үлкен аласапыран туғызды. Отырықшы, егінші аймақтар мен мал шаруашылы-

¹Бұл да сонда.

²«Таң патшалығының көне тарихы, түрік шежіресі, түркеш тарауы».

³Бұл да сонда.

ғының күйзелуіне әкеліп соқты. Мұның бәрі бүкіл Орта Азия халқының, сондай-ақ түркеш қағандығының саяси, шаруашылық жағдайын ауырлата түсті.

Осындай ауыр жағдайда түркеш билеушілерінің өз ішінде үкімет билегіне таласқан қиянкескі қырқыс өрістей түсті. Сұлу қаған өз үстемдігінің соңғы мезгілдерінде алым-салықтан кірген кірістер мен соғыс жорықтарынан түскен олжаларды бұрынғыдай тайпа ақсүйектеріне үлестірмей, мемлекеттің «бөлінбес» байлығы еткен еді. Бұл ру-тайпа ақсүйектерінің қарсылығын қоздырды. 738-жылы түркештің тайпа ақсүйектері Баға тарқан мен Домжы (Допшы) астыртын ақылдасып, әскерлерін бастап түнде тұтқиылдан шабуыл жасады да, Сұлу қағанды өлтірді. Домжы бұдан соң Баға тарқанға ақыл салмай, өз бетімен Сұлу қағанның баласы Тоқсан Күл Шорды Суяп қаласына әкеліп қаған тағына отырғызды. Онан кейін Талас қаласындағы қара түркеш ханы Ерой тегінді өзіне қосып алып, Баға тарқанға шабуыл жасады. Баға тарқан Таң патшалығының батыс өңірдегі өкіл әкімі Гай Жияюүнге барып әскери көмек сұрады: Таң патшалығының Шуанзуң патшасы батыс өңір өкіл әкімі Гай Жияюүнге бұйрық беріп, Домжыға қарсы жазалау жорығын ұйымдастырды. Таң әскерлері түркеш қағандығының астанасы Суяп және Талас қаласына шабуыл жасап, бұл қалаларды алды. Қара түркеш ханы Еройді өлтіріп, Тоқсанды тұтқынға түсірді. Батыс өңірдегі толқуды тоқтату үшін, Шуанзуң патша тұтқынға түскен Тоқсанға кешірім етіп, «қолбасы», «уяң» деген атақ берді.

Таң патшалығының түркеш еліне соғыс жорығын жасауына түркеш ақсүйектері арасындағы қиян-кескі қырқыс мұрындық болды. Таң патшалығының осы оқиғада қолданған тұрпайы тәсілі түркеш халқының қатты наразылығын қозғалы. Таң патшалығы үкіметі 748-жылы ашына тайпасы ақсүйектерінің бірі, Ашынашын деген адамды «он оқ қағаны» деп тағайындап, түркеш қағандығына жіберді. Бұрын өздеріне өктемдік еткен ашына тайпасының ақсүйектерінен түркеш халқы қатты жиренетін еді, сондықтан Таң патшасының Ашынашынды демеп, түркеш тағына отырtpaқ болған әрекетіне қажырлы қарсылық көрсетті. Қаған тағына отырмақ болып келе жатқан Ашынашынды жол-жөнекей Баға тарқан өлтіріп тақтады.

Осы оқиғадан соң түркеш қағандығында Елетмыш Құтлұғ Білгі қаған (747—753), Тәңгірі Ілміш қаған (753—756), Ата Бойла қаған (756—766) билік жүргізді. «Сфуиуангой» жинағында түркеш қағандығынан 746—755-жылдар аралығында Таң патшасына бес дүркін елші барғаны хабарланған. Бірақ бұл дәуірдегі жағдайда үлкен өзгерістер болған еді.

8-ғасырдың ортасына дейін Орта Азияның көп жерін жаулап алған араб әскерлері түркеш қағандығының территориясына төніп келе жатты. Олар 751-жылы Таң әскерлеріне килікті. Ұрыс Талас өзені бойында, Атлах жанында болды. Таң патшалығының әскерлері жеңіліс тауып шегінуге, одан кейін Жетісуды қалдырып кетуге мәжбүр болды. Бірақ арабтардың да жұнғолықтарымен соғысқаннан кейін онан әрі шығысқа қарай жүре беруіне күші болмады¹.

757-жылы тоғызыншы айда Орта жазықта Ән Лушан, Шы Сымиңдердің Таң патшылығына қарсы көтерілісі бұрқ ете түсті. Бұл көтеріліс әскери күшпен жанышталғанымен, Таң патшылығының негізін шайқалтып тастады. Ішкі өлкедегі көтерілісті басумен арпалысып болдырған Таң патшалығында түркештердің ішкі ісіне араласарлық қауқар қалмаған болатын.

Түркеш қағандығы соңғы дәуірде сары түркеш және кара түркеш деп екі иелікке бөлінді. Сары түркештің ордасы Шу өзені бойындағы Суяп қаласында, кара түркештің ордасы Талас өзенінің бойындағы Талас қаласында болды. Бұлар бірі-бірімен жауласты. Ішкі-сыртқы соғыстар түркеш қағандығын әбден әлсіретті. Тегінде Алтай тауын мекен еткен қарлықтар бұл кезде күшейе түскен еді. Олар әлсіреген түркештерді жеңіп, «он оқ қағандығының жерін алды»². Сөйтіп 766-жылы түркеш қағандығы құлады да, өкімет билігі қарлықтардың қолына өтті.





Түркеш қағандығы 699-жылдан 766-жылға дейін өмір сүрді. Ол өзінен бұрынғы батыс түрік қағандығы сияқты, Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейінгі территориядағы он оқ тайпасын түгел биледі. Оның негізгі орталығы ежелгі үйсіндердің атамекенінде болды. Осы өңірді ерте-

¹«Қазақ ССР тарихы», I-том, 70-бет. Алматы, 1957-жыл.


²«Таң патшалығының жаңа тарихы». 217-бөлім, «Қарлық тарауы».

ден мекен еткен қазақ тайпалары түркеш қағандығының құрамында болды.

Түркеш қағандығы кезінде Іле өзенінің алқабында, Қаратаудың солтүстік бөктерінде өсіп-өркендеді. Көшпелі тайпалардың бір бөлегі егіншілік кәсібіне ауысты. Отырықшылық пен егіншіліктің жаңа тұрақтары жарыққа шықты, Орта Азия мен Орта жазықтағы озық егіншілік әдістері үздіксіз еніп отырды. Ду Хуан құрастырған «Саяхатнама» атты кітапта былай дейді: «Шу өзенінің Батыс оңтүстігінде Талас деген қала бар... Ол Арал теңізінің шығысында, үшінші айдан тоғызыншы айға дейін ол өңірде жауын-шашын болмайды. Еріген қардың тасқын суын пайдаланып егін егеді. Бұл өңірде арпа, бидай, күріш, бұршақ дақылдары егіледі. Олар жүзімнен әр алуан шарап жасап ішеді».

Түркеш қағандығында отырықшы орындар мен қалалар бірте-бірте дамып, егіншілік пен мал шаруашылығының өркендеуіне үлкен ықпал жасады. Қалада қолөнер кәсібі өркендеп, айырбас бұйымдарын өндіретін болды. Түркеш қағандығына қарасты қалалардың көбі батыс пен шығыс арасындағы керуен сауда жолы үстінде болды. Бұл қалаларда дамылдап өтетін керуен саудасы мен ішкі сауданың көлемі кеңейді. Сауданың өркендеуіне байланысты түркеш қағандығында ақша айналысы жарыққа шықты, түркеш қағандары металдан ақша шығарды. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде көне қалалардың жұртынан түркеш қағандығының металл ақшалары табылды. Бұл ақшалар сыртқы көрінісі жағынан сол замандағы Жұңго ақшасына ұқсайды — ортасында төрт бұрыш тесігі бар дөңгелек жармақ. Бұл теңгенің бір бетіне: «түргас қаған бай баға» (түркеш қағаны бай баға), ал екінші бетіне «сатым  он оқ таңба» (затым он оқ таңба) деген жазу жазылған¹. Бұл жазудағы  белгісі түркеш қағандығы кезінде қолданған он оқ тайпасының таңбасы. Бұл  белгі орхон жазуында «оқ» деп оқылады, ал оның үстіндегі қос сызық  «он» деген санды білдірсе керек. Демек бұл түркеш таңбасы «он оқ» (он тайпа) деген ұғымды бейнелейтін таңба екені байқалады. Таң патшалығы дәуіріндегі Жұңго жылнамаларының деректерінде жазылуынша, Батыс

¹ А. Н. Бернштам «Түркештік монеттердің жаңа типі», «Түркология жинағы». 68—72-беттер, М. Л. 1951.

түрік қағандығы құрылған кезде қол астындағы негізгі халқын он ұлысқа бөліп, әр ұлысқа бір оқ берген, сонымен бұл ұлыс «он оқ бұдұн» (он оқ халқы) деп аталған. Батыс түрік қағандығы ыдырағаннан кейін құрылған түркеш қағандығы халықтың этникалық құрамына елеулі өзгеріс енгізбеді. Сол бұрынғы он оқ халқын биледі және оларды өзінің тіректі күші етті. Сондықтан Жұңго жылнамаларында түркеш қағандарын «он оқ қағаны» деп атап отырды. Сондай-ақ орхон ескерткіштерінде де түркеш қағандығының халқы «он оқ бұдұн» (он оқ халқы) деп аталды. Осы себепті Түркеш қағаны өзінің ақшасына: «сатым» (затым-тегім) «он оқ» деп, осылардың таңбасын герб ретінде беріп отыр. Бұл таңбаның жеке сыңары «оқ» «↑» қазақтың шанышқылы тайпасында, көлденең сызық  үйсін тайпасында сақталған. Түркеш қағандығының жазу мәдениеті болған, олар алдымен көне түркі (орхон) жазуын, одан соң соғды жазуын қолданған.

ҚАРЛЫҚ ҚАҒАНДЫҒЫ

Ерте заманда Алтай мен Тарбағатайдың қарлы тауын мекендеген түркі тілдес көшпелі тайпалар қарлық атанған. Қарлық (немесе қар—саріпа) туралы алғашқы дерек грек жазушысы Птоломейдің (2-ғасырдағы) атақты «Жағырафия» еңбегінде кездеседі. Мұнда қарлық түркі тілдес тиректердің (теле) бір тайпасы делінеді. 7-ғасырдың орта шенінде қарлықтар (қарлық-болаттар) Еміл алқабына және Сайрамнұр көліне қарай ойысты. Осы арада қарлықтың болат, жүз, ташлы руларынан құралған тайпалық бірлестік қалыптасты... Кейбір орта ғасыр деректері мен кейінгі аңыздар қазақтың үш жүзінің негізі осы үш тайпа болды дегенге саяды. «Болат қарлықтар» (яғни арғындар) орта жүз қазақтарының ата-бабалары болған¹.

Жұңғоның Сүй патшалығы дәуірінде (581—618) жылнама жазбаларында қарлықтар өзінің белгі тайпасы — болаттың атымен «боло» деп атаған. Олар бұл кезде Алтай тауын мекен еткен.

«Таң патшалығы жаңа тарихы. Қарлық шежіресін-

¹«Қазақ Совет энциклопедиясы», 6-том, 520-бет.

де»: «қарлықтардың қонысы Бесбалықтың батыс солтүстігінде» дейді. «Таң хұияудың қарлық шежіресінде»: «Қарлықтардың қонысы Бесбалықтың солтүстігі, Алтай тауының батысында, Бугужын өзенінен өтіп, Дохын тауын қамтып, шеп тайпасымен шекараласады» делінген. Сауанның «Батыс түрік тарихының дерегінде»: «Қарлықтардың қонысы Ұлыңгірдің жағысында» деп жазылған. «Таң дәуірінің картасында»: «қарлықтардың қонысы Ұлыңгір мен Қара Ертіс аралығында» дейді. «Батыс өңір картасының» үшінші бөлімінде қарлықтың үш тайпасының орны былай көрсетіледі: «Болат тайпасы Зайсан көлі мен Ұлыңгір көлінің аралығында, жүз (сәбек) тайпасы Ұлыңгір көлінің батыс жағында, Ташлы тайпасы Тарбағатайда тұрған». Қарлықтардың өріс-қонысы жөнінде «Таң хұияуда» айтылған «Бугужын» өзені мен «Дохын» тауы туралы талас бар. Бугужын өзенін кейбір зерттеуші «Қара Ертіс» десе, енді бірі «Дохын» тауы қазіргі Тарбағатай, «Бугужын» өзені Тарбағатайдағы Қобық өзені¹ дейді. Біздіңше: ханзуша деректегі «Бугужын өзені» — Буыршын өзені болуы мүмкін.

«Таң патшалығының жаңа тарихы, жағырафиялық дерегінде» былай дейді: «Таң патшалығының Гаузуң патшасының иүнхұи (650—655) жылдарында Таң патшалығы Чеби қағанға қарсы соғыс жорығын жасаған, осы кезде қарлықтың үш тайпасы болат, жүз және ташлылар Таң патшалығына бағынған, 658-жылы осы қарлықтың үш тайпасы үш аймақтық уәли мекемесінің қарамағында болған. Яғни болат тайпасы Иңшан аймағына, жүз (сәбек) тайпасы Гоби аймағына, ташлы тайпасы Шуанжу аймағына бағынған».

«Сфуиуангұй» жинағында: «745-жылдан 753-жылға дейін үш тайпалық қарлықтардан Таң патшалығына бес дүркін елші барып тарту тартқандығы» хабарланған.

Тарихи жазба деректерге қарағанда, ерте кезде қарлық тайпалары Алтай тауының батыс бөлігі мен Тарбағатай өңірін мекендеп, батыс түрік пен шығыс түріктің аралығында болған. Шығыс түрік қағандығы күшейгенде Шығыс түрік қағандығына бағынған, одан соң Батыс түрік қағандығы күшейгенде Батыс түрік қағандығына бағынған. Олар әлсірген кезде, бұлар өз алдына дербес

¹Сын Жүнмиян «Түркі тарихы жинағы», 758-бет.

болып олармен соғысқан. «Күлтегін ескерткішінде»: «Күлтегін жиырма жеті жаста еді, қарлықтар тәуелсіз болып (бізбен) жауласты, біз олармен Таһағ деген киелі бастау басында соғыстық» дейді. Бұл 714—715-жылдары Тарбағатай тауында түріктердің қарлықтармен болған соғысы еді. Қайта қалпына келген Шығыс түрік қағандығы бұдан кейін де (715, 716, 720-жылдары) қарлықтарға қарсы жорық жасап отырған. Ол кезде қарлықтар Алтай тауының батыс бөлігі мен Тарбағатай өңірін қоныстанған, олардың өз алдына жеке иелігі болған, бұл иеліктің билеушілері «елтебер» деп аталған.

734-жылы Білгі қаған қайтыс болған соң, Шығыс түрік қағандығы ішкі қырқыстар салдарынан тозғындай түсті. Осы кезден бастап қарлықтар елеулі әскери-саяси күшке айналып, тарих сахнасына шыға бастады, бұдан былайғы тарихи оқиғаларда елеулі роль атқарды.

Қарлықтар Шығыс түрік қағандығының соңғы кездерінде тоғыз-оғыз тайпаларымен, басмылдармен одақтасып, Шығыс түрік қағандығына қарсы күресті, ақырында (745-жылы) осы үш тайпаның одағы Шығыс түрік қағандығын құлатты, оның орнына Ұйғыр қағандығы құрылды. Ұйғырлардың басшысы Тұнияпу қаған болды. Қарлықтардың басшысы Япғу (Жапғу) деп аталды. Бұдан кейін ұйғырлармен қарлықтар бірлесе отырып, өздерінің бұрынғы одақтасы басмылдарды талқандайды.

756-жылы қарлықтар бұрынғыдан да күшейіп, өзінің бұрынғы одақтасы ұйғырлармен үзеңгі соғыстырып, бәсекеге түсті. Ақырында жеңіліске ұшырап, Жетісу жеріне қарай ығысуға мәжбүр болды. «Таң патшалығы тарихы. Ұйғыр және қарлық тарауларында» былай дейді: «Қарлықтар күшейіп, ұйғырлармен үзеңгі соғыстырып мүйізdestі де, он тайпа қағандығының ежелгі жеріне көшіп кетті. Ақырында олар Суяп, Тараз қалаларына барып орналасты».

Қарлықтар Жетісуға келісімен Түркеш қағандығы оларға тойтарыс бере алмады. 766-жылы Түркеш қағандығы құлады да, орнына Қарлық қағандығы құрылды. Алғашқы кезде қарлық билеушілері «жабғу» (ябғу) деп аталды, одан кейін «қаған» деген атқа ие болды.

Қарлық қағандығының негізгі территориясы бұрынғы батыс түрік қағандығының негізгі жерлері болды. Яғни, шығыста Жоңғар Алатауынан, батыста Сырдарияға дейінгі, солтүстікте Балқаш көлінен, оңтүстікте Ыстықкөлдiң түстік жағалауына дейінгі жерлер қарлық қағандығына қарады.

Араб авторы Әл-Маруази былай дейді: «Қарлықтар бұ-

рын Тулис тауын (Алтайды) мекендеп, тоғыз-оғыздарға тәуелді болған. Кейін олардың үстемдігіне қарсы көтеріліс жасады. Одан соң түркеш елін жаулап алды да, мұсылман елдеріне жорық жасады». Қарлық 766—755-жылдарда бір мезгіл Қашқарияны жаулап алған. 8-ғасырдың ақырында Ферғана өңірі де олардың ықпалында болған.

Бұрыннан Жоңғария мен Жетісу жерін мекендеген қазақ тайпалары осы қарлық қағандығының қол астына қарады. 8-ғасырда Жетісу жерінде үстемдік жүргізген түркештер де, бұдан кейін билік басына шыққан қарлықтар да елдің этникалық құрамына елеулі өзгеріс енгізген жоқ. Жылнамашылар мен саяхатшылар 8—9-ғасырларда Жетісу жерін шұмұқ, ұлық-ақ, жабшид, түркеш, қалаш, сурниш, азғыр, қасо, барысқан, тағы басқа тайпалар мекендегенін айтады. Ал Маруазидің айтуынша: қарлық тайпалары жеті арысқа бөлінген, олар: шығыл, үш арыс), бескіл (үш арыс), бұлақ (бір арыс), көкірегін (бір арыс), тұхси (бір арыс)¹. Араб авторы Мұхаммед Әл-Ауфи: «Алтай тауын мекен еткен қарлықтар бұрын тоғыз-оғыздарға тәуелді еді. Олар кейін тоғыз ұлысқа бөлінді. Мұның ішінде үш ұлыс шығыл, үш ұлыс қазақ бар» дейді².

Қарлық одағы алғашында болат, жүз (сәбек), ташлы сияқты үш тайпадан құралғанымен, кейін осы қарлықтардың қол астына қараған түркі тілдес тайпалар — тұхси, шығыл, азкіші, халаж, жаруқ, аргу (арғын), барысқан, тағы басқа қарлық тайпалары есептелген, олардың қатарында оғыз, түрікмен типті түріктенген соғдылар да болған. Махмұд Қашқаридің қарлық дегеніміз түрікмендер деген түсінігі осыны аңғартады.

Парсы тілінде жазылған «Жүдүд әл-ғалам» (авторы белгісіз) деген жағырапия кітабында: «Қарлық мемлекетінің бір шеті мен екінші шетінің арасы отыз күншілік жол. Бұл аралықта бір тілді, көшпендісі мен отырықшышысы аралас, бақшашылығы бар, мал өсірумен бірге егіншілікте істейтін халықтар бар. Бұлар бір зор мемлекет құрған» деп баяндалады.

Бұл жағдайды сол замандағы көптеген араб, парсы тарихшылары мен саяхатшылары да растайды. Бұл қағандықтың шаруашылық негізі көпшенді мал өсірушілік пен

¹ Схарафал — заман Тахир Маржази. 10.213

² Marguart 1. Vberdes Volkstum kamaen. 42

отырықшы егіншілік болды. Бұл қағандық 8-ғасырдың аяғы мен тоғызыншы ғасырдың басында орасан күшейіп кетті. Онда феодалдық қатынастар дамып отырды. Қарлық қағандығында мал шаруашылығы және егіншілікпен қатар қала мәдениеті де дамыды. Талас және Шу өзендерінің бойларында біраз уақыт ішінде көптеген жаңа қалалар салынды, бұрын бар қалалар онан ары гүлденіп өсе түсті. Қалалардың тізбегі Ыстықкөлден Исфинджапқа (Сайрамға) дейін созылды. Тараз қаласының оңтүстігін ала Атлах, Жамукент қалалары, онан ары қарай Құлан, Меркі, тағы басқа қалалар болды. Шу өзенінің алқабында Жул мен Баласағұн қалалары, Іле өзенінің алқабында Қойлық қаласы мен Екіөгіз қаласы бар еді. Қарлық қағандығының астанасы осы Іле өзенінің алқабындағы Қойлық қаласы болды. Бұл қалаларда қолөнері мен сауда гүлденді. Мұның өзі ақша айналымын туғызды. Түркеш қағандары сияқты қарлық қағандары да өздерінің атын жазып, металл ақшалар шығарды.

Қарлық қағандығын басып өтетін, Жұңго мен батыс елдері арасындағы ежелгі «Жібек жолы» қарлық елінің саяси, шаруашылық және мәдени өмірінде мыңызды роль атқарды. «Жібек жолының» солтүстік сілемі солтүстік Шинжаң арқылы Қорғастан өтіп, Талғарды басып, Қаракастек асуынан асып, Шу өзеніндегі Суяп қаласына барды. Бұл арада солтүстік жол оңтүстік жолға қосылды. Ол Ыстықкөлдің оңтүстік жақ жағалауын жағалап, одан кейін Баласағұнды (Тоқпақ жанында), Меркіні, Құланды, Шауғарды (Қаратаудағы Сұйық асуы маңында), Манкесті (Манкент), Исфинджапты басып өтіп, Шашқа (Ташкенге) барды. Сол сияқты Оңтүстік Қазақстанды Хорезммен және Еділ бойындағы елдермен байланыстыратын керуен жолы да болды. Ол жол Исфинджаптан шығып, Шауғар, Яса (Түркістан), Сауран, Сығанақ қалалары арқылы жүретін болған. Сығанақтан екі керуен жолы кетеді: бір жол Сарысудың төменгі саласымен Ұлытауға қарай кетеді де, екіншісі Сырдарияны бойлап Яркент арқылы Қуандария бойынша бойлап, Хорезмге қарай жүреді. Бұл негізгі керуен жолдарынан Орталық және Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар жайлайтын жерлерге қарай тарамданып жолдар шығып отырған. Жол бойындағы құдықтар жанында керуен сарайлары болған. Міне, бұлар 9-ғасырдағы Орта Азиядағы керуен жолдары еді.

Осы жолдардағы сауда керуендері Жұңгоның ішкі өлкелерінен, оңтүстік Шинжаңнан, Мауараннахрдан жібек

және мақта маталар, металдан жасалған ыдыс-аяқтар, алтын-күміс әшекейлер әкеліп сатып отырды. Ал көшпенді тайпалар, олар арқылы отырықшы аудандарға мал, тері-терсек, асыл аң терілерін сатып беріп отырды. Осы сауда керуендерін көлікпен жабдықтады. Оларға жол бастады.

Қарлық қағандығы 775—875-жылдар аралығында ислам дінін қабылдап, оның билеуші ақсүйектері арасында ислам діні терең тамыр тарта бастады. Алайда, көшпелі халық бұқарасының басым көпшілігі баяғы ата-бабаларының шамандық нанымдарын сақтап отырды. Қарлық қағандығына қарасты қалаларда ислам дінінің жалпыласуы және көшпелі ақсүйектер ортасына терең тамыр жаю нәтижесінде, ежелгі түрік жазуы және соғды жазуы ығыстырылып, араб әліппесі негізіндегі жаңа түркі жазуы қалыптасты. Қалаларда мешіт, медреселер ашылды. Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардан шыққан ғалымдар мен әдебиетшілердің бірсыпырасы өз шығармаларын сол кезде халықаралық ғылыми тілдің рөлін атқарған араб тілінде жаза бастады. Осы дәуірде қазіргі Қазақстанның Сырдария алқабындағы Отырар (Фарап) қаласында туып-өскен Әбу-Насыр Әл-Фараби (870—950) философ әрі энциклопедист-ғалым, «екінші ұстаз» (Аристотельден кейінгі) ретінде ғылым мен мәдениет дүниесіне әйгілі болды.

Ежелгі үйсіндердің атамекенін негізгі орталық еткен қарлық қағандығы 170-жылдан астам (766—940) өмір сүрді. 10-ғасырдың алғашқы жартысында қарлық билеушілеріне қарсы аттанған яғма тайпасы шығылдармен бірлесе отырып 940-жылы Баласағұн қаласын тартып алды¹. Сөйтіп қарлық қағандығы құлады. Кешікпей үкімет билігі қарахан әулетінің қолына өтті. Қарлықтар Жетісудың солтүстік бөлегіне қарай ығысып, осы арадағы Қиялық қаласын орталық еткен шағын хандық құрды. Оның хандары қарахандарға сырттай бағынышты болды. Олар кейін кедендердің батыс Лиану патшалығына бағынды, бұл иелік Шыңғысханның жорығына дейін өмір сүрді.

Бұрын қарлықтар мекендеген қоныстарда оларға байланысты материалдық мәдениет қалдықтары өте көп. Олар 10—13-ғасырларды басып өтіп, қазақ халқының 14—15-ғасырлардағы мәдениетімен жалғасып жатады².

¹ Низам Мүлік «Саяхатнама», 212—217-беттер.

² М. Ақынжанов «Қазақ халқының тегі туралы».

ҚИМАҚ ҚАҒАНДЫҒЫ

«Қимақ» деген ел аты орта ғасырлардағы араб-парсы авторларының жазба деректерінде жиі ұшырып отырады. Ал 11 ғасырдағы Махмұд Қашқари «Диуан луғат-ат-түрік» (Түркі тілдері сөздігі) атты еңбегінде осы қимақ елін «Иемак» деп атаған. Ханзу тілінде жазылған Жұңго жылнамаларында «қимақ» деген ел аты кездеспейді.

Қимақтар 7-ғасырда Ертіс өзенінің алқабы мен Алтай тауының солтүстігін қоныстанған. Ол кезде қимақ тайпалары Батыс түрік қағандығының құрамында болған. 656-жылы Батыс түрік қағандығы ыдырай бастаған кезде қимақтар одан бөлініп шыққан. Олар 8-ғасырда Ертіс өзенінің орта саласын иемденіп, бірте-бірте батысқа қарай ірге кеңейтіп, 9-ғасырдың басында Жетісудың батыс солтүстігіндегі Алакөл алқабына дейінгі жерді қамтыған. Бұл дәуірде Балқаш көлі қимақ тайпалары мен қарлық тайпаларының аралығындағы табиғи шекара еді.

840-жылы Солтүстік Маңғолиядағы ұйғыр хандығы құлағаннан кейін, қимақтар күшейіп, белді елге айналды. Осы кезде құрылған Қимақ қағандығының қарамағында жеті тайпа болды, олар: еймұр, (ими), иемак, татар, баяндұр, қыпшақ, ланыка, ажмат тайпалары еді. 9-ғасырдағы араб авторы Әл-Яқұби былай деп жазған: «Түркістан мен түріктер бірнеше халықтар мен мемлекетке бөлінеді. Соның ішінде қарлықтар, тоғыз — оғыздар, қимақтар және оғыздар бар. Түріктердің әр тайпасы жеке мемлекет және бірімен-бірі соғысып тұрады»¹.

Қимақ мемлекетінің ең жоғарғы билеушісі хақан (қаған) деп аталды. Қимақ қағандығының астанасы Ертіс өзені бойындағы Қимақия қаласында болды. Қимақ елі батысқа қарай бірте-бірте кеңейіп, ұлан-байтақ өңірді қамтиды. Бұлардың батыстағы шекарасы Оңтүстік Оралдың шығыс бөлегі мен Арал теңізінің жағалауына дейін жетті. 10-ғасырдың ақырында қимақтардың бір бөлегі Сырдарияның жағалауында дейін өрістеп, бұл өңірді бұрыннан мекендеген тұрғындармен араласты. Бұл ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпалары қимақ мемлекетінің құрамында болды.

982—983-жылдары парсы тілінде жазылған «Жүдүд әл-ғалам» атты кітапта қимақтар туралы былай делінеді: «Олардың қонысы болған жердің шығысында қырғыз деген

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 557-бет.

өзгеше бір халық тұрады. Қимақтардың оңтүстігінде Ертіс өзені және Сырдария бар. Оның батысында қыпшақтардың бірсыпырасы тұрады және солтүстігінде бірсыпыра құлазыған бос жер жатыр. Онан солтүстікке қарай адам баласы күн көре алмайтын өлкелер бар. Бұл жақта олардың тек бір ғана қаласы бар, онда көптеген тайпалар тұрады. Халқы киіз үйде тұрады және қысы-жазы шөптің сонысы мен судың тұнығын қуып көшіп жүреді. Олардың байлығы бұлғын мен қой, тамақтары жазда сүт, қыста кепкен ірімшік, оғыздармен аралары жақсы жылдарда қыста Сырдарияның жағасына көшеді. Қимақтардың патшасы қаған деп аталады. Оның тек қимақтар өлкесінде ғана он бір салық жинаушысы бар, олардың бұл мансабы атадан балаға мұра қалады».

Қимақ мемлекетінде өкімет билігі мұрагерлік жолымен атадан балаға ауысып отырды. Қаған мемлекеттің жоғарғы билеушісі әрі әскери қолбасы есептелді. Қимақ елінің ұйтқысы он екі тайпадан құралды, бұл тайпаларды әскери-феодалдық шонжарлар биледі. Олар өз қарауындағы тайпалардан қағанға салық және әскер жинап беріп отырды. Бұлардың мансаптары да мұрагерлік жолымен ауысты.

Орта ғасырдағы араб-парсы авторларының деректеріне қарағанда: қимақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды, олар: қой, жылқы, сиыр, түйе және ешкі өсірді. Сонымен қатар отырықшы егінші аудандары да, бірқыдыру қалалары да болды. Көмекші кәсіп ретінде аң аулаумен, балықшылықпен шұғылданды. Қимақтар арасында қолөнер де дамыды. Олар жүннен мата тоқып, киім тікті, тері иледі, ағаш бұйымдар жасады. Темірден, қоладан қару-жарақ, құрал-саймандар жасады, алтын-күміс сияқты асыл металдан сән-салтанат бұйымдарын істеді.

Қимақтарда қала мәдениеті мен сауда-саттық істері өрістеді. Қимақ патшасын өз көзімен көрген Тамим Ібірі Баһрдың (тоғызыншы ғасырдағы) айтуына қарағанда, қимақ патшасының қолбасылық ордасының жанында тұратын қала және оның атрабында егін егетін отырықшы мекендер болған. Араб географы Әл-Идриси (12-ғасырдағы) қимақ елінің картасын сызған. Оның мәліметтерінде қимақтардың 16 қаласы болғандығы айталады. Бұл қалалар сауда жолының бойына, өзендер мен көлдердің жағасына, тау асуларының аузындағы бекіністерге және пайдалы қазба байлықтары бар орындарға салынған. Бұл қалаларда сауда базарлары, діни ғибадатханалар болған. Жетісудың шығыс солтүстік өңіріне, Алакөл ойпатына қимақтардың Қаған, Қарантия, Сарауыс, Дамүрия деген қалалары орналасқан.

Қимақ қалаларының көпшілігі Ертіс өзенінің жағасында болған. Қимақ мемлекетінің қағаны Ертіс өзені бойындағы Имакия (Қимақия) қаласында тұрған. Қимақ мемлекетінің астанасы Қимақия темір қақпалы қорғандармен берік қоршалған, ішінде базарлары, ғибадатханалары бар ірі қала болғандығы баяндалған. Әл-Идрисидің айтуына қарағанда, Ферғанадан, оғыз және тоғыздардан қимақтардың орталығына апаратын екі үлкен керуен жолы бар екен. Қимақтар мен Енесей қырғыздары арасында да керуен саудасы қатынып отырған.

10-ғасырда қимақ тайпаларының өрісі одан әрі кеңейіп, Ертіс өзенінен Каспий теңізі жағалауына дейін созылған жалпақ өңірді қоныстанды. Қимақ жері батыста Сырдария бойын жайлаған оғыздармен, оңтүстікте Жетісу өңірін мекендеген қарлықтармен және тоғыз-оғыздармен, шығыста Енесей қырғыздармен, солтүстікте угор тайпаларымен шектесті. Бірақ 9—11-ғасырларда өмір сүрген Қимақ мемлекетінің негізгі жері Ертістің орта ағысынан Жоңғар Алатауына дейін созылған аралықта болғаны анық. Олардың орталығы Ертіс өзенінің бойында еді. 9-ғасырдағы араб саяхатшысы Тамим Ібірі Баһр өз кезінде Тараз қаласынан (қазіргі Жамбыл қаласы) қимақтардың орталығына дейін сексен күн жол жүргенін жазған. 11-ғасырдағы Махмұд Қашқари «Диуан лұғат ат-түріктегі» картасында қимақтарды «Иема» деп атап, оларды біртұтас топ ретінде Ертістің жағалауындағы жерлерде көрсетеді. 9—11-ғасырлардағы қимақтар көк тәңірге, жер-су киелеріне, отқа, аруақтарға, Ертіс өзеніне сыйынды. Тас мүсіндер орнатып, оларға табынды. Қимақтардың ішінде манихай діні де болды. Кейін келе қимақ билеушілері арасында ислам діні таралды. Бірақ бұқара арасындағы діни нанымның басым түрі шаманизм еді.

Қимақ жазу мәдениеті болды. Әбу Даулаф: «Оларда (қимақтарда) өздері жазу жазатын қамыс өседі» деп жазады. Қимақтар мекендеген аймақтардан 9—10-ғасырлардағы ежелгі түрік жазуы бар қола айналар табылған¹. Бұл археологиялық айғақтар жоғарыдағы деректерді дәлелдеп отыр.

11-ғасырдың басында қимақтардан шыққан Жанах Ибн Қаған әл-Қимақи деген ғалым және жазушы қимақтар туралы кітап жазған екен. Бұл кітапта қимақтардың қалалары, бекіністері, сауда жолдары, қолөнері, егін шаруашылығы мен діни нанымы туралы аса құнды мәліметтер жазылған. Арабтың әйгілі географ-ғалымы

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 558-бет.

Әл-Идриси (1100—1166) өзінің 1154-жылы жазып бітірген «Нузхат Әл-Мүштак Фихтира Әл-Афақ» (Аймақтарды аралап қажыған адамдардың жұбанышы) атты еңбегінің кіріспесінде, осы қимақтар туралы шығарманы және оның авторын ерекше атап өтеді. Өзінің еңбегінде осы кітапты пайдаланғандағын айтады және одан үзінділер келтіреді. Әл-Қимақи өз кезінде Ертістің орта ағысы мен Жоңғар Алатауы арасын мекендеген қимақтар арасынан шыққан алғашқы ғалым, жазушылардың бірі болған. «Ибн Хақан» деген лақап атына қарағанда, ол Қимақ қағандары әулетінен шыққан адам болса керек.

11-ғасырда Қимақ мемлекеті ыдырап, өкімет билігі бұрын қимақтарға тәуелді болған қыпшақ тайпасының қолына көшті. Бұдан былай қимақтар (иемақтар) қыпшақ бірлестігінің құрамына қосылып қыпшақ деп аталды.

ҚАРАХАНДАР ӘУЛЕТІ

Қарахандар әулеті 10-ғасырдың орта шенінде қалыптасты. 12-ғасырдың басында ыдырай бастады. Олардың территориясы қазіргі Шинжаң әлкесі мен Жетісу өңірін және Мауараннахрды (қос өзен аралығын) қамтыды. Қарахандар елінің екі орталығы болды. Оның бірі Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласында, енді бірі Қашқар қаласында еді.

Қарахандар әулетінің шығу тегі мен бастапқы кезеңі жөнінде нақтылы жазба дерек жоқтың қасы. Бұл туралы тарихшылар арасында алуан түрлі пікірлер айтылған. Олардың едәуір бөлегі қарахандар әулетінің тегі ұйғырлар арасынан шыққан десе, енді бір бөлегі қарлықтар арасынан шыққан дейді. Кейбірі қарахандар хандығын ұйғырлар мен қарлықтар бірлесіп құрған десе, тағы бірі яғмалар мен шығылдар бірлесіп құрған дейді. Қарахандар әулеті бұрынғы түріктің ашына тайпасынан шыққан деушілер де бар. Сөйтіп, қарахандар әулетінің шығу тегі туралы жоғарыдағыдай бес түрлі пікір айтылып келеді¹. Бұлардың бәрі қарахан мемлекетін билеген әулеттің шығу тегі туралы пікірлер.

Қарахандар әулеті билеген мемлекеттегі халықтың этникалық құрамы едәуір күрделі еді. Бұл ұлан-байтақ өңірді

¹Гың Шымын «Қараханилар тарихына шолу», Шинжаң қоғамдық ғылымы, 2-сан, 1982.

қамтыған елде жоғарыда айтылған ұйғыр, қарлық, яғма, шығыл тайпаларынан басқа да көптеген тайпалар болды. Қараханилар мемлекетінің құрамына кірген бізге мәлім тайпалар: үйсіндер, қаңлылар, дулұлар (дулаттар), телі, қырғыз, қыпшақ, арғұ (арғын), яғма, оғыздар (ақшар), бүкриз, салғыр, бектелі, баяндұз, балт және басқалар¹. Демек, қараханилар мемлекетінің негізгі халқы: ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, оғыз ұлттары еді. Қарахандар мемлекетінің құрамында түркі тілдес халықтарымен қатар иран тілдес халықтар да болған. Оның қарамағындағы ұлыстар мен халықтардың әрқайсысы өзіне тән өңірлерде баз баяғы қалпында тіршілік өткізіп отыра берген, қарахандар әулеті оларды жергілікті басшылар арқылы билеген.

Қарахандар әулетінің бастапқы кезеңі жөнінде Совет Одағындағы зерттеушілер көбінесе Бартольдтің пікірін негізге алады. Олардың айтуынша: «840-жылы қарлық бастаушысы, Исфинджапты билеуші Білге Күл Қадыр хан қаған атағын қабылдап, жоғарғы өкіметті алуға қақысы барын мәлімдеді. Нақ сол жылы саманилер Исфинджапты бағындырды. Білге Күл Қадыр хан өлгеннен кейін қағанаттағы билік үшін күресте оның екі баласы суырылып шықты. Базыр Арслан хан Баласағұнды, ал Оғұлшақ Қадыр хан Таразды билей бастады. Таразды Саманид Исмаил Ибн Ахмед басып алғаннан кейін (893-жылы) Оғұлшақ аз уақытқа Қашқарға баруға мәжбүр болса керек. Одан 904-жылы ол Саманилер иелігіне шабуыл жасады¹. Оғұлшақтың немере інісі Сатұқ Боғыра ханды (915—955) Қарахан әулетінің негізін салушы деп есептейді. Исламді қабылдап, саманилердің қолдауын пайдалана отырып, Сатұқ Боғыра хан Оғұлшаққа қарсы шығып, оны талқандады. Сөйтіп Тараз бен Қашқарды бағындырды. 942-жылы ол Баласағұнды билеушіні құлатып, өзін жоғарғы қаған деп жариялады. Қарахан мемлекетінің тарихы осы уақыттан басталды³. Жұңго жылнамаларының осы дәуірге тән жазбаларында бұл ірі оқиға жөнінде нақтылы дерек кездеспейді.

Қарахандар әулетінің негізін қалаған Сатұқ Боғыра хан қайтыс болған соң орнына баласы Мұса отырды. Ол 960 жылы ислам дінін қарахан елінің мемлекеттік діні деп жариялады. Мұса қайтыс болған соң орнына баласы Әли

¹ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 148-бет, Алматы, 1957.

² В. В. Бартольд «Маңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан», Шығармалар, 1-том, 315-бет. 1963.

³ Қазақ ССР тарихы, 2-том, 15-бет, Алматы, 1983.

Арслан хан отырды. Оның еншісіне тиген жердің орталығы Қашқар қаласы болды. Әлі Арслан хан жоғары қаған атағын алып, Тараз бен Баласағұнның билеушісі есептелді. Сатұқ Боғыра ханның екінші ұлы Сүлеймен Ілектің баласы Хасен Боғыра хан Баласағұн өңірін еншіге алды, оның орталығы Баласағұн қаласында болды. Сатұқ Боғыраның екі немересі: Әли Арслан мен Қасен (һарұн) Боғыра ханның ұрпақтары бұдан былайғы жерде қарахандар әулетіндегі екі үлкен жік болып қалыптасты.

Қарахан билеушілері 10-ғасырдың ақырғы он жылында Мауараннахрды билеген саманиларға қарсы соғыс жорығына аттанды. 990-жылы Хасен (һарұн) Боғыра хан бастаған қарахан әскерлері Исфинджапты, 992-жылы саманилардың астанасы Бұхараны алды. 999-жылы қарахан билеушісі Насыр Ибн Әли Мауараннахрға қайта жорық бастады, 1005-жылы Мауараннахр біржолата қарахандардың қолына өтті. Бұрынғы саманилар патшалығына қарасты жер мен елді қарахандар мен ғазнаулилар бөлісіп алды. Олардың арасындағы бөлістің шекарасы Амудария болды.

Қарахандар әулетінің алғашқы мезгілінен бастап мемлекеттік жоғарғы билеушісінің құрметті атағы «Арслан (арстан) және Боғра» (Бура) деп екіге айрылды. Зерттеушілердің айтуынша, Арслан ханның атағын шығылдардың билеушісі, ал Боғра ханның атағын яғма көсемі алды. Тегінде Арслан шығылдардың, ал Боғра яғмалардың көсемі болса керек¹. Әйгілі ғалым Притсактың айтуынша, Арслан қарахан ең жоғарғы басты билеуші есептелген. Оның астанасы Баласағұнда болған, ал Боғыра қарахан қосшы билеуші есептелген, оның астанасы алғашында Таразда, одан соң Қашқар қаласында болған. Арслан Қарахан өлсе, оның орнына Боғыра қарахан отырып, Арслан Қарахан атағын алатын болған¹.

Қарахандар әулетінің жоғарғы билеушісі саналған Арслан хан Сүлеймен (Шафар Ад-Даула) 1042-жылы өзіне Қашқар мен Баласағұнды алып қалып, басқа қалалар мен аймақтарды балалары мен туыстарына үлестірген. Бұл жайтты араб тарихшысы Ибн Әл-Асыр былай баяндайды: «Баласағұнның және түріктер елінің патшасы Шараф Ад-Даула болды. Бұл оларға (аға-іні, балаларына және басқа өзіне бағынышты туыстарына) қалаларды бөліп берді, өзі-

¹ Гың Шымын «Қараханилар тарихына шолу», Шинжаң қоғамдық ғылымы, 2-сан, 1982.

нің туысы Арслан тегінге көптеген түрік қалаларын берді. Боғыра ханға Тараз бен Исфинджапты берді, ағасы Тоға ханға Ферғананы түгелдей берді. Баласы Әли тегінге Бұхараны, Самарқанды және басқаларын берді, өзі Қашқар мен Баласағұнды қанағат тұтты»¹. —

10-ғасырдың ақырында қарақандар әулеті екі топқа жіктеліп, Әли Арслан ханның ұрпақтары мен Хасен (һарұн) Боғыра ханның ұрпақтары бірі-бірімен қырқысып келген еді. 11-ғасырдың қыркыншы жылдарында бұл одан арман ұлғайып, ақырында Қарахан мемлекеті дербес екі қағандыққа — Шығыс қағандығы және Батыс қағандығына бөлінді.

Шығыс қағандықтың территориясы Жетісу өңірі мен Қашқар, Хотан аймақтарын және Ферғананың бір бөлегін қамтыды. Оның жерінің шығыс солтүстік шекарасы Күшардың оңтүстігіне жетті.

Шығыс қағандықтың астанасы Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласының қасындағы Құзордада болды. Боғыра хандығының саяси орталығы Қашқар қаласында еді.

Батыс қағандықтың территориясы Мауараннхрды және Ферғананың батыс бөлегін қамтыды. Олардың астанасы алғашында Ұзкент, одан соң Самарқант қаласы болды.

Қарахан мемлекеті дербес екі иелікке айрылғаннан кейін де олардың арасындағы талас-тартыс толастамады, қиян-кескі қан төгіс соғыстар туып тұрды. Әрбір иелікті билеген ақсүйектер арасында да таққа таласқан ырың-жырың үдей берді. Мұның өзі Қарахан мемлекетін мейлінше құлдыратты. Осы алауыздықтарды пайдаланған Селжүк сұлтандары Қараханды өзіне тәуелді етуге ұмтылды.

Қарахандар әулетінің өкімет билігі үшін күрескен ішкі тартыс өте-мөте Шығыс қағандықта шиеленісе түсті. 1056-жылы Яған тегін Мұхаммед Боғыра хан өзінің ағасы Арслан ханның иелігіне шабуыл жасап, оны күйретті, бірақ ұзамай өзі де қаскөйлікке тап болып, у беріп өлтірілді. Бұдан соң үкімет билігі Боғыра ханың баласы Ибраһимнің қолына өтті. Ол да ұзақ дәурен сүре алмады, Барыс ханды билеген Инал тегінге қарсы соғыста қаза тапты. Бұл оқиғадан кейін Қадырхан Жүсіптің балалары: Тоғұрыл хан мен Боғыра хан һарұн Шығыс қағандықты он бес жыл (1059—1074) биледі. Олардың тұсында Ферғана өңірі Шығыс қағандыққа біріктірілді, ал екі қағандықтың шекарасы Сырдария өзенінің бойымен өтті². Енді өкімет билегі

¹Ибн Әл-Асыр, 9-том, 356-бет.

²В. В. Бартольд «Жетісу тарихының очерктері».

Боғыра хан һарұнның (1074—1102) қолына көшті, ол Бала-сағұнды, Қашқар мен Хотанды биледі.

Осы кезде мейлінше күшейген Селжұқ мемлекеті қара-хандарға хауіп төндірді. Селжұқ сұлтаны Мәлік-шах (1072—1092) жер қайысқан әскерін бастап 1089-жылы қарахандар мемлекетінің батыс қағандығының территория-сына шапқыншылық жасап, қағандықтың астанасы Самар-қант қаласын жаулап алды, одан соң Үркент қала-сына келді. Оларды тойтаруға шарасыз қалған Боғыра хан өзін Мәлік шахқа тәуелді бодан деп мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп, Қарахан мемлекеті Селжұқ сұл-тандарына тәуелді болды. Бірақ Селжұқ сұлтандары Қара-хан елін тікелей меңгерген жоқ, тек қараханилар әулеті мү-шелерінен өздеріне қолайлы хандарды тағайындаумен ғана шектелді. Нақ осы кезде Тоғұрыл Қашқар қаласын қоршап, Боғыра хан һарұнды тұтқынға алды, бірақ Атбашты иеле-нуші Яқұптың араға түсуі арқасында һарұн тұтқыннан боса-тылды. Мәлік Шах Яқұппен келісім жасап, Ұзкенттен кетті.

1102-жылы Боғырахан һарұн қайтыс болды, одан соң Тараз бен Баласағұнды билеген Қадырхан Жебірәил Сел-жұқ сұлтанының Орта Азияға жүргізген үстемдігіне қарсы аттанып, Мауараннахрды қайтарып алды, онан соң Селжұқ сұлтандарының иелігіне қарай жорыққа шықты, бірақ Тер-мез түбіндегі шайқаста жеңіліске ұшырап, тұтқынға түсіп жазаланды¹. Бұдан кейін, Селжұқ сұлтаны Санжар Иб-раһим қараханилар әулетінен Тапғаш ханның шөбересі Арс-лан ханды (1102—1130) Мауараннахрдың билеушісі етіп тағайындады. Арслан хан тәуелсіз саясат жүргізуге ұм-тылды, өзінің баласын көмекші билеуші етіп тағайындады, бірақ бұған қарсы болған феодал-шонжарлар қастандық жа-сап, Насырды өлтірді. Енді Арслан хан көмекке Санжар сұлтанды шақырды. Санжар сұлтан әскерімен Мауар-аннахрға басып кіріп, 1130-жылы қараханилардың орталы-ғы Самарқант қаласын басып алды. Бұл кезде Боғыра хан ауыр науқас үстінде еді. Ұзамай Балқыда қайтыс болды.

12-ғасырдың басында Иелұй Дашы бастаған кеден (қа-рақытай) әскерлері қараханилар әулетінің шығыс иелігіндегі өңірді өзіне бағындырды. Сөйтіп 12-ғасырдың алғашқы жартысында қараханилар әулеті мемлекет ретінде өмір сү-руден қалып, ыдырады. «1212-жылы қарахан әулетінің

¹Ибн Әл-Асыр, 10-том, 239—240-беттер.

соңғы өкілі — Қылыш Арслан Ибн Қылышты Хорезм шаһы Мұхаммед өлтірді»¹.

Қарахандар әулеті Орта Азия өңіріндегі ірі феодалдық мемлекет болды, қарахандардың ең жоғары билеушісі хақан деп аталды. Қарахандар әулеті өздерін «тәбғач» хан деп атаған. Тәбғач Жүңго деген сөз, қарахан елінің хандары «Арслан хан» және «Боғыра хан» деп аталды. Қарахандар қоластындағы үлестік жерлерді билеуші ілек хандар қағанның жер-жердегі өкіл әкімдері еді. Бұлар қағанның туыстары болатын. Жоғары лауазымдардың бір түрі тегін (Арслан тегін, Боғыра тегін) деп аталды. Бұлардың тыс, ұға, еркін (Күл еркін), сағұн (күн сағұн) атағын алған билеушілер болды.

Хан сарайында (қаршыларда) ханға ең жақын адам уәзірлер еді. Бүкіл елдің әскери, әкімшілік және шаруашылық жұмыстарын басқаратын лауазым иелері бұғұрұш, абғұ, түксин сияқты үш жүйеге жіктелді. Хан сарайындағы тапұқшылардың (мәнсаптылардың) белгілі штаты болды. Мұндай мәнсаптар: субаш (әскери қолбасы), бек, ұлұғхажип (бас кеңесші), ялауач (елшісі), батыкчы (хатшы), кабих баш (сарай күзетінің бастығы), хорұкчы (есік қорушы), ағчы (қазынашы), аспаз, тағы басқалар болды. Қарахан мемлекетінде қалалар мен қыстақтарда мөхтарлар, әкімдер, райыстар болды. Пошташылардың бастығы — саһип-барида, алым-салық жинаушы бастықтар мұстауфа деп аталды.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан аймақтарды басқару жүйесі отырықшы, қалалы орындардан өзгешелеу болды. Бұл аймақтардағы халықтар ру-тайпа бастықтары арқылы басқарылды, олар көбінесе ел басшылары арқылы бектер мен хандарға бағындырылып отырды.

Қарахандар дәуірінде егіншілік, мал шаруашылығы, қол-өнер және сауда гүлденіп, елдің экономикасы мейлінше дамыды. Бұрынғы қалалар көркейіп, жаңа қалалар жарыққа шықты. Қала мәдениеті өркен жайды. Сол заманның авторлары Тараз қаласын (саудагерлер қаласы), Исфинджапты «бүкіл дүние жүзі саудагерлері үшін кен бұлағы»² деп мадақтады. Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналымы дами түсті. Тіпті жеке қалалардың өз ақшалары болды. Арыс өзенінің орта саласынан табылған

¹«Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 509-бет.

²«Қазақ ССР тарихы», 1-том, 79-бет, Алматы, 1959.

қараханилар заманының бір құлаған қаласының көмбесінен Алмалықтың, Тараздың, Отырардың, Самарқанның, Магияның, Бұхараның, Қоженттің, Шаштың (Ташкенттің), Қашқардың және басқа қалалардың құйған ақшалары табылған.

10—12-ғасырларда Қарахан мемлекетінде сәулет өнері дамып, тамаша табыстарға жетісті. Жетісу өңірі мен Сырдария алқабында сақталған Айша Бибі күмбезі, Аяққамыр, Алашахан күмбезі, Талас қаласындағы (қазіргі Жамбыл қаласындағы) Әулие ата Қарахан мазары, Бабаша Хатұн күмбезі, Сырлытам, Талас өзеніндегі Тас көпір, Тараз моншасындағы су құбыры және олардағы сан алуан ою-өрнек, нақыштар Қарахан дәуіріндегі өнердің өзекті үлгілері саналады.

Қараханилар дәуірінде ғылым, мәдениет мейлінше гүлденіп жоғарғы өреге көтерілді. Бұл мәдениеттің батыс иеліктегі басты орталығы Самарқан қаласы мен Бұхара қаласы болды. Бұл екі қала бұдан бұрын ислам мәдениетінің өрбіген орындарының бірі болып келген еді. Шығыс иеліктегі негізгі мәдениет орталығы Қашқар мен Баласағұн қаласы болды. Қашқар қаласы ерте кезде бұдда, манихей мәдениетінің орталығы болған еді. Қараханилар заманында ислам мәдениетінің бесігіне айналды.

Қарахандар дәуірінде, Орта Азияда жасаушы түркі тілдес халықтардың мәдениеті марқаланып, дами түсті. Бұл дәуірде әлемге әйгілі «Диуан лұғат ат-түрік» «Түркі тілдері сөздігі» және «Кұтадғұ білік» (Кұтты білік) сияқты шоқтығы биік шығармалар жарыққа шықты.

«Диуан лұғат ат-түрік» еңбегі 1072—1072-жылдары жазылған. Оның авторы — Махмұт Қашқари. «Диуан» — араб тілінде жазылған үш томдық ірі шығарма. Мұнда печенег, қыпшақ, оғыз, иемак, башқұрт, басмыл, қай, япғұ, татар, қырғыз, шығыл, тохси, яғма, ығырақ, шарұқ, шіміл, ұйғыр, таңғұт, қытай, табғаш, арғұ, болғар, суар сияқты жиырма үш тайпаның тілі туралы тамаша дерек берілген. Ол түркі тілдерінің тұңғыш реткі толық сөздігі, сондай-ақ түркі тілдес халықтардың тарихы, этнографиясы, тілі, фольклоры, тұрмыс-тіршілік салты, жағырафиялық жағдайы, саясаты, шаруашылығы мен мәдениеті жайындағы сан-сапалы білімдерді қамтыған ғылым шежіресі — энциклопедиясы еді.

Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласында туып өскен Жүсіп Баласағұни 1069-жылы жазған «Кұтты білік» дастаны сексен бес тарау, алты мың бес жүз жиырма бәйіт, оның сыртында 124 бәйіт қосымшасы бар, бұл әдеттегі өсиеттік дастан емес, саясат пен заң, этика мен мораль

қатарлы сан-салалы білімдерді қамтыған терең философиялық шығарма. «Құтадғұ білік» дастаны мазмұны бай, тілі көркем, дүниежүзілік әдебиеттегі тамаша ескерткіштердің бірі, сондай-ақ қараханилар заманында гүлденген көне мәдениет куәлігі болып есептелінеді.

Тарихта 200 жылдай өмір сүрген қараханилар мемлекеті территориясының бір қанаты қазақ халқы қоныстанған жердің ұлан-байтақ өңірін қамтыды, бұл дәуірде қазақтар қараханилар мемлекетінің құрамындағы халықтардың бірі болды. Бұл қазақ халқының саяси, шаруашылық және мәдени өміріне, діни нанымына және этникалық бірігуіне терең ықпал жасады, қазақ халқының құралуына елеулі рөл атқарды.

БАТЫС ЛИАУ ПАТШАЛЫҒЫ

Кидандардың (қара қытайлардың) Орта Азияда құрған патшалығы Батыс лиау патшалығы деп аталады. Кидандар — ханзу тіліндегі деректерде «чидан», «қара чидан» деп аталса, араб-парсы, түркі-маңғол тілдеріндегі деректерде «кидан», «кеден», «кита», «қыта», «қытай», «қара қытай» деп аталды¹.

Кидандар туралы алғашқы дерек 5-ғасырдың 70-жылдарынан бастап мәлім болған. Олар бұл заманда Жұңғоның шығыс солтүстігінде Уссури алқабын мекен еткен көшпелі тайпалар еді. Олар 10-ғасырда Ансбаган деген көсемнің қол астында күшті одақ құрып, солтүстік Жұңғоның көп жерін бағындырып, Иужоу қаласын орталық еткен Лиау патшалығын (907—1125) құрған. Осы кидандар 1114-жылы жүржан (шүршіт) тайпаларымен соғысып, ауыр жеңіліске ұшырайды, бұл жеңіліс кидан тайпалары одағының ыдырауын тездетіп, Лиау патшалығының іргесін шайқалтады.

Осындай ойпыл-тойпыл кезеңде, Лиау патшалығын билеген кидан руынан шыққан ақсүйектердің бірі Иелүй Дашы батыс солтүстік Манчжурия мен Маңғолияның солтүстігін қоныстанған көшпелі кидан тайпаларының бір бөлегін бастап, батысқа қарай үдере көшеді. Бұлардың

¹ Кидан (қытай, қара қытай) этнонимін ханзулармен шатыстыруға болмайды. Олар ханзулардан бөлек, түнгүс-маңғол тектес көшпелі халық болған. 6—8-ғасырлардағы Орхон тас жазуында да оларды кидан, ал ханзуларды тапғач деп айырып атаған.

басым көпшілігі шүршіттердің шабуылынан шошып үріккен шаруалар еді. Оның ішінде қарулы әскер шамалы ғана болды. Иелүй Дашының қол астында небары екі жүз атты әскер болған.

Иелүй Дашы осы бетімен Шаған татарларына келіп, олардан мініске төрт жүз ат алып, Алтайдың оңтүстік сілеміне, Қатынбалыққа жетеді. Осы жерде, бұрын Лиау патшалығына бодандық тәуелділікте болған қалалар мен тайпалардың бастықтарын жинап құрылтай ашады. Бұл құрылтайға ұйғырлардың, татарлардың, керейттердің (керейлер), оңғыттардың (уақтардың), меркіттердің, шашыраттардың, бұсұғандардың, таңғұттардың, жұмұстардың және жаңғыбалық қатарлы қалалардың басшылары қатынасады¹. Иелүй Дашы осы құрылтайға қатынасқан тайпалардан он мыңнан артық сайлауыт әскері бар армия ұйымдастырады. Ұйғырлардың билеушісі Білге хан оған бес жүз ат, жүз түйе, үш мың қой жинап береді. Иелүй Дашы бұл кезде өзін уақ деп атайтын еді.

Жергілікті көшпелі тайпалардан әскер, ат-азық алып, белі бекіген Иелүй Дашы бұрын Таң патшалығының өкіл әкімі тұрған Бешбалық (Басбалық, қазіргі Жемсары ауданында) қаласына келіп, осы төңіректе бірнеше жыл әрекет істейді. Оның үстемдік ықпалы кеңейіп, Еміл өзені алқабына жетеді. 1225-жылы Еміл өзені жағасында Еміл қаласын салып (бұл қаланың қалдығы қазіргі Дөрбілжін қаласының қасында), оны өзіне астана етеді. Бұл өңірде кидандардың үкіметі орнығып күшейген сайын атырабындағы көшпелі тайпалардың көсемдері оған келіп бағына бастады. Бір-бірімен жауласып отырған ұсақ хандар кидандарға сүйеніп өз жауын мұқату үшін Иелүй Дашыға ықтады. Жетісуды билеген қаңлы және қарлық хандарымен жауласып отырған Баласағұн билеушісі Арслан хан кидандарды Жетісуға шақырады. Қараханилардың бодандық тәуелділігінен құтылуға талпынған қаңлы және қарлық хандары да кидандардың көмегіне қол созды. Жүзжанидың айтуынша, «Түркістан патшалары» қара қытайлардың көмегімен бірін-бірі «бағындыру және талқандау» әрекеттерін жүргізеді². Бұл жағдай кидандардың күшеюіне және кеңеюіне үлкен орай тудырады.

1130-жылы Жин патшалығы Иелүй Дашыны жазалау үшін әскер аттандырды, бірақ әскерлер мақсатына жете

¹ «Лиау патшалығы тарихы», 30-бөлім.

² «Жүзжаний», 1-том, 109-бет.

алмай орта жолдан қайтып келді. Осыдан соң Иелұй Дашы батысқа қарай жорық бастады, оның әскерлері екі бағытқа бөлініп, бір бөлегі Қашқарға, енді бір бөлегі Баласағұнға қарай жорық жасаған еді. Қашқарға аттанған әскерлері Қашқардың ел ханы Ахмед Ибн Әл-Хасеннің әскерлерімен соғысып жеңіліп қалды. Баласағұнға қарай аттанған кидан әскерлері жеңіске жетті, өйткені оларға Жетісудағы қарлық тайпалары (саны 12 мың түтін) көмектесті, бұлар қарлықтармен бірлесе отырып Баласағұн қаласын алды, одан соң Мауараннахрға басып кірді. Мазмұд Ибн Мұхаммед бастаған қарахан әскерлері Қожент түбінде кидан әскерлерінен жеңіліп, тас-талқан болды. Ол шайқаста кидан әскерлеріне енген қарлық қосындары елеулі рөл атқарды. Селжұқ сұлтаны Санжар Махмұдқа көмектесу үшін 100 мың әскермен Самарқанға қарай аттанды. Селжұқ сұлтандарына қарсы күресіп отырған Хорезм кидандар жағын шықты. Санжар сұлтан мен кидан әскері арасындағы зор шайқас Самарқанның шығыс солтүстігіндегі Қатуан даласында болды. Санжар армиясы қирай жеңілді. «Ондаған шақырым жерде қырылған әскердің өлігі жайрап жатты¹. Санжар мен Махмұд Термезге қашып кетті.

Иелұй Дашы бұрын қарахандар қызметінде болған кидандармен бірлесе отырып Самарқанды, Керманды, Бұхараны, Қашқарды жаулап алды. 1131-жылы Иелұй Дашы Керманда өзін горхан (ұлы хан) деп жариялады.

1133-жылы Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласының қасына Батыс лиау патшалығының жаңа астанасы салынды, бұл «Күзорда» деп аталды. Батыс лиау патшалығының территориясы: қазіргі Шинжаң ауданы мен Жетісу өңірін және Мауараннахрды алып жатты. Осы ұлан-байтақ өңірді мекендеген халықтар, соның ішінде қазақ тайпалары мен ұлыстары да кидандар тұрған Батыс лиау патшалығының қол астына қарады. Кидандар өзіне бағынған ұлыстардың (қарлық, қаңлы, тағы басқа) хандарын және аймақтардың билеушілерін өкімет басынан құлатпады, олар Батыс лиау өкіметіне бодан ретінде сырттай бағынды да, өзін-өзі билеп отыра берді. Батыс лиау өкіметі олардан тек алым-салық алуды ғана місе тұтты.

Қара қытайлар келгенде қалалар мен отырықшы қоныстарды қиратып келген жоқ. Деректемелер бірауыздан былай деп атап көрсетеді: қара қытайдың таралуы бейбіт сипатта болды. «Олар (қара қытайлар) қаланы алған

¹ «Лиау патшалығы тарихы», 30-бөлім.

кезде, — деп жазды Ибн Әл-Асыр, — тек әр үйден бір динардан ғана алды. Егістік және сол тәрізділерге келетін болсақ, олар халыққа берілді»².

Батыс лиау патшалығын құрған горхан Иелүй Дашы 1143-жылы қайтыс болды. Баласы Иле жас болғандықтан хандықты Иелүй Дашының ханымы Набұян басқарды, ол Гантиян ханым деп аталды. Жеті жылдан соң Даштың ұлы Иле әкесінің тағына отырып (1150-1164) горхан болды. Ол қайтыс болған соң қарындасы Бұбұған тақта отырып (1164—1177) билік жүргізді. Оның хандығының ақырғы мезгілінде Батыс лиау хандығының ордасында саяси өзгеріс туылып, Бұбұған өлтірілді. Оның орнына Иленің баласы Жилугу (Жорұқ) горхан болды.

Кидан хандары өзі орналасқан орталық қалаларда хан сарайларын, бұдда ғибадатханаларын салдырды, бұларды салуда ішкі Жұңгодағы құрылыс салудың үлгісі мен өнер өрнектері қолданылды. Қалаларда қол өнерімен сауда дамыды. Көпшелі мал шаруашылығымен шұғылданған аймақтарда егіншілік етек алды. Арба, бидай, тары, күріш сияқты астық дақылдарымен қатар мақта тәрізді шаруашылық дақылдары егілетін болды. Жеміс бақшаларында алма, анар, жүзім өсірілді.

Батыс лиау патшалығында алым-салықтың екі түрі болды. Оның бірі үй басынан бір динар алатын түңілік алман еді, енді бірі егіншілердің өнімінің оннан бірі алынатын астық бажы еді.

Батыс лиауға қарасты халықтың басым көпшілігі түркі тілдес халық еді. Батыс лиау армиясы да түркі тілдес халықтан алынған әскерлерден құралды.

Батыс лиау патшалығына қарасты халықтың басым көпшілігі ислам дініне сенді, сонымен бірге онда бұдда дініне сенушілер де, несториан дініне сенушілер де болды. Бұл діндер арасында асқынған қайшылықтар өмір сүріп отырды.

Батыс лиау патшалығының соңғы дәуірінде, әсіресе Жилугу үстемдік еткен кезде кидан ақсүйектері алым-салықты көбейтіп, әр ұлт халқын аяусыз езіп қанады. Бұған халық бұқарасы қатты наразы болды. Хотан халқы Батыс лиау үстемдігіне қарсы көтеріліс жасады. Батыс лиау өкіметі қарлықтардың Арслан ханын жұмсап, көтерілісті әскери күшпен жаныштады. Алайда халықтың қарсылық күресі

² «Қырғыз және Қырғызия тарихының материалдары», 66-бет, «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 40-бет.

тоқтамады. Бұрын горханға бодандық тәуелділікте болған өлкелер өз алдына бөлініп шыға бастады.

13-ғасырдың басында Шыңғысханнан жеңіліп, батысқа қоныс аударған наймандардың көсемі Күшлік хан Батыс лиауда туған ішкі бүлікті пайдаланып, Жилүгудың тағын тартып алып, хан болды. Оны 1218-жылы Шыңғысхан әскерлері күйретті.

Кидандар бұл өңірге келгеннен кейін түркі тілдес халықтарға араласып, олардың ықпалына ұшыраған еді. Батыс лиау құлағаннан кейін, олар Орта Азия халқына сіңіп кетті. Бір ғасырға таяу өмір сүрген Батыс лиау патшалығы қазақ тарихында із қалдырды.

Шыңғыс әулетінің
манғол патшалығы
дәуіріндегі қазақ
халқы

МАҢҒОЛДАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛЫСТАРЫ

Шыңғысхан (Темучин) бастаған маңғолдар 13-ғасырда Жұңгоның солтүстігіндегі ұлан-байтақ өңірде жер-дүниені зілзалаға келтірген аса құдіретті маңғол патшалығын құрды.

12-ғасыр мен 13-ғасырдың межесінде маңғолдардың қоғамдық экономикасы жедел дамып, феодалдық қатынастар қалыптаса бастады. Маңғолдардың боржегін тайпасынан шыққан Ясукай батырдың баласы Темучин — Шыңғысхан (1155—1227) өзінің бәсекелестерін бірінен соң бірін жеңе отырып, бытыранды маңғол тайпаларының басын қосып, маңғол тайпаларының саяси бірлестігін құрды. Осыдан соң күн санап күшейе түскен Темучин өзінің төрт төңірегіндегі тайпалар мен ұлыстарға шабуыл жасады. 13-ғасырдың басында татар, қоңырат, жалайыр, ойрат, керей, меркіт, найман, оңғыт (уақ), тағы басқа тайпаларды бағындырды. 1206-жылы көктемде Онон өзенінің жағасында ашылған ру-тайпа ақсүйектерінің құрылтайы Темучинді хан көтеріп, оны «Шыңғысхан» деп жариялады. Сөйтіп Шыңғысхан билеген маңғол патшалығының іргесі қаланды. Оның бұл кездегі территориясы: шығыста Хыңган тауынан, батыста Алтай тауына дейінгі, солтүстікте Байқал көлінен, оңтүстікте Жин патшалығының шекарасына дейінгі ұлан-байтақ өңірді қамтыды.

Қазақ халқының құрамындағы белді тайпалар мен ұлыстардың бірсыпырасы — керейлер, наймандар, қоңыраттар, жалайырлар, меркіттер, дулаттар, қыпшақтар, қаңлылар, тағы басқалар маңғолдар қозғалысынан бұрын Орталық Азия мен Орта Азияның ұлан-байтақ өңірінде өз алдына хандық құрған еді. Бұлар Шыңғысханның жорығына қарсы жиырма жыл бойына қажырлы қарсылық көр-

сетіп, ерлік күрес жүргізді. Сол кезде жеке-жеке ұсақ хандықтарға бөлініп, бытыранды жағдайда өмір өткізіп отырған қазақ ұлыстарын Шыңғысхан бірін-біріне қоспай жеке-жеке талқандады және әр алуан әдістермен өзіне бағындырды. Ақырында олар Шыңғысхан құрған маңғол патшалығының құрамына қосылды. Қазақ халқының құралуына үлкен үлес қосқан осы ұлыстардың сол кездегі тарихы жөнінде көптеген деректер бар. Бұл қазақ тарихының маңызды материалдарының бірі болып есептеледі. Біз енді осы ұлыстарға жеке-жеке тоқталамыз.

КЕРЕЙЛЕР

Орта ғасырдағы жазба деректерде — «Маңғолдардың құпия шежіресі», «Маңғолдардың алтын тарихы» сияқты кітаптарда «керей» атауы «керейт» түрінде берілген. Ал «Иуан патшалығының тарихында» «Кіле», «хыле», «клейі», «хлейы» деп жазылған. Парсы және түркі тілдеріндегі «Жамих ат-тауарих», «Шежирейі түрік» сияқты кітаптарда да «керейт» түрінде кездеседі. Көне түркі тілінде «т» қосымшасы «лар», «лер» деген мағынада жұмсалған. Демек, «керейт» — «керейлер» деген сөз. «Керей» деген ұлыс атының тегі мен мағынасы жөніне зерттеушілер әр алуан жорамал-жорулар айтқан. 14-ғасырдың басындағы парсы тарихшысы Рашиден «Жамих ат-тауарих» атты кітабында былай баяндайды: Ерте заманда бір хан болыпты, оның жеті ұлы бар екен. Ұлдарының өң-түсі өңкей кер болғандықтан «керейлер» атанған екен. Кейін бұл балалар өсіп-өрбіп тайпа ел болыпты да «керей» сол тайпаның атына айналыпты. Ең ақырында «керей» деп хан шыққан ру ғана аталатын болған. Басқа тайпалар осы ханға бағынған¹.

Осыған меңзес сөз Әбілғазы әл-Хорезмидің «Түрік шежіресі» кітабында да көрсетеді. Онда ағайынды жеті адамның өң-түсі түгел кер болғандықтан, олардың ұрпағы «керей» (керейлер) деп аталған дейді. Автор керейлерді оғыз тайпаларынан шыққан² дейді. Қазақ тілінде «кер» деген сөздің бір мағынасы өң-түсті білдірсе, енді бір мағынасы ер, биік, асқақ деген ұғымды береді.

Лиану (907—1125), Жин (115—1234) патшалықтары кезінде керей ұлысы көптеген тайпалар мен руларға бөлінген. Олар:

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих», I-том, 209-бет. (ханзуша аудармасы).

² Әбілғазы Әл-Хорезми «Түрік шежіресі», «Керейлер» тармағы.

1) Керейхан тайпасы. Хандар осы тайпадан шыққан, ол басқа тайпаларға үстемдік еткен, барлық тайпалар Керейханның бұйрығына бой ұсынатын болған¹.

2) Жырхын тайпасы. Бұл керейлердің ішіндегі ең күшті тайпа болған. Олар Қарауын — Жыдұн және Жечір — Жүлгір деген жерлерде көшіп қонып жүрген. Олардың бастығы Гийүк батыр деген адам болған. Ол Күрени деп аталған он мың үйдің ұлығы еді. Жырхын тайпасы керейлер ішінде «сый-құрметке бөленген батыр тайпа болды», керей ұлысынан шыққан батырлардың көбі осы тайпадан еді².

3) Тонхайт.

4) Сахиат.

5) Тобарыт.

6) Албат тайпасы.

19-ғасырда Алтай аймағындағы керей тайпасынан шыққан шежіреші Мәми керей ұлысының арғы тегін мынадай сегіз тайпадан таратады: шөп, сеп, байлау, қойлау, елдей, күлдей, изен, жусан. Осы Мәми айтқан тайпалардың аты 7—8-ғасырлардағы Жұңго жылнамаларында да бар, олардың көбі қазіргі Жоңғарияны мекендеген телі тайпаларының қатарында аталады. 7-ғасырдың басында Жоңғариядағы шеп, сеп, байлау, қойлау тағы басқа тайпалар шығыс түрік қағандығының үстемдігіне қарсы көтеріліс жасап, 607-жылы шеп тайпасының бастығы Керін Еркінді хан көтеріп, «Изен Бағақаған» деп атаған. Оның хан ордасы Танхан тауында (қазіргі Боғда тауында) болған. Ол Жоңғариядағы тайпаларды бастап соғысып, түріктің Чоро қағанын жеңіп, Құмыл, Қарашары қатарлы жерлерді бағындырған³. Осы Керіннің баласы Хылей қаған атанған. «Таң патшалығының көне тарихында» Хылейдің әкесі Кер (гер) сүй дәуірінде «мықты тегін» атағын алған⁴ еді дейді. «Кер» деген бұл сөз хандар руының аты. Демек «Керей» этнонимі жоғарыдағы тайпалардың алғашқы тайпалық одағының көсемі Керін яки Хылей (керей) хандарының атынан шыққан болуы мүмкін. Өйткені қазақ шежіресінің, Рашиденнің және Жұңго жылнамаларының деректері арасында осындай сәйкестік бар.

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих», I-том, 209-бет, (ханзуша аудармасы).

² Бұл да сонда, 208—209-беттер.

³ «Сүй патшалығы тарихы», 82-бөлім, «Түңдиян», 199-бөлім, «Таң хуияу», 96-бөлім.

⁴ «Таң патшалығының көне тарихы», «Шеп Хылейдің өмірбаяны».

Кейбір этнографтар керей ұлысын сары керей, қара керей және уақ керей деп үш салаға айырады. Қазақ шежірелерінің деректерінде: қазақтың ортаншы ұлы Ақарыстың (кейде Бекарыс деп те айтады) бір баласы Дана би, оның үш баласы: Қоянбай, Жарғақ және Тарғақ екен. Қоянбайдан сары керей, Жарғақтан қара керей, Тарғақтан уақ керей тараған деседі. Шежірелердің көпшілігі: қара керей найманнан тараған төлегетайдың төрт баласының (қара керей, төртуыл, садыр, матай) бірі дейді. Қазіргі күнде қара керей найман ұлысының белді тайпасының бірі. Оны ешкім де керей есептемейді. Ал уақ өз алдына бір арыс ел есептеледі. (Әйгілі ғалым Әлкей Марғұлан уақты «оңғыт» деп атапты, оңғыттар 13-ғасырда керей, наймандармен тең белді ұлыс болатын).

Шежірешілер: сары керейден қара би, қара биден ашамайлы, абақ тараған дейді. Қазіргі Шинжаңдағы керейлердің көбі абақ керей. Бұл 12 тайпаға бөлінеді: жәдік, жантекей, шеруші, қарақас, молқы, күнсадақ, ителі, шыбар айғыр, жастабан, сарыбас, меркіт, шимойын. Шежіре деректерінде ашамайлы керей он тайпаға бөлінеді: сибан, балта, күшебе, ақсары, құлсары, семеналы, нұралы, нұрымбет, ақымбет, самай. Бұлардың бәрі орта жүздегі керейлер, бұдан басқа кіші жүзде де керейт тайпасы бар, тегінде олар да керей ұлысының бір бөлегі болған.

Керейлер ерте заманнан бері келе жатқан түркі тілдес тайпалардың бірі. Әйгілі шығыс зерттеуші ғалым Грум Гржимайло: керейлер 9-ғасырдан бастап тарихқа әйгілі болған десе, Н. Аристов: керейлердің жан саны 10-ғасырда 900 мың адамға жеткен дейді. Г. Н. Потанин: керейді сары үйсіннің ұрпағы дейді.

Лиану және Жин патшалықтары дәуірінде керей елі Ханхай тауы мен Гинте (Бұрқан) тауының аралығында, Орхон, Тола өзендерінің өңірінде көшіп-қонып жүрген, олардың батыс жағындағы көршілері меркіт және қырғыз тайпалары болған. Ол кезде керейлер жан саны көп, күші мығым ұлыс еді. Керейлер осы кезде соғды жазуын (көне ұйғыр жазуын) қолданған. 1007—1009-жылдардан бастап христиан дінінің бір тарауы болған несториин дініне кірген.

Тарихи жазба деректерде керей елінің Марғұзхан, Құршақұз, Бұйрық хан, Горхан және Оң хан деген билеушілернің аты аталады. Мұның ішінде өте әйгілісі Оң хан, оның өз аты Тұғырыл, ол Шыңғысханмен замандас адам. Оның Оң хан деген лауазымы «Уаң хан» деген-

нен шыққан, мағынасы «бір елдің әміршісі» деген сөз¹.

Тұғырыл өз кезінде Жүңионы билеген Жин патшалығына (Алтан ханға) көмектесіп, татар тайпаларын бағындырған. Бұл еңбегі үшін Алтан хан оған «уаң» атағын берген. Жүре келе «уаң хан» деген сөз «Оң хан» болып кеткен².

Осы Оң ханның (Тұғырыл ханның) тұсында керей елі мейлінше күшейтіп, ұланғайыр өріске көсіле шалқыған. Оң ханның жазғы жайлауы Талан-Құсауыр, Дабан, Науыр деген жерлер еді. Ол кезде Оң ханның армиясы оң қол және сол қол деп екі қанатқа бөлінген. Оң қолға қарасты тайпалардың қонысы Төлсұтан, Желсұтан деген жерлер еді. Ал сол қолға қарасты тайпалардың мекені Ылат, Тарат, Айжиек, Құтықан, Аруұт, Үкіріт, Илат, Тартыт деген қоныстар болған.

Оң ханның қыстауы Аутегін, Аурұн-Күркін, Түш, Барай, Шырк, Құлусын, Откү-Құлан, Жалауыр-Құлан деп аталатын жерлер еді³.

Оң ханның атасы Марғұз, оның лауазым атағы Бұйрық хан. Осы Марғұз Бұйрық хан керей елін билеп тұрған кезде татар тайпалары күшейіп, керей еліне зорлық-зомбылық жүргізеді, татар тайпаларының билеушісі Науыр Бұйрық хан қапияда Марғұзды қолға түсіріп, шүршіттердің патшасына апарып береді, шүршіт патшасы Марғұз ханды «Ағаш есекке» шегелеп, қинап өлтіреді⁴.

Марғұз ханның ханымы (Оң ханның әжесі) Құтұқты Күл-қыз ерінің кегін қайтаруға әрекет жасайды. Осы кезде татар тайпаларының ханы Науыр Бұйрық бір салтанатты той жасауға дайындық көріп жатса керек. Құтұқты Күл-қыз татар ханына елші жіберіп, оған сый-сипат апаратындығын айтады, онан соң жүз еркек қой айдап, жүз түйе жетелеп, жүз саба қымызды жүз арбаға тиеп, Науыр Бұйрық ханның тойына аттанады. Ол кездегі ордалардың сабасы орасан үлкен болады екен, Құтұқты Күл-қыз жүз сабаның ішіне қаруланған жүз батырды жасырып, арбаменен алып жүреді. Бұлар татар ханының ордасына келіп, жүз еркек қой мен жүз биені күтушілерге табыс етеді. Қымыз сабаларын тиеген арба қонақасы беріліп жатқан жерге әкелінеді, дәл осы сәтте жүз сабадан жүз батыр секіріп шығып, Құтұқты Күл-қызға еріп келген адамдармен

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих», I-том, 2-бөлім, 144-бет. (ханзуша аудармасы).

² «Маңғолдардың құпия шежіресі», 134-тарау.

³ Рашиден «Жамих ат-тауарих», I-том, 1-бөлім, 206—207-беттер.

⁴ Рашиден «Жамих ат-тауарих», 211-бет.

бірге дастарқанда отырған татар тайпаларының ханы мен нояндарды тарпа бас салады да, Науыр ханды және олардың тайпа бастықтарын бір-ақ жайратады. Осындай айламен Күтұқты Күл-қыз ерінің кегін қайтарады¹

Оң ханның атасы Марғұздың екі ұлы болған, үлкен ұлының аты Құршақұз Бұйрық хан, кіші ұлының аты Горхан.

Құршақұздың бірнеше баласы болады, үлкен ұлының аты Тұғырыл (Оң хан). Қалған балаларының аты: Еркеқара, Теміртайшы, Бұқа-Темір-Илқы, Сенкүн-Жаға-Камбұ, тағы басқалар².

Құршақұз Бұйрық хан қайтыс болғанда, оның үлкен ұлы Тұғырыл (Оң хан) шекара қорғанысы жұмысымен елдің бір шетінде екен, оның інілері Темір Тайшы мен Бұқа Темірлер ағасы Тұғырылдың жоқтығын пайдаланып, әкесінен қалған хандық орынды иеленіп алады. Бұны естіген Тұғырыл дереу шекарадан қайтып келеді де, екі інісін өлтіріп тастап, хан тағына отырады³.

Құршақұздың інісі Горхан (Тұғырылдың кіші әкесі) бұл хабарды естіп, әскер бастап келіп, Тұғырылға (Оң ханға) шабуыл жасайды. Тұғырыл жеңіліп, Ясукай батырға (Шыңғысханның әкесі) қашып барады. Ясукай батыр Тұғырылды қолдап, шеру тартып келіп Горханмен соғысып, оны талқандап, Тұғырылды хан тағына қайта отырғызады және Горханның иелігін тартып әпереді. Бұған көңілі көншіген Тұғырыл хан Ясукай батырмен «Анда» (дос) болады⁴

Ясукай батыр қайтыс болған соң, оның қол астына қараған елі тозып, жетім қалған баласы Темучин және жесір қалған әйелі Ұлүн Еке «көлеңкесінен өзге серігі, құйрығынан басқа қамшысы жоқ» ауыр күндерді басынан кешіріп, көзге түрткі болады⁵. Темучин бұл жағдайдан құтылу үшін әкесі Ясукайдың «Андасы» Тұғырылға сүйенуге ұмтылады.

Тұғырыл хан (Оң хан) Ясукаймен «Анда» болғандықтан, Темучин Тұғырылды «әкем» дейді. Ол қоңырат Тай шешеннің қызы Бөртеге үйленді де, бас киітке берілген қара бұлғын ішікті алып, Тола өзенінің бойындағы қара тон орманында отырған керей ханы Тұғырылға келіп: «Сіз менің әкемнің «Андасы» болғандықтан, өз әкеміз, мен үйленген келініңіздің атасына арнаған киітін өзіңізге алып келдім», деп қара бұлғын ішікті Тұғырыл ханның иығына жаба-

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих», I-том, I-бөлім, 211-212-беттер.

² Рашиден «Жамих ат-тауарих», I-том, I-бөлім, 213—214-беттер.

³ Бұл да сонда.

⁴ Бұл да сонда, 2-бөлім, 146-бет.

⁵ Маңғолдардың құпия шежіресі», 96-тарау.

ды. Бұған риза болған Тұғырыл хан Темучинге: «Қара бұлғын ішіктің қарымы үшін, телім-телім болып тозған еліңді түгел жинап қолыңа саламын, бұл істі көкейімде берік сақтаймын» деп уәде береді¹.

12-ғасырдың өн бойына Маңғолиядағы күшті ел болып келген керей ханы Тұғырылға арқа сүйеген Темучин өз бәсекелестерінің бірінен соң бірін жеңіп, маңғол ру-тайпаларының басын құрайды. 1189-жылы маңғол ру-тайпа басшыларының бір тобы Темучинды хан көтеруді ұйғарып, керей ханы Тұғырылға елші жіберді. Тұғырыл хан елшілерге: «Сендердің менің балам Темучинді хан көтерем дегендерің өте орынды, сендердің маңғолдарыңның ханы болмаса бола ма. Серттеріңмен таймандар, берекелеріңді бұзбаңдар, жағаларыңды жыртпаңдар»² дейді. Енді Темучин Маңғолиядағы тайпаларды бағындыруда керейлердің ханы Тұғырылға сүйенеді. Бұл екеуі үнемі тізе қосып, жорыққа аттанып отырады. Соның үшін Рашиден: «Маңғолдар алғашында керейлерге сүйене отырып, Маңғолиядағы ұлыстарды өзіне бағындырған... керейлерге сүйенбегенде Шыңғысханның оншалық күшеюі мүмкін емес еді» дейді.

Керей Оң хан мен Шыңғысхан арасында одақтық байланыс кейін келе бұзылып, қанды шайқасқа айналады. Мұның себебін тарихшылар түрліше түсіндіреді. Рашиденнің «Жамих ат-тауарих» атты кітабында айтылуына қарағанда: «1202-жылы қыста, Шыңғысхан өзінің үлкен ұлы Жошыға Тұғырыл ханның қызы Саур бикені айттырмақ болады. Сондай-ақ Тұғырыл хан өзінің ұлы Сенгүнның баласына Шыңғысханның қызы Хошын бикені айттырмақ болады. Бірақ бұл құдалық келісімге келмей бұзылады да, арасына араздық түседі. Бұл орайды пайдаланған жажрат тайпасының бастығы Жамұқа шешен Тұғырыл ханның баласы Сенгүнмен сөз байласып, Шыңғысханға қарсы шығады. Бірақ баласы Сенгүн оның сөзіне құлақ аспайды, нәтижеде Тұғырыл хан мен Шыңғысхан арасында соғыс туылады³. Парсы тарихшысы Жүеейни «Жаһанды жаулап алушының тарихы» атты кітабында бұл оқиғаны былай баяндайды: керей Оң хан мен маңғол Шыңғысхан қанаттас көрші отырды. Шыңғысхан үнемі Оң ханға барып аман сәлем істеп отырды. Бұлар өзара дос болды. Шыңғысханның ақыл айласы мен ерлігін, соғыс өнерінің өрісін байқаған Тұғырыл хан оны қадыр тұтатын еді. Шыңғысханның абырой-атағы мен мәр-

¹ «Маңғолдардың құпия шежіресі».

² «Маңғолдардың құпия шежіресі».

³ Рашиден Жамих ат-тауарих», 1-том, 2-бөлім, 167—187-беттер.

тебесі көтерілген сайын әскери әкімшілік істерде Оң хан Шыңғысқа сүйенетін болды, тіпті Оң ханның әскерлері мен халқына да Шыңғысхан бұйрық бере бастады. Оның Тұғырыл ханның алдында мұндай мәртебеге және сүйіспеншілікке ие болып алуына іштей күндестігі қозған Тұғырылдың балалары мен туыстары, уәзірлері мен жақындары алуан түрлі айла-шарғылар қолданып, Шыңғысханның абыройын түсірмек болды. Олар ылғи іріткі салу әрекетін қолданып отырды. Оң хан олардың сөзіне сеніп, Шыңғысханмен қырғи қабақ бола бастады, мұның аяғы насырға шауып, соғыс қақтығысына әкеліп соқты. Бірнеше реткі шайқаста Шыңғысхан жеңіп шықты. Ақырында Шыңғысхан Оң ханның елін шауып, ордасын ойрандап, ханымы мен ханышасын олжалап, өзін өлтірді¹.

13-ғасырдағы «Марко Полоның саяхатнамасындағы» мәліметте Оң хан мен Шыңғысханның айрылуы жоғарыдағы екі деректен өзгеше баяндалған. Оның айтуынша, Шыңғысхан маңғол ұлысының өзіне хан болғаннан кейін, елші жіберіп Оң ханның қызын айттырып алмақ болады. Келген елшілердің сөзін естіген Оң ханның төбе шашы тік тұрады. Ол елшілерге ақырып: «Темучин менің қол астымдағы құлым еді, менің қызымды алам деп қай бетімен айтып отыр, оның мейманасы тасыған екен. Жоғалындар көзімнен, барып айтыңдар оған, бұдан былай бұл әулекілігін тастамаса, үшін өшіремін» деп оларды қуып жібереді. Бұл сөзді елшілерден естіген Шыңғысхан қаһарланып, атазаматын жинап келіп, Оң ханның ордасына шабуыл жасайды. Оң хан қамданып қарсылық көрсетеді. Нәтижеде күйрей жеңіледі, Оң хан майданда қаза табады. Шыңғысхан Тұғырыл ханның (Оң ханның) жерін жаулап, қызын қолға түсіреді².

Тұғырыл хан (Оң хан) 1202-жылы қаза болған. Оның өлімі жөнінде «Жамих ат-тауарихта» мынадай дерек берілген: Шыңғысхан Онан өзені бойында жасақ сайлап, Оң ханға жорыққа аттанды. Оң ханды талқандап, оның жерін жаулап алды. Шайқаста жеңілген Оң хан мен інісі Сенкүн қашып найман еліне жеткенде, найман ханының екі қолбасшысы Оң ханды ұстап алып өлтірді де, басын найман ханы Таянға алып келді. Оның басын көріп қатты қайғырған Таян хан: «Сендер мұндай ұлы ханды неге өлтірдіңдер, неге тірі алып келмедіңдер» деп Оң ханның

¹ «Жаһанды жаулап алушының тарихы», 38—40-беттер (ханзуша аудармасы).

² «Марко Полоның саяхатнамасы», 57—60-беттер, (ханзуша аудармасы).

басын күміспен қаптатып, бір мезет өзінің тағының үстіне қойып, аза білдірді².

«Жаһанды жаулап алушының тарихы» атты кітабында Жүеейин мынадай мәлімет келтіреді: Шыңғысхан шабуыл жасап Оң ханды өлтірген соң, Оң ханның інісі Сөнгүн керей елін бастап, Бесбалық өңіріне қоныс аударады. Олардың елінің өрісі Күшар өңіріне дейін созылып жатты дейді. «Марко Полоның саяхатнамасында»: керей ұлысы Шыңғысханнан жеңілген соң оған тәуелді елге айналды. Керейлердің бір бөлегі батыс жаққа (қазіргі Шығыс Қазақстан жеріне) қоныс аударды. Олардың астанасы Тенді деген қалада болды. Керейдің билеушілерін манғол қағаны тағайындап отырды. Қаған (Шыңғысхан) керей елінің билеушілеріне хан әулеті қатарында мәмле жасады, өзінің ханшаларын оларға беріп келді дейді. Марко Поло керей еліне келгенде Оң ханның шөбересі Керей хан керей елін билеп тұрған екен³.

Керей ұлысы мен Шыңғысханның маңғол ұлысы одақтас болып тұрған кезде, бұлардың билеушілері арасында құдандалық байланыс орнатылған. Оң ханның інісі Жаға Камбұның төрт қызы болған, үлкен қызы Абақ бикені Шыңғысхан ханымдыққа алған. Екінші қызы Бектұтмыш бикені Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы алған, үшінші қызы Сұртоқты бикені-Шыңғысханның кіші баласы Төле алған. Кейін одан: Мөңке хан, Құбылай хан, Қулагұ хан, Арық-Бұқа хандар туған. Кенже қызын Оңғыт (уақ) ханы алған. Бұл елден асқан сұлу қыз еді, Шыңғысхан оңғыттарды шауып, оның ханын өлтіргенде, осы сұлуды алмақ болып қаншама іздесе де еш жерден таба алмаған⁴. Оң ханның немере қызы Доғұз бикені Шыңғысханның немересі Қулагұ алған⁴.

«Марко Полоның саяхатнамасындағы» деректерге қарағанда, 13-ғасырда керей ұлысының көпшілігі нисториандық бағыттағы христиан дініне сенген. Сонымен бірге олардың ішінде бұдда дініне сенушілер де, ислам дініне сенушілері де болған⁵.

Әйгілі ғалым Әлкей Марғұланның айтуынша, керей елінің мал шаруашылығы да, егіншілігі де, орталық қалалары да болған. Оң ханның орталық қаласы Исақ маңғол Алтайында тұрған, екінші астана қаласы Борысқатар өзені

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих», 1-том, 2-бөлім, 184-бет.

² «Марко Поло саяхатнамасы», 72-бет.

³ «Жамих ат-тауарих», 1-том, 1-бөлім, 215-бет.

⁴ Бұл да сонда, 2-бөлім, 146-бет.

⁵ «Марко Полоның саяхатнамасы». 72-бет.

бойындағы Қара-Хото. Совет ғалымы Б. К. Козлов осы қаланың жұртын қазып зерттеген. Ондағы христиан дініне табынатын шіркеу абаттардан қағазға, жібекке орхон, ұйғыр, сирия жазуымен жазылған жазулар көп табылған... Оларды түркі тілінде, сирия тілінде жазған.... Керейлер ғұн (һүн) әдеті бойынша бұғы-маралды ерекше қадірлеп, оған табынып жүрген... Алтай, Жоңғар даласында, Енисейде жоғарыда көрсетілгендей орхон жазуы бар құлпы тастар кездеседі, олардың көбін жазған керей мен оңғыттар (уактар)... Керейлерден қалған орхон жазуы бар құлпы тас Биук-тұран өзенінің бойында тұр. Оған: «Алтын ілгек кісені білімге бұғұндым» (Алтын ілгекті кісені беліме буындым) деп жазылған¹. Бұл жазулар керейлердің түркі тілінде сөйлегендігін даусыз дәлелдейді.

НАЙМАНДАР

Наймандар — ежелгі түркі тілдес ұлыстардың бірі. Олар ежелгі заманда-ақ Ертіс өзенінің батыс жағындағы таулы өлкені мекендеген. Наймандар ерте кезде Ертіс өзені мен Орхун өзені аралығын мекен еткен түркі тілдес көшпелі тайпалардың одағы ретінде жарыққа шыққан. Бұл одақ ерте кезде түркі тілінде «сегіз-оғыз» тайпалары деген атпен аталған. Еліміздің ежелгі ханзу тіліндегі жылнамаларында «Жүй-бу», «Че-бу» (жүй ұлысы яки че тайпалары) деген ортақ атпен аталып жүрген. Елімізді билеген Лиану әулетінің жылнамаларында (Лиану патшалығы тарихында) бұл тайпалар «найман», деген атпен аталады. Кейбір зерттеушілер: маңғол тілдес кидандар, сірә, оларды түрікше «сегіз тайпа одағы» (сегіз-оғыз) деген мағынаға теңдестіріп «найман» деп атап кетсе керек² деп топшылайды. «Сегіз-оғыз» аталған найман тайпалар одағы (түрікше сегіз тайпа одағы) 8-ғасырдың орта шенінде жоғарғы Ертіс пен Орхун аралығында жасап, Ханғайдан Тарбағатайға дейінгі жерді алып жатты. 10-ғасырда, Лиану патшалығы тарихы деректеріне сәйкес, мұнда жауынгер көшпелі тайпалар мекендеген. Олар деректермелерде сызу-бу деген ортақ атпен аталады да, негізгі үш топқа: солтүстік, батыс солтүстік және батыс топқа бөлінеді. Лиану әулеті басқарған кезеңде «найман» аты пайда болады. Ол,

¹ Әлкей Марғұлан «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз» журналы, № 1, Алматы, 1988.

² «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 47-бет, Алматы, 1982.

сірә, сызубудың батыс тобына қолданылса керек. алайда осы кезде де сегіз-оғыздың сегіз тайпасының одағы одан әрі өмір сүрді. Наймандардың және тегінде керейттердің (керейлердің) де бір бөлегі қарахан мемлекетін құруға қатынасып, оның құрамына енген»¹.

Тарихшы Хы Чутаудың зерттеуінше: наймандар күшейген кезде оның батыстағы шекарасы Ұлыңгір өзенін жеткен. Шығыста керейлермен, оңтүстікте кидандармен шекаралас болған, ол Гобидың солтүстігіндегі ұлан-ғайыр өңірді иелеген белді ұлыс болған². Рашиденнің хабарлауына қарағанда, наймандар қаңлылармен бірге үлкен Алтайда, Емілде, Кенсы қаласына және Көк Ертісте³ мекендеген. Ал, бұйрықтардың (найман хандарының) соңғысының көші-қон орны Ұлықтақ тауы (оңтүстік Алтай және Қызылбас көліне құятын Ұлыңгір өзенінің алқабы) болды... Наймандардың батыстағы көршісі Ертіс өзені бойында тұрған қаңлылар, ал солтүстігінде қырғыздар, шығысында Тола алқабын, Орғұнның орта ағысы ауданын және Оңғын алқабын алып жатқан меркіттер мен керейттер болды. Наймандар мен керейттердің оңтүстіктегі көршілері кидандарға бодандық тәуелділікте болған ұйғырлар, сондай-ақ таңғұттар (шиша) мемлекеті еді⁴.

Найман елдің билеушілері «Күшлік» хан, «Бұйрық» хан деп аталды. «Күшлік хан» — айбынды әмірші деген сөз⁵. Ол күдіретті билеуші деген мағынада қолданылады. «Күшлік» деген атауының туылу себебі туралы мынадай рауаят бар: Найман елінің аса пәрменді бір билеушісі болыпты, ол адамдарға да, албастыларға да үстемдік еткен. Оның күдірет-қуаты мейлінше мығым болса керек, тіпті албастыларды байлап сауып, сүттен қымыз ашытыпты. Соның үшін жұрт оны «күшлік хан» деп атапты⁶. Ал «Бұйрық» хан «әмірші, жарлық шашушы» деген мағынада¹.

Шыңғысханнан бұрын наймандар өте күшті елдердің бірі болған. Шыңғысханның әкесі Ясукай батырдың тұсында (12-ғасырда) найман елін Инаных Білгі Бұқа хан билеген. «Инаных» — сенімді, «білгі» — білімді, кемеңгер, «бұқа» — ұлық, мықты деген сөз.

Осы Инаных Білгі Бұқа хан бір киелі ағаштан туған

¹ «Қазақ ССР тарихы»

² Хы Чутау «Лиану, Жин, Иуан патшалықтары дәуіріндегі солтүстіктегі елдер. Найман тармағы».

³ Рашиден «Жамих ат-тауарих», 1-том, 1-бөлім, 136—137-беттер.

⁴ «Қазақ ССР тарихы» 2-том, 46—47-беттер, Алматы, 1983.

⁵ Рашиден «Жамих ат-тауарих, 1-том, 2-бөлім, 149-бет.

⁶ Бұл да сонда. 1-бөлім, 224-бет.

деген аңыз бар. Бұл Бұқа ханды тек өз ұлысы ғана емес, өзге ұлыстар да — ұйғырлар да, тағы басқа ұлыстар да қадыр тұтып құрметтеген¹.

Инаных Білгі Бұқа ханның тұсында, керей елінің Оң ханы өзінің таққа таласқан тауыстарын өлтіргенде Оң ханның інісі Ерке Қара қашып найман еліне келеді, Инаных хан Ерке Қараға әскери көмек беріп, Оң ханды қуып жіберіп, тағын тартып әпереді².

Инаных Білгі Бұқа ханның бірнеше баласы болған. Оның үлкен ұлының аты Байбұқа еді. Кидандардың патшасы оған «Дауаң» атағын берген. Осы дауаң деген кейін келе «таян» деп аталып кеткен. Инаных Білгі Бұқа ханның енді бір ұлының аты Бұйрық хан болатын³.

Инаных Білгі Бұқа хан қайтыс болған соң, оның екі ұлы: Таян (Байбұқа) хан мен Бұйрық хан тәж бен таққа таласып, найман елін екіге бөлген. Таян хан үлкен ұл болғандықтан, әкесінің орнына мұрагерлік етіп ойпатты мекендеген, Бұйрық ханға қарасты ел тау арасын қоныстанған. Бұл екі иелікке бөлінген наймандардың әр қайсысы өз алдына дербес әрекет істеген, олар өзара қырқысып отырған. Бірін жау шапса, екіншісі көмекке келмейтін болған⁴.

1199-жылы Шыңғысхан Оң ханмен бірлесе отырып, найман Бұйрық ханға шабуыл жасайды. Маңғолдар мен керейлердің бірлескен әскерлері Алтай өңіріндегі Қышан-басы (қазіргі Алтай аймағындағы Ұлыңгір көлінің маңында) деген жерде Бұйрық ханды қоршап алады. Бұл шайқаста жеңілген Бұйрық хан қырғыз еліне қашып кетеді⁵.

1202-жылы найман Бұйрық хан меркіт, татар, қаташын ұлыстарымен күш біріктіріп, үлкен армиямен келіп Шыңғысханға шабуыл жасайды. Шыңғысхан мен Оң хан тізе қосып қарсы аттанады. Осы кезде қақаған қатты аяз түсіп, найман Бұйрық ханның және меркіт, татар қаташын-дардың биік тұрғыда бекініс ұстаған әскерлері қол-аяғы үсіп, адамдар мен ат-көліктері таудан домалап қырылып, барлық әскерлері таусылуға айналады. Бұйрық хан ойрай жеңіліп, қашып құтылуға мәжбүр болады⁶.

1204-жылы Шыңғысхан керейлерді жаулап алғаннан кейін, найман Таян хан меркіттердің бастығы Тоқтабек

¹ «Жамих-ат-тауарих», 1-том, 1-бөлім, 227—228-беттер.

² Бұл да сонда, 2-бөлім, 146—147-беттер.

³ «Жамих ат-тауарих», 1-том, 1-бөлім, 228-бет.

⁴ Бұл да сонда. 1-том, 2-бөлім, 227—229-беттер.

⁵ Бұл да сонда. 143, 149, 151-беттер.

⁶ Бұл да сонда. 164, 166, 344-беттер.

және жажыраттардың бастығы Жамұқа шешенмен бас қосып, Шыңғысханға қарсы одақ құрады. Бұл одаққа найман, меркіт, катаған, дүрбен, салжиот, каташын тайпалары және бұдан бұрын талқандалған керейлер мен татарлардың бір бөлегі қатынасады. Соғыс жорығы дайындалып жатқанда, бұл сырды біреу Шыңғысханға астыртын жеткізіп қояды да, Шыңғысхан алдын ала қимылдап, найман Таян хан мен меркіт Тоқтабекке және олармен одақтасқан каташын, салжиот тайпаларына тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды талқандайды, Таян хан қаза табады¹. Таян ханның баласы Күшлік хан майданнан құтылып шығып, әкесінің інісі Бұйрық ханға кетеді.

Шыңғысхан найман Таянды талқандап, үй үшін олжалайды, Таян ханның шешесі Күл бишені (Рашиденның айтуынша: Күл бише Таянханның сүйікті әйелі), Таян ханның немере қызы Линкүнді тұтқынға алады. Кейін Шыңғысхан Күл бишені өзі әйелдікке алып, Линкүнді баласы Төлеуге қосады².

Шыңғысхан алғаш рет маңғол тайпаларының басын қосып, хандық құрғанда, бұрыннан белді ел болып келген найман Таян хан оны мүлде көзге ілмеген еді. Ол кезде Таян хан: «Естүімше шығыс жақта ат төбеліндей маңғолдар бар көрінеді... Олар енді қағынып хандық құрмақшы ма? Әлемді нұрландырған Ай мен Күн сияқты екі жарық аспан аясында болғанымен, жер бетінде екі ие (екі хан) болмақ емес, аттанып барайық та, оларды тұтқынға алайық!» дейді. Сонда Таян ханның шешесі Күл Бише: «Бұл қайткендерің!.. Маңғолдарды аулақ әкетіңдер!.. Сұлу қыздары мен келіншектерін әкеліп, қолдарын жуғызып, сиырларымыз бен қойларымызды сауғызып қойсақ та жетіп жатыр!» дейді³. Нәтиже бұдан мүлде керісінше болды; найман елі талқандалып, Күл бише мен Линкүн оларға олжа болды.

1206-жылы Шыңғысхан Алтайдың күн бетіндегі найман Бұйрық ханның еліне қалың қолмен шеру тартып аттанды. Бұл кезде Бұйрық хан кәннен-қаперсіз Ұлықтағ тауындағы (Алтайдың оңтүстігіндегі) Сақсу бойында аң аулап, сейіл серуенде жүрген еді. Тұтқиылдан тиген сұрапыл шабуылға тап болған Бұйрық хан жеңіліп, тұтқынға түседі. Оған паналаған Күшлік хан мен меркіт Тоқтабек Ертіс бойына қашады⁴.

¹ «Жамих ат-тауарих», 1-том, 2-бөлім, 202-222-беттер.

² «Маңғолдардың құпия шежіресі», 196-тарау.

³ «Маңғолдардың құпия шежіресі», 189-тарау.

⁴ «Жамих ат-тауарих», 1-том, 2-бөлім, 208-209-беттер.

1208-жылы Шыңғысхан әскер аттандырып, Ертіс өзені бойына ығысқан найман Таян ханның баласы Күшлік хан мен меркіт Тоқтабекке шабуыл жасады. Тоқтабек осы соғыста қаза тапты, оның туыстары мен балалары ұйғырлар ішіне қашты, Күшлік хан қолға түспей құтылып шықты.

Күшлік хан қанды қырғыннан құтылып шыққан адамдарын бастап, Ертіс алқабынан айрылып Бесбалық атырабына келді. Одан соң Құлжаға қарай беттеп, батыс лиау патшалығының билеушісі горханның ордасына барды. Батыс лиау билеушісі Жилугу Күшлікті ілтипатпен қарсы алып, оған қызын берді².

Шыңғысханнан жеңілген найман, керей, меркіт тайпаларының бір бөлегі бұл кезде Жоңғар ойпаты мен Жетісу өңіріне қоныс аударған болатын. Дағдырысқа ұшырап отырған батыс лиау билеушісі Жилугу горхан бүлік шығарған бодандарын бағындыру үшін Күшлік ханға қол артпақ болды. Күшлік оған: «Менің тайпаларым көп, олар Еміл, Қойлық, Бесбалық жеріне жайыла қоныстаған. Егер маған рұқсат берсеңіз, оларды жинаймын да, осы тайпалардың көмегімен горханды қолдап көмек беремін»³, деп уәде етті. Горхан мұны мақұл көріп, қару-жарак, ақша берді. Күшлік хан Бесбалық, Еміл, Қойлық өңіріне қоныс аударған найман, керей, меркіттерден әскер, ат-көлік жинап күшейіп алды да, Хорезм және Самарқан билеушілерімен астасып, үкімет билігін тартып алуға қарманды⁴.

1212-жылы батыс лиау патшалығында туылған бүлікті пайдаланған Күшлік хан қайынатасы Жилугу горханды тағынан тайдырып, билікті қолына алды. Жилугуды да, оның ханымын да ордасына қалдырып, «ата-енесі» ретінде сыйлап отырды⁵. Екі жылдан соң Жилугу өлді, Күшлік жеке дара билеушіге айналып, хандық құрды⁶.

Осыдан соң, Күшлік хан бұрын батыс лиау хандығына қараған жердің бәрін билемек болып, соғыс жорықтарына аттанды. Қаңлы ұлысының орталығы болып келген Алмалық қаласына (қазіргі Қорғас ауданындағы) шабуыл жасап, оның билеушісі Озарды өлтірді. Қашқар мен Қотанға бір-неше дүркін жорық жасап, оларды бағындырды⁷.

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих» 210-347 беттер.

² «Жол қатынас тарихының материалдары», 5-кітап, 8-бет.

³ «Жол қатынас тарихының материалдары», 5-кітап, 19—21-беттер.

⁴ Рашиден «Жамих ат-тауарих», 1-том, 2-бөлім, 181-бет.

⁵ «Жол қатынас тарихының материалдары», 5-кітап, 19—21-беттер.

⁶ Бұл да сонда. 19—21-беттер.

⁷ Бұл да сонда.

Наймандар тегінде нисториан дініне сенетін ел еді. Күшлік Хан Жилугудың қызы Хұнхуға үйленгеннен кейін, нисториан дінінен шығып, бұдда дініне кірді. Күшлік хан өзі үстемдік еткен жерде мейлінше сорақы діни саясат жүргізіп, халықтың қарсылығына ұшырады. Батыс лиау патшалығы билеген жерде ислам дініне сенушілер басым көпшілік еді. Оның әскерлері барған жерінде мұсылмандардың үйіне кіріп ататын болды. Күшлік хан мұсылмандарды «не бұдда дініне, не нисториан дініне сенулерің керек»¹ деп зорлады. Бұған мұсылмандар қарсылық көрсетті.

1218-жылы Шыңғысхан Жебеноян бастаған жиырма мың әскерді Күшлікке қарсы аттандырды. Жебеноян келісімен дін бостандығын жариялап, әрбір адамның ықтиқат бостандығы болады, олар өз ата-балаларының діни ғұрып-әдеттерін сақтауға ерікті деді. Бұл саясатты жергілікті халық қызу қарсы алды. Мұсылмандар қозғалысқа келіп, Күшліктің әскерлерін өлтіріп жатты, Шыңғысханның әскерінен жеңілген Күшлік хан Бадахшанға қашты, Жебеноян Сарыққолда қуып жетіп, Күшлікті өлтірді². Сөйтіп найман елінің Шыңғысхан шапқыншылығына қарсы жүргізген жиырма жылдық қажырлы күресі жеңіліспен тынды.

Біз баяндап отырған дәуірде өмір сүрген найман елінің өз заманына сай мәдениеті және мәдениет орталығы саналатын бір қыдыру қалалары болған. Олар жоғарыдағы жауынгерлік соғыстарда қираған. Әйгілі ғалым Әлкей Марғұланның айтуынша, наймандардың оңтүстік Алтайдағы бір қаласы «Ақбалық», енді бірі Шам өзені бойындағы «Шамбалық», Жоңғар Алатауындағы қаласы «Кіші Талас» (Кеми (Талас), наймандардың батыс Маңғолиядағы ордасы, әкімшілік сауда орны «Найман сүме» қаласы, Жоңғар тауының төңірегіндегі бір қаласы «Тарса кент» деп аталған³.

Наймандар ерте кезде орхон жазуын, одан кейін көне ұйғыр жазуын қолданған. Шыңғысхан әскерлері наймандарды талқандағанда, найман Таян ханның бас уәзірі және хатшысы Тататонға Шыңғысханға тұтқынға түсіп, маңғолдарға көне ұйғыр жазуын үйреткен. Найман Инаных Білгі Бұқа ханның тұсында Құбатегін атты әйгілі жырау өмір сүрген. Абахан өзені бойындағы Ашурадан табылған орхон жазуы жазылған таста найман елінің тарихы сурет-

¹ «Жол қатынас тарихының материалдары»,

² Бұл да сонда. 19—20-беттер.

³ Әлкей Марғұлан «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз», № 1, 1984.

телген. Онда: «Ел ұлысы Инаных Білгі (Бұқа хан) оғлы аты Күш Оры Оғлан, ератыңыз Өзбег, еліңіз ушун қазғану... яғыға тегмиш сутеги, ети бың оғлан ерти»¹ деп жазылған. Бұл қазіргі қазақ тілінде «Ел атыңыз өзбек, еліңіз үшін күресіп... жауына тиіскен әскерлеріңнің тегі жеті мың ұлан еді» деген сөз. Бұл ертедегі қазақ тілінде жазылған көне мәдениет куәліктерінің тасқа басылған таңбалары «тегінде наймандар маңғол тілдес тайпа еді» дейтін дауларды жоққа шығарады.

Наймандар жан саны өте көп ірі тайпалардың бірі. Қазақ шежіресі наймандардың ата жігін үш түрлі баяндайды, олардың айтуынша: қазақтан тараған Ақарыстың (орта жүздің) бір баласы Найманның Тоқпан, Елата, Өкіреш атты үш ұлы болған. Елатадан: келбұға және кетбұға; Өкірештен: төлегетай және сүгіріш; Төлегетайдан: қаракерей, төртуыл, садыр, матай тарайды. Сүгіріштен: ертекті, бағаналы, балталы; ертектіден: көкжарлы, саржомарт, бура рулары тарайды.

Тарбағатай аймағының Шауешек қаласында өмір сүрген әйгілі тарихшы және қазақ шежіресін көп жинаған Құрбанғалидің 1910-жылы Қазанда басылған «Тауарих Хамса» (Бес тұлғалы тарих) кітабында найман тайпаларының шежіресі былай баяндалады: Найман, одан сүгіріш, сүгіріштен төлегетай, төлегетайдан қытай, қытайдан қаракерей, төртуыл, садыр және матай, қаракерейден ерторы және байторы, ерторыдан қызылым және жиренім, жиреннен байсиық, байсиықтан семіз найман, семіз найманның бес баласы: меңлібай, төбет, жанқұлы, жаңбыршы, қара молда, байторыдан: тайлақ, жайнақ, айрам, мейрам. Айрамнан қожамбет, мейрамнан байыс және мақта апай. Байыстан мұрын, сабын, ақымбет, мәмбет (қыржы), аллаберді, әлмәмбет, әлмәмбеттен шұрантай, мұңайтпас және тума, ал мұңайтпастан тоқпақ, мақта апайдан байжігіт және жанжігіт.

Тағы бір шежіреде найман тайпаларының кестесі былай:

¹ Әлкей Марғұлан «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз» 1984.

НАЙМАН

—
Өкіреш
(Белгібай)

Сүйініш Сүгіріш Бағаналы Балталы Елтері (Ел ата)

Төлөгетай

Саржомарт

Қоңырат

Серікбай

Қытай

Найман







Төлеген

Төртуыл Садыр Матай Қаракерей

Кетбұға Келбұға

Бұл үш түрлі шежіренің ұзын сарыны ұқсас, бірақ шежірені айтушы қайсы рудан болса, сол рудыкі толығырақ айтылатын, басқасы көмескі қалатын әдет бар. Өйткені айтушы шежіресі өзіне дейін әкелуді әдет еткен. Енді бір айтушылар тоғыз таңбалы найманға мыналарды жатқызады: қаракерей, төртуыл, садыр, матай, бағаналы, балталы, ергенекті, терістаңбалы, және шыршыт.

Найманның таңбасы «У», ұраны «қаптағай». Ал найманның ішіндегі кейбір рулардың да өз алдына таңбасы бар.

Мысалы бағаналының таңбасы «УХ», балталының таңбасы «», қаракерейдің таңбасы «», садырдың таңбасы «», матайдың таңбасы «», сарыжомарттың таңбасы «».

Тоғыз таңбалы найман дегеніне қарағанда, бұрын осы рулардың барлығында да айырым таңба болған сияқты, шежірешілер: «теріс таңбалы» тайпасының аты «домбауыл», екен, найманның нокта ағасымын деп басқа найман тайпаларына (сегіз тайпаға) таңба үлестіріп, өзіне таңба жетпей қалғандықтан таңбаны теріс басып, содан терістаңбалы атаныпты» дегенді айтады.

Қазақ халқының әдебиетіндегі аса көркем ғашықтық дастаны «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырында бұл дастан қаһармандарының найманның бағаналы, балталы руынан болғандығы айтылады. 1870-жылы академик Радлов бұл дастанды қалың найманның ортасы, дастан қаһармандарының аңыз жүзіндегі моласы бар жер Аякөзден алғаш рет жазып алған. Қазір бұл дастанның 16 түрлі нұсқасы бар.

МЕРКІТТЕР

Меркіттер қазіргі күнде қазақтың орта жүзіне жататын керейлердің бір тайпасы есептеледі. Ерте кезде меркіттер керейлермен терезесі тең белді тайпа еді. «Меркіт» аты 10-ғасырдан бастап елімізді билеген лиау әулетінің жазба жылнамаларында көріне бастаған. Әйгілі ғалым Н. Аристов көптеген тарихи деректерді қарастыра отырып, меркіттер 9-ғасырда гаугүйлер одағы ішінде Қосакөл алабында болған түркі тілдес тайпа еді деген пікір айтқан. Әйгілі парсы тарихшысы Рашиден меркіттерді оғыз тайпаларының қатарына жатқызады.

12-ғасырда меркіттер Маңғолиядағы ірі ұлыстардың бірі болып, Селенгі өзенінің өңірін мекен еткен. Олардың солтүстіктегі көршілері қырғыз, қомат, ойрат тайпалары, оңтүстіктегі көршісі керей ұлысы, шығыстағы көршісі найман

ұлысы, ал батысында маңғол тайпалары тұрған, сол заманға тән деректерде меркіттердің мынадай тайпаға бөлінгендігі айтылады. Олар: охыз (афыз), мұдан, тұдақлин, жиұн тайпалары.

Меркіттер жан саны көп, жауынгер ұлыс болып, үнемі Шыңғысханмен және Оң ханмен жауласып отырған. Меркіттер бірнеше рет Шыңғысханға шабуыл жасаған, бұл Шыңғысханның жас кезі болатын. Олар бір ретте Шыңғысханды жеңіп, тұтқынға түсіреді. Бірақ кейін туыстары төлем беріп Шыңғысты тұтқыннан босатып алады¹.

Меркіттер тағы бір жолы Шыңғысханның ұлысына шабуыл жасап, әскерін талқандап, ордасын ойрандап, Шыңғысханның бәйбішесі Бөртені (Қоңырат қызы) олжалап әкетеді. Кейін Бөртені керей ханы Тұғырылға (Оң ханға) тапсырып береді. Мұны естіген Шыңғысхан әйелін қайтарып беруді өтініп, Оң ханға елші жібереді, Оң хан елшіге қосып бәйбішені қайтарады. Бөрте жолжөнекей Жошы ханды туады².

Парсы тарихшысы Рашиденнің «Жамих ат-тауарих» атты кітабында айтуына қарағанда, Шыңғысхан меркіт ұлысына ұдайы жорық жасап отырған. Жылан жылының жазында (1197-жылы) Шыңғысхан меркіт Тоқтабекке қарсы жорыққа аттанады. Екі арадағы соғыс шайқасы Харас, Морас маңында, Селенг өзеніне таяу Мұнча деген жерде болады. Бұл жорықта Шыңғысхан меркіттердің отоион деген бөлімін талқандайды. Жылқы жылы (1198-жылы) Шыңғысхан Бокир-Кегере деген жерде меркіттермен соғысып, Тоқтабектің баласы Томұзбекті өлтіреді. Тоқтабектің екі бикеші Қотұқты мен Жылуын тұтқынға түседі. Тоқтабек жеңіліп, Барғұжінге қашып кетеді.

1204-жылы күзде Шыңғысхан қалың қолын бастап келіп меркіт Тоқтабектің әскерлерімен соғысады. Соғыста жеңілген Тоқтабек баласы Жұду, Шылауынмен бірге найман Бұйрық хан еліне қашады. Шыңғысхан қашқан меркіттерді қуалайды, меркіттердің бір тайпасы — оғыз-меркіттің бастығы Иерусұн деген адам Шыңғысханмен елдесуді тілеп, өзінің қызы Құланды Шыңғысханға береді, Шыңғысхан оған мәнсап беріп, өз тайпасын билетеді³.

Шыңғысхан меркіттерді талқандағанда, Тоқтабектің үлкен ұлы Хұдудың Тоғай және Гілеген деген екі әйелін

¹ «Жамих ат-тауарих», 1-том, 1-бөлім, 186-187-беттер.

² Бұл да сонда.

³ «Маңғолдардың құпия шежіресі», 197-тарау.

тұтқынға түсіреді, Шыңғысхан осы Гілегенді Үгедей ханға тигізеді¹.

1208-жылы Шыңғысхан Ертіс өзені алқабына барып бекінген меркіт Тоқтабекке қарсы жорық жасайды. Жол-жөнекей бағынған ойраттардың жол бастауы арқылы Тоқтабек пен Күшлік ханға тұтқиылдан шабуыл жасап, Тоқтабекті өлтіреді, найман Татан ханның баласы Күшлік хан қашып құтылады. Тоқтабектің балалары Хұду, Шылауын-дар Ертіс өзенінен өтіп, қаңлы, қыпшақ, еліне кетеді².

Осы соғыстан Тоқтабектің кіші баласы Қолтуған мерген қыпшақ еліне қашып кеткен еді. Бұл садақ атуға асқан шебер мерген еді. Шыңғысханның баласы Жошы оны қуып барып ұстап алып, садақ атқызып сынап көреді. «Қолтуған мерген іркіс-тіркес садақ тартқанда, алдыңғы атқан оғын артқы оғы ашасынан тиіп жарып тастайды екен»³. Мұның мергендігіне мейлінше қызыққан Жошы хан әкесі Шыңғысханға кісі салып, Қолтуған мергенді өлтірмей алып қалуды өтінеді. Шыңғысхан бұл өтінішті мақұлдамай, Қолтуған мергенді өлтіріп тастайды.

Алғашында Шыңғысханға бағынған меркіт тайпа бастығы Иерусұн (Дерусун) кейін келе Шыңғысханмен жауласады. Шыңғысхан әскер аттандырып, олардың тайпасын түгел қырғындап, мал-мүлкін талап алады. Шыңғысхан Дерусунның әйелі Төрекинді тұтқынға алып, баласы Үгедей ханға тигізеді. Осы Төрекиннен төрт бала туған, оның тұңғышы маңғолдардың үшінші ұлы қағаны Күйік хан (1205—1248) еді⁴. Үгедей қаған өлгеннен кейін әйелі Төрекин маңғол қағандығын бес жыл билеген. Шыңғысханнан жеңілген меркіттердің бір бөлегі батысқа қоныс аударып, керей еліне қосылған. Бұл меркіттер: лепес, шығар, әлмәмбет, құлсары руларына бөлінеді.

ҚОҢЫРАТТАР

Қоңырат — қазақ халқының құрамына енген тайпалардың бірі. Қоңырат туралы алғашқы деректер еліміздің лиау патшалығы мен жин патшалығы кезіндегі жылнамаларда кездеседі. Лиау және жин патшалығы кезінде (12-ғасырда)

¹ «Маңғолдардың құпия шежіресі», 198-тарау.

² Бұл да сонда, 198-тарау.

³ «Жамих ат-тауарих», 1-том, 1-бөлім, 186-бет.

⁴ «Маңғолдардың құпия шежіресі», 198-тарау.

қоңыраттар Маңғолия үстіртіндегі елеулі тайпалардың бірі болған. Олардың өріс-қоныстары Кереулин өзенінің төменгі ағысы мен Ергуна өзені алқабында еді. Қоңыраттардың батысында маңғол тайпалары, батыс оңтүстігінде татар тайпалары, шығыс оңтүстігінде жин патшалығының шекара шегі тұрған. Парсы тарихшысы Рашиденнің «Жамих ат-тауарих» атты еңбегінде баяндалуына қарағанда, ол кезде қоңыраттар мынадай үш тайпаға бөлінген: жорлық мерген, қабай шері және тасбуда. Осы қоңыраттың үш атасы «алтын аяқтан туылыпты»¹ делінеді. Ол «асыл» «таза» тұқым деп алтынға теңеп әсірелеуден шыққан аңыз болса керек.

Ежелгі көшпелі халықтар арасында туыстас ру-тайпалар өз ішінен қыз алыспайтын әдет өмір сүрген, соның үшін олар үнемі өзге тайпалармен қыз алысып, қыз берісіп келген. Қоңыраттар көбінесе Шыңғысханның маңғол тайпасымен құдаласып, қыз алып, қыз беріп отырған.

Шыңғысханның шешесі Ұлүн Еке қоңырат қызы еді. Ясукай батыр өзінің баласы Темучинге нағашы жұрты қоңыраттан қыз айттырмақ болады. Қоңырат ұлысындағы бір тайпаның нояны Тай шешен деген адамның екі ұл, бір қызы болған. Үлкен ұлының аты Алшы Ноян, кіші ұлының аты Құқы ноян, қызының аты Бөрте Өжен екен. Шыңғысхан жас кезінде Бөрте Өженді айттырмақ болып құдалық сөйлеседі. Бірақ Тай шешен ұнатпайды. Бөрте Өженнің інісі Алшынноян Шыңғысханмен дос-жар еді. Ол ақырында әкесін иландырады да, Шыңғысхан Бөрте Өженді айттырып алады².

Шыңғысхан бастаған маңғол тайпаларының қозғалысы өрлеген кезде қанаттас отырған қоңырат тайпалары Шыңғысханның қысымына тап болады. Төніп келе жатқан қатерден құтылу үшін қоңырат тайпасы басқа тайпалармен одақтасып қарсылық көрсетуге қамданады. 1200-жылы қоңырат тайпасы қаташын қатарлы бес тайпамен бірігіп Алғұй бұлақ деген жерге жиналып серт жасасып, Шыңғысхан мен Оң ханға қарсы одақ құрады және шабуыл жасамақ болады. Бұл сырды қоңырат нояны Тай шешен (Шыңғысханның қайынатасы) Шыңғысханға кісі жіберіп хабарлайды. Онон өзенінен аттанған Шыңғысхан бұл тайпалардың бірлескен жасағын талқандайды. Осыдан соң қоңырат тайпасы Шыңғысханға бағынады³.

1201-жылы қоңырат тайпасы Шыңғысханның қол астын-

¹ «Жамих ат-тауарих», 1-бөлім, 1-том, 262-бет.

² Бұл да сонда. 1-том, 1-бөлім, 164-бет.

³ «Иуан патшалығы тарихы» 1-том, 8-бет.

дағы Жожы-Қасар қатарлы шонжарлардың талан-таражына ұшырап, Шыңғысханның қол астынан қашып, барып жажырат тайпасының билеушісі Жамұқа шешеннің тобына қосылады. Жамұқа шешен он бір тайпаның басын қосып, Алғұй бұлақ деген жерге жиналып, Шыңғысханға қарсы одақ құрады. Бұл одақ Жамұқа шешенге «Горхан» атағын береді және Шыңғысхан мен Оң ханға қарсы жорыққа аттануға әзірленеді. Бұл хабар Шыңғысханға жетеді. Шыңғысхан мен Оң хан бірлесіп оларға аттанады. Соғыс шайқасы Қойтан деген жерде болады. Шыңғысхан мен Оң ханның әскерлері Жамұқа шешен жинаған жасақты талқандайды. Қоңырат тайпасы қайтадан Шыңғысханға бағынады¹.

Осыдан соң, қоңырат ұлысының бір бөлегі маңғолдарға араласып сіңісіп кетті, бір бөлегі батысқа қарай қоныс аударып, Орта Азия өңіріне келіп, жергілікті халықтарға араласты. Қазақ ішіндегі қоңыраттар орта жүздің бір тайпасы саналады.

Парсы тарихшысы Рашиден мен орыс ғалымы Н. Аристов қоңыраттарды ежелгі қият (қиян-қият) тайпасы: деп есептейді². Бұлар ежелгі аңызда айтылатын ергене хұттының тұрғындары болған. Шежіре дерегі бойынша, қоңыраттар екі үлкен бірлестікке бөлінеді. Бұл екі бірлестікті әйгілі ғалым В. Радлов «алты ата көктің ұлы, алты ата көктің құсы» деп атаған. Қазақ шежірешілері қоңырат ұлысын «алты ата көктенше (көтенше), жеті көше көктің ұлы» деп екіге жіктеп, олардан он үш тайпаны таратады. Көктеншеден тараған алты ата: санғылы, сүйімбай, сүттімбай, аққошқар, амантай, жамантай. Ал көктің ұлынан тараған жеті көше: байлар, жандар, оразкелді, қарасирақ, тоқболат, күлшіаған, алғы. Кейбір шежіре деректерінде қоңыраттың жоғарыда айталған он үш тайпасынан тыс, бошман, қаракөсе, жетімдер және құйысқансыз деген рулары да аталады. Қоңырат тайпасының таңбасы «**7**» (босаға), ұраны: «алатау», мұқамал».

Қазақтың халық эпосы «Алпамыс батыр» жырының бас қаһарманы Алпамыс осы қоңырат тайпасынан шыққан. Осы Алпамыс жырының бір түрі «Дада қорқыт кітабына» енген, «Алпамыс батыр» жыры қазақ эпостарының өте ерте заманда шыққан түрлерінің бірі есептеледі.

Профессор С. Аманжолов: Әйгілі әдеби шығарма «Махаббатнама» (1359) қоңырат тілінде жазылған, оның жазу-

¹ «Маңғолдардың құпия шежіресі», 141—143-тарау.

² Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 601-бет.

шысы Мұхаммет (Ахмед) Хорезми қоңырат тайпасынан шыққан¹ дейді.

ЖАЛАЙЫРЛАР

Жалайырлар — қазақтың ұлы жүзінен тарайтын тоғыз арыс елдің бірі. «Көне жазбалар бойынша, жалайырдың арғы атасы мерке, одан — шуанақ пен сырманақ, бұл ағайынды екі рудың біреуі Сырдарияның, екіншісі Шу мен Таластың бойын мекендеген. «Манақ» атауы алғаш рет 10-ғасырдағы «Хұдұд әл-ғаламда» кездеседі. Жалайыр тарихы жайында ғалымдардың негізгі сүйенері — Қадырғали Жалайыридың еңбегі. Автордың шыққан тегі жалайыр болғандықтан, оны Оғыз ханнан бастап Шыңғыс дәуіріне дейін жеткізген. Жалайырлар оғыздың дулу, шұмугун руларымен бірге түрік қағандығының құрамында болған²».

Қазақ шежіресі жалайырдан үлкен екі тайпаны — шуманақ пен сырманақты таратады. Шуманақтан: андас, мырза, қарашапақ, орақты, ақбиұм, кәлпе, сұпатай тарайды. Ал сырманақтан: арық-тыным, байшағыр, сиыршы, балғалы, қайшылы және күшік тарайды. Бұл тайпалардан да көп ру өрбиді. Мысалы: андас руынан қырғыз, қошқар және танат руы өрбіген. Сұпатайдан ақ марка, қара марка рулары өрбиді. Балғалы тайпасынан оғыз, шағыр және құлұм деген ру тараған.

Жалайырлар лиау және жин әулеті кезінде Маңғолиядағы белді ұлыстардың бірі болған. Олардың жан саны мол, өріс-қоныстары ұлан-ғайыр өңірді алып жатқан. Бұлардың бір шеті Онен бойында болса, енді бір қанаты Қарақорымның Қадыма деген жеріне дейін өрістеген³.

Парсы тарихшысы Рашиденнің айтуынша, ол кездегі жалайыр ұлысы он ірі тайпаға бөлінген. Олар: жат, тоқырауыт, қанқауыт, құмсауыт, оят, нылқын, қорқын, төлеңгіт, торы және санғұт⁴.

Жоғарыдағы тайпалардан көптеген рулар өрбіп отырған. Ежелгі жалайыр жеті күренге бөлінген. «Күрен» ең далада алқа-қотан жиналып отыратын ауылдар шоғыры еді. Шама-

¹ С. Аманжолов «Қазақ тілінің тарихы және диалектология мәселелері», Алматы, 1960.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 230-бет.

³ Жамих ат-тауарих» 1-том, 1-бөлім, 149-бет.

⁴ «Жамих ат-тауарих» 1-том, 1-бөлім, 149-150-беттер.

мен жалайырлардың осы жеті құренінен де жетпіс мың үй болған деп есептеуге болады¹.

Шыңғысхан маңғолдар арасындағы тайпаларды бағындырған кезде жалайырлар Шыңғысханға бағынып, оның әскери күшіне айналды. Жалайырлардың Шыңғыс армиясына қызмет еткен адамдарынан көптеген әйгілі батырлар, қолбасы, түмен басы, мың басылар шықты. Олар төңіректің төрт бұрышына жасалған жорықтарға қатынасты. Бұлардың ішіндегі ең атақтысы жалайырдың жат руынан шыққан Мұқалы еді. Ол Шыңғысханның ең сенімді серігі болып, Шыңғыс армиясының сол қанатына қолбасшылық істеген².

1216-жылы Жинжу қаласын билеген шүршіт ақсүйегі Жаң Жин Шыңғысханға қарсы бүлік тудырады. Шыңғысханның бұйрығы бойынша Мұқалы сол қанат армияны бастап барып, бүлікшілерді талқандап, Жаң Жинді тұтқынға алды да, оның қол астындағы жерлерді қайта бағындырады³.

1218-жылы Шыңғысхан осы жалайыр Мұқалыны «гоуаң» (мемлекет әмірі) етіп тағайындайды (Маңғолдардың құпия шежіресінің 202-тарауындағы дерек бойынша Мұқалы 1206-жылы «гоуаң» болып тағайындаған), осыдан соң ол қалың қолды бастап кіндарды жаулап алу жорығына аттанады⁴.

Шыңғысханның Орта Азияға және Иранға жасаған жорықтарында армия қатарына көптеген жалайырлар қатынасқан және армияда жалайыр тайпасынан шыққан әйгіл қолбасылар болған⁵.

Осы кезден бастап жалайырлар Орта Азия тарихына келелі үлес қосып, Орта Азияда, Индияда, Ирак жерінде үлкен рөл атқарған, олардан атақты қолбасылар, дипломаттар шыққан. Соның бірі шағатай ұлысының мыңдаған қолын бастаған Мұқанойын Сартақ Жалайыри мен оның баласы Оба Жалайыри маңғол әскерлерінің сабында, хан сарайында бек атанып, шағатай ұлысына, Маңғолстанға, Мауараннахрға билік жүргізуге араласқан. Олардың кейбірі жайында «Темір тарихында», «Бабырнамада» жазылған. Қадырғали Жалайыридың айтуынша: «Алаш мыңының ішінде тарақ таңбалы жалайырлар басты ұйытқы болған». Бабыр Орта Азияны билеп тұрған кезде жалайыр басшылары

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих», II-бөлім, 18-бет.

² «Жамих ат-тауарих». 150-бет.

³ Бұл да сонда. 243-бет.

⁴ Бұл да сонда. 246—247-беттер.

⁵ Бұл да сонда 158—159-беттер.

оған көп көмек көрсеткен. Әбілқасым Жалайыри, Сейітқасым Ішік Жалайыри, Хасен Әли Тұфейл Жалайыри, Құсайын Әли Жалайыри Бабырдың әскер басшылары, кеңесшілері болған. Бабырдың айтуынша бұл кезде жалайырлар Ферғана өңірінен Жетісуға дейін қанат жайған¹.

1592-жылы қазақтың жалайыр тайпасынан шыққан Қадырғали Қосынұлы Жалайыри қазақ тарихын баяндайтын «Жылнамалар жинағы» атты тарих жазған. Кітаптың негізгі бөлімі 13-ғасырдан 16-ғасырға дейінгі қазақ жерінде болған оқиғаға арналған. Шоқан Уәлихановтың Қадырғалидың қолжазбасы туралы: «Бұл кітаптың Әбілғазы және «Шайбаннамамен» салыстырғанда аңыздан көрі ақиқаты молырақ... Тілі қазіргі қазақ тілі сияқты» деп жазды².

ҚЫПШАҚ БІРЛЕСТІГІ

Қазақ халқының құрамына қосылған ежелгі тайпалардың бірі — қыпшақ. Қыпшақтар қазақ халқының және қазақ тілінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған. Қыпшақ деген ат түрліше тілдердегі тарихи деректерде әр алуан формада кездеседі. Еліміздің ерте замандағы деректерінде «қыпшақ» сөзі хуша, уже түрінде айтылады да, орта ғасырлардағы деректерінде «шыңса» деп аталады. Араб-парсы, моңғұл және түркі тілдеріндегі деректерде «қыпшақ», «кифшақ», «қыпчак» сияқты варианттарда да айтылады. Батыс Европа деректерінде «коман», «куман» деп аталса, орыс деректерінде «половцы» делінеді. Венгрлер қыпшақтарды «күн» деп атайды.

Әйгілі ғалым А. Бернштам: «Қыпшақтар — бейне үйсін, қанлы сияқты ежелгі елдердің бірі. Қыпшақ туралы алғашқы мәліметтер Жұңгоның заманымыздан бұрынғы 201-жылдағы «Тарихи жазбалар» еңбегінде кездеседі, дегенді айтады. Еліміздің хан патшалығы дәуіріндегі деректемелерде айтылатын хуша (қыпшақ) тайпалары Ертіс өзенінің алқабын, Нарым және Қалбин тауларының бөктерін қоныстанған көшпелі ел еді. Олардың шығыстағы көршілері чештер, батыстағы көршілері Іле аңғары мен Жетісу жерін мекендеген үйсіндер болатын. Бұл дәуірдің деректерінде,

¹ Қазақ совет энциклопедиясы». IV-том, 230—231-беттер.

² Қадырбек Жүнісбаев «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», 270—279-беттер, Алматы, 1964.

олардың талай рет һүндер шабуылына ұшырағандығы және оларға тәуелді болғандығы айтылады.

Қыпшақтар жетінші ғасырда Ертіс өзенінің басымен Алтай тауларын мекендеп, түрік қағандығының құрамына қосылды. Түрік қағандығы әлсірей бастаған кезде тарих сахнасына шығуға талпына бастады. Селенгі өзені бойында орхон жазуымен жазылған (759-жылы) Мойыншор құлыптасындағы: «Түрік қыпшақтар елу жыл үстемдік етті» деген сөз осы жағдайды әйгілейді.

8—10-ғасырларда қыпшақтар Қимақ мемлекетінің құрамына қосылып, оның батыс бөлігі саналды. 11-ғасырдың бастарында Қимақ мемлекетінің өкімет билігі қыпшақ тайпасының қолына көшті. Осыдан тартып бұрынғы қимақ қол астындағы тайпалар «қыпшақ» деп аталды. Қимақтар да (иемак) деген атпен қыпшақ бірлестігінің құрамына кірді.

11-ғасырдың басынан бастап қыпшақ бірлестігі көптеген түркі тілдес тайпалардың басын біріктірді, олар үстем тайпаның атымен қыпшақтар деп аталды. Сөйтіп, қыпшақ деген сөз әрі қыпшақ тайпасының жеке аты, әрі осы қыпшақ тайпасының қол астына біріккен түркі тілдес тайпалардың жалпы аты ретінде қолданылды. Олар шығыстан батысқа жылжып, Сырдария бойындағы оғыздардың мемлекетін құлатып, бұрынғы «мазафат әл-ғұз» (оғыздар қонысы) деп атанған аймақтарды басып алып, оны «дешті қыпшаққа» (қыпшақ даласына) айналдырды. Оғыз тайпалары қыпшақтардан үркіп, Маңғыстау мен қазіргі Түрікпен жеріне қарай ығысты. Оғыздардың бір бөлегі Азия мен шығыс Еуропаға қарай ауды, енді бір бөлегі Мауараннахрға қоныс аударды. Одан ары қарай барып, Хорасан өлкесін билеген селжұқ әкімдеріне бағынды. Оғыздардың өз орнында қалған бір бөлегі қыпшақтарға қосылып бірте-бірте оларға сіңіп кетті. Одан соң қыпшақтар Каспий теңізі атырабындағы қазарларға тиісіп) «дешті хазар» (қазар өлкесін) өздеріне бағындырып, өріс-қоныстарын кеңейтті, қазар тайпалары қыпшақтарға араласып кетті. Одан соң оңтүстік орыс даласын өзіне қаратып, Кавказ бен Қырым тауларын қоныстанды. Олармен шектес далалардан көктей өтіп Дон өзеніне дейін барып жетті. Қыпшақтардың тағы бір бөлегі оғыздармен араласа отырып, Орта Азияға таралып, Хорезм мемлекетінің құрамына да қосылды.

13-ғасырдың басында қыпшақ бірлестігі мейлінше күшейді, олардың өріс-қоныстары Ертіс өзені мен Дон өзеніне дейін, Орал тауынан Қара теңізге дейін жетті. Осы ұлан байтақ өңірді мекендеген түркі тілдес тайпалар қыпшақ бір-

лестігінің құрамына еніп «қыпшақтар» деп аталды. Бұл дәуірде осы өңірді мекендеген қазақ тайпалары да қыпшақ деп аталды.

11-ғасырдың басынан бастап шығыстан батысқа жылжыған қыпшақ тайпалары жол-жөнекей талай ру тайпаларымен және халықтарымен қақтығысып, оларды бағындырып, олардың едәуір бөлегін өзіне қосып алып, бірте-бірте Шығыс Еуропаға, кіші Азияға, тіпті Мысырға дейін жайылды. Олар аяғы жеткен жерде әскери үстемдікті қолға алып, әр алуан соғыс жорықтарына қатынасты. Мысырдағы қыпшақ қолбасшылары Айбек пен Бибарыс Мысыр елінің мемлекет билігін қолына алып, Мамлук әулетінің (1250—1517) негізін қалады. Бұлар Мамлук қыпшақтары деп аталды.

Қыпшақ бірлестігінің ру-тайпалық құрамы. Өз кезінде түркі тілдес ру тайпалардың қыпшақ бірлестігіне қосылғандардың саны өте көп болған. Соның үшін шежірешілер оларды «тоқсан екі баулы қыпшақ» деп атаған. Бірақ олардың бірде бірі қыпшақтардың осы айтылған тоқсан екі руын түгел таратып бере алған емес, ол кезде қыпшақтар өте кең алқапқа жайылып, қыруар тайпаларды өзіне қосып алғандықтан, «қыпшақ» аты кең жайылған, тіпті кей кездерде «түркі» деген сөздің баламасына айналған.

Махмұд Қашқаридың айтуынша, қыпшақтардың рулық тайпалық одағына иемак, сұвар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба (мүмкін туқси), жете, бөрілі, тағы басқа рулар енген. Араб тарихшылары түркі тілдес тайпалардың бәрін қыпшақ деп есептеген¹.

Ибн-Қалдон мен Ан-Новайри мынадай қыпшақ тайпаларын атайды. Олар: тоқсаба, иета (жете), буржоғлы, бөрілі (елбөрі), қаноғлы (қанғар оғлы, қаңлы), анжыоғлы (оғлы), дөрүт, қарабар оғлы (қарабаалы), жүзаң (жерсақ), қарабөрікілі, қотан (күнүн)².

Тағы бір араб авторы Шамисидин Диманқи өз шығармасында қыпшақтардың руларын былай атайды: биркүуа, тұрсаба, исиа, барт, аларыс, бозұғ, оғлы, менгү оғлы, иемак, тоғ, башқұрд, команко, бұзанқо, бежана, қарабөрікілі, ұз, жұртан³.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 7 том, 102-бет.

² В. В. Тизенгаузен «Алтын Орда тарихы материалдар жинағы 140—141-беттер.

³ С. Аманжолов «Қазақ тілінің тарихы және диалектология мәселелері», Алматы, 1960.

Қазақ шежірелері қазақтың қыпшақ тайпаларын былай таратады: қазақтың орта жүзінен қыпшақ, одан сұлым алып, одан көбек алып, одан мүйізді, одан сары абыз, осы сары абыздан 5 таңбалы қыпшақ — бұлтың, торы, ұзын, көлденең, қарабалық тарайды. 5 таңбалы қыпшақтың шешесі былай депті деген аңыз бар: «Бұлтың бітті бойыма, билік кірді ойыма; торы бітті бойыма, зорлы кірді ойыма; ұзын кірді бойыма, ерлік бітті ойыма, көлденең бітті бойыма, саудагерлік кірді ойыма, қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма»¹. Бұл сөз қыпшақтардың даму кезеңдерін бейнелейді. Кейбір қазақ шежірелері қыпшақ руларын қара қыпшақ, қытай қыпшақ, құлан қыпшақ, торы қыпшақ деп төртке жіктейді.

11—13-ғасырларда ұлан-байтақ өңірге өрістеп кең жайылған қыпшақтар негізінен екі бөлекке жіктелді. Оның Еділ өзенінің шығысындағы бөлегі «шығыс қыпшақ», Еділ өзенінің батысындағы оңтүстік орыс даласын, Кавказ, Қырым өңірін және онан әрі батысқа созылған жерлерді мекендеген бөлегі «батыс қыпшақ» деп аталды. Тарихшылардың зерттеуінше, қыпшақтардың шығыс бөлегі өздерінің байырғы мекенінде қалған таза қыпшақ одағы болды. Оған бұрынғы қыпшақ бірлестігіне қараған тайпалардың негізгі бөлегі, қарлық, қаңлы, қара қытай және басқа дешті қыпшақ тайпалары кірді. Бұлардың бәрі де түркі тілдес тайпалар еді. Ал қыпшақтардың батыс бөлегі қыпшақтар мен басқа түркі тілдес тайпалардың одағы болды, бұл одаққа печенегтердің, оғыздардың, ежелгі бұлғардың және ежелгі башқұрт тайпаларының бір бөлегі кірді.

Қыпшақ тайпалары кейін келе көптеген түркі тілдес халықтардың — қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, ноғай, әзірбайжан, түрікпен, қарачай, балқар, қарайым т. б. халықтардың құрамына кірді. Оның қазақ халқының құрамына енгендері шығыс тобына жататын, өзінің байырғы мекенінде қалған бөлегі еді. Қазақ қыпшақтарының таңбасы: қос таяқ (II), ұраны: ойбас.

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ, САЯСИ-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Ішкі-сыртқы саяси жағдайы тарихшы Әбілғазы әл-Хорезмидың «Түрік шежіресі» атты әйгілі еңбегінде айтуынша, Шыңғысханның батысқа жасаған жорығынан бұрын Жай-

ық, Еділ және Дон өзендері арасындағы жалпақ өңірде қыпшақтардан бөлек халық болмаған. Бұлар осы арада хандық құрып 400 жыл өмір сүргендіктен, бұл жер «дешті қыпшақ» деп атанған¹.

Көптеген түркі тілдес ру тайпаларды қамтыған қыпшақ бірлестігі «қыпшақ елі» деп аталды. Бұл елді хандар, сұлтандар, қолбасы батырлар және бектер биледі. Олардың билігі мұрагерлік жолмен әкеден балаға қалып отырды. Соғыс жорықтары кезінде соғысқа жарайтын барлық ер-азамат өзінің тайпа басшыларына еріп аттануға тиісті болды. Олардың өмірі қарулы (әскери) көшпелілік сипат алды.

Ертіс өзенінен Дон өзеніне, Орал тауынан Қара теңізге дейінгі ұлан-байтақ өңірге жайылған қыпшақ бірлестігі бірте-бірте ұсақ хандықтарға айрылып, бірнеше орталыққа шоғырланды. Қыпшақтардың батыс бөлегі әр алуан жергілікті халықтармен тоғысып жатты.

Қыпшақтардың шығыс бөлегі батыс бөлегіне қарағанда, этникалық жатқан бірыңғай және территориясы бір тұтас болды. Бірақ, қыпшақтар қай өңірді мекендеп, қайсы орталыққа қараса да бірі-бірімен тығыз саяси, экономикалық және мәдени байланыста болды, олар біртұтас қыпшақ тілінде (көне қазақ тілінде) сөйледі.

Қыпшақтар 11-ғасырда оғыз мемлекетін құлатқаннан кейін Сырдария бойындағы бірсыпыра қалаларды басып алды. Қыпшақ бірлестігінің саяси орталығы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болды. Қыпшақ хандары отырықшы, егіншілігі мен қол өнері және саудасы дамыған Сыр бойындағы қалаларды тірек ете отырып, дешті қыпшақ даласындағы тайпаларды биледі. 12-ғасырдағы Нәжип Хамданидың жазбаларына қарағанда, қыпшақ бірлестігінің тағы бір орталығы Еділ мен Жайық арасындағы Сақсын қаласы болған². 11-ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түркіндегі» картада қыпшақ бірлестігінің иемак тайпасы Ертіс өзені жағалауында көрсетілген, қыпшақ ханына қарасты қай тайпасы Ертіс өзені мен Обь өзенінің аралығын қоныстанған. Махмұд Қашқари «Еділ — қыпшақ еліндегі бір өзеннің аты» деп түсіндіреді. Арал теңізінің алабы Махмұд Қашқаридың картасында «Оғыздар мен қыпшақтардың қонысы» ретінде көрсетіледі³.

¹ Әбілғазы әл-Хорезми «Шежірени түрік». Қыпшақ тармағына қараңыз.

² С. Агажанов. «9—13-ғасыр, Орта Азиядағы оғыз, түрікпен тарихының очерктері», 162-бет, 1969.

³ М. Қашқари «Диуан лұғат ат-түрік», I-том, Үрімжі, 1981.

Сырдария жағасындағы Сығанақ қаласын орталық еткен қыпшақ хандығы мен оның көршісі Хорезм патшалығы арасындағы қарым-қатынас кейде шиеленісіп, кейде бәсеңдеп отырды. Бұлардың арасында Сырдария бойындағы қалаларды билеу және осы өңірді басып өтетін сауда керуен жолдарын бақылау, ұқықы жөніндегі талас-тартыстар Хорезм шахы Құтып Аддин Махмұд (1097—1127) және оның мұрагері Атсыз (1127—1156) тұсында бірнеше рет әскери қақтығыстарға әкеліп соқты. Бірақ Хорезм шахтарының қыпшақтарға жасаған соғыс жорықтары сәтсіздікке ұшырап отырды. Мұның басты себебі Хорезм шахтары қарулы күшінің негізгі армиясы Хорезм патшалығы құрамына еңген қыпшақ тайпаларынан құралғандықтан, олар соғыс кезінде өздерінің қыпшақ туыстары жаққа шығып кететін еді. Бұдан соң, Хорезм шахтары қыпшақ хандарымен бейбіт қарым-қатынас жасасып, құдаласып, сауда-саттық байланыс орнатты.

Қыпшақ хандары әулеті қыпшақтың ұран деген руынан шыққан. Қыпшақ ханы Қадыр Бөке ханның (Алып қара ұран, қыран, икран деп те аталады) қызы Түркен қатунды Хорезм шахы Алаеддин Текеш ибн ал-Арслан (1172—1200) алған. Осы Түркен қатун Хорезм шахы Мұхаммед II-нің (1200—1220) шешесі еді. Бұл мезгілде Хорезм патшалығы мен қыпшақ хандығы арасында қалыпты дипломатиялық қарым-қатынас күшейді. Хорезм шахы Текеш 1194-жылы селжұқтардың тәуелділігінен мүлде құтылып күшейіп алды да, төңірегіндегі елдерді бағындыруға аттанды.

Бұл мезгілде қыпшақ ханы Қадыр Бөке хан (Қыран хан) мен оның немере інісі Алып Дерек Қайырхан Иналшық арасында өкімет билігіне таласқан өзара қырқыс үдей түскен еді. Осы жағдайды пайдаланып қыпшақтарды бағындырмақ болған Хорезм шахы Текеш 1195-жылы Сығанақ қаласындағы Қыпшақ ханы Қадыр Бөке ханға қарсы жорық жасады. Бірақ Хорезм шахтың армиясында қыпшақтар Қадыр Бөке ханмен сөз байласып, қыпшақ туыстары жаққа шықты. Амалы таусылып, мысы құрыған Хорезм шахы қыпшақ билеушілерінің ішкі қырқыстарын пайдалануға ұмтылды. Отырарды билеп тұрған Алып Дерек Қайырхан Иналшықты қолдады, оның әскери күшіне сүйене отырып, 13-ғасырдың басында Сығанақ қаласын жаулап алды. Қыпшақтар Хорезм шахының шапқыншылығына қарсы үздіксіз күрес жүргізді, 1215-жылы Сығанақ пен Жент аймақтарына әскери жорық жа-

сады. Қыпшақтар мен Хорезм арасындағы бұл соғыстар Шыңғысханның оларды жаулап алуына қолайлы жағдай жасады.

Шаруашылық жағдайы. Қыпшақ елінің шаруашылық өмірінде мал шаруашылығы басты орын ұстады. Олар, қой, жылқы, түйе, сиыр, ешкі өсірді. Мал жайылымдарын жыл маусымдарына қарай пайдаланды, жазда шөбі шүйгін, салқын жерлерді жайлады, қыста ықтасын, тұңкелі жерлерді қыстады. Қыпшақтарда мал байлығының молдығы өз заманындағы саяхатшыларды таң қалдырған болатын. Араб Ибн Батута: «қыпшақтардың малындай көп мал, сірә, бүкіл жер жүзінде жоқ»¹, деп таң қалған еді. Дәл осындай пікірді өз кезінде Платокарпин де айтқан: «Қыпшақтар малға өте бай, түйесі, өгізі, қойы, сиыры, жылқысы көп. Оларда жүк артатын малдың көптігі сондай, біздің ойымызша, ондай мал бүкіл дүние жүзінде жоқ шығар»² дейді. Көпшелі қыпшақтар арбамен көшті, арбаға ат, түйе жегілді, кей жерлерінде өгіз де жегілді.

Қыпшақтардың жылқысы көп, әрі сапалы болды. Саяхатшылардың айтуынша, оларда он мың жылқысы бар байлар да болған³. Қыпшақ өмірінде аттың рөлі өте жоғары еді, ат көшпелі өмірде көлік, жаугершілікте жауынгердің «күс қанаты» болды. Қыпшақ аттарын Ауғанстан, Иран, Индия, Египет, Византия базарларына апарып сатып отырды. Ибн Батутаның айтуынша: әдеттегі аттары жүз динар күміске, жақсы аттары 5 жүз динардан артыққа сатылады екен⁴.

Қыпшақтардың бір бөлегі егіншілікпен шұғылданды, Сырдария, Сарысу, Есіл өзендерінің алқабын, Қаратау бөктерін мекендеген қыпшақтардың бір бөлегі егіншілікпен айналысты. Әдетте күш-көлігі жоқ кедейлер қыстау маңында жатақ жатып, егін екті. Бұлардың егетін дақылдары тары, арпа, бидай. Оның ішінде көп егілетін астық тары еді.

Қыпшақтарда үй кәсіпшілігі қолөнері де болды, олар жүннен мата тоқыды, тері иледі, темір мен қоладан өндіріс саймандарын, соғыс қару-жарақтарын жасады, алтын мен күмістен әр алуан сән-салтанат бұйымдарын істеді. Те-

¹ «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», I-том, 282-бет.

² «Платокарпин мен Руброктың шығысқа саяхат естеліктері», 28-бет.

³ «Шыңғыс тұқымынан шыққан алғашқы төрт ханның тарихы», 174-бет.

⁴ «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», I-том, 287-бет.

мір және мыс сияқты кендерді қазу, қорыту және өңдеумен де шұғылданды. Қазақстан ғалымы Әлкей Марғұланның зерттеуіне қарағанда, Қазақстандағы Жезқазған кен алқабы қыпшақтар мен қаңлылардың металлургиялық орталығы болған¹.

Қыпшақтар малшылық пен егіншілік кәсібіне көмекші кәсіп ретінде аңшылықпен де шұғылданған. Олар қарақұйрық, арқар, құлан сияқты қоңыр аңдарды етін жеу үшін аулаған, ал түлкі, қарсақ, бұлғын сияқты асыл терілі аңдарды терісін алу үшін аулаған. Өзен, көл жағалауындағылары балықшылық істеген.

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ДІНІ, ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ

Қыпшақтар діни нанымы жағынан түркі халықтары арасына кең тараған шамандық ұғымдарды тұтынып келген. Олар көк тәңіріне, жер, су киелеріне, ұмайға, отқа, аруақтарға сиынды. Тас мүсіндерге табынды. Кейін келе олардың билеушілері арасына ислам діні ене бастады. 12-ғасырдың екінші жартысында қыпшақтар арасына ислам діні кең таралды. Бұл кезде қыпшақ хандары қыран (Икран) мен Алып Дерек (Иналшық) хандары ислам лауазымын (титұлын) қабылдап, «Қадыр хан» (Қайыр хан) деп аталды. Бұл дәуірде қыпшақтар мекендеген Сырдария бойында туып өскен әйгілі ақын, «Диуани Хикмет» жинағының авторы Қожа Ахмед Иассауидың (1103—1166) идеялық ықпалы өте күшті болды. Ол ислам дінін — әсіресе софизмді насихаттады. Алайда көшпелі шаруалар арасында әлі де болса шамандық ұғым көп сақталып отырды.

Қыпшақ бірлестігі дәуірінде қыпшақ хандары Ертіс өзенінен Дон өзеніне дейінгі, Орал тауынан Қара теңізге дейінгі кең өңірде жасаған түркі тілдес тайпалардың басын біріктірді, қыпшақ тайпалары Еуропаға, Кіші Азияға, тіпті Египетке (Мысырға) дейін жайылды. Көп өңірлерде қыпшақтар әскери-әкімшілік билікті қолына алып, үстемдік жүргізді. Осы жағдайларға байланысты, жоғарыда айтылған өңірлерде қыпшақ әдеби тілі қалыптасты және дамыды. Зерттеуші Машковтың айтуына қарағанда, бұл дәуірде қыпшақ тілі батыс Еуропа жиһанкездері мен шығысты зерттеушілер үшін халықаралық тіл болып есептелді. Еуропалықтар, арабтар, парсылар, тағы басқа халықтар қыпшақ

¹ «Қазақстандағы археологиялық зерттеулер», 30-бет, Алматы, 1973.

тілін үйренуге, зерттеуге ділгер болды. Қыпшақтар арасынан тіл ғалымдары шықты, қыпшақ тілі ғылымы, әсіресе сөздік ғылымы қарыштап дамыды, Қыпшақ тілінің грамматикасы, қыпшақ тілін үйретудің жан-жақты тіл құралдары, қыпшақ тілімен басқа тілдерді салыстырған қыруар сөздіктер жасалды. Олардың бірсыпырасы талай ғасырды басынан кешіре отырып, «балдан қалған сарқыттай» біздің заманымызға жетті. Олардың бастылары: «Мұқаддима тұл әдәп» (Әдебиетке кіріспе), авторы Әл-Замакшари, 12-ғасырда жазылған арабша-парсыша-түрікше-монғолша сөздік; «Таржуман түркі уа араби» (Түрікше-арабша аударма сөздік), 1245-жылы жазылып аяқтаған, авторы белгісіз; «Қыпшақша-латынша-парсыша сөздік 1303-жылы аяқталған; «Кита бұл — идрак лилиса-нұл-артак» (Түркі тілінің түсіндірме сөздігі), авторы Жамалиден Мұхаммед Абдулла ат-түркі, 14-ғасырда Сирияда жазылған: «Әл-Әнуар-әл-Мудиа» (Инжу нұры) Қыпшақша-арабша сөздік, авторы: Алайден Бейлік әл-Қыпшақи, жазылған жылы, орны мәлімсіз; «Китаб ат-түнфа әз-закиафи лұғат ат-түркі» (Түркі тілі туралы ерекше сыйлық), 14-ғасырда жазылған, бұл кітаптың авторы және жазылған жері мәлімсіз; «Китаб тәржуман фарси уа түркі уа моғоли» (Парсы, түркі және маңғол тілдерінің аударма сөздігі), бұл кітап 1343-жылы Мысырда жазылған; «Әл-Қауани әл-Куилия ли-забат әл-лұғат ат-түркия» (Түркі тілдерін үйренудің толық құралы), 14-ғасырда жазылған, авторы және жазылған орны белгісіз. Бұл сөздіктердегі мәлімсіз: «Китаб ат-дуарал әл мудия фил-лұғат ат-түркия алат тамам» (Түркі тілі туралы жан-жақты және тыңғылықты інжу-маржан жинағы), 14-ғасырда жазылған, авторы және жазылған орны белгісіз. Бұл сөздіктердегі «Түркі тілі», «Түрікше» деген сөздер қыпшақ тілі деген сөздің баламасы еді.

Жоғарыдағы көне мәдениет куәліктері қыпшақтардың тіл-әдебиеті мен мәдениетінің өз заманындағы өркендеу деңгейінен дерек береді. Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілі Алтын Орданың әдеби тілі болды, Алтын Орда хандарының жарлықтары және көптеген әдеби шығармалар осы қыпшақ әдеби тілінде жазылды. Қыпшақ әдеби тілі қазіргі қазақ тілінің түп-төркіні, яғни, көне қазақ тілі болып табылады. Осы заманғы қазақ тілі көне қыпшақ тілінің дамуы негізінде қалыптасты.

Қазақ халқының құрамына қосылған аға арыстардың бірі — арғындар. Арғындар ерте заманнан келе жатқан көп тайпалы, кесек ұлыс. Олар 13-ғасырда Шыңғысханға бағынған.

Арғындардың арғы тегі туралы тарихи әдебиетте талай пікір айтылған. Кейбір ғалымдар: арғындарды 5-ғасырға тән Жұңго жылнамаларында әйгілі болған гаугұй тайпасы «алұн» болса керек дейді. Олар алғашында (5-ғасырларда) Тарбағатайдың шығысындағы Қобық өзенін мекен етіп, одан соң оңтүстікке қарай жылжып, шығыс Тянь-Шань өңірін мекен еткен¹.

Ғалымдардың бірсыпырасы арғындарды басмылдан, қарлықтан шыққан, осы екі халықтың қосылуынан құралған дегенді айтады. Әйгілі орыс ғалымы Н. Аристов көптеген тарихи дәлелдерді келтіре отырып; арғындар басмылдың ұрпағы деген². Бартольд осы пікірге қосыла келіп: Марко-Полоның «Аргун» (арғын) дегені мен (басмыл) дегені бір сөз дейді.

Тарихи жазба деректердің көрсетуінше, басмылдар 7—8-ғасырларда қазіргі Шонжы (Гучың), Жемсары аудандарынан Алтайға дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрген. Бұлар түрік қағандығына бағынған тайпалар еді. Олардың билеушілері «идиқұт» деп аталған. Бұлардың аты орхон тас жазуларында «басмыл», Жұңго жылнамаларында «бамши» түрінде кездеседі. Олар түрік қағандығының ақырғы кезінде Алтай, Тарбағайды мекендеген қарлықтар және ұйғырлармен одақтасып, түрік қағандығына қарсы көтеріліс жасаған.

Кейінгі кезде Дүнхуаннан табылған тибет тіліндегі (8-ғасырдағы) жазба құжат «Солтүстіктегі елдерді барлау мәліметінде»: «Басмылдың 5 тайпасы ұйғырлармен және қарлықтармен одақтаса отырып, түріктің Обұкшор қағанын талқандап, басмыл тайпаларының бастығы оның орнына қаған болған, кейін ұйғырлар мен қарлықтар бірлесіп шабуыл жасап, басмыл қағанын өлтірген. Осыдан соң басмыл тайпалары ыдырап, олардың бір бөлегі басқа елдерге кірме болған» дейді. Демек, басмылдардың бір бөлегі қарлықтарға қосылып кеткен. Тағы да осы мәліметте: «Басмыл

¹ С. Аманжолов «Қазақ тілінің тарихы және диалектология мәселелері» Алматы, 1960.

² Н. Аристов «Мақалалар жинағы», 465-бет.

шекарасы ішінде кесдым тайпасы және басмыл-байырку тайпасы бар, олардың бастығы: «Иермыс Еркін» деп жазылған.

Кейбір ғалымдар (В. В. Бартольд, В. Руброк, С. Г. Клишторни, т. б.) арғуды көп арғұ (арғын) атауымен байланыстырады. Махмұд Қашқари көп арғуды түрік халықтары қатарына басмыл деп енгізеді де, өзінің сөздігінде оларды шин (Жұңго) шегіне дейін батырап жатқан көне ел еді дейді. 13-ғасырда арғулардың орталығы Іле өзенінің аймағындағы Алмалық (Балық қала) болған. Орта ғасырдағы кейбір ғалымдардың пікірінше, арғұға бүкіл Жетісу мен Орталық Қазақстанды мекендеген елдер жатқан¹. 13-ғасырда Марко-Поло Жетісу, Алакөл төңірегін аралап жүріп: «Бұл жерде аргон (арғын) дейтін ел бар, олар екі атаның араласуынан құралған, ислам дінін қолданады, түрі сымбатты, өздері ақылды, сауда істейді, керей Уаң ханның жерін қоныстайды» дейді. Автордың айтып отырған жерлері Ертіс бойы, Шыңғыс тауы, Қарқаралы даласы, Аягөз, Алакөл төңірегі².

Тарихшы М. Ақынжанов: арғын ішіндегі «алтай-қарпық» деген тайпаның аты «алтай-қарлық» дегеннен шыққан дейді. Ал «Қазақ совет энциклопедиясының» 6-том, 520-бетінде: «болат қарлықтар (яғни арғындар) орта жүз қазақтарының ата-бабалары болған» деп жазылған.

Байырғы қазақ шежіресі бойынша, арғынның үлкен екі бұтағы — ергол және момын. Ерголден алты тайпа тарайды: қуандық, сүйіндік, бегендік, шегендік, қаракесек және тарақты. Ал момыннан төрт тайпа тарайды: ақ сопы (одан қанжығалы, тобықты), қара сопы одан бәсентиін, қарауыл), сары сопы (одан атығай), таңбы сопы (одан сарыжетім, шақшақ). Арғынның осы момын бұтағынан тараған ұрпақ «төрт сопы» яки «жеті момын» деп аталады.

Арғын ұлысы ішіндегі төрт сопы — сары сопы, қара сопы, ақ сопы және танбы сопы дегендегі «сопы» ешқашан да ислам діні ұғымындағы «сопы» емес. Жұңғоның таң әулеті дәуіріндегі жылнамаларында: қарлықтардың үш ұлысының бірі «сопо» деп аталған. Демек, арғындар арасында ежелгі қарлықтың «сопо» яки «сопы» ұлысының аты сақталған, ал «қара», «ақ», «сары» және «танбы» деген анықтауыштар кейін қосылған. Жоғарыдағы жазба деректер мен шежірелік деректер арғындардың арғы тегі басмылдар мен

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 1-том, 450-бет.

² Бұл да сонда. 451-бет.

қарлықтардан тараған деген пікірдің дұрыс екендігін дәлелдейді.

Қарлықтар 12-ғасырда өз алдына жеке иелік болып, қидан (қара қытай) хандарына бодандық тәуелділікте болған. Олардың орталығы Балқаш көлінің Қиялық қаласы еді. Шыңғысхан әскері Жетісуға жеткенде қарлық билеушісі Арсылан хан өз еркімен бағынған, оған Шыңғысхан өз қызы Алқа бикені берген¹.

УАҚТАР

Қазақтың орта жүзі құрамындағы алты арыс елдің бірі — уақ. Байырғы қазақ шежіресі уақ ұлысын он бір тайпаға бөледі. Олар: шоға, сарман, байназар, сарыбағыш, сіргелі, еренші, алымбет, бидәлі, жансары, баржақсы, шайкөз. Осы он бір тайпа ішінде бидәлі, жансары, баржақсы, шайкөз тайпалары ергенекті уақ деп аталады. Уақтың арғы атасы Жаубасар, Қамбар, Еркөкше және Ерқосай батырлардан тараған деген аңыздар кең танымал. Уақ ұлысы Жаубасар мен Еркөкшенің атын ұран етіп шақырады.

Байырғы қазақ шежірелері уақтар мен керейлерді туыстас ел етіп баяндайды, тегінде бұл екі ұлыс үнемі қоныстас өмір сүрген. Уақтар мен керейлер іргелес болып қана қоймай, өзара тайпалық-әскери одаққа біріккен, жаугершілік соғыс кезінде әрқашан уақтар әскері қолдың оң қанатында болған.¹

Әйгілі ғалым Әлкей Марғұлан өзінің «Тамғалы тас жазуы» атты мақаласында ежелгі оңғыт тайпасын уақ деп көрсетеді. Оңғыттар — керей және найман тайпаларымен қатар жасаған әйгілі ұлыс. Оңғыттардың аты ханзу тіліндегі Жүңго жылнамаларында «уаң-гу» яки «ун-гу» түрінде жазылған. Парсы тіліндегі жазбаларда «аонхот», манғол тіліндегі шежірелерде «унхүд» түрінде кездеседі.

Ежелгі шежірелерге қарағанда, бұл тайпа «үн» (гүн) деген атпен 7-ғасырдың басында-ақ белгілі болған. Олар Жүңгоның ұлы қорғанының солтүстігін мекендеген, христиан дінінің бір тарауы нисториан дініне сенген. Морко-Полоның жазуынша нисториан дініне кірген наймандар, керейлер, оңғыттар (уақтар), әрі көшіп мал өсіріп, әрі суар-

¹ «Манғолдардың құпия шежіресі», 235-тарау.

² «Қазақ советь энциклопедиясы», 11-том, 271—272-беттер.

малы егін салып, қыс күні белгілі қыстауларда не қалаларда тұратын ел болған. Керей, наймандармен көрші тұрған оңғыттардың (уақтардың) бірнеше қалалары болған, орталық бір қаласы Оңғыт-қапқа, екінші бір қаласы Теңдік (Теңді).¹ Бұл Теңдік қаласы өз заманында сауда кварталдары, жүздеген арба тоқтайтын алаңдары бар, айналасы биік дуалдармен қоршалған бекіністі қала болған. Бұл дуалдар Панокарпини, Марко-Поло, Рубруктің 13—14-ғасырларда шығысқа жасаған саяхаты кезінде де бұзылмай қаз-қалпында тұрған.²

Шыңғысхан бастаған маңғолдар қозғалысы өрлеуден бұрын оңғыттар өз алдына жеке ұлыс болып жасаған. Осы мезгілде оңғыт ұлысын Ала Құш-тегін Қоры деген адам билеген. Ол өлгеннен соң орнына Шенгей деген немересі отырған.

Парсы тарихшысы Рашиденнің «Жамих ат-тауарих» атты шығармасында жазылуына қарағанда оңғыт ұлысы бұрын Шыңғысхан тұқымымен құдаласып, қыз беріп, қыз алып келген. Сондай-ақ керей ұлысының билеушісі Оңхан тұқымымен де құданда болып, қыз алып, қыз берісіп отырған.

Шыңғысхан Маңғолияда күшейген кезде оңғыт ұлысын қиратып, халқын өзіне бағындырған. Керей Тұғырыл ханның інісі Жағакамбұның кенже қызы елден асқан сұлу екен. Оны оңғыт (уақ) ұлысының ханы алған. Шыңғысхан оңғыт ұлысын шауып ханын өлтіргенде, осы сұлуды алмақ болып қаншама іздесе де еш жерден таба алмаған.³ Оңғыттар бұдан кейінгі екі ғасыр бойына тек Шыңғыс әулетінің ғана емес, Орта Азия мен Иранның да әскери-әкімшілік істерінде де көрнекті орын алды.⁴

«Ең таңсық нәрсе, Алтай мен Манғол жерінен табылған оңғыттар (уақтар) мен керейлердің жазулары. Көп табылғаны әсіресе, оңғыттардың тас жазулары. Олар ерте дәуірде құлпы тасқа қиып түсірген түрік сөзі, тілі қыпшақ тілімен бірдей»⁵. «Жуырда жапон түркологтары оқыған (ордос жерінен табылған) оңғыттың тасқа жазған ескерткіштері олардың қыпшақ тобы тілдерінің бірінде сөйлегеніне шүбә келтірмейді. Мысалы, сөз басында «и» дыбысының орнына

¹ Ә. Марғұлан «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз», № 1, Алматы, 1984

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 489-бет.

³ Рашиден «Жамих ат-тауарих» 1-том, 1-бөлім, 215-бет.

⁴ «Қазақ совет энциклопедиясы» 8-том, 489-бет.

⁵ Әлкей Марғұлан «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз», № 1, Алматы, 1984.

«ж» дыбысының (иуганнес орнына жуганнес, иехуд орнына жехуд, т. б.) айтылуын айтсақ та жетіп жатыр»¹. «Ерте заманда жазу-сызу мәдениеті болған оңғыттардың өз қолымен тасқа жазып қалдырған ескерткіштері «Ертедегі оңғыттар маңғол тілдес тайпа еді» делініп келген пікірлердің дәлелсіз дау екеніндігін анықтайтын айғақ болып отыр. Ал, қазақ құрамындағы уақтардың ертедегі оңғыттармен байланыстары жайындағы мәселе бұдан бұлай жан-жақтылы зерттелуге тиісті маңызды мәселе болып табылады.

ШЫҢҒЫС ӘУЛЕТІ БИЛЕГЕН ҰЛЫСТАР МЕН ОРДАЛАР, ОЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ

Он екінші ғасырдың соңы мен он үшінші ғасырдың басында Ясукай батырдың баласы Темучин бастаған маңғолдар қозғалысының өрлеуі нәтижесінде, ұлан байтақ маңғол даласында маңғол патшалығы құрылды. 1206-жылы Маңғолиядағы Онон өзені бойында ашылған рутайпа шонжарларының құрылтайы Темучинге «Шыңғысхан» деген атақ беріп, оны маңғолдардың ұлы қақаны етіп жариялады. Маңғол тайпаларының барлығы Шыңғысханның ұлысы саналды. Олар: оң қол (барун ғар), сол қол (жүн ғар) және орталық деп үш бөлікке айрылды. Әрқайсысы бөлек өз ішінен түмендік, мыңдық, жүздік және ондықтарға бөлінді. Ең үлкен әкімшілік бөлік бір түмен (он мың) әскер шығара алатын иелік есептелді. Шыңғысханның барлық қарулы күштері әрқайсысында мың әскері бар тоқсан бес мыңдықтан құралды. Оларды нояндар, батырлар, мергендер және шешендер басқарды. Шыңғысханның өз қасында он мың сайлауыттан сараланған кешігі (гвардиясы) болды.

Шыңғысхан шыққан боржігін (боржігіт) руы — «алтын ұрпақ» деп аталды. Шыңғысханға қараған маңғол халқы оның руының мүшелеріне — балаларына және туыстарына бөлініп берілді. Олар өздерінің үлестеріне тиген тайпаларды тікелей иемденетін болды. Шыңғысхан өзінің шешесі Ұлон Екеге он мың үй бөліп берді. Ал балаларына — үлкен ұлы Жошыға тоғыз мың үй, екінші ұлы Шағатайға сегіз мың үй, үшінші ұлы Өгедайға бес мың үй, төртінші ұлы Төлеге бес мың үй берді. Шыңғысханның қол астына

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 8-том, 489-бет.

қараған барлық ер-азамат әскер есептелді, соғысқа жарайтын әрбір арат (шаруа) өз бастықтары шақырған күні қару-жарағын алып, атын мініп, жорыққа қатынасуға міндетті болды.

Маңғол мемлекетінің сипаты мен құрылысы маңғол қоғамында қалыптасқан бытырандылық-феодалдық қатынастар мен халықтың көшпелі тұрмысына сәйкес келді. Бытыранды өмір өткізіп, үнемі бір-бірімен жауласып келе жатқан маңғол ру-тайпаларының біртұтас мемлекетке біріктірілуі тайпалар арасында толассыз болып отырған талант-тараждар мен қиян-кескі қан төгіс соғыстарды тыйды. Өндіріс күштердің өркендеуіне жағдай жасады, феодалдық қатынастарды нығайтты. Маңғол ру-тайпаларының басын бір жерге қосып, олардың халық болып қалыптасуына себепші болды. Сөйтіп бұл өз заманына сай алға басарлық фактор болған еді.

Бірақ іс мұнымен аяқталмады, Шыңғысхан бастаған маңғол әскери феодал-шонжарлары жаулаушылық соғысты үдете түсті. Бұл соғыстар жауланған халықтарға да, сонымен бірге маңғол еңбекшілеріне де аса ауыр зардабын тигізді.

1207—1208-жылы қыста Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы бастаған маңғол әскерлері оңтүстік Сібірдегі «орман халықтарын», ойраттарды, буряттарды, якуттарды бағындырды. Енисейдегі қырғыздардың билеушісі Арыс Айнал Алдиярұлы бек, ақ сұңқар, ақ тұлпар, қара бұлғын ішік тарту етіп, Жошыны қарсы алып, соғыспай бағынды.¹

1207—1209-жылдарда Шыңғысхан бастаған маңғол әскерлері Таңғыт хандығы Шишаны (қазіргі Нинша өлкесін, Гансу өлкесінің батыс аңғары мен Ордос өңірін билеген) жаулап алды. Тұрпандағы ұйғыр Идиқұты Барчұқ өз еркімен Шыңғысханға бағынып, оған тәуелді боданға айналды. 1211-жылы Шыңғысханның қолы солтүстік Жүңгоға қарай бет алды. 1215-жылы олар сол кезде жин әулетінің астанасы болып тұрған Ханбалықты (Би-жинді) басып алды.

1218-жылы Шыңғысхан Жебеноян бастаған жиырма мың әскерін Күшлікке қарсы Жетісуға аттандырды. Шыңғысханнан жеңіліп Жетісу өңіріне келген найман Таян ханның баласы Күшлік хан бұл арада батыс лиау патшалығының үкіметін тартып алып, бір мезгіл дәурен сүріп тұрған болатын. Күшлік ханның жаулап алған жеріне жасаған қаталдығы, әсіресе мұсылман дін басыларын қырғындауы

¹ «Маңғолдардың құпия шежіресі», 239-тарау,

жергілікті халықтың наразылығын қозғаған еді. Халықтан айырылған Күшлік хан соғыста жеңілді де, Бадахшанға қашып, Сарыққолда өлтірілді¹.

Қазақ халқының Шыңғысхан шапқыншылығына қарсы жиырма жылдық қажырлы күресі жеңіліспен аяқталды. Елі мен жерін қорғау үшін шапқыншылыққа қарсы күрескен Тоқтабек, Бұйрық, Тұғырыл, Таян, Күшліктер қан майданда қаза тапты. Шыңғысхан олардың бытырандылығы мен алауыздығын пайдаланып жеке-жеке талқандады. Ол қарсыласқандарға садақ, тізе бүккендерге табақ тартты. Үйсін қарт пен Көкше бақсыға төрден орын берді, жалайыр тайпасынан шыққан Мұқалыны гоуан (мемлекет әмірі) етіп тағайындады. 1204-жылы тұтқынға түскен найман хандығының бас уәзірі Тататонғаны хатшылық қызметіне пайдаланып, наймандардың ел басқару ережесін, жазу мәдениетін — бұдан бұрын найман, керей, меркіттер қолданып келген көне ұйғыр жазуын қабылдады. Шыңғысхан әскерлері Жетісуға келгенде өз еркімен ел болған Қарлық Арыстан ханға (Балқаш көлінің шығысындағы Қиялық қаласын билеген) Шыңғысхан өз қызы Алқа бикені атастырды². Іле алқабындағы Алмалық қаласында тұрып Жетісуді билеген қаңлы тайпасының ұлыс бегі Тұғырыл мен оның баласы Сұнақ тегін өздерінің барлық әскерімен Шыңғысханға қосылғанда Шыңғысхан Жошының үлкен қызы — Бикені Сұнақ тегінге қосты³. Шағатай хан Жұңғарияны мекендеген дулат тайпасының басшысы Ортөбеге (Әмір Болатшының атасы) өз еркімен ел болып, еңбек сіңіргені үшін «Маңғылай сүбе» өңірін иелікке берді. Сөйтіп, Жоңғария мен Жетісу өңірі Шыңғысхан патшалығының құрамына қосылды. Қазақ тайпалары бұдан былайғы жерде Шыңғысханның батысқа жасаған жорығына қосылып, әскери күшке айналды.

ШЫҢҒЫСХАННЫҢ БАТЫСҚА ЖАСАҒАН ЖОРЫҒЫ — «ОТЫРАР АПАТЫ»

Шыңғысханның батысқа жасаған жойқын жорығы әдебиетте «Отырар апаты» деген атпен әйгілі болған оқи-

¹ Рашиден «Жамих ат-тауарих». 1-том, 11-бөлім, 183-бет.

² «Маңғолдардың құпия шежіресі», 235-тарау,

³ Жамал Қарши «Мүлкахат ас-Сұрах», «Қазақ совет энциклопедиясы» 4-том, 245—246-беттер.

гадан басталды. Шыңғысхан сол кезде Орта Азияға үстемдік еткен Хорезм шахы Мұхаммедке Орта Азиялық саудагер Махмұд Хорезми Әлжихожа Бұхари және Иәсіп Отырари қатарлы адамдарды елші етіп жіберді. 1218-жылы көктемде Хорезм шахы Мұхаммед бұл елшілікті қабылдады. Елшілер оған Шыңғысханның хатын және жіберген сәлемдемелерін тапсырды. Бұл хатында Хорезм шахы Мұхаммедті «өз балам» деп атады және екі ел арасындағы сауда жолының қауіпсіздігін сақтау жөнінде бейбіт келісім жасауды ортаға қойды. Хорезм шахы Мұхаммед Шыңғысханның әскери күш-қуатының қаншалықты екенін білмейтін еді. Ол бұларға разылық білдірді.

Мұның артынан Шыңғысхан тағы да Орта Азиялық саудагерлерден Омар Қожа Отырари, Жамал Марағи бастаған бес жүз түйелі, төрт жүз елу адамы бар үлкен керуен жіберді, бұл керуен 1218-жылы жазда Отырар қаласына келді. Отырар қаласының билеушісі Қайырхан Иналшық (қыпшақ) бұл керуенді тыңшылыққа келген керуен деп адамдарын өлтіріп, жүктерін талатты. Мұны естіген Шыңғысхан хорезмдік Бағраны елші етіп Хорезм шахы Мұхаммедке жіберіп: «Біз еліміздің ешқандай саудагеріне тимейміз деп келісім жасасқан едік, біздің керуеннің саудагерлері Отырарда өлтіріліпті. Егер бұл іс өз әміріңмен істелмеген болса, қылмыстыны қолыма сал, сазайын өзім тарттырамын, әйтпесе соғысты күтіп ал» деп кесетпе тапсырды. Хорезм шахы Мұхаммед бұл елшіні де өлтіріп тастады. Мұны естіген Шыңғысхан: «Сартауылдар¹ менің алтын шылбырымды үзбекші ме? Бағра бастаған жүз елшімнің өшіне өш, кегіне кек аламың, сартауылдардың сазайын тарттырамын»² деп қаһарланды. Отырар оқиғасы оның Орта Азия мен Қазақстанға жорық жасауына желеу болды. Бұл кезде Шыңғысханның алтын шатыры Ертіс өзенінің басында болатын. 1219-жылы қыркүйекте Шыңғысхан бастаған жүз елу мың қол Ертіс басынан аттанып, Орта Азияға қарай лап берді. Олар Жетісуді басып өтіп, Сырдария бойындағы қалаларға шабуылдады.

Хорезм шахы Мұхаммед қол астындағыларға сенбейтін, ақыл-айласы аз, қырпусыз, қыршаңқы билеушілердің бірі еді. Ол осы оқиғаның алдында Жетісудағы найман ханы Күшліктен қорқып шекара жақтағы қалалар мен қорғанды өз қолымен талқандап, талап-тараж етіп,

¹ Сартауылдар деп хорезмдіктерді айтып отыр.

² «Маңғолдардың күпия шежіресі», 254-тарау.

халқын зорлап көшіріп әкеткен болатын. Енді Шыңғысханның Орта Азияға қаптаған қалың қолына қарсы күресті дұрыс ұйымдастыра алмай ауыр қателік өткізді. Қарамағымдағы қолбасылар мен тәуелді иеліктердің басшылары күш біріктіріп өзіме қарсы шығады деп күмәнданып, қарулы күштерін қалалар мен қамалдарға бөліп, бөлек-бөлек топтастырды. Бұл іс жүзінде Шыңғысханның бұл қалалар мен қамалдарды бірін-біріне қоспай жеке-жеке талқандауына жеңілдік тудырып берді. Алайда, жергілікті халық қажырлы қарсылық көрсетті. Қайырхан Иналшық бастаған Отырар халқының өз жерін қорғау жолындағы ерлік күресі Орта Азия тарихынан елеулі орын алды.

1219-жылы қыркүйекте Шыңғысханның балалары Шағатай мен Өгедай және әйгілі әскери қолбасшы Сүбедей, Жебе, Тонұчарлар бастаған қалың қол Отырар қаласын қоршады. Отырар қаласының билеушісі сұлтан Қайырхан Иналшық шекарадағы елу мың әскермен Отырарды қорғады. Қаража Қажып он мың әскермен оған көмекке келді. Әйгілі парсы тарихшысы, «Жаһанды жаулап алушының тарихы» атты кітаптың авторы Жүвейнидің айтуынша: «Олар бес ай бойы берілмей табандылықпен ерлік күрес жүргізді, қалың жаумен айқасқан Отырар халқы ашаршылыққа ұшырады. Қайырхан бар күшімен күресті жүргізе берді. Қаража Қажып өз әскерінің көбін бастап қала қорғанының «сопы хан» қақпасынан шығып жау жағына қосылды. Осы қақпа арқылы басып кірген жаудан қаланы қорғаған Қайырхан жиырма мың әскерін бастап тағы да бір ай соғысты. Шыңғысхан әскерлері алты ай дегенде Отырар қаласын алды, Қайырханды қолға түсіріп, азаптап өлтірді».¹ Қала қиратылып, халқы қырылды, мал-мүлкі талан-тараж етілді. Аса аянышты жері: Отырарда кітаптары мен бағалы ескерткіштерінің саны жағынан дүниеде екінші орын алған кітапхана өртеніп жіберілді».²

Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы бастаған қол Сығанақ, Сауран, Баршынкент, Жент, Үзкент қалаларын алды. Сырдария жағасындағы қалалардың алынуы Мауараннахрға шабуыл жасауға жол ашты.

Отырар қаласы алынған соң Шағатай мен Өгедай бастаған қол Шыңғысханның өзі бастаған қолға қосылып жорыққа шығып, Бұхара мен Самарқанды бағындырды.

¹ Жүвейни, 1-том, 64—65-беттер, «Қазан» баспасы. В. В. Бартольд «Маңғол үстемдігі дәуіріндегі Түркістан», 479—480 беттер.

² «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 129-бет, Алматы, 1957.

Шыңғысхан бастаған қалың қол 1220-жылдың мамырына дейін Орта Азияның Амудария жағалауына дейінгі барлық территориясын алып болды. 1220—1221-жылдардың қысында Хорезмді жаулап алды. Хорезм шахы Мұхаммед қашып, Каспий теңізінің бір аралына барып өлді. Осыдан соң Орта Азияны жаулап алу аяқталды да, бұл арада соғыс қимылдары тоқтады.

1221-жылдың көктемінде соғыс қимылдары Қорасан, Ауғанстан және Солтүстік Индия территориясына ойысты. Бұл өңірде үздіксіз қарсылық көрсеткен Жалалиденді (Хорезм шахы Мұхаммедтің баласы) Инді өзеніне дейін қуалап барып, 1221-жылы 24-қарашада талқандады. Шыңғысханның қолбасшылары Жебеноян мен Сүбедей батыр бастаған отыз мың әскер Иранның оңтүстігін басып өтіп, 1220-жылы Кавказ тауларына барып, грузиндер мен әзірбайжандардың бір бөлегін ойрандап, Каспийдің жағасымен жүріп отырып, аландардың жеріне жетіп (1222-жылы), оларды талқандады, одан қыпшақ даласына шығып, қыпшақ ханы Қотанның әскерлерін қиратты. 1223-жылы 31-мамырда Қалқа өзенінің бойында орыс жасақтарын жеңіп Днепр өзеніне дейін ығыстырып тастап, өздері Еділдің орта ағысына қарай келіп, қазіргі Қазақстан (шығыс дөңгіз қыпшақ) жерін басып, 1224-жылы Ертіс өзені бойындағы Шыңғысханның ордасына қайтып келді. 1225-жылы Шыңғысхан Маңғолияға қайтты. Сөйтіп 1219—1224 жылдарда Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысханның маңғол патшалығының құрамына енді.

Шыңғысханның жойқын жорығы Орта Азия мен Қазақстанға зор-зобалан алып келді. Қазақстанның мәдениет орталықтарын: Жетісудың қалаларын (Суяпты, Баласағұнды, Таразды) талқандап, Сырдария бойындағы қалаларды (Отырарды, Сауранды, Жентті, Сығанақты және басқаларды) жермен-жексен етті. Мұнымен бірге мәдениеттің көптеген тамаша ескерткіштері жойылып кетті.

ҰЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Ұлан-ғайыр көп жерлерді жаулап алған Шыңғысхан өз көзінің тірісінде осы жерлерді төрт ұлына енші етіп үлестірді. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жерлер, одан ары батысқа қарай «маңғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар», оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі жерлер берілді. Амударияның төменгі жағындағы аймақтар (солтүстік Хорезм) мен Сырдария өңірі де Жошы ұлысына кірді. Бұл жерлер «Жошы ұлысы» деп аталды. Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдың үлесіне Қашқария, Жетісу, Мауараннахр тиді. Үшінші ұлы Өгедайға батыс Маңғолия мен Тарбағатай аймағы берілді. Кенже ұлы әкесінің қара шаңырағы Маңғолияны мұраға алды. Бұл ұлыстардың барлығы Қара қорымдағы (Маңғолиядағы) ұлы хақан Шыңғысханға бағынатын болды. 1227-жылы 25-тамызда Шыңғысхан жорық жолында ауырып қайтыс болды. Шыңғысхан қайтыс болғаннан кейін де балалары мен немерелері соғыс жорықтарын жүргізе берді.

1235-жылы Қара қорымда ашылған құрылтай шығыс Европаға жорық жасауды ұйғарды, Шыңғысханның немересі (Жошының баласы) Батихан қолбасшылыққа тағайындалды. Жүз елу мың әскерді бастап шығыс Европаға жорыққа аттанған Батихан 1236—1242-жылдар аралығында Еділ бойындағы бұлғарларды, орыс княздықтарын талқандап, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдовияны, тағы басқаларды ойрандап, Адриат теңізінің жағалауына дейін барып, «жер шетіне жеттік» деп қайта қайтты да, Еділ сағасына келіп Алтын Орда мемлекетінің іргесін қалады.

Шыңғысханның Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы (1219—1221) және ол жерлерді ұлыстарға бөлуі нәтижесінде, қазақ халқының басым көпшілігі Ертіс өзенінен Еділге дейін созылған Жошы ұлысының құрамына қосылып, алғашында Алтын Орда хандығына, кейін одан бөлінген Ақ Орда хандығына қарады. Ежелден бері Іле алқабы мен Жетісу өңірін мекендеген үйсін, дулат, тағы басқа тайпалар Шағатай хандығына қарады, Шағатай хандығы ыдыраған соң одан бөлінген Моғолстанға бағынды. Алайда, бұл алым-салық, әскер жинаудың көлемі еді. Бұл хандықтар арасында қазіргі мемлекет шекарасы тәрізді шекара болған жоқ. Оның үстіне егінші елдер сияқты территориялық басқару жүйесі емес, ұлыстық

басқару жүйесін тұтынған көшпелі тайпалар үшін бұл бөліктің шектемі шамалы ғана болды. Сол себепті, Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысына, Ақ Орда мен Моғолстанға қарасты көшпелі қазақ тайпалары өріс-қоныстарында үнемі бір-бірімен араласып, қыз алысып, құдаласып отырды. «Маңғолдар өздері жаулап алған жерлерде басқару жүйесіне ешқандай өзгеріс енгізген жоқ, ел басқару, алым-салым жинау ісіне жергілікті феодал-шонжарлар мен саудагерлер көмектесті. Феодалдар белгілі бір аймақтардың жергілікті өкіл-әкімдері болды.»¹

Шыңғысханның батысқа жасаған жойқын жорығын маңғолдардың осы өлкелерге жаппай қоныс аударуы деп ұғынуға болмайды. Маңғолдардың негізгі халқы атамекені Маңғолияда болды. Соғыс жорығында тасқын селдей қаптаған қалың қол — 150 мыңнан астам салт атты әскер болғанымен, оның едәуір бөлегі жергілікті түркі тілдес тайпалардан қосылғандар еді. Маңғолиядан келген маңғол әскерлерінің басым көпшілігі жаулап алу міндетін орындаған соң тапқан олжаларын артып-тартып Маңғолияға қайтып кетті. Маңғолиядан батысқа қоныс аударған Жошы мен Шағатайдың қарамағындағы маңғолдардың да саны шамалы болатын: Шыңғысхан Жошыға тоғыз мың үй, Шағатайға сегіз мың үй берген. Бұлар Орта Азия мен қазақ жеріндегі өзі жаулап алған түркі тілдес халықтардың телегей теңізіне шөгіп кетті.

Шыңғысхан жергілікті халықтың тіл, әдебиет, мәдениет, діни сенім, салт-санасына қысым жасамады. Қайта Жошы мен Шағатай ұлысына келген билік басындағы маңғолдар ұзаққа бармай-ақ жергілікті халықтың тілі мен мәдениетін қабылдап, оларға сіңісіп кетті.

Шыңғысханның жаулап алу жорығы халықтың шаруашылығы мен мәдениетіне ауыр зардабын тигізгенімен, ертеден басталған қазақтың халық болып қалыптасу барысын тежей алған жоқ, қайта бытыранды қазақ тайпаларын біртұтас мемлекетке шоғырландырды, тайпалар ара талан-таражды тыйды. Сөйтіп, қазақтың халық болып қалыптасу барысының одан әрі дамуын тездетті. Мұның нақтылы тарихи жағдайларына төмендегі тарауларда тоқталамыз.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы». 8-том. 120-бет.

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІ

Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиетте «қыпшақ ұлысы» деп аталды. Оның себебі бұл территорияны мекендеген халықтардың басым көпшілігі қыпшақтар еді. «Бұл мемлекет бұдан бұрын да қыпшақ елі атанып келген еді».¹

Осы қыпшақ ұлысын еншісіне алған Жошыхан 1227-жылы қайтыс болды. Орнына Жошының екінші ұлы Бати (Бату) хан отырды. Әкесінен қалған мұраны місе тұтпаған Бати хан 1236-жылы қалың қолды бастап Жайық өзенінен (Орал өзенінен) өтіп, Еділ өзені алқабындағы бұлғарларды бағындырды. 1237-жылы қалың қолды бастаған Бати хан орыс княздықтарына шабуыл жасады да, ол кезде Рязань, Владимир, Москва сияқты қырық иелікке бөлініп қырқысып отырған орыс княздықтарын бірін-біріне қоспай талқандап, жаулап алды.

Онан соң, маңғол армиясы үздіксіз ілгерілеп Киев қаласын алды, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны, тағы басқаларды ойрандап, Еділ сағасына қайта оралды.

Бати хан 1242-жылға дейін жасаған жаулап алу жорықтары арқылы Алтын Орданың территориясын кеңейтіп, Ертіс өзенінен Дунай дариясына дейінгі ұлан-байтақ өңірді қол астына қаратты. 1243-жылы Еділ сағасынан Сарай қаласын салдырды, бұл қалада алтынмен аптап, күміспен күптелген сән-салтанатты хан сарайы төңіректің төрт бұрышынан келген саудагерлер жиналатын сауда алаңы болды. Бати хан өзіне арнап астана құрып, сарай салдырғанымен уақыттың көбін Дунайдың төменгі ағысындағы ұлан-байтақ қазақ сахарасындағы жайлауларда өткізіп отырды. Алтын Орданың астанасы алғашқы кезде Сарай-Бату қаласында (қазіргі Астрахань маңында) болды. Кейінірек Сарай Беркеге (Еділ бойымен Сарай-Батудан жоғарырақ) көшірілді.

Бати хан шығыс Еуропаға жасаған жеті жылдық (1236—1242) жорығынан кейін, Арал теңізінің шығыс солтүстігі жағындағы жерлерді ағасы Орда-Еженге берді. Бұл Ақ Орда деп аталды. Арал теңізінің солтүстігіндегі жерлерді інісі Шайбанға берді, ол Көк орда деп аталды. Шайбанға қарасты төрт омақ ел: қосшы, найман, бұйрат және қарлық тайпалары еді¹.

¹ «Әл-Омари «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» 1-том, 235-бет.

² «Қазақ ССР тарихы», II-том, 134-бет.

Алтын Орданың жағдайы өзге ұлыстардың қай-қайсысынан да күрделі еді. Онда негізінен көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған далалық өңір, отырықшы егінші аймақтар, мәдениеті марқайған қалалар қатар өмір сүрді. Отырықшы аймақтар мен қала-кенттерінде Еділ бұлғарлары, ежелгі хазарлар мен аландар, қала қыпшақтары, хорезмдіктер, орыстар, армяндар, гректер тұрды.

Алтын Орданың кең-байтақ далалы өңірлерін қыпшақ, қаңлы, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ, т. б. түркі тілдес тайпалар мекендеп, негізінен мал шаруашылығы кәсібімен айналысты. Алтын Орданың халқы этникалық әркелкі болғанымен, оның негізгі тұлғасы осы түркі тілдес тайпалар, негізгі әскери күші қыпшақтар болды. Бұл түркі тілдес тайпалар бастабында жеке-жеке яки одақтасып Шыңғысханға қарсыласып көрді, нәтижеде бәрі де жеңіліске тап болды. Бұлар ақырында жаппай бағынды да, оның жорығына қатынасты. Әсіресе батысқа аттанған қалың қолдың басым көпшілігі осылар еді. Ол кезде «қыпшақ» деген сөз жоғарыда аталған түркі тілдес тайпалардың жалпы аты ретінде де қолданылатын. Сол заманда жасаған әйгілі араб тарихшысы, маңғолдар туралы жазба хаттардың авторы Әл-Омари дешті қыпшақ жайында былай дейді: «Ертеде бұл мемлекет қыпшақтар елі болған еді, Ал оларды татарлар (маңғолдар) билеп алғаннан кейін, қыпшақтар солардың қол астына қарап қалды. Сонан кейін олар (маңғолдар) бұлармен (қыпшақтармен) араласып, туысып кетті; жер олардың табиғи және нәсілдік сипатын өзгертіп жіберді. Олардың бәрі бір атадан туғандай, дәл қыпшақ болып кетті, осыдан келіп маңғолдар қыпшақ жеріне мекендеп қалды. Бұлармен неке қиысып, осылардың (қыпшақтардың) жерінде тұрып қалды.»¹

Алтын Орда хандығы өз құрамына енген түркі тілдес тайпалар мен халықтардың ежелден келе жатқан ел басқару жүйесін өзгертпей бұрынғы қалпында қалдырды. Жергілікті басқару орындарының қызметін бұрынғыша жергілікті феодалдар атқарып отырды. Алтын Орда хандары жергілікті халықты өз феодалдары арқылы басқарды. Түркі тілдес тайпалар мен халықтардың феодал-шонжарлары да өзінің халық бұқарасына үстемдігі мен төтенше құқығын сақтау және нығайту үшін Алтын Орда үстемдігіне ынта-сымен қызмет етті. Жергілікті түркі тілдес тайпалардың

¹ «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», 1-том, 235-бет.

феодал-шонжарлары мен маңғолдардың әскери феодал шонжарлары арасындағы ауыз жаласқан одақ барған сайын күшейіп, олар өзара құдаласып қыз алысты. Маңғолдардың феодал-шонжарлары мен түркі тілдес тайпа шонжарларының құдаласып қыз алысуы бұдан әлдеқайда бұрын басталған. Мысалы: Шыңғысханның шешесі Ұлун Еке ханым қоңырат қызы, Шыңғыстың бәйбішесі Бөрте де қоңырат қызы, екінші әйелі Хот оқтай меркіт қызы, Жошы ханның бір әйелі Сартақ қоңырат қызы, енді бір әйелі Бектумыш керей қызы болатын. Ал Шыңғысхан бір қызын ұйғыр идиқұтына, енді бірін қарлық Арсылан ханға берген. Жошы хан өзінің үлкен қызы Бикені қаңлының ұлыс-бегі Тұғырылдың баласы Сұнақ тегінге берген. Бұл барыс Алтын Орда дәуірінде одан әрі үдей түсті. Маңғол шонжарларының түркі тілдес тайпалардың қызынан туған балалары отбасында аналарының тілін үйреніп түрікше тілі шықты, бұл жағдай жаулап алушылардың жергілікті халыққа сіңіп кетуін тездетті. Келе-келе маңғол хандары мен шонжарлары да қыпшақ тілінде сөйлейтін болды. Сөйтіп, Алтын Орда мемлекетінің ресми әдеби тілі — бұрыннан осы өңірде қалыптасқан қыпшақ тілі болды.

13-ғасырда Шыңғысхан ұлы маңғол патшалығының тәуелді үлесі болған Жошы ұлысы ұзамай-ақ өз алдына дербес мемлекетке айналды. Бұл мемлекет Жұнғоның тарихи деректерінде «қыпшақ ордасы», шығыс деректерінде «көк орда», орыс жылнамаларында «алтын орда» деп аталды. Бати (1256-жылы қайтыс болды), Берке (1257—1266), Мөңке-темір (1266—1280). Туда Мөңке (1280—1287), Төлебұқа (1287—1291), Тоқты (1291—1312), Өзбек (1312—1342), Жәнібек (1342—1357) хандар тұсында Алтын Орданың қуаты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейді. Егер Жошы мен Бати Маңғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін тәуелсізбіз деп есептеді.¹

Алтын Орда хандығы феодалдық мемлекет еді. Алайда, Алтын Орда мемлекетінде жасаған халықтардың даму дәрежесі әр келкі болды. Оның Еділ алқабы, Бұлғар, Хорезм, Қырым, және солтүстік Кавказ қатарлы дамыған отырықшы-егінші аймақтарында феодалдық қатынастар үстем болды. Ал далалық мекенді мекендеп, негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған түркі тілдес тайпалар мен түріктенген маңғол тайпалары арасында жартылай патриархалдық, жартылай феодалдық қатынас өмір сүрді.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 1-том, 301-бет.

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы әскери негізде болды. Алтын Орданы билеуші хан ондағы барлық қарулы күштердің бас қолбасшысы саналды. Мемлекет билігінің белді ұйымы — әскери феодал-шонжарлар мен алпауыт бектердің құрылтайы болды. Шешуші кезендерде осы құрылтайлар ашылып, мемлекет тағдырына қатысты, маңызды саяси, әскери мәселелерді ақылдасып шешіп отырды. Алтын Орданың қарулы күштері оң қол (баронғар) сол қол (жұңғар) деп екі қолға (қанатқа) бөлінді. Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан өлген (1227) соң, оған мұрагерлік еткен Жошының екінші ұлы Бати хан қарулы күштердің оң қанатын тікелей өзі басқарды да, сол қанатын ағасы (Жошының үлкен ұлы) Орда Еженнің басқаруына берді. Қарулы күштердің әрқайсы қанаты: түмендік, мыңдық, жүздік және ондықтарға бөлінді, оларды түмен басы, мыңбасы, жүзбасы, және онбасылар басқарды. Қарулы күштердің жоғарғы қолбасшылық міндеттерін хан тұқымынан шыққан ханзадалар, әскери феодалдық-шонжарлар — нояндар атқарды. Олар өз қол астындағы әскерді басқарумен қабат сол әскер алынған ру-тайпаларды да биледі. Аса маңызды элеуметтік қызметтерді басқаруға әмірлер, дарғы бектері белгіленді. Мемлекеттік мекемелердің басында атақты билер мен олардың көмекшілері — бақауыл (бөкеуіл), тұтқауыл, жасауыл, бітікші, тамғашы, тартынақшылар отырды. Алтын Ордаға бағынышты шеткері аймақтарды басқару үшін өкіл әкімдер — дарғы бектері мен тамғаш және басқақтар тағайындалды.

Олардың басты міндеті — жергілікті халықтарды билеп-төстеу, олардан хан қазынасына алым-салым жинау еді.

Алтын Орданың алғашқы мезгілдерінде оның құрамына кірген халықтардың көпшілігі мұсылман болғанымен, билік басындағы маңғол ақсүйектері өздерінің байырғы діні шаманизм нанымын тұтынып келген еді, уақыт өте келе олар жергілікті халықтардың ислам мәдениетін қабылдады. Берке хан тұсында Алтын Орданың билік басындағы ақсүйектері арасында ислам діні ене бастады. 1312—1342-жылдары Алтын Орданы билеген Өзбек хан тұсында ислам діні Алтын Ордада үстем дінге айналды. Өзбек хан ислам дінін жарлық арқылы жалпыластырды, қазақтың «өзбектен дін қалды» деген мақалы осыдан шыққан.¹ Алтын Ордада алғашында «жасақ» заңы жүргізілсе, ислам дінін қабылдау байланысымен шариғат ережелері енгізіле бастады.

¹ Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қазақ шежіресі», 1911.

Алтын Орда мемлекетінде көне ұйғыр жазуы қолданылды, Алтын Орда хандарының жарлықтары осы көне ұйғыр жазуымен жазылды. Ислам діні үстем орынға өтіп, араб жазуы қолданылғаннан кейін де, бұл жазу араб жазуымен қатар қолданылып 16-ғасырға дейін жетті.

Алтын Орда мемлекеті құрылу қарсаңындағы жойқын жорық шайқастары табанды қарсылық көрсеткен қалаларды қиратып, отырықшы өлкелерді ойрандап, жергілікті халықтардың шаруашылығына, мәдениетіне ауыр зардабын тигізді, алайда, ол Алтын Орда құрамына қосылған халықтардың шаруашылығын, мәдениетін жоя алмады, қоғамдық даму тарихын үзіп тастай алмады. Сұрапыл соғыс тұманы айыққан соң халық шаруашылығы қайта жанданып өркендеп, мәдениет гүлдене бастады.

13—14-ғасырда Алтын Орда дербес күшті мемлекетке айналып, оның мемлекеттік беделі көтеріліп, көрші елдермен және жер жүзінің марка мәдениетті елдерімен қарым-қатынасы күшейді. Алтын Орда мемлекетінің Жұңгомен, Индиямен, Мысырмен, кіші Азиямен және Батыс Еуропамен сауда-саттық қарым-қатынасы өркендеді. Еділ сағасындағы Алтын Орданың астанасы — Сарай қаласы Азиядан Еуропаға баратын керуен жолындағы аса ірі сауда орталығына айналды. Отырықшы өңірлерде егіншілік қайта өрледі, бұрынғы көшпенді тайпалардың бір бөлегі отырықшылыққа айналды, көшпенді тайпалардан шыққан хандар мен ханзадалар және тайпа шонжарлары сарайларда тұратын болды. Енді олар қалаларды қиратушы емес, қайта қалаларды құрушы, қорғаушы және қала мәдениетін көркейтушілер болды. Еділ, сағасындағы Бату-Сарай, Берке-Сарай (Сарай әл-Жадид) қалаларын осы Алтын Орда хандары салдырды. Соғыста ойрандалған қала-кенттер бірте-бірте қалпына келе бастады. Қала мәдениеті гүлденді, далалық өңірді мекендеген көшпенділердің егіншілік өңірімен, қаламен байланысы нығайды. Бұлар сауда мен қолөнердің өркендеуіне, ғылым, әдебиет, көркемөнердің көркеюіне қолайлы жағдай жасады.

Осы негізде Алтын Ордаға қарасты жерлерде, әсіресе. Бату-Сарай, Берке-Сарай, Керіш, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты қала-кенттерде сауда мен қолөнер өркендеп, ғылым, мәдениет, әдебиет-көркемөнер көркейді. «Ол бір жағынан түрік текті ру-тайпалар мен халықтардың мәдениетінен: Әл-Фараби, Әбуғали ибн-Сина, Әл-Бируни, Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани мұраларын пайдалану, ілгері дамыту, екінші жағынан көрші елдер мәдениетін үйрену

арқылы өсіп, өркендеді. Алтын Орда халқының басым көпшілігі түркі текті ру-тайпалар, халықтар, солардың ішінде қыпшақтар, оғыздар болды. Сондықтан, Алтын Орда дәуірінің әдебиеті түркі тайпалары мен халықтарының бәріне бірдей түсінікті, солардың әдеби тілі — шағатай тілінде, әсіресе оның қыпшақ-оғыз яғни солтүстік диалектісінде жасалды.¹ Бұл дәуірде жазба әдебиеттің асыл мұралары жарыққа шықты. 1233-жылы Алтын Орда ақыны Әли «Қиса Жүсіп» дастанын жазды. 1303-жылы қыпшақ тілі сөздігі және әдеби мұра «Кодекс-куманикумс» жазылды. 1310-жылы Забғұзи «Қиса сұл әнбие» жинағын жазды. 1341—1342-жылдары қыпшақ ақыны Құтбыттың «Хұсырау-Шырын» дастаны дүниеге келді. 1357-жылы Махмұт Әлиұлы Кердері Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында өзінің прозалық көркем әдебиет шығармасы «Наһжи ұл-фарадис» кітабын жазды. 1359-жылы Ахмет Хорезмидің лирикалық махаббат дастаны — «Махаббатнама» жарыққа шықты. 1391-жылы Алтын Ордадағы әйгілі қыпшақ ақыны Саиф Сарай кесек тұлғалы туынды «Гүлстан бит түрки» еңбегін жазды. 1409-жылы Дүрбек ақын «Жүсіп-Зылиха» дастанын жазды.

Қазақ халқының қырыққа тарта батырдың ерлігі жырланған отызға жуық дастаннан тоғысқан кесек тұлғалы эпосы «Қырық батыр жыры» осы Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардан басталған. Бұл эпоста тізбектеле жырланған дастандардың басты кейіпкерлерінің бірқыдыруы Алтын Ордада өмір сүрген тарихи адамдар. Мысалы; «Орақ-Мамай» дастанындағы бас кейіпкерлер Орақ пен Мамай Алтын Орданың әйгілі қолбасшылары. Мамай — 1361-жылдан соң Алтын Орданы билеген хан, 1380-жылы Куликов даласындағы орыс княздарымен болған зор шайқасқа қатысқан Алтын Орда әскерлерінің қолбасшысы. «Едіге батыр» жырындағы бас кейіпкер Едіге — 1352—1419-жылдары жасаған тарихи адам. Алтын Ордадан бөлінген Ақ Орданың әмірі, ол Алтын Орда ханы Тоқтамысқа қарсы күрескен, «Асан қайғы жырындағы» Асан — Алтын Орданың 1445-жылы қайтыс болған ақырғы ханы ұлы Мұхаммедтің (Орманбет) қасындағы ықпалды билердің бірі, Сарай және Қазан қалаларында билік басында болған әйгілі жырау және философ. Ол Алтын Орда ыдыраған соң қазақ ханы Әз Жәнібектің қасында болғандығы мәлім. Бұдан «Қырық батыр» эпосының алғашқы нұсқасы Алтын Орда дәуірінде туғандығын аңғарамыз.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 1-том, 304-бет.

Алтын Орда дәуірі — өз кезінде Алтын Орда мемлекетінің құрамына енген түркі тілдес тайпалар мен халықтардың, соның ішінде қазақ халқының да әдебиет, мәдениетінің қалыптасу және дамуындағы аса маңызды белестердің бірі болғанын көреміз. Бұл тарихи, мәдени мұралар Алтын Орда ыдыраған кезде одан бөлінген халықтардың мәдениет қорына қосылды.

Алтын Орда хандығы орта ғасырлық феодалдық мемлекет болғандықтан, қалың халық бұқарасының тартқан азабы ауыр, көтерген жүгі қат-қабат, жалпы аянышты болды. Алтын Ордада толассыз болып тұрған сыртқы соғыстар мен ішкі феодалдық қырқыстар халық бұқарасын қатты күйзелтті. Халық бұқарасы әскер шығаруға, оларды ат-лау, қару-жарақпен жабдықтауға, сойыс беруге, ауыр алым-салық төлеуге мәжбүр болды. Алтын Орда мемлекетінде егіншілер мен малшылардан алынатын алым-салықтың екі түрі «қалан» және «қапшуыр» деп аталынды. «Қалан» салығы тәртібі бойынша егіншілер жыл сайын өнімнің оннан бірін салық ретінде қазынаға тапсырды. «Қапшуыр» салығы тәртібі бойынша малшылар жыл сайын жүз бастан бір бас салық төледі. Ал қалалардағы саудагерлер мен қолөнершілер бажы төледі. Отырықшы егіншілер феодалдарға еріксіз жұмыс істеді. Алғашқы кездерде салықтың дені хан қазынасына түсті. Кейіннен Алтын Орда хандары жергілікті билеушілерге тархандық жарлық үлестіруді өрістетті, бұл жергілікті билеушілердің халықты шексіз билеуіне және салықты қалағанынша жинауға ерік берді. Олар салықты үстемелеп арттырып, артық жиналған салықты өздері пайдаланып отырды. Салық жинауға қарулы күш жұмсалды, бас тарқанды шауып алды. Сөйтіп, халық бұқарасы екі жақтан бірдей қаналды; олар алым-салықты ханға да, жергілікті алпауыттарға да төледі. Бұдан тыс, әскерге лау ат, лаушы берді. Көпір салу, құдық қазу, қорған-бекініс салу сияқты жұмыстарға халық бұқарасы тегін еңбек етуге мәжбүр болды.

Алтын Орда хандығы берік мемлекеттік бірлестік болмады, оның халқы ала-құла, әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әрқелкі, экономикалық негізі әлсіз еді. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі-сыртқы қатынастар асқына түсті. 1342—1357-жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан өлгеннен соң, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасында хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алып, бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін «ала жылан-аш балық» жегідей

жеді. Оның үстіне Алтын Орда үстемдігі астында езілген қалың бұқара мен тәуелді халықтардың азаттық күресі етек алды. Осындай қат-қабат қайшылықтар мен тартыстар нәтижесінде әлсіреген Алтын Орда 14-ғасырдың екінші жартысында өзара тәуелсіз бірнеше аймаққа бөлінді. Жошы хан өлген соң шығыс дешті қыпшақты үлесіне алған Орда Ежен және оның мұрагерлері Алтын Орданың шығысындағы ұлан-байтақ өңірде — дешті қыпшақта қазақ ру-тайпаларын тұлға еткен дербес Ақ Орда мемлекетін құрды. 1380-жылы Куликов даласындағы зор шайқаста Алтын Орданың Мамай бастаған қалың қолын жеңген орыс княздары Алтын Ордадан тәуелсіздік алды. Алтын Ордадан бірте-бірте Қырым, Еділ бұлғарлары бөлініп шықты, Хорезм Темір мемлекетіне тәуелді болды.

14-ғасырдың аяқ шенінде Алтын Орданы билеген Тоқтамыс хан мен Орта Азияны билеген Әмір Темір арасында сұрапыл соғыстар болды. 1391—1395-жылдары Әмір Темір екі рет Алтын Ордаға жорық жасады. 1391-жылы Әмір Темір екі жүз мың әскермен Алтын Ордаға шабуыл жасады, 1395-жылы Алтын Орданың ханы Тоқтамыстың әскерін талқандап, оның астанасы Сарай-Беркені басып алып, бас көтертпестей күйрете соққы берді. Езілген халықтардың Алтын Орда үстемдігіне қарсы күрестері, ішкі феодалдық тартыстар мен сыртқы соғыстар салдарынан, Алтын Орда мемлекеті бірте-бірте ыдырап, ақырында құлады.

АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІ

1227-жылы Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы өлген соң, Ертіс өзенінен Дунай дариясына дейін созылған Жошы ұлысы (қыпшақ ұлысы) оның ұлдарына енші ретінде бөлініп, батыс және шығыс бөлекке айырылды. Жошының Алтын Орда хандығы әскери негіздегі мемлекет еді. Сондықтан территориялық бөлік қарулы күштердің бөлігіне бағынышты болды: Алтын Орданың барлық қарулы күштері «оң қол» және «сол қол» деп екі қанатқа бөлінді. Жошының орнын басқан мұрагері — Алтын орданың ұлы ханы Бати қарулы күштердің оң қанатын тікелей өз қарамағына қалдырды, сол қанатын ағасы Орда Еженнің билігіне берді. Мемлекеттің батыс бөлігі — Еділ алқабы мен оның батысындағы жерлер, Қырым, Солтүстік Кавказ, Солтүстік Хорезм және осы өңірлерде жасаған халықтар Бати хан

мен Тоқай Темірдің үлесіне тиді де, оны Алтын Орда тікелей басқарды. Мемлекеттің шығыс бөлігі — Алтай таулары мен Ертіс өзені, Жайық (Орал) өзеніне, Балқаш көлінен Сырдария алабы мен Арал теңізінің солтүстігіне дейінгі ұлан-байтақ өңір және оған іргелес жерлерді мекендеген халықтар Орда Ежен мен оның төрт інісінің (Удор, Торқа-Темір, Шинкум, Синкум) үлесіне тиді де, бұл өңірде Ақ Орда хандығы құрылды.

Ақ Орда хандығының территориясы — қазіргі Қазақстан жерін түгел қамтыды. Оның халқы этникалық жағынан бірыңғай түркі тілдес тайпалар мен халықтар — қыпшақ, қаңлы, үйсін, жалайыр, алшын, қарлық, найман, керей, қаракесек (арғын), қоңырат, маңғыт, тағы басқалар еді. Бұлардың әлеуметтік даму деңгейі біркелкі, шаруашылық тұрмысы негізінен көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығы. Мәдениеттік даму дәрежесі қарайлас, тілі түркі тілдерінің бір тармағы қыпшақ тілі болған. Ақ Орда құрамына кірген тайпалардың ішіндегі алты арыс ел — қыпшақ, жалайыр, найман, қоңырат, қаракесек, (арғын), алшындар, — Шыңғысханның батысқа жасаған жорығының алғашқы кезінде-ақ «алты сан алаш» деген атпен Жошы ұлысына енген. Жошы хан оларды үйсін Майқы би арқылы басқарған. «Алты сан алаштың ол кездегі қоныстанған жері — Алтай мен Каспий теңізінің аралығы, бір шеті Тобыл мен Сыр бойы, Жетісу өлкесі. 13-ғасырдың екінші жартысында бұлар одақ болған ізімен Алтын Ордадан бөлініп, Ақ Орда атты мемлекеті болған».¹ Осы Ақ Орда құрамына қосылған үйсін, қаңлы, қарлық, қыпшақ, т. б. тайпалар батыс түрік (6—8-ғасыр) дәуірі мен түркеш-қарлық (8—10-ғасыр) дәуірінде өз алдына халық болып қалыптаса бастаған қазақ халқының негізгі тұлғасы еді. Олар 11-ғасырдан бастап 13-ғасырдың басына дейін кең-байтақ қазақ даласына үстемдік еткен қыпшақ бірлестігіне еніп «қыпшақ» елі» атанған. 13-ғасырдың басындағы Шыңғысханның жорығынан соң Жошы ұлысына еніп, 13-ғасырдың екінші жартысында Алтын Ордадан бөлінген Ақ Орданың негізгі халқы болды. Ақ Ордаға үстемдік еткен маңғол хандары мен билік басындағы шонжарлар аз санды адамдар еді. Олар жергілікті халықтың шаруашылық тұрмысы мен мәдениетіне ықпал жасай алған жоқ, қайта өздері ұзаққа бармай-ақ жергілікті халыққа сіңіп кетті. Сол заманда жасаған әйгілі араб тарихшысы,

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 1-том, 248-бет.

маңғолдар туралы жазба хаттардың авторы Әл-Омари бұл жөнінде былай дейді: «Ертеде бұл мемлекет-қыпшақтар елі болған еді, ал оларды татарлар (маңғолдар) билеп алғаннан кейін қыпшақтар солардың қол астына қарап қалды. Сонан кейін олар (маңғолдар) бұлармен (қыпшақтармен) араласып туысып кетті, жер олардың (маңғолдардың) табиғи және нәсілдік сипатын өзгертіп жіберді, олардың бәрі (бұлармен) бір атадан туғандай, дәл қыпшақ болып кетті. Осыдан келіп, маңғолдар қыпшақ жеріне мекендеп қалды. Бұлармен неке қиысып, осылардың (қыпшақтардың) жерінде тұрып қалды»¹.

Ақ Орданың шаңырағын алғаш рет көтерген Орда Ежен — Алтын Орданың іргесін қалаған Жошы ханның үлкен ұлы. Оның шешесі Сартақ бәйбіше! Орда Ежен әкесі Жошының тірі кезінде-ақ өте беделді болған, Жошы хан өлген соң өзінің інісі Батиды Алтын Орда тағына отырғызған. Ақ Орда алғаш құрылғанда ауыз жүзінде Алтын Ордаға тәуелді иелік есептелді, іс жүзінде тәуелсіз саясат жүргізіп отырды, тіпті Ақ Орданы билеуші Орда Еженнің орны Алтын Орданы билеген Бати ханнан жоғары болды. Бұл жөнінде сол заманның тарихын баяндаған, «Жамих ат-тауарих» атты еңбектің авторы, әйгілі парсы тарихшысы Рашиден: «Алтын Орданың билеушісі ресми түрде Бати хан болғанымен, Мөңке Қақан (1251—1259-жылдары билік жүргізген) маңғол империясының атынан өзі шығарған үкімдері мен жарлықтарында Орда Еженнің атын Батидан бұрын қойған... Әуел баста-ақ Орда Ежен тұқымынан оның орнын басқан адам Бати тұқымынан шыққан хандарға бағынған емес, өйткені олар бір-бірінен өте алыста жатты, және өзара тәуелсіз мемлекеттер құрды»² деп жазады. Ол кезде Алтын Орданың астанасы Еділ сағасындағы ұлы Сарай қаласы еді. Ал Ақ Орданы билеген Орда Еженнің ордасы алғашында Ертіс алқабындағы Алқакөл маңында, яғни әкесі Жошы ханның алғашқы қоныстарында болды. Сонау Еділ сағасындағы Сарай қаласында отырған Алтын Орда хандары Ақ Орданы тек сөз жүзінде ғана басқарған болды, іс жүзінде әскери, саяси күш және билік Ақ Орданың өз қолында еді. Сол себепті шығыстың тарихи деректемелері Ақ Орданы Алтын Ордамен терезесі тең және одан өзгеше мемлекет ретінде сипаттайды.

Мұсылман хандығының хронологиялық кестесінде көр-

¹ «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», 1-том, 235-бет.

² Рашиден «Жамих ат-тауарих», 2-том, 66-бет.

сетілген Ақ Орда хандары — Орда Ежен, Сартақ, Қонишы (Қойшы), Баян, Сасы-Бұқа, Ерзен, Мұбарак, Шымтай, Ерісхан, Қойыршақ және Барак.

Алғашында ата-қоныс ретінде Ертіс бойын мекендеген Ақ Орда орталығы бірте-бірте Жетісудың шұрайлы жерлері мен Сырдария алабындағы қалаларға қарай ауыса бастады.

Ақ Орданың шаңырағы Алтайдағы Ертіс алабынан жылжып Жетісудағы Алакөл маңына ауысты. 1246-жылы Инокентий IV Папаның елшісі Панокарпини келген кезде Орда Еженнің ордасы Жетісудағы Алакөл маңында еді. Алайда, Ақ Орданың Ертіс өзенінен Сырдарияға, Алтайдан Ұлытау мен Аралға дейінгі кең байтақ жерді мекендеген елі өздерінің дәстүрлі салты бойынша қыс қыстау, жаз жайлауларына көшіп, қонып өмір өткізе берді.

14-ғасырдың басында Ақ Орда ханы Орда Ежен ұрпақтары мен Шағатай ұрпақтары арасында Жетісу өңірі мен Сырдария бойындағы қалаларға таласқан күрес басталды. Бұл Орта Азия мен Қазақстан өңіріндегі шұрайлы да құнарлы қоныс. Өзен алқаптарында отырықшы, егінші аймақтары және батыс пен шығыс арасындағы сауда керуен жолын жағалай салынған қалалары бар, шаруашылық, мәдениеті гүлденген маңызды мекен еді. Бұл өңірді иемденудің әрі әскери стратегиялық, әрі саяси экономикалық мәні төтенше зор болатын. Сондықтан бұдан бұрын тарих сахнасына шыққан батыс түрік (6—8-ғасыр), түркеш-қарлық (8—10-ғасыр), қараханилар мен оғыз-қыпшақ (11—12-ғасыр) сияқты хандықтардың қай-қайсысы да осы өлкені алып, берік орталық еткеннен кейін ғана күшейіп, кемеліне келген. Осындай маңызды өлкені орталық ету үшін, Орда Еженнің немересі Баян хан Ақ Орданың орталығын Балқаш көлі маңынан Сырдария жағасына көшіріп, Сығанақ қаласын Ақ Орданың тұрақты астанасы етті.

14-ғасырдың ортасында Алтын Орда хандығы мен Шағатай хандығы билеуші топтардың арасында хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алып, бұл мемлекеттер іштей ыдырап, бірі-бірінен оқшауланған аймақтарға бөлшектене түсті. Бірақ Ақ Орда мемлекеті бұрынғы Орда Еженге қараған көп жерді өзінің қол астында сақтап қалды. Бұл кезде оған: дешті қыпшақтың тұтас шығыс бөлігі, орталық Қазақстан, Торғай өлкесі, Арал теңізінің төңірегі, Сырдария алабы түгел қарады. Бұл дәуірде Алтын Ордадан айрылып, мүлде тәуелсіздік алған Ақ Орда хандығы феодалдық мемлекет ретінде күшейтіп кемеліне келді.

Ақ Орда мемлекетінің шаруашылығы, мәдениеті қарыштап дамып гүлденді. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы өркендеуімен бірге, Сырдарияның орта алқабы мен Талас, Шу өзендері бойындағы отырықшы-егінші өңірлердегі егін шаруашылығы қалпына келіп, қайта дамыды. Бұл алапта Шыңғысхан жорығынан бұрын мейлінше гүлденген, бірақ соғыста бүлініп құлдыраған Отырар, Сығанақ, Сауран, Жент, Баршынкент, т. б. қалалар қайта жанданды. Ақ Орда хандары қалаларды қалпына келтіріп, қайта құруға зор күш жұмсады. Әйгілі тарихшы Мұйнаддин Натанзидың айтуынша: Ақ Орда ханы Ерзен хан (1320—1344) Сығанақ қаласын зор күш жұмсап қайта құрған, сондай-ақ Отырар, Сауран, Жент, Баршынкент қалаларына да толып жатқан құрылыстар салдырған¹. Бұлар Орта Азиядағы ірі қалалар мен Алтын Орданың орталығы Сараймен арадағы сауда керуен жолы үстінде болғандықтан, бұл қалаларда сауда-саттық өрістеді. Қолөнер дамыды, қала мәдениеті гүлденді. Ислам дінін уағыздау және діни оқуды өрістету мақсатымен бұл қалаларда мешіт-медіреселер салынды.

Шаруашылықтың өркендеуі мен сауданың дамуына байланысты ақша айналысы күшейді. Ақ Орда хандары 14-ғасырда Сығанақ қаласында өз аттарынан металл ақша шығарды.

Ақ Орданың орталық өңірі — Сырдария жағасындағы қалалар ерте кезде халықаралық керуен саудасының тоғыспалы түйіні болған аса бай ғылым-мәдениет ордасы еді. Осы өңірдегі қалаларда туып-өскен ғалым, философ, ғұлама ақын-жазушылар Ғаббас әл-Жауһари (9-ғасыр), Әбунасыр әл-Фараби (870—950), Смайыл әл-Жауһари (1002-жылы қайтыс болған), Ахмет Йогнаки (12-ғасыр), Қожа Ахмет Иассауи (1103—1166), Сүлеймен Бақырғани (1186-жылы қайтыс болған), т. б. жер жүзілік ой-сана мен ғылым-мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосқан болатын². 13-ғасырдың басынан басталған Шыңғысхан шапқыншылығы бұл қалаларды қатты ойрандағанымен, ғылым-мәдениеттің дамуын мүлде тоқтатып тастай алмады. «Орнында бар оңалар», Ақ Орда мемлекеті дәуірінде бұл қалалар қайта оңалып, бұрынғы мәдени дәстүрге мұрагерлік етіп, оны алға апару және көрші елдердің озық мәдениет-әдебиетін үйрену негізінде бұл өңірдің мәдениеті мен әдебиеті қайта жанданып өркен жайды.

¹ «Мұнта хап ат-тауарих мұйни», 68-бет, Тегеран.

² «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», (11—19-ғасырлар). Құрастырған — Бүркіт Ысқақов, Алматы.

Іле өзенінің алқабындағы Алмалық қаласында туып, қалың қанды тайпасының ортасында өскен тарихшы Жамал Қаршидің әйгілі «Мұлхакат ас-сурах» (Тіл түзету сөздігіне қосымша) атты еңбегінде жазуына қарағанда, 13-ғасырдағы Ақ Орда дәуірінде осы Сырдария жағасындағы қалаларда бір топ озық ойлы, ғұлама ақындар болған. Солардың бірі Камалиден Сұнақи, екінші аты Шайхы баба. Бұл ақын 1273-жылы сексен бес жасында Жент қаласында қайтыс болған. 1273-жылы Жамал Қарши Алмалықтан Сыр бойына саяхатқа барған сапарында Жент қаласында бірнеше күн тұрып, Камалиден Сұнақидың құлыптасына араб тілінде естелік жазған¹. Жамал Қаршидың баяндауынша, осы Сыр бойындағы ғұлама ақындардың көрнектілерінің бірі Хисамиден (Құсам), ол араб-парсы, түрік тілдерін жетік білген және осы үш тілде өлең жазған. Жамал Қарши бұл ақынды әдейі іздеп Баршынкентке барып, онымен әңгіме-дүкен құрған. Әңгіме үстінде ақыннан: «Сіз не үшін үш тілде жазасыз?» деп сұрағанда, Құсам Баршынкенти: «Арабша жазғаным — ой сұлулығы (фасих) үшін, парсыша жазғаным — тіл шешендігі (малих) үшін, түрікше жазғаным — тұрмыс шындығын айқын суреттеу (саких) үшін»², деп жауап берген. Жамал Қарши осы ғұлама ақындардың ішінде өзінің озық ойларымен халыққа білім ұрығын сепкен данышпан ойшыл Үлұғ Білгі жырауды ерекше атап көрсетеді. «Бұл ғұлама жырау Үлұғ Білгі 1262-жылы Талас (қазіргі Жамбыл) қаласында қайтыс болған. Жыраудың басына арабша құлыптас орнатылған»³.

1341—1342-жылдары қыпшақ тайпасынан шыққан атақты ақын Құтбы қыпшақ тілінде (көне қазақ тілінде) «Хұсырау — Шырын» дастанын жазды. 1359-жылы атақты ақын Ахмет Хорезми Сырдария бойында әйгілі «Махаббатнама» дастанын жазды.

Ерте кезде (7—8-ғасырларда) Сырдария бойында өткен атақты жырау және күйші Қорқыттың ақындық және күйшілік дәстүрі негізінде халықтың күй өнері мен жыраулық әдебиеті өркендеді. 1227-жылы Жошы ханның өлуі оқиғасына байланысты найман Кербұғаның «Ақсақ құлан», «Жошы хан» атты әйгілі күйі жарыққа шыққан. Осы 13-ғасырда өмір сүрген Аталық жырау да Жошы хан жайында жыр қалдырды. Сыпыра жырау — сол замандағы Тоқтамыс пен Темір арасындағы тартысты жырлады⁴.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 4-том, 245—246-беттер.

² В. В. Бартольд «Маңғол үстемдігі дәуіріндегі Түркістан», 151-бет.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 245—246-беттер.

⁴ «Қазақ әдебиеті тарихы», I-том, 65-бет, Алматы, 1968.

Ақ Орда феодалдық мемлекет еді. Алайда оның қол астындағы жерлерде қоғамдық дамудың дәрежесі біркелкі болған жоқ, Ақ Ордаға қарасты отырықшы, егінші аймақтарда феодалдық қатынас қалыптасты. Ал көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған аймақтарда көшпелі мал шаруашылық өндірісінің өзгешелігіне сай патриархалдық-феодалдық қарым-қатынас басым болып отырды.

Ерзен (1320—1344), Мұбарак жожа (1344—1345), Шымтай (1345—1361), Ырыс (1361—1380) хандар тұсында Ақ Орданың саяси-шаруашылық мәдениеті гүлденіп, күш-қуаты кемеліне келіп, мемлекеттік беделі артты. Әсіресе Ырыс ханның тұсында мейлінше дәуірлеп, Алтын Орданы өзіне бағындыруға дейін барып жетті. Әйгілі тарихшы Мұйнаддин Натанзи мен Қадырғали Жалайыридың айтуынша: Ырыс хан өз заманының қуатты да күдіретті, батыл билеушісі болған¹. Ырыс хан ең алдымен Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтуға мейлінше күш жұмсады. Оның сыртқы саясаты негізінен Әмір Темірдің шапқыншылық жорығына тойтарыс беруге бағытталды². Ал ішкі саясаты Ақ Орданың экономикасын өркендетіп, мемлекет қуатын арттыруды көздеді, ол ең алдымен Сырдария алқабындағы отырықшы егінші аймақтардың егін шаруашылығын еркендетуге және осы өңірдегі шаруашылық, мәдениет орталығы болған қалаларды көркейтуге баса мән берді. Тарихшы Әбдіразақ Сарманидың мәлімдеуінше, «Ырыс хан Ақ Орданың Сырдария маңындағы аймақтарында егін және қала шаруашылығын дамытуды жақтаған³. Бұл мақсаттарды жүзеге асырудың аса тиімді де басты шарасы — ішкі феодалдық қырқыстарды жойып, бір орталыққа бағынған мемлекет құру еді. Бұл дәуірдегі ауыр апат — Шыңғыс тұқымынан тараған сұлтандар мен ханзадaların хан тағына таласқан ішкі феодалдық қырқысы болатын. Ақ Орда хандығында 1354-жылдан 1364-жылға дейін өз ара қырқысқан күрес үстінде сегіз хан қаза тапты⁴. Бұл ішкі феодалдық тартыстарды Ақ Орданы өзіне тәуелді ету мақсатымен Алтын Орда хандары мейлінше қолдап отырды. Осы ішкі феодалдық қырқыстар мен қан төгістер салдарынан халық шаруашылығы бүлінді. Егіншілік қыстақтар ойрандалды, сауда керуендері тоналды, қалалар

¹ Қадырғали Жалайыри «Жамих ат-тауарих» (қолжазба), 63-бет, «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 599-бет.

² Бұл да сонда.

³ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 137-бет, Алматы, 1957.

қаңырап, қолөнер кері кетті, малшылар өздерінің дағдылы қыстау-жайлау қоныстарына көшіп-қонып еркін мал баға алмады, мемлекет үнемі «ала жылан, аш бақа» аласапыран жағдайға түсіп отырды. Бұл жағдай Алтын Орда хандығында да, Шағатай хандығында да дағдылы іске айналды. Мұндай мазасыз да тынымсыз соғыстың тақсіретін тартып қан жілік болған халық: бір орталыққа бағынған мемлекеттік тұтастықты, бейбіт өмірді аңсады. Бұл ауанды анық ұғынған Ырыс хан өзінен бұрынғы Шымтай ханның (1345—1361) тұсында-ақ Алтын Ордада болып жатқан аласапыранды басуға белсене араласуды жақтаған болатын¹. Ол 1361-жылы Ақ Ордаға хан болып нығайып алған соң ішкі феодалдық қырқысты жойып, Алтын Орданы өзіне бағындыруға әрекет етті. Бұл мақсатын жүзеге асыру үшін Ырыс хан 1368-жылы Алтын Орданың орталық өлкесі Еділ алқабына жорыққа аттанды. 1374—1375-жылдары Алтын Орда әскерлерін жеңіп, оның астанасы Сарай-Беркені және Астраханды (Хажы Тарханды) жаулап алды. Сонымен бірге Қама бұлғариясын бағындырып зор жеңіске жетті. Бірақ 1375—1376-жылдары Ырыс хан Сырдария жағасына қайтуға мәжбүр болды. Өйткені бұл кезде Мауараннахрда (қос өзен бойында) билікті қолына алып күшейе түскен Әмір Темір Ақ Орданың оңтүстік шекарасына шабуыл қаупін төндірген еді.

Ақ Орда хандығының негізгі әскери күші ерте заманнан осы өңірді мекен еткен көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар еді. Бұл тайпалардың ішіндегі алты арыс ел — қыпшақ, найман, жалайыр, қоңырат, алшын, қаракесек, «алты сан алаш» яки «алаш мыңы» деген атпен Жошы хан ұлысына еніп, Жошы хан өлген соң Орда Ежен шаңырағын көтерген Ақ Орданың ұйытқысы болған еді. Ақ Орданың қарулы күштері оң қанат және сол қанат болып екіге бөлінді. «Ырыс хан тұсында алаш мыңы Ақ Орданың сол қанаты, қаңлы қауымы оң қанаты саналды. Ол басқару және соғыс кезінде, әдетте сол қанат мықтырақ болған. Бұл екі қанатқа аға болған тайпалар: қаңлы, қыпшақ, жалайыр, Қадырғали Жалайыридың жазуынша: алаш мыңы арасындағы ұлығы — тарақ таңбалы Жалайыр болған»¹.

Мауараннахрда үкімет билігін қолына алып күшейген Әмір Темір өзіне көршілес екі елді — Ақ Орда мен Моғолстанды жаулап алуға сұқтанған еді. Ырыс хан тұсында Ақ Орданың саяси жақтан тәуелсіз болып, шаруашылық және әскери жақтан нығайып күшейуі, оның өшпенділігін

¹ Қадырғали Жалайыри «Жамих ат-тауарих» (қолжазба), 61-бет.

арттыра түсті. 14-ғасырдың 70 жылдарында Ақ Орданың Ырыс ханы өлтірген Алтын Орда феодалдарының бірі — Тұйқожа Оғланның баласы Тоқтамыс Самарқанға қашып барып, Әмір Темірге паналады. Әмір Темір Ақ Орданы жаулап алу мақсатын жүзеге асыру үшін қару-жарак, әскери күш беріп, Тоқтамысты Ақ Ордаға қарсы айдап салды. Тоқтамыстың алғашқы жорығы (1374—1375) сәтсіз аяқталды, Ақ Орда әскерлері Тоқтамыстың әскерлерін талқандады. Бұл соғыста Ырыс ханның баласы Құтлұқ Бұқа қаза болды. Әмір Темірден жаңадан әскер алған Тоқтамыстың екінші жорығы да Ырыс ханның ұлы Тоқтақия басқарған Ақ Орда әскерлерінен жеңілді, тек төртінші жорығынан кейін ғана Ырыс хан өліп, Ақ Орда өзара тартыстардың салдарынан тағы да әлсіреген кезде Тоқтамыс Ақ Ордада таққа мінді. Ақ Орда хандығы Тоқтамыс тұсында одан әрмен күшейді. Ақ Орданың мығым заттық және әскери күшіне ие болған Тоқтамыс 1380-жылы Алтын Орданы алды. Сөйтіп ол бір мезгіл (1380—1395 жылдары) Ақ Орда мен Алтын Ордаға хан болды. Бірақ Тоқтамыс хан болып алғаннан кейін Әмір Темірге қарсы шықты. Әмір Темір мен Тоқтамыс арасында ұзаққа созылған қанды соғыс басталды. 1395-жылы Әмір Темірден жеңілген Тоқтамыс Сібірге қашып кетті (оны 1406-жылы Сібір ханы Шәдібек өлтірді).

Ақ Орданың бұрынғы ханы Ырыс ханның баласы Қойыршақ ұзақ уақыт бойына Әмір Темірдің сарайында болды және Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығына белсене қатынасты. Өйткені Тоқтамыс оның ата жауы еді. 1634—1641-жылдары жазылған жеті томдық энциклопедиялық еңбек «Баһр әл-асырардың» авторы Махмуд ибн Әмір Уәлидің айтуынша: 1395-жылы Әмір Темір Терек алабында Тоқтамыс әскерін талқандағаннан кейін, жанында жүрген Ырыс ханның баласы Қойыршаққа патшалық алтын тон, алтын қылыш және хан сарайы санатындағы батыр әскерлерді сыйлап, Жошы ұлысының хандығын тапсырған¹. Бұған қарағанда Әмір Темір Ақ Орданы бодандық жолмен тәуелді еткен. Бірақ Ырыс ханның немересі Барақ сұлтан 1423—1424-жылдары Ақ Ордаға хан болып алғаннан кейін Сырдария бойындағы басты қала Сығанақ және оның атырабындағы аймақтарды «атасы Ырыс ханнан қалған заңды мұра ретінде қайтарып алуға» әрекет істеді. Барақ хан 1425—1426-жылдары Ұлықбекке (Әмір Темірдің неме-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», I-том, 248-бет.

ресі) қарсы жорыққа аттанды². Бараққа қарсы Ұлықбек те шеру тартып шықты, ең алғашқы ұрыста-ақ Ұлықбек әскері талқандалып, оның өзі әрең қашып құтылды. Бұл жеңіс нәтижесінде Ақ Орда Темір әулетінің үстемдігінен тәуелсіз болып алды. Алайда, Ақ Ордада ішкі феодалдық тартыс аяқталмады. 1428-жылы Барақ хан жау қолынан қаза тапты. Барақ хан Ақ Орданың ең соңғы ханы болды, Барақ хан өлген соң Ақ Орда ыдырады да, үкімет билігі Жошының кіші ұлы Шайбан тұқымынан шыққан Әбілхайыр сұлтанның қолына өтті.

1227-жылы Жошы хан өліп, Жошы ұлысы екіге жіктелгенде жарыққа шыққан Орда Ежен ұлысынан бастап, 1428 жылы қайтыс болған Ақ Орданың соңғы ханы Барақ ханға дейінгі аралықта Ақ Орда хандығы екі жүз жыл өмір сүрді. Ақ Орда хандығы алғашында Алтын Ордаға тәуелді иелік саналғанмен ұзамай-ақ тәуелсіз мемлекетке айналды. Бұл тек Алтын Орданың өз ішінен ыдырауы нәтижесінде ғана емес, қайта соғыс жорығында бүлінген халық шаруашылығының қайта қалпына келіп жандануы, өндіріс күштердің өсуі, саяси, шаруашылық және мәдениеттің өркен жаюы, әскери күш арқылы Алтын Орда үстемдігіне зорлап бағындырылған дешті қыпшақ халқының Алтын Орда үстемдігінен құтылып, бейбіт өмір өткізуді аңсаған тілегі негізінде жарыққа шықты. Алтын Орда мемлекетінде үрдіс-ұдай жүргізілген соғыстар мен ішкі феодалдық қырқыстың тақсыретін тартқан, ауыр алым-салықтың азабын арқалаған қалың халық бұқарасы Алтын Орда үстемдігінен құтылуды аңсады. Шығыс дешті қыпшақты жеке билеуге аңсары ауған Ақ Орда билеушілері халық бұқарасының бұл армандарын өз мақсаты үшін шебер пайдаланып, Ақ Орданы Алтын Ордадан тәуелсіз дербес ел етуге ұмтылды, бұл қимылды халық бұқарасы қолдады. Сөйтіп Орда Ежен тұқымынан шыққан Ақ Орда билеушілері Алтын Ордадан тәуелсіздік алып, Ақ Орданы дербес елге айналдырды. Сырдария бойындағы шаруашылық, мәдениет орталығы болған маңызды қалалар үшін күресте Шағатай хандарын жеңді. Әмір Темірдің Ақ Ордаға қарсы жасаған шапқыншылығына қарсы күрестерде үнемі жеңіске жетіп отырды.

Алтын Орда мемлекеті мен Ақ Орда мемлекеті арасында елеулі айырмашылық бар-ды: Алтын Орда — әлеуметтік

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 2-том, 24-бет.

² Әбдіразақ Самарқанди «Матла ас-садайсын уамаждаал Бұхари», «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», 2-том, 196—197-беттер.

және мәдени даму дәрежесі әрқелкі, түрлі тілде сөйлейтін сан алуан халықтарды жаулап алу негізінде әскери күшпен бір мемлекетке бағындырған «қырық құрау», шаруашылық негізі әлсіз, этникалық жақтан ала-құла ел болатын. Оған қарағанда, Ақ Орданың этникалық негізі бірыңғай еді, оның негізгі халқы — осы өңірде ежелден жасап келе жатқан қазақ елі болды. Олардың Шыңғыс жорығынан әлдеқайда бұрын қалыптасқан біртұтас этникалық территориясы, бірыңғай шаруашылық тұрмысы, біртұтас қыпшақ (көне қазақ) тілі, мәдениеті және елдік тұтастығы бар еді. Сол заманда араб тарихшысы Әл-Омари айтқандай: «Ертеде бұл мемлекет қыпшақтар елі болған еді»¹. Қазақ халқын қалыптастырған түркі тілдес ру-тайпалар сол дәуірде «қыпшақ» деген жалпы атты қолданған еді. Бұл тұтастық Ақ Орда мемлекеті дәуірінде де сақталды және дами түсті. Шыңғысхан жорығында кейбір этникалық топтардың келіп қосылуы және соғыс жорығы салдарынан аздаған адамдардың бұл елден бөлініп, басқа жаққа барып сіңісіп кетуі бұл тұтастықтарға үлкен ықпал жасай алған жоқ, қайта Ақ Ордаға үстемдік еткен ат төбеліндей маңғол билеушілері тез арада өзі билеген жергілікті халыққа сіңіп «дәл қыпшақ» болып кетті². Ақ Орда билеушілерінің арғы тегі Шыңғыс тұқымынан тараған ханзадалар болғанымен, оның негізгі халқы қазақ еді, оның әскери күші де қазақтар болды. Ақ Орданың ресми тілі — қыпшақ тілі (көне қазақ тілі) болды. Бұл мәнінен алғанда, Ақ Орда қазақтардың хандығы еді.

Батыс түрік (6—8-ғасыр), түркеш-қарлық (8—10-ғасыр) және қимақ-қыпшақ (11—12-ғасыр) дәуірлерінен басталған қазақ халқының өз алдына халық болып қалыптасу барысы, осы Ақ Орда дәуірінде де үздіксіз дами берді. Біз кейбір тарихшылардың 13-ғасырдағы Шыңғыс жорығы қазақ халқының қалыптасу барысын екі жүз жыл бойына тоқтатып тастады дейтін тұжырымын құптамаймыз. Бұл жорық аса ауыр зардаптар қалдырғанымен, халықтық дамуды тоқтатып тастай алған жоқ, қайта 13-ғасырдың басындағы қазақ тайпаларының бытырандылығын, әр тайпа өз алдына жеке хан болып алып, өзара қырқысып, толассыз қан төккен аласапырандық жағдайды жойып, оларды Ақ Орданың қол астына топтастырды. Ақ Орда қазақ қауымының саяси негізі болды, Ақ Орда дәуірінде

¹ «Қазақ ССР тарихы» I-том, 132-бет, Алматы 1957.

² Бұл да сонда.

өндіргіш күштер дамып, шаруашылық мәдениет өркендеді. Бұл қазақ халқының жеке халық болып қалыптасу барысын ілгері дамыта түсті. Ақ Орда мемлекеті кейінгі қазақ хандығының құрылуына негіз қалады, тіпті қазақ хандығын құрушы Жәнібек пен Керей Ақ Орданың әйгілі ханы Ырыс ханның немересі (Барақ ханның баласы) еді. Осы Жәнібек пен Керей құрған қазақ хандығы тұсында қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысы толық аяқталды. Соның үшін екі жүз жыл өмір сүрген Ақ Орда дәуірін қазақ халқының тарихи дамуындағы маңызды белестердің бірі деп есептеген дұрыс.

МОҒОЛСТАН ХАНДЫҒЫ ЖЕТІСУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫ

14-ғасырдың ортасына қарай, Шағатай ұлысы өз ішінен дербес екі иелікке — шығыс және батыс бөлікке айырылды. Осы шығыс бөліктің билігі іс жүзінде Дулат тайпасының әмірі Болатшының қолында еді. Мұхаммед Хайдардың айтуынша: «Шағатай өз мемлекетін үлестерге бөлгенде, ол Ортөбеге (Орте-Бараққа, яғни Әмір Болатшының атасына) Маңғылай Сүбені берген»¹ екен. Соның үшін Әмір Болатшы, атасынан бері Маңғылай Сүбе мен Жетісуды билеп келе жатқан ұлысбегі болатын, енді ол жеке өз алдына хандық құруға бел байлады. Бірақ ол Шыңғысханның ұрпағы болмағандықтан өзін жеке хан деп жариялай алмады. Басқа шөңжарлармен бірлесе отырып, 1348-жылы Шағатай әулеті Тұуа ханның немересі 18 жасар Түгдүк Темірді хан көтерді. Сөйтіп бұрынғы Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде Моғолстан хандығы құрылды. Ал Шағатай ұлысының батыс бөлігі Мауараннахрда Әмір Темір мемлекеті құрылды.

Моғолстан хандығының әскери және әкімшілік билігі Дулат әмірлерінің қолында болды. Тіпті олар хандарды қолайына жақса таққа шығарып, жақтырмаса түсіріп отырған.

Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Қазіргі күнде Моғолстан атанып отырған территорияның көлемі ұзынан көлденеңіне 7—8 айлық жол. Оның шығыс шеті (Маңғолия-

¹ Мұхаммед Хайдар Дулати: «Тарих-и-Рашиди», 5-бет.

ның) қалмақтар жерімен шектесіп, Барыскөл (Баркөл), Еміл және Ертіс өзендерін қамтиды. Оның жеріне солтүстікте Көкше теңіз (Балқаш), Бум және Қаратал өзендері кіреді. Моғолстан батыс жақта Түркістан және Ташкентпен шектеседі, ал оңтүстікте Ферғана уалаятымен, Қашкар, Ақсу, Шалшы және Тұрпанмен шектеседі...»¹ «Моғолстанда Жайқұннан (Амудариядан) қалыспайтын көптеген ұлы өзендер бар, олар Іле, Еміл, Ертіс, Чұйлық (Шу өзені) және Нарын, бұл өзендер Сайқұннан (Сырдариядан) кем емес. Бірқыдыру өзен сулары Көкше теңіз (Балқаш) көліне құяды, Көкше теңіз — Моғолстан мен Өзбекстанның (Шығыс дешті қыпшақтың) арасын айырып тұрады».² Алайда, тарихи оқиғаларға байланысты Моғолстанның жер көлемі бірде кеңейіп, бірде тарылып отырды. Дулат феодалдарының тәуелді иелігі болған Маңғылай Сүбе өлкесі Моғолстанға кейде бірігіп, кейде айрылып отырды. Моғолстанның алғашқы ханы Тұғлұқ Темір 14-ғасырдың 60-жылдарында бір мезет Мауараннахрдың едеуір бөлегін жаулап алған кезі де болды. Бірақ бұл жерлер баянды болмады, ұзаққа бармай-ақ Әмір Темірдің қолына өтті. Моғолстан елінің негізгі жері — Іле өңірі, Жетісу және қазіргі Қырғызстан өлкесі еді. Моғолстан мемлекетінің астанасы — Іле алқабындағы Алмалық қаласы болды, Тұғлұқ Темір осы Алмалықта қайтыс болған, оның мазары да осы арада.

Моғолстан мемлекетінің негізгі халқы түркі тілдес тайпалар — дулат (дуғлат), қаңлы (бекчік), үйсін, керей (керейт), арғынот (арғын), барын, барлас, бұлғач, т. б. Бұлардың басым көпшілігі ежелден осы өңірде жасаған түркі тілдес тайпалар, олардың ішінде жергілікті түркі тілдес халықтарына сіңісіп түріктеніп кеткен маңғол тайпалары да болды. Ал Моғолстанның бір бөлегі алты шәрінің (қазіргі оңтүстік Шиншианның) негізгі халқы ұйғырлар еді.

Орта ғасырдағы тарихшылардың деректеріне қарағанда, 14-ғасырда жоғарыда аталған ру-тайпалар «моғол» деп аталған. Бірақ бір кездегі «моғол» қалыптасқан халықтың аты емес, әскери саяси одақтың аты болды. 14-ғасырдың ортасында осы «моғол» одағын негіз етіп құрылған хандық «Моғолстан» аталды, «моғол» сөзі мен «маңғол» этнонимі арасында меңзестік бары мәлім. Соның үшін көптеген деректерде моғолдар маңғол тектес деп топшыланды. Іс

¹ Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», А. 237-В, 238-беттер.

² Махмұд ибн Уәли «Бахыр әл-асырар». А 176-бет.

жүзінде бұл кезде «моғол» одағына біріккендер маңғол тілдес тайпалар емес, түркі тілдес тайпалар еді. 13-ғасырдағы әйгілі тарихшы Жамал Қарши моғолдарды «жете» (ете) деп атаған, кейін «моғол» — чете» деген қосарынан қолданылып жүрген. Қадырғали Қосынұлы Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати жазбаларына сүйеніп Ш. Уәлиханов: «Моғол-четені маңғолдармен шатастыруға болмайды. Олар мұсылман дініндегі түркі тілдес тайпалар»¹ деп жазды. В. В. Григорьев: «Моғол-четені нағыз маңғол деуге болмайды.»² дейді. Әйгілі ғалым В. В. Бартольд та: «Ол кезде моғолстан атанған оңтүстік шығыс Қазақстанның негізгі тұрғындарының түркі тілдес халықтар болғандығын дәлелдейді.»³ Осы «моғол» одағына енген ұлыстар — дулат, қаңлы, т. б. қазақ ұлы жүзінің негізгі тайпалары еді.

Моғолстан хандығының алғашқы ханы Тұғлұқ Темір өзі билеген түркі тілдес мұсылман халықтары арасында беделін арттырып, үстемдігін нығайту үшін хан тағына отырған соң ұзақ өтпей-ақ мұсылман болған. Сонымен бірге өзіне қарасты ел арасына ислам дінін таратқан. Маңғол тіліндегі шежіре-дерегінде бұл туралы: «Әмір Болатшы оны он алты жасында алып келді. Тұғлұқ Темір 18 жасында хан тағына отырды. 22 жасында мұсылман болды. 34 жасында қайтыс болды»⁴ делінген. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашидида»: Тұғлұқ Темір хан өзі мұсылман болуымен бірге Моғолстанда ислам дінін жалпыластыруға мейлінше күш жұмсағандығын, оның нәтижесінде қауым халықтың ислам дініне жаппай жұмылғандығын баяндай келіп: Моғолстанда бір күнде-ақ жүз алпыс мың адам мұсылман болды⁵ дейді. Бұл дерек тарихшы Махмұд ибн Уәлидің «Бахыр әл-асырар» атты еңбегінде де айтылады⁶. Моғолстан өңірінде ислам дінінің таралуы қарақандар әулетінің негізін қалаушы Сатұқ Боғыра хан (915—955) заманынан басталғанды, ал 13-ғасырдағы Шағатай хандығы тұсында да ислам діні үстем орында тұрған. Алайда ол кездерде ислам діні феодалдық жоғары шекарасында күшті болғанымен, төменгі қауым — халық

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 7-том, 78-бет.

² Бұл да сонда.

³ В. В. Бартольд «Түрік-маңғол халықтарының тарихы», шығармалар, 5-том, 212-бет, 1968.

⁴ В. В. Бартольд «Жетісу тарихы», шығармалар, 2-том, 79—80-беттер.

⁵ Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», В2, — В5— А8-беттер.

⁶ Махмұд ибн Уәли «Бахыр әл-асырар», 174-В бет.

арасына, әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар арасына тамыр тартып жалпыласа қоймаған. Сондықтан Моғолстанның алғашқы ханы — Тұғлұқ Темірдің Моғолстанда ислам дінін жалпыластыруға мейлінше күш салуы оның беделін арттырып, үстемдігін нығайта түсті. Орта ғасырлық күншығыстағы идеологияның тірегі — ислам дінін қабылдау және жалпыластыру тек Моғолстанда ғана емес, тіпті моғолстандықтарды мәжуси «шаталар» деп кемсітетін Мауараннахрлық мұсылман ішінде де оның абырой-йын арттыра түсті. Іле алқабындағы Алмалық қаласына қойылған Тұғлұқ Темірдің зиратының күні бүгінге дейін «мазар» аталып келуі де осыдан болса керек.

Моғолстан мемлекетінің негізгі халқы ежелден бері осы өңірде жасаған дулат, қаңлы, ұйсін, керей (керейт), арғын, т. б. тайпалары еді. Моғолстан мемлекетінде көшпенді және жартылай көшпенді тайпалардың тарихи дәстүріне сай ұлттық жүйе сақталды. Жоғарыдағы ұлыстарды ұлыс бектері биледі. Олар хан қазынасына өзіне қарасты ұлыстардан алым-салым жинап беруге міндетті болды. Осы ұлыстық жүйенің өмір сүруі мемлекетте феодалдық батырандылықтың бедел алуына мұрындық болды. Моғолстандағы ұлыс бектері әскери-феодалдық ақсүйектер еді. Бұл ақсүйектер, оның ішінде талай заманнан бері Жұңғария мен Жетісуды жеке билеп келген дулат ұлысының ұлыс бектері мен әмірлері хандық өкіметті қолжаулық етті. Өздеріне жақпаған жарлықтардан бас тартып, тойтарыс берді. Моғолстанның алғашқы хандары — Тұғлұқ Темір хан мен Ілияс Қожа хандардың Моғолстанды бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруда және Мауараннахрды бағындыру жолында жасаған әрекеттері мен жорықтары елдегі ішкі феодалдық алауыздық салдарынан сәтсіздікке жолықты. Бұл орайды пайдаланған Мауараннахр билеушісі Әмір Темір Моғолстанның ішкі істеріне килігіп, шапқыншылық жорықтар жасап отырды.

Моғолстандағы ішкі феодалдық тартыс әскери-феодалдық ақсүйектердің хандық үкіметке қарсы күресінен басталды. Дулат тайпасының белді билеушілерінің бірі — Қамариден Дулати бұрыннан ханға қарсы болып келген адам еді. Дулат әмірі Болатшы қайтыс болған соң, Тұғлұқ Темір хан жарлық жариялап, Болатшының жас баласы Құдайдатты әкесінің орнына әмір етіп тағайындап, Болатшының үлкен ұлы Қамариден Дулатиды қақпайлап билік басынан ығыстырмақ болады, Моғолстанға үстемдік еткен дулат тайпасының көеімі болып отырған Қамариден Дулати

Тұғлуқ Темір ханның бұл жарлығына батыл тойтарыс беріп, хан үкіметіне қарсы күреске аттанады¹.

Әйгілі тарихшы Мұйнаддин Натанзидің айтуынша, Қамариден Дулати өзінің туысы Шаһиден Дулатимен бірлесе отырып, Ілияс Қожа Оғланды хан тағына отырғызды.² Кейін Қамариден Ілияс Қожаны өлтірді. Шарифиден Язди: Ілияс Қожа өлген соң Қамариден бүлік тудырды дегенді айтады. Мұхаммед Хайдар Дулатидың баяндауынша, Қамариден Тұғлуқ Темір ханның тұқымын түгел құртып жібереді, Тұғлуқ Темір ханнан қалған жалғыз тұяқ жас бала Қызыр Қожа Оғланды ұлыс бегі Әмір Құдайдат жасырып қорғап қалады³.

Хандық үкіметке қарсы күрескен Қамариден Дулати осы оқиғадан соң Моғолстанның белді билеушісіне айналады. Алайда, әскери-феодалдық ақсүйектер билеген, бірі-бірінен шалғай жатқан көшпенді және жартылай көшпенді ұлыстар мен тайпалардың басын біріктіру Қамариден Дулатиға да оңай түспейді. Нәтижеде Моғолстан территориясында іс жүзінде бірнеше феодалдық тәуелсіз мемлекет пайда болады. Орта Азия тарихшылары Низамиден Шами, Шарифиден Язди, Мұйнаддин Натанзилардың жазба деректеріне қарағанда дулат Әмір Қамариден Дулати Жетісу жерінің басым бөлігін иеленіп, Іле өңірінен Қаратау бөктері мен Шу алабына дейінгі жерлер мен тайпаларды, яғни Моғолстан орталық өңірін билейді, Іле алқабынан Тарбағатай тауына дейінгі жерлер мен тайпалар Еңке Төрге бағынады. Ыстықкөл маңындағы бұлғач тайпасы басшыларының ұлысы күшейеді. Әскери-феодал ақсүйектер басқарған қаңлы, керейт (керей), арғынот, т. б. тайпалар өз алдына жеке саяси-шаруашылық иеліктерге айналады.

Бұл мезгілде дулат тайпасының билеушісі Әмір Қамариден Дулати және оның туыстары Моғолстан тайпаларына үстемдік етті. Алайда ақсүйектер арасында өзара қырқыстар мен құнарлы да шұрайлы жайылымдарды басып алуға бағытталған қан төгіс қақтығыстар толассыз жүріп жатты. Бұл жөнінде Шарафиден Язди: «Жете (Моғолстан) әмірлері үнемі өзара жауласып отырды. Қамариден Дулати Кебек Темір және Ширауылмен әскери күш біріктіріп, арғынот Қажыбекке қарсы соғысты»⁴ деп жазды.

¹ Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», А 22-бет.

² Мұйнаддин Натанзи «Мұнта хап ат-тауарих мұйини» А. 248-бет.

³ Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», В 36-бет, Махмұд ибн Уәли «Бахыр әл-асырар», А 180-бет, В. В. Бартольд «Жетісу тарихы», 82-бет.

⁴ Шарифиден язди «Зафарнама» В, 44-бет.

14-ғасырдың жетпісінші – тоқсаныншы жылдарында Орта Азия билеушісі Әмір Темір Моғолстан мен Ақ Ордаға қайта-қайта шапқыншылық жасады. Әмір Темірдің Моғолстанға жасаған алғашқы жорығы 1371—1372-жылдардан басталды. Бұл жорықта Әмір Темірдің әскерлері Алмалық маңына дейін келді және осы өңірдегі Керей тайпасын талан-таражыға ұшыратты¹. Әмір Темірдің шапқыншылық жорықтары Ақ Орда мен Моғолстан халқын ауыр апатқа жолықтырды. Егін шаруашылығы бүлінді, қала-қыстақтар қирап, сауда мен қолөнер құлдырап, мал басы кеміп кетті. Моғолстан билеушісі Қамариден Дулати Еңке Төремен тізе қоса отырып, Әмір Темірдің шапқыншылығына қарсы күрес жүргізіп, Моғолстанның ерікті елдігін қолдауға елеулі еңбек етті. 14-ғасырдың 80-жылдарының соңында Моғолстан мен Ақ Орда билеушілерінің Әмір Темірге қарсы саяси одағы құрылды². Бұл одаққа Моғолстан билеушілері Әмір Қамариден Дулати, Еңке Төре, Моғолстанның жаңа ханы Қызыр Қожа (1389—1399) және Ақ Орданың билеушісі Тоқтамыс қатысты, бұл одақ Ақ Орда мен Моғолстанның әскери күшін ортақ жауға қарсы жұмылдырып, шығыс дешті қыпшақ және Моғолстан халықтарын ауыр апаттан құтқарып, тәуелсіздігін сақтап қалды.

Әмір Темірмен күрестегі сәтсіздіктер салдарынан Қамариденнің мемлекеттік билігінің әлсіреуін пайдаланған ұлыс бегі Құдайдат 1389-жылы Тұғлұқ Темірдің баласы Қызыр Қожаны хан тағына отырғызды³. Бірақ хан деген атағы ғана еді, іс жүзінде билік Әмір Қамариден Дулатидың қолында болды. Қамариден қайтыс болған соң Қызыр Қожа хан бүкіл Моғолстанға билік жүргізді, орталық үкімет біршама күшейді. Қызыр Қожа хан өлген соң оның балалары: Шаки Жаһан, Мұхаммед Ұғлан, Шерғали хан, Шаһ Жаһан хандар билеген кездерде өзара талас-тартыс қайта өршіді. Бұл тартысқа Шағатай әулетінен шыққан Шерғали Ұғланның баласы Уәйіс хан араласты. Уәйіс хан тегінде Қызыр Қожа ханның жиені еді. Ол 1418-жылы нағашысы Шаһи Жаһанды өлтіріп, өзін хан жариялады. 1421-жылы Қызыр Қожа ханның тағы бір баласы Шермұхаммед Ұғлан Мауараннахрдағы Әмір Темірдің немересі Ұлықбектің (1394—1449) әскери көмегіне сүйене отырып, Моғолстанның хан тағын қайтарып алды да, 1425-жылға дейін Моғолстанды аз ғана уақытқа біріктірді. Уәйіс хан Шермұхам-

¹ Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», А 23-бет.

² «Қырғыз ССР тарихы», 1-том, 207-бет, Фрунзе, 1968.

³ В. В. Бартольд «Жетісу тарихы», 82-бет.

мед ханға қарсы бірнеше рет шайқас жүргізіп, Тараз маңындағы Қайыңды деген жердегі шайқаста жеңілген соң, Моғолстанның шығыс оңтүстік жағына қашып кетті. Ол маңда көшіп-қонып жүріп өз атырабына күш топтап, жақтастар жинады. Бір мезгіл оңтүстік Шинжаңдағы Топ, Катек және Сары ұйғыр деген жерлерді мекен етіп, 1422-жылы Тұрпан атырабын басып алды. Осы мезгілдерде Әмір Темір әулетінің Қашқарды Моғолстаннан бөліп әкету әрекетіне қарсы қажырлы күрес жүргізді. Ақырында өзінің астанасын оңтүстіктен Жетісудағы Іле Балық қаласына көшіруге мәжбүр болды. Бұл арада да ұзақ тұрақтай алмай Түркістан қаласына барды да, Түркістан қаласының әмірі қыпшақ Шаих Нұрадденнің қызына үйленді. Бұл оның беделі мен күш-қуатын арттыра түсті. Қыпшақтардың қолдауына сүйенген Уәйіс хан Моғолстанның үкімет билігін қайта алуға аттанды. Бұл кезде Ұлықбек пен Шермұхаммед хан арасы бұзылып, өзара жауласып, Ұлықбек Моғолстанға жорық жасап, 1425-жылы Шермұхаммедті өлтіріп, әскерін жеңді. Моғолстандағы үкімет қайтадан Уәйіс ханның қолына көшті¹. Уәйіс хан Моғолстан тағына қайта отырған (1425—1428) мезгілде Моғолстандағы дулат, қыпшақ, ұйғыр, найман, иңчкылы, қончыға сүйеніп, Моғолстанның шығыс оңтүстік шекарасынан шапқыншылық жасаған ойрат жұңғарларына қарсы күресті, 1428-жылы Ыстықкөл маңындағы Сатұқ ханмен ұрыста қаза болды.

Уәйіс хан қаза болған соң Моғолстанда ішкі феодалдық тартыс бұрынғыдай әрмен үдеп, хан тағына таласқан екі топ жарыққа шықты. Дулат тайпасының әмірі ұлыс бегі Мермұхаммед шах Дулати бастаған бірінші топ Моғолстанның хан тағына Уәйіс ханның 11 жасар баласы Есенбұға сұлтанды отырғызбақ болды. Ал баарын тайпасының әмірі Ерзен бастаған екінші топ хан тағына Уәйіс ханның 13 жасар баласы Жүніс сұлтанды отырғызуға ұрынды. 1433—1434-жылдары Есенбұға сұлтанды жақтаушы Мермұхаммедшах тобы жеңіске жетіп, Есенбұға сұлтанды Моғолстанның хан тағына отырғызды. Жүніс сұлтанды жақтаушы Ерзен тобы өздерімен бірге отыз мың үйелменді ертіп Мауараннахрға қоныс аударып, Ұлықбекке барып паналады. Ұлықбек Жүніс сұлтанды Персияға жіберді.

Есенбұға хан болғаннан кейін (1434—1464) билік еткен феодалдардың өзара тартысын баса алмады, тек Қашқарияның бір бөлегін билеумен ғана шектеледі, Тянь-Шань

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», II-том, 274-бет.

мен Жетісу өңірін мекендеген тайпалар Есенбұғаға бағынбады. Моғолстан мемлекетіндегі әскери әкімшілік билікке мұрагерлік етіп отырған дулат әмірлерінің бірқатары да Есенбұғаны хан деп мойындамай, өз алдына іс жүргізді. Мысалы: Меркерімберді Дулати Алабұға деген жерге қамал орнатып, Ферғана аймақтарына әскери жорық жасады. Ал Мерхамберді Ыстықкөл маңына орналасып алып Сайрам мен Түркістанға шабуыл жасады. Баарын және шорас тайпаларының әскери-феодалдық шонжарлары өздеріне қарасты тайпаларды ертіп, Жетісудің шығыс солтүстік шекарасына ауып барып, ойрат жұңғарларының жетекшісі Амасанжы тайшаға қосылды. Қалуын (қалушы) және Бұлқаш (бұлғаш) тайпаларының жетекшілері өздеріне қарасты қауымды бастап, шығыс дешті қыпшаққа қоныс аударып, Әбілхайыр ханға бағынды. Моғолстанның орталық өңірі — Жетісудағы тайпалардың жан-жаққа қоныс аударуы салдарынан елдің шаруашылығы ойсырап кетті.

Моғолстан мемлекетінің сыртқы жағдайы да нашарлай түсті. Бұрынғы дешті қыпшақтағы Ақ Орданың орнын басқан Әбілхайыр (1428—1468) мемлекеті күшейді. 1446-жылы Әбілхайыр хан Сырдария бойындағы сауда мен қолөнер орталығы болған страгетиялық қалаларды — Аққорған, Сауран, Аркөк, Созақ қалаларын жаулап алып, Моғолстанға батыс жақтан қауіп төндірді. Шығыс жақтан ойрат жұңғарлары Моғолстанға шабуыл жасай бастады. 1456—1457-жылы ойрат, жоңғар әскери феодал ақсүйектері Шу алқабы арқылы Сырдария бойындағы қалаларға баса-көктеп кіріп, Сығанақ қаласының түбінде Әбілхайыр ханның әскерлерін талқандады¹. Бірақ олар бұл өңірде тұрақтамай, тонап алған олжаларына жырғап, батыс Манғолияға қайтып кетті.

15-ғасырдың 40-жылдарының аяғы мен 50-жылдарының басында Есенбұға ханның ықпалы Тянь-Шань мен Жетісу тайпаларына жүре бастады. Ол осы өңірде бекінісін нығайтып алған соң бұл арада көшпелі ақсүйектермен бірігіп, Мауараннахрдағы Әмір Темір әулетімен жауласып, Сайрамға, Тәшкентке, Ферғанаға жорық жасады. Әмір Темір әулетінен шыққан Әбусағит мырза оған қарсы соғысып, Аспара маңында Есенбұға ханның әскерін талқандады, келесі бір шайқаста Есенбұғаны Таразыға дейін қуды¹.

1433—1434-жылдары Моғолстандағы хан тағы үшін таласта інісі Есенбұғадан жеңіліп, Мауараннахрға барған Жүніс сұлтанды Ұлықбек Персияға жіберген еді. Жүніс

¹ Мәсғұт ибн Осман Коһстани «Тарихи Әбілхайыр хани», В 336-А 339-беттер.

Персияда 20 жылдай тұрып, мұсылманша (ислам мәдениетінің ілім-білімдерін) толық біліп алды. 15-ғасырдың 50-жылдары Мауараннахрдың билеушісі Әбусағит мырза Жүністі Персиядан шақырып алды¹. Әбусағит мырза Моғолстанда жаңадан қырқыс тудырып, Есенбұғаны әлсірету мақсатымен 1455-жылы Жүністі Есенбұғаға қарсы аттандырды. Бұл ұрыста Есенбұғадан жеңілген Жүніс сұлтан Моғолстаннан сырттап, Жетісу мен Ферғана шекарасындағы Жетікент қаласына орналасты. Бұл қаланы Әбусағит оған арнап берген еді. Жүніс сұлтан осы жеңілістен соң Моғолстан тағына таласуды доғарып, Есенбұға өлгенге дейін осы Жетікентте тұрды.

1456-жылы бұрынғы Ақ Орда ханы Ырыс ханның немерелері Керей хан мен Жәнібек хан Әбілхайырға қарсы шыққан қазақтарды бастап Жетісуға қоныс аударды. Моғолстан ханы Есенбұға қазақтарды қарсы алып, өзінің ішкі және сыртқы жағдайын нығайтуға пайдаланбақ болды. Есенбұға оларға Шу өзені мен Талас бойынан қоныс берді. Керей хан мен Жәнібек хан осы батыс Жетісуді орталық ете отырып, қазақ хандығын құрды.

1462-жылы Моғолстан ханы Есенбұға қайтыс болды. Осыдан кейін Жүніс хан (1462—1487) билік басына шықты да, Әбусағиттың әскери көмегіне сүйеніп, Моғолстанның батыс шебін басып алды. 1468-жылға дейін Қашқарияны Есенбұғаның баласы Досмұхаммед хан билеген еді. Досмұхаммед өлген соң Жүніс хан Ақсуды басып алды. Жүніс хан 1472-жылдың қарсаңында Ташкент пен Ферғанадан Ақсу мен Қашқарияға дейінгі жерді, Моғолстанның батыс бөлегі мен Қашқарияны өз қол астына біріктірді. Осы жылы ойраттар Жетісуға шабуыл жасады. Жүніс хан Іле бойындағы соғыста Амасанжы бастаған ойраттардан ойсырай жеңіліп, Сырдария бойына қашып кетті. Ол арада Жүніс ханды Ташкент билеушісі қолға түсірді. Бір жылдан соң Жүніс хан босатылып, Моғолстанға жіберілді. Жүніс хан Әбусағит мирасқорларының талас-тартысына араласып, 1482-жылы Сайрамды, 1485-жылы Ташкентті басып алды². Осы мезгілде (1480) дулат тайпасы жетекшілерінің бірі Әбубәкір мырза Дулати Қашқарияны Моғолстаннан бөліп алып, өз алдына тәуелсіз иелік етті. 1481-жылы Жүніс ханның баласы Сұлтан Ахмет хан әкесінен бөлініп, моғолдар мен қырғыздардың ақсүйектерінің қолдауымен

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы» 4-том, 530-бет.

² Бұл да сонда.

Қырғызстанда іс жүзінде тәуелсіз иеліктің негізін қалады. Ташкентте Жүніс ханның иелігін Сұлтан Махмұд (1487—1508-жылдар билік еткен) мұраға алды. 1514-жылы Моғолстанның шағатай әулетінен шыққан хандардың ұрпағы Сұлтан Саид хан Әмір Темір әулеті Заһриден Бабұрға арқа сүйеп, Әбубәкір мырза Дулатиден Қашқарияны тартып алды да, жаңа хандық құрды¹. 16-ғасырдың басында Жүніс хан ұрпақтары арасындағы алауыздық пен ішкі феодалдық қырқыс және феодалдық қанау Моғолстан хандығынның ыдырауына әкеліп соқты. Ежелден Жетісу мен Іле өңірін мекендеген үйсін, дулат, қаңлы, жалайыр, тағы басқа қазақ тайпалары Жетісуда құрылған қазақ хандығының негізгі бөлігімен бірікті.

15-ғасырдың ортасында Әбілхайыр мемлекетіндегі феодалдық алауыздықтардың, феодалдық қанау мен езгінің күшейуіне және таптық қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты, 20 мың қазақтың шығыс дешті қыпшақтан Моғолстандағы Жетісуға қоныс аударуы және батыс Жетісуда қазақ хандығының құрылуы, Моғолстан мемлекеті мен қазақ халқының тарихи тағдырына қатысты аса маңызды оқиға болды. Бұл мезгілдегі Моғолстан қазақ хандығының құрылуына және қазақтың өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысын аяқтауына территориялық тірек, саяси-экономикалық негіз болды. Жетісуда қазақ хандығы құрылған соң көп ұзамай-ақ Моғолстанның хандары өздерінің Жетісу өңіріндегі билігінен айырылды. Ондағы қазақ тайпалары қазақ хандығының негізгі бөлігімен бірікті.

Моғолстан дәуірінде саяси, шаруашылық, ғылым-мәдениет едәуір дамып өркен жайды. Әлемге әйгілі тарихшы ғалым және ақын-жазушы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499—1552) дүниеге келді. Және өзінің ғылыми-әдеби қызметтерін жүргізіп, «Жаһаннама» дастанын жазды. Ол Орта Азия мен Қазақстанда тарих ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. М. Дулати 1540-жылдары «Тарих-и-Рашиди» деген атакты еңбегін жазған². Қазақ ғалымы Мұхаммед Хайдар Дулати — Моғолстанның негізін қалаушы дулат әмірі Болатшы бидің жетінші буынындағы (Болатшы — Құдайдат — Сейтахмет — Сейтқали — Мырза Мухаммед Хайдар — Мұхаммед Құсайын — Мұхаммед Хайдар Дулати) ұрпағы еді³.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 80-бет.

² «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», 26-бет, Алматы.

³ Ахмед Заки Уәлид «Түрік-татар тарихы», 121-бет, Қазан, 1916.

7

Қазақ
жандығы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ҚАРСАҢЫН- ДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙ

Қазақ хандығының құрылуы қарсаңына (14—15-ғасырларда), қазақ тайпалары Сібірден Сыр бойына, Ертістен Жайық жағасына дейінгі жалпақ өңірге жайылып қоныстанған болатын. Осы дәуірді баяндайтын ортағасырлық тарихшылардың шығармаларында қазақ даласының негізгі тұрғындары ретінде қыпшақ, қаңлы, қарлық, үйсін, найман, керей, қоңырат, маңғыт, тағы басқа тайпалар аталады. Бұлар қазақ даласының ежелгі тұрғындары, сондай-ақ бұдан бұрын осы өңірлерде құрылған Ақ Орда, Моғолстан, тағы басқа хандықтардың этникалық негізі еді.

Бұл тайпалар ішінде қыпшақтардың орны өзгеше болды, 13-ғасырдың деректерінде Алтын Орда хандары «Қыпшақ патшалары»¹ деп аталды. Қыпшақтар 14-ғасырда Орда Ежен мен Шайбани ұлыстарын біріктірген Ақ Орда халқының, ал кейіннен Әбілхайыр хандығы халқының да едәуір бөлегін құрады².

Батыс сібір тайпаларымен көрші болып, оларға елеулі ықпал еткен қазақ тайпаларының негізгі ұйтқысы қыпшақтар еді. Ертіс өңірінің Торғай, Есіл далаларының қыпшақтары: құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сағал қыпшақ, торыайғыр қыпшақ және мажар (мадияр) қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді. Тобылдың төменгі бойынан Ұлытау мен Сырдарияға дейінгі территорияда басқа тайпалардың едәуір бөлегі,

¹ «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», I-том, 364—442—448-беттер.

² П. П. Иванов «Орта Азия тарихының очерктері», 20—21-беттер.

олардың ішінде наймандар, керейттер (керейлер) меркіттер мен оңғыттар қоныс тепті¹.

15-ғасырда Ақ Орда орнына құрылған Әбірхайыр хандығының (1428—1468) халқы арасында қарлық, қоңырат, үйсін, найман, өкіреш найман, қият, маңғыт, шынбай, итжан, тапғұт, дұрман, тубай, таймас, күшті, отаршы, шап, қытай, барак, ұйғыр, күрлеуіт, ишкі, ишкі-маңғыт, тұман т. б. тайпалардың болғандығы мәлім².

Ноғай ордасының құрамында маңғыт, қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенгрес, қарлық, алаш, тама, т. б. тайпалар болды³.

Моғолстанға қарасты Жетісу тайпалары: дулат, қаңлы (бекчик), қарлық, керей, арғынот, күрлеуіт, күшші, барлас, шорас, көнші, қалушы, бұлғаш, т. б. еді⁴.

Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында, әрбір қазақ тайпасының өріс-қоныстары ұлан-байтақ территорияны алып жатты:

Наймандар 14—15-ғасырларда Ұлытаудан Есілге дейінгі аудандардың көпшілігін қоныстанды.

Қоңыраттар 14—15-ғасырларда Түркістан мен Қаратау аудандарын мекен етті.

Арғындар 14—15-ғасырларда Ертістен батысқа қарай орталық Қазақстанды, ішінара Сырдарияны және батыс Жетісуды мекендеді⁵.

Керейлер 14—15-ғасырларда Жетісуда және Тарбағатайда, сондай-ақ Ертіс бойында, Зайсан көлінен Ом және Тобыл өзендеріне дейінгі өңірде өмір сүрді⁶.

Дулаттар 14—15-ғасырларда Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында, Ыстықкөлден оңтүстікке қарай, сондай-ақ оңтүстік Қазақстанда «Отырар жасыл алқабын» мекендеді⁷.

Қаңлылар Каратау баурайы, орта Сырдария және батыс Жетісудағы өздерінің ежелгі мекенінде болды⁸.

Үйсіндер өздерінің байырғы заманнан бергі мекені Жеті-

¹ «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 192-бет, Алматы, 1983.

² Масғұд ибн Осман Коһстани «Тарихи Әбілхайыр хани», 312—480-беттер.

³ «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 190-бет, Алматы, 1983.

⁴ В. Т. Юдин «Моғолстандағы моғолдардың тайпалық құрамы», 53—612 беттер.

⁵ «Қазақ ССР тарихы» 2-том, 255—256-беттер.

⁶ М. Мұқанов «Орта Жүз қазақтарының этникалық құрамы», 28—38-беттер.

⁷ Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», 7—22—34-беттер.

⁸ «Шайбанинама», 56-бет. «Тарих-и-Рашиди», 45—48-беттер.

су өңірін қоныстанды. Тарихи деректердің айтуынша, Әбілхайыр хандығында да үйсіндер болған¹.

«Тарих-и-Рашиди» мен «Раузат ас-сафаның» дерегіне қарағанда, 14—15-ғасырларда Іленің сол жағасында және Янги (Тараз) ауданында керейттер (керейлер), Шу өзенінің оң жағасында арғындар мекендеген².

Жалайырлар Қаратау баурайын, орта Сырдария өңірі мен Жетісуді қоныстанған³.

Қазақ хандығының құрылуы осы ұлан-байтақ өңірді қоныстанған қазақ тайпаларының және қазақтың этникалық территориясын біріктірді. Қазақтың өз алдына халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқталды.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ НЫҒАЮЫ

Қазақ хандығы — шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орта Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ — қазақ халқы негізінде бірігуі арқылы 15-ғасырдың орта шенінде құрылды. Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы төтенше маңызды оқиға болды. Ол ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтатуда аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқарды.

1456-жылы Керей хан мен Әз Жәнібек ханның Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоныс аударуы қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға болған еді. Бұл оқиғаның мән-жайы мынадай болатын: 1428-жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде өзара қырқыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілхайыр хандығы мен Ноғай одағы құрылды. Шайбани тұқымынан шыққан Әбілхайыр хан бұрын Орда Ежен ұрпағы билеген Ақ Орда территориясы — шығыс Дешті-Қыпшаққа 40 жыл (1428—1468) үстемдік етті. 15-ғасырдың ортасында Әбілхайыр хандығында толас-

¹ «Тауарих ғұзидаин нұсыратнама», 5—57—98-беттер.

² «Раузат» ас-Сафа», «Тарих-и-Рашиди», 23-бет.

³ «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 257-бет, Алматы, 1983.

сыз болып отырған қан төгіс соғыстар мен ішкі феодалдық қырқыстар барған сайын үдеп, феодалдық езгі мен қанау халық бұқарасын ауыр күйзеліске түсірді. Аласапыран соғыстар мен феодалдық бытырандылық салдарынан Дешті-Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан мал жайылысын пайдаланудың дағдылы көшіп-қону тәртіптері бұзылды, көшпенді тайпалар мезгілінде жайлау-қыстауларына бәра алмайтын болды. Бұл көшпенді мал шаруашылығына ауыр зардабын тигізді. Осындай ауыр тауқымет тартқан халық бейбіт өмірді, Әбілхайырдың үстемдігінен құтылып, өз алдына тіршілік етуді арман етті. Ақ Орданың ақырғы ханы Барақтың балалары Керей мен Әз Жәнібек бұл жағдайды өз мақсаттары үшін шебер пайдаланды да, Әбілхайыр ханның үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларының көсеміне айналды. Қалың қазақ тайпаларын бастап батыс Жетісуға қоныс аударды. Ол кезде Жетісуді билеген Моғолстан ханы Есенбұға (1434—1462-жылдары билік еткен) бұл қазақтарды Әбілхайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді. Бұлар батыс Жетісуді тіректі мекен ете отырып, қазақ хандығын құрды. Тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан, Жәнібек ханға көшіп кетті. Сөйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылдары (1465—1466) билей бастады...»¹.

Алғашында қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Міне, нақ осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан» деген атау қолданылды (Уасифи, 16-ғасыр),² ежелден осы алапты мекендеген қазақтың ұлы жүз тайпалары дешті қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетті. Әбілхайыр хандығындағы аласапыран

¹ Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», 46-бет, «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 95-бет.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 6 том, 384—385-беттер.

соғыс салдарынан қанжілік болған қазақ халқы бұл араға келіп ес жиып, етек жауып, экономикалық тұрмысы түзеле бастады. Мұны көрген дешті қыпшақ көшпенділері Әбілхайыр хан қол астынан шығып, бөгеуін бұзған судай ағылып Қазақ хандығына келіп жатты. 15-ғасырдың 50-жылдарының ортасынан 70-жылдарының басына дейін Әбілхайыр ханның қарамағынан батыс Жетісуға 200 мың адам көшіп барды¹. 1462-жылы Моғолстан ханы Есенбұға қайтыс болған соң, бұл мемлекетте ішкі феодалдық қырқыс күшейіп, өкіметсіздік жағдайдың өріс алуы, Амасанжы Тайшы бастаған ойрат жоңғарларының жасаған шабуылы салдарынан Моғолстан мемлекетінің шаңырағы шайқалған кезде Жетісуды мекендеген қазақ тайпаларының Қазақ хандығына келіп қосылуы үдей түсті. Бұлар жаңадан құрылған Қазақ хандығының үкімет билігін нығайтып, оның беделі мен әскери-саяси күш-қуатын арттыра түсті.

Алайда жаңадан құрылған Қазақ хандығының экономикалық негізі әлі де әлсіз еді. Бірсыпыра қазақ тайпалары Әбілхайыр хандығының, Моғолстанның, Ноғай одағының және Батыс Сібір хандығының қол астында төрт хандыққа телім болып отырған болатын. Оның үстіне шығыс Дешті-Қыпшақты билеген Әбілхайыр хан өзіне қарсы шығып, Жетісуға қоныс аударған қазақтардың өз алдына хандық құрып, масайрап отырғандығына, әсіресе Әбілхайыр хандығынан көптеген тайпалардың оған ағылып барып жатқанына азуын басып, қылышын қайрап отырды. Ол жаңа құрылған Қазақ хандығын тарпа бас салып жойып жіберуге сұқтанды. Он шақты жыл айналасында батыс Жетісу өңіріне екі жүз мың жан саны бар көшпелі тайпалардың жиналуы кең өріс-қоныс керек етті. Ал көшпелі елдің отырықшы-егіншілігі көркейген аудандармен, әсіресе қолөнері мен саудасы дамыған экономикалық орталық — Сырдария жағалауындағы қалалармен сауда-саттық қарым-қатынастарына қолайлы жағдай жасау халық тұрмысындағы маңызды мәселеге айналды. Бұл қарым-қатынастың оңалуына тек көшпелі халықтар ғана емес, отырықшы аймақтардағы егіншілік өнімдерін өткізіп егіс көлігін алуды аңсаған егіншілер де, қолөнер өнімдерін өткізіп шикізат (жүн, тері, т. б.) алуды аңсаған қолөнершілер де, сауда тауарын өткізіп пайда табуға саудагерлер де мүдделі болды. Бай аймақтар мен қалаларды қол астына қаратуға феодалдар тіпті де мүдделі еді, әсіресе жаңадан шаңырақ көтерген Қазақ хандығын саяси-экономикалық база негізінде нығай-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 384-бет.

ту үшін Сырдария бойындағы қалаларды қарату төтенше маңызды еді. Сөйтіп жоғарыдағы жағдайлардың талабына сай, Қазақ хандығының алдына үш үлкен тарихи міндет қойылды.

1. Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті-Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілхайыр хандығындағы аласапыран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейкесті мүддесі еді.

2. Шығыс пен батыс арасындағы сауда керуен жолы үстіне орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Яса (Түркістан) т. б. қалаларды қазақ хандығына қарату. Бұлар осы өңірдегі саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық берік база болатын.

3. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру, бұлардың ішіндегі маңдайалды маңызды міндет — Сырдария жағасындағы қалаларды қарату күресі болды.

Сырдария бойындағы бай қалалар бұдан бұрынғы мемлекеттік бірлестіктердің — Ақ Орданың, Әбілхайыр хандығының саяси-әкімшілік және сауда-экономикалық орталықтары еді. Бұдан бұрынғы тарихта осы Сырдария бойындағы қалаларды өзінің экономикалық және әскери тірегіне айналдыру Дешті-Қыпшақ даласын билеудің басты шарты болып келген. Сондықтан бұл қалалардың саяси-экономикалық және соғыс-стратегиялық маңызы зор еді. Сырдария бойындағы егіншілігі мен қолөнері өркендеген қалалы аудандар мен сауда-саттық жасауға тек даланың әкімдері ғана емес, Дешті-Қыпшақтың шаруалары да ділгір болып отырды.

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілхайыр хан еді. Қазақ хандығы Әбілхайырға қарсы күресу үшін ең алдымен Моғолстан мемлекетімен тату көршілік, одақтық байланыс орнатты. Бұл одақ ойрат жоңғарларының тайшасы Амасанжының Моғолстанға шабуыл жасауынан және Әбілхайыр ханның Жетісудағы қазақ хандығына шабуыл жасауынан тізе қоса отырып қорғануды мақсат етті. 1468-жылы қыста Әбілхайыр хан қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанды, бірақ сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты¹. Әбілхайырдың қаза болуы қазақ хандығының нығаюына

¹ «Бахыр әл-асырар», 1326—1336-беттер.

және көлемінің кеңеюіне үлкен орай тудырды. Әбілхайыр өлгеннен соң оның елінде қиян-кескі қырқыс басталып, хандық ыдырай бастады. «Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды, ірі шиеленістер басталды. Оның (қарамағындағылардың) үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті»¹. Мұндай тиімді жағдайды дер кезінде пайдаланған қазақ хандары Керей мен Әз Жәнібек бұдан 12 жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қонысы Дешті Қыпшаққа қайта оралды. Қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресте олардың тап болған ішкі-сыртқы қайшылықтарын толық пайдаланды, бұрыннан бері Әбілхайырмен билікке таласып келген Жошы ұрпақтары — Ахмет хан мен Махмұд батыс Сібірдің билеушісі Ибақ хан мен, сондай-ақ Ноғай одағын билеген мырзалармен одақтасып, тізе қоса отырып күрес жүргізді.

Әбілхайыр ханның орнына отырған мұрагер баласы Шайх Хайдар бұл күресте мүлде жеңілді және өлтірілді². Әбілхайыр ханның немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд сұлтан Астраханьға барып паналады. Әбілхайыр ханның мұрагерлерімен күресте толық жеңіске жеткен қазақ хандығы Әбілхайыр хан 40 жыл билеген шығыс Дешті Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. «15-ғасырдың 70-жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратав өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды»³. Сөйтіп қазақ хандығының территориясы әлдеқайда кеңейді, оған тұтұсынан қазақ тайпалары келіп қосылып жатты.

Алайда Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханмен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Бұл күрес Керей ханның баласы Бұрындық ханның (1480—1511) тұсында да толаспаған жоқ. Сырдария бойындағы қалаларды алу үшін қазақ хандығымен таласқан белді бәсекелес Мұхаммед Шайбани еді. Сонымен қатар Түркістан аймағын билеген Әмір Темір әулетінен шыққан Әмір Мұхаммед Мәзит Тархан мен Моғолстан ханы Жүніс хан да бұл қалаларды қолдарына түсіруге сұқтанды. Бұлардың бәрінің назары — Сырдария жағасындағы стратегиялық маңызы зор шұрайлы қалалы

¹ «Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», 46—174-беттер.

² Тауарих ғұзидаин нұсыратнама», В 96-бет, «Шайбанинама», А 4, В 4-бет.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 235-бет.

аудандарға арқа сүйей отырып, қазақ даласын басып алу және ондағы халыққа өктемдік жүргізу еді. Бұл қалалар үшін қазақ хандары да қажырлы қайрат жұмсады. Бұл күрестің мән-жайы мынадай болды: Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар өлтірілген соң Астраханьға барып паналаған Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани Астрахань қоршауынан қашып шығып, Түркістан аймағына келіп, Әмір Темір тұқымынан шыққан Мұхаммед Мәзит, Тарханға паналады¹. Ол Мұхаммед Шайбаниды қолдап, қазақ хандығына қарсы аттандырмақ болды. Бірақ Мұхаммед Шайбани оның бұл үмітін ақтамады, керісінше оның қолынан Түркістан аймағын тартып алды. 1470-жылы қыста қазақ ханы Керей қол бастап Түркістанға шабуыл жасады². Қазақ ханы Әз Жәнібектің ұлкен баласы Махмұд сұлтан Созақ қаласын бағындырды, екінші баласы Еренжі (Иренжі) Сауранды иемденді. Сауран түбінде қазақтардан соққы жеген Мұхаммед Шайбани Бұхараға қашты³. Сөйтіп, Сырдария жағасындағы екі қала — Созақ қаласы мен Сауран қаласы Қазақ хандығының құрамына кірді.

Екі жылдан соң Мұхаммед Шайбани Түркістанға қайта оралып, Ноғай ордасының әмірі Мұса мырзаның көмегіне сүйене отырып, Аркөк бекінісі мен Сығанақ қаласын басып алды. Бұл уақытша жеңіс еді, Бұрындық сұлтан мен Махмұд сұлтан бастаған қазақтың біріккен әскерлері Қаратаудағы Соғынылық түбінде Мұхаммед Шайбанидың әскерлерін талқандады. Бұрындық сұлтан Сығанақ қаласын қайтарып алды, бұл шайқаста күйрей жеңілген Мұхаммед Шайбани Маңқыстауға қашты. Сырдария жағасындағы қалалар қайтадан қазақ хандығына өтті, бірақ аумалы-төкпелі жағдай үздіксіз өмір сүріп отырды.

15-ғасырдың сексенінші жылдарында Әмір Темір әулетінің өкілі Сұлтан Ахмет мырза мен Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд арасындағы соғыста Мұхаммед Шайбани Моғолстан хандарына болысып, олардың қолдауымен тағы да Аркөк, Сығанақ қалаларын басып алды⁴. Қазақ ханы Бұрындық хан қырдан келіп Сығанақ қаласын қоршады. Бұл кезде Мұхаммед Шайбани әскерлерінің бір бөлегі қала бекінісін қорғауға кеткен-ді. Қаланың тұрғындары қазақ әскерлеріне қала бекінісінің қақпасын ашып берді. Сонымен

¹ Осы дәуірде Сырдарияның орта өңірі «Түркістан аймағы» деп аталатын еді.

² «Тауарих ғұзидаин нұсыратнама», 95—96-беттер.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 225-бет.

⁴ «Тауарих ғұзидаин нұсыратнама» 105-бет.

бұл аймақ Бұрындықтың қолына өтті¹. Бұдан соң қазақтар Мұхаммед Шайбанидың туысы Махмұд Сұлтан билеген Яса (Түркістан) қаласын қоршауға алды. Қазақтардың біріккен әскери күшінен қорғанған Шайбани әскерлері Аркөк қаласына қырық күн бекінді. Үш жыл бойы қазақтармен соғысқан Мұхаммед Шайбани жеңіліске ұшырады, Бұрындық хан мен Қасым сұлтан бастаған қазақтардың қысымына төтеп бере алмай, 1466-жылы Түркістанды тастап, Хорезмге кетуге мәжбүр болды².

Қазақ хандығы, Шайбани әулеті, Әмір Темір әулеті және Моғолстан билеушілері арасындағы тайталаста қазақ хандығы мен Мұхаммед Шайбани арасындағы жауласумен қатар, Әмір Темір әулеті мен Моғолстан билеушілері арасында да арпалыстар асқына түсті. Осындай арпалыстар барысында Моғолстан ханы Жүніс 1482—1485-жылдары Ташкент пен Сайрам қалаларын басып алды³. Моғолстан билеушілері Әмір Темір әулетіне қарсы жұмсау үшін Мұхаммед Шайбаниды қолдады, ал Әмір Темір әулетінен шыққан Әмір Мұхаммед Мәзит Тархан оларға қарсы қазақ хандығымен одақтасты. Сонымен бұлар екі шекке айырылды. 15-ғасырдың басында Моғолстан билеушісі Жүністің баласы Сұлтан Махмұд хан Отырар қаласын басып алды да, оны Мұхаммед Шайбаниға берді. Мұндағы мақсаты — Мұхаммед Шайбаниды Әмір Темір әулетінен шыққан Ахмет мырзаға қарсы аттандыру еді. Моғолстан ханының қолдауына және Отырар сынды маңызды стратегиялық орынға ие болған Мұхаммед Шайбани тағы да Сауран мен Яса (Түркістан) қаласын басып алды.

Қазақ ханы Бұрындық пен Қасым және Жәдік сұлтандар Мұхаммед Мәзит Тарханмен күш біріктіріп, Мұхаммед Шайбаниға қарсы аттанып, Созақ қаласына шеру тартты. Созақтың атақты адамдарының бәрі Бұрындық ханға тілектес және онымен байланысты еді. Сауран қаласының халқы қазақтың біріккен қалың қолын көрісімен-ақ Мұхаммед Сауранды билеуге қалдырған туыстарын қамап ұстап алды⁴. Бұрындық хан Сауранды қайтарып алған соң Мұхаммед Шайбанидың тиянағы Отырар қаласының қамалын қоршады. Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд Ташкенттен Мұхаммед Шайбаниды құтқаруға көмек жіберген-

¹ «Шайбанинама», 14-бет.

² Б. А. Ахметов «Көшпенді өзбек мемлекеті», 146-бет.

³ К. А. Пишулина «14-ғасырдың ортасы — 16-ғасырдың басындағы Шығыс оңтүстік Қазақстан», 269-бет.

⁴ «Фатигнама», В 115-бет.

діктен, қазақтар Отырар қамалын қоршауды тоқтатты. Мұхаммед Шайбани хан қазақтармен бітім жасады.

Мұхаммед Шайбани Сырдария бойындағы қалаларды алуға және атасы Әбілхайырдың Дешті Қыпшақта құлаған үстемдігін қайта орнатуға ұмтылып, қазақтармен 30 жыл соғысты. Ол осы соғыстарда бірде Әмір Темір әулетіне, бірде ноғай мырзаларына, ақырында Моғолстан хандарына сүйенді.

Бұл соғыстар Сырдария жағасындағы отырықшы-егінші аудандар мен қалаларды қатты күйзеліске ұшыратты. 15-ғасырдың ақырында Отырар, Яса (Түркістан), Аркөк, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлегі Мұхаммед Шайбаниға қарады да, Сығанақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігінде қалды. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд биледі¹.

Қазақ хандығы шаңырағы көтерілген батыс Жетісудағы иеліктерін және Сырдария бойындағы отырықшы-егіншілік аудандары мен сауда, қолөнер және мәдениет орталығы болған Сығанақ, Созақ, Сауран қалаларын саяси, шаруашылық және әскери тірек еткен қазақ хандары Дешті-Қыпшақты басып алуға ұмтылғандардың бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктерін едәуір ұлғайтты. Қазақ хандарының билігінің нығаюы Шайбани ханды Дешті-Қыпшақ тайпаларының біраз бөлегімен Мауараннахрға ығысуға мәжбүр етті². Ол 1500-жылы ондағы Әмір Темір әулетін талқандап, Мауараннахрды жаулап алды да, Шайбани әулетінің негізін қалады. Бұл дәуірде, феодалдық қайшылықтардың шиеленісуі, түрлі феодал-шонжарлар арасында үкімет билігіне таласқан ішкі қырқыстардың күшейуі, толассыз соғыстардың халық шаруашылығына тигізген зардабы салдарынан туылған халық бұқарасының наразылығы нәтижесінде ауыр дағдарысқа тап болып отырған Мауараннахр билеушілері (Әмір Темір әулеті) пәлендей қырпулы қарсылық көрсете алмай, топырақтай тозып кетті. Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп Мауараннахрға енген көшпелі тайпалар да бірте-бірте жергілікті отырықшы халыққа сіңіп, олардың тілі мен мәдениетін қабылдап, өздерінің бұрынғы (Дешті-Қыпшақтағы) өзгешеліктерінен бірте-бірте айырылды. Бұл көшпелі тайпалар Дешті Қыпшақтан ала келген «өзбек» деген атау бірте-

¹ «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 262-бет, Алматы, 1979.

² К. А. Пишулина «Қазақ хандығы», «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 282—286-беттер.

бірте Мауараннахрдың байырғы тұрғындарына жалпыласты. Бірақ олар «өзбек» деген аты болмаса, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне ықпал жасай алмаған»¹.

15-ғасыр мен 16-ғасырдың өліарасында (1500-жылы) Мұхаммед Шайбани (Шайбах) ханның Дешті Қыпшақтан ығысып барып қос өзен аралығын (Мауараннахрды) жаулап алуы Орта Азия тарихындағы, әсіресе қазақ пен өзбек үшін елеулі оқиға болды. Бұл ең алдымен қазақ хандығының жерін кеңітіп, беделін арттырып, ерікті елдігін нығайтты. Бұрынғы дәуірлерде бытыраңқы болып келген қазақ тайпаларының басын бір жерге қосуға, қазақтың этникалық территориясын біріктіруге, сонау 6—7-ғасырдан басталған қазақтардың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Бұрын Ақ Орда мен Әбілхайыр хандығында қолданылған «өзбек-қазақ» деген жалпы атау бірі-бірінен ажырады. «Қазақ» термині бірте-бірте Дешті-Қыпшақ пен Жетісуда қалыптасқан халықтың тұрақты атына айналды. «Өзбек» термині Мұхаммед Шайбаниға еріп кеткен тайпалардың этникалық атауы ретінде Орта Азияда ғана қолданылатын болды»².

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ КҮШЕЙУІ ЖӘНЕ КЕҢЕЙУІ

Шыңғысхан ұрпақтары үстемдік еткен Алтын Орда, Ақ Орда, Шағатай хандықтарының ыдырауына байланысты Дешті Қыпшақ даласы мен Орта Азия өңірінде жарыққа шыққан ұйтқымалы ұсақ хандықтардың және осы хандықтардың тәж-тағына таласқан хандар мен сұлтаннар басқарған түрліше феодалдық топтардың тынымсыз қырқыстарынан, соғыстарынан қанжілік болған халық бұқарасы бұл тартыстарды тиятын, аласапыранды аяқтатын біртұтас үкіметті арман етті. Бұл өз алдына бейбіт өмір өткізуді аңсаған қазақ халқының көкейтесті мүддесі еді.

Қазақ хандығының құрылуы мен нығайуы ішкі феодалдық қырқыстар мен аласапырандылықты аяқтатты, үнемі ер өліп, өріс бұзылып отыратын тайпалық талас-тартыстарға тыйым салды. Ел ішінде бейбіт береке орнады. Мұның өзі көшпелі шаруалардың бұрыннан қалыптасқан дағдылы дәстүрге бай мал жайылыстарынан мерзім бойынша тиім-

¹ «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», 72-бет, А., 1971.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 664-бет.

ді пайдалануын, дер кезінде өріс-қоныс, жайлау-қыстауларына көшіп-қонуын, бейбіт өмір өткізіп, өндіріспен шұғылдануын қамтамасыз етті. Сөйтіп, әлеуметтік өндіргіш күштерді өсірді. Бұл жағдайлар қазақ хандығының белін бекемдеп, беделі мен күш қуатын арттырды. Қазақ хандығында өмірдің оңала бастағандығын көрген қазақ тайпалары басқа хандықтардың (Ноғай одағының, Моғолстанның, Сібір хандығының) телімінен құтылып, қазақ хандығына қосылуға талпынды. Бұл қазақ тайпалары мен олардың этникалық территориясын біріктіруге тиімді болды.

«15-ғасырдың ақыры мен 16-ғасырдың алғашқы он жылдыقتарында қазақ халқын құрайтын негізгі этникалық топтардың мемлекеттік бірлестігі халықтың бірігу барысын жеделдете түсті. Әбілхайыр мен Ақ Орда хандықтарына қарағанда Қазақ хандығының ерекшелігі — оның анағұрлым кең де берік этникалық негізі — қалыптасқан қазақ халқы болды»¹ Маңғол шапқыншылығынан кейін барлық қазақ рулары мен тайпалары Жетісуда алғаш рет бір мемлекетке біріктірілді. Қазақ хандығы нығайып, халқының бірігу барысы жеделдеумен бірге, оның «қазақтар» деген атауы да бекіді². «Қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы Қасым ханның тұсында (1511—1523) одан әрі нығайды. Қасым хан феодал ақсүйектердің қарсылығын әлсіретіп, әскери қуатын арттырды. Өзіне қарасты қазақ жерін кеңейте түсті. «Тарих-и-Рашиди», «Шайбанинама», тағы басқа деректемелердегі мәліметтерге қарағанда, қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары қазақ хандығына Қасым хан тұсында біріктірілген»³. «16-ғасырдың екінші он жылдығында Қасым хан ұлан-байтақ қазақ территориясын өз қол астына қаратты. Бұл кезде хандықтың (Қазақ хандығының) шекарасы оңтүстікте Сырдария алабын қамтып, Түркістан аймағындағы (Сырдария бойындағы) қалаларды басып алды. Шығыс оңтүстікте оған Жетісу жерінің дені (Шу, Талас, Қаратал, Іле өзендерінің алабы) қарады. Солтүстік және шығыс солтүстікте Ұлытау өңірі мен Балқаш көлінен асып, Қарқаралы тау тарамдарына дейін жетті, батыс солтүстікте Жайық өзенінің алабын қамтыды (Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы Бұрындық хан тұсында —1518-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 8-том, 664-бет.

² К. А. Пишулина «Қазақ хандығы», «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 385-бет.

³ К. А. Пишулина «Қазақ хандығы»

жылы қарады делінсе, кейбір деректе 1523-жылы Қасым ханның 70 жасында қарады делінеді)³. Осы кезде Қасым ханның қол астына қараған халықтың саны 1 миллион адамға жеткен.²

Бастапқы кездерде қазақ хандығының саяси-әкімшілік және сауда экономикалық орталығы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болды. Бұдан бұрын қазақ даласын билеген мемлекеттердің — Ақ Орда мен Әбілхайыр хандығының да орталықтары осы қала болған еді. Түркістан қаласы қазақ хандығына өткеннен кейін қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласы болды, қазақ хандары Түркістан қаласындағы (Ахмет Иассауидың ескерткіші) Ақ сарайда отырып билік жүргізген. «Түркістан қаласы қазақ хандарының астанасы болған кезде Ақ сарай 200 жылдан астам (16—18-ғасыр) хан сарайы қызметін атқарған».¹ Қазақ хандығына қарасты қалаларда ел билеген хан, сұлтан, төрелерден тыс, қазақ саудагерлері мен қала тұрғындары да болған. Сол кездегі Түркістан қаласы туралы Таушымерген былай дейді: «Түркістан қаласы күйдірілмеген кірпіштен салынған, ал кейбір жерлерінде күйдірілген кірпіштен салынғандары да бар; бұл қаланың биіктігі 3 сажын, қалыңдығы екі кез және бір сажын келеді (қаланы айнала қоршаған қорғанды айтып отыр), қаланың аумағы 500 сажындай болады, қабырғаларда оқ ататын ұялар жасалған, бұл қаланың өзінде биік мұнара бар, қалаға кіретін төрт қақпасы бар, ол қалада мың адамдай қазақтар тұрады, сол қаланың өзінде олардың заңы бойынша мешіт салынған, ал Түркістан қаласының айналасы ашық дала».

Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттік беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қазақ хандығы өз кезінде өмір сүрген Орта Азия хандарымен, Еділ бойындағы елдермен, батыс Сібір хандығымен және орыс мемлекетімен сауда-саттық және дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Қазақ хандары әр дәуірде елдің ішкі-сыртқы жағдайында туылған өзгерістерге үйлесіп, икемді сыртқы саясат қолданылып отырды. Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек, Керей, Бұрындық хандар Ақ Орданың атақты ханы Ырыс ханның

¹ «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 270-бет, Алматы, 1979.

² Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», 46—174-беттер.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 1-том, 643-бет

мұрагерлері, Алтын Орда мен Ақ Орданың 200 жыл ел билеген дәстүрін дамытушы, әскери-саяси және дипломатиялық күрес тәжірибелеріне бай адамдар еді. Ал Қасым хан өте-мөте үздік шыққан мемлекет қайраткері ретінде танылды. Қазақ хандығы алғашында Моғолстан мемлекетімен достық-одақтық қарым-қатынас орнатып, Әбілхайыр ханның Жетісуға төндірген қаупіне және ойрат-жоңғар тайпасы Амасанжының Моғолстанға жасаған шабуылына қарсы күресті, Ноғай одағы, Сібір хандығы тағы басқа Жошы тұқымынан шыққан хандармен одақтаса отырып, Әбілхайыр ханның мұрагері Шаих Хайдарды жеңді. Мұхаммед Шайбаниға қарсы күресте Әмір Темір әулетінен шыққан Мұхаммед Мәзит Тарханмен одақтасты. Сөйтіп, сыртқы саясаттарда жеңіске жетіп отырды.

Қазақ хандығы Қасым хан тұсында орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас жасап, батыс Еуропаға танылды. Ұлы князь Василий III тұсында (1505—1533) Москва княздығымен дипломатиялық байланыс орнатты. Қазақ халқы дербес халық ретінде батыс Еуропаға әйгілі болды. Австрия дипломаты Сигизмунд Герберштейн өзінің жазбаларында бұл жайтты баяндады.¹

Қасым хан алғашқы қазақ заңы — «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан ғұрып-әдет ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Соның үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталады. Қасым ханның қазақ хандығын күшейту, қазақ тайпаларын және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолындағы жеңістері елдің іш-сыртындағы беделін арттырып, атақ-даңқын асыра түсті. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарихи-Рашиди» атты кітабында; «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай күдіретті ешкім болған емес. Бұрындықты тіпті ешкім де елең қылған жоқ», дейді. Әсіресе қазақ хандығының Сырдария жағасындағы қалалар үшін жасаған күрестерінің жеңістері Москва мемлекетіне дейін естіліп жатты. Москва елшісі Данила Кубин 1536-жылы Ноғай ордасынан былай деп жазған екен: «Патша ағзам, жұрт қазақтарды тіпті күшті деседі. Патша

¹ «Қазақ ССР тарихы», 274-бет, Алматы, 1979.

ағзам, Ташкент ханзадалары қазақтармен екі рет соғысыпты, ал қазақтар оларды жеңіп кетіпті».¹

Қазақ хандығы өзінің төңірегіндегі елдермен, әсіресе Орта Азияның отырықшы қалалы аудандарымен саудасаттық жасап отырды. 16-ғасырдың жазба деректері: қазақ саудагерлерінің «үнемі ислам елдеріне бұрын да, қазір де барып отырғанын» атап көрсетеді...² Бұл саудагерлер егіншілік пен қолөнер өнімдеріне өздерінің мал немесе мал шаруашылығының шикізаттарын ғана айырбастап қойған жоқ, сонымен қатар қазақтардың үй кәсібінің өнімдерін де, мәселен, жүннен тоқылған шекпендерді айырбастап отырды; бұл жүн шекпендерді, Сейфидің айтуына қарағанда, Бұхарадан жұрт «атлас шапанды сатып алатындай бағамен сатып алады, олар соншалық әсем, биязы келеді»³. Бұл мысалдар қазақ хандығының әскери-саяси жақтан ғана емес, экономикалық жақтан да оңала бастағандығын көрсетеді.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ МЕН МАУАРАННАХРДАҒЫ ШАЙБАНИ ӘУЛЕТІ АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫСТАР

Қазақ хандығының күшеюі және кеңеюі Мауараннахрды билеген Шайбаниларды қатты шошытты. Олар: қазақтар Мауараннахрға басып кіреді, бұдан бұрын Мұхаммед Шайбанидың өз істегенін істеп жергілікті халықтың билеушілерге наразылығын пайдаланып үкімет билігін тартып алады деп қауіптенді. Соның үшін, Мұхаммед Шайбани хан Қазақ хандығына соққы беру үшін экономикалық қыспаққа алу саясатын қолданды. Өзіне қарасты жердегі халықтың қазақ саудагерлерімен сауда жасауына тыйым салып жарлық шығарды және қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық берді. Бұл жөнінде тарихшы Розбехан Исфাহани былай дейді: «Түркістанның халқы қазақ саудагерлерімен ешқандай сауда келісімін жасамасын, олармен осы жердің тұрғындары арасында ешқандай қарым-қатынас және саудагерлердің араласуы болмасын деп ұлы мәртебелі

¹ В. В. Веняминов-Зернов «Қасым хан жайындағы зерттеу», 230-бет.

² «Михманнами Бұхара», 88-бет.

³ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 180-бет, Алматы, 1957.

хан (Мұхаммед Шайбани) жарлық шығарды. Ал тағы бір кезде Түркістанның кейбір аудандары мен Хорезм қалаларындағы қазақ саудагерлерін тонау жөнінде бұйрық та болған еді»¹.

Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға қарсы экономикалық қыспақ саясатын қолданудағы мақсатын Розбехан былай деп баяндайды: «Ұлы мәртебелі тақсырдың (Мұхаммед Шайбани ханның) өзіне қарасты уәлаяттарға қазақтардың келуіне тыйым салуды ойлаған себептері болды. Қазақтар келсе, бұл уәлаяттардағы шалқыған сәнді өмірді, өзбектердің артықшылықтарын өз көздерімен көрер еді. Өзбектердің бүкіл осы игіліктерін көріп, осылар үшін өзбектермен қиян-кескі ұрыс-керіс, жанжал шығара көрмесін, өмірді гүл жайнататын нәрселердің бәріне және алуан-алуан жемістердің рақатын көруге өздері араласу үшін, осы уәлаяттарды жаулап бағындырып алу мақсатымен соғыс, дау-жанжал қылышын қынабын суыра көрмесін, құдайым мұның бетін аулақ қылсын, оларға тойтарыс беру өте қиын іс болар еді; ал қазір олар өзбектердің тұрмысының рақаты тұрмыс екендігін білмегендіктен, өздерінің күй талғамайтын ауыр өмірін, өздерінің тыныштығы мен бостандығының негізі деп есептейді, өзбек халқын белгілі бір жерлерде ғана, тым тар мекенде қысылып отырған халық деп біледі, оны өз үйлерінің тұтқыны деп қарайды, ешқандай қадірлеуге тұрмайтын адамдар деп қарайды»². Бірақ оқиғаның барысы Мұхаммед Шайбанидың көздеген мақсатынан мүлде керісінше болды. Қазақтардың Орта Азияның отырықшы халықтарымен сауда жасауына тыйым салу саясаты шайбанилар мен Қазақ хандығы арасындағы ұзаққа созылған соғысқа да мұрындық болды, қиян-кескі қан төгістердің экономикалық негізіне айналды. Бұл жөнінде Розбехан былай дейді: «Дешті-Қыпшақ хандарының (Қазақ хандарының) қызғаныш тамырлары бүлкілдеп соға бастады. Шынында да оларға бір анық керек болған нәрсе киім-кешекке қатты мұқтаждық болуының салдарынан, мұның негізі кербас (мақта-мата) болғандықтан, ал киім мен кебін жұртқа керек нәрсе ғой, олардың ұлы мәртебелі ханның (Мұхаммед Шайбанидың) иеліктеріне басып кіруі керек болды»³.

¹ Фазлоллабин Розбехан Исфահани «Михманнами Бұхара», 101-бет, Москва, 1976.

² Бұл да сонда, 202-бет.

Мұхаммед Шайбани хан қазақ хандығына экономикалық қыспақ жасаумен бірге қазақ жеріне бірнеше рет тонаушылық жорық жасап талан-тараж жүргізді.

1503—1504-жылдары қалың қол бастап аттанған Мұхаммед Шайбани Түркістан аймағына жорық жасап, оның солтүстік шекарасына дейін жетіп талан-тараж жүргізді. 1505—1506-жылдары тағы да самсаған сары қолды бастап Самарқаннан жорыққа аттанып, Түркістан аймағы арқылы «қазақ жерлерінің шетіне жетті, Сығанақ қаласын айналып өтіп, Сырдария алқабындағы қазақтардың қысқы қоныстарының (қыстауларының) орталығы Қарабалға дейін барды»¹. Бұл жолы да қазақтарды шауып-шаншып қыруар мал-мүлік тонап әкетті. Бұл мезгілде Сырдария алқабы мен ондағы қалалардың бірсыпырасы Жәнібек ханның баласы Жаныш сұлтанның ұлысына қараушы еді². Жорықта талан-таражыға душар болғандардың көбі осы Жаныш сұлтан ұлысына қарасты қазақтар болды. Мұхаммед Шайбаниден кек қайтаруға қамданған Жаныш сұлтанның баласы Ахмет 1508-жылы 50 мың атты әскермен Мауараннахрға әскери жорық жасап, шайбанилардың орталық қалалары Самарқан мен Бұхараға шабуылдап, бұл қалалардың төңірегіндегі қыстақтарды ойрандады, Дабуси қаласын қиратты, бұлар да бейне Мұхаммед сияқты талан-тараж жүргізіп, ырғын олжа, көп тұтқын алып мекендеріне қайтты. Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға қарсы ғазуат жариялап, өш алуға қылыш қайрады. 1509-жылы қаңтарда қалың қолмен жорыққа аттанып, Аркөк, Озгент және Яса (Түркістан) қалаларын басып өтіп, тағы да Сырдария алқабындағы қазақ қыстауларының орталығы Қарабалға жетті. Бұл кезде Жаныш сұлтан қыстауында еді. Розбехан Исфahanидың айтуына қарағанда Жаныш сұлтан ұлысында 100 мың адам, 30 мың жарақты жауынгер бар еді³. Бірақ Жаныш сұлтан тұтқиылдан жасаған шабуылдан күйрей жеңілді; Жаныш сұлтанның баласы Ахмет соғыста қолға түсіріліп өлтірілді⁴. Бұл шабуыл кенеттен жасалғандықтан қыстауларына бытырап кеткен қазақ сұлтандары мен хандары Жаныш сұлтанға кезінде көмек бере алмай қалды. Жеңіліске ұшыраған қазақтар Бұрындық сұлтанға қашып кетті. Мұхаммед Шайбани хан Дешті-Қыпшақ даласына ішкерілей кіріп,

¹ Фазлоллабин Розбехан Исфahanи «Миһманнами Бұхара», 92-бет.

² Бұл да сонда.

³ «Миһманнами Бұхара», 96-бет.

⁴ Бұл да сонда, 99—100-беттер.

Бұрындық ханды іздеді, бірақ таба алмай қайта қайтты. Мұхаммед Шайбани жортуылшы әскерлері бейбіт жатқан қазақ халқын қырып-жойып, тонады, қазақтардың сол кезде жүк салып көшіп жүретін «жылжымалы үйлерінің» (күймелі арба үй) өзінен он мыңдай бұлап алды, сан-санақсыз жылқы, сиыр, қой, түйе тағы басқа мүліктерді олжалап, көптеген тұтқындар алып кетті¹.

1509—1510-жылдың қыс мезгілінде Мұхаммед Шайбани хан тағы бір дүркін қазақ хандығына қарсы жорыққа аттанды. Бұл кезде Қазақ хандығының ең ірі қолбасшысы Қасым сұлтан еді. Мұхаммед Шайбани 1509-жылғы жорығында Қасым сұлтанмен бір шайқаса алмай арманда кетіп еді, бұл жолы Қасым сұлтанмен соғысуға арнайы аттанған болатын. Ол шеру тартып Сығанақ қаласы маңына жетті де, көк кесенеге орналасып, баласы Темір мен немере інісі Ұбайдолла бастаған әскерлерін Қасым сұлтанның ордасы орналасқан Ұлытауға аттандырды. Бұлар барғанда Қасым ордасында жоқ еді. Қасымның ордасын тонап алып, масайрап жатқан Шайбани әскерлеріне қазақ бегі Мойынсыз Қасен бастаған қазақтардың шағын жасағы тұтқиылдан шабуыл жасады¹. Олар үрейленген жауды ес жиғызбай жеңді. Қасым сұлтан қашқан жауды өкшелей қуып талқандады, жорық жолында жеңіліске ұшырап қырығын тапқан Шайбани әскерлерінің қалдығы 1510-жылдың қыс аяғында Самарқанға әрең жетті³. Мұхаммед Шайбанидың бұл жеңілісі нәтижесінде Түркістан қалаларының басым көпшілігі Қасым қолына өтті.

Мұхаммед Шайбани хан бүкіл өмірін жаугершілік жорықпен өткізген жан еді, бұл тынымсыз жорықтарды жабдықтауға жасалған жасақ, ауыр алым-салықтардың ауыртпалығы халық бұқарасын қатты күйзелтті. Оның үстіне Шайбани мемлекеті әскери-әкімшілік бірлестік сипатында болды. Сондықтан оның мемлекеті бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпай жатып-ақ әлсірей бастады. Қазақ хандығына жасаған жорықтан күйрей жеңіліп қайтқан Мұхаммед Шайбанидың еліне Иран шахы Ысмаил I мен оның одақтасы Бабыр (Әмір Темір әулеті) шабуыл жаса-

¹ Фазлолаббин Розбехан Исфәһани «Михманнами Бұхара», 105—107-беттер

² Абдолла ибн Мұхаммед ибн Али Насыролла: «Зүбдат әл-әсар», 93-беттер.

³ Мұхаммед Хайдар «Дулати «Тарих-и-Рашиди», 196-бет, «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 218-бет.

ды. 1513-жылы Мұхаммед Шайбани Мерв қаласының айналасында Ысмаил I-дің әскерлерімен болған сұрапыл соғыста қаза тапты. Әскерлері жеңілді. Сонымен Шайбанилардың қазақ хандығына жасаған әскери жорықтары тоқталды. Қазақ феодалдары мен өзбек феодалдарының үздіксіз соғыстары мен феодалдық талан-тараждары қазақ халқының да, өзбек халқының да түпкілікті мүддесіне қайшы болды. Бұл халықтарға ауыр зиянын жеткізді.

Мұхаммед Шайбани хан өлген соң, оның ұрпақтары үкімет билігі үшін қырық пышақ қырқысқа түсіп, ішкі күреспен айналысты. Бұдан былайғы 20 жылдан астам уақыт бойына Орта Азия өзара қырқысқан феодалдық топтардың кескілескен күрес майданына айналды. Бір-бірімен жауласқан феодалдық топтардың бір жағының басында Шайбанилар, енді бір жағының басында Заһирдин Мұхаммед Бабыр болды. Қазақтың Қасым ханы олардың арасындағы қиян-қырқыстар мен қайшылықтарды дер кезінде пайдаланып, оңтүстік Қазақстанда өзінің билігін нығайтты. Өзара жауласқан феодалдар қазақ ханы Қасымнан көмек сұрады. Кейбіреуі Қасым ханға келіп паналады. 1502-жылы Шайбанилардың шабуылынан қорғануға шарасыз қалған Сайрам қаласының билеушісі (Бабырдың қойған адамы) Кәттебек шабуыл қаупінен құтқаруды тілеп, Сайрам қаласын өз қолымен Қасым ханға өткізіп берді. Сөйтіп, Сайрам қаласы қазақ хандығына қосылды.

16-ғасырдың басында Моғолстан ханы Жүністің ұрпақтары арасындағы өкімет билігіне таласқан алауыздықпен ішкі феодалдық қырқыс және феодалдық қанау шиеленісіп, ақырында Моғолстан мемлекетінің ыдырауына әкеліп соқты. Моғолстанның орталық өңірі — Жетісу жерінің көбі және оны мекендеген қазақ тайпалары Қазақ хандығына қосылды. Ыстықкөл алабындағы қырғыз тайпалары Моғолстаннан бөлініп, дербес саяси иелікке айналды. Моғолстан хандарының ұрпағы сұлтан Сағид хан іс жүзінде Моғолстанның батыс оңтүстік өңірін ғана биледі, ол қазақ ханы Қасыммен одақтасып Шайбани әулетіне қарсы күресуді, Мауараннахрға әскери жорық жасауды мақсат етті. 1513-жылдың күзінде сұлтан Сағид хан Шу өзенінің алқабын жайлап отырған Қасым ханға келді. Ол Қасым ханның ордасында 20 күн қадырлы қонақ болып, Шайбаниларға қарсы жаңа жорық ұйымдастырып Мауараннахрға аттануды, Ташкент қаласын жаулап алуды Қасым ханмен кеңесті. Бұл кеңесте әйгілі тарихшы «Тарих-и-Рашидидың» авторы Мұхаммед Хайдар Дулати да бірге болды. Бірақ Қасым

хан Шайбаниларға қарсы жаңа жорық жасаудан бас тартты. «Қырдағы елдің қыс қамын күйіттеп қыстауларына көшетін уақыты болды. Бұл жасақ сайлауға қолайсыз мезгіл» деп жауап берді¹.

Қазақ хандығын нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсаған Қасым хан қайтыс болғаннан соң (1523) оның мұрагерлері арасында өкімет билігіне таласқан ішкі енжарлық пен феодалдық қырқыстар туды. «Тарих-и-Рашидидың» авторы Мұхаммед Хайдар Дулати айтқандай: «Қазақ сұлтандары арасында дау-шар басталды». Қасым ханның баласы Мамаш әкесінің орнына болып (1523), көп ұзамай өзара қырқысқан ұрыстардың бірінде қаза болды. Бұдан соң Қасымның немере інісі Таһир хан болды (1523—1533).

Таһир хан әскери-саяси істерге олақ, дипломатиялық дарыны жоқ, қол астындағыларға катал, қытымыр адам еді. Ол ішкі енжарлық пен феодалдық қырқыстарды тия алмады, бұған қарамастан төңіректегі елдердің бәрімен жауласты. Қазақ хандығымен үнемі дұшпандасып келе жатқан Шайбани әулетімен ғана емес, қазақ хандығының сенімді одақтасы болып келген Ноғай ордасындағы маңғыт мырзаларымен де, Моғолстан хандарымен де жауласты.

Ішкі саясатта халыққа рақымсыз қаталдық істеу, сыртқы саясатта дос пен қасты айырмай төңіректің төрт бұрышымен түгел жау болу оны жеңіліске ұшыратты.

Таһир ханның Ноғай одағымен жасаған соғысы сәтсіздікке ұшырады, нәтижеде, Ноғай одағын билеген маңғыт мырзалары қазақ хандығының батыс және орталық Қазақстан өңіріндегі бірқыдыру жерлерін басып алды². Таһир хан 1524-жылы шығыс Дешті Қыпшақ даласынан оңтүстікке қарай ығысуға мәжбүр болды, бұл жеңіліс және феодалдық қанаудың күшейуі халықтың Таһир ханға наразылығын тудырды. Ол өзінің қазақ арасындағы билігін нығайту үшін, Ташкент билеушісі Келді Мұхаммед сұлтаннан (Сүйініш қожаның баласы) көмек сұрады. Ол Таһирға көмек көрсетті. Таһир хан бұл көмекке сүйеніп біршама нығайып алған соң қырғыздардың билеушісі Мұхаммедпен одақтасып, Ташкентке жорық жасауға

¹ «Тарих-и-Рашиди», 176—177-беттер. «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 225—227-беттер, 1969.

² «Тарих-и-Рашиди», 76—243-беттер, «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 214—216—217—231-беттер.

дайындалды. Мұны білген Келді Мұхаммед Таһирдан бұрын қимылдап, Талас өзені алқабы арқылы қазақ жеріне басып кірді. Бұл мезгілде Таһир хан Түркістан қаласында болатын. Шайқас Түркістан қаласының түбінде болды. Қырғыз жасақтары көмекке жетіп келгенше, Таһир әскерлері жеңіліп шегінді. Қазақ хандығының Сырдария алқабындағы жерлерінің бір бөлігі Шайбани әулетінің Ташкентті билеуші сұлтаны Келді Мұхаммедтің билігіне өтті¹.

Енді Таһир хан Қазақ хандығының оңтүстік шекарасынан одақтас іздей бастады. Бұл кезде алты шаһарды билеп тұрған сұлтан Сағид хан бұл жағдайды пайдаланып, Таһир ханды Шайбани әулетіне және Ноғай ордасын билеген маңғыт мырзаларына қарсы соғысқа айдап салмақ болды.

Таһир хан бұлай істемеді. Ол кезде бұрынғы Моғолстан хандарының ұрпағы сұлтан Сағид хан мен оның баласы Әбдірашит хан Жетісу жері мен Тянь-Шань өңірінде өз билігін қайта орнату ниетінде еді. Жетісу өңірінен айрылса өзіне табан тірер жер қалмайтынын сезген Таһир хан 1523—1524-жылдары құрылған Қазақ-қырғыз одағын одан әрі нығайтып, 1525-жылы моғол билеушілеріне тойтарыс берді де, 1526-жылы Жетісуді қолынан шығармай ұстап, Іле алқабындағы Күнес, Қас өзендерінің бойына дейін көшіп-қонып жүрді¹.

Таһир хан қазақ хандығының барлық жеріне түгел билік жүргізе алмады. Таһир ханның тұсында феодалдық қанаудың күшеюінен, оның үстіне Таһирдың қол астындағыларына қаталдығына наразы болған халықтар үнемі одан айрылып көшіп кетіп отырды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» қолжазбасындағы деректердің айтуынша: «Алғашында Таһир хан қол астына қараған I миллион адамнан кейін 400 мыңдай адам қалған, бастапқыдағы он лек әскерден кейін 2 лек әскер қалған екен². 1527-жылдан кейін Таһир хан көбінесе қырғыздарды биледі, ойрат-жоңғар феодалдарының Жетісуға жасаған шабуылына қарсы күресті. Зайнидин Уасфидің «Бадани әл-уақайи» атты еңбегіндегі дерекке қара-

¹ А. А. Семенов «Алғашқы шайбанилар және Мауараннахр үшін күрес», 146—147-беттер.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 10-том, 600-бет.

³ «Тарих-и-Рашиди», 174—243-беттер. «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 222—223—228-беттер.

ғанда, Таһир хан Ыстықкөл маңынан Жотан қорғанын салдырған екен¹.

1533-жылы Таһир хан қайтыс болған соң, қазақ хандығына Бұйдаш (1533—1534) хан болды. Ішкі енжарлық қырқыстар мен феодалдық соғыстар Бұйдаш хан тұсында да туып отырды. 16-ғасырдың 30-жылдарында Бұйдаш ханмен қатар өзге де Қазақ хандары, мәселен, Қазақстанның батыс аудандарында Ахмед хан, Жетісуда Тоғым хан болғаны белгілі². Міне, бұл Қасым хан қайтыс болған соң (1523) туылған ішкі енжарлық пен феодалдық қырқыстар салдарынан Қазақ хандығының үш бөлікке бөлініп кеткендігінен дерек береді.

Қасым хан қайтыс болған соң қазақ хандығында туылған саяси дағдарыс 15 жылға созылды. Ішкі енжарлық қырқыстар мен сыртқы феодалдық соғыстардың ауыртпалығы және күн санап күшейген феодалдық езгі мен қанау халық бұқарасын қатты күйзелтті. Сонымен қатар Қазақ хандығын да әлсіретті.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЙТА ДӘУІРЛЕУІ

Қасым ханның баласы Хақназар (Ақназар) хан (1538—1580) тұсында қазақ хандығы қайта бірігіп дами түсті. Хақназар қазақ хандығын 42 жыл биледі. Қазақ хандығының 300 жылдық тарихында Хақназардай ұзақ жыл ел билеген хан болған емес. Ол ел басқару, қиын-қыстау әскери-саяси істері жағында қажырлы да қабілетті қайраткер болды. Оның үстіне аса күрделі сыртқы жағдайларда дипломатиялық дарыны мол майталман екендігін көрсетті.

Хақназар хан — таққа отырған соң хандық үкіметтің билігін нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсады. Өзінен бұрынғы Таһир хан және Бұйдаш хан тұсында бытыранды жағдайға түскен Қазақ хандығын қайта біріктірді. 1523-1524-жылдары жарыққа шыққан қазақ қырғыз одағын үздіксіз нығайтты, тіпті сол заманның тарихи деректерінде Хақназар хан «қазақтар мен қырғыздардың патшасы»³ деп аталды.

¹ Зайнидин Уасфи «Бадаи әл-уақайи», «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 181-бет, Алматы, 1969.

² «Қазақ ССР тарихы», I-том, 186-бет, Алматы, 1957.

³ Хайдар ибн Әли әл-Хұсайн Рази «Тарих-и-Хайдари», 429-бет.

Ол осы қазақ-қырғыз одағына сүйене отырып, Моғолстан хандарының Жетісу мен Ыстықкөл алабын жаулап алу әрекетіне тойтарыс берді.

Хақназар хандық құрған дәуірде қазақ хандығының сыртқы жағдайында аса ірі тарихи оқиғалар туылды. Бұл кезде батыста күшейе түскен орыс мемлекеті шығысқа қарай ірге кеңейтіп 1552-жылы Қазан хандығын, 1556-жылы Астрахань хандығын Россияға бағындырды. Осы жағдайға байланысты, Еділ мен Жайық арасында ұлан-байтақ өңірді мекендеген Ноғай ордасы ыдырай бастады. Ноғай ордасын билеген маңғыт мырзаларының арасында үкімет билігіне таласқан феодалдық қырқыс үдей түсті, бұл қырқыстар халық бұқарасын қатты күйзелтіп, жаппай наразылық тудырды, Ноғай одағы құлдырап, ауыр дағдарысқа тап болды. |Хақназар хан тұсында Қазақ хандығының күшеюі және халық өмірінің оңалуы, Ноғай ордасына қарасты қазақ тайпаларын қызықтырып өзіне тартты. Ноғай одағына қарасты көшпелі тайпалардың бір бөлегі — қаңлылар, қыпшақтар, тағы басқалар Қазақ хандығына келіп қосылып жатты. Оларды Хақназар хан қарсы алып отырды. Ноғай ордасы билеушілерінің бірі Ысмағыл мырза ішкі феодалдық қырқыста өз ағасы Жүсіп мырзаны өлтірді. Жүсіп мырзаның балалары Ысмағыл мырзамен соғысты. Ноғай ордасында өзара қырқысқан екі топ пайда болды. Ысмағыл мырзаның тобы — Москва княздығына қосылуды жақтады, оған қарсы топ Қазақ хандығына қосылуға бой ұрды. Бұл жағдайды пайдаланған қазақ ханы Хақназар Ноғай ордасының көп ұлысын (бұлардың көбі қазақтың Кіші жүзі — алшын одағына енген тайпалар) өзіне қосып алды. 1557 жылы ноғай мырзасы Ысмағыл орыс патшасы Иван IV-ке: «Менің туыстарым қазір Жайықтың арғы жағында, бізден қалып қойып, қазақ патшасына қосылып кетті»,¹ деп арыз айтты. Хақназар хан Ноғай ордасының ыдырауын пайдаланып Жайық жағалауындағы көшпелі тайпаларды қазақ хандығына қосып алумен ғана тынбады, Ысмағыл мырза бастап, батысқа қарай ауған ноғайларға қуалай шабуыл жасап, оларды одан әрмен ығыстырып, ірге кеңейту әрекетін жасады. Орыс патшасы Иван IV-інің ноғай арасына жіберген елшісі Семен Мальцов 1569-жылы орыс патшасына: «Хақназар патшаның, Шығай ханзаданың, Шалым ханзаданың қазақ

¹ В. В. Веньяминов-Зернов «Қасым хандығы жөніндегі зерттеу», II, 333-б.

ордалары, ал олармен қоса 20 ханзада ноғайға келіп ұрыс болды»¹ деп хабарлаған. Кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда, жоғарыдағы шабуылдар батысқа қарай ауған ноғай тайпаларының Еділ мен Жайық өңірін тастап, Дон сахараларына қарай кетуіне себеп болған көрінеді. Бұл жөнінде тарихшы Ахмет Заки Уәлиди: «1569-жылы Шығай, Хақназар, Шалым сұлтандар бірлесіп, Ысмағылдың баласы Орыс сұлтанға шабуыл жасады, осыдан соң ұзақ тұрмай ноғай мырзалары ақырындап елдерін Жайық пен Еділдің батыс жағына, Дон сахараларына көшіруге, башқұрт елдерін тастауға мәжбүр болды»² дейді. Бұл жеңіс Қазақ хандығының жерін кеңейтіп, күш қуаты мен беделін арттырды, тарихи деректемелерде қазақ ханы Хақназарды «қазақтар мен ноғайлардың ханы»³ деп атаған.

16-ғасырдың ортасында ауыр дағдарысқа ұшыраған Ноғай одағы ішкі феодалдық қайшылықтар мен қырқыстардың және халық бұқарасының феодалдық үстемдікпен қанауға қарсы күрестерінің нәтижесінде бордай тозып, 1569-жылдан соң мемлекет ретінде өмір сүруден қалды. Бұрын Ноғай одағына қараған қазақ тайпалары және олардың этникалық территориясы Қазақ хандығына бірікті. Бұрын Ноғай одағының астанасы болып келген Сарайшық қаласы да қазақ хандығына өтті. Бұл Қазақ хандығының қазақ тайпаларының және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолында жасаған жеңісті қадамдарының бірі болды. Сонымен қатар ноғайлы дәуірінде жасалған немесе жаңғыртылып жырланған қыруар жырлар, «Қырық батыр жыры» сынды алып эпос қазақ мәдениетінің қазынасына қосылды.

Ноғай ордасының ыдырауы, оған қарасты қазақ тайпалары мен олардың мекендеген жерлерінің Қазақ хандығына қосылуы хандықтың батыс-солтүстік және солтүстік жағындағы жағдайда өзгеріс тудырды. Орыс мемлекеті мен қазақ хандығы арасындағы кең өңірді алып жатқан Ноғай одағының ыдырауы, оның бір бөлігінің қазақ хандығына қосылып, енді бір бөлегінің орыс патшасына бағынуы, шығысқа қарай кеңейіп келе жатқан орыс мемлекетінің шекарасын қазақ хандығына жақындата түсті. 1563-жылы Сібір хандығының билігін тартып алған Көшім хан ендігі

¹ В. В. Веньяминов-Зернов «Қасым хандығы жөніндегі зерттеу», II, 333-бет.

² Ахмет Заки Уәлиди «Түрік-татар тарихы», 123-бет, Қазан, 1915-

³ П. П. Иванов «Қарақалпақ тарихының очерктері», 30-бет, 1935.

жерде қазақ хандығына дұшпандық позиция ұстады. Оның үстіне моғол билеушілері мен қазақ хандары арасында да қақтығыстар болып отырды. Осындай күрделі жағдайлармен есептескен Хақназар хан Қазақ хандығының сыртқы саясатын өзгертті. Өзінен бұрынғы қазақ хандары үнемі жауласып келген Мауараннахрдағы шайбани әулетімен одақтастық байланыс орнатуға ұмтылды. Орта Азияның ең ірі қалаларының бірі Ташкентті басып алуға бағытталған әскери қимылдарын тоқтатты. Сөйтіп, шайбани әулетінен шыққан Бұхара ханы Абдолла II-мен қазақ ханы Хақназар «қастаспай дос болып, өзара көмектесу» жөнінде «анттастық шарт» жасасты, Хақназар ханның бұл дипломатиялық шарасы оңды болды.

16-ғасырдың 60-жылдарының соңы мен 70-жылдарының басында соғыс қимылдары тоқтап, бейбітшілік орнады, қазақтардың Орта Азия халқымен сауда-саттық қарым-қатынасы, экономикалық байланысы одан әрі өрістеді. Мұның өзі қазақ хандығының ішкі жағдайын жақсартуға, халқының шаруашылық өмірінің оңалуына тиімді болды. Сонымен қатар Қазақ хандығын да нығайта түсті.

Бұхара ханы Абдолла II (1557—1598) тұсында Ташкент маңын Норозахмет (Барақ) ханның баласы Баба сұлтан биледі. Ол Бұхараға бағынбай өз алдына тұрды. Үнемі Абдолла ханмен соғысты.¹ Сөйтіп, Баба сұлтан Бұхара хандығынан бөлініп шығуға әрекет етті². Қазақ ханы Хақназар өзбек хандарының өзара қырқысына араласып, біресе Абдолла ханды, біресе Баба сұлтанды қолдап екеуін де әлсіретуге, осы арқылы өздеріне үлкен пайда түсіруге тырысып бақты. 1579-жылы Абдолла хан екінші шеру тартып Баба сұлтанға қарсы жорық жасады. Қазақ ханы Хақназар оның Баба сұлтанға қарсы күресін қолдады. Қазақ хандығы осының бодауына Абдолла ханнан Түркістан аймағындағы бірнеше қаланы қайтарып алды³. Бұдан кейін Ташкент билеушісі Баба сұлтан қазақ хандығына Түркістан, Сауран қалаларын бергенде, қазақ сұлтандары бір мезгіл Баба сұлтанды қолдады. 1579-жылдың екінші жартысында қазақ сұлтандары әскерлерімен Ташкентке келді. Олар қайтадан Абдолла жаққа шықпақ болып, Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы астыртын әрекет

¹ А. З. Уәлиди «Түрік-татар тарихы», 124-бет, Қазан, 1915.

² «Өзбек ССР тарихы», I-том, 458-бет, Ташкент, 1967.

³ «Шарафнами шаһи», 261—262-беттер. «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 246—247-беттер.

істеді. Бірақ бұл астыртын әрекетті сезген Баба сұлтан қазақ сұлтаны Жалымды, оның екі ұлын, Хақназар ханның екі ұлын өлтірді. Іле-шала оның астыртын жіберген адамы 1580-жылы Хақназар ханды өлтірді.

✓ Хақназар хан қаза болған соң, оның орнына Жәдік сұлтанның баласы Әз Жәнібек немересі Шығай (1580—1582) хан болды. Ташкент билеушісі Баба сұлтанның қазақ ханы Хақназар мен Жалым сұлтанды өлтіруіне өшіккен Шығай хан және оның баласы Тәуекел сұлтан Бұхара ханы Абдолла Пішімен тізе қоса отырып, Баба сұлтанның көзін жоюға кірісті. Бұл жорықта қажырлы қайрат көрсеткен Шығай хан мен Тәуекел сұлтанға Абдолла хан мейлінше разы болып, Хожент деген жерді сыйлыққа берді². 1581-жылы жазда Абдолла хан қазақтың хан-сұлтандарымен бірлесіп, Баба сұлтанға қарсы жорық жасады. 1582-жылы Абдолла хан тағы да қазақ ханы Шығай және оның баласы Тәуекел сұлтанмен күш біріктіріп, жорыққа аттанды. Баба сұлтан жеңіліп, Дешті-Қыпшақ даласына қашты, өзбек, қазақ әскерлері Баба сұлтанды Сарысуға, Ұлытауға дейін қуды. Шығай хан сол жорықта қайтыс болды³.

1582-жылы маусым айында Түркістан қаласының түбіндегі шайқаста Тәуекел бастаған қазақ қолы Баба сұлтанды мүлдем талқандап, оның басын алды. Баба сұлтанның баласын және әскер басы әмірлерін тұтқынға алып, Баба сұлтанның басымен бірге Абдолла хан II-шіге тапсырды. Қас жауын жойғанға қатты риза болған Абдолла хан Самарқан өлкесіндегі Афоикент уалаятын Тәуекелге тарту етті. Сырдария алабындағы қала бекіністерді — Сауран, Түркістан, Отырар, Сайрам, т. б. бұрынғыша қазақ хандығына қалдырды. Бірақ 1583-жылы қазақ ханы Тәуекел Бұхара ханы Абдолламен жасасқан «анттастық шартты» бұзып, Ташкентке шабуыл жасады. Сонымен қазақ феодалдары мен өзбек феодалдарының арасындағы жаугершілік қайта қоздады.

Шығай ханның орнына отырған Тәуекел хан (1586—1598) тұсында Ресей мемлекеті мен қазақ хандығы арасында дипломатиялық қарым-қатынас күшейе түсті. Ресейдің мұндағы мақсаты: Қазақ хандығымен одақтасып, Сібір

¹ «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 301—303-беттер; 253—254-беттер.

² «Шарафнама шаһи», 321-бет.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 12-том, 302-бет.

ханы Көшімге қарсы күресу, осы одақтастықты пайдаланып, Орта Азия хандарымен келіссөз жүргізу, Тәуекел хан мен Иран шахы Аббас I арасында Бұхара хандығына қарсы одақ құрғызу еді. 1594-жылы қаңтарда орыс патша үкіметі Тәуекел ханға әскери көмек көрсетпекші болды¹. Тәуекел ханның інісі Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммед пен әйгілі қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыри 1588-жылы Ертіс бойында тұйғын салып жүргенде орыс әскерлері ұстап әкетіп, Москваға апарып, «барымта» ұстап тұрған еді. Тәуекел хан өз ұлы Құсайынды Москваға аманатқа беріп, ондағы Оразмұхаммед сұлтанды қайтарып алмақ болды. Тәуекел хан 1595-жылы көкек-маусым айларында В. Степанов бастаған орыс елшілігін қабылдады. Сөйтіп орыс мемлекеті мен қазақ хандығы арасында Сібір ханы Көшімге және Бұхара ханы Абдоллаға қарсы одақ қалыптасты.

Бұл кезде ойраттардың бір бөлігі Тәуекел ханға тәуелді болды. Тәуекел хан Москваға жолдаған грамотасында өзін қазақтар мен қалмақтардың патшасы деп атады. 1597—1598-жылы қыста Мауараннахрда Абдолла хан мен оның баласы Абдылһүмин арасында туған қырқысты пайдаланып, қазақ ханы Тәуекел Ташкент қаласының түбінде Абдолла ханның әскерін талқандады.

1598-жылы наурызда Абдолла хан қайтыс болып, Абдылһүмин хан болды. Иран шахы Аббас² оған жаулық ойлады. Осы орайды пайдаланған Тәуекел хан шапқыншылық соғыс қозғап, жүз мыңнан астам қазақ әскерімен Мауараннахрға басып кіріп, Ахси, Әндижан, Ташкент, Самарқан қалаларын басып алды. Тәуекел хан өзінің туысы Есім сұлтанды 20 мыңдай әскермен Самарқанда қалдырып, өзі 70—80 мың әскерімен Бұхараны алуға аттанды. Қазақ әскерлері Бұхараны 20 күн қоршады. Қала бекінісі түбіндегі бір шайқаста Тәуекел хан ауыр жараланып, Ташкентке қайтып келіп қаза болды. Тәуекел ханның орнына хан болған Есім хан (1598) Бұхара мен Самарқанның билеушісі Мұхаммед сұлтанмен бітім шартын жасасты³. Бұхармен жасасқан шарт негізінде: «Ташкент қаласы атырабымен қоса 200 жыл бойына қазақ хандығының билігінде болды»⁴.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 10-том, 622-бет

² Искандар Мұнши «Тарихи алаһарайы Аббаси», 409-бет, Тегеран, 1314 (һижра).

³ Бұл да сонда.

⁴ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 201-бет.

Осы кезде болған ірі тарихи оқиға — Көшім хан билеген Сібір хандығының жойылуы еді. Ресейден Сібірге жорыққа аттанған Ермактың жасағы 1582-жылы 1-қазанда Қуаш тауында Сібір ханы Көшімнің әскерлеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, оны жеңіліске ұшыратты. Көшім өз әскерлерімен оңтүстікке шегініп, 1598-жылға дейін орыс әскерлеріне табанды қарсылық көрсетті. Бірақ Көшім көмексіз қалған еді, бұл кезде Көшімнің Орта Азиядағы одақтасы Шайбани әулеті құлап (1598), оның орнын Аштархан әулеті (1599—1735) басқан еді. Ақырында біржолата жеңілген Көшім Орта Азияға қашып кетті де, 1598-жылы Сібір хандығы жойылды. Бұрын Сібір хандығының қол астына қараған қазақ тайпалары қазақ хандығына бірікті.

Қазақ хандығы құрылудан бұрын 4 хандыққа — Әбілхайыр хандығына, Моғолстан хандығына, Ноғай одағына және Сібір хандығына қараған қазақ тайпалары енді, Қазақ хандығына бас қосты. Қазақтардың этникалық территориясы Қазақ хандығына бірікті. Қазақ хандығы қазіргі Қазақстан территориясын түгелге жуық қамтыды. Бұл бұрыннан басталған қазақтың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатты.

17-ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

1598-жылы Тәуекел хан қайтыс болған соң орнына отырған Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болды, оған бұл атақ 1598-жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауараннахрға жасаған жорықта ерекше көзге түскені үшін берілген екен¹. Есім хан — Шығай ханның баласы, ол бұрын Қазақ хандығының Түркістан қаласындағы хан ордасында тұрған. Хан тағына отырған соң Бұхарамен бітім-шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт, экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңды құрастырды. Есім ханның қазақтарды бір орталыққа бағындыру саясатына қарсы болған сұлтандар Қазақ хандығын бөлшектеуге тырысты.

Ташкент қаласы қазақ хандығына қараған соң, оны Жәнібек ханның немересі, Жалым сұлтанның баласы Тұр-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 201-бет.

сын Мұхаммед сұлтан басқарған еді. Ол көп ұзамай тәуелсіз хан болуға әрекет жасады. Тіпті өз атынан ақша соқтырып, «бажы және хараж» алым-салықтарын жинады¹. Сонымен, қазақ хандығын екіге бөліп, Түркістан қаласын орталық еткен Есім хан, Ташкент қаласын орталық еткен Тұрсын хан билеген еді. Бұлардың арасында соғыс қақтығыстары болды. Бұл екі жақ ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ билеушілерінен өздеріне одақтас-жақтастар іздеуге кірісті. Есім хан тобы Яркент хандығына қарсы болып Тұрпанды билеген Әбдірахим ханмен одақтасты. Ал Тұрсын Мұхаммед хан жағы Яркент билеушісі Шажайдін Ахметтің жақтасы болды². Бұлармен одақтасып отырған Әбдірахим мен Ахметтер де бір-бірімен жауласып отырған билеушілер болатын. Есім хан өзіне мықты сүйеніш ету үшін Яркент ханы Әбдірахиммен құдандалық байланыс орнатты. Есім хан Әбдірахимнің қызы Патша ханымға үйленді де, ағасы Күшік сұлтанның қызын Әбдірахимге берді³. Есім хан мен Тұрсын хан арасында күрес шиеленісе берді, 1627-жылы Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, қазақ хандығын өз қол астына біріктірді. Есім ханның феодалдық бытырандылықты жеңіп, Қазақ хандығын біріктіру жолындағы күрестері қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырына өзек болған. Есім хан Ташкент қаласына білдіртпей түнде кіріп, хан сарайының күзетшілерін байлап тастап, Тұрсын ханды қаперсіз ұйқтап жатқанда қапылыста өлтіреді, сонда Есім ханның қасындағы Төлеген (Марқасқа) жырау оны мынадай жырмен оятады:

«Ей, қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірісіп жатырсың,
Қан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Қазаң жетті қапылсың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіңе келіп тұр,
Шашқалы тұр қаныңды,
Кешікпей содан қатарсың!»

¹ «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 316-бет, Алматы, 1969.

² «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 298-бет, Алматы, 1983.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 201-бет.

Есім хан шошып оянған Тұрсын ханның басын алады¹.

«Бахыр әл-асырардың» авторы Махмұд ибн Уәлидің айтуына қарағанда, Есім хан 1628-жылы қайтыс болған². Ал «Қазақ совет энциклопедиясының» мәліметіне қарағанда 1645-жылы қайтыс болған көрінеді³.

Есім қайтыс болған соң орнына Жәңгір хан болған. Жәңгір хан басы үлкен, кеудесі кең, аласа адам болған екен. Сол себепті қазақтар оны «салқам Жәңгір» деп атаған. Жәңгір хан болған тұста ойрат-жоңғарларының көсемі батыр Хұнтайжы күшейген кез еді. Олар қазақ хандығына жорық жасап отырды. Жәңгір хан Бұхара хандығымен одақтасып, Жоңғар феодалдарының шабуылына қарсы күресті. Оңтүстік Шинжаңдағы Яркент хандығымен тату-көршілік қатынас жасап, одақтастық байланыс орнату үшін екі рет елші жіберді, бұл елшілікті Жәңгір ханның балалары Тәуке, Абақ сұлтандар бастап барды. Жәңгір хан қырғыздармен де одақтастық қарым-қатынас орнатуға ұмтылды. Оның мұндағы мақсаты, осылардың көмегіне сүйене отырып, жоңғар феодалдарының шабуылынан қорғану еді. Бұл кезде ойрат жоңғарлары мен Қазақ хандығы арасындағы қарулы қақтығыс күн сайын күшейе түскен болатын. 4

«Қазақ-ойрат қарулы күресінің тууына төменгі жағдайлар себеп болған деген тұжырым жасауға тура келеді. Біріншіден, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан екі жақтың билеушілері үшін көшіп-қонатын жерді кеңейту керек болды; екіншіден, жоңғар феодалдары Сырдария бойындағы сауда орталықтарын басып алғысы келді»⁴. Бұл кездерге қатысты деректемелерге қарағанда, Жәңгір хан дәуірінде қазақтар мен ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас — біріншісі 1635-жылы, екіншісі 1643-жылы, үшіншісі 1652-жылы болған. 1635-жылғы шайқастың немен тынғандығы туралы толық мәлімет жоқ. Бірақ осы шайқаста Жәңгір қолға түсіп, көп ұзамай тұтқыннан қашып шыққан⁵. Ал 1643-жылғы екінші шайқаста қазақтар жеңіп шықты. Оның жайы мынадай болды: 1643-жылдың қысында батыр Хұнтайжы қазақ жерлеріне тағы да шабуыл жасады. Алайда бұл жорық сәтсіз аяқталды. Жетісудың

¹ Шәкәрім «Қазақтың түп атасы».

² Махмұд ибн Уәли «Бахыр әл-асырар», 6-том, 111-113-беттер.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 101-бет.

⁴ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 476-бет.

⁵ Бұл да сонда, 351-бет.

едәуір бөлігі мен Алатау қырғыздарының 10 мыңдай адамын жоңғарлардың тұтқынға алғанын естіген Жәңгір хан болмашы қолмен (600 адам) батыр Хұнтайжыға аттанды. Бұл оқиға туралы тарихи материалдарда былай делінген: «Жәңгір өз тобының бір бөлегіне жұңғарлар тар асудан асып келгенше екі таудың арасындағы тар жырада ор қазып, бекініс жасауға бұйырады. Ал өзі екінші бөлегімен таудың екінші бетіне жасырынады. Хұнтайжы ор қазып алып, ерлікпен қорғанып жатқандарға қарсы шабуыл жасады. Осы кезде Жәңгір жаудың ту сыртынан лап берді. Сөйтіп, жоңғарларды қатты жеңіліске ұшыратқаны сонша, олар жақтан 10 мыңдай адам өлді. Ұрыс бітуге жақындағанда 20 мыңдай әскермен Самарқан билеушісі атақты Жалаңтөс батыр Жәңгірге көмекке келеді. Батыр Хұнтайжы кейін шегінуге мәжбүр болады»¹. Бірақ олар түпкілікті жеңілген жоқ еді, олар енді алдағы шайқастарға жан-жақты дайындала бастады. Батыр Хұнтайжы бытыраған әскерлерін қайта құрап, Сібірдегі орыс қамалдарынан қару-жарақ сатып алды. Өзіне тәуелді қырғыздардан ат-көлік жинастырды. Осындай әскери дайындықтан кейін батыр Хұнтайжы 1652-жылы қазақтарға аттанды. Бұл соғыста қазақ жасақтары жеңілді².

Бұл дәуірде қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы да ауыр еді. Феодал шонжарлардың арасында алауыздықтар мен бақталастық өршіп отырды. Қуатты қазақ сұлтандары өздері билеген ұлыстарды жеке дара билеп, дербестенуге бой ұрды. Қазақ жүздерінің арасындағы байланыс нашарлап, олар бірі-бірінен оқшаулана бастады. Бірте-бірте үш жүздің әрқайсысында өз алдына жеке хандықтар құрылды. Бұл жүздерді билеген кіші хандар сөз жүзінде қазақ хандығының ұлы ханына тәуелді болғанымен, іс жүзінде өз алдына билік жүргізді. Бұл жағдайлар жалпы қазақ халқын біріктіріп, сыртқы шапқыншылықтан қорғануға кедергі болды, сонымен қатар хандықты әлсіретіп, жоғарыдағыдай жеңіліске ұшыратып отырды.

Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680—1718) тұсында қазақ хандығының бірлік-берекесі күшейе түсті. Тәуке хан қазақ тарихында «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы»³ деп аталды. Тәуке хан тағына отырған соң Қазақ хандығында асқынған ішкі феодалдық алауыздық пен бытырандылық-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 380-бет

² Бұл да сонда; 4-том, 476-бет

³ Шәкәрім «Қазақтың түп атасы».

ты жойып, бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға қажырлы қайрат жұмсады. Хандық билігін күшейтуге бағытталған реформалар жүргізді. Феодал шонжарлардың өкілдері мен билерден құралған «хандық кеңестің» және «билік кеңесінің» рөлін арттырды. Жыл сайын Ташкент қаласының түбіндегі Күлтөбеде үш жүздің басын қосқан жиналысын (құрылтайын) ашып отырды. Бұл «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген даңққа бөленді. Тәуке хан ішкі феодалдық енжарлықты жою үшін, беделді билерге арқа сүйеп, феодал ақсүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы үлкен дау-шарлар билер кеңесінде, қазақ арасында абыройы күшті Төлеби, Қазыбек би, Әйтеке би, тағы басқа билер алдында шешілетін болды.

Тәуке хан қазақтың атақты билерімен ақылдаса отырып, қазақтың ғұрып-әдет заңдарын, билер сотының тәжірибелерін, аса дарындылықпен айтылған түйінді биліктерді жинақтап, өзінен бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты қазақ заңдарын жаңа жағдайға сай өзгертіп, толықтап, дамыту негізінде «Жеті жарғы» заңын жасады. «Жеті жарғы» орыс тарихында «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі. Онда қазақтардың әдеттегі заңдарының бірқатар ережелері бекітілмегенімен, жинақ (Заңдар жинағы) феодалдық құрылысты күшейтуге бағытталды¹.

Тәуке хан қазақтың жыраулары мен шешендерінің және шежірешілерінің басын қосып, қазақтың мақал-мәтел, шежіре, аңыз-жырларын жинаған. Сонымен қатар қазақ халқы арасында бұрыннан қолданылып келген ру-тайпалардың ұрандары мен таңбаларын қайта анықтап белгілеген. Бұл тарихта Орта Азияда өмір сүрген көшпелі хандықтардың бірсыпырасында болып келген салт еді. Жаңадан таққа отырған хан өзіне қарасты тайпалардың таңбасын белгілеп беріп отырған. Бұл көшпелі тайпалар арасында хандық өкімет билігін күшейтудің дәстүрлі шараларының бірі еді.

Тәуке хан өзінен бұрынғы хандар тұсында ішкі тартыс салдарынан ыдырай бастаған үш жүздің басын бір жерге қосты, жеке-жеке ұлыстарды билеген сұлтандардың даралануына тежеу салып, қазақ хандығының ішкі бірлігін бекемдеуге барлық шараларды қолданып, қазақ хандығын едәуір күшейтті. Бұл тұста едәуір қырғыз тайпалары мен

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 10-том, 623-бет.

қарақалпақ тайпалары Тәуке ханға тәуелді болды. Тәуке хан қырғыздарды олардың өз биі Қоқым Қарашор арқылы, қарақалпақ тайпаларын олардың өзі биі Сасық би арқылы басқарып отырған. Бұл іс жүзінде жоңғар феодалдарының шабуылынан қорғануды негіз еткен қазақ, қырғыз және қарақалпақ халықтарының әскери-саяси одағы сипатында болған.

Тәуке ханның сыртқы саясаты атырабындағы елдермен тату көршілік байланыс орнатуға, олармен экономикалық, сауда-саттық қарым-қатынас жасауға тырысқан бейбіт дипломатиялық саясат болды. Тәуке хан Бұхара хандығымен бейбітшілік қарым-қатынаста болуға, Орта Азиядағы отырықшы аймақтармен, қалалармен сауда-саттық жасауға тырысты. Қазақ хандығымен жауласып келген жоңғар хандығына да соғысты тоқтатып, тату көршілік қатынас орнату жөнінде Қазыбек би бастаған елші жіберген. Қаз дауысты Қазыбек бидің жоңғар ханына айтқан мына сөзінен Қазақ хандығының мақсаты айқын аңғарылады:

«Сен темір де мен көмір
Еріткелі келгемін.
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келгемін.
Егесетін ел шықса,
Иілткелі келгемін.
Тұтқыр сары желіммін,
Жабысқалы келгемін.
Жаңа үйреткен жас тұлпар
Шабысқалы келгемін.
Танымайтын жаттарға
Танысқалы келгемін.
Қазақ-қалмақ баласы
Табысқалы келгемін.
Табысуға келмесен
Тұрысатын жерінді айт,
Сен қабан да мен арыстан
Алысқалы келгемін».

Ол кезде мейлінше жауласып алған жоңғарлар мен қазақтардың бітімге келе қоюы мүмкін емес еді. Әр екі жақ өз жақтастарын сайлап, соғысқа дайындалып жатты.

Тәуке хан Ресеймен дипломатиялық және сауда байланысын орнатты. Ол жоңғар феодалдарының шапқыншылығынан қорғану үшін Ресейден әскери қару-жарақ сатып

алмақ болды. 1694-жылы хан ордасында орыс елшілері Скибин мен Трошинді қабылдағанда Тәуке елшілерге: «Түрік сұлтанының немесе қызылбас (парсы) шаһының менен, Тәуке ханнан несі артық? Олар да мен сияқты ғой»¹ депті. Бұл Тәуке ханның Қазақ хандығын өз тұсындағы патшалықтардың (Түркия, Иран, т. б.) ешқайсысынан осал санамайтындығын көрсетеді.

Алайда, Тәуке хан Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған күшті мемлекет етіп құру мақсатын жүзеге асыра алмады, халқының басым көпшілігі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан және патриархалдық-феодалдық қатынас үстем болып отырған елде мұны жүзеге асыру мүмкін емес еді, оған Қазақ хандығының сыртқы жағдайы да мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, қазақ хандығы бытырандылық жағдайда қала берді. Әрине, бұл бұрын-соңды Орта Азия өңірінде тарих сахнасына шыққан көшпелі хандықтардың бәріне ортақ жағдай еді.

18-ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҚТАРЫ

17-ғасырдың ақыры мен 18-ғасырдың басында Қазақ хандығы ішкі-сыртқы аса ауыр жағдайға тап болды. Қазақ хандығына үстемдік еткен әскери-феодалдық шонжарлар арасында ішкі тартыс пен алауыздық туып ұлғая берді. Қазақ хандығы өз ішінен үш жүзге (ұлы жүз, орта жүз, және кіші жүз) жіктелетін еді. Бұл дәуірде әр жүзді билеген кіші хандар үш жүздің ұлы ханына (Қазақ хандығының ханына) сөз жүзінде бағынғанымен, іс жүзінде өз алдына жеке саясат жүргізе бастады. Әрбір жүздің қарауындағы ұлыстарды билеген сұлтандар да дербестікке бой ұрды. Сөйтіп, қазақ хандығы саяси тұрғыдан бөлшектенген елге айнала бастады. Саяси берекесіздіктің экономикаға тигізген зардабы күшейіп, жүздердің арасындағы шаруашылық байланыстар бұрынғыдан да әлсіреді, жоңғар феодалдарының шапқыншылығы салдарынан көшпелі және жартылай көшпелі аймақтармен қала-қыстақ арасындағы шаруашылық байланыс және сыртқы базарлармен сауда-саттық байланыс үзіліп қалып отырды. Бұл жағдайлар халықтың шаруашылығы мен тұрмысына қыруар қиыншылықтар туғызды. Елдің экономикалық өмірінде үлкен рөл атқарып

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 191-бет, Алматы, 1957.

келген оңтүстік Қазақстандағы қолөнер мен сауда орталығы болған қалалар құлдырап кетті.

Қазақ хандығы жағдайының қалыптан тыс ауырлауына ішкі алауыздықпен бірге сыртқы шапқыншылық себеп болды, бұл мезгілде қазақ-жоңғар қатынасы мейлінше шиеленісті. 17-ғасырдың соңы мен 18-ғасырдың басында жоңғар феодалдары Қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасады. Олар оңтүстік Қазақстанды және Сырдария бойындағы базарлы қалаларды, сонымен қатар ең маңызды керуен жолдары өтетін территорияны да басып алуға тырысты. «1681—1685-жылдарда жоңғар феодалдары оңтүстік Қазақстанға бірнеше рет шабуыл жасады, Сайрам қаласын қиратып, егіншілікпен айналысқан аудандарды күйретті. 18-ғасырдың бас кезінде жоңғар әскерлерінің бір тобы Сарысу өзеніне жетсе, екінші бір бөлігі орта жүздің шығыс солтүстік аудандарына басып кірді»¹.

Қазақ ханы Әз Тәуке береке-бірлікті барынша күшейтіп, сыртқы жауға батыл күрес жұмсау үшін қажырлы қайрат жұмсады. Ол қырғыздармен, қарақалпақтармен одақтаса отырып күрес жүргізді. Бұл күреске ақыл-қайрат, күш көмегі тиетіндердің бәрін төңірегіне топтауға тырысты. Түркістан маңындағы Тәуке ханның ордасын бұл кезде «әскери адамдардың қоныстары айнала қоршай қонған еді. 1710-жылы жауға қарсы қалай төтеп беру мәселесін талқылау үшін Қарақұм маңында барлық қазақ жүздерінің өкілдері бас қосты. Халық жасақтары құрылды, бұлар жоңғар әскерлерін шығысқа қарай ығыстырды»². Бұл жеңіс баянды бола алмады. Өйткені бұл кезде жоңғарлар жұм, қазақтар бытыранқы болды. Қазақтың феодал шонжарларының арасындағы алауыздық пен енжарлық, сыртқы жаудан қорғану үшін жалпы халық күшін жұмылдыруға кедергі болып отырды. Бұл жағдайды пайдаланған жоңғар феодалдары шабуылды қайта бастады, 1716-жылы бұлардың әскерлерінің негізгі бөлігі Іле өзенінен Аягөзге қарай жорық бастады. Нақ осы кезде жоңғарлардың қосыны Абақанға қарай беттеп, Бие және Катун өзендерінің арасындағы жерді басып алды³.

1718-жылы Тәуке хан қайтыс болды. Қазақ хандығы ауыр дағдарысқа ұшырады, қазақ халқының басына зор зобалаң бұлты төнді. Қазақтың феодал шонжарлары ара-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 380-бет.

² «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 248-бет, Алматы, 1957.

³ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 248—249-беттер.

сындағы алауыздық хандыққа таласқан өзара қырқысқа айналды. Тәукенің орнына отырған Болат ханның тек атағы ғана болды. Жүздерді билеген кіші хандар өз алдына дербестеніп, қазақ хандығы саяси жақтан бөлшектенді: орта жүзді Сәмеке хан мен Күшік хан биледі. Ұлы жүзді Жолбарыс хан биледі, кіші жүзді Әбілхайыр биледі. Бұл хандарға қарасты ұлыстарды билеген сұлтандар да дербестікке бой ұрды. Ең беделді деген Әбілхайыр ханның билігі де кіші жүзге тұтас жүрмеді. Барақ сұлтан мен Қайып сұлтандар өз иеліктерін жеке басқарды. Бөлшектенген бытыраңқы хандар мен сұлтандар жауға қарсы күш біріктіре алмады. Оның үстіне өзара қырқысып жауласып отырды. Осыны пайдаланған жоңғар феодалдары үртіс-ұдай шабуыл жасап, жеңіске жетіп отырды. Мұндағы негізгі себеп, жоңғар әскерлерлерінің жауынгерлігінде емес, қазақ хандарының өзара қырқысқан «ала жылан, аш бақалығында» еді. Мұны өз заманындағы тарихи жазба деректер дәлелдейді: «1718-жылдың көктемінде Аягөз өзенінің бойында қазақ жасақтары мен жоңғар әскерлерінің арасында болған үш күндік қан төгіс ұрыс, алғашқы екі күннің ішінде қазақтар бір шама ойдағыдай ұрысса да, соңы қазақ жасақтарының жеңілісімен аяқтады... Орыс елшісі Бранцевтің айтуына қарағанда, ұрыс қатты болған. Қазақтың жеңілуіне себеп: екі ұдай болып жауласып жүрген Әбілхайыр сұлтан мен Қайып сұлтанға қараған жасақтардың әскер басылары өздерінің соғыс қимылдарын келісіп жүргізбеген»¹. Қазақтардың жеңіліске ұшырау себебі қазақ хандары арасындағы феодалдық тартыстан болып отырғандығын Орынбор экспедициясының бастығы И. Крылов ақын айтқан. Ол: «егерде жалпы ауыз бірліктері болса қазақтар басқыншыларды жеңіп шыға алған болар еді, бірақ олардың бір ханы соғысқа шығатын болса, екіншісі соғысуды қояды. Сөйтіп, өздерінің иеліктерін қалмақтарға жем қылып, жүрдай болып шыға келеді»² деп жазады. 18-ғасырдың 20-жылдарында қазақ хандығының бөлшектенуі және қазақ-жоңғар қатынасының шиеленісуі қазақ халқын қатты күйзелтті.

¹ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 249-бет.

² «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 246-бет, Алматы, 1957.

Жоңғарлар — Жұңғоның жазба деректерінде батыс маңғолдар деп те аталады. Олар тегінде батыс Маңғолияны мекен еткен ойрат тайпалары еді. Ойраттар туралы тұңғыш мәлімет 1204-жылдан бастап тарихи деректерде көріне бастады. 1206-жылы Маңғолияда құрылған Шыңғысхан әскерлерінің сол қанатына қосылды. Сол қанат маңғол тілінде «жоңғар» (сол қол) деп аталды. «Жоңғар», «жоңғария» деген атаудың арғы-тегі осы маңғол тіліндегі «сол қанат» яки «сол қол» (әскер) дегеннен шыққан.

1368-жылы Жұңғоны билеген Иуан патшалығы құлаған соң Маңғолияда өзара қырқыс өріс алды. Шығыс маңғол шонжарлары мен Батыс маңғол билеушілері Жұңғоның ішкі өлкелеріне келетін керуен жолын билеуге таласты. 15-ғасырдың алғашқы жартысында батыс маңғол (ойрат) билеушілері Тогон (1418—1440), Есен (1440—1455) жеңіске жетіп, бүкіл Маңғолияға билік жүргізді. Алайда ойраттардың билігі онша ұзаққа созылған жоқ. 15-ғасырдың екінші жартысында Маңғолиядағы билігінен айырылды. Жұңғоның ішкі өлкелеріндегі базарлармен байланысы үзілді. Мұның өзі ойрат қоғамының экономикасына зардабын тигізбей қойған жоқ.¹

Шығыс маңғолдың қалқа тайпаларынан жеңілген Батыс маңғолдың ойрат тайпалары өздерінің бұрынғы өріс-қоныстарынан айрылып, топ-топ болып қоныс аударуға мәжбүр болды. Олар бірте-бірте қазақ даласына және Моғолстан қарамағындағы Жетісу өңіріне ене бастады. Бұл арадағы жайылымдық жерлер үшін жергілікті көшпелі тайпалармен қақтығысты. Бұл кезде бытыраңқы ойрат тайпалары Моғолстан хандарының және қазақ хандарының шапқыншылығына ұшырады. Шығыс жақта қалқа тайпаларынан, батыс және оңтүстік жақта моғолстан хандары мен қазақ хандарынан қысым көріп, жайылымдық жерлерінен айырылған және көршілес отырықшы елдермен сауда-саттық жасау мүмкіндігінен қол үзген ойрат тайпалары аса ауыр жағдайға тап болды. Оның үстіне ойрат нояндары арасында билікке таласқан феодалдық қырқыс үдеп отырды, мұның өзі ел басына төнген дағдарысты одан әрі тереңдете түсті.

Өздерінің алғашқы шабуылдарында сәтсіздікке ұшырап, Қазақ хандығынан жеңілген ойрат тайпаларының бір

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 474-бет.

бөлігі 16-ғасырда Қазақ хандығына бағынып, тәуелді болды. Орыс патшасы Иван IV-нің Ноғай ұлыстарына жіберген елшісі Данила Губин 1536-жылы Москваға қазақтардың күштілігі және олардың ойраттарды бағындырғаны жөнінде хабарлаған¹. Москвадағы қазақ елшісі Күлмұхаммед 1595-жылы Оразмұхаммед сұлтанмен әңгімесінде оған былай деген: «Сенің туысың Тәуекел ханзада қазақ ордасына (хан болып) орнықты, ал өзінің інісі Шаһмағамбетті қалмақтарға (хан етіп) отырғызды. Олардың барлығы жақын көшіп жүр, барлығы бірге», деген. Тәуекелдің өзі осы кезде Москваға жіберген грамотасында өзін қазақтар мен қалмақтардың патшасымын деп атайды. Тәуекелдің мұндай атакпен аталуын басқа деректемелер де растайды»².

16-ғасырдың ақырында ойраттар Торғауыт, Дорбыт, Кушуыт, Шорыс деп аталатын төрт ірі тайпалық бірлестіктен құралды. Торғауыттар — Тарбағатай тауынан шығысқа қарай созылған жерлерді, Дорбыттар — Ертіс өзенінің басын, Кушуыттар — қазіргі Үрімжі маңын, ал Шорыстар — Іле өзенінің басын қоныстанды³.

17-ғасырдың басында шығыстан жаңа көшпелілер тобының келуіне байланысты ойраттар күшейіп, олар қазақ билеушілеріне ашықтан-ашық жауыға бастады⁴. Бұл кезде ойрат тайпалары бытыраңқы, ал қазақтар жұм, күшқуаты мығым болатын. Біріккен қазақ хандығына соқтыққан бытыраңқы ойрат иеліктері жеңіліске ұшырап отырды. 17-ғасырдың жиырмасыншы жылдарында ноғайлар мен күш біріктірген қазақ хандары жоңғарларды Тобыл өзеніне дейін ығыстырған. Қазақ хандары мен сұлтандары ойраттарды Жетісудың бүкіл өн бойынан қуып шығуға күш салған⁵. Бұл жолғы шайқастың аяғы тыныштықпен шешілген. Тобыл воеводосының елшісі Яков Буголаковтың айтуына қарағанда, ойрат тайпаларына 1624-жылы қазақтың Тұрсын мен Есім хандарынан келісімге келіп, бітім жасасуға елшілер келген.

17-ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезінде Торғауыт князы Хо-Ұрлұк қырық мың үймен Сібірдің оңтүстік шекараларына келген, ал 30-жылдары Оралдан

¹ «Қазақ Совет энциклопедиясы», 4-том, 476-бет.

² «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 193—194-беттер, Алматы, 1957.

³ Бұл да сонда, 2-том, 299-бет.

⁴ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 241-бет.

⁵ Бұл да сонда, 4-том, 476-бет.

өтіп, Волганың (Еділ өзенінің) сағасында қалмақ хандығын құрған.¹ «Дербен ойраттар туралы аңыздың» авторы Башұр Убаш Түменнің айтуынша, ойраттар кейінірек қалмақ атанған, 1627-жылы ойраттар одағы ыдыраған. Қалмақтар батысқа, хошуттар Тибетке кеткен, ал жоңғарлар (шорыстар) Жоңғарияда қалған.²

16-ғасырдың ақыры мен он жетінші ғасырдың басында ішкі-сыртқы қиын-қыстау жағдайға душар болып, ауыр дағдарысқа ұшыраған ойрат халқы өздерін аласапыранға салып келген феодалдық бытыранқылықтың жойылуын, тайпалар арасындағы талас-тартыстардың тыйылуын, сыртқы жаулардың шапқыншылығынан қорғанатын берік одақтың болуын, халықтың бейбіт өмір сүруін арман етті. Халықтың бұл арманын пайдаланған ойрат феодалдары өздерінің таптық мақсат-мүдесін қорғайтын бір орталыққа бағынған феодалдық хандық құруға ұмтылды.

17-ғасырдың 20-жылдарының ақыры мен 30-жылдардың бастарында шорыс тайпасының басшысы Харахұлай майданға шықты. Ол ішкі жақтан бытыраңқы ойрат тайпаларын бірте-бірте біріктірді, сыртқы жақта қалқа, манғол тайпаларының билеушісі Алтан ханға және Моғолстан хандары мен қазақ хандарының шапқыншылығына қарсы күресті, барлық соғыстар мен жорықтарда өзі шеру тартып, қол бастады. Мұның өзі ауыр дағдарысқа ұшыраған ойрат халқының қал-жайын оңалта бастады.

Харахұлайдың баласы Батұрдың (1635—1653) тұсында ойраттар едәуір күшейді. 1635-жылы ойрат тайпаларының одағы қалыптасты. Бұл тарихи әдебиетте «жоңғарлар» деген атпен әйгілі болды. «1640-жылы Тарбағатай маңында (Жоңғарияда) маңғол және ойрат иеліктері өкілдерінің құрылтайы болып, маңғол-ойрат заңын (саажин бишікті) қабылдады. Бұл заңның мақсаты — сырттан қауіп төнген жағдайда оған қарсы күш біріктіру және феодал шонжарлардың халық бұқарасына деген үстемдігін күшейту болатын».¹ Осы мезгілден бастап жоңғарлар күшейе түсті. Олардың күшейуіне ішкі феодалдық қырқыстар мен тайпалар арасындағы тартыстардың тыйылуы, өте-мөте сол кезде Жұңғоның ішкі саяси жағдайында және Орта Азияда туылған ірі тарихи оқиғалар себеп болды. Бұл дәуір Жұңғоны 270 жылдан артық билеген Миың

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 193-бет, Алматы, 1957.

² «А. М. Позднев «Астрахань қалмақтарының тарихи әдебиет ескерткіштері», 54-бет, 1885.

патшалығы (1368—1644) іріп-шіріп жойылуға бет алған, феодалдық қанау мен езгіге қарсы аттанған диқандар көтерілісінің от-жалыны орта жазықтың өнбойын шарпыған, Жұңгоның шығыс-солтүстік өлкелерінде күшейе бастаған манжу ұлты Миың патшалығының орнына Чиң патшалығы (Ежен хандығын) құруға қызу күрес жүргізіп жатқан дәуір еді. Бұл жағдайларға байланысты, шығыс жақтағы қалқа маңғол тайпаларынан ойрат жеріне төнген қатер мейлінше азайды. Бұл кезде Моғолстанның жеке-жеке иеліктеріне бөлшектеніп кетуі ойрат жеріне батыс пен оңтүстіктен төнген қауіпті бәсеңдетті. Дәл осы қарсаңда Тәуекел ханның мұрагерлері Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы алауыздық қазақ хандығын әлсіретіп, жоңғарларға батыстан төнетін қауіпті жеңілдетті.

Ойрат-жоңғар одағының ең жоғарғы билеушісі хұнтайжы деп аталды. Оның қол астында тайшалар, нояндар, жайсаңдар деп аталатын әскери феодал-шонжарлар болды. Бұдда дінінің жоғары лауазымына ие болған феодалдардың ерекше тобы еді. Бұлардың бәрі ойрат-жоңғар қоғамындағы феодалдық қанаушы тапты қалыптастырды. Қаналушы қалың шаруалар «араттар» деп аталады. Шаруалар өз ішінен «албатылар» және «шабинарлар» деп екі бөлінді.

Албатылар — әскери феодалдық-шонжарларға, яғни хұнтайжыларға, тайшаларға, нояндарға және жайсаңдарға тәуелді болды. Шабинарлар — діни феодалдық-шонжарлар билеген күрелерге тәуелді болды. Ойрат-жоңғар қоғамында феодалдық қатынас қалыптасты. Әскери феодал-шонжарлар саяси, экономикалық билікті өз қолына ұстап, өріс-қоныс жайылымдық жерді билеп-төстеп, шаруаларды кіріптарлыққа түсіріп отырды.

Жоңғар хұнтайжылары өздерінің Жұңгоның құрамдас бөлігі екендігін, бұлар билеген территорияның Чиң патшалығына тәуелді иелік болғандығын мойындап, Ежен ханға (Чиң патшалығының патшасына) үнемі алым-салық төлеп және маңызды саяси-әскери мәселелерді шешуде Ежен ханнан нұсқау сұрап отырды. Мысалы, 1675-жылы Тибеттегі Далай V жоңғар билеушісі Халданға «хан» атағын беріп «бүшүкті хан» деп атағанда, Халдан бұл атақты бекітіп беруді Чиң үкіметінен сұрап, өтініш жолдаған¹. Каңши патшаның Халданға жіберген жарлығында: Халданның әкесі мен ағаларының ұрпақтан-ұрпаққа алым-салық төлеп, тарту-таралғы жолдап, патшаға адал болып

¹ «Патшаның Шуомо өңірін тыныштандыру жобасы», I-том.

келгендігі, бүгін оның пейіліне риза болып, әдейілеп уәзірін жіберіп, ерекше сыйлық еткендігі атап көрсетілген¹. Бұдан кейін 1688-жылы Халдан Бұшүкті хан Жұңгоны билеген Чиң патшалығына қарсы бүлік тудырған кезде де, өзінің «Жұңхуаға шет болмайтындығын»² ашық мойындаған. 1698-жылы қазақтар мен жоңғарлар арасында соғыс болғанда, жоңғарлардың хұнтайжысы Суан Рабдан Каңчи патшаға мәлімет жолдап: қазақтың Тәуке ханы ойрат халқын қырып-жойып тонап жатыр, ойраттарға қарасты ұранқайларды талан-таражыға ұшыратты, «қызметкеріңіздің шеру тартып, оларға қарсы аттанатынын ұлы мәртебеңізге мәлімдеп, бұйрық күтемін»³, деп өтінген болатын.

Жоңғарлар 17-ғасырдың екінші жартысы мен 18-ғасырдың басында әскерін жарақтап, әбден күшейіп алды. Олар Сібірдегі орыс қалалары мен бекіністеріне айырбас сауда жасап, олардан қару-жарақ сатып алып отырды. «Жоңғар әскерлері жорық кездерінде жүз мың адамға дейін жетті, бұлардың әскерінде қолға түскен тұтқындардан болған құлдар пайдаланылды. Әскер ішінде қатаң тәртіп сақталды, бұл тәртіпті бұзғандар қатты жазаланып отырды»⁴. Жоңғар феодалдары өзінің әскери күшіне сене отырып, Моғолстан хандығы мен қазақ хандығының жоңғарларға іргелес жатқан өңірлеріндегі ұлан-байтақ жайылымдарды иеленіп алды. 16-ғасырдың ақырында ойрат-жоңғар тайпаларының біразы қазақ хандығына бағынған болса, енді жоңғарлар басып алған кездегі қазақ тайпаларының біразы жоңғар хұнтайжыларына бағынып, алым-салық төлеп, аманат беріп отыратын болды. Сөйтіп, жоңғарлардың өріс-қонысы — батыс Маңғолиядан Іле өңіріне дейін созылды және қазіргі шығыс, шығыс оңтүстік Қазақстан территориясының бір бөлігін алып жатты.

Қазақ-жоңғар қатынасы кейде шиелісіп, қан төгіс соғыстарға ұласып, кейде бәсеңдеп уақытша бітімге келісіп, 120 жылға созылды. Бұл екі арадағы талас-тартыстардың негізгі түйіні көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған екі елдің шұрайлы, жайлы жерлерге және Жетісу мен

¹ «Чиң патшалығының Шинзу патшасы туралы жазбалар», 103-том. 16—17-беттер.

² «Чиң патшалығының Шинзу патшасы туралы жазбалар», 197-том, 24—25-беттер.

³ «Патшаның Шуомо өңірін тыныштандыру жобасы», 48-том.

⁴ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 246-бет, 1957.

Сырдария өңірін басып өтетін керуен сауда жолдарындағы қалаларға таласуда болды.

Батур хұнтайжының (1635—1653) тұсында қазақ-жоңғар қатынасы мейлінше шиеленісті. Бұл кезде жоңғар феодалдары Қазақ хандығына үш рет ірі шапқыншылық жорық жасап, Қазақ хандығы мен жоңғарлар ортасында үш рет қанды шайқас болды. Бірінші шайқас 1635-жылы болды. Бұл соғыстың қалай аяқталғаны жайында толық дерек жоқ, осы соғыста қазақ әскерлеріне қолбасшылық істеген Жәңгір хан қолға түсіп, қашып құтылған, бұл жоңғарлардың басым болғандығын байқатады. Екінші шайқас 1643-жылы болды. Бұл шайқаста Жәңгір хан әскери тактиканы шебер қолданғандықтан Батур хұнтайжы күйрей жеңіліп, шегінуге мәжбүр болды. Үшінші шайқас 1652-жылы болды. Бұл шайқаста қазақтар жағы жеңіліске ұшырайды. Осы шайқастан соң 1653-жылы Батур хұнтайжы өлді. Батурдың орнына баласы Сенген (1653—1670) отырды. Бұл тұста жоңғар феодалдарының арасында билікке таласқан ішкі қырқыс үдей түсті. Ақыры Сенген осындай таластың бірінде өлтірілді. Оның орнына інісі Халдан Бұшүкті (1670—1697) хан болды. Ол 1678-жылы ішкі феодалдық қырқыстарды пайдаланып, оңтүстік Шинжаңды басып алды. 1683-жылы Халдан Бұшүкті хан Чиң патшалығына қарсы шықты, 1695-жылы Халдан Бұшүктінің әкерлерін Чиң әскерлері талқандады.

Жоғарыдағыдай ішкі қырқыс, сыртқы соғыспен айналысқан жоңғар феодалдары қазақ даласына жорық жасауды бір мезгіл толастатқан еді. Бұл мезгілде қазақ-жоңғар арасы соғыстан аман болып, отыз жылдай тыныш өтті.

17-ғасырдың 80-ші жылдарында жоңғар феодалдары Оңтүстік Қазақстан мен Сырдария бойындағы керуен жолдары мен сауда орталығы саналатын қалаларды басып алу үшін бірнеше дүркін жорық жасады. Бұл жөнінде орыс елшісі И. Внковский былай жазған: «Тауық жылы (1681) ол (Халдан Бұшүкті хан) шеру тартып барып Сайрам қаласын қоршады, ит жылы (1682) қайтадан келіп Іле өзенінің бойын қыстады. Доңыз жылы (1683) қайтадан Сайрамға жорық жасап, жазда Сайрам қаласын қиратты»¹). 1697-жылы Халдан Бұшүкті хан өліп, оның орнына Суан Рабдан отырды. Осы Суан Рабдан (1697—1727) тұсында жоңғар феодалдарының қазақ даласына шапқыншылығы үдеп кетті.

Жоңғар феодалдары Жұңғоны билеген Чиң әулетіне (Ежен ханға) бағынышты иелік екенін мойындап келгені-

мен, әскери жақтан күшейіп алған соң Чиң әулетіне қарсы шығып, одан бөлініп шығуға әрекет жасады. Сонымен қатар көршілес елдерге үздіксіз жорықтар жасады. Әсіресе жоңғар билеушісі Суан Рабдан билік басына шыққаннан кейін, 17-ғасырдың ақыры мен 18-ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ жеріне жеті дүркін (1698—1711—1712—1714—1718—1723—1725 жылдарда) басып кірді. Қазақ-жоңғар қатынасының мұншалық шиеленісуінің себебін жоңғар хұнтайжысы Суан Рабдан өзінің Каңчи патшаға жолдаған мәліметінде: «Қазақтың Тәуке ханының ойраттарды қырғындап, ұранқайларды шапқандығынан болды» деп түсіндіреді. Суан Рабдан орыс елшісі Иван Внковскийге айтқан сөзінде: бұл соғыстың басталуына қазақтар себепші болды, қалмақ ханы (Еділ жағасындағы) Аюге ханның Суан Рабданға ұзатылып бара жатқан қызының көш-керуеніне Тәуке хан шабуыл жасады деген. Бұл тек қана сыныққа сылтау еді. Сөйтіп, 18-ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар феодалдарының шапқыншылығы қазақ халқын «Ақтабан шұбырынды» апатына дұшар етті.

«АҚ ТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ»

✓ 1718-жылы Тәуке хан қайтыс болған соң, қазақ феодалдарының арасындағы қырқыс пен алауыздықтың өршуі, қазақ жүздерінің дербестеніп, бір-бірінен алшақтауы Қазақ хандығын саяси жақтан бөлшектенген елге айналдырып, оның әскери-саяси күшін мейлінше әлсіреткен еді. Жоңғар феодалдарының үздіксіз шабуылы, отырықшы-егінші аудандарымен сауда керуен жолындағы қалаларды тонауы және шұрайлы жайылымдарды басып алуы қазақ халқын ауыр экономикалық қиыншылыққа кіраптар етті. Барған сайын аясы тарылған аз ғана жерде қыс қысымын көріп күйзеліп, жұтап шыққан елге 1723-жылы көктемде жоңғарлар тұтқиылдан шабуыл жасады. Олардың қалың қолы Қазақстанның оңтүстік аудандарына басып кіріп, Қаратаудан асып, Талас өзенінің алабына дейін жетті. Бұл кезде шабуыл бола қояды деп ойламай қанненқаперсіз жатқан ел енді ғана жайлауға көшуге қамдана бастаған болатын. Жоңғар феодалдарының қарулы қолы қорғануға мұршасы келмеген бейбіт елді шауып-жаншып, қырғындап, үйін-мүлкін тонап, малын айдап кетті, тірі қалғандар ата мекені мен мал-мүлкін тастап қашуға мәжбүр болды.

¹ «Қазақ ССР тарихы» II-том, 289—290-беттер.

1724—1725-жылдары жылдары жоңғар феодалдарының шапқыншы әскерлері Сырдария алабындағы отырықшы егінші ауылдар мен қалаларды ойрандап, Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласын және Қазақ хандығына қарасты Ташкент, Сайрам, т. б. қалаларды басып алып, талан-таражға ұшыратты және қиратты. Жетісу мен Сырдария өңіріндегі егістік жерлер құлазып, қалалар қаңғырып, қолөнері мен сауда-саттық жым-жылас болды. Бұл егіншілік ошақтары мен қолөнер, сауда орталықтарынан қол үзу елдің экономикасын қатты күйзелтті.

Жасанған жаудың тұтқиылдан жасалған жойқын жорығынан есі шығып, бас құрып тойтарыс беру мүмкіндігінен айрылған қазақтар тоз-тоз болып жосып, Сырдария өзенінің ар жағына өтті, орта жүз бен ұлы жүз қазақтарының бір бөлегі Шыршық өзенінен ары кетті. Қазақтардың біразы Алқакөл маңынан Бұхара мен Самарқанға қарай ағылды. Ал кіші жүз қазақтары Сауран қаласын айналып, қазіргі Шиелі, Қызылорда тұсынан Хиуаға қарай беттеді.

Қазақ халқы өз өміріндегі аса ауыр апат, зор зобалаңға тап болып, адам айтқысыз аянышты күндерді басынан кешірді. Атақоныс, құтты мекең, мал-мүлкінен және баспанасынан айрылып, аш-жалаңаш, жаяу-жалпы шұбырған қарапайым халық бұқарасы жаздың қайнаған ыстығында қағыр далада қаңғырып шөлден қырылды. Қыстың ақ қар, көк мұз қақаған аязында күн көрісі малын жұтатып, үсіп өлді. Ашаршылыққа ұшыраған жұрт жол жөнекей жер желкегін, шөптің тамырларын, жаужұмыр, алғыр, қозықұйрық сияқты жабайы өсімдіктерді теріп жеп, қайыр сұрап күнелтті. Әйелдер мен балалар және қарт адамдар адам төзгісіз жол азабына шыдай алмай, бұрлығып, жапан түзде қалып аштан қырылды. Бұл ауыр оқиға қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталады. Мұның былай аталуы: жаудан қашып жаяу шұбырған қалың қауым әрі болдырып, әрі ашаршылықтан бұралып, Алқакөл көлінің жағасына келіп сұлап жатқанда, көп ішінен бір ақсақал адам шығып: «Адам баласы өмірде көрген жақсылық пен жаманшылықтың бәрін ұмытпауы керек, біз осы көрген күнімізді не деп атасақ болар?» деп сұрапты. Сонда тағы бір қария орнынан тұрып: мұның аты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болсын депті. Мұның мәнісі: атамекен, мал-мүлкінен айрылып, жаяу-жалпы, аш-жалаңаш босқан ел шұбыра-шұбыра табаны ағарып, азып-тозды деген сөз екен. Бұл оқиға қазақтың кіші жүзі арасында «Сауран айналған» деген атпен әйгілі болды. Жоңғар

феодалдарының шапқыншы әскерлерінен қашқан кіші жүз қазақтары, соңынан түскен жауды көз жаздыру үшін Сауран қаласын айнала көшкендіктен, бұл оқиға «Сауран айналған» деп аталған екен.

«Ақтабан шұбырынды» апатында зар заманды басынан кешірген қалың қазақ қауымы өзінің аянышты ауыр халі мен көңіл-күйін бейнелейтін «Елім-ай» сынды мұңлы ән шығарды. Бұл ән жұрт жүрегінде жатталып, бүгінгі күнге жетіп отыр.

«Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман...
Ата қоныс, туған жер қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын».

Ел есінде сақталған «Елім-ай» әнінің бұл шұмақтары халық бұқарасының зар замандағы мұң-зарын бейнелейді.

«Ақтабан шұбырынды» кезінде қазақтарға шабуыл мен талан-тараж тұс-тұстан анталады. Жоңғар феодалдары қазақтарға шығыс оңтүстік жағынан қаптағанда, Еділ бойындағы қалмақ хандары батыс солтүстік бүйірден тиісті. Орта Азия хандықтарының жеріне ауып барған қазақтар бұл арадан мал жайылымына қолайлы жер таба алмай сенделіп, көзге түрткі болды. Қазақтарға бір жағынан Қоқанның бектері қоқандаса, тағы бір жағынан Бұхара мен Хиуаның хандары жаппай құлдыққа кіріптар еткісі келді. Иран мемлекетінің маңына ығысып барған қазақтар, Иран шахы Нәдір Афшардан зорлық-зомбылық көрді. Қазақ халқы сонша сұмдық жағдайда жүрсе де, олардың еш қайсысына құлдық ұрмай, өзіне тиіскендердің бәрімен шайқасты. Бұл кезде Орта Азияның өзі де аласапыран соғыс жағдайында болатын. 1721-жылдан 1725-жылға дейін Бұхарада болған орыс елшісі Флорио Беновони былай деп хабарлаған: «Орта Азияда үздіксіз соғыс болып жатыр, бұл соғысқа ауғандар, парсылар, хиуа-

лықтар, бұқарлықтар, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар және қалмақтар қатысуда. Бұлардың бәрінің де өзара бір-бірімен дау-шарлары бар»¹).

Орта Азиядан баспана таба алмаған қазақ қауымы тұс-тұстан жайылған жауымен жағаласа отырып, батысқа және солтүстік батысқа қарай ығысты. Олардың алдыңғы шебі Жем, Жайық, Елек, Ор, Ойыл өзендерінің алқабына жетіп тоқтады. 1725-жылдың қыркүйегінде Уфа әскер басы Петерборға: «Қырғыз-қайсақтар² әйелдермен, балаларымен топ-топ болып Елек өзеніне кетуде, бұларды да, қарақалпақтар мен қайсақтарды, хұнтайжы талқандап, олардың екі қаласын (Түркістан қаласы мен Ташкент қаласын айтып отыр) басып алып және үйлеріндегі әйелдерін, балаларын қосып, көп адамды кескілеп өлтіріпті, Мүліктерін алып кетіпті» деп мәлімдеген. Дәл осындай мәліметтер Жем мен Жайық маңайларынан да түсіп отырған³). «Ақтабан шұбырынды» болған қазақ халқы бұл жерде де үздіксіз шапқыншылыққа және талан-таражға ұшырап отырды. «Еділ бойының қалмақтары, Жайықтың казак-орыстары мен башқұрттар тұс-тұсынан қазақ ұлыстарын талқандап, малын айдап кетті, адамдарын тұтқынға алды, қыстың суығы, жұт пен аштық күйзелісі күшейе түсті»⁴). Шоқан Уәлиханов «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын айта келіп, 18-ғасырдың алғашқы 25 жылы «қазақ халқының өміріндегі сұмдық ауыр уақыт болды. Жоңғарлар Волга бойының қалмақтары тұс-тұстан қазақтардың ұлыстарын қырғынға ұшыратты, малдарын айдап әкетті. Қазақтарды бүкіл үйелмендерімен тұтқындап алды»⁵) деп жазады. «Ақтабан шұбырынды» кезінде Орта Азияның хандары мен бектерінің, Волга бойындағы қалмақ хандарының, Жайық бойындағы казак-орыс атамандарының тұс-тұсынан жасаған шапқыншылығына ұшырап, өріс-қоныстан қысылып, барар жер, басар тауы қалмай тарыққан қазақтар қатты күйзеліске ұшырады.

Жоңғар хұнтайжысы Суан Рабданға жіберілген орыс елшісі капитан Иван Внковский өзінің (1722—1724-жылдардағы) күнделік дәптерінде: «Өзі билік жүргізе баста-

¹ «Қазақ ССР тарихы» 2-том, 245-бет. Алматы, 1957.

² Орыс авторлары Қазан төңкерісіне дейін қазақтарды «қырғыз», «қырғыз-қайсақ», «қайсақ» деп, ал қырғыздарды «қара қырғыз» деп атаған.

³ «Қазақ ССР тарихы» I-том, 250-бет, Алматы, 1957.

⁴ «Қазақ совет энциклопедиясы» I-том, 220-бет.

⁵ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 249-бет, Алматы, 1957.

ғаннан бері хұнтайжы (Суан Рабдан) қазақ ордасымен үздіксіз соғысуда, қазақ ордасы қарақалпақтармен бірлесіп соғысуда, ал хұнтайжы қазақ ордасына қарсы 30 мыңдай адам ұстап отыр және хұнтайжы көп қазақты жеңіп алды»¹) деп жазған. Жоңғар феодалдарының шапқыншылығы тек қазақ халқына ғана емес, сол кезде қазақтармен одақтас қырғыз халқына да, қарақалпақ халқына да ауыр зардабын тигізді. «Ақтабан шұбырынды» кезінде қарақалпақтар қазақтармен бірге Орта Азия хандықтары мен Ресей шекарасына қоныс аударған. Бұл шапқыншылық соғыстар ойрат-жоңғар тайпаларының еңбекші халқына да ауыр зардабын тигізді, феодалдар оларды бұл соғыстарға еріксіз айдады, толассыз жүргізген соғыстардың алым-салық ауыртпалығы еңбекші шаруаларға түсті, олардың өмірін мейлінше күйзелтті, соғыс талан-таражынан түскен олжалар тек соғысушы екі жақтың әскери-феодалдық шонжарларын ғана жырғатты.

«Ақтабан шұбырындының» ауыр апаты бес жылға (1723—1728) созылды. Бұл апаттың зардабы қазақ даласының барлық жерінде біркелкі болған жоқ, 1723-жылы көктемде тұтқиылдан шапқыншылыққа ұшыраған Оңтүстік Қазақстанның аудандарында, Талас өзенінің алқабы мен Сырдария өңірінде өте ауыр болды. Ұлы жүз бен Орта жүздің осы өңірді мекендеген ұлыстарын ойрандап, бұл өңірдегі егіншілік пен қала мәдениетін қиратты. Ең алдымен «ақтабан шұбырынды» болғандар осы өңірлердің тұрғындары, оның ішінде осы өңірді қоныстанған арғындар еді, сондықтан: «арғындар Қаратаудан аса көшкен, ақтабан шұбырынды осы дескен» деп айтылады. «Ақтабан шұбырынды» кезінде қазақтардың бәрі бірдей өз мекенін тастап, жалпы қоныс аударып кеткен жоқ, Қазақ хандығының шығыс және оңтүстік өңіріндегі жоңғарлар басып алған жерлердегі қазақтар уақытша жоңғар билеушілеріне бағынып, аманат қойып, ауыр алым-салық төлеп отыруға мәжбүр болды. Орта жүздің сұлтаны Әбілмәмбет пен ұлы жүздің ханы Жолбарыс осылай істеді. Қазақ ұлыстарының едәуір бөлігі өз мекендеріндегі мықты тауларға бекініп алып, берілмей күрес жүргізе берді. Жоңғар феодалдары басып алған жердегі қазақтар жаудың арт шебінде қарулы көтерілістер жасап отырды. Бұл күрестердің негізгі күші феодалдар емес, халық бұқарасы еді, оны ұйымдастырушылар қарапайым халық ішінен шығып, ел-жұртына деген

¹ «ИРГО» жинағы, 249—250-беттер. 1887.

адалдығымен, еңіреген ерлігімен танылған қазақ батырлары болды. «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Жәнібек батыр», «Сабалақ батыр», сияқты ондаған тарихи жырлар осы күресті бейнелейді. Халық басына зор-зобалаң, қиынқыстау күндер туғанда басын бәйгеге тігіп, ел қорғаған ерлерді қазақ халқы дастан етіп жырлады, олардың аты ұранға айналып отырды.

Қазақ халқы «ақтабан шұбырындының» ауыр жылдарында сұмдық қиыншылықтарға қажымай, бойындағы бар қайратын сарқа жұмсап, тұс-тұсынан қаптаған жауларға қарсы қажырлы күрес жүргізе отырып, өзінің азаттығын, елдік еркін қорғап қалды. «Қазақ халқы жерінің едәуір бөлігін жоғалтып, бірқатар тар кезеңдерді басынан кешкендеріне қарамастан, елдің саяси және экономикалық дербестігін сақтай білді, жауына соққы беретін тың күш жинап, жоғалтқан иеліктерін қайтарып алды»¹). «Қазақ халқы қорлыққа шыдамады, ол бойындағы бар күшін жинап, жоңғар басқыншыларына қарсы ерлік күреске жаппай аттанды. Бұл жорық халқымыздың бостандық пен тәуелсіздік жолындағы әділетті шайқасы — Отан соғысы болды. Оған қазақ ханы Абылай сияқты батыр қолбасшылар басшылық етті»²).

1728-жылы қазақ жасақтары Шұбартеңіз көлінің маңында, Бұланты өзенінің жағасында жоңғар әскерлеріне күйрете соққы беріп, жоңғар феодалдарын ауыр жеңіліске ұшыратты. Бұл жеңіс халық бұқарасын жаумен онан әрі күрес жүргізуге жігерлендіре түсті. Сол жылы Шымкент маңында, Ордабасы тауында жиналған қазақ жүздерінің өкілдері басқыншыларға қарсы күресті күшейту жөнінде бірауыздан шешім етті. Дәл осы арада жасақ басшылары сайланды... Келесі 1729-жылы Балқаш көлінің оңтүстігінде жоңғар әскерлерімен тағы да бір үлкен ұрыс болды. Жоңғар феодалдары тағы да жеңіліске ұшырады, кіші жүз бен орта жүз территориясының едәуір бөлігі азат етілді³).

1727-жылы жоңғар хұнтайжысы Суан Рабдан өліп, оның орнына Халдан хұнтайжы болған. Халдан Церен (1727—1746) бір мезгіл күш жинап, 1740-жылдарда қазақ жеріне бірнеше рет шапқыншылық жорық жасады. 1740—1742-жылдары бір мезет Есіл, Ырғыз, және Елек өздерінің бойына бұзып-жарып кірді, 1742-жылы Сырдарияның орта

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 241-бет.

² Бұл да сонда, 1-том, 221-бет.

³ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 250-бет, Алматы, 1957.

саласына бір рет жорық жасады. Абылай хан бастаған қазақ әскерлері оларға батыл тойтарыс берді. Оның үстіне, мейманасы тасыған жоңғар феодалдарының Жұңғоның үкіметіне қарсы аттануы және Чиң әскерлерінің оларға берген соққысы жоңғар феодалдарының қазақ жеріне жаңадан жорық жасауына мүмкіндік бермеді.

ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІ

Жалпы қазақ қауымы және оның құрамына қосылған ру, тайпалар өз ішінен үш жүзге — ұлы жүз, орта жүз, және кіші жүзге жіктелді. Ерте заманнан бері Орталық Азия мен Орта Азияны қоныстанған көшпелі елдерде бүкіл елді «оң, сол және орта» яки «батыс, шығыс және орта» деп үш өңірге айырып, басқарушылық дағдыға сіңген дәстүр еді. Бұл бөліктер кейде ұлы, кіші, орта, кейде қара, сары, ақ, көк деген аттармен де аталып келді. Біз бұл жағдайларды тарихта өмір сүрген көшпелі елдердің көбінен, мысалы, һүн тәңірқұтынан, үйсін күнбилігінен, Батыс Түрік қағандығынан, Түркеш қағандығынан және Шыңғысхан патшалығынан кездестіреміз. Бұлардың бәрі әскери сипаттағы бөлік ретінде жарыққа шыққан. Алайда, көшпелі елді билеген әмір иелерінің ұлыстық дәстүрі бойынша, өзіне қараған жері мен елді ұлдарына енші етіп үлестіру салты, бұл елдердің ұрпақтан-ұрпаққа бөлініп, тез арада-ақ телім-телім болып, оны билеушілердің өзара қырқысып ойрандауына себепші болды.

Ал қазақ жүздері жоғарыдағыдай мемлекеттік әскери бөлік сипатында емес, тым ерте кезден бастап қалыптасқан, этникалық, территориялық бірлестік ретінде жарыққа шықты. Жүздердің құрылуына негіз болған нәрсе — жеке рулар мен тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуі болды. Қазақ ру-тайпаларының үш ірі бірлестігі — үш жүз (ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз) қазақтың халықтық негізін құраған үш ірі этногенездің ұйтқылары еді. Үйсін тайпасын ұйтқы еткен ұлы жүз құрамына — үйсін, қаңлы, дулат, жалайыр, албан, суан; сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, шанышқылы, ботпай, шымыр, сыйқым, чуыл (шыбыл), жайма, тағы басқа тайпалар кірді. Бұлар біздің жыл санауымызға дейінгі Іле алқабын, Шу, Талас өзендерінің өңірі мен Сырдария бойын мекен етті. Орта жүз құрамына — арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ тайпалары кірді. Бұл одақтың негізі біздің жыл санауымызға

дейінгі үже, хуга (қыпшақ) дәуірінен басталды. Олар Алтай тауы мен Ертіс бойын, Жетісудың солтүстігін, қазіргі Орталық Қазақстан өңірін мекендеген тайпаларды қамтиды. Қимақ және қыпшақ бірлестігі кезінде олардың өрісконыстары батысқа қарай құлашын жайып кеңейе түсті. Алшын одағын ұйтқы еткен кіші жүз құрамына — әлімұлы, (қара кесек, қара сақал, кете, төртқара, шүмекей, шекті); байұлы (адай, жаппас, алаш, байбақты, малқар, беріш, таз, есентемір, тана, қызылқұрт, шеркеш, ыстық); жетіру: (кердері, керейт, табын, тама, жағалбайлы, телеу, рамадан) тайпалары кірді. Бұлар Сырдарияның аяғы мен Арал теңізінің атырабын және Каспий теңізінің солтүстігін қоныстанды, бұл одақтың алғашқы негізі осы өңірде ерте заманда өмір сүрген аландар бірлестігі еді.

Осы үш жүз құрамына кірген тайпалардың басым көпшілігі шығу тегі, айналысқан кәсібі, тілі және мәдениеті жағынан бір-біріне жақын еді. Олар ұзақ уақыт бір территорияда аралас-құралас өмір өткізіп, Батыс Түрік қағандығы кезінен бастап халық болып қалыптаса бастаған. Шыңғысхан жорығынан соң Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан хандарына бағынған. 15-ғасырдың ортасында қазақ хандығы құрылған кезде ең алдымен Әбілқайыр хандығына қарасты орта жүз тайпалары мен Моғолстанға қарасты ұлы жүз тайпалары бірікті. Одан соң Ноғай одағына қарасты кіші жүз тайпалары Қазақ хандығына қосылды. Ең ақырында Батыс Сібір хандығына қарасты кейбір қазақ тайпалары қосылды, сонымен барлық қазақ тайпалары Қазақ хандығына қарады, олардың этникалық территориялары Қазақ хандығына бірікті.

Қазақ хандығы кезінде қазақ жүздері өзінің тарихи қалыптасқан көшіп-қону салтын сақтады, әр жүздің өрісконысының белгілі көлемі болды.

Ұлы жүз қазақтары: Балқаш көлінің оңтүстігіндегі, Іле өзенінен Сырдарияға дейін созылған байтақ өңірді мекен етті. Олардың негізгі қоныстары еліміздің ежелгі тарихында «үйсіндердің атамекені» деп аталған жерлер еді.

Орта жүз қазақтары: Жетісудың солтүстік жағында болды. Бұлардың негізгі қыстаулары Сырдария, Қаратау, Мойынқұм өңірінде, ал жазғы жайлаулары Тобыл, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің тармақтарында және Орталық Қазақстанның далалық аудандарында болды.

Кіші жүз қазақтары: қазіргі батыс Қазақстан жерін қоныстанды. Олардың қыстаулары Сырдарияның төменгі жағында, Оралдың аяғында, Ырғыз өзені мен Торғай өзені-

нің қосылған жерінде, ал жазғы жайлаулары Оралдың тармақтарында, Тобылдың бас жағында, Ырғыздың бойында, Мұғаджар тауларында болды.

Барлық үш жүз қазақтары ортақ бір тілде сөйледі. Олардың экономикалық негізі мен мәдениеті және тіршілік тәсілдері бірыңғай болды, тек тұрмыс-салттарында, киімдерінде, үй жабдықтарында, ауыз әдебиеттерінде кейбір өзгешеліктер сақталды.

17-ғасырдың аяғы мен 18-ғасырдың басында сыртқы соғыс пен ішкі қырқыс салдарынан Қазақ хандығы әлсіреген кезде, қазақ жүздерінің арасындағы бірлік бұзылып, жүздерді билеген кіші хандар өз алдына оқшаулана бастады.

Қазақ ханы Әз Тәуке (1680—1718) үш жүздің басын қосып, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құру жолында қажырлы қайрат жұмсады. 1718 жылы Әз Тәуке хан қайтыс болған соң, оның орнына отырған Болат хан, онан соңғы Әбілмәмбет ханның тек ұлы хан деген атағы ғана болды. Жүздерді билеген кіші хандар ұлы ханды тек сөз жүзінде ғана мойындады, іс жүзінде әрқайсысы өз алдына саясат жүргізіп, дербестене бастады. Сөйтіп, 18-ғасырдың басында үш жүздің ұлы ханы есептелген Болат хан іс жүзінде тек ұлы жүзді ғана биледі, орта жүзді Сәмеке хан мен Күшік хан, кіші жүзді Әбілқайыр хан биледі, Тіпті осы хандардың өзі де бір жүзді толық билей алмады. Мысалы: Әбілқайыр ханның билігі кіші жүзге түгел жүрмеді, белді сұлтандар, өз иелігін жеке билеп отырды.

Қазақ хандығы әулетінен тараған хан-сұлтандар арасындағы «ала жылан-аш бақа», «алты бақан алауыздық» халық бұқарасының шетел шапқыншылығына қарсы күш біріктіруіне кедергі болды. Осы орайды пайдаланған жоңғар феодалдары бейбіт отырған халыққа тұтқиылдан тиісіп, ел шауып, өріс бұзып, қазақ халқын «ақтабан шұбырынды» апатына душар етті.

Қазақ жүздерінің жеке хандықтары 19-ғасырға дейін сақталып келді, оларды Қазақ хандығы әулетінен шыққан хан-сұлтандары биледі.

Қазақ жүздері Чиң патшалығы кезіндегі ханзуша және мәнжуша деректерде қазақтардың «оң қанаты», «сол қанаты» және «батыс қанаты» деген аттармен аталды. Ал орыс деректерінде «ұлы орда», «кіші орда» және «орта орда» деген атпен әйгілі болды. Кейбір орыс деректері ұлы жүзді «ұлы үйсін ордасы» деп атады¹).

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 162—164-беттер, Алматы, 1957.

1718-жылы Қазақ хандығында Әз Тәуке хан қайтыс болған соң, орнына баласы Болат хан болды. 1730-жылы Болат хан қайтыс болып, орнына баласы Әбілмәмбет отырды. Осы кезде Қазақ хандығында хан тағына таласқан ішкі қырқыс туды.

Тарихшы З. У. Тоғанның айтуынша, 1730-жылы Болат хан қайтыс болған соң, қазақтың үш жүзінің хан-сұлтандары Әулиеата жаққа жиналып, құрылтай сипатты жиналыс ашады. Бұл құрылтайға үш жүздің ұлы ханы Болаттың баласы Әбілмәмбет және Болат хан тікелей билеген ұлы жүздің сұлтандары, Шығай ханның ұрпағы және өз заманының қаһарманы Барақ сұлтан билеген орта жүздің сұлтандары, Әбілқайыр басқарған кіші жүздің сұлтандары қатынасады... Осы құрылтайда Әбілқайыр Әбілмәмбеттен үш жүздің ұлы хандығын алмақ болып жолсыз талап қояды. Сонымен үш жүздің берекесі бұзылады¹).

Әбілқайыр — хан әулетінен шыққан сұлтандардың бірі, Қазақ хандығын алғаш құрған Әз Жәнібек ханның жетінші ұрпағы. Ол 18-ғасырдың жиырмамыншы жылдарында кіші жүзге хан болған. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында қазақ қауымын бастап, жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы күрескен әйгілі қолбасшылардың бірі. Оның қазақтар арасында белгілі беделі және ықпалы болды. Тарихшы З. У. Тоғанның айтуына қарағанда, ол кезде Әбілқайыр қазақтың үш жүзінің ұлы ханы, оған қоса қарақалпақтардың ханы, сонымен қатар Хорезмде билеуші болуды арман еткен²).

Қазақ хандығының ең жоғарғы билігі үшін туған таласта, қазақтың белді сұлтандары мен беделді билерінің басым көпшілігі қорғаған Әбілмәмбет Болат ханның орнына хан болады да, Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласына көшеді. Бұл кезде Әбілқайыр хан кіші жүздің өзін де түгел билей алмайтын еді. Кіші жүз өз ішінен үш бөлікке бөлінді: оның бір бөлігін Қайып ханның баласы Батыр сұлтан биледі, енді бір бөлігін Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан биледі, Әбілқайырдың билігі кіші жүздің бірі бөлегіне ғана жүретін еді.

Әбілқайыр хан жоңғар феодалдарының шапқыншылығын

¹ «Бүгінгі Түркістан және оның таяудағы тарихы», 173—174-беттер, Стамбул, 1981.

² Бұл да сонда, 173-бет.

ғына қарсы күресте орыс патшалығының күш-көмегіне сүйенуді көздеген болатын. Ол 1726-жылы өзінің елшісі Қойбағар Көбекұлын Петерборға жіберген. Бірақ орыс патшалығының Сырт істер коллегиясы бұл елшіліктің өкілдігіне күдік келтіргендіктен, олар нәтижелі іс шығара алмай қайтып келген¹).

Қазақ хандығының ең жоғарғы билігі үшін жүргізген күресте сәтсіздікке ұшыраған және кіші жүздегі билігінің көбінен айрылған Әбілқайыр хан өзіне қарасты адамдарын бастап орыс шекарасына ауып келді де, орыс мемлекетіне елші жіберуге кірісті.

1730-жылы шілде айында Сейітқұл Құндақұлы, Құтылымбет Көштайұлы сияқты адамдарды Петерборға елші етіп жіберді. Әбілқайыр хан бұл сияқты ел тағдырына қатысты елеулі мәселені ел-жұртпен ақылдаспай, хан кеңесінің ұйғарымына өткізбей астыртын жүргізді.

Орыс патшасына Әбілқайыр атынан елшілер тапсырған хатта: «Қазір өзімнің барлық иелігіммен сіздің императорлық ұлы мәртебеңіздің қол астында болғым келеді... Мен, Әбілқайыр хан, өзімнің кәрі және жас қол астындағы жұртыммен, қырық мың адам қазақтарыммен сіздің императорлық ұлы мәртебеңіздің қол астында болғым келеді»²), деп жазылған.

Әбілқайыр хан Ресейге қосылуды көздегенде патша үкіметінің көмегімен өз жағдайын нығайтып алуға, хан тағы үшін күресте бәсекелестерінің қарсылығын тойтаруға, өзінің хандық үкіметін сақтап қалуға, феодалдық құқтар мен артықшылықтарды нығайтуға, феодалдарға тәуелді шаруаларды қанауын күшейтуге тырысты¹). Ол тіпті орыс патшалығына арқа сүйей отырып, баласын башқұрттарға хан етіп қоюды, Хиуаны жаулап алып, өзі оған хан болуды көздеді.

Әбілқайырдың бұл пиғылын орыс патша үкіметі де сезіп, біліп отырды. Орыс елшісі А. Тевкелев былай деп жазды: «Әбілқайыр ұлы мәртебелі императордың қамқорлыққа алуын сұрады. Осы арқылы қырғыз-қайсақ (қазақты айтып отыр) ордасында бір өзін хан етіп қою және сол хандықта өз ұрпағынан өзіне мұрагерлер тағайындауды көздеді⁴).

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 251—252-беттер, Алматы, 1957.

² Бұл да сонда.

³ «Қазақ ССР тарихы», I том, 252 бет, Алматы, 1957.

⁴ Бұл да сонда, 253-бет.

Орыс тарихшысы А. Левшиннің айтуынша, Әбілқайыр өзінің осы хатында қазақтардың жоңғарлардан соққы жеп, ауыр апатқа тап болғанын айтады, Еділ бойындағы қалмақтардың, башқұрттардың және Жайықтағы казак-орыстардың шабуылына ұшырап отырғандығына тоқталады. Ол өзінің хиуалықтарды, қарақалпақтарды және алаларды бағындыруына орыс мемлекетінің көмек көрсетуін үміт етеді. Ең соңында, өзінің және қоластындағы адамдарының орыс патшасының қол астына мәңгі қарайтыны жөнінде уәде береді¹).

Орыс патша үкіметі Қазақ хандығын қаратып алудың стратегиялық маңызы зор, ол «барлық Азия елдері мен жерлеріне кірудің кілті мен қақпасы» деп білді. Бұл жөнінде Петр I былай деген-ді: «Барлық Азия елдері мен жерлеріне кірудің кілті мен қақпасы дәл сол орданың (Қазақ хандығының) өзі ғана, осы себептен де солар арқылы барлық Азия елдерімен қатынасатын жолымыз болуы үшін ол орда (Қазақ хандығы) Ресейдің қол астында болуы керек»²).

Орыс патша үкіметінің қазақтарға жіберген елшісінің басшысы Тевкелев: «Ұлы Петр өз отаны Ресей империясы үшін ежелден естіліп келе жатқан және бұрынғы кезде мәлімсіз болған дерлік кең-байтақ қырғыз-қайсақ ордalarını (Қазақ хандықтарын) Ресейдің қол астына қарату тілегі бар екенін білдірді» деп жазған. Қазақтарды Ресейдің қол астына алу туралы елшілерге нұсқау бере келіп, Петр былай деген: «Бұл орданың өзі анық қол астымызға қарағысы келмейтін болса, онда бір миллионға дейін болса да көп шығын шығуына қарамай, қалайда бір жапырақ қағазға қол қойғызып болса да, Ресей империясының қол астына қарауға міндеттеп қайтуға тырысып көр» деген болатын. Петрдың пікірі орыс помещиктері мен көпестерінің саясатынан туған еді³).

Петербор билеушілері Әбілқайыр ханның өз бетімен бағынған тілегін құшақ жая қарсы алды. Олардың көктен тілегені жерден табылды. Левшиннің айтуынша, қазақтардың бағынуы Ресей империясы үшін барлық жақтан пайдалы болды: 1) Бұл империя «бір тамшы қан ағызбай бірнеше жүз мың халықты қосып алады⁴. 2) Қазақтардың

¹ А. Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 52—53 беттер.

² «Қазақ ССР тарихы», I-том, 242-243-беттер, Алматы, 1957.

³ Бұл да сонда, 244-бет.

⁴ А. Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 53-бет.

ағынуы шығыс оңтүстік өлкелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; 3) Ұлы Петрді қорқытқан жоңғарлар әлі де өте күшті еді, ол кезде бұлардың төндіретін қауіп зор болып отырған, қазақтар бағынғаннан кейін қазақтар арқылы жоңғарларға төтеп беруге және жоңғарлардың күшін әлсіретуге болады; 4) Үнемі «бүлікшілік шығарып, үкіметтің мазасын кетіріп отырған башқұрттарды» қазақтарды пайдалана отырып, басуға болады¹; 5) Қазақтарды іске сала отырып таяу маңдағы алаларды, қарақалпақтарды және Ұлы Петр кезінде Ресейге үлкен апат әкелген хиуалықтарды бойұсындыруға болады². 6) Петр қазақ хандығын «Барлық Азия елдері мен жерлеріне кірудің кілті» деп қараған және оны қаратып алудың стратегиялық маңызын жоғары бағалаған. Соның үшін орыс патшасы Әбілқайыр ханның өтінішін ойланып отырмай-ақ қабыл алды.

1731-жылы 19-ақпанда Ресейдің әйел патшасы Анна Ивановна кіші жүзді Ресей қарамағына алу туралы грамотаға қол қойды. Әбілқайырдан ант алуға елшілік ұйымдастырылды. Тевкелев бастаған 60 кісілік елшілік сол жылы желтоқсан айының басында Әбілқайырдың ордасына келді.

«Ресейге қарауға ант беру» деген сөз халықты түршіктірді. Өйткені бұл істі тек қазақ халқы ғана емес, Әбілқайырға қарасты қазақ феодалдары да толық білмейтін еді. Оларды «Өте-мөте қатты ашындырған нәрсе — Әбілқайырдың олармен ақылдаспастан Петерборға сөз салуы болды»³.

Мұны елдің еріктен айрылуы деп білген кіші жүздің Батыр сұлтаны мен орта жүздің Барақ сұлтаны бастаған қазақтар орысқа бағынуға батыл қарсы тұрды, орыстардың келгенін көргенде ызаға булығып: «Ел-жұрттың разылығын алмай, өз бетіңмен бұлай істейтін не қақың бар?», деп Әбілқайырға тебітті. Олар орыс елшісі Тевкелевті және Әбілқайыр ханды өлтіріп тастамақ болды. Бұл тартыс әлденеше күнге созылды. «Сол кезде Әбілқайырдың ордасына келген Волга бойындағы қалмақ тайшалары жіберген елшілер де қазақ старшиналары (бастықтарын) Тевкелевтің көзін жоюға, патшаның қол астына қараудан бас тар-

¹ А. Левшин. Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы.

² Бұл да сонда.

³ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 253-бет, Алматы, 1957.

⁴ Левшин «Қырғыз қазақ даласының сипаттамасы», 55-бет.

туға шақырды»¹. Әбілқайыр ханның батыры Бөгенбай бұқараның қарсылығын басуға күш жұмсады. Сөйтіп 1731-жылы 10-қазанда Әбілқайыр хан мен Бөгенбай бастаған кіші жүз старшындары Ресейге бағынуға ант берді².

1738-жылы тамыз айының бас кезінде Орынбор өлкесінің бастығы В. И. Татышев Орынборда қазақтардың феодал-шонжарларының съезін шақырды, мұнда Әбілқайыр, оның балалары — Нұралы мен Ералы сұлтандар қайта ант берді... Абылай мен Әбілмәмбет съезге келмеді³.

1741-жылы жоңғар билеушісі Халдан Церен қазақтарға шабуыл жасады. Жоңғар әскерлерінің бір бөлігі орта жүзге, енді бір бөлігі кіші жүзге келіп тиді. Әбілқайыр хан дереу Ресейден әскери көмек сұрады. Орыс патша үкіметі жартымды жауап қайтармады. Тек тығылтаяң күн туғанда Әбілқайырдың үй іші және қызметкерлерімен бірге Орынбор бекінісіне келіп паналауына рұқсат берілетіндігін⁴, айтты.

Орыс патшасының «көмегінен» көңілі қалып, түңілген Әбілқайыр хан астыртын жоңғарларға елші жіберіп, олармен елдесуге ұмтылды⁵. Бірақ орыс үкіметі оған жол бермеді.

1740-жылы Әбілқайыр хан қазақ жасақтарын бастап барып Хиуаны басып алды да, онда аз уақыт хан болып тұрды. Бірақ сол жылы Иран шахы Нәдірдің әскерлері келіп қалып, Әбілқайыр хан Хиуаны тастап шығуға мәжбүр болды⁶. 1741-жылы Әбілқайырдың баласы Нұралы Хиуа хандығының астанасын екінші рет басып алды. Нәдір әскерлерінің шабуыл жасау қаупінен қорқып, Нұралы да астананы тастап шығуға мәжбүр болды.

1747-жылы Батыр сұлтанның баласы Қайып Хиуаның ханы болды⁷. Бұл кезде кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Хиуа хандығының жерін мекендейтін еді. Қазақтардың Арал, Каспий теңіздері мен Қызылқұм, Үстірттегі жайылымдары, Сырдарияның төменгі ағысы мен Амудария атырабының солтүстік жағалауындағы қыстаулары хиуалықтармен шектес жатты. 18-ғасырда қазақтардың бір тобы

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 253-бет, Алматы, 1957.

² Бұл да сонда.

³ Бұл да сонда, 256-бет.

⁴ Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 84-бет.

⁵ Бұл да сонда, 85-бет.

⁶ «Қазақ совет энциклопедиясы», 2-том, 14-бет.

⁷ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 275-бет. Алматы, 1957.

Әмударияның төменгі ағысындағы Назар ханға қоныс тепті, одан соң Хорезм алқабындағы шұрайлы жерлерді қоныстанды. Әсіресе кіші жүздің Сырдария бойындағы жетірудан: табын, тама, рамадан; байұлынан: алаша, таз, адай, жақпас; әлімұлынан: шөмекей, кете, төртқара, қарасақал, қаракесек, шекті рулары Хорезм алқабындағы халықтармен тығыз байланыста болды. 18—19-ғасырда кіші жүздің отыздан астам сұлтаны Хиуаның ханы болды¹.

1744-жылы Әбілқайырдың қол астындағы адамдар орыс қамалы Орынбордан қарақалпақтарға жіберген поручик Гладчевті жол-жөнекей тұтқынға алып тінтіп, ол әкетіп бара жатқан орыс патшасының хатын тартып алды. Бұған шамданған орыс патша үкіметі Еділ бойындағы қалмақтарды Астраханьға жинап қаруландырып, қазақтарға шабуылға аттандырмақ болды². Дәл осы кезде жоңғар әскерлері кенеттен орыс шекарасына дейін қаптады. Орынбор губернаторы Неплюев жоңғарларға шабуыл жасау үшін қазақтарға бұйрық берді³.

1746-жылы ақпанда Әбілқайыр ханның қол астындағы қазақтар жорыққа аттанып, Ресейге бағынған қалмақтарға шабуыл жасады, онан соң орыс шекараларына шабуыл жасады⁴.

1747-жылы қаңтарда Әбілқайыр хан тағы да Ресей қарамағындағы қалмақтарға жорыққа аттанды, бірақ қалмақтар алдын ала жау-жарағын сайлап, дайын отырған еді, қазақтар батысқа қарай шегінуге мәжбүр болды, қайтып келе жатқан қазақтарға орыс әскерлері тұтқиылдан шабуыл жасады, қазақтардың көп адамы қаза тауып, қыруар ат-көлігі олжаға түсті⁵.

1748-жылы Әбілқайыр ханды орта жүздің Барақ сұлтаны өлтірді. Патша әкімшілік орындары Петерборға былай деп жазды: «Әбілқайыр хан қаншалық қиянат жасаса да, басқаларға қарағанда бірінші болып императордың ұлы мәртебесінің қол астына кірген еді»⁶.

«Әбілқайыр өлген соң патша өкіметі хандыққа оның баласы Нұралыны бекітті. Нұралыға барлық қазақ рулары түгел бағынбады, төре сұлтандарының арасынан хандыққа таласқан алауыздық туды. Наразы жақтары жаңадан қар-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 388-бет.

² Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 91—92-беттер.

³ Бұл да сонда, 92—93-беттер.

⁴ Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 97-бет.

⁵ Бұл да сонда, 98—99-беттер.

⁶ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 252-бет.

сылық көрсетті. Сонымен наразы болғандар ханды (Нұралыны) бекіткен орыс патшалығына да қарсы болды»¹.

Орыс патша үкіметінің Нұралыны хан етіп бекітуіне қарсы болған кіші жүз қазақтары Батыр сұлтанды (Қайып ханның баласы) өз алдына хан сайлап алды. Батыр сұлтанға қараған тайпалар, оның әкесі Қайып ханның заманынан бері Әбілқайырға бағынбаған ел еді. Олар орысқа қарауға қарсы болып келген және Ресеймен ешқандай қарым-қатынас жасамаған болатын².

Әбілқайыр хан қаза болып, орнына баласы Нұралы отырған соң, жоңғар хұнтайжысы Нұралыға елші салып, оның қарындасын (Әбілқайырдың қызын) алмақ болды. Қалың мал үшін Түркістан қаласын қайтарып беруді уәде етті. Бұлардың арасында астыртын жүргізіліп жатқан келіссөзден хабар алған орыс патша үкіметі «жоңғарлар мен қазақтардың құдаласуы Ресей үшін өте зиянды» деп біліп, бұған тыйым салды. Жоңғар хұнтайжысы айттырмақ болған Әбілқайыр ханның қызы 1750-жылы қайтыс болды да, бұл іс тоқтап қалды³.

18-ғасырдың елуінші жылдарының орта шенінде, Орта Азия жағдайында орасан ірі оқиға болды. Жұңгоны билеген Ежен ханның (Шин патшалығының) армиясы жоңғарларды бағындырып, Орта Азия өңіріне келді. Қазақтың ханы Абылай 1757-жылы Ежен ханға бағынды. Орыс тарихшысы Левшиннің жазбаларына және Ежен ханның жылнамаларындағы деректерге қарағанда, осы кезде кіші жүздің Нұралы ханы мен Батыр сұлтаны да Абылай ханға ілесіп, Бежінге өз елшілерін жіберген екен, ол деректердің айтуынша: 1762-жылы кіші жүздің Нұралы ханы Абылайдан өнеге алып, Бежіндегі хан ордасымен қарым-қатынас орнатуды шешім етті. Осы 1762-жылы өкілдер жіберді. Бұл өкілдер Батыр сұлтанның өкілдерімен және орта жүз ханы Әбілмәмбеттің баласы Әбілпейіздің өкілдерімен бірге Бежінге барды⁴.

1783-жылы Нұралы хан өзінің баласы Абылайды Бежінге жіберді. Шиялұң патша қонақасы беріп қабылдады және оған сый-сияпат берді⁵.

¹ Профессор С. Аспандияров «Қазақ тарихының очерктері», Алматы, 1935.

² Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 109-бет.

³ Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 107—108-беттер.

⁴ Бұл да сонда, 133-бет.

⁵ «Шин патшалығының Гаузың патшасы туралы естеліктер».

Кіші жүз Нұралы ханның Ежен ханға елші жібергеніне азуын басып, ашуын шашқан орыс патшасы Екатерина кіші жүз қазақтарының Оралдан (Жайықтан) өтіп қыстауына тыйым салды. «Кіші орданың қырғыздары (қазақтарды айтады) шекарадан өтетін болса, дереу оқ атылсын!»— деп Орынбордағы орыс әскерлеріне, сонымен бірге башқұрттарға және жайық казак-орыстарына бұйрық берді¹. 1767-жылы орыс әскерлері кіші жүзге шабуыл жасады, оларды кіші жүз мекендеген жердің орта бөліміне қарай ығыстырды².

1771-жылы Еділ бойындағы қалмақтар Жұңгоға қарай көшу бастады. Еділ бойындағы қалмақтар (торғауыттар) бұрынғы кезде Жұңгоның батыс бөлегінде көшіп-қонып жүрген тайпалардың бірі еді. 17-ғасырда жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырап, батысқа қарай ауып барып, Еділ өзенінің алқабын қоныстанған. Ежен хандығы жоңғарларды тыныштандырған соң, олар өзінің атамекеніне қайтуды жоспарлады. 1771-жылы 5-қаңтарда 30 мың үйлік торғауыт Еділ өзенінен өтіп, шығысқа қарай үдере көшті.

Қалмақтар Жайық өзеніне жақындағанда, Ресейдің Орынбордағы губернаторы дереу Нұралы ханға хабар жіберіп: «Қалмақтар қазақтармен соғысқалы келе жатыр, сендер дереу аттанып, олармен соғысыңдар. Олардың керекке жарайтын нәрсесінің бәрін олжалап алыңдар. Оларды тек орыс шекарасына қайтарып жіберсеңдер болды» деді. Қазақтардың сенімін арттыру үшін 1771-жылы 27 қаңтарда «Нұралыға және барлық қазақтарға патшаның куәлік хатын берді, олардан торғауыттардың жолын кесуді талап етті»³. Нәтижеде қалмақ халқы ауыр апатқа тап болды. 1784—1785-жылдарда, кіші жүз қазақтары мен орыс әскерлері арасында болған қақтығыстарда қазақтар орыстардан 351 адамды тұтқынға алды, олардың бір ханшасын өлтірді⁴. Орыс патша үкіметі қазақтарды жазалау үшін екі отряд әскер жіберді. Бірнеше дүркін қалың қар жауып, әскерлер бөгеліп жүре алмағандықтан, олар ойлаған мақсатына жете алмай, қазақтардың қолындағы орыс тұт-

¹ Левшин «Қырғыз-казак даласының сипаттамасы», 134-бет.

² Бұл да сонда, 138-бет.

³ Бұл да сонда, 141—143-беттер.

⁴ Левшин «Қырғыз-казак даласының сипаттамасы», 143-бет.

қындарын ауыстырып алу үшін 213 әйел мен жас баланы ұстап алып қайтты¹.

18-ғасырда «Қазақ феодалдары орыс қамалдары мен селеньелеріне жиі-жиі шабуыл жасап отырды. Бұл жағдайлар Орынбор губернаторы И. И. Неплюев жүргізген патша үкіметінің отарлау саясатынан, қазақ феодалдарының өзара тартыстарынан, олардың бәсекелесуінен туған еді»².

ОРТА ЖҮЗ

18-ғасырдың 20—30-жылдарында орта жүздің билеушілері ретінде Сәмеке хан, Күшік³ хан, Әбілмәмбет хан және Барақ хандарының аты аталады. Іс жүзінде қай-қайсысы да орта жүзді түгел билеген жоқ, орта жүз ханы деген атағы болмаса әрбірінің өзіне тән иеліктері болды. Бұл кейінгі кезде Қазақ хандығында туған феодалдық бытыраңқылықтан және «Ақтабан шұбырындының» аласапыранынан болған еді. Жоңғар феодалдарының шабуылы салдарынан осы иеліктердің өзі де толқымалы тұрақсыз жағдайда болды.

1733-жылы жоңғар феодалдарының шабуылынан ығысқан Сәмеке хан (өз аты Шаһмұхаммет — Тәуке ханның баласы) қол астындағы орта жүз қазақтарынан он мың үйді бастап орыс шекарасына қарай ығысып, башқұрт жеріне өтті. Кейін кіші жүздің Әбілқайыр ханы қатарында Ресей патшалығына бағынды. Осы мезгілде найман тайпасының бір бөлігіне хан болған Күшік хан да орыс мемлекетінің шекарасына ауып барған еді.

Қазақ хандығында қалыптасқан дәстүр бойынша үш жүздің ордасы ұлы жүзде (Түркістан қаласында) болатын және ұлы хан ұлы жүзді тікелей билейтін еді. 1730-жылы Әбілмәмбет үш жүздің ұлы ханы болған соң, ұлы жүзге ауысып, қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласына барып орнықты.

Орта жүз қазақтарының бұрынғы билеушілері Сәмеке

¹ Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 157-бет.

² «Қазақ ССР тарихы», I-том, 252-бет, Алматы, 1957.

³ Күшік — Қосымбеттің лақап аты (шын есімі Күшік екен деп те айтады).

⁴ Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 143-бет.

хан мен Күшік ханның елдің бір бөлігін бастап Ресей шекарасы жаққа қоныс аударып кетуі және Әбілмәмбеттің ұлы хан болып Түркістан қаласына (ұлы жүзге) көшуі Барақ ханның (Барақ сұлтанның) орта жүздегі орны мен билігін күшейтті.

Барақ хан (Барақ сұлтан) қазақ хандығының іргесін қалаған әйгілі Әз Жәнібек ханның бесінші ұрпағы (Әз Жәнібек хан — Шығай хан — Ондан сұлтан — Тұрсын хан — Барақ хан) еді. Барақ хан өз өмірінің соңғы кезінде орта жүздің ханы болып, Ықан, Отырар қалаларында тұрған. 1749-жылы жергілікті бір қожа қонаққа шақырып, Барақ ханды баласымен бірге у беріп өлтірген. «Барақ ханды қалмақ өлтірген» деген сөз қауесет¹.

18-ғасырдың 30-жылдарында, «ақтабан шұбырынды» аласапыранының шаң-тозаңы әлі де серпілмеген, орта жүздегі, сондай-ақ Қазақ хандығындағы алауыздық тұманы айықпаған ауыр кезеңде Абылай тарих сахнасына шықты. Қазақ тарихшысы Шәкәрімнің айтуынша, Абылай мәнжайы мынадай болған:

Абылай ханның өз аты — Әбілмәнсұр, ол қазақтың әйгілі ханы Жәңгірдің бесінші ұрпағы. Жәңгір ханның Уәли Бақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, орнына Тәуке хан болғанда, Уәли Бақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәли Бақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, «қанішер Абылай» атанады. Осы Абылайдан Уәли туады (кейбір деректердің айтуынша, Уәли Түркістан қаласын билеген сұлтан болыпты). Осы Уәлидің баласы Әбілмәнсұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, қаңғырып жүріп, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, сам-сам киімі мен сабалақ шашына қарап Төле би оны «Сабалақ» атандырып, түйесін бақтырады. Ол Әбілмәмбет төренің жылқысын жаятын құлы да болады.

Осы мезгілде қазақтың Әбілмәмбет ханы қазақтың үш жүзіне жар салып, оларды жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы жалпы аттанысқа шақырады. Осы кезде Сабалақ Төле биге келіп, соғысқа баруға рұқсат сұрайды. Төле би: «Саған соғысқа барғаннан жылқы жай-

¹ «Бүгінгі Түркістан және оның таяудағы тарихы», 173—174-беттер, Стамбул, 1981.

ған жақсы емес пе?!» дейді. Сонда ол: «Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғаннан соң жігіт адамның өлгені жақсы емес пе?!» дейді. Төле би оның соғысқа қатысуына рұқсат етеді.

Қазақ әскерлері мен жоңғар әскерлері шеп тартып қан майданда соғысады, Сабалақ «Абылайлап» ұран салып жекпе-жекке шығып, жоңғардың батыры Шарыштың басын алады, қолбасшысынан айрылған жоңғар жасақтары дүрбелеңге түсіп қашады, қазақ әскерлері қуалай соғып, зор жеңіске жетеді. Бұл кезде Абылай 20 жастағы жігіт еді. Бұл оқиғаны Үмбетей Тілеуұлы былай баяндайды: «20-ға жасың толғанда, қалмақпен соғыс болғанда, алғашқы бақты тапқанда, Шарыштың басын шапқанда, қанжығаңа бас байлап, жау қашты деп айғайлап, «Абылайлап» шапқанда... ұмыттың ба соны, Абылай»¹ дейді.

Бұл шайқаста зор жеңіске жеткен қазақ әскері бір төбеге жиналады, Әбілмәмбет хан шатырын тігіп, Әбілмәнсұрды (Сабалақты) қасына отырғызып: «Шырағым, сен кімсің? Абылайлап шапқаның қалай?» деп сұрайды. Ол: «Мен қанішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған атамның аруағын ұран қылдым» дейді. Сонда Әбілмәмбет хан: «Қарағым, бауырым» деп құшақтап, сүйіп, халқына айтыпты: «Баяғы Бақидың (Уәли Бақы) нәсілінен бір жалғыз бала қалды деп естіп едім, мынау сол екен, сіздер ұнатсаңыздар, үлкен хандық осыныкі» деп үш жүзден тоқсан жақсыны ертіп барып, Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмәнсұрды (Абылайды) үлкен хан сайлапты. Оның Абылай деп атануы жоғарыдағы Абылайлап ұран салып шапқанынан болды. Абылайдың хан болғаны 1735-жылы еді»².

Үмбетей жыраудың Абылайға айтқан: «20-ға жасың толғанда, қалмақпен соғыс болғанда...» деген сөзіне қарағанда, Абылайдың ерлік атағын әлемге әйгілі еткен бұл соғыс 1731-жылы болған (1711-жылы туған Абылай осы жылы 20 жасқа толады). Әбілмәмбет хан қазақтың үлкен хандығын Абылайға өз қолынан беруді жеңіс алаңында жариялағанымен, Абылайдың ресми хан тағына отыруы — хан көтерілуі бұдан бірсыпыра кейін болған. Ол бұл аралықта тағы да талай шайқастарға қатынасып, жеңістерге жетіп, «алмаған жау қоймай» сынақтан өтеді. Жиырма

¹ «15—18-ғасырдағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы», 133-бет, Алматы, 1971.

² Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қазақ шежіресі», Қазан, 1911.

беске келгенде хан тағына отырады. Мұны Бұқар жырау былай баяндайды: «Сен жиырма жасқа жеткен соң, алтын тұғыр үстінде, ақ сұңқар құстай түледің, дәулет құсы қонды басыңа, Қыдыр келді қасыңа, бақ үйіне түнедің, алыстан тоят тіледің, қылышыңды тасқа біледің, алмаған жауың қоймадың, алған сайын тоймадың, несібенді жаттан тіледің»¹... Жиырма беске келгенде, бақыт берді басыңа, тақ берді астыңа...»² дейді. Мұндағы жиырма бес Абылайдың шыққан жасы, оның толған жасы жиырма төрт, бұл деректердің дәлелдеуіне қарағанда, Абылай 1735-жылы хан болған.

Ресей патша өкіметінің Жұңғоның Ежен (Чиң патшалығы) үкіметіне жолдаған хатында: «1738-жылы қазақтың Абылай ханы өзіне қарасты халқымен бірге (Ресейге) бағынуға ант беретін болған»³ деп жазылған. Бұл сөз Абылайдың 1738-жылдан бұрын хан болғандығын дәлелдейді.

Чиң патшалығы дәуіріндегі тарихи құжаттарында қазақ және Қазақ хандығы туралы деректер 1741—1742-жылдан бастап мәлім болған. 1750-жылдардағы деректерде «қазақтың ханы Абылай» «Абылай хан» деп аталады. Тіпті Ежен ханның Абылай хан жөніндегі жарлығында: «Ол бұрыннан хан болып келген екен, оның хандығы қабылдансын» деп айқын айтылады⁴.

Жоғарыдағы фактілер, кейбір зерттеушілердің: «Абылай бұрын хан емес, тек сұлтан еді, ол 1771-жылдан кейін ғана орта жүзге хан болған» деген сөздерінің тарихи шындыққа жанаспайтындығын дәлелдейді.

Қазақ тарихшысы Шәкәрімнің айтуынша, Абылай қазақтың үш жүзін билейтін ұлы хан болған. Бұдан бұрын қазақтың ұлы хандары ұлы жүзде тұрып, оны тікелей билейді екен. Абылай хан болғанда, орта жүздің басшылары: жоңғарлардың шапқыншылығы орта жүзге тікелей қауіп төндіріп отыр, оған қарсы күреске қолбасшылық істейтін ұлы ханның орта жүзде тұрып, оны тікелей басқаруы керек деп талап етеді және ұлы жүз Төле биге жол-жоралғы сыйлық беріп, Абылай хан ордасын орта жүзге орнатады⁵. Абылай орта жүзді тікелей билейді. Соның

¹ «15—18-ғасырдағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы», 151-бет, Алматы, 1971.

² Бұл да сонда, 155-бет.

³ «Мазұң патшаның тағлыматтары», 5-том, 19-бет.

⁴ «Гаузұң патшаның тағлыматтары», 269-том, 26—27-беттер.

⁵ Шәкәрім «Қазақ шежіресі», «Қазан», 1911.

үшін Абылай әрі орта жүздің ханы, әрі барлық қазақтың ұлы ханы есептеледі, үш жүздің басын құрайды. Бұқар жырау Қалқаманұлының Абылай ханға айтқан: «Алтын тақтың үстінде, үш жүздің басын құрадың» деген сөзі осыны дәлелдейді. Әрине, жанама деректердің ешқайсысы, бүкіл өмірін Абылайдың оң тізесін басып отырып, оған ақыл-кеңес айтумен өткізген Бұқар жыраудың және оның замандасы Үмбетейдің сөзінен сенімді болмаса керек.

Әбілмәмбет ханның Абылайға үлкен хандықты өз қолынан беруіне тек қана оның ерлігіне сүйсініп, ата мұрасын қайтаруы деп қарауға болмайды. Мұндағы басты себеп, 1730-жылы Әбілмәмбет ұлы хан болғанда, Әбілқайыр, Тәмеке, т. б. сұлтандардың таққа таласуы, қайта құралған қазақ бірлігінің ыдырауы, осыны пайдаланған жоңғар феодалдарының қайтадан қауіп-қатер төндіруі ұлы хандықты өткізіп беруге мәжбүр етті. «Ұлы хан» деген атағы болмаса, ұлы хандық билікті жүргізу мүмкіндігінен айрылған Әбілмәмбет үшін құрғақ атақты көтеріп аразашты болудан, оны жақсы атақпен Абылайға беріп, өз иелігін жеке билеу тиімді еді. Іс жүзінде осылай болды, Абылай ұлы хан болғаннан кейін де, Әбілмәмбет хан атағын сақтап, өзіне қарасты елін билеп отыра берді.

Абылай 1741-жылы аң аулап жүріп жоңғарлар қолына тұтқын болып түсті. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастап тоқсан адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743-жылы 5-қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алды, Абылай тұтқындағы кезде оның орнына уақытша Әбілмәмбет хан болған еді, Абылай қайтып келген соң хандықты қайта берді.

Абылай хан болған соң үш жүздің басын қосып, біріккен, күшті Қазақ хандығын құруға, қазақтың «ақтабан шұбырынды» жылдарында айрылған жерлерін қайтарып алуға қайрат жұмсады. «Абылай өз мақсатын орындау жолында бірталай табысқа жетеді. Оған орта жүз, ұлы жүз және кіші жүздің кейбір рулары қарайды. Абылайдың Орта Азия хандықтарымен соғыстары сәтті аяқталып, Түркістан, Сайрам, Шымкент т. б. қалалары қайтадан қазақтардың қолына өтеді. Ал Ташкент алым төлеп тұратын болады»¹.

18-ғасырдың 40-жылдарының ортасында жоңғар феодалдары арасында туған феодалдық қырқыстар жоңғар елін мейлінше әлсіретіп, ойрат халқын аса ауыр күйзеліс-

¹ Мұқтар Мағауин «Алдаспан», 38—39-беттер, Алматы, 1971.

ке түсірді. Абылай хан осы орайды пайдаланып, жоңғардың ішкі ісіне килігіп, үкімет билігіне таласқан жоңғар феодалдарының біресе ол жағын, біресе бұл жағын қолдап, талас-тартыстарды ұшықтырып, оларды әлсірете түсті. Сол арқылы бұрын жоңғарлар тартып әкеткен қазақ жерлерін қайтарып алды. Ертістің тағалауындағы құнарлы коныстарды алуға ұрынды. Бұл оқиғаның мән-жайы мынадай еді:

1746-жылы Қалдан Церен хұнтайжы қаза болған соң орнына ұлдарының бірі Цеван Доржы отырды. Оны өз інісі Ламадоржы өлтірді. Қалдан Цереннің қалған екі ұлы Дауашы мен Амурсана таққа таласып, Ламадоржымен соғысты. Бұл соғыста жеңіліп қалған Дауашы мен Амурсана Қазақ хандығына қашып келіп, Абылайды паналады. Абылай оларға әскери көмек көрсетті. Дауашыны қолдап, хұнтайжының тағына отырғызуға ұмтылды. Бұған мейлінше кектенген Ламадоржы 1751—1753-жылдары Қазақ хандығына қайта шапқыншылық жасады. Абылай бастаған қазақ әскерлері Ламадоржының әскерімен соғысты. Құрманбайдың айтуынша: «Абылай Дауашыны барынша қолдады», «Дорбыттарды күйзелту үшін» оған бес мыңнан аса қазақты көмекке жіберді. Шапқыншылыққа қатынасқан қазақ феодалдары көп мал және көп тұтқын түсірді, «ал басқа малдың бәрін Дауашы өзі алды¹).

1753-жылы Дауашы жеңіп шығып, Ламадоржыны тағынан тайдырып, хұнтайжы болды. Амурсана өзінің бұрынғы одақтасы Дауашыға қарсы шықты, Абылай Амурсананы қолдады. Ойрат тайпалары аласапыран жағдайға тап болды. Соғыста Дауашыдан жеңілген Амурсана Ежен ханға қашып кетті.

Бұл орайды пайдаланған қазақ қолбасшылары тұстұсынан шабуылдады, жоңғарлардың Амурсананы жақтайтындары Абылайға ілесті. Абылай хан 1754-жылы қазанда Дауашының орталығы Іле өңіріне дейін жорық жасады, он мыңнан астам әскерімен Бұратала өңіріне келіп тиісті, бұл арадағы ойрат тайпаларын айдап әкетті². Дауашы әскерлерінің Іле өзенінің солтүстігінде сақтаған астық, торғын-торқа қоймасын талап алды. Талаудан қалған ат-көлікті Дауашы Текеске алып қашуға мәжбүр болды³.

1755-жылы екінші айда Қазақ хандығына қарсы жорық

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 279-бет, Алматы, 1957.

² Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы», 9-том, 29-бет.

³ Бұл да сонда, 13-том, 7—8-беттер.

жасады¹. Қазақтар да қайтарма шабуылға аттанды. Сол жылы (1755) жоңғарды тыныштандыруға шыққан Ежен ханның әскерлері Дауашы жасағын талқандап, өзін қолға түсірді.

Бірақ бұл әскерлерді бастап келген Амурсана Чиң патшалығына қарсы қайта бүлік тудыруға кірісіп, қазақ хандығына қашты. Ежен ханның әскерлері бұл бүлікті тыныштандыруға аттанды. 1757-жылы жоңғарларды тыныштандыру аяқталды. Бұған Абылай хан да елеулі үлес қосты.

Ежен хан үкіметі жүз жылдан бері жоңғар феодалдарының талан-таражына тап болып келген қазақ халқын өз жағына шығарып алуда ұтымды шара, кең қолтық саясат қолданды. Жоңғар феодалдарының бүлігін тыныштандыруға және Амурсананы қуғындауға аттанған әскерлеріне Ежен Бұғда хан жарлық беріп: «Егер қазақтар өздері келіп бағынса, олардың бастықтарын астанаға әкеліп ханмен жолықтырып, сыйлық және мәнсап беру керек. Оларға қарасты бұқара өз қоныстарында отыра берсін, оларды қонысынан көшірудің қажеті жоқ, тіпті олар ел болғысы келмеген күнде де әскер күші арқылы жаулап алуға болмайды»² деді. Тағы бір бұйрықта былай деді: «Сендер адам жіберіп қазақтарға хабарлаңдар... бағыну-бағынбау қазақтардың өз еркі, әскери бөлімдер тек шекараны ғана күзетсін, шекарадан өтіп оларға соғысуға рұқсат етілмейді»³. «Қазақтар жоңғардан олжаға алған мал-мүліктерді қайтарып беруі керек» деген пікір мүлде қате, бұл сөз барып тұрған сандырақ, өткен кезде олардың арасында болған талан-таражға Дауашы мен Ламадоржы жауапты, оның қазіргі жағдайымен ешқандай қатысы жоқ»⁴ деп жар салды.

Ежен хан үкіметі өзінің қолбасшыларына жарлық беріп, қазақтарға қысым жасауға тиым салды: «Сендер оларға орынсыз килікпей аулақ жүріңдер, оларға маңғол тайпалары қатарында қарауға болмайды, олар өз алдына хан болып келген екен, оны мойындауымыз тиіс»⁵ деді.

Бұл жарлықтар маңғол тіліне аударылып, қазақтарға жеткізіліп отырды (Абылай хан және басқа қазақ билеу-

¹ «Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы», II-том, 4-бет.

² «Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы», 13-том, 13-бет.

³ Бұл да сонда, 27—28-беттер.

⁴ Бұл да сонда, 14-том, 28—29-беттер.

⁵ Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы», 41-том, 21-бет.

шілерінің қасында маңғол тілі мен жазуын жетік білетін аудармашылар бар еді). Абылай хан бастаған қазақ халқы Амурсананың әрекетіне қосылмады. Ұзақ жыл соғыс апатына ұшырап азып-тозған қазақ халқы үшін бәрінен бұрын бейбіт өмір керек еді. Соның үшін Амурсана бастаған бүлікшілерден батыл қол үзіп, Ежен ханның жарлығын қарсы алды.

Абылай хан өзінің Ежен ханға жолдаған хатында: Жұңго үкіметінің қамқорлығын көптен көксіп келген арманын айтты. Жоңғар билеушілерінің кесе-көлденең болуы кесірінен ата-бабамыз Есім хан мен Жәңгір ханның заманынан бері Жұңғоның қамқорлығына қолымыз жетпей келіп еді, міне, бүгін ұлы мәртебелі патшаның мейіріне бөленіп отырмыз. Мен, Абылай, барлық қазақ халқымен бірге, мәңгі-бақи Жұңғоның қол астына қарауды тілеймін деді. Ол: «Өз елінің шеткері аймақтарын мекендеген біздің ұлттарымызға рақымын жаудырған Ежен ханның әмірін біз енді ғана ала бастадық. Өзім және қол астымдағылар қуанышы мен шаттығын тілімен айтып жеткізе алар емес. Біздің таң қалатынымыз — тек қана Ежен ханның құдіреттілігі. Мен, Абылай, барлық қазақты бастап мәңгі-бақи Жұңғоның қол астында болуды шын жүректен тілеймін»¹, деп жазды (бұл хат арап жазуымен қазақ тілінде жазылған).

1757-жылы 7-маусым күні Балқаш көлінің шығысындағы Аякөз өзенінің жағасында Ежен ханның елшілері алғаш рет қазақтың Абылай ханымен кездесті. Абылай барлық қазақ халқымен бірге Ежен ханға бағынғандығын баяндап хат тапсырды, оларға төрт сәйгүлік тарту етті, Ханжығар бастаған жеті елшіні Ежен ханға жолығу үшін Бежінге жіберетінін айтты. Ежен ханның елшілері Абылайдың бағынуын қабылдады². Ежен ханның жарлық-хұжаттарында қазақ хандығы бейне аннам, сиям сияқты Жұңго мемлекетіне бодандық тәуелділіктегі ел есептелді. Онда былай дейді: «Қолбасшы Жау Хұй және уәзір Фудыннің мәлімдемесінде: «Қазақ ханы Абылай бізге ел болып, тарту тартып, елші жіберіп отыр, бұл олардың ақ көңіл, адал ниеті. Біз қорғаушы қосып, ол елшілерді Бежінге жібердік», делінген. Он мың шақырым алыстағы ұланбайтақ өңірді мекендеген қазақтар өз еркімен ел болып, бағыну хатын жолдап, сәйгүліктерін тарту етіп, елші жібер-

¹ «Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы», 24 бет.

² Бұл да сонда, 41-том, 20—21-беттер.

ді. Бізге тәуелді аннам, сиям, лиушу елдері қатарында бұларды (қазақтарды) аспан әулетінің саясына алсақ болды, бұларға (қазақтарға) аймақ, аудан сияқты жергілікті әкімшілік басқару жүйесін қолданып әкімдер тағайындаудың да, қалқа тайпалары тәрізді бөліп, нояндар белгілеп жатудың да қажеті жоқ... Енді қазақ ханы Абылайдың хатын аударып, елдің іш-сыртына жариялап, бұл істі күллі жұртқа әйгілеу керек¹.

Бұл Жұңго үкіметінің қазақ халқы және Қазақ хандығы жөнінде заң-жарлығы еді.

1757-жылы жазда Қазақ хандығының елшілері Ханжығар, Өміртай, Долан, Аранжы, Танаш, Бекенайлар Бежінге барып, Ежен хан ордасына тарту тартып қайтты². Бұл қазақ елшілерінің алғаш рет Бежінге баруы еді. Осы 1757-жылдан 1830-жылға дейінгі жетпіс неше жыл ішінде қазақ хан-сұлтандарының елшілері жыл сайын, кейде жыл аралап Бежінге барып Ежен ханға жолығып, тарту тартып отырды (Қазақ хандығынан Ежен ханға барған елшілер деген кестеге қараңыз). Ежен хандығының хандары қазақ елшілерін киіз үй тіккізіп, салқын жерде салтанатпен қабылдап, сый-сияпат, шен-шекпен беріп қайтарып отырды. Бұл елшілердің барып қайтатын жолы, оларға лау дайындайтын өртең, бұларды бастап жүру, қорғау тәртіптері арнаулы бұйрық арқылы белгіленді.

1757-жылы 22-маусым күні Абылай хан Ежен хандығының әскери бастығы Жау Хұймен кездескенде, қазақтардың сауда-саттық жасауы үшін Ұлыңгір жағасына сауда жәрмеңкесін ашуды ұсыныс етті. Бірақ Жау Хұй: Ұлыңгір алыс, саудаға қолайсыз, жәрмеңке ендігі жылы (1758-жылы) шілдеде Еренқабырғада және Үрімжіде ашылсын, қазір Үрімжіде әскери егіншілік жұмысы жүргізіліп отыр, бұл сауда-саттық істеуге тиімді жағдай деп жауап берді¹. 1758-жылдан бастап үш орында — Тарбағатай (Шәуешек), Іле (Құлжа) және Үрімжіде қазақтарға арналған сауда жәрмеңкесі ашылды. Бұл жәрмеңкеге қазақтар көбінесе ат әкеліп сатты. Өйткені Ежен ханның әскеріне және әскери егіншілік ісіне ат аса қажет еді. Одан басқа сиыр және қой әкеліп өткізіп отырды. Ал қазақтар көбінесе торғын-торқа, мақта-мата, тағы басқа тұрмыс бұйымдарын

¹ «Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы», 25—28-беттер.

² Бұл да сонда, 43-том, 22-бет.

³ Бұл да сонда, 44-том, 35-36-беттер.

алып отырды. Бұл сауда үкімет пен қазақ феодалдары арасындағы сауда сипатында болды. Мысалы: мыңдаған аттар Абылай хан атымен келіп саудаланып отырды. 1758-жылы 17-қыркүйек күні Қабанбай Үрімжіге үш жүз ат әкеліп сатты. Үкімет жағынан сатылатын тауарлардың сапасы, бағасы, сауда тәртібі туралы қатаң белгілеме жасалды.

Бұл сауда жәрмеңкелерінің ашылуы, екі жақтың іс-жүзіндік қажетінен туылған еді. Қазақ халқы үшін күнделікті тұрмысқа тұтынатын қолөнер бұйымдары, әсіресе пұл (торғын-торқа, мақта-мата) қажет болды. Ал Ежен хан үкіметі үшін әскерге керекті ат және жұмыс көлігі, сойыс малы керек еді, жәрмеңкенің ашылуы екі жақтың қажетін бірдей қамтып отырды. Сонымен қатар экономиканың өркендеуіне дем берді. Үрімжі, Құлжа, Шәуешек қалалары қазақтың сауда орталығына айналды, бұл қалалар бірте-бірте өсіп, саяси, шаруашылық және мәдениет орталығы болды.

Жұңго үкіметінің Жоңғариядағы аласапыранды аяқтатып, батыс-солтүстік өңірде бейбітшілік орнатуы және мемлекеттің бірлігін нығайтуы бұл өңірде ұзақ мезгіл өмір сүрген үркін-қорқынды, өзара жауласу мен талан-таражды тыйды. Абылай хан бастаған қазақ халқының Жұңгоның қол астына қарауы, «ақтабан шұбырынды» апатын бастан кешіріп, азып-тозған қазақ халқының қайтадан ес жиып, етек жауып, экономикалық өмірін оңалтып, ел санатына қосылуы үшін жақсы жағдай жасады. Бейне Бұқар жырау айтқандай: «Қайғысыз ұйқы ұйқтайтын, қайырусыз жылқы бағатын» бейбіт өмір орнады. Мұның үлкен маңызы болды.

Қазақтың ақырғы ханы Абылай — қажырлы қаһарман, батыл қолбасшы, шебер ұйымдастырушы, дарынды дипломат, ақылды да айралы, өз Отанын, өз халқын сүйген қажырлы қайраткер болды.

Өз заманының жыраулары мен одан кейінгі ақындар Абылайдың осы қасиеттерін дастан етіп жырлады, Абылай хан Жұңго мен Ресейдей екі ірі ел арасында алма-кезек әрекет істеп, өз үкіметін нығайтуға, өз позициясын күшейтуге ұмтылды. Төңірегіндегі көрші елдермен — Орта Азия хандықтармен де, орыс мемлекетімен де сауда-саттық байланыс, мәдени қарым-қатынас жасады. Экономиканы, сауданы өркендетуге көңіл бөлді.

Орыс тарихшысы Левшиннің айтуына қарағанда, орыс патша үкіметі Абылайды хан деп таныған. 1778-жылы

22-қазанда Ресей патшасының Абылайды хандыққа бекіткен куәлік хаты, оған қоса ханға арналған тон, тәжі және әскери қылыш дайындалады. Сонымен бірге Абылайды бұл заттарды Орынборға келіп алуға және Орынбор, Троицк яки Сібір шекара шебіне келіп, Ресейге ант беруге шақырады. Абылай бұл ұсыныстан бас тартады, дайындалған куәлік пен шен-шекпендерді алмайды. Бұдан соң орыс патша үкіметі Абылайдың бұларды өз ордасында қарсы алып, Ресей елшісінің алдында ант беруін ұсыныс етеді. Абылай бұл ұсынысқа да тойтарыс береді¹.

Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов былай дейді: Абылай хан орыс патша үкіметінің өзін (Абылайды) хан етіп бекітуіне және оған ант беруден батыл бас тартты: «Мені халқым сайлап хан көтеріп, Жұңгодағы ұлы Ежен хан өз грамотасымен бекітіп отырғанда, орыстарға барып ант беруге тиісті емеспін»² деп тойтарыс берді. Ш. Уәлихановтың айтуына қарағанда, бұл мәселеде Абылайдың өз сенімі бар-ды. Абылайдың пікірінше, «Жұңго үкіметі хан билігі үшін қауіпті бола алмайды, ал орыс үкіметі түземдік үкіметке қарсылық күшейтеді деп білді»³.

Қазақ елі мен қазақтар қоныстанған жерлерді басқаруда, Жұңғоның Ежен хан үкіметінің маңыз берген басты мәселелері: мемлекет шекарасының амандығы және ел іргесінің тыныштығы ғана еді. Бұдан басқа жақтардың барлығын қазақтың хандары мен сұлтандары өзі билеп-төстеді, Ежен хан бекіткен Абылай, Әбілмәмбет, Әбілез хандар қазақтың дәстүрлі дағды-салт заңдарын қолданды.

Абылай хан өмірінің соңғы кездерінде Қазақ хандығының ұлы ханы, ұлы жүзде тұратын дәстүрі бойынша ордасын орта жүзден ұлы жүзге көшірді. Ол арада, баяғы Әз Тәуке ханның тұсындағыдай қарақалпақ пен қырғыз тайпаларына үстемдік жүргізуге, Ежен ханның күшіне сүйене отырып, Орта Азияға ықпал жасауға ұмтылды. Бірақ бұған Жұңғоның Ежен хандығы жол бермеді.

Абылай хан өзінің Қазақ хандығын біртұтас іргелі ел етіп құру ойларын да жүзеге асыра алмады. Өйткені бұл кездегі ішкі-сыртқы жағдай мүлде өзгерген-ді. Бұлай істеудің экономикалық және әлеуметтік негізі де жоқ еді. Күш-қуаты жағынан да қазақтың бұдан бұрын өткен әйгілі

¹ Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 151-бет.

² Шоқан Уәлихановтың Абылай жөніндегі мақаласы.

³ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 281-бет, Алматы.

хандарының деңгейіне жете алмады. Сондықтан Бұқар жырау Абылайға: «Сен Есім ханның түстігіне де жарамайсың» дейді екен.

Абылай хан 1781-жылы жетпіс жасында қайтыс болды, сүйегі Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласында жерленді. Қазақ ақын-жыраулары Абылайдың өмірін, ерлігін дастан етіп жырлады. Қазақ халқы Абылайдың атын ұран етіп шақыратын болды.

1781-жылы Абылай хан қайтыс болған соң, орыс патша үкіметі Абылайдың баласы Уәли сұлтанды орта жүздің ханы деп таныды. Жылнамаларда жазылған мәліметтердің айтуынша, Уәли хан Ресей патшасына бағынуымен қабат, Жұңгоның Ежен ханына да бағыныштылық білдіріп, елшілер жіберіп, тарту тартып отырған. Мысалы 1782-жылы мамырда, Уәли хан өзінің інісі Сағай сұлтан бастаған тоғыз адамды Бежінге елші етіп жіберіп, Ежен хандығына тарту тартқан¹. 1787-жылы шілдеде Уәли хан өзінің інісі Қазым бастаған бес адамды елші етіп Бежінге жіберген². 1791-жылы шілдеде Уәли хан өзінің баласы Хамза бастаған төрт адамды елші етіп Бежінге жіберген³. Бұл елшілер 19-ғасырдың бастарында да үздіксіз барып тұрған, яғни 1803-жылы тамызда бір рет, 1809-жылы тамызда бір рет елші жіберген.

«Қазақ ССР тарихында» бұл жөнінде былай дейді: «Уәлидің Чиң патшалығына бейім болуы қазақтардың наразылығын туғызды. 1795-жылы Петербургке қазақтардың Уәлиді тақтан түсіруді сұраған арызы түсті. Өзінің үкімет билігінің тұрақсыздығын сезген Уәли 1805-жылы тіпті Шинжаң жеріне көшіп кетпекші болды. Бірақ қазақтар оған еріп көшпейтін болды. Уәли ханның Чиң патшалығы мансаптыларымен байланысы барлығын білген және үкімет билігін бұрынғыдан да нашарлатуға тырысқан патша үкіметі 1815-жылы Барақтың тұқымы Бөкейді орта жүздің екінші ханы етіп бекітті. Бірақ тағайындалған кейін (1817-жылы) Бөкей хан өлді, 1819-жылы Уәли де өлді»⁴.

¹ ² ³ «Чиң патшалығы, Гаузұң орда естеліктері», «Чиң патшалығы, Рынзұң орда естеліктері».

⁴ «Қазақ ССР тарихы» I-том, 322—323-беттер. Алматы, 1957.

Ұлы жүз ұлыстары мекендеген Іле, Шу, Талас және Сырдария алқабы ежелгі үйсін-қаңлы заманынан бері қарай қазақ тайпаларының құтты қонысы еді. Бұл өңір мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы тел өскен, керуен жолын жағалай салынған отырықшы мекен, қалалары көркейген мәдениеті өңір болатын. 15-ғасырда құрылған Қазақ хандығының шаңырағы да осы өңірде көтерілген. Содан бері қазақ хандығының негізгі тірегі болып келген. Қазақтың үш жүзін билеген ұлы хандары Түркістан қаласын астана етіп, ұлы жүзді тікелей басқарып отырған. 1718-жылы Тәуке қайтыс болып, қазақ жүздері бірі-бірінен оқшаулана бастаған кезде ұлы жүзді Жолбарыс хан (1720—1740) биледі. 1723-жылы жоңғар феодалдары ұлы жүзге басып кірді, ұлы жүз жерінің бір бөлігі жоңғар хұнтайжыларының қол астына өтті, бұл жерлерді мекендеген қазақтардың бір бөлігі өз мекендерінде қалып, жоңғар билеушілеріне бағынып, оларға алым-салық төлеп отыруға мәжбүр болды.

1730-жылы ұлы жүз ханы Жолбарыс өзі билеген қазақ қауымдары мен Ташкент қаласының тұрғындары атынан жоңғар хандығына тәуелділігін мойындап, жоңғар әскер басына алым-салық төлеген¹.

Абылай хан бастаған қазақ халқының жоңғар феодалдарының басқыншылығына қарсы күресі қанат жайған кезде, ұлы жүз ханы Жолбарыс «1739-жылы Абылаймен тізе қоса отырып, жоңғарларға қарсы күресін ұйымдастырды. Соның нәтижесінде Ташкент, Сайрам қалалары басқыншылардан азат етілді»².

Ежен ханның әскерлері жоңғар феодалдарының әскерлерін жеңгеннен кейін, 1757-жылы қазақтың ханы Абылай Ежен ханға бағынды. Ежен ханның әскерлері жоңғарлардың қашқан әскерлерін қуалап, ұлы жүз жеріне келді. Бұл кезде ұлы жүздің ханы Әбілез екен. Әбілездің қол астында Төле би (Төлебай), Ханкелді, Сасық би деген үш батыры бар екен. Әбілез Ташкент қаласында тұрады, ол нақтылы жұмыстарға араласпай, бәрінің үстінен қарап отырады. Нақтылы үкімет билігі Төле бидің қолында болады³.

Ежен ханның Іле өлкесін билеуге жіберген уәзірі және

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы, 4-том, 465-бет.

² Бұл да сонда.

³ Хы Чиутау «Қазақтардың бағынуы жайындағы сипаттама».

уәлиі Фуды шеру тартып Ташкент қаласына барған кезде, орта жүз қазақтарының билеушілері Ташкенді билеу құқын тартып алу үшін, Ташкент қаласының бастықтарының бірі болған Тұржанмен күресіп жатқан кезі екен¹.

Ежен әскерлерінің қолбасшысы Фуды өз қол астындағы Мұңтордай, Хы Шандыларды оларға жіберіп, Ежен ханның жарлығын жеткізіп, «өзара талас-тартыстарды тыйып, тату-тәтті өмір өткізу» жөніндегі ұлы мәртебелі билеушінің бұйрық лебізін ұғындырды. Мұны естіген Төле би қатарлы ел басшылары қоғадай жапырылып, әскерлердің алдына келіп, тарту тартып, бағыну хатын ұсынды². Бұл хатта: «Біз, өздеріңізге бағынуды баяғыдан аңсаған адал қарашаларыңыз, қиыр қонып, шет жайлап, қонысы шалғай, жол алыс болғандықтан, аралықта сол қанат қазақтары (орта жүз қазақтары) отырғандықтан, әсіресе жоңғарлар кесе-көлденең болып жолымызды бөгегендіктен, ұшарға қанатымыз жоқ отырған едік. Сол қанаттағы қазақтардың өзіңізге бағынуы, қамқорлығыңызды қасымызға әкелді. Елшілеріңіз келіп, Еженнің қайырым-қайранын бізге жеткізіп, кенеземізді кенелтіп отыр. Біз енді, бәріміз бірдей адал ниет, шын пейілімізбен Ежен ханның қол астына қараймыз. Аспан ұлы — Ежен ханның алдына барып дидарын көруге мінәсіп болу үшін, баламыз бен інімізді елші етіп астанаға аттандырамыз. Бұдан былай, қарашада ала көңіл, бөтен тілеуде болмай, адал қызмет атқаруға ант береміз» деп жазылған екен³.

1758-жылы қарашада Төле бидің баласы Жаулен және Ханкелдінің інісі Пұсұрман елші болып астанаға барып, Чианлұң патшаға жолықты. Чианлұң патша оларға Пәншанда арнаулы қонақасы берді, Уаң Нәниуан оларды ертіп жүріп, гүлшырақ тамашасын тамашалатты⁴.

Ұлы жүз Ежен ханға қараған соң, жыл сайын астанаға елші жіберіп отырды. Ежен ханмен арада сауда-саттық байланысы өрістетілді.

1783-жылы Әбілпейіз қайтыс болды, Чианлұң патша оның орнына баласы Жанқожаны хан етіп тағайындау жөнінде жарлық жариялады. Бұл жарлықта: «Жанқожаны қазақ ханы етіп тағайындау жөніндегі жарлық: мен кеше Тарбағатайда тұратын уәзірдің жолдаған баяндамасынан

¹ «Батыс өңір картасы жөніндегі сипаттама», 45-бөлім, 9-бет.

² Хы Чиутау «Қазақтардың бағынуы жайында сипаттама».

³ Бұл да сонда.

⁴ Бұл да сонда.

сіздің әкеңіздің ауырып қайтыс болғанын естіп қатты қайғырдым. Әкеңіз Әбілпейіз бізге бағынғаннан бері, қамқорлық-қайырымды терең түсініп, көшпенді мал шаруашыларды жөнге салып, шекараны қорғауға, ұры-өтірікті тыюға барлық күш-қайратын сарқа жұмсап, сый-құрметке бөленген-ді. Бүгін ол кісінің қайтыс болғанын естіп, ерекше қамқорлық етіп, ақтық салып, көңіл айтып келуге Іледегі генералдық штаттан елші жібердік. Әбілпейіздің ұлы Жанқожаға мұрагерлік жолымен әкесінің барлық лауазымы қайран етілсін. Оған тағайындау жарлығы тапсырылсын және онымен қоса төрт топ торғын сыйлық берілсін. Әкелерінің артында қалған балалары, сендер, бұрын әкелеріңе қолқанат болып, шекара аймақты көшіп-қонып мекен еткен қазақтарды басқарып келген едіңдер, бұлардың барлығы бұрынғы дағды бойынша басқарылсын. Ұрлық-өтіріктің өрбуіне жол берілмесін. Сендер, аға-інілер, өзара берекелі болыңдар, көршілес елдермен тату тұрыңдар. Басқа жақтан қашып келген адамдарды жасырмаңдар. Үкімет қызметі жөніндегі өтініштер болса Іледегі бас штаб, Тарбағатайдағы уәзір арқылы жолданып отырылсын» деп жазылған¹.

18-ғасырдың ақырында, Ташкент қаласын Иұнұс қожа билеген, бұрын Ташкент Қазақ хандығына бағынатын еді. Иұнұс Ташкент қаласын билеген соң Қазақ хандығынан айырылуға әрекет жасады. 1798-жылы Иұнұс қожа өз алдына әскер жинап алып, қазақтарға шабуыл жасап, оларды жеңіліске ұшыратты. Бұдан соң Иұнұс қожа онан әрмен өршелене шабуыл жасап, қазақтарды топтап тұтқынға алды. «Тұтқындардың басын кесіп, қарсы жақтан көзі жететін жерге олардың басынан мұнара тұрғызды»². Оның бұл жауыздығы ұлы жүз қазақтарын қатты түршіктірді. Ұлы жүз қазақтарының мыңдаған от басы үрке көшіп, Ертіс өзені алқабына барып, орта жүз қазақтарына қосылды, енді бір бөлігі малдарын айдап, Ақтау өңіріне көшті.

«Қоқан ханы Әлімнің (1801—1809) тұсында Қоқан бектері Сайрам, Шымкент қалалары мен осы төңіректегі біраз жерлерді, ұлы жүздің Ұзынағашқа дейінгі батыс жағын, Талас алқабын және орта жүздің Ташкент пен Арыс өзені аралығындағы қоныстарын жаулап алды. Әлім ханның мұрагері Омар хан (1809—1822) кезінде Қоқан хандығы Қазақ хандығының ескі астанасы Түркістан қала-

¹ «Чиң патшалығы, Гаузұң орда естелігі», 1189-бөлім, 2—3-беттер.

² Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сыпаттамасы», 48-бет.

сын өзіне қаратты»¹. Бұл жерлердегі қазақтар Қоқан хандығына бағынды.

19-ғасырдың басында Қоқан хандығы әскери күшпен бағындырған байырғы ұлы жүз қазақтарынан басқа, Ферғана өлкесін мекендеген қазақтар да бар еді. Зерттеушілердің айтуынша, бұл қазақтардың бір бөлігінің Ферғанаға қоныстануы 1581-жылы Абдолла хан Хожент қаласын Шығай ханға бөліп берген кезде және Надыр Мұхамметтің тұсында (1642—1645) болу керек.

17-ғасырда шығыстан ойраттардың ығыстыруымен ұлы жүз тайпаларының рулары да Ферғанаға қарай ойысты. Олар әсіресе «ақтабан шұбырынды» кезінде көбірек қоныс аударды. Қазақтардың бір бөлігі жергілікті халықтармен біте қайнасып кеткендіктен құрама, шала қазаққа айналды. Құрамалар Ферғана мен Ташкент аралығындағы жерлерді мекендеді. Олардың саны 1785-жылы он мыңға жетті, тоғыз қаласы болды.

Қоқан хандығы үстемдігінің көлеміне кірген қазақтар Қоқан хандығына қарайтын және Қоқан үстемдігін мойындайтындар болып екіге бөлінді. Алғашқылары көшпелі өзбектермен бірдей тең құққа ие болды, әскери және азаматтық қызметтер атқарды. Ал екіншілері малға зекет, жерге ғұшыр-салықтарын төлеп, қажет болғанда көмекке әскер беруге тиісті болды. Қоқан хандығының Ташкенттегі әскері негізінен қазақтардан құралып, олардың саны отыз мыңға жетті. Мұнда, әсіресе ұлы жүздің шанышқылы, қақтаған және қаңлы ру-тайпалары маңызды рөл атқарды².

¹ Қазақ совет энциклопедиясы, 6-том, 592-бет.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 356-бет.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНАН ЕЖЕН ХАНҒА БАРҒАН ЕЛШІЛЕР

Жолыққан уақыты	Елші жіберген хандар	Барған елшілердің аты-жөні	Ескерту
1757-жылы 9—10-ай	Абылай хан Әбілпейіз	Ханжығар, Өміртай, До- лан, Анжы, Та- наш, Бекенай	«Гаузұң орда есте- лігі», 546-бөлім, 6-бет
1758-жылы 11-ай	Әбілес, Ханба	Жаулен, Пұ- сырман	«Гаузұң орда есте- лігі», 575-бөлім, 5- бет
1759-жылы 1—2-ай	Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Абылай	Рыс сұлтан	«Гаузұң орда есте- лігі», 580-бөлім, 19-бет
1760 жылы 3—5-ай	Әбілмәмбет, Абылай, Әбілпейіз	Құтыбай, Аталай, Рысқұл, Бекетай	«Гаузұң орда есте- лігі», 608-бөлім, 7- бет, 613-бөлім, 12- бет
1760-жылы 9—10-ай	Абылай	Дәулеткерей сұлтан (Абы- лайдың інісі)	«Жоңғарды ты- ныштандырудың жалпы жобасы», 6- бөлім, 27-бет
1761-жылы 1-ай	Абылай, Әбілмәмбет	Сұлтан Жол- барыс баста- ған 11 адам	«Гаузұң орда есте- лігі» 623 бөлім, 2- бет, 628 бөлім, 18- бет
1762-жылы 1—2-ай	Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Болат	Сайбек	«Гаузұң орда есте- лігі», 654-бөлім, 17- бет, 655-бөлім, 6- бет
1762-жылы 6-ай	Абылай	Дәулеткелді сұлтан	«Гаузұң орда есте- лігі», 666-бөлім, 18- бет, 668-бөлім, 14- бет

1	2	3	4
1763-жылы 1-ай	Әбілпейіз	Сайбек бастаған 7 адам	«Гаузұң орда естелігі», 701-бөлім, 15-бет
1764-жылы 3-ай	Әбілмәмбет	Ханжығар бастаған 12 адам	«Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы», 24-бөлім, 24-бет
1764-жылы 12-ай	Әбілпейіз	Сайбек	«Гаузұң орда естелігі», 724-бөлім, 6-бет
1765-жылы 5-ай	Абылай	Отаршы	«Гаузұң орда естелігі», 734-бөлім, 2-бет
1767-жылы 8-ай	Абылай		«Гаузұң орда естелігі», 793-бөлім, 22-бет
1768-жылы 12-ай 1769-жылы 1-ай	Әбілпейіз	Баласы Жолшы	«Гаузұң орда естелігі», 825-бөлім, 3-бет, 826-бөлім, 9-бет
1769-жылы 3-ай	Абылай	Баласы Уәлісұлтан жалайыр Қара би бастаған, 15 адам	«Гаузұң орда естелігі», 831-бөлім, 14-бет
1769-жылы 10-ай	Әбілмәмбет қайтыс болды.		«Гаузұң орда естелігі», 844-бөлім, 27-бет
1772-жылы 12-ай 1773-жылы 1-ай	Әбілпейіз тайжы, Санияз, Болатхан	Баласы Жолшы, баласы Қазым, Ақтайлақ	«Шың Шұң»-272-бөлім, 28-бет

1	2	3	4
1776-жылы 1777-жылы 1-ай	Абылай Абылай	 Отаршы	«Дачин Хұйдан естелігі», 744-бөлім «Гаузұң орда естелігі», 1124-бөлім, 12-бет
1781-жылы 6-ай	Абылай қайтыс болды, орнына Уәли Сұлтан хан болды.		«Гаузұң орда естелігі», 1124-бөлім, 6-бет
1782-жылы 5-ай	Уәли сұлтан	Інісі Сағай бастаған 9 адам	«Гаузұң орда естелігі», 1156-бөлім, 1-бет
1783-жылы 4-ай, 9-ай	Әбілпейіз қайтыс болып орнына баласы Ханқожа отырды	Баласы Гадай бастаған 10 адам	«Гаузұң орда естелігі», 1178-бөлім, 12-бет, 1189-бөлім, 2-бет
1787-жылы 7-ай	Уәли сұлтан	Інісі Қазым бастаған 5 адам	«Гаузұң орда естелігі», 1186-бөлім, 18-бет
1791-жылы 2-ай	Уәли сұлтан	Баласы (інісі) Хамза бастаған 4 адам	«Гаузұң орда естелігі», 1383-бөлім, 27-бет
1799-жылы 11-ай	Ханқожа қайтыс болды, орнына баласы Жанқожа отырды		«Рынзұң орда естелігі», 55-бөлім, 15-бет
1803-жылы 8-ай	Уәли сұлтан	Баласы Бекалы сұлтан және елші Тоқта сұлтан, Әли бастаған 6 адам, көмекші-елші Қанай қатарлы 18 адам	«Рынзұң орда естелігі», 118-бөлім, 16-бет

1	2	3	4
1809-жылы 8-ай	Болат хан қайтыс бол- ды, орнына Тоғым отыр- ды	Баласы Алтынсары	«Рыңзұң орда есте- лігі», 217-бөлім, 1- бет
	Уәли сұлтан	Інісі Досалы сұлтанның ба- ласы Сарыбай сұлтан	«Дачиң Хұйдан ес- телігі», 747-бөлім, 22-бет
	Жанқожа	Інісі Данияр, баласы Рүстем	
1811-жылы 9-ай	Жолшы қай- тыс болды (?), Жол- шының ба- ласы Салат орнына отыр- ды		«Рыңзұң орда есте- лігі», 248-бөлім, 4- бет
1823-жылы 12-ай	Уәли сұлтан қайтыс бол- ды, орнына Ғұбайдолла отырды		«Шуанзұң орда ес- телігі», 62-бөлім, 8- бет
1826-жылы 9-ай	Тоғым хан қайтыс бол- ды, орнына Алтынсары отырды	Алтынсарының інісі (Жансе- рі) Ілеге келді	«Шуанзұң орда ес- телігі», 105-бөлім, 43-бет, 106-бөлім, 16-бет
1828-жылы 11-ай	Ғұбайдолла	Елші жібермек болған	«Шуанзұң орда ес- телігі», 146-бөлім, 5 бет
1830-жылы 3-ай	Алтынсары	Баласын жібе- руге уәде еткен	«Шуанзұң орда ес- телігі», 166-бөлім, 26-бет

¹ Жапониялық Зогутудың «18—19-ғасырлардағы Шинжаңның қоғамдық тарихы жайында зерттеулер» атты шығармасының 1-кітабының 555, 559-беттеріне қараңыз. «Шинжаң» халық баспасы», Үрімжі, 1984.

**ЕЖЕН ХАНҒА ЖОЛЫҚҚАН ҚАЗАҚ ЕЛШІЛЕРІНІҢ ШИНЖАҢ
ДЕРЕГІНДЕ БЕРІЛГЕН ТІЗІМІ**

Жолыққан уақыты	Оң қанаттан (ұлы жүзден)	Сол қанаттан (орта жүзден)
1764	Сайбек	
1768	Жолшы	
1769		Дәулеткерей, Уәли.
1773		Әділ А
1780		Садық А
1782		Сағай А
1783	Ғадай АҒ	
1786	Ағадай АҒ	
1787		Қасым А
1790	Көгедай АҒ	Досалы
1791		Қамза У
1795	Айқожа	Шамұхамед А
1795	Баукег	Барақ
1803		Бегалы А
		Әли
		Айшуақ
		Тоқта
1809	Тоғым	Сұлтан Қылай
	Рүстем	Жанкей
	Жанқұрыс	Сарыбай
	Әбілназар	Досалы
		Айшуақ
		Сарыгүл

Бұл кестеде АҒ қойылғандар Әбілпейіздің балалары, А қойылғандар Абылайдың балалары, W қойылғандар Уәлидің балалары.

Жапониялық Зогутудың «18—19-ғасырлардағы Шинжаңның қоғамдық тарихы жайында зерттеулер», атты шығармасының 1-кітабының 359—360-беттеріне қараңыз. «Шинжаң халық баспасы», Үрімжі, 1984.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ

1718-жылы қазақтың ұлы ханы Әз Тәуке қайтыс болған соң, Қазақ хандығында туылған ішкі енжарлық, қазақ жүздерінің ұсақ иеліктерге жіктеліп ыдырауы, жоңғар ақсүйектерінің шапқыншылығы, «ақтабан шұбырынды» апаты Қазақ хандығының күш-қуатын құлдыратқан еді. Осы мезгілде кіші жүз ханы Әбілқайыр өзіне қараған елдің бір бөлегін (40 мың адамды) бастап батысқа қарай ауып барып, орыс патшасына бағынуға ант берді.

Жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы күрестің қан майданында өзінің жан қиярлық ерлігімен ел-жұртқа танылып, қазаққа хан болған Абылай қазақтың елдік еркін қорғау жолында қажырлы күрес жүргізіп, Қазақ хандығын біртұтас, іргелі ел етуге ұмтылды.

Тарихи тағдырдың қиын-қыстау кезеңінде, қазақ ханы Абылайдың жоңғар ақсүйектеріне қарсы жүргізген күресі Ежен ханның жоңғарларға қарсы жорығына ұласты. Ежен әскерінің жоңғар әскерлерін жеңуіне Абылай да ат салысты. Ежен хан жоңғар бөлігін тыныштандырғаннан кейін 1757-жылы Абылай Қазақ хандығы атынан арнаулы хат жолдап, елші жіберіп, Ежен ханға бағынды.

Абылай ханның бағыныштылық білдірген хатын тапсырып алған Ежен үкіметі арнаулы жарлық жариялап; Қазақ хандығының бағынуын сол кездегі аннам, сиам сияқты бодан ретінде қабылдап, сырттай иемделу саясатын қолданды.

Ресей патша өкіметі 1731-жылы Әбілқайыр бастаған кіші жүзді қол астына қаратқаннан кейін қазақ жерлеріне ішкерлей еніп, қадам жеткен жеріне бәріне қамал, бекіністер сала бастады. «18-ғасырдың 30—40-жылдарында қазіргі Верхний Уралскіден Зоворино-Головский қамалына дейін жалпы ұзындығы 770 км. болатын Виский бекініс шебі салынды. Виский шебіне қараған Қаракөл, Грутоярский, Виский қамалдары және басқа қамалдар кірді. Дәл осы жылдары Омбыны Семей және Өскеменмен жалғастырған, ұзындығы 930 км. Ертіс шебі салынды. 1752—1755-жылдары Тобылдағы Звериноголовский қамалынан Ертіске дейін ұзындығы 562 км. жаңа Есіл шебі

салынды. Бұл шеп Виский шебін Ертiс шебiмен қосты»¹. «Қазақ жерлерiнiң Ресейге қосылуы барысында патша үкiметi отарлау мақсатын көздеп, қосып алған территорияға бекiнiс шептерi мен қалалар салды. Бұл бекiнiс шептерi патша үкiметiнiң отарлау саясатының тiреу пункттерiне айналды»².

Орыс патша үкiметi өзiне бағынышты қазақ хандарының ру-тайпа бастықтарын бекiту шарасын қолданды. Бұл қазақ ақсүйектерi арасындағы билiкке таласқан iшкi қырқысты үдетiп отырды. 18-ғасырдың өзiнде-ақ орыс патша үкiметi өзiне қарасты қазақ хандарын сайлаусыз тағайындады. Олардың ел басқарудағы қызметiн жергiлiктi патша әкiмдерi бақылап отырды. Бұл хандардың қазақ арасында беделi қалмады.

19-ғасырдың басында Қазақ хандығы жойылуға бет алды. Кiшi жүздiң кейiнгi хандарының бiрi — Айшуақ 1805-жылы әбден қартайып, тағынан тайды, 1812-жылы тағайындалған кiшi жүздiң ақырғы ханы Шерғазының билiгi ел-жұртқа өтпедi.

1781-жылы Абылай хан қайтыс болғаннан кейiн орта жүз де ыдырай бастады. 1781-жылы әкесi Абылай ханның орнына отырған орта жүз ханы Уәли 1818-жылы қайтыс болды. Орта жүздiң екiншi ханы Бөкей (Барақ сұлтанның баласы) де 1818-жылы қайтыс болды³.

Орта жүз ханы Уәли қайтыс болған соң, оның баласы Ғұбайдолла өзiнiң iнiсi Жантөренi Бежiнге елшi етiп жiберiп, әкесiнiң хандық орнына тағайындауды талап еттi. 1823-жылы 12-айда Ежен хандығы Ғұбайдолланы әкесiнiң орнына хан етiп бекiттi. 1824-жылы 2-мамыр күнi бұйрық бойынша Ледегi әскери уәзiр Ғұбайдолланың орта жүз ханы болып тағайындалған куәлiгiн алып, оның әкесi Уәли ханның қазасына ақтық салып барды. Бұл хабарды естiген орыс патша үкiметi әскер жiберiп, бұл уәзiрдiң алдынан шығуға аттанған Ғұбайдолланы бөгеп жiбермей қойды. Сонымен оның таққа отыру мерекесi өткiзiлмей қалды⁴. Келер жылы Ғұбайдолла iнiсi Сарыбайды жiберiп, хандық куәлiгiн алдырды⁵.

Ежен әулетiнiң жылнамаларында жазылуына қарағанда, 1799-жылы Ханқожа (Әбiлпейiздiң орнына отырған

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 264-бет, Алматы, 1957.

² Бұл да сонда.

³ Левшин «Қырғыз-қазақ даласының сипаттамасы», 186—187-беттер.

^{4 5} «Ежен хан дәуiрiндегi дипломатия тарихының материалдары».

баласы) қайтыс болғанда, Ежен хан оның орнына баласы Жанқожаны тағайындаған¹. 1826-жылы Тоғым хан қайтыс болғанда, орнына баласы Алтынсарыны тағайындаған². Жұңғоның Ежен хандығы Қазақ хандығының елшілерін 1830-жылға дейін қабылдап отырған. Алайда, 19-ғасырдың 20-жылдарында саяси-шаруашылық, әскери жақтан әбден әлсіреген Ежен хан үкіметінде орыс патшалығына төтеп берерлік қуат қалмаған еді. Сондықтан бұның бәрі құрғақ ресмиетке айналды.

Қазақтың ұлы жүзі 19-ғасырдың басында Орта Азияда күшейген Қоқан хандығының шапқыншылығына ұшырады. «Қоқан ханы Әлімнің тұсында (1801—1809) Қоқан бектері Сайрам, Шымкент қалалары мен осы төңіректегі біраз жерлерді, ұлы жүздің Ұзынағашқа дейінгі жерін, Талас алқабын және орта жүздің Ташкент пен Арыс өзенінің аралығындағы қоныстарын жаулап алды. Әлім ханның мирасқоры Омар хан (1809—1822) кезінде қоқандықтар Қазақ хандығының ескі астанасы Түркістан қаласын өзіне қаратты»³. Ұлы жүз қазақтары арасындағы хандық жойылды, бұл жерлердегі қазақтар Қоқан хандығына бағынды.

19-ғасырдың 20-жылдарында Ресей үкіметі қазақ арасында хандық үкіметті біржолата жойып, ел басқарудың жалпы Ресейлік тәртібін жақындатуға тырысты⁴. Сөйтіп, Ресей патшасының өкіметі 1822-жылы орта жүз, 1824-жылы кіші жүз қазақтары арасындағы хандық үкіметті жойды. Орыс үкімет орындарының «Сібір қазақтары туралы жарлығына» сәйкес, орта жүз территориясы сегіз сыртқы округке бөлініп, оларды аға сұлтандар басқаратын болды. Аталмыш жарлық мынадай әкімшілік бөліктерді белгіледі: елу-жетпіс үй бір әкімшілік ауыл, он-он екі ауыл бір болыс, он бес-жиырма болыс бір округ. Ауылды үш жылға сайланатын старшын, ал болысты болыс басқаруға тиісті болды. Сонымен Қазақ хандығы біржолата жойылды.

Қазақ хандығы 1456-жылдан 1820-жылға дейін үш жүз алпыс төрт жыл өмір сүрді. Қазақ хандығы қазақтардың өз алдына жеке халық болып қалыптасуы барысын біржолата аяқтады, қазақтың тіл, әдебиет, мәдениетін қалыптастыруда, қазақ тарихында маңызды орын ұстады.

¹ «Рыңзұң орда естелігі», 55-бөлім, 16-бет.

² «Шуанзұң орда естелігі», 105-бөлім, 42—43-беттер.

³ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 592-бет.

⁴ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 387-бет.

Қазақ
хандығының
қозғалысы
құрылысы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Қазақ хандығы — көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ұлан-байтақ қазақ даласын, Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы, егінші аймақтар мен қалаларды қамтыған феодалдық мемлекет болды. Оның көшпелі және жартылай көшпелі қырлы өңірлерінде патриархалдық-феодалдық қатынас басым болды, ал отырықшы, егінші аймақтарында феодалдық қатынас қалыптасқан еді. Қазақ хандығында облыстық басқару жүйесі емес, ұлттық (ру-рулар бойынша) басқару жүйесі қолданылды. Басқару жүйесінде, әкімшілік бөліктерді айыруда көшпелі қазақ қоғамында бұрыннан қалыптасқан ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түтін бір ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болып есептелді. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құралды. Арыстардан ұлыс ұйымдасты, ұлыстан жүздер болды. Жалпы қазақ қауымы үш жүзге бөлінді. Үш жүздің қазағы Қазақ хандығына бағынды. Үш жүзді билеген қазақ ханы «ұлы хан» болды. Ол қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқын қолына ұстаған жеке дара билеуші болды. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды (арыстарды) билер, руларды ру басылары, ал аталарды (аймақтарды) ақсақалдар, ауылдарды ауыл ағалары басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі көшпелі қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын. Осы ру-тайпалық тәртіптердің сақталуына қарап, ол кездегі қазақ қоғамын «рулық қоғам» деп қарау дұрыс емес, бұл тәртіптер тек форма

жағынан сақталғанымен, оның мазмұны әлдеқашан өзгерген, ауыл мен атаның негізгі ұйытқысы туыстық байланыс болғанымен, онда атасы басқа кірмелер де, тіпті бұрынғы құлдардан тәуелді шаруаға айналған қоңсылар да, мал иесі бай да, оған жалданған кедей де болды. Демек, бұл алғашқы рулық қауым емес, таптық қоғам еді.

16-ғасырда өмір сүрген тарихшы Розбехан Исфahanидың деректеріне қарағанда, Қазақ хандығында он ұлы болған, әр ұлыстың жан саны жүз мың адам. Бұл Мұхаммед Хайдар Дулатидің: Қазақ хандығының жан саны 1 миллион адам деген дерегіне сай келеді. Бұл ұлыстарды хан тұқымынан шыққан сұлтандар басқарды. Ұлыстар мен ру-тайпалардың қоныстарының шекаралары тиянақсыз болды. Белгілі бір сұлтанның қол астына қарайтын жерлердің көлемі оған қарасты ру-тайпалардың жазғы жайлау, қысқы қыстау және ұдайы көшіп-қонатын жолдарының жоралымен белгіленіп отырды. Бұл көлемдердің өзі де бір-бірімен айқасып жатты. Орта жүз бен кіші жүз қазақтары жылына 700-мың шақырым, ұлы жүз қазақтары жылына екі жүз-үш жүз шақырым көлемде көшіп-қонып отырды, мұндай жағдайда ұлыстардың тұрақты шекарасын белгілеу, белгілі басқару жүйесін орнату мүмкін емес еді. Ал отырықшы егінші, қалалы аймақтар әмір, мың бегі, жүз бегі сияқты жергілікті жүйе бойынша басқарылды.

Хандар мұрагерлік жолымен болды, хан өлсе орнына үлкен баласы отырды, ер жеткен баласы болмаған жағдайда аға-інілері, яки олардың балалары отырды. Бірақ хан мұрагерлерінің таққа отыруы сұлтандар мен ру-тайпа шонжарлары өкілдерінің жиналысындағы (құрылтайындағы) «хан көтеру» аталатын сайлаудан өтуге тиісті болды. Осылар оны хан болуға лайық деп ұйғарып, ақ киізге отырғызып, үш рет хан көтеріп, «хан атасы» болған қадырлы адамның батасын алғаннан кейін ресми заңды хан болып тақта отыратын болды. Сөйтіп, мұрагерлік тәртіп «хан көтеру» сайлауымен ұштасып отырды. Бұл «хан көтеру» салты — сұлтан, би, батыр және ру-тайпа бастықтарының жаңадан көтерілген хан билігін мойындайтындығының айғағы болды. «Хан көтеру» сайлауындағы шешуші шарт: хан тұқымының ақсүйектігі (Шыңғысхан тұқымынан болуы), байлығы, ықпалы, сұлтандар мен билер ішінен жақтасының көптігі болды. Хан тағына отырған соң оны құттықтап той-мереке өткізілді. Олар Орта Азиядағы түркі тілдес және маңғол тілдес халықтардың бәрінде болған көне салт еді.

Ханның қасында ірі сұлтандар, тайпа көсемдері, билер, батырлар, шежіре-шешен, жыраулардың кеңесі отырды. Олар маңызды саяси, әскери және азаматтық мәселелерді ақылдасып шешті. Ұлыстар арасындағы дау-шарларға билік айтты. Бұл кеңесте сот құқы да, заң шығару құқы да болды. Қазақ хандығының заңдары — «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» осы хан кеңесінің шешімі арқылы жарыққа шыққан. Әз Тәуке хан «Жеті жарғы» заңын жасау үшін «Күлтөбенің басында күнде кеңес» өткізген.

Ханның қасында сайлауыт төрелер, атарман-шабарман жасауылдар және малайлар болды. Бұлардың бәрі «төлеңгіт» деп аталды. Олар түрліше жікке айрылды. Бұлардың жоғарғы жіктері ханның, сұлтандардың қосшысы болып, олардың әмір жарлықтары мен билік үкімдерін жұртқа таратты және орындатып отырды. Хан қазынасына алым-салық жинады. Соғысқа жарақты азаматтар ханды және хандық үкіметті қорғайтын сайлауыт әскер болды. Бұлардың төменгі жіктері үй ішімен түгел хандар мен сұлтандардың малайы болып, олардың малын бақты, отын жақты. Хандар мен сұлтандарға тәуелді төлеңгіттер мыңдаған отбасынан құралды. Мысалы, Абылай ханның (18-ғасырдағы) өзімен бірге көшіп-қонып жүретін мың үйден астам төлеңгіттері болған. Іс жүзінде хандық үкіметті қорғайтын тұрақты әскер де, сақшы да осы төлеңгіттерден біріктірілген сайлауыттар мен жасауылдар болды. Бұлар өмір бойы, тіпті ұрпақтан-ұрпаққа міндет өтеп отырды.

Тарихи деректемелерде қазақ хандарының жүз мың атты әскерімен жорыққа шыққаны (мысалы, Тәуекел хан), қазақ сұлтандарының әрқайсысының елу мың, отыз мың, жиырма мың атты әскерді бастап соғысқаны (Қасым, Ахмет, Жаныс, Таныс, Шалым, Есім сұлтандар) туралы айтылады. Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде: «Таһир ханның алғашында он лек (жүз мың) әскері бар еді, кейін екі лек (жиырма мың) әскері қалды» дегенді айтады. Жоғарыда айтылған сандар жорық кезінде жалпы аттанысқа келтірілген қарулы жасақтар болса керек, өйткені жайшылықта көшпелі елде мұншалық көп тұрақты әскер ұстау мүмкін емес. Көп әскерді асырау қиын және оның қажеті де жоқ. Тұрақты әскер тек Сырдария бойындағы қалалар мен бекіністерді иелеу және қорғау үшін қажет болды. Егіншілік аудандарда бұлай істеуге мүмкіншілік бар еді.

Қазақ хандығы қарулы күштерінің басым көпшілігі

халық жасақтарынан құралды. Қазақтар қарулы көшпелілер болды. Сыртқы жаудың шапқыншылығынан қорғануда және жорыққа аттануда соғысқа жарайтын әрбір ер азамат өздерінің тайпа көсемдері мен батырларына ілесіп майданға шығуға дайын болды. Жайшылықта қару-жарағын асынып, малын бағып, аңын аулап, ауылдарында өндіріс кәсібімен шұғылданды. Қазақтың ру-тайпалық құрылымы да өндіріс жұмысы мен әскери істерді ұштастырған ұйым болды. Өте-мөте ел басына соғыс қауып төнгенде жалпы халық қарулы қимыл жасап отырды. Бұл жөнінде Орта Азия тарихшысы Розбехан Исфәһани былай дейді: «Өздеріне шабуыл жасалған кезде, бір ұлыс болып табылатын әрбір ру (тайпа) бір жерге орналасады да, дұшпанды өз отбасылары мен мүлкіне жолатпау үшін сондайлық қызу қайратпен, батырлықпен өткір қылыштарын жұмсайды. Ұрысқа барынша дайындалып, қажетті керек-жарақтарын ала кіреді. Бірнеше түтін түтеткен үйден тұратын әрбір әулет өз отбасылары мен мүліктеріне бас болады. Егер де қарсыласу туын көкке көтеріп, дұшпанға тойтарыс беру үшін бүкіл қазақ әскері бірігіп, бір жерге жиналатын болса, оны жеңу өте қиын іс болады»¹.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда, қазақ хандығының қарулы күштерінің біршама тұрақты бөлігі хандар мен сұлтандардың ордасымен бірге көшіп-қонып жүретін оларға тәуелді төлеңгіттерден жиналған сайлауыттар. Қалған бөлігі жаугершілік кезінде жалпы аттанысқа келтірілетін халық жасақтары болған. Оларды хан, сұлтан және батырлар басқарған. Сырдария жасағындағы отырықшы аудандар мен қала, бекіністерді қорғау үшін белгілі шамада тұрақты әскер ұсталған.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

Қазақ хандығында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталатын заңдар болды. Бұл заңдар сол заманда ислам дінін тұтынатын Күншығыс пен Орта Азияның бір сыпыра елдердегі феодалдық мемлекеттер мен хандықтарда жаппай қолданылып отырған ислам дінінің «шарифат» заңынан мүлдем басқаша болатын. Бұл қазақ хандығының ерекше тарихи әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының туындысы еді.

¹ «Мейманнагани Бұхара», 122-бет.

Қазақ хандығының заңдары «жарғы» деп аталды. «Негізі орта ғасырларда қыпшақ, шағатай ұлыстарында қолданған яргұ заңынан алынған. Қазақша «жарғы» әділдік деген ұғымды білдіреді. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудырмай, дәл, әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап «қара қылды қар жарған» деп мадақтаған. Оның екі жағының біреуіне артық жібермей, дәл айыру әділдіктің мезгеуі болған. Жарғы заңының негізі, міне, осында. Өзінің мазмұны бойынша бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери демократия арнасына барып тіреледі¹.

Қазақ хандығы заңдарының түп-төркіні қазақ халқында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген әдет-ғұрыптық ережелерден шықты. Бұл ғұрып-әдеттік ережелер ежелден ел салтына сіңген. Халық бұқарасына түсінікті заң болды.

Қазақ хандығының іргесін қалаушы хандардың бірі Қасым хан (1511—1523) жоғарыдағы саяси жағдайға және халық бұқарасы мен билер тобының тілегіне негізделіп, қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрыптық ереже-тәртіптеріне мәнді өзгерістер енгізіп, дамытып, билер кеңесінде ақылдаса отырып, «жарғы» заңын жасады.

Халық бұқарасы Қасымның шарифатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы — жарғыны жаңадан көтергенін қатты ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кетті, бұл заңға кірген ережелер мынадай:

1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері).
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза).
3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат).
4. Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынастарда ғыпайылық, әдептілік).
5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бөкеуіл, тұтқауылдардың міндеті)².

«Қасым ханның қасқа жолы» бір ғасырдай атқарылған соң, тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, Есім ханның (1598—1645) тұсында «Есім ханның ескі жолы» деп аталған.

Ел аңызында сақталған деректерге қарағанда, Есім хан

¹ Ә. Марғұлан «Қасым ханның қасқа жолы», «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 542-бет.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 542-бет.

тұсында «қасқа жолға» қосылған жаңалық: «хан болсын, ханға лайық заң болсын; батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын; абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын, би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер екен. Бұл Қазақ хандығы құрылысының саяси-әкімшілік, әскери, рухани және сот істері жөніндегі негізгі заң сипатындағы төрт тұғыр екені байқалады. «Ескі заң» деп аталуына қарағанда, сірә, бұл ережелер бұрыннан келе жатқан дәстүрлі бір жұлгемен жасалған болуы да ықтимал.

«Қасқа жол» мен «Ескі жол» заңдары 17-ғасырдың аяқ кезі мен 18-ғасырдың басында қайта толықтырылып, елеулі өзгерістер енгізіліп дамытылды. Тәуке хан (1680—1718) тұсында «Күл төбенің басында күнде кеңес» өткізіліп, «Қасқа жолдың» бұрынғы бес тарауына тағы да екі тарау қосылып, «жеті жарғы» (жеті заң) деп аталды. Бұл жаңадан қосылған екі тарау: жер дауы туралы заң мен құн дауы туралы заң еді. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығының шығыс жағындағы жайылымдарды ойрат-жоңғар феодалдарының басып алуына байланысты жердің тарылуы, мал жайылымдарына таласқан жанжалдардан адам өлімінің жиі болуы себепті жер дауын мүлік заңынан, құн дауын жалпы қылмыс заңынан бөліп алып, жеке-жеке тарау енгізуге тура келді. «Жеті жарғы» заңы үш жүздің ойшыл саңлақ билері — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің қатысуымен, хан қасындағы билер кеңесінен өтті.

«Орыс деректемелерінде» бұл заңдар «Тәуке ханның заңдары» деп аталды. Мұның өзі бұрыннан болған заңдық нормаларды жинақтау ғана емес, сонымен қатар оларға мәнді өзгеріс кіргізіп толықтау болды¹. «Кеңінен алғанда Тәуке хан заңдарының құрамына: 1) байырғы әдет-ғұрып нормаларының Тәуке хан тұсында «жаңартылған» феодалдық кодексі — «жеті жарғы»; 2) билер сотының тәжірибесі, түйінді биліктер, шежірелер; 3) ұсақ хандықтардың өзара бірлігін, ынтымақтастығын нығайтып, сыртқы жауларға қарсы тұруға жұмылдыруға, ру-тайпа басшыларының (би-батырлардың) саяси-экономикалық рөлін аттыруға, көршілес елдермен дипломатиялық және сауда қатынасын нығайтуға арналған заңдары мен жазба актілері жатады. Тәуке хан кезіндегі құқ ережелерінің жеке салаларына (қылмыстық заң, отбасы, неке) шарифат ережелері ықпалын тигізді². «Жеті жарғы» заңындағы: «бір еркектің төрт

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 191-бет. Алматы, 1957.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 10-том, 623-бет.

әйел алуына болады», «ұрғашының жарым басы кем, екі әйелдің куәлігі бір еркекке тең», «еркекке толық құн, әйелге жарты құн» дейтіндер Тәуке хан тұсында ислам шариғатынан қазақ заңына енген ережелер. Осы сияқты жекелеген қағидалардың әсерінен басқа қазақ заңы Тәуке хан тұсында да ежелгі ерекшелігін сақтап қалды.

Қазақ хандығы заңдары тілі тұжырымды, есте сақтауға ыңғайлы, ұйқасты, ершімді, шешен сөздермен құрастырылды. Мысалы, «әділ билік — алтын таразы», «қара қылды қақ жару», «тура биде туған жоқ», «жетпеген билік жеті ұлықтың есігін ашады», «батыр айғақ, балуан куә», «сорғалаған қан, сойдақтаған із», «ер өлтіріп, өріс бұзу», «ел шауып, мал талау», «табандап ұрып, тап шығу», «бата тимесе, қата тию», «қысасқа қан, оқысқа құн», «жазыққа жаза, айыпқа әнжі», «ханға хандық, биге билік», «мойнына қосақ, артына тіркеу», «семсер астында серт жүрмейді», «иілген басты қылыш кеспейді», «алдыңа келсе атаңның құнын кеш», «жан алып жат болма», «ашыққан ұры — ашынған долы», «мал ашуы, жан ашуы», «алдырған албырт, анасының қойнын ашады», «қойманы не көрген алады, не көмген алады», «ердің құны екі жүз жылқы», «ат тұяғын тай басады», «ит төлеуі бір күшік», «әке өлсе, мүлкі мұра», «аға өлсе, жеңге мұра», «ерден кетсе де, елден кетпейді», «дау-айтыс, барымта-қайтыс», «судың түбін шым бөгейді, даудың түбін қыз бөгейді», т. б. Бұлар мақал-мәтел түрінде ел арасында сақталып келді.

Бұл заңдар толық күйінде біздің заманымызға жеткен жоқ, Халиолла Өскенбайұлы, А. И. Левшин қатарлы зерттеушілер жариялаған үзінділер ғана сақталған. Қазақ заңдарының ертеректе жазылған бір нұсқасы «Қазақ хандарының рәсмилері» деген атпен Стамбулдағы Сүлеймен Қанұнидің кітапханасында сақталып тұрғандығы байқалды, бірақ мұны зерттеген ешкім жоқ. Сол сияқты «Қазақтың ережелері» деп аталған бір қолжазба 1950-жылдарда Толы аудандық сақшы мекемесінің қолына түскен екен. Мұның қазір қайда екені белгісіз, оның көшірмесі Бежиндегі ұлт зерттеу институтында болса керек.

Зерттеушілердің кейбіреулері: Қазақ хандығы заңдарының түп төркіні Шыңғысханның «жасақ» заңынан алынған деген пікір айтады, енді біреулері: қазақ хандығы Шыңғысханның «жасақ» заңынан мүлде дербес заң дейді. Бірақ бұл екеуінің арасындағы байланыстың бар-жоқтығын дәлелдейтін тарихи дерек әзірге дейін табылған жоқ.

Қазақ хандығы заңдарының негізі — феодалдық базис пен патриархалдық-феодалдық өндірістік қатынас болды. Оның міндеті: феодалдық базиске қызмет ету, феодалдық меншікті қорғау және нығайту, феодалдық үстем таптың еңбекші халық бұқарасын езіп-қанауын заңды ету, еңбекші халықтың феодалдық қанауға қарсы күресін басып-жаншып тұншықтыру еді. Бұл заңдарда феодалдық меншікті қорғауға және меншік жөніндегі дау-шарларды шешуге баса мән берілді. Феодалдық құққа қайшы келгендер қатал жазаланып отырды.

«Жеті жарғы» заңы жарыққа шыққаннан кейін еңбекші халыққа түсетін салық ауыртпалықтары бұрынғыдан да бетер күшейе түсті. Бұрынғы салықтар көбейтіліп, жаңадан түрліше алымдар енгізілді; сұлтан мен хандардың аманат ретінде көршілес мемлекеттерге баратын балаларын асырауға, сұлтандардың, ірі билердің тағы басқалардың борыштарын өтеуге жаңа алымдар енгізілді¹.

Қазақ хандығы заңдарының қылмыс заңынан оның таптық мәні айқын көрінеді: «Жеті жарғы» заңында қысаспен әдейілеп кісі өлтірушілерге бұрынғыдай «қанға қан, жанға жан алу» ережесі сақталды. Алайда, бұл көбінесе құн тарттырумен алмастырылып отырылды. Құнның мөлшері мынадай болды: еркекті өлтіргені үшін толық құн — «ердің құны екі жүз жылқы» (жүз түйе, немесе мың қой), ал әйелді өлтіргені үшін жарты құн — «жүз жылқы» (елу түйе, бес жүз қой); кісінің бір көзін шығарса — жарты құн, екі көзін бірдей шығарса — толық құн тартатын болды; бір қолынан немесе бір аяғынан айырса жарты құн, екі қолынан немесе екі аяғынан бірдей айырса толық құн тартатын болды»².

Феодалдарға қарсы баскөтергендік үшін жауапкершілік неғұрлым айқын, берілетін жаза неғұрлым қатаң болды. Сұлтан мен қожаны өлтіргені үшін төленетін құн жай адамды өлтіргенде алынатын құннан жеті есе көп болып белгіленді³. Құныкердің өзі ғана емес, оның руы бөліп төледі. Ал алынған құнды да өлген кісінің туыстары мен руластары бөліп алатын болды.

Біреудің әйелін зорлау, алып-қашып кету, отбасы мен бүкіл рудың намысына тиетін ауыр қылмыс деп есептелді. Мұндай қылмыстарға айыптылар өлім жазасына тарты-

¹ «Қазақ ССР тарихы» I том, 191-бет, Алматы, 1957.

² Бұл да сонда, 181-бет.

³ Бұл да сонда, 191-192-беттер.

луға тиіс болған. Алайда төлем (айып) төлеумен ауыстыруға да болатын болған. Мал мен мүлікті ұрлау да аса елеулі қылмыс болып есептелген. Егер ұрыны ұрлық үстінде өлтірсе, онда құн төленбейтін болған. Ұстап алған ұрыны 25-тен 60-қа дейін қамшымен дүре соғып жазалауға, сотсыз-ақ рұқсат етілген. «Егер осы дүреден өліп кетсе, онда бұған да құн төленбейді» дейді. Ұры қатаң қылмыс жазасына тартылды, ұрлап алынғанын қайтаруға және «тоғыз» айыбын тартуға міндетті болды. «Тоғыз» айыбы мына түрде белгіленген: бас тоғыз немесе түйе бастатқан тоғыз: бір түйе, құлынымен екі бие, құнан-дөнен төрт жылқы; орта тоғыз немесе ат бастатқан тоғыз: бесті ат, екі құнан, екі тайынша, төрт қой; аяқ тоғыз немесе өгіз бастатқан тоғыз: бесті өгіз, екі тайынша, үш қой, үш қозы¹. «Жеті жарғыда» құдайға тіл тигізгендігі жеті адамның куәлігі арқылы анықталғандар таспен атып өлтірілсін, христиан дініне кіргендердің барлық мал-мүлкі тартып алынсын деп белгіленген.

ҚАЗАҚ ХАНДЫғыНДАғы ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫғы

Қазақ хандығындағы шаруашылықтың негізгі саласы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды, сонымен қатар Жетісу өңірі мен қазіргі Оңтүстік Қазақстанда отырықшы, егінші аудандар мен қолөнер, сауда және мәдениет орталығы қалалар өркендеді.

Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар қырлы өңірлерде қой, жылқы, түйе және сиыр өсірді, бұл төрт түлік мал деп аталды. Мал — жылдың төрт маусымында табиғи жайлымдарда бағылды. Мұның өзі кең-байтақ өріс-қоныс болуын және шөптің сонысы мен судың тұнығын таңдап көшіп-қонып отыруды керек етті. Талай ғасырлық тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілі жайлымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды, төрт маусымның төрт қонысы болды. Бұлар: жаз-

¹ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 185-бет, Алматы, 1957.

дағы жайлау, қыстағы қыстау, көктемдегі көктеу, күздегі күзеу.

Жазғы жайлауға — бетегелі белестер, өзендер мен көлдердің алқаптары, ауасы салқын, шыбын-шіркейі аз биік таулардың қойнаулары пайдаланылды. Қысқы қыстауға — ызғырық желден паналайтын ықтасын, жылыуыт, күнгеілі таулы жерлер, төбе-төбе құмды адырлар немесе малды бораннан сақтайтын тоғайлы, қамсаулы-қамысты, тұңгелі жерлер таңдап алынды. Көктеулік көбінесе мал төлдетуге және жас төлді аяқтандырып ширатуға қолайлы жері жатық, суы мол өзендер мен көлдердің маңында болды. Көбіне көктеулік пен күзеулік бір жерде болды.

Көшіп-қону өрісі түрліше болды, малы көп, әсіресе түйесі мен жылқысы көп, жеткілікті бақшалары бар бай малшылар алысқа көше алды (кіші жүз бен орта жүз жерінде жылына 700—1000 шақырым артық жерге көшіп отырды), 200—300 шақырым жерде әр түрлі жайылым жерлер кездесіп отыратын Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда көшіп-қону өрісі әлдеқайда шағын болды. Көшіп-қону мал өсірушілерге маусымдық жақсы жайылымдарды пайдаланып отыруға мүмкіндік берді. Көшіп-қону көбінесе меридиан бағытымен болды. Ірі рулар мен олардың бөлімшелерінің қоныстары негізінен алғанда бір территорияда болып отырды. Әрбір рудың өзінің көш жолдары болды. Басқа рулар бұған қол сұға алмады¹.

Мал өсіруші қазақ шаруалары ауыл-ауыл болып көшетін. Ауылдық қауым — көшпелі қазақтардың бірігуінің негізгі шаруашылық порымы — өткен заманның ру-тайпалық ұйымының белгілері бар территориялық қауым болып табылды. Оның экономикалық негізі — кісінің өз еңбегіне негізделген ұсақ шаруашылығының малға жеке-меншігімен ұштасып отырған қауымдық жер иелену болды. Ауылдық қауымның жайылымдық жерлері жеке шаруашылықтар арасында бөлінбеген, бұл жайылымдарды ортақ пайдаланатын. Жазда ауылдық қауымдар дағдыда бірігіп, көшіп жүретін үлкен бір қоғам құрайтын. Қыста әрбір ауылдың өзінің белгілі қыстау орыны болды. Көші-қон кездерінде және маусымның жайылымдарда қауым мүшелеріне тиісті малды бірігіп жаятын болған².

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 165-бет, Алматы 1957.

² Бұл да сонда, 173-бет.

Малдың дені қой мен жылқы болды. Қазақтар көбінесе еті семіз, қылшық жүнді, құйрықты қойлар өсірді. Қой еті халықтың негізгі тамағы болды. Олар қойдың сүтінен құрт, ірімшік, сүзбе, айран, сары май алды. Қой ең бағалы шикі зат — жүн, тері, елтірі өнімдерін берді. Қой мұнымен қатар айырбас заты да болды және ақшаның орнына жүрген жалпылама эквивалент болды. Барлық товардың құны қойға шағылып белгіленді, жылқы мініс көлігі болды. Мұның үстіне жылқы сауылатын, сойылатын азық малы да болды, ол көшпелі қазаққа ет, сүт берді. Жылқы етінен түрлі ет тағамдары жасалды, биенің сүтінен қымыз аштылды. Қазақтар жылқының қарулылығын, қыста қардың астынан шөп теуіп жейтіндігін жоғары бағалады. Қазақстанның оңтүстік аудандардағы ең маңызды қатынас құралы түйе болды. Түйе әдетте алысқа көшіп-қонуға немесе ауыр жүктерді тасуға пайдаланылды. Ұзақ көшке, теуіп жайылуға бейімделмеген сиыр малын қазақтар тым аз өсірген. Малдың азы ешкі болды¹.

✓Егіншілік: Жетісу жері мен Оңтүстік Қазақстан өңірі ертеден бері егіншілік мәдениетінің бесігі болған орын еді. Қазақ хандығы дәуірінде бұл аймақтардың дәстүрлі егін шаруашылығы үздіксіз өркендеп отырды. Сырдария, Арыс, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында суармалы егін шаруашылығы жақсы жолға қойылды. Өзен суларын тартып жер суландыратын каналдар мен арықтар болды. Су өздігінен арыққа ағып шықпаған жерлерде шығыр орнатылды. 16-ғасырда Сауран маңында карыз арқылы жер суару жүйесі де болған екен. Бұдан басқа қазақ даласының өзен алаптарындағы, көл жағалауларындағы, шөл және шөлейт алқаптардағы халықтары да егіншілікпен айналысқан. Қаратау, Ұлытау өңірлерінде, Ертіс өзені алабында, Зайсан көлінің жағасында да егіншілік едәуір дамыды, егінші аудандарда жерге феодалдық меншік қалыптасты.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан аймақтардағы егін шаруашылығы мал шаруашылығымен ұштастырылып, сонымен қоса жүріп отырды. Бұл егістер әдетте қыстаулардың маңында болды. Малы көп байлар көктемде қыстауларынан жайлауларына көшерде, жер жыртып, егін егуді, оны баптап күзетуді, қыстау маңында отырып қалған кедейлерге тапсырды, оларға сауын және көлік беріп, күзде өнімінің көбін алып отырды.

Әдетте көшіп-қонуға күш-көлігі де, жайлауға апарып

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 165—166-беттер.

семіртетін мардымды малы да жоқ кедейлер егіншілікпен шұғылданды. Олар үнемі өздерінің азын-аулақ егіндерінің маңында болып, көшіп-қонбағандықтан «жатақ» деп аталды. Сөйтіп, бұлар отырықшылықтың жаңа ошақтарын жасады. Қазақ егіншілері көбінесе арпа, бидай екті, ал оңтүстік жақта жүгері де егілді. Егіншілік саймандары тесе, кетпен, қарапайым соқа, тіс ағаш, тырма, қол орақ болды. Дән тую, ұн тарту үшін ағаш келі, қол диірмен пайдаланылды. Егін көлігі өгіз, ат, түйе болды. Астық ұраға көміліп сақталды.

Қазақ хандығына қарасты Сырдария алабындағы қалалардың атырабында, соның ішінде Қазақ хандығының астанасы болған Түркістан қаласының төңірегінде әр алуан дақылдар егілетін гүлденген егіншілік ошақтары болған. 1695-жылы Қазақ хандығына келіп, Тәуке ханның Түркістан қаласындағы ордасында болып қайтқан орыс елшісі В. Кобияков: «Түркістан қаласының маңында, Тәуке ханның жерінде сан түрлі астық шығады екен, бидай да, арпа да, тары да, күздік бидай да, жаздық бидай да егеді екен»¹, — деп жазды.

Үй кәсіптері мен қолөнері. Жылдың төрт маусымын мал соңында өткізіп, көшіп-қонып жүрген, сауда мен қолөнер орталығы қалалардан қашық қазақ қауымы өз тұрмыстарына қажетті киім-кешек, ішіп-жеу, үй-жай, құрал-жабдық, қару-саймандардың барлығын өз қолдарымен жасап алуға ақыл-қайраттарын аямай жұмсады. Мұның негізгі шикізаты мал шарушылық өнімдері және мекендеген жерлерінің табиғи байлықтары болды.

Өрмек тоқу, тері илеу өнері үй басына жалпыласты, қойдың жүнінен шидем, түйенің жүнінен шекпен тоқылды. Қылшықты жүндерден бау, басқұр, қап тоқылды, қылдан арқан-жіп есілді. Ұсақ мал терілерінен тон-шалбар, жарғақ киім жасалды. Ірі қара терілері иленіп, кебіс-мәсі, саптама-лар тігілді. Торсық, саба, көнек істелді. Айыл-тұрман, қамшы өрілді, елтірілер мен аң терілерінен тымақ, ішік, тағы басқа киімдер тігілді. Малдың сүтінен түрлі тағамдар жасалды. Киіз басу, текемет, сырмақ жасауға қой жүні кәдеге пайдаланылды. Керек десе малдың сүйектері мен мүйіздерін және тарамыстарын да кәдеге жаратты. Мүйізден қасық, түйме, шақша жасады, сүйектен төсек-аяқ, тағы басқа саймандарды оюлады, тарамыстан ширатып етік тікті.

Едәуір кең тараған қолөнер ұсталық еді, олар темір-

¹ Қазақ ССР тарихы», I-том, 168-бет, Алматы, 1957.

ден тесе, күрек, балта, шот, орақ, пышақ, қырғыш, таға, шеге т. б. жасады. Қарапайым соқаларды құйды, ер-тоқымның темір жабдықтарын жасады. Өндіріс саймандарынан басқа соғыс қару-жарақтарын: қанжар, қылыш, семсер, айбалта, найза, жебе, сүңгілер соғып шығарды. Кейбір шеберлер білтелі мылтық та жасайтын¹. Теміршінің өндіріс саймандары: көрік, төс, балға, қысқыш, тескіш, кескіш, тістеуік, егеу т. б. болды. Темірді қыздыруға және балқытуға ағаш көмірі пайдаланылды. Алтын-күміс сияқты асыл металдардан әшекейлі бұйымдар: білезік, жүзік, сырға, кемер белбеу, ер-тұрман саймандарын жасайтын шеберлер — зергер деп аталды.

Орман-тоғайлы жерлерді мекен еткен қазақтар ішінде ағашшылық қолөнері өріс алды. Үй ағашы, арба-шана, төсек-аяқ, жүкаяқ, кебеже, ер, келі-келсап, шелек, тегене, астау, табақ, ожау, шөміш, саптыаяқ, қасық-қалақ жасады. Қолөнердің Орта Азияда өркендеген дәстүрлі ошақтарының бірі — Оңтүстік Қазақстанның Орда-Шарқы қалалары болды. Оңтүстік Қазақстан тауларында да қолөнер — көзе жасау, жүн мен тері бұйымдарды өңдеу, ағаш өңдеу, ұсталық және құрылыс ісі едәуір өркендеді².

Аңшылық. Қазақтар мал шаруашылығымен қатар аңшылық кәсібімен де айналысты. Аңшылық өз алдына жеке кәсіп болған жоқ, оның халық шаруашылығында үлес салмағы да шамалы ғана болды, қазақтар малын баға жүріп, аңшылық істеді. Олар: бұлғын, сусар, түлкі, қарсақ, мәлін сияқты асыл терілі аңдарды терісін алу үшін; арқар-құлжа, құлан, елік, тау ешкі, қарақұйрық сияқты аңдарды етін жеу үшін; бұғы мен бөкенді мүйізі үшін аулады. Қаз, үйрек, кекілік, шыл, қырғауыл, дуадақ, ұлар, құр, бөдене сияқты һалал етті құстарды әр алуан әдістермен аулап көмекші азық етті. Аю, жолбарыс, қабылан, қасқыр сияқты жыртқыш айуандар қазақтың мал шаруашылығына ауыр апат келтіретін, төрт түліктің қас жауы, көшпелі елмен үнемі ілесе жүретін қасқыр еді. Қазақтар мұндай жыртқыштарды малын қорғау үшін аулады, сонымен бірге олардың терісін кәдеге жаратып отырды.

Аң-құс аулаудың ата тәсілдері мен құрал-саймандары, ғасырлар бойы ен даланы мекендеп, тұз тағыларының тіршілік тәсілдері мен өмір сүру заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туылды. Бұлардың көбі сонау заманнан келе жатқан: ор қазу, қақпан құру, тор жаю, атқы қою,

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 170-бет.

² К. А. Пишулина «Қазақ хандығы».

түрлі тұзақтар құру, садақпен ату, қуалап соғу, ау салу, ит жүгірту, құс салу әдістері еді.

Бүркіт, лашын, түйғын, қаршыға, сұңқар, қырғи, тұрым-тай сияқты сан алуан құстарды ұстап, асырап, аң-құсқа салу «саятшылық» деп аталды. Сан алуан қырандардың сыны мен сырын, мінезі мен күйін, шабыты мен бабын жетік білетін мамандар — «құсбегі — саятшылар» көк тағысы мен жер тағысын сайысқа салудың білім-тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырды. Аңшылықтың кәсіптік сипатымен қоса, әскери-спорттық сипаты да болды.

Көшпелі қазақ арасында балықшылықпен шұғылданушылар шамалы болды. Көбінесе өзен-көлдерінің маңына қоныстанған кедейлер балықшылықпен айналысты, олардың құрал-саймандары: қармақ, сере, ау, кода т. б.

Қалалардағы сауда-саттық және ақша айналымы. Оңтүстік Қазақстандағы Сауран, Созақ, Сығанақ, Отырар, Сайрам, Түркістан қалалары Қазақ хандығы мен Шайбани әулеті арасындағы ұзақ күресте тартылған арадай ары-бері өте келіп, ақырында Қазақ хандығының құрамына қосылды. Ноғай одағының ыдырауына байланысты Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы да Қазақ хандығына өтті. 1598-жылы қазақ ханы Есім ханның Бұхара хандығымен жасасқан бітім-шарты бойынша: «Ташкент қаласы атырабымен қоса екі жүз жыл бойына Қазақ хандығының билігінде болды¹. Бұл қалалардың ішінде Түркістан қаласы Қазақ хандығының тұрақты астанасы еді. Қазақ хандары Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи ескерткіші Ақ сарайда отырып ел биледі. «Түркістан қаласы қазақ хандарының астанасы болған кезде, Ақ сарай екі жүз жылдан астам (16-18-ғасыр) хан сарайы қызметін атқарды¹.

Бұл қалалар тегінде Жұңғоның ішкі өлкелерінен батыс елдеріне баратын «ұлы жібек жолының» сауда керуен жолы үстіне орнаған қолөнер-сауда орталықтары еді. Олар Қазақ хандығы кезінде де Жұңғодан, Мауараннахрдан және орыс мемлекетінен келетін керуен саудаларының түйілісетін тораптары болды.

Көшпелі қазақтарға күнделікті тұрмыс пен өндіріске қажетті астық, мақта, мата, тағы басқа қолөнер бұйымдары керек еді. Көшпелі шонжарлар сауда керуендері арқылы ағылып келіп жатқан торғын-торқа, шұға-шекпен, алтын-күміс асыл зарттарға тіпті де мүдделі болды. Қала тұрғындары мен қолөнершілер көшпелілерден мал, ет, жүн, тері

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 4-том, 201-бет.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», I-том, 643-бет.

және жүннен жасалған текемет, киім-кешектерді сатып алатын болды. Екіншілер көшпелі елге астық сатып, егіс көліктерін алып отыруды қажет етті. Сауда керуендері өздерінің арықтап болдырған, мертіккен, жауыр болған және ауруға шалдыққан жарамсыз көліктерін көшпелі малшылардан толықтап отыруға мәжбүр болды. Жаугершілік заманының талабынан туған қарулы көшпелілік өмірде ер серігі есептелетін сауыт-сайман, жаужарақтарының бір бөлігі де айырбас арқылы қолға түсетін. Сөйтіп, қилы-қилы кәсіп арасындағы қыруар қажетті қамдар қалалардың тұрақты базарларындағы сауда арқылы жүзеге асырылатын болды. Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналымы жарыққа шықты және дамыды.

16-17-ғасырларда Оңтүстік Қазақстандағы Түркістан, Сығанақ, Отырар, т. б. қалаларда сауда-саттық мейлінше өркендеді, Мауараннахрдағы және Хорезмдегі қалалар мен бұл қалалар арасында сауда жүріп жатты, бұл қалалар өз маңындағы екіншілік аудандардың және қыр-сахарадағы көшпелілердің сауда-саттық орталығы болды. Кейінгі кезде жүргізілген археологиялық зерттеулер арқылы бұл қалалардан көлемді астық қамбалары, ұн және басқа астықтарды салатын абажа-кебежелер табылған. Міне, бұл осы қала тұрғындарының бір бөлегінің астық саудасымен шұғылданғандығын көрсетеді¹.

Түркістан, Отырар тағы басқа қалалардан табылған күміс теңгелер мен мыс жармақтар бұл қалалардағы ақша айналымының айғағы. Бұл металл ақшаларының бірсыпырасы 16-17-ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған Түркістан қаласында шыққан. 17-ғасырдың басында Ташкент қаласын астана еткен қазақ ханы Тұрсын Мұхаммед хан да өз алдына ақша шығарған. Бірсыпыра металл ақшаларға жазу жазылмай, аң, құс, балық сияқты жануарлардың бейнесі бедерленген және қазақ тайпаларының таңбасы түсірілген². Металл ақшалардың бір бөлігі сауда керуендері арқылы басқа елдерден келген. Тағы бір бөлігі Мауараннахрды билеген Әмір Темір әулеті мен Шайбани әулетінен шыққан хандардың атындағы ақшалар болған. Түркістан, Отырар тағы басқа жерлерден табылған металл ақшалар, қазақ хандығы тұсында сауда-саттық өркендеп, ақша айналымы дамығандығын дәлелдейді.

¹ «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 320-бет, Алматы, 1979.

² «Отырардағы археологиялық зерттеулер», 23-24-беттер, Алматы, 1977.

Қазақ хандығы тұсында қазақтардың бір бөлегі қалада тұратын болды. Түркістан сияқты астана қалаларды билеген хан, сұлтандар мен олардың қорғаушы әскерлері және нөкерлерінен басқа, қаланың қазақ тұрғындары да болды, қазақтар да саудагершілік кәсібімен айналысты. Тек елдің ішіндегі ғана емес, шет елдерге барып сауда қылатын қазақ саудагерлері де болды. Тауыш мерген Түркістан қаласын суреттей келіп: «Ол қалада... мың адамдай қазақтар тұрады... сол қаланың өзінде олардың заңы бойынша мешіт салынған» дейді¹. 16-ғасырдағы Орта Азия тарихшысы Розбехан Исфәһани: қазақ саудагерлерінің «үнемі ислам елдеріне бұрын да, қазір де барып отырғанын», Орта Азия билеушісі Мұхаммет Шайбани ханның қазақтардан қауіптеніп, қазақ саудагерлерінің келуіне тыйым салуға және оларды тонауға бұйрық шығарғанын жазған².

Әбілқайыр хан бастаған кіші жүз қазақтарының Ресейдің қоластына қарауы, қазақ жерінде Ресейдің қамалдары мен қалаларының салынуы нәтижесінде сол өңірді мекендеген қазақтар орыс қамалдары мен қалаларына керуен тартып келіп, сауда-саттық істеп отырды. 18-ғасырдың 60—70-жылдарының өзінде-ақ кейбір қамалдар қызу сауда орталығына айналды. Есіл шебін 1780-жылы бейнелеп жазғанда былай делінген: «Петропавлдың айырбас сарайында «қырғыздар (қазақтар) әрқашан керуен болып сауда жасауға келіп жатады... Олар көбінесе жылқы, сойылатын өгіздер, құйрықты қойлар айдап әкеледі, мұның үстіне қой терілерін, елтірілер және әлденешеден аң терілерін алып келеді. Осылардың бәрін де олар қазанға, істік шанышқыға, шұға, жібек маталарға, орамалдарға, зер-оқаға, инеге, жіпке, маржанға, шакпақ тасқа және басқа да осы сияқты тауарларға айырбастап отырды»¹. Бұл сияқты саудада Орынбор, Троицк, Семей, Орал, Гурьев қалалары үлкен рөл атқарып отырған.

18-ғасырдың ортасында Абылай хан бастаған қазақтар Ежен хандығының қол астына қарағаннан кейін, қазақтар Ежен хан үкіметімен сауда-саттық істеді.

¹ «Қазақ ССР тарихы», I-том, 188-бет, Алматы, 1957.

² Розбехан Исфәһани «Мейманнамани Бұхара», 88-бет және 101-бет.

ҚАЗАҚ КЕРУЕНДЕРІ САУДАСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ КЕСТЕСІ
(1758—1762 ЖЫЛДАРДА)¹

Жылы	Керуен басының аты-жөні	Сауда жасаған орны	Сауда жасаған ай-күні	Әкеліп сатқан мал саны
1758	Қабанбай — Абылайдың адамы	Үрімжі	9-айдың 17 күні	300 ат
		Үрімжі	12-айдың 4 күні	?
1759	Қазыбек — Абылайдың адамы Омар — Абылайдың адамы	Үрімжі	7—8-ай	Неше мың ат
		Үрімжі	7—8-ай	1000 ат
		Үрімжі	11—12-ай	500 ат
1760	Абылайдың адамы, 40 саудагер, 2 тәшкендік	Үрімжі	1-айдың басы	?
		Үрімжі	4—5-ай	130 ат
1760	Қабанбайдың баласы Қоядар және 60 адам	Үрімжі Ле	10-айдың 5 күні 11-айдың 25 күні 11-айдың 29 күні	500 ат 500 ат
1761		Үрімжі	5—11-ай,	
1762	Қара Төлеш (албан-суан)	Ле		
		Үрімжі	9—10-ай	1300 ат
		Үрімжі	9—12-ай	4200 ат
1765	10 адам Әбілпейізге қарасты 20 адам	Тарбағатай	2-айдың 6 күні	100 ат
		Тарбағатай	2-айдың 6 күні	200 қой

¹ Зогуту «18—19 ғасырлардағы Шинжаңның қоғамдық тарихы жайындағы зерттеулер», 1-том, 575-бет.

9

Таяу
замандағы
қазақ
халқы

19-ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨМІРІНДЕГІ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР

18-ғасырдың 80—90-жылдарында кіші жүз қазақ шаруаларының қарулы көтерілісі (1783—1797) қанат жайған еді. 19-ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақ хандығы жойылғаннан кейін де бұл көтерілістер байтақ қазақ даласында етек алды және 19-ғасырдың ортасына дейін созылды. Бұл көтерілістердің бастылары — Сырым батыр бастаған кіші жүз қазақ шаруаларының қарулы көтерілісі (1783—1797), Қаратай сұлтан бастаған көтеріліс (1797—1814), Арынғазы сұлтан бастаған көтеріліс (1816—1821), Исатай-Махамбет бастаған Бөкей Ордасындағы қазақ шаруаларының көтерілісі (1836—1837), Есет басқарған көтеріліс (1853—1858), Жанқожа бастаған көтеріліс (1856—1857) және қазақ халқының Қоқан феодалдарына қарсы көтерілісі (1858), тағы басқалар.

Бұл көтерілістер өз кезінде екі түрлі сипат және бағыт алды. Оның бірінші түрі: орыс патша үкіметінің Қазақ хандығын әлсіретуіне және қазақ арасындағы хандық үкіметті жоюына қарсы күресі. Олардың ұстаған бағыты қазақтарды Ресейден айырып алып, өз алдына дербес Қазақ хандығын қайта құру еді. Бұл көтерілісті қозғаушылар Қазақ хандығы әулетінен тараған ақсүйектер, сұлтандар — Қаратай Арынғазы, Саржан, Кенесары, Наурызбай, тағы басқалар. Екінші түрі: қаналған қазақ шаруаларының феодалдық және отаршылдық езгіге қарсы бағытталған халық-азаттық қозғалысы болды. Бұл көтерілістің негізгі қозғаушы күші езілген қазақ шаруалары еді. Көтеріліске бастан-аяқ қалың халық бұқарасы қатынасты. Бұл қарулы шаруалар көтерілісі орыс патша үкіметінің отаршылық езгісіне де, қазақ шонжарларының феодалдық езгісіне де қарсы қажырлы күрес жүргізді.

Қазақтың хандық үкіметін қайта құруға ұмтылған алғашқы әрекеттердің бірі — Қаратай сұлтанның 1797—1814-жылдардағы көтерілісі болды. 1797-жылы кіші жүз ханы Есім қайтыс болғаннан соң Қаратай хан болуға ұмтылды, төңірегіне топтасқан сұлтандар мен билер Қаратайды хан көтерді, бірақ Қаратайдың беделінен қауіптенген орыс патша үкіметі оны хандыққа бекітпей, Айшуақтың баласы Жантөрені хан қойды. 1806-жылы Қаратай хан болып жарияланып, 1808-жылы «ішкі ордаға» жорық жасап, Бөкей ханның ордасына шабуыл жасады. 1809-жылы Жантөрені өлтірді. Қаратай сұлтанның хандық үкіметі үшін күресіп, ел шауып, керуен тонау әрекетін халық қолдамады. Ақырында Қаратай сұлтан орыс патша үкіметіне мойын ұсынды¹.

19-ғасырдың бас кезінде Қайып ханның немересі Арынғазы сұлтан қазақтың хандық үкіметін қайта орнатуға әрекет жасады. 1816-жылдың сәуірінде — шекті, жаппас, арғын, алшын және басқа рулардың билері мен бастықтары Арынғазыны кіші жүздің ханы етіп сайлады. Осыдан бастап Арынғазы саяси қозғалысы жарыққа шықты. Оның мақсаты — орта жүз бен кіші жүзде ортақ мемлекет құру, оған ислам шариғатын тірек ету, Орта Азия хандықтарында қолданылған тәртіптерді үлгі ету еді. Бұхара әмірі Арынғазыны хан деп таныды. Арынғазыны орыс патша үкіметі 1821-жылы Петерборға шақыртып алып қайтармай қойды да, 1829-жылы Калугаға жер аударып жіберді; ол сонда өлді².

Қазақ арасында хандық үкімет жойылғаннан кейін, Абылай ханның немересі Саржан сұлтан орта жүздің Көкшетау, Ұлытау өңірінде орыс патша үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасады. Ол Ресейден бөлініп шығып, Қазақ хандығын қалпына келтіруге тырысты. Қарқаралы округіне шабуыл жасады. Саржанның Ежен хан үкіметімен байланыс жасау қимылы сәтсіздікке ұшырады. 1825-жылы наурызда орыс патша әскерлері Саржан сұлтанның қарулы күштерін жеңіліске ұшыратты. Ол бұдан кейін Қоқан хандығының қол астындағы ұлы жүз жеріне көшіп барды. 1831—1834-жылдарда Ташкент құшбегілерімен бірігіп, орыс бекіністеріне жақын аудандарға шабуыл жасады. 1836-жылы Саржан сұлтанды Ташкент құшбегі өлтірді.

¹ «Қазақ ССР тарихы» I-том, 338-бет, «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 501-бет.

² «Қазақ ССР тарихы», I-том, 338-бет, «Қазақ совет энциклопедиясы», 498-бет.

Орыс патша үкіметінің Қазақ хандығын жойуына қарсы аттанған қарулы көтерілістің басшыларының бірі — Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы еді. Оның қарулы күшінің негізгі тірегі атасы Абылайдан қалған төлеңгіттің мыңға жуық ауылы болды. Бұл көтеріліске алғашында қазақ шаруалары да қатынасты. Өйткені патша әкімшілігінің қазақ жерлерін тартып алып, әскери бекіністер салуы көшпелі қауымды жер-судан айырды. Соның салдарынан олар атақоныстан айрылып, мал жаятын жаңа жерге көшуге мәжбүр болды. Оның үстіне, патша үкіметінің алым-салық ауыртпалығы да еңбекші бұқараға ауыр соққы болып тиді. Осының бәрі қазақ шаруаларының наразылығын күшейтіп, олардың Кенесары бастаған қозғалысқа қосылуына себепші болды. Кенесарының «патша үкіметі кесіп алған жерлерді қайтарып аламыз» деген ұраны да көтеріліске қатысушыларды дәмелендірді. Осыған сенген шаруалар тобы Кенесары Қасымұлын қорғады.

Кенесарының қолбасшылары өзінің жақын туыстары Наурызбай, Құшақ, Мұса, Ержан, Бопай, Құдайменде, Иса, Сұлтан Дайырұлы, тағы басқалар еді. Кенесары қол астындағы әскерлерін мыңдық, жүздіктерге бөліп, оларға мыңбасы, жүзбасылар тағайындады.

Кенесары Қасымұлы саясатының басты мақсаты — тәуелсіз қазақ хандығын құру болатын. Бұл хандық оның ойынша, Орта Азияның феодалдық мемлекеттері сипатында болуға тиіс еді¹.

Кенесары өз алдына хандық құрып, Орта жүз ханы (1841—1847) болып алды. Орта Азиядағы Бұхара әмірімен және Хиуа ханымен байланыс жасап, оған елшілерін жіберіп отырды. Олармен сауда байланысын күшейтіп, оқдәрі, қару-жарақ алды. Хиуа ханы мен Бұхара әмірі Кенесарыны қолдап отырды.

Ресей патша үкіметі Кенесары көтерілісін басуға қыруар әскери күш жұмсады. Патша әскерлерінің қысымымен 1846-жылы Кенесары орта жүзден ұлы жүз қазақтарының жеріне ауысуға мәжбүр болды. Бұдан соң Кенесары сұлтан қырғыз жеріне кірді. Бұл арада оған қырғыздар қарсы аттанды. Арада туған ұрыстардың бірінде, 1847-жылы Кенесары қоршауда қалып, қолға түсіп қаза тапты.

Бұл мезгілде қаналған қазақ шаруаларының отаршылдық езгіге және феодалдық езгіге қарсы күрескен халық-азаттық қозғалысы бағытындағы қарулы көтерілістері де

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 5-том, 368-бет.

қанат жайды. Бұл көтерілістердің негізгі қозғаушы күші — езілген қазақ шаруалары еді. Бұлар алғабасар шаруалар көтерілісі болды. 1787—1797-жылдардағы Сырым батыр бастаған кіші жүз қазақ шаруаларының қарулы көтерілісі ара-кідік үзілістермен он төрт жылға созылды. «Көтерілістің тікелей басталуына 1782—1783-жылдың қысында Орал казак-орыс әскери старшындардың кіші жүз қауымдарының «ішкі жаққа» өткізген төрт мыңнан аса жылқысын айдап әкетуі себеп болды. Көтеріліс алғашында кіші жүз жерінің батыс аймақтарын мекендеген тама руын қамтып, көп ұзамай Орал мен Жем өзендерінің аралығындағы басқа руларға да тарай бастады. «1875-жылы Сырымның отрядында 2700 адам болса, жалпы көтеріліске қатынасқандардың саны 6000-нан асты»¹. Көтерілісшілер: Еділ мен Жайық арасындағы қоныстарды қазақтарға қайтарып беруді, казак-орыстардың озбырлық әрекетін тоқтатуды, Нұралы ханды тақтан түсіруді талап етті.

Орыс патша үкіметі көтерілісшілерді басуға қыруар қарулы әскер жіберді, бұл әскерлердің бейбіт отырған қазақ ауылдарын шауып, ел тонауы халықтың жаппай наразылығын күшейтіп, бұрын көтеріліске қатынаспаған шаруалар да көтеріліске шықты. 1785-жылдың орта шенінде кіші жүздің көптеген рулары Нұралы ханға бағынбай, көтерілісшілер жағына шықты. Көтерілісшілер орыс қамалына, қазақ феодалдарының ордаларына шабуыл жасады. Көтерілісшілердің хан мен сұлтандарға, олардың тірегі болған орыс патша үкіметіне қарсы жүргізген күресін қалың бұқара қызу қолдады.

1786-жылдың көкегінде көтерілісшілердің қысымынан қорыққан Нұралы хан шекаралық шептегі орыс әскерлерінің қамалына қашып барып тығылды, орыс патша үкіметі халық қарсылығын бәсеңдету үшін 1786-жылы Нұралыны хан тағынан түсіруге мәжбүр болды.

1792-жылда көтеріліс бүкіл кіші жүзді түгелге жуық қамтыды. Көтерілісшілер қалың қол болып орыс қамалдары мен бекіністеріне бірнеше дүркін шабуыл жасап көрді де, одан мардымды нәтиже шықпаған соң ұсақ топтарға бөлініп, партизандық соғыс жүргізді. Халық бұқарасы оларды қорғап, көмектесіп отырды. Орыс патша үкіметі оларды құртып жіберуге шарасыз еді.

1795—1796-жылдың қысында ауыр жұт апаты болды. Мал қырылып, халық қатты күйзелді, жұт артынан ашар-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6 том, 193—194-беттер.

шылық басталды. Бұл жұт көтерілісшілерді әлсіретіп тастады. 1797-жылы 26-наурыздың түнінде көтерілісшілердің бір тобы, кіші жүз ханы Есімді өлтірді. Ол қазақ феодалдарын қатты түршіктірді, бұл бірқыдыру ру басыларының патша үкіметінің жазалаушы отрядтарына қосылуына түрткі болды. Патша үкіметі айла-шарғы қолданып, 1797-жылы кіші жүзде хан кеңесін құрды, көтерілістің басшысы Сырым батырды хан кеңесінің құрамына енгізді. Сонымен көтеріліс бірте-бірте бәсеңдеп, көп ұзамай тоқтады. 1801-жылы кіші жүзден бөлініп құрылған Бөкей ордасы (Еділ мен Жайық арасындағы «ішкі орда») 19-ғасырдың 30-шы жылдарында отаршылдық езгі мен феодалдық езгінің ең шоғырланған жері болды. «Ордадағы мал мен жердің дені: барлық жылқының 17 проценті, 5 миллион үш жүз мың десятина жердің төрт миллион бес жүз мың десятинасы 56 байдың меншігінде болды. Алым-салық үсті-үстіне салынды. Бір Жәңгірханның қажетіне халықтан жылына 18 мың қой, мың жылқы, жеті жүз түйе жиналып отырды. Сұлтандар мен дін иелері де ханнан қалыспады. Мұның үстіне қазақ ауылдарына Жайық казак-орыстарының шапқыншылығы жиіледі...»¹

Осындай ауыр феодалдық қанау мен отаршылдық езгінің тақсыретін тартқан Бөкей ордасындағы қазақ шаруалары қарулы көтеріліс (1836—1837) жасады. Көтеріліске Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басшылық етті. Бұл көтеріліс 1837-жылы бүкіл хандықты қамтыды. Сол жылы қазанда көтерілісшілердің саны екі мыңға жетті. Олар орыс патша үкіметінің отаршылдық езгісіне және қазақ феодалдарының қанауына қарсы күресті. Орыс қамалдарына, хан ордасына шабуыл жасады.

Орыс патша үкіметінің әскерлері қазақ феодалдарының жасақтарымен тізе қосып, көтерілісті жаныштауға аттанды. Осы жазалаушы әскерлердің бастығы полковник Гекенің қарамағында жеті жүз казак-орыс, екі зеңбірек, төрт жүз адамнан құралған байлар жасағы болды. «1837-жылғы 15-қараша күні таңертең Тастөбе деген жерде жазалаушылардың көтерілісшілермен ұрысы болды. Көтерілісшілер алдымен ұрыс бастап, лек-легімен Гекенің отрядына лап берді. Найзаға шебер көтерілісшілердің екпінді шабуылы казак-орыстарды үрейлендіріп, қашу қаупі төнді. Геке отрядының бір жақ қанаты ойсырап қалды. Бірақ көте-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 2-том, 439-бет.

рілісшілер зеңбірек оғына шыдай алмай, кейін шегінді. Жазалаушылар оларды жеті шақырым жерге қуды. Көтерілістің басшылары қашып құтылды. Ұрыс кезінде көтерілісшілерден алпысқа жуық адам өлді. Жазалаушылар отрядтарынан қашқан көтерілісшілер бөлініп-бөлініп сахараға сіңіп кетті. Исатай күресті жүргізе беру үшін онан әрі күштерді ұйымдастыра алмады. Оның жанында өзіне әбден берілген тек бірнеше жігіт қана қалды»¹. «Жазалаушылар көтерілісті аяусыз басты, тұтқындарға бес жүзден екі мыңға дейін дүре соғылып, Сібірге жер аударылды... Көтерілісшілер патша үкіметінің отрядтарына қарағанда әлдеқайда нашар қаруланған, ұйымшылдығы төмен еді. жеңілгеніне қарамастан, көтерілістің алғабасарлық маңызы зор болды»².

1856-жылы желтоқсанда Сырдария қазақ егіншілерінің Қазалы маңындағы қарулы көтерілісі болды. Көтеріліске Жанқожа басшылық етті. Көтеріліске қатынасқан қарулы қазақтардың саны үш мыңға жетті. Олардың базасы бұрынғы Жаманқала қорғанының қасында болды. Орыс патша үкіметі әскери бекініс салу және оған казак-орыстарды көшіріп әкеліп орналастыру үшін Сырдария бойындағы қазақ егіншілерінің шұрайлы егістік жерлерін тартып алды, оларды ауыр алым-салық төлеуге зорлауы, қарулы көтерілістің тууына түрткі болды.

Қазалы жанындағы қарулы көтеріліс Орынбордың шекаралық үкімет орындарына қорқыныш тудырды. Генерал-губернатор Перовский Сырдария шебінің қолбасшысы генерал-майор Питинговке жарлық беріп, көтерілісті басу үшін дереу жорыққа шығуды тапсырды.

Питинговтың отряды жорыққа 1857-жылдың тоғызыншы қаңтар күні шықты. Оның құрамында үш жүз казак-орыс, үш жүз жиырма жаяу әскер, екі зеңбірек және екі ракета құралы болды. Көтерілісшілермен соқтығыс нақ сол күні Арықбалық деген жерде болды. Көтерілісшілер жеңіліс тауып, жан-жаққа бытырап кетті, ауылдары қатты ойрандалды. Казак-орыс отрядтары халықтың малын тартып алды. Тек ірі қара малдан жиырма мың бастан аса мал алынды...

Сырдария қазақтарының Қазалы маңындағы көтерілісі — отаршылдық езгіге қарсы шыққан, жерлерінің алынуына, алым-салыққа, патша шенеуніктерінің жолсыз-

¹ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 354-бет, Алматы, 1957.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 2-том, 439-бет.

дығына қарсы шыққан шаруалар бас көтерісі еді. Екінші шаруалардың бұл бас көтерісі заңды және тарихи әділетті қозғалыс еді.

1855—1858-жылдары Арал теңізінің батысын, Хиуа хандығымен шекараны жайлаған қазақтардың қарулы көтерілісі болды. Бұл көтеріліске Есет батыр басшылық етті, көтерілістің басталуына патша үкіметінің әскерлерге азық-түлік, қару-жарақ тасуы үшін қазақ шаруаларының түйелерін тартып алуы түркі болды.

1847-жылы бұл жердегі қазақтардан патша үкімет орындары 3500 түйе, 1853-жылы 8285 түйе, 1854-жылы 6194 түйе жинады. Бұл керуендерді алып жүру үшін қазақтар лаушы беруге міндетті болды. 1853-жылы Перовскийдің Ақмешітке жорығы кезінде патша үкімет орындары шекті руынан лаушылармен қоса 4000 түйе талап етті. Бұл қазақтардың шамасы келмейтін талап еді. Сондықтан, олардың арасында наразылық туды. Олар түйе беруден бас тартып, Жемнің басына қарай көшіп, көтеріліс бастады.

Патша үкімет орындары бұл көтерілісті басып, Есетті ұстауға және түйе жинауға қарулы орыс-казак әскерімен сұлтан-әкім Арыстан Жантөринді жіберді. Әскерді бастап шыққан сұлтан-әкім Арыстан Елек өзенінің бас жағына қарай келіп, Есетпен келіссөз жүргізуге кірісті. 8-шілде күні таңсәріде Есет ойламаған жерден сұлтанның лагеріне шабуыл жасап, сұлтан-әкімді, қасындағы нөкері мен ру басы билерді өлтірді. Сұлтанға еріп шыққан казак-орыс әскерлері қашып кетті. Орынбор генерал-губернаторы көтерілісшілерді жаныштап, Есетті ұстау үшін бірнеше жазалау отрядтарын жіберді. Олар жолдарында кездескен ауылдардың бәрін ойрандап кетті. «1857-жылдың наурызында әскери-дала сотының үкімі бойынша көтеріліске қатысушылардан үш адам атылды. 18 адам Сібірге айдалды. Солардың ішінде батыр Бекет Серкебаев, Ерназар Кенжалин және басқалар бар еді. Қазақтың 42 мың басқа жуық малы айдалып алынды. Айрықша айуандық істеген подполковниктер Кузьминскийдің, Дершевтің және майор Михайловтың жазалаушы отрядтары болды. Бұл отрядтарда патша үкіметіне қызмет еткен қазақ сұлтандары да болды. Кузьминскийдің отрядтарының бірі 164 ауылға ойран салды, олардың барлық малын айдап кетті, киіз үйлерін өртеді, адамдарды өлтірді, оның ішінде әйел, бала, қарттар да кетті»¹. 1858-жылдың қыркүйегінде Есеттің қарулы күш-

¹ «Қазақ ССР тарихы» 1-том, 367—368-беттер, Алматы, 1957.

терін орыс патша әскерлері біржолата талқандады. Сөйтіп, ереуіл атқа ер салған қазақ көтерілісшілерінің егеулі найзалары орыс өнеркәсібінің заводтарында жасалған зеңбірек оғына төтеп бере алмай, бәрі де жеңіліске ұшырады.

19-ғасырдың 60—70-жылдарындағы қазақ халқының тарихи тағдырына қатысты ірі оқиға Ресей патшалығының Орта Азияға соғыс жорық жасап, Қоқан, Бұхара және Хиуа хандықтарын жаулап алуы болды.

1864-жылы көктемде патша үкіметі Қоқанға қарсы әскер аттандырды. Орыстың помещиктері мен буржуазиясы патша үкіметінің шапқыншылық саясатын түгелдей қолдап отырды: помещиктер жаңа жерлердің басып алынуына мүдделі болса, өнеркәсіпшілері мен саудагерлер шикізат сатып алу үшін және тауарларын өткізу үшін кең базарлар жаулап аламыз деп үміттенді¹.

Қоқанға қарай жүрген әскерлер екі жерден: Сырдария шебіндегі Перовский портынан және Верный (қазіргі Алматының орнындағы) бекінісінен аттанды. Олар аз уақыт ішінде бүкіл Шу өлкесін, Мерке, Әулие ата (қазір Жамбыл қаласы) және Түркістан қорғандарын алды. 1864-жылдың қыркүйегінде полковник Черняев бастаған орыс әскерлері Шымкентті алды. Одан соң 1865-жылдың маусымында үш күнге созылған соғыстан кейін орыс әскерлері Ташкент қаласын алды. 1868-жылы Бұхара әмірлігін бағындырды. 1873-жылдың көктемінде орыс әскерлері Хиуаға жорық жасады. Хиуа ханы мойынұсынып, бітім шарты бойынша Ресейге Әмударияның оң жақ жағасындағы жерлерді берді. Сонымен бірге өзін Ресейдің тәуелді боданымын деп таныды. 1876-жылы Қоқан хандығы түгелдей жойылып, оның территориясы Түркістан генерал-губернаторының құрамына кірді.

Қоқан, Хиуа, Бұхара жеңіліске ұшырағаннан кейін, бұрын бұл хандықтар басып алған қазақ жерлері түгелдей Ресей мемлекетінің құрамына кірді, бұл жерлерді мекендеген қазақтар Ресейдің қол астына қарады.

19-ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында патриархалдық-феодалдық қатынастар ыдырап, капиталистік белгілер ене бастады. Тауарлы-ақша қатынасы дамыды, қазақтың экономикалық өмірінде отырықшылық-егіншілік өркендеді. Осы дәуірде қазақ халқы арасынан орыс мәдениетін өткел еткен Европа мәдениеті және батыс ел-

¹ «Қазақ ССР тарихы», 374-бет.

дерінің демократиялық идеялары таралды. Қазақ халқын өнер-білімге шақырған ағартушылық ағымы өріс алды. Ағартушы Шоқан Уәлиханов (1835—1865), педагог ағартушы Ыбырай Алтынсарин (1841—1889), ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбайұлы (1845—1904) дүниеге келді. Олардың ғылыми-әдеби шығармалары, ағартушылық қызметтері арқылы қазақ халқына өшпес еңбек сіңірді.

1840-жылы Бөкей ордасында бастауыш орыс-қазақ мектебі ашылды. 1864-жылы 8-қаңтарда Ыбырай Алтынсарин Торғайда қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашты, 1876-жылы Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» басылып шықты.

1888-жылы Омбы қаласында қазақ тіліндегі тұңғыш газет, «Дала уәлайаты» газеті жарыққа шықты. Бұл газет 1902-жылдың 12-көкегіне дейін шығып тұрды. Бұл газеттің қазақшасының редакторы Ешмұхаммет Абылайханов пен Дінмұхаммет Сұлтанғазиндер еді. Бұл газетте үкіметтің ресми заң жарлықтарын жариялаудың сыртында қазақтың әлеуметтік, шаруашылық және мәдени өмірінің мәселелері көтерілді. Шоқан, Ыбырай, Абайлардың қазақ халқын өнер-білімге, отырықшылыққа шақырған демократиялық идеялары насихатталды. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары: «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Боз жігіт» жырларымен, «Алдар-Көсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр» аңыздары т. б. жарияланды¹. Зерттеушілердің айтуынша, 1860-жылдан 1900-жылға дейін қазақ тілінде 177 әдеби кітап басылып шыққан².

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 3-том, 471-472-беттер.

² «Октябрь төңкерісіне дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар»

Қазақ халқының мәдениеті

Қазақ халқының мәдениеті — ежелгі заманнан бергі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заманға сай дамып қалыптасқан түрі болды.

Қазақ халқының қалыптасуына байланысты, қазақ халқына тән материалдық және рухани мәдениеттің сипатты белгілері де орнықты. Бұл қалыптасқан мәдениет қазақ халқының өз ата-бабаларының мәдени қазыналарын қамтыған мәдениет болды. Қазақ халқының мифтік аңыздары, аспан әлемі жөніндегі түсініктері, байырғы қазақ күнтізбесі, бай әдеби мұралар, көркемөнердің сан алуан түрлері, шежірелік шығармалар, халық емшілігі және материалдық мәдениет мұралары т. б. ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне мәдениет куәліктері екені анық. Халық бұқарасы материалдық мәдениет, рухани мәдениет жетістіктерінің жасаушылары болды.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-ПІКІР

Қазақ халқының ерте замандағы философиялық ой-пікірлері мифтік аңыз, қиял-ғажайып ертегілері түрінде жарыққа шықты. Өткен замандарда өмір тіршілігінің көбін табиғат құшағында, күндіз-түні мал соңында өткізген қазақ қауымы, айналасын қоршаған жаратылыс дүниесі және оның сан алуан құрылыстары — аспан мен жер, ай мен күн, күн мен түн, қараңғы мен жарық, адам мен табиғат, жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, бақ пен сор сияқты сан алуан мәселелер жөнінде алуан түрлі аңыз, қиял-ғажайып ертегілер, өлең-жыр, мақал-мәтел және толғаулар ойлап шығарып, түрліше болжамдарды топшылаған.

Ерте замандағы қазақ қауымының ұғымында: жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түпкі тегі төрт нәрседен — топырақ, су, от және желден (ауадан) жаратылған. Барлық болмыстың өмір сүру тетігі: жарық пен қараңғылыққа байланысты деп білген. Олардың ойынша: жарық — жылу-дың, күннің, өмірдің, жақсылықтың, бақтың нышаны; ал қараңғылық — суықтың, түннің, өлімнің, жамандықтың, сор-қырсықтың нышаны. Бұларды бірі-біріне қарама-қарсы күштер деп есептеген.

Бұрынғы замандағы қазақтың санасында: жаратылыс дүниесі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне ұқсатып топшыланған. Олардың ойлауынша: әлемдегі барлық нәрсе және тіршілік жоқтан бар болып, кішкенедең үлкейіп, бірі-бірінен туып, өсіп-өрбіп отырған. Ерте замандағы қазақ қауымының «жасаған», «жаратқан» деп сыйынатын «иелері» де бейне бір асқан шебер өнерпаз «ұста адам» бейнесінде болған. Қазақ қауымының жер мен аспан жайындағы аңызында айтылуынша: жер мен аспан алғаш жаралғанда тым кішкене екен. Алғашында «әуе айнадай, жер тебінгідей» ғана болыпты. Ол кезде бүкіл әлем қаратүнек тұман ішінде тұрған. Кейін ұзақ замандардың өтуімен, жер мен аспан бірте-бірте үлкейіп, бұлардың арасынан күн мен ай туып, қараңғы мен жарық айырылып, адамзат, жан-жануардың тіршілігі пайда болған екен дейді.

Қазақтың көне дәстүрі бойынша, жер — адамзат, жан-жануар, ағаш-шөптің анасы. Аспан — жарық, жылу беріп, жаңбыр жаудырып есіркеуші атасы есептелген. Сондықтан, ерте кездегі қазақтар көк тәңірге, жер анаға табынған.

Қазақтың ұғымында: көк аспан — бейне қазақтардың

киіз үйі сияқты, барлық өмірге пана болған көк күмбез, Аспан әлеміндегі жұлдыздар — осы көк күмбезге жағылған шырақтар, олардың ойынша: аспандағы жұлдыздардың адам өмірімен тығыз байланысы бар. Әрбір адамның өмірін жаратып, тағдырын белгілейтін бір жұлдызы болды. Ол жұлдыз жоғарыласа, бұл адамның бағы өрлейді, бұл жұлдыз төмендесе, бұл адамның бағы қайтады. Жұлдызы оңынан туса, барлық іс сәтті болады, жұлдызы солынан туса, қырсық шалады, ол жұлдыз жерге түссе, бұл адам өледі де, оның жаны көкке ұшады дейді. Қазақтар: ісі оңалған адамды «жұлдызы оңынан туды» дейді, аспанда аққан жұлдызды көргенде: «менің жұлдызым жоғары!», «сақтай көр, жасаған!» деп сыйынады. Олардың ұғымынша: адамдардың жұлдыздары әр алуан; кейі топырақ, кейі су, кейі от, кейі жел сияқты болып келеді, бұл сол адамның мінездемесін, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейді. Жұлдызы су сипатты адам жұлдызы от сияқты адаммен жараса алмайды. Қазақтар жараса алмаған ерлізайыптыларды көргенде «бұлардың жұлдызы жараспады» дейді, өмірі өш болып өткен адамдарды «бұлардың бірбіріне жұлдызы қарсы» деседі. Әрине, бұл ислам дініне кіруден бұрынғы ұғымдар еді. Ислам дініне кірген соң, ұғымдардың көбі ислам философиясына бағынып кетті, оның сарқыншақтары аңыз-ертегілерде там-тұмдап сақталып келді.

Қоғамның дамуына, экономиканың өркендеуіне, ой еңбегі мен дене еңбегінің бөлінуіне байланысты, қазақ халқынан философиялық ой-пікір қайраткерлері шықты. Бұлар негізінен қазақтың кемеңгер ойшыл, ақын-жыраулары еді.

Қазақ тарихында, философиялық ой-пікір саласында жарыққа шыққан кемеңгер ойшыл қайраткерлері философияның маңызды мәселелері жөнінде өз көзқарастарын ортаға қойды. Қазақ халқының философиялық ой-пікірін өрістетуде елеулі үлес қосты. Бұлар ғылым-мәдениет әлеміне аты әйгілі Қорқыт (Дада Қорқыт), Асан қайғы, Бұқар, Абай, тағы басқалар еді.

Қорқыт (Дада Қорқыт) — 8-ғасырда Сырдария бойын мекендеген қыпшақ-оғыз тайпаларынан шыққан атақты жырау, дарынды күйші және ойшыл философ болған. Бұл Қорқыт жайындағы он екі дастаннан құралған жинақ «Қорқыт ата кітабы» («Кітап дадам Қорқыт») деп аталады. Бұл кітаптың екі көшірмесі бар, оның бірі (Ватикан (Рим) кітапханасында, енді бірі Дрезден қаласының

(Шығыс Германияда) кітапханасында сақтаулы. Қазақ арасында Қорқыт туралы жыр-дастан және аңыз-ертегілер бар. Қорқыт туралы Ватикан архивінде мынадай дерек сақталған: «Расул пайғамбар (Мұхаммет пайғамбар) заманына жақын кезде (8-ғасырда) Баят (Сырдария) бойында Қорқыт атты бір ер болыпты. Оғыз ішінде барлық уәләятты өзіне қаратып, неше түрлі ғажайып сөздер сөйлеуші еді. Қорқыт оғыз қауымының мүшкіл халі туралы сөйлер еді. Әрине, іс болса бәрі оның алдына келіп, кеңес сұрап, ол нені бұйырса соны қабыл етер еді»¹.

Қорқыт өз өмірінде Алтай, Ертіс, Ұлытау, Кішітау, Есіл, Нұра, Сарысу, Талас, Сайрам, Сыр, Қаратау, Жетісу өлкелерін билеген үш ханға — Инал, Күл еркін, Қаңлы қожа сияқты хандарға ақылгөй уәзір болған. Осы кезде ата-баба жасаған мекенді жаудан қорғау, жер-суды белгілі тәртіппен пайдалану, дау-жанжалдарды ақылмен шешу, қылмысты адамдарды жазалау, әскери күштерді оң және сол деп екі қанатқа бөлу, халық жиналыстарында тәртіппен отыру, ас-той өткізу тәртіптері қатарлы заң-жораларды белгілеп, әлеуметтік жора (заң-тәртіп) жасаған екен².

«Қорқыт ата кітабында» және «Қорқыт жырларында» Қорқыт айтқан афористік қорытындылар да бар. Мысалы: «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Ақын тілді, ат тұяқты келеді», «Ескі темір біз болмас, ескі мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас, өткен өмір оралмас, өлген кісі тірілмес», «есекті жүгендегенімен жылқы болмас», «қорқаққа қылыш жұмсаудың қажеті жоқ» т. б.

Қазақ әдебиетіндегі Қорқыт — дана, ақылгөй ата болумен бірге дарынды жырау, майталман күйші, қазақтың музыка аспаптары қобыз мен домбыраны алғаш жасаушы, өз заманының кеменгер ойшылы болған. Қорқыт өз ел-жұртының аянышты ауыр халін көріп, одан елді құтқаруды, мәңгі-бақи өлмейтін бақытты өмірді аңсайды, төңіректің төрт бұрышын кезеді. Бірақ көктемде жапырағы жайқалып шешек атқан шөптердің күз келісімен сарғайып солғанын, бір заманда аспанмен тілдескен асқар таулардың мыжырайып шөгіп бара жатқанын, мәуелі ормандардың жапырағы төгіліп, қайғымен қамығып бас шайқағанын көреді; адамзат, жан-жануардың мұң-зарын естиді.

¹ «Дада Қорқыт кітабы», Стамбул, 1980.

² «Қазақ ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар», 80—82-беттер, Шинжаң халық баспасы, 1984.

Ол қайда барса да көр қазып жатқандарға жолығады, ол ең ақырында: дүниеде өзгермейтін еш нәрсе жоқ, «сынбас темір жоқ, өлмес өмір жоқ» деген қорытындыға келеді де, өлмейтін өмірді халықтың ән-күйінен іздейді. Өмірінің соңғы кезін домбыра-қобыз тартып, күй шығарумен өткізеді. Ең ақырында қобыз күйімен көз жұмып, артындағы ұрпаққа өлмес күйлерін қалдырады»¹. «Қорқыт күйлері» дейтін күйлер қазақ халқы арасында күні бүгінге дейін ардақталып, ойналып келеді. «Қорқыт жырының» қорытындысы: «өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгібақи өлмейтін, ұмтылмайтын нәрсе адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі» дегенді аңғартады.

Асан қайғы — 15-ғасырда өмір сүрген атақты қазақ ақыны, философ. Ол алғашында Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында, кейін Қазан қаласындағы Ұлы Мұхамметханның қасында беделді де ықпалды билерінің бірі болған. 1445-жылы ұлы Мұхамметхан (Ортамбет хан) өліп, Алтын Орда ыдыраған кезде қазақ даласына қайта оралып, Қазақ хандығын құрған Жәнібек ханның (1456—1473) жырауы және ақылшысы болған. Асан үнемі халық қамын, елінің болашағын ойлап, қайғырып жүргендіктен, жұрт оған «қайғы» деген лақап қосып «Асан қайғы» деп атап кеткен.

Асан қайғы жайын көп зерттеген Шоқан Уәлиханов оны «көшпелі ноғай, қазақ ұлысының философы» деп атайды. Асан қайғы өз заманында көптеген нақыл сөздер, афористік, философиялық толғаулар шығарған. Бірақ оның бәрі біздің заманымызға жеткен жоқ, оның біздің заманымызға жеткен толғауларында Қазақ хандығы құрылған кездегі тарихи оқиғалар бейнеленген, ол уақытша табысқа масаттанып, халықтың болашағын жете ойламаған Жәнібек ханды бетпе-бет сынайды, халықтың қайғы-мұңын толғайды.

Асан қайғы өз заманында қоғамдық өмірге үңіле қарап, халықтың тартып отырған ауыр азабын — аш-жалаңаштық, жұт-апат, өзара қырқысқан жаугершілік, әлеуметтік теңсіздікті көріп қайғырады, өз кезіндегі қоғамдық өмірге наразы болады. Олардың мекен еткен қоныстарын менсінбейді. Ол халықтың қамын, елдің болашағын ойлап, халықты ауыр-азаптан құтқарып, мәңгілік бақытқа бөлеудің жолы — «жерұйыққа» жету деп тұжырымдайды.

¹ «Қорқыт жыры», «Мұра» журналы, 1982-жылы, 1-сан.

Асан қайғының арман еткен «жерұйығы»— суы сүт, топырағы май, тасы алтын, ағаш басы толған жеміс-жидек, жұт жүрмейтін, қайғы қасіреттен аулақ құтты қоныс, оған жеткен елді жау алмайды, онда ел аласы, ру таласы жоқ, үркін-қорқын жаугершілік дегенді білмейді, «қой үстінде боз торғай жұмыртқалайды». «Жерұйықты» мекендеген жұрттың бай-кедейі жоқ, бәрі тең, барлығы шат-шадыман, бақытты өмір өткізеді.

Бұл құтты қоныс, жайлы мекен «жерұйыққа» жету оңайға түспейді. Ол үшін қажымас-қайтпас қайрат жұмсап, жар төсектен түңіліп, мал төлден қалғандай тар жол, тайғақ кешулі ұзақ сапарды басып өтуі керек. Сонда ғана «жер ұйыққа» жетіп, мәңгілік бақытты өмірге кенелуге болады.

Асан қайғы өзі ойлаған мүлтіксіз мекенді «жұпар қорығы», «кең түбек», «тар түбек» деген жерде деп есептейді. Сол жерді табу үшін желмая мініп, төңіректің төрт бұрышын кезеді. Бірақ таба алмайды, табуда мүмкін емес еді, арманына жете алмаған Асан қайғы¹ өксіп келіп дүниеден көшеді.

Асан қайғының «жерұйықты» іздеуі жөнінде аңыз қазақ халқының таңғажайып жарқын, бақытты болашақты аңсаған армандарының туындысы еді. Асан қайғы арман еткен «жерұйық» бейне ағылшын ойшылы Томар Мордың «Утопия» аралы, италиялық Томазо Кампанеланың «Күн қаласы» сияқты утопиялық ойдың жемісі екені даусыз Әрине, бұл 15-ғасырдағы көшпелі қазақ халқының қоғамдық болмысынан туылған утопиялық идея. «Бұл — Асан қайғының бақыт мекені «жерұйық» жайлы утопиялық шығармасының ауыздан-ауызға көше келе, өзгерістерге түсіп, аңызға айналып кеткен нұсқасы деп шама-лауға да негіз бар»¹. «Жерұйық» жайындағы аңыздың қазақ халқының философиялық ой-пікір тарихын зерттеуде маңызы мол.

Абай (1845—1904) — қазақтың ұлы ақыны, философы. Абайдың философиялық ой-пікірі 19-ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Абай әйгілі шығыс классиктері Фердауси, Сағди, Ширази, Низами, Навоилардың шығармаларын және ислам философтарының көзқарастарын жетік білді, сонымен бірге ежелгі гректің атақты классигі Аристотельдің философиялық шығармаларымен және Сократтың еңбектерімен толық танысты, В. Г. Белинскийдің еңбектерін көп оқыды. Абай дүниетану жолында өткен заман-

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы, 1-том, 502-бет.

дардың кемеңгер философтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданды. Осы кездегі қазақ қауымын толғандырған басты философиялық мәселелер: құдай мен табиғат, адам мен құдірет, жан мен тән, өмір мен өлім туралы болса, солардың барлығына Абай алға басарлық тұрғыдан жауап беруге тырысты.

Абай өзінің философиялық көзқарасында: дүниенің, әлемнің объективтік заңдылығын мойындайды, дүние мен адамзат қоғамы бірқалыпты тұрмай, бейне бір ағып жатқан судай әрекеттеніп өзгеріп отырады деп таниды. Бұл жөнінде Абай былай тұжырымдайды: «Дүние бірқалыпта тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бірқалыпта тұрмайды», «Дүние — үлкен көл, заман — соққан жел»; «Алдыңғы толқын — ағалар, артқы толқын — інілер, кезектене бөлінер, баяғыдай көрінер» дейді.

Абай адамды дүниенің ең маңызды бөлігіне жатқызады, Абайдың баяндауынша; адамның хайуаннан айрылатын екі үлкен қасиеті бар, оның бірі: дүниені тану, ақиқатты білу, ғылымды үйрену, екіншісі: көпке пайдалы еңбек істеу. Бұл жөнінде былай дейді: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдей, ең болмаса денелей білмесе, адалдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмайды, хайуан жаны болады». Абай: адамның бойындағы асыл қасиеттің бірі еңбек, бұл — тек өзінің қара басының қамын ғана күйттеген еңбек емес, пайдасы көпке тиетін еңбек деп есептейді: «өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың», «әрекет қыл, пайдасы көпке тисін» дейді.

Абай: адамның ақылды, білімді болуы оның тумысынан емес, айналадағы дүниені сезіп-біліп, үйренуінен, еңбек етуінен деп қарайды. «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, — дейді Абай. — Жаралып, жасалып қойған нәрселерді көзбен көріп, ақылмен біліп сезбекпіз». Демек, Абай білудің сезімдік және ақылдық таным арқылы болатынын құптайды. Бірақ ол ақиқатты анықтаудың өлшемі ақыл деп есептейді: «Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз, ақсақал айтты, бай айтты, кім болса, мейлі сол айтты, ақылменен жеңсеңіз». «Ақыл мизаң, өлшеу қыл» деп танымдағы ақылдың рөлін көтермелеп, рационалистердің позициясына жақындайды.

Абай гуманистік көзқарасты насихаттады. Ол адам атаулы жаратылысында бірдей деп қарады. Өзін өзгеден

артық санайтындарды сөгіп, «менімен сен теңбе деп мақтанасың, білімсіздік белгісі ол баяғы» деді. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дейді. Ол жалпы адамзатты түгел сүюге және оларды тең көруге үндейді, өте-мөте ауыр азап арқалаған мазлұмдарға жанашырлық істеп іш күйдіруді дәріптейді. «Мазлұмға жаның ашып ішің күйсін, қаракет қыл пайдасы көпке тисін» дейді.

Абай өз кезінде қазақ қоғамының болмысына үңіле қарап, адамгершілік мінез-құлық формасын ұсынады; «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз... Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ — бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз. Жамандық көрсең нәпрәтілі, суытып, көңіл тыйсаңыз, жақсылық көрсең ғибратылы, оны ойға жинаңыз» деп әдептілік пен қайырымдылықты дәріптейді: «Ғадалат пен мархамат — көп азығы, қайда көрсең болып бақ соған көмек» дейді.

Абайдың ойынша, елдің жақсы-жаман болуының тетігі оның ынтымақ-берекесіне байланысты. Ол: «Берекелі болса ел — жағасы жайлау ол бір көл, берекесіз болса ел — суы ашыған батпақ көл», дейді. Абайдың байқауынша, ел еңбекпен көркейеді, елдің шырқын бұзатындар еңбек етпейтін арамтамақтар, еңбексіз жатып-ішу адам баласын аздырады: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы сықылды тез таусылар» дейді.

Абай өз кезінде ислам дініне ықтиқат қылған мұсылмандардың бірі еді, сондықтан «дүниені құдай жаратқан» деген сенімге шек келтірмейді, бірсыпыра пайымдауларында ислам дінінің дағдылық қағидаларына ойысып отырады. Бірақ сопылықты, дәруіштікті дәріптеуші ислам оқымыстыларына Абайдың көзқарасы мүлде басқаша болды. Олар дүниенің ісі уақыттық пәни «жалған», нағыз бақилық — мәңгі өмір ақыретте, адам шынайы рақатты ақыретте көреді, сондықтан дүниеден безіп, бұл жалғанды тек құдайға құлшылық қылумен өткізу керек деп уағыздаса, Абай адамдарды осы дүниеде игілікті еңбек етіп, өнерғылым тауып, өз тіршілігін оңалтып, рақат көруге насихаттайды. Халықты өнер-ғылым жолына жұмылдырады: «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеніз» дейді. Дүние бір алып құрылыс,

оған әрбір адам өз үлесін қосу керек деп тұжырымдайды: «Әсемпаз болма әр неге, өнерпаз болсаң арқалан, Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» дейді. Абай ақыл-парасатты дәріптеп, ғылым мен ағарту идеяларын насихаттады. Абайдың философиялық ой-пікірінің әлеуметтік маңызы мен алға басарлық мәні, міне, осында.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСПАН ӘЛЕМІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІ ЖӘНЕ БАЙЫРҒЫ ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІ

Ұлан-байтақ кең далада мал бағып, күндерін кең табиғат құшағындағы мал өрісінде, түндерін жұлдызды аспан астындағы мал күзетінде өткізген қалың қазақ, табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көпжылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинаған.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын — күн мен түннің, жыл мен мезгілдердің, ай жаңалануының айналып келіп отыруын мұқият бақылап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тіршілік тұрмыстық маңызы болды. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеу және қыстауға қай уақытта келу, қой мен қозыны қай уақытта қырқу, қашан күйекке алу, қай мезгілде көктеуге барып мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден бастап салу, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін белгілеп отырды. Бұл есептен жаңылу, оларды ауыр шығынға ұшыратты. Мысалы: күйек дәл уағында алынбаса — ерте алынса, суықта туып, төл шығындайды, кеш алынса, қой қысырап қалады. Яки төл кенже қалып, жетіле алмайды. Міне, бұл уақыт есебін мұқият білуді, табиғат құбылыстарының айналысын бақылап отыруды қажет етті.

Табиғат құбылыстары: айналаны, жұлдызды, аспанды бақылаудан туған, халықтың көпжылдық тәжірибесінде жинақталған астрономиялық түсініктер мен білімдер негізінде байырғы қазақ күнтізбесі жарыққа шықты.

Шетсіз-шексіз кең далада мал бағу, үдере көшу, жолаушы жүру, түнқату, жоқ қарау және аң аулау төрт жағын анық айыруды, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап бағыт-бағдарды белгілеп, өткел, суат, қоныс, құдықтарды дәл табуды үйретті.

Қазақ арасында тәжірибе метеорологиясымен және уақыт есебімен шұғылданатын арнаулы есепшілер болды.

Олардың білім тәжірибелері атадан балаға мұра болып қалып отырды. Есепшілер көптеген ұрпақтардың білім тәжірибесін жинақтап, жылма-жыл байқау жүргізіп, күн райын болжады. Қазақ халық күнтізбесінің толық жылын белгіледі, маусымды жұмыс кездерін, жайлауға көшетін, қыстауға қонатын, күйек алатын, жүн қырқатын, шөп шабатын уақыттарды белгіледі, қыстың қандай болатыны туралы болжам жасады.

Есепшілер: жаздағы ыстықтың орнына қыста аяз келеді, жаздағы жаңбырдың орнына қыста қар жауады, жазғы шілдеде шыжыған қатты ыстық болса, қыста қаңтарда қатты аяз болып, онан соң күн жылынады деп есептеді. Әр айдағы ауа райының шұғыл өзгеретін кезеңдерін — амалдарды есептеп, жұртқа ауа райын алдын ала хабарлап отыратын болды.

Қазақ қауымы негізгі планеталардың бәрін жақсы білді. Олар жайында өлең-жыр, сан алуан аңыздар шығарды. Қазақтардың жұлдыздарға қойған аттары да өздерінің малшылық өмірінен алынды. Қазақтар жұлдызды аспан картасын темірқазықтан бастады. Темірқазық — қазақтардың түнде жол жүргенде бағыт беталысын бағдарлайтын астрономиялық компасы. Оның маңындағы екі жұлдыз «ақ бозат», «көк бозат» деп аталды. «Жеті қарақшы» (жетіген жеті қарт) қазақтың мал күзеткен күзетшілерінің астрономиялық сағаты еді. Күздің ұзақ таңында күзетшілер жеті қарақшыға қарап алмасты. Қыста кешкі шолпан (сары жұлдыз) туған кезде қойды қораға әкелді. Меркурийді қазақтар «Таң шолпаны» деп, кейде «кіші шолпан» деп атады. Юпитерді «Есек қырған», Марсті «Қызыл жұлдыз», Близнацті «қол жұлдыз», Сириусты «сүмбіле» деп атады. Бұлардың жай-күйін, орнын, қозғалысын жақсы білді.

Үркер жұлдызының қазақтар үшін әрі астрономиялық әрі метеорологиялық мәні болды. Жыл мен күнтізбе осы үркер жұлдызына қарап зерттелді.

Қазақтар үркердің аууынан күн райы өзгереді деп білді. Әр айдағы үркер мен айдың тоғауында, әр айдың өларасында ауа райы өзгеріп, жауын-шашын болады: егер бұл екеуі ашық өтсе, жалпы алғанда, ол айда жауын-шашын аз болады. Жазғытұрым үркер іргеге жақындаса, көктем шығуының белгісі, «үркер жерге түспей жер қызбайды» десті.

Мамырдың аяғы мен маусымның басында күн көкек зодиагінің белгісіне еніп, үркер көрінбей кеткен кезде, қа-

зақтар: «үркер жерге түсті» дейді. Қазақ есепшілері: үркер осы бетімен жерде қырық күн жатады, мұны жылдың өте ыстық кезі — «қырық күн шілде» деп атайды. Осы қырық күн, жылдың ауа райының шешуші кезеңі, егер үркер суға түссе, жаңбыр көп болады. Құрғақ жерге түссе, аңызак жел көп болып, қағыр-куаңшылық болады; үркер тасқа түссе, шылыңғыр қатты ыстық болады деп ұйғарады. Осы қырық күн өтіп, үркер қайта көтерілген соң, өсімдіктің тамыры тереңге бойламайды, дән ала бастайды деседі.

Қазақтар Орион шоғыр жұлдыздарына ерекше көңіл бөліп, оны әр алуан аттармен: «арқар жұлдыз», «үш арқар», «таразы», «шідер жұлдыз» деп атады. Шілденің аяғында «таразы жұлдыздың» тууы жаздың өтіп, қатты ыстықтың қайтқандығын аңғартады. Қазақ есепшілері: бұл жұлдыздың шығуына қарап: «Таразы туса таң салқын, бидай, тары піседі» деп тұжырымдайды.

Қазақ елі Сириус шоғыр жұлдыздарын «сүмбіле» деп атайды. Сүмбіле туған соң жаз аяқталып, мал тынышын алатын шыбын-шіркей кешікпей жоғалады. «Сүмбіле туса су суыр» деген сөз егін орып, отын-су жинап, жылы үй дайындап, қыстың қамын ойлауды аңғартады.

Қазақ қауымы аспан әлемін бақылау арқылы «күс жолы», «құйрықты жұлдыз», «ақпа жұлдыз» және «кемпірқосақ» жайында жақсы білді. Бұл жөнінде сан алуан аңыз-әңгіме туғызды.

Қазақ есепшілері жылдың айларын дұрыс есептеу үшін айдың қозғалысын үнемі бақылап отырды. Олар бір жылды он екі айға, айдың тууына, толысуына, солуына қарай бір айды үш ондыққа бөлді.

Қазақтар жыл мезгілдерін күннің үркерге қарағандағы жайына қарай да белгілейді. Күн көзіне негізделген жылдың астрономиялық айларын қазақтар «жұлдыз» деп атады. Бұл жердің, айдың он екі фазасына сәйкес он екі зодиактық шоғыр жұлдыздардың санын еске салады. Қазақтар дүниенің төрт жағын күн көзінің күндізгі жайына қарай «күн шығыс», «күн батыс», «оңтүстік», «солтүстік» деп атады.

Ерте заманнан келе жатқан мүшел жылы есебінің қазақ өмірінде үлкен мәні болды. Қазақтар уақыт есебін осы мүшел жылы бойынша жүргізді. Әрбір жыл хайуан атымен: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз деп аталды. Мүшел жылы жиырма екінші наурыздағы «наурыз» мейрамында ауысады.

Қазақтың байырғы күнтізбесінде он екі айды бір жылға,

үш айды бір тоқсанға, жеті күнді бір аптаға, бір күн бір түнді бір тәулікке есептеді. Байырғы қазақ күнтізбесінде айлардың өз аты болды: наурыз (март), көкек (апрель), мамыр (май), маусым (июнь), шілде (июль), тамыз (август), қыркүйек (сентябрь), қазан (октябрь), қараша (ноябрь), желтоқсан (декабрь), қаңтар (январь), ақпан (февраль). Қазақ есепшілері күннің ұзару, қысқару құбылыстарын да мұқият бақылаған: күн тоқсанда торғай адым, қаңтарда қарға адым, ақпанда ат адым ұзарады, шілдеде шіл адым қысқарады деседі.

Қазақ қауымы уақыт есебінің үркері бойынша жүргізілетін жүйесін «тоғыз есебі» деп атайды. Айдың үркерді басып өтуі «тоғыз» (тоғау) делінеді. Ай тоғағанда үркер айдың ар жағында тасада қалады да көрінбейді. Ай тоғауы үш күнге созылады: бірінші күні тоғайды, екінші күні ауыл үй қонады, үшінші күні өріп шығады, ай ақырын жылжып үркерден өткеннен кейін тоғыз аяқтайды. Тетелес келетін екі тоғыз аралығындағы уақытты қазақ халқы тоғыс айы дейді. Тоғыс айы жиырма сегіз күн (яғни жиырма жеті күн, жеті сағат, қырық үш минут) болады. Бір жылда он үш тоғыс айы келеді, бірақ жазда үркер көкжиектен төмен түсіп кететін қырық күндегі екі тоғыс көрінбейді. Тек он бір тоғыс қана бізге көрінуі мүмкін. Тоғыс айларының аттары былай аталады: жеті тоғыс — наурыз, бес тоғыс — көкек, үш тоғыс — мамыр, бір тоғыс — маусым, жиырма үш тоғыс — шілде, жиырма бір тоғыс — тамыз, он тоғыз тоғыс — қыркүйек, он жеті тоғыс — қазан, он бес тоғыс — қараша, он үш тоғыс — желтоқсан, он бір тоғыс — қаңтар, тоғыз тоғыс — ақпан.

Байырғы қазақ күнтізбесі — дәстүрлі күн тізбесін қолданды. Күн жылының айлары, күні сол кезде қайсы шоқ жұлдыздардың тұсында болса, сол шоқ жұлдыздардың атымен аталды. Сондықтан, бұл «жұлдыз есебі» деп те аталды. Жылдың басы көктемдегі күн мен түннің теңелуі (жиырма екінші наурыз) болды. Бұл күні жаңа жыл — наурыз мейрамы өткізілді.

Г «Қазақ ССР тарихы», 2-том, 372-бетке қараңыз.

Ай аттары			Жұлдыздардың белгілеріне және қазіргі күнтізбе айларына сәйкес келуі
Көне түркі тілінде	Арапша	Қазақтың халық күнтізбесінде	
Қозы	Жамал	Наурыз	Тоқты (март — апрель)
Үді	Сәуір	Көкек	Торпақ (апрель — май)
Ерентүз	Зауза	Мамыр	Егіздер (май — июнь)
Құшық	Саратан	Маусым	Шаян (июнь — июль)
Арслан	Әсет	Шілде	Арыстан (июль — август)
Бадай басы	Сүмбіле	Тамыз	Бикеш (август — сентябрь)
Олкі	Мизан	Қыркүйек	Мизан (сентябрь — октябрь)
Шаян	Ақырап	Қазан	Сарышаян (октябрь — ноябрь)
Иа	Қауыс	Қараша	Мерген (ноябрь — декабрь)
Ұғлақ	Жади	Желтоқсан	Ешкімүйізі (декабрь — январь)
Көнек	Дәлу	Қаңтар	Шушы (январь — февраль)
Балық	Үт	Ақпан	Балық (февраль — март) ¹

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Қазақ өмірінің барлық белестері өлең мен жырға толған. Өлеңсіз өмірдің мәні де, сәні де келмейді. Қазақтың классик ақыны Абайдың: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен қара жерге кірер денең», деген сөзі ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше қазақ халқының бүкіл өмірі өлеңмен өтетіндігін бейнелейді.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті — материалы мол, мазмұны терең, көркем де құнарлы қазына. Жер жүзі халықтарының ауыз әдебиетінде танылған сан алуан жанрлардың қай-қайсысы болса да қазақ ауыз әдебиетінен табылады. Таңғажайып ертегі аңыздар, қиял-ғажайып әңгімелері, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар ертегілері, мақал-мәтелдер, қара өлең, қайым өлең, тәмсіл өлең, төрт түлік мал туралы өлең, балық өлең, тау (жер-су) өлеңі, ата өлең, бесік жыры, тойбастар, жар-жар, беташар, сыңсыма, қоштасу, жоқтау, жарапазан, бақсы сарыны, шарифат өлең тағы басқалар.

Қазақтың батырлар жыры — үлкен оқиғалы эпостардың саны 60-тан асады. Оның бастылары: «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қобыланды» жырлары, қазақтың «Қырық батыр» атты жырында қырыққа тарта батырдың ерлігі жалғастыра жырланған. Бұл — әлденеше ұрпаққа жалғасып отыратын «Манас» тәрізді эпос.

Қазақтың ауыз әдебиетінің бай саласының бірі — ғашықтық дастандары. Қазақта «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты ондаған ғашықтық дастандар бар. Қазақ халқының романтикалық және психологиялық негізге құрылған лирикалық ғашықтық дастаны — «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу», оның сюжет желісі шын өмірден алынған. Бұл дастанда қазақ өмірі, әдет-салты кең қамтылған. Ол ғашықтардың бақыт және бостандық жолындағы күресін жырлайды. «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» поэмасын дүниежүзілік поэзияның тамаша үлгісіне жатқызып, оны қазақ жеріндегі «Ромео — Джульетта» деп атау әділ баға¹.

«Қазақ қиссалары» деген атпен әйгілі болған «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотынама», «Қырық уәзір», «Қырық батыр» сияқты қыруар қиссаларды бір желіге тізген, ұшантеңіз тоғыспалы дастандар бар. Олардан қазақ халқының өмірі, ақындық дарындылығы айқын көрінеді.

¹ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 224-бет.

Жоғарыда айтылған батырлық жырларды, ғашықтық жырларды және қиссаларды жинақтағанда, қазақ әдебиетінде кесек қисса-дастандардың өзі 200-ден асады. Міне, бұл қазақ халық әдебиетінің «жыр теңізі» екендігін дәлелдейді.

ҚАЗАҚТЫҢ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Қазақтың ақындар айтысы — қазақ халқының өлең өнері мен ақындық шабыт шалымының салтанатты көрінісі. Суырып салма ақындар мен төкпе жыраулардың көп алдындағы нақ майданда өнер көрсететін сахнасы.

Ақындар айтысының мазмұны сан-салалы, онда: салт жырлары, махаббат лирикасы, әсірелеуі мен апшыту алма-кезек сайысқан өткір сын, ойнақы әзіл-қалжың, жұмбақ өлең, балық өлең, ата өлең, тау өлең, қара өлең, қайым өлең сияқты өлең түрлерінің бәрі айтылады.

Айтыста айтысушы екі жақтың әдетте бір жағы ер, бір жағы әйел болады. Кейде еркек пен еркек те айтысады. Айтыс — сөз барымтасы. Онда айтылған әр қандай өлең, өлеңде сыналған жеке адамның яки тайпа елдің кемшілігі үшін айтысушы ақындар айыпталмайды. Көпшілік ақындарды айтыс үстінде бағалайды. Жеңген ақынға жүлде береді. Жеңілген ақын осы айтысты жұртқа таратады.

Қазақ арасында айтыстың өрісі өте кең. Ол бала туған шілдеhana тойынан бастап, ұлы дүбір мерекелердің бәрін өткізіп отырады. Жастарды сөз өнеріне баулитын жаттығу сипатты айтыстар кең өріс алған. Бұл айтысқа қазақ балалары 12—13 жасынан бастап қатынаса береді. Айтыс — қазақ халқының ақындық өнерінің тамаша дәстүрі және ақындыққа баулып шындайтын мектеп, ақындар айтысы және бір жақтан жалпыхалықтық театр қызметін атқарады.

ТІЛ ЖӘНЕ ЖАЗУ

«Қазақ тілі — қазақ жерін ерте заманнан жайлаған және өздерінің тегі жағынан біріне-бірі жақын қаңлы, үйсін, қыпшақ, арғын, және басқа тайпалардың тілдері негізінде қалыптасқан»¹.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 33-бет.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына үлес қосқан тайпалардың, өз заманында қолданған тілдері — қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуына негіз салды және оның ескі кезеңі болды. Бұл тайпалардың орта ғасырда ауызекі сөйлеу тілімен қатар әдеби жазба тілі де болған. Міне, бұл «көне қазақ тілі» деп аталады. Профессор С. Аманжоловтың айтуына қарағанда: «Едіге», «Ерсайын» жырлары қазақ арасына алшындар арқылы тараған. «Ер Көкше», «Қабанбай батыр», «Базар батыр», «Көркебай батыр» поэмалары керейлер тілінде, «Махаббатнама», «Алпамыс», қоңыраттар тілінде, «Талас ескерткіштері» дулат тілінде, Мұсабаевтың тұжырымы бойынша үйсін тілінде, «Наһжи әл фарадис» кедері тілінде, «Кодекс Куманикус» қыпшақ тілінде жазылып қалған¹.

Қазақ халық болып қалыптасып, дамуына байланысты қазақ тілінің құрылу барысы біртіндеп дамып отырды. Қазақ тілінің сөздік құрамы толығып, грамматикалық тұрпаты да жетіле берді.

Қазақ тілінің қалыптасып жетілуіне қазақ халқын қалыптастырған үйсін, қаңлы, дулат, қоңырат, қыпшақ, керей, найман, арғын, алшын, тағы басқа тайпалардың тілдері үлес қосты. Осылардың ішінде басты рөл атқарған «көне қыпшақ тілі» (көне қазақ тілі) болды. «Көне қыпшақ тілі» Алтын Орда және Ақ Орда дәуірлерінде ресми әдеби тіл ретінде қолданылды. Зерттеуші Машковтың айтуынша: «13-ғасырда қыпшақ тілі батыс Европа жиһанкездері мен саяхатшылары үшін халықаралық тіл болып есептелген². Осы дәуірде (1303-жылы) жазылып аяқталған қыпшақша-латынша-парсыша сөздік «Кодекс Куманикуста» қазіргі қазақ тілінің өзіндік грамматикалық ерекшеліктері болды. Мысалы: «Ч» аш (ач) емес, «С» тас (таш емес), «Ж» жол (йол емес), «Т» тізе (дізе емес), «К» кел (гел емес); «У» тау (тағ емес). Демек, қазіргі қазақ тілі көне қыпшақ тілі негізінде дамыды. «15-ғасырда қазақ тілі өзіне тән ерекше белгілерімен дербес тілге айналды»³.

Қазақтар бұрын көне түркі тілі жазуын, одан соң көне ұйғыр жазуын қолданған еді. Кейін ислам дінімен бірге енген арап жазуын қолданды.

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 33-бет.

² «Бұл да сонда, 7-том, 103-бет.

³ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 330-бет, Алматы, 1957.

Қазақ халқы ислам дініне кіргеннен кейін арап әліппесін қабылдады. Қазақ хандығы дәуірінде арап жазуы қолданылды. Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласында және басқа да Қазақ хандығына қарасты қалаларда мешіт, медреселер болды. Қазақтың билік басындағы жоғарғы жігінің балалары осы медреселерде оқыды. 16-ғасырдағы Орта Азия тарихшысы Розбехан Исфahanи өзінің «Мейманнамий Бұхара» (Бұхара мейманының естелігі) атты еңбегінде қазақ жерінде медреселердің барлығын, қазақтар балаларын медреселерде оқытатындығын жазған еді. Ал 17-ғасырдағы Таушы мерген қазақтың астанасы Түркістан қаласын суреттей келіп: «Бұл қалада мың адамдай қазақтар тұрады... Сол қаланың өзінде олардың заңы бойынша мешіт салынған», деп жазды.

Діни медреселердегі оқу 28 әріптеп құралған арап әліппесін танудан басталды. Одан соң «Иманшарт» (Наным шарттары) оқытылды. Мұнда діни нанымның негізгі шарттары, дін жораларын орындау тәртіптері, намаздың ниеттері мен дұғалары және ислам дінінің түбірлі ережелері жазылған еді. Мұны оқушылар жаттап алатын болды. «Иманшартты» аяқтатқан соң «Әптиек» (Құранның жетіден бірінен жасалған жинақ) оқылды. Одан соң «Құран» оқылатын еді. Бұлардың бәрі — араб тілінде болғандықтан, балалар мағынасын түсінбей, тек қарасын танып, жаттап оқитын еді. Мұнымен қатар ислам дінінің негізгі қағидалары үйретілді. Бұдан былай арап, парсы, түркі (шағатай) тілдері және осы тілдерде жазылған кітаптар оқылды.

Қазақтың хан, сұлтандарының және дәулетті адамдарының балалары Бұқара, Самарқан, тағы басқа Орта Азия қалаларындағы жоғарғы медреселерге барып оқыды. Бұл оқу орындарында арап, парсы тілі, орта ғасырдағы мұсылман авторларының шығармалары, орта ғасырдағы шығыс ақын-жазушыларының шығармалары, арап философиясы, ислам дінінің шарифат заңдары оқытылатын. Хан, сұлтандардың кейбіреуі өз балаларын арнаулы тәрбиеші әкеліп оқытып отырды.

15—16-ғасырларда қазақ арасына таралған және діни медреселерде оқулық ретінде қолданылған кітаптар: «Сопы Аллаиар» «Кесік бағы», «Батуам», «Хиса Сләнбие» сияқты діни және тарихи аңыз мазмұнындағы әдеби кітаптар еді. Бұлар қазақ арасында діни әдебиеттің өрістеуіне ықпал жасады.

15—16-ғасырлардағы медреселік оқу діни сипатта бола тұрса да, осы медреселерде оқып-білім алған адамдар арасынан сауатты, өз заманына сай ғұлама-ғалым, жазушылар шықты. Олар еңбектер жазып, ғылым, әдебиет, мәдениетке үлес қосты.

ЖАЗБА ӘДЕБИЕТ

«Наурыз бәйіті» — қазақ халқының байырғы күнтізбесіндегі жаңа жылы — наурызды құттықтайтын жырлар бірыңғай қағидалық тексі бар кітап түрінде таралып отырды, ол жаңа жылды құттықтап, халыққа бақыт тіледі.

Орта ғасырларда қазақ тілінде тарихи шығармалар жазылды және қазақтың шежірелері мен жылнамалар жинағы жазылып отырды. Дәстүр бойынша қазақтың хандары мен сұлтандары да өздерінің ата-бабаларының шежіресін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып келді. Осындай жазбаның соңғы бір нұсқалары Жәңгірханның кітапханасында сақталды. Бұл шежіренің бірсыпырасын Қазан университетіне сыйға берді (қазір де бұлар Санкт-Петербургтің Мемлекеттік университеті кітапханасының қолжазба бөлімінде сақтаулы¹).

«Нысабнами қазақ» (Қазақтардың шежіресі), оның авторының кім екені белгісіз. Бұл орта ғасырлардағы қазақтардың шежіре-тарихы жөніндегі осы заманға жеткен қолжазбалардың бірі.

«Қазақ хандарының рәсімдері» — бұл қазақ хандығы дәуірінде жасалған Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәукенің «Жеті жарғысы» сияқты заңдар жинағының ертеректе жазылған қолжазба нұсқасы. Бұл қазақ халқының рухани тіршілігінде айқын жосық қалдырған тарихи жазба ескерткіштердің бірі болып табылады. Бұл қолжазба жинақ Түркияның Стамбул қаласындағы Сүлеймен Канунидің кітапханасында сақтаулы екен².

«Шыңғыснама» (Шыңғыстың өмірбаяны) — 16-ғасырдың орта шенінде жазылған тарихи шығарма. Бұл тарихи шығарманың авторы Өтеміс қажы деген адам. Бұл кітапта қыпшақ даласын билеген Жошы әулетінің тарихы баяндалады. Шығарманың алғашқы тараулары ел аузына таралған аңыз-әңгіме түрінде баяндалған. Сонымен бірге

¹ «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 231-бет.

² «Қазақ совет энциклопедиясы», 6-том, 542-бет.

бұл қолжазбада көптеген тарихи мәліметтер нақтылы деректерге сүйеніп жазылған. Алғы сөзіне қарағанда, бұл кітапты автор өз дәуіріне дейін әкелмек болғандығы айтылады. Бірақ қолжазба толық сақталмаған, тек Тоқтамыс дәуіріне келіп біткен. «Шыңғыснама» — Оңтүстік Қазақстанның және Батыс Қазақстанның 13—14-ғасырдағы тарихы жазылған құнды еңбек, оның қолжазбасы Ташкентте сақтаулы¹.

«Тарихи-и-Рашиди» — Орта Азия мен Қазақстанның 14-ғасырдың екінші жартысынан 16-ғасырдың басына дейінгі тарихы баяндалған кесек шығарма. Бұл шығарма 1541—1546-жылдары жазылған. Оның қолжазбасы екі дәптерден құралған. Оның бірінші дәптерінде Шағатай әулетінің тарихы жүйелі баяндалады, екінші дәптеріне 15—16-ғасырда Шинжаң өлкесінде, Орта Азияда, Индия және Ауғанстанда өткен тарихи оқиғалар баяндалған. Бұл шығармада қазақ тарихына қатысты құнды деректер мол. 15-ғасырдың ортасында батыс Жетісуда Қазақ хандығының құрылуы, қазақ-қырғыз, өзбек халықтарының өзара қатынастары, 15—16-ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстанның қоғамдық, шаруашылық жағдайы, қала мәдениеті мен егіншілік мәдениеті, Жетісу өңірінің тарихи жағрафиясы жайында анық дерек берілген.

«Тарих-и-Рашиди» еңбегінің жазушысы Мұхаммет Хайдар Дулати (1499—1551) қазақтың ұлы жүз еліндегі дулат тайпасынан шыққан әйгілі тарихшы және әдебиетші, оның арғы атасы Жетісудағы дулат әмірі Болатшы Дулати. Яғни ол Әмір Болатшының жетінші ұрпағы (Болатшы Дулати — Хұдайдат Дулати — Сайдахмет Дулати — Сағит Ғали Дулати — Мұхаммет Хайдар Қорған Дулати — Мұхаммет Хұсайын Дулати — Мұхаммет Хайдар Дулати).

Мұхаммет Хайдар Дулати араб, парсы тілдерін өз ана тіліндей жетік білген. Жан-жақты білімді ғұлама-ғалым, тарихшы және жазушы еді. Көптеген тарихи оқиғаларға ол өзі қатынасты, көп істерді көзімен көріп, құлағымен естіді. Хан сарайында сақталған құжаттардан пайдаланды. Өзінен бұрынғы атақты ғалым-тарихшылар: Жамал Каршидің, Рашиденнің, Жуейнийдің, Хамдолла Каузинийдің, Шарафидин Әли Яздидің, Әбдіразақ Самарқанидің еңбектерін зерттей оқып, өз шығармасына арқау етті. Сондықтан «Тарихи-и-Рашиди» деректері анық, түсінікті де терең, әрі айқын түпнұсқа болып шықты. Мұхаммет Хайдар

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 12-том, 333-бет.

Дулати бұл кітаптан тыс «Жаһаннама» атты әдеби дастан жазған.

«Жамих ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») — ерте кездегі қазақ тілінде жазылған тарихи шығарма. Оның қамтыған мазмұны мол, дәуірі кең. Онда: ерте кезден бері қазақ даласын мекендеген қаңлы, жалайыр, қыпшақ, найман, керей, қоңырат, алшын, тағы басқа тайпалардың шежіресі жүйеленіп, ғылыми анықтама беріледі. 11-ғасырда Орта Азия мен Қазақстан территориясында өмір сүрген қарахандар әулетінің, оғыз-қыпшақ тайпалар одағының дәуірінен бастап 1600 жылға дейінгі ұзақ дәуірлердің тарихы едәуір баяндалған. Бұл тарихта ежелгі және орта ғасырдағы қазақтар тарихына қатысты мәліметтер мол. Әсіресе оның 13-ғасыр мен 16-ғасыр аралығындағы қазақ жерінде болған ірі-ірі тарихи оқиғаларды баяндаған бөлімінің ғылыми құндылығы тарихтан ерекше орын алады. Бұл бөлімде қазақ қоныстанған жерлердің жай-жағдайы, ондағы қалалар мен қала мәдениеті, Қазақ хандығы және қазақ хандарының өмірбаян шежіресі, хан төңірегіндегі сұлтандар мен қарашалар, батырлар мен абыздар және басқа әлеуметтік топтар, Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайлары, Қазақ хандығының заңды ережелері жайында ғылыми құнды деректері берілген. «Жамих ат-тауарих» кітабының жазушысы Қадырғали Қосынұлы Жалайыри (1530—1605) Сырдария бойын мекендеген жалайыр тайпасынан шыққан, сол себептен «Жалайыри» аталған. Ол өзінің ана тілімен қатар арап, парсы тілін, шығыстың классикалық әдебиетін, мәдениетін және ғылымын зерттеп үйренген. Ол Қазақ хандығының орда-сарайында ханның ақылшысы және ханзадалардың тәрбиешісі болып қызмет істеген. 1588-жылы қазақ ханзадасы Ораз Мұхаммет сұлтанмен бірге Ертіс бойында қаршыға салып жүргенде, оларды орыс әскерлері тұтқынға алып, Мәскеуге апарып тұтқын еткен. Ол бұл еңбегін осы тұтқында жүргенде (1600—1602) жазған. Қадырғали Жалайыри орта ғасырдағы қазақтың көрнекті ғалымы. «Жамих ат-тауарих» алғаш рет 1854-жылы Қазанда жарық көрген.

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы ақын-жыраулардың жарыққа шығарған өлең-жырлары болып саналады. Бұлар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса маңызды мұралары.

15—18-ғасырлардағы қазақ әдебиетінде он екі ақын-жырау аса көрнекті орын ұстады. Олардың өлең-жырларынан халықтың өмір-тіршілігі, көңіл-күйі, салт-санасы, өндірісі мен тұрмысы, мінез-құлық өлшемі мен дүниеге көзқарасы, сол дәуірдің рухы бейнеленді.

Бұл ақын-жырауларды қазақ халқы ақылгөй атадай ардақтап, олардың ақыл-нақыл тұжырымдарын ынталы ықыласпен тыңдап қадыр тұтады, бұл өлең-жырларда Отанды, халықты сүю, елдің береке-бірлігін сақтау, әділетті жақтау, жамандық-пасықтыққа қарсы тұру сияқты адамгершілік дәріптеліп отырды. Бұл ақын-жыраулар халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлады, хан-сұлтандардың мінін ашып, айтып сынады.

Ақын-жыраулар халық басына келген қайғыға да, жұрт кенелген мерейге де ортақ болды, ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды.

15—18-ғасырда өмір сүрген қазақтың әйгілі ақын-жыраулары: Асан қайғы (15-ғасыр), Қазтуған жырау (15-ғасыр), Доспамбет жырау (1490—1523), Шалкиіз жырау (1465—1560), Жиёмбет жырау (17-ғасыр), Марқасқа жырау (17-ғасыр), Ақтанберді жырау (1675—1768), Тәтіқар ақын (18-ғасыр), Үмбетбай жырау (1706—1778), Бұқар жырау (1693—1778), Көтеш ақын (1745—1818), Шал ақын (1748—1819). Бұлар өз өмірінде ұшан-теңіз өлең-жыр шығарды. Бірақ олардың бәрі біздің заманымызға жеткен жоқ, бұлардың «Балдан қалған сарқыттай» біздің заманымызға жеткен ұзынды-қысқалы өлең-жырлары үш жүзге тартады (бұлар өз алдына жинақ болып басылмақ).

19-ғасырда қазақ әдебиеті жаңа белеске көтерілді. Бұл дәуірдегі Махамбет Өтемісұлы (1804—1846) және Шернияз Жарылғапұлы (1817—1881) кіші жүз қазақтарының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің жаршысы және ту көтерушісі болды, жалынды жырларымен халықты күреске үндеді. Сүйінбай Аронұлы (1827—1896), Дулат Бабатайұлы (1802—1874), Шортанбай Қанайұлы (1818—1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843—1906) қазақ халқының өмірін ақиқатпен жырлаған ақындар болды.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨРКЕМӨНЕРІ

ШЕБЕРЛІК ӨНЕРІ МЕН ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ

Қазақ халқының шеберлік өнері еңбек барысында туды және тұрмыста тұтынатын заттар өмірімен, архитектурамен тығыз байланысты болды. Қазақтың өз тұрмысына керек заттардың бәрін қолөнері арқылы істеді. Тарихи жазба деректерге қарағанда 16—18-ғасырларда қазақ арасында үйшілік, ұсталық, зергерлік, қырнаушылық, өрімшілік, көншілік (тері илеу), тігіншілік, етікшілік, тағы басқа қолөнер кәсіптері болған.

Ағаш шеберлері ағаш тамырынан ойып, айғыш-ұйқыш өрнектер салып әдемі тостағандар, бүйрек формалы қымыз ожаулар, күміспен құймалап, асыл тастармен мәнерленген әсем тегенелер және піспек бастар, шыны-аяқ салатын ағаш құтылар, домбыра, қобыз, сияқты музыка аспаптарын жасаған. Арқар, бұғы, таутеке мүйіздері мен түрлі сүйектерден қобдишаларға, шақшаларға, мылтық құндақтарына, домбыраларға және қазақы ерлерге алуан түрлі әшекей, ою-өрнек салған.

Қазақтың ағаш шеберлері қысқы және жазғы үй жасады. Киіз үйдің ағашын және төсағаш (кереует), абдыра, кебеже, асадал, жозы, бесік, жүкаяқ, есік ағаш, тағы басқа бұйымдар жасады. Орманды өңірлерді мекен еткен қазақтар арасында қос дөңгелекті арбалар мен күймелерді және әр түрлі шаналарды жасайтын шеберлер болды. Бұл жөнінде ерте кездегі қазақ тұрмысын жазған Розбехан Исфәһани былай дейді: «Бұл елдің көптеген ағаштары өте қатты келеді. Олардан төрт дөңгелекті, үстіне үй қондырылған өзі тамаша арбалар жасалады».

Қазақ арасында аса шебер зергерлер болды. Олар алтын-күміспен, алуан түрлі асыл тастармен безеп ер, жүген, пыстан, үзеңгі, таралғы, өмілдірік, құйысқан сияқты ер-тұрмандарын, сақина, білезік, сырға, алқа, шолпы, кемер-белбеу, төбелдірік, бергек, түйреуіш, сәнді сәукеле жағалары сияқты әйелдердің әсем әшекейлі бұйымдарын жасады. Қазақ зергерлері өрнектеудің алуан түрлі әдістерін — нақыштау, бұдырлау, торлау, оюлау, өрнек шәуі, құймалау, нәзік күміс сымнан өрімдер жасау сияқты әдістерді өзара ұштастырды. Бұл ою-өрнек әшекейлерінің сюжеттері әдетте геометриялық пішіндер, гүл-бәйшешектер, өсімдік бейнелері, хайуанаттардың кескіндері болды. Бұл өрнектер «иірім», «шиыршық», «иық», «үшкіл», «қошқар мүйіз»,

«түйе табан», «қос ирек», «қаз табан», «құс мұрын», «садақ-менде», «ит жауырын», «бақа төс», «сыңар өкше», «бәшке», «айшық гүл», «жұлдыз гүл», «күн шығар», тағы басқа аттарымен аталды. Жүрек пішінді белбеу тоғаларының (ілгектердің), нәзік күміс сыммен көмкерілген қошқар мүйіз қапсырмалардың, үлкен домалақ түймелердің (торсылдақ түйме) және басқалардың жасалуы өте шебер болды.

Өрнек салудың тағы бір түрі киіз басуда қолданылды. Әлі басылып болмаған дымқыл шикі киізге басқан бір түсті (көбінесе ақ киізге қызыл түсті жүннен) алуан түрлі оюлар түсірілді. Бұл киіз «текемет» деп аталды. Түрлі-түсті киіздерді өзара оюластыру яки шүберектен ою бастырып сыру, кестелеу жолымен түс киіздер, сырмақтар, аяққаптар, кереге қаптар, уық қаптар, тепкішектер, от киіздер, жабу, тағы басқа сәнді бұйымдар істелді.

Шеберлік өнерінің аса әсем және құнарлы түрінің бірі кесте тігу болды. Бұл кестелерді қазақтың қыздары мен келіншектері тікті. Кестенің келісті үлгілерін, оюдың алуан түрлерін шығарушылар — оюшылар және сызушылар деп аталды. Кестенің түрі көп еді: біз кесте, баспа кесте, шекпе кесте, ашамай кесте, ойма кесте, бастырма кесте, ілме кесте, тағы басқалар. Бұл кестелер қатипа, барқыт сияқты бұлдарға ғана емес, былғарыға да, киізге де шегілді, бұлар көбінесе ілмешек кесте болды.

Әсем кеселер, түс киіз, сандық қап, әйел көйлектерінің жаға-жеңі, әйел бешпенттерінің жаға-жеңі, омырауы, кимешек жағы, киіз үйдің тегеріш, дөдегесі, орамал алақаны, киім жапқыш, шымылдық, жастыққап, көрпе жағасы, кәмшат бөрік, тақия, сәукелелер тігілді. Кестеге түрлі-түсті жібек жіп, зер жіп қолданылды. Кестені канатіл және маржақшамен шегу, тізілген меруерт моншақ, маржаннан шегу, алтын айшық, күміс қозалармен әшекейлеу қыздардың тақиялары мен сәукелелерінде кең қолданылды.

Қазақ әйелдері алуан бояумен боялған жүннен түрлі өрнек түсіріп, шым ши орап тоқыды. Мұның техникасы ерекше шеберлікті қажет етеді. Алаша, кілем, аяқ жол, басқұр, терме бау сияқты заттарды өрмекпен тоқуда қазақтың сан-салалы өрмектері түсірілді.

Теріден жасалған көнек, қазмойын (домалақ кеуделі ұзын мойын ыдыс), кеукерін (құман тәрізді жан торсық), былғары тоқым — тебінділерге батырмалы өрнек түсірілді, мұндай өрнектер былғарыны қаяу жолымен де жасалды.

Ерте кезде қазақтың ою-сызу кестелерінде адам мен

хайуанаттардың нобайлық кескіні, аңшылықтың, түйелі керуеннің бейнелері болған. Бірақ ислам шариғатының адам бейнесі мен жанды заттың суретін салуға тиым салу салдарынан кейін келе бұл формалар азайып кеткен.

Қазақ ою-өрнектерінің тақырыптары сан алуан. Өрнектердің негізгі элементтері ғарыштың аспан денелері бейнесі), зооморфтық (хайуанат кескіні) тақырыптардан, өсімдік бейнесі және геометриялық пішіндерден туған. Бұл ою-өрнектердің барлық бөлшектерінің өзара ершімі және қиюласу заңдылықтары бар.

Қазақтың ою-сызу өрнектеріндегі фон суреттердің түсі композициялы болып келеді. Дағдыда ақ түс қара фонға немесе керісінше болып орналасады. Қазақтарда қайбір түстердің символдық мәні бар: көк түс — аспанның символы; қызыл түс — оттың, күн көзінің символы, ақ түс — ақиқаттың, қуаныштың, бақыттың символы, сары түс — ақыл-парасаттың, мұңның символы, қара түс — жердің символы, жасыл түс — жастықтың, көктемнің символы. Затты осы түстермен бояп өрнектегенде оған белгілі мән беріледі.

Қазақ ою-өрнектерінің сан ғасырлы тарихы бар. Археологиялық зерттеулер қазақтың ою-сызу өнерінің ерте заманғы мал бағушы тайпалардың мәдениетімен сабақтас екендігін, Алтай және Орта Азия халықтарының мәдениетімен өзара байланысып жатқандығын көрсетеді. Біздің жыл санауымызға дейінгі үйсін молаларынан шыққан ою-сызу өрнектер 19-ғасырдағы қазақтың ою-өрнектеріне ұқсас. Бұл қазақтың ою-өрнек өнерінің ежелгі үйсін мәдениетінің жалғасы және дамыған түрі екендігін әйгілейді.

Тұрпанның безекілік сағасындағы будда дінінің үңгір (мың үй) ғибадатханасының қабырғасына және төбесіне сызылған өрнектерде қазіргі қазақ сырмақтарына салынатын мүйіз оюлардың үлгісі кездеседі. Бұл ою-өрнектердің тым ертеден келе жатқандығынан дерек береді.

Қазақ халқының негізгі музыка аспаптары: домбыра, қобыз және сыбызғы.

Домбыраның шанағы үш бұрышты немесе сопақ болып келеді. Оның мойнынан шанағының түбіне тартылған шегі, бұл шекті көтеріп тұратын кішкене ағаш тиегі болады. Мойнына перне байланады. Пернелердің саны әр түрлі: сегіз, он, он бір, он үш болады. Домбыраның шегі қой мен ешкінің шегінен ширатылып жасалады. Домбыра қазақ арасына кең жайылған, шертіліп ойнатылатын аспап.

Қобыз — қазақ қауымына көп тараған ысқышты аспап, қобыздың мойны имек, шанағы ожау тәрізді және қуыс, бет жағы ашық, ал түбі көнмен (терімен) қапталады. Қобыздың екі ішегі және садақ (жақ) тәрізді ысқыш жылқының қылынан жасалады.

Сыбызғы — үрлеп тартатын аспап, оны қуыс қамыстан немесе жұмсақ ағаштың ішін үңгіп жасайды. Сыбызғыда саусақпен басып ойнайтын төрт тесік болады. Оның үні майда қоңыр, мұңлы келеді. Сыбызғы да қазақ арасына тым ерте кезден таралған аспаптардың бірі. Ол үнемі алып жүруге қолайлы. Сыбызғыны ең далада мал соңында жүрген қазақ малшылары көп тартқан.

11-ғасырда жасаған әйгілі ғалым Махмұд Қашқаридың атақты сөздігі «Диуан Лұғат ат-түрікте» қобыз бен сыбызғының аты кездеседі. Міне, бұл қобыз бен сыбызғының тарихының ұзақ екенін әйгілейді.

ӘН-КҮЙ

Қазақ халқы ән мен күйге аса бай халықтардың бірі. 19-ғасырдағы қазақтың музыка мәдениетін зерттеушілер қазақта мың ән, бес жүз күй барлығын жазған болатын. Қазақтың музыка мәдениеті дәуірден дәуірге дамып келді, қазақ халқы ән мен күйге аса құмар халық.

*«Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Жүрекке түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй»,—*

деген Абайдың өлеңі, қазақ халқының жақсы ән мен тәтті күйді жан азығы етіп ардақтаған көңіл-күйін бейнелейді.

Қазақтың ақын, жырау, өлеңші және әншілері өлең-

дер мен жырларды, ұзақ дастандарды домбыраға қосып әнмен айтады. Эпостық немесе тарихи жырлардың қысқа қайрылатын баяу әндері болады, лирикалық әндер көтеріңкі айтылады, неше түрлі сарынға соғып, құйқылжиды.

Халық музыкашылардың эпостық, тарихи ертегі және тұрмыс тақырыптарына арнап музыка аспаптарымен орындауға шығарған шығармалары «күй» деп аталады. Күй әнге қосылмай, тек музыка аспабымен ғана ойналады.

Әрбір күйдің өзіне тән аңыз-әңгімелері бар. Күйшілер шаршы топқа күйді орындар алдында мазмұнын қысқаша баяндай келіп: «Ал енді, осыны домбырадан тыңдаңыздар» деп күйді жорғалата жөнеледі. Қазақ күйлері сан-салалы, онда өзен толқыны, бұлбұл әні, дауыл, аттың жүрісі, сан алуан табиғат құбылыстары мен көңіл күйлер қамтылады.

Қазақтың ертеден келе жатқан тарихи күйі — «Бозторғайда», өзінің балапанын жыланнан қорғаған бозторғайдың үрейі ұшып жан таласады, жан ұшырған балапандарының шиқылы, жыланның ысылы, ана торғайдың қанаттарының діріл қағуы, ақырында балапандарын қорғап қалу үшін өз жанын қиып, жыланның аузына түскен кездегі оның ақтық рет шиқ еткені домбыраның үнімен беріледі.

Қазақтың эпостық күйі «Ақсақ құлан» сонау 13-ғасырдағы Шыңғысхан дәуірінде шыққан күй. Тарихи аңызда айтылуына қарағанда: Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы хан аң аулап, жаралы ақсақ құланды қуып жүріп қаза табады. Мұны іштей сезген Шыңғысхан: осы суық хабарды кім естіртсе «көмейіне қорғасын құямын» деп жарлық айтады. Ханның қаталдығынан қорыққан қарашалардың бірде-бірі бұл қайғылы хабарды айтуға бата алмайды. Шыңғысхан онан әрмен ашуланып, халыққа қаһарын шашады. Жұрттың ауыр азабын жеңілдетуге ұмтылған найман тайпасының күйшісі Кербұға бұл хабарды Шыңғысханға «Ақсақ құлан» атты шығарған күйімен естіртеді. Шыңғысхан домбыраның көмейіне қорғасын құяды. Бұл күй ханның қаталдығын, халықтың ауыр азабын, аңшылық өмірді, сан алуан күйінішті көңіл-күйлерін бейнелейді. Міне, осы сияқты әр күйдің астарында аңыз-дастандар жатады.

Қазақ билері халықтың өмірін, салт-санасын, көңіл-күйін бейнелейді. Қазақтағы «Қара жорға», «Ортеке», «Аю биі», «Дауылпаз», тағы басқа билер қазақ өмірінің бейнесі, онда малшылық, аңшылық тұрмыстары көрінеді.

Қазақ билері мереке-мейрам, тойларда биленеді. Мал күзетінде далаға от жағып қойып, қыз-келіншек, жас-жігіттер билеген. Ертедегі қазақ билерінің кейбіреу-уін ат үстінде билеген. Бишілер жерде билеп келіп секіріп атқа мініп, аттың о жақ-бұ жағына түсіп, ат үстінде тік тұрып билеген. Мұндай билерді орындау өте шеберлікті талап еткен, олар өзі билеумен бірге атты да биге көндірген. Мұндай билердің көркемөнерлік сипатымен қабат, спорттық шынығу сипаты да басым болған.

«Қара жорға» биі жорға аттың жүрісін елестетсе, «Дауылпаз биі» сұңқар, қаршыға, лашын сияқты құстарды айдындағы ақ қазға салуды, саятшылық өмірді бейнелейді.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЕЖІРЕШЛІК ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ШЕЖІРЕЛІК ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы — қазақ шежірелері екені анық. Қазақта ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген шежіре бар. Бұл шежірелердің жарыққа шығуы қазақ халқының қалыптасқан шежірелік дәстүрімен байланысты болды. Қазақтың байырғы салт-дәстүрі бойынша әрбір қазақ азаматы өзінен бастап жеті атасына дейін білуге тиісті еді. Мұны балаларына үйрету әрбір атаның отбасының тәрбиесінің негізі болды. Тек ата-анасынан жастай айрылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден құр қалды. Соның үшін қазақ қауымы «жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары» дейді.

Қазақтар ішінде әрбір отбасының өз шежіресі болуымен бірге, әр ру, тайпа және жүздің өз шежірелері болды. Ру, тайпа және жүздің шежіресін таратып айта алатын адамдар халық ішінде құрметтеліп, «шежірешілер» деп аталды.

Қазақ ру-тайпаларының шежірелері ерте заманда ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырды. «Қазақ халқы 200-ден аса рудан құралса, әр рудың өз шежіресі болған»¹. «Зерттеушілердің айтуынша, жалпы алғанда қазақ

¹ «Қазақ совет энциклопедиясы», 12-том, 232-бет.

шежірелері 7-ғасырдан бастап 20-ғасырға дейінгі мезгілді қамтиды². Бұл шежірелерде белгілі жүз, тайпа, бұдан тараған аталар таратылып айтылуымен қабат, осы аталардың заманындағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, ірі-ірі тарихи оқиғалар, елдің бір жерден екінші жерге қоныс аударуы, бір ел мен екінші елдің арасындағы қарым-қатынастар, сол замандағы тарихи адамдар; хандар, батырлар, билер, шешендер, ақын-жыраулар және олардың ел есінде қаларлық істері мен сөздері жайында құнды да құнарлы деректер сақталып отырды.

Қазақ ру-тайпаларының шежірелік деректері орта ғасырларда қағаз бетіне жазылып, ру басы билердің, сұлтан-дардың, хандардың ордаларында сақталатын болды. Өйткені ру-тайпалар бойынша басқарылып келген Қазақ хандығы сияқты елде бұл шежірелерді білудің және жинаудың маңызды мәні болды. Көшпелі тайпаларды билеу, олардан алым-салық жинау, олардың арасынан әскери жасақ ұйымдастыру, ру-тайпалардың өріс-қонысын белгілеу, олардың арасында туылған дау-жанжалдарды шешу үшін хан, сұлтандар мен билердің шежіреге қанық болуы қажет еді.

Орта ғасырда Орта Азия өңірінен шыққан жазушы, тарихшы, тағы басқа қайраткерлер де осы шежіре деректерін жинады және өз еңбектерінде пайдаланды. Бұл шежіре деректерінің ерте кезде жазбаға түскендері: Іле алқабындағы Алмалық қаласынан шыққан тарихшы Жамал Қаршидың (1230—1315) қаңлы, дулат, оғыз-қыпшақ және қарақан шежіресі, Мұхаммет Хайдар Дулатидің Жетісудағы тайпалар жайындағы шежіресі, Қыдырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», тағы басқалар.

Қазақ хандығы тұсында көп қолданылған шежірелердің бір тобы: «Нисабнама Шыңғыс» («Шыңғыс шежіресі»), «Нисабнама қазақ» («Қазақ шежіресі»), «Махмұт Собық тегін шежіресі», Бейбарыс пен Ибн Халдон жинаған «Қыпшақ шежіресі» және «Жаһаннама» («Оғыз-қарақан шежіресі») тағы басқалар. Ескі шежіре жазбалардың ішіндегі деректері толық шежіренің бірі—«Нисабнама қазақ», мұнда баяндалған тарихи деректер 13-ғасырдан 18-ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі мезгілді қамтиды.

Шоқан Уәлихановтың айтуынша, ескі шежірелер: Есім ханның, Тәуке ханның, Сәмекенің, Әбілмәмбеттің ұрпақтарында сақталып келген. Ондай шежірелер Абылайда, оның балалары Уәлиде, Сұйық төреде, Әбілқайырда,

² М. Ақынжанов «Қазақтың тегі туралы», Алматы. 1957.

оның балалары Нұралы, Айшуақта, ұрпақтары Жәңгір ханда, Дәулеткерейде болған. Абылайдың шежіресі оның ұрпақтары арқылы кейін капитан Андреевке, Н. И. Гродековтың қолына өткен. Әбілқайырдың шежіресі толығымен М. Тевкелевтің, П. Н. Рышковтың қолына өткен. Қазақ шежіресінің көптеген қолжазбалары осы күнге дейін орыс архивтерінде сақтаулы екен.

18—19-ғасырларда бірсыпыра шежірелік жинақтар жазбаға түсірілген. Олар: «Көшен Қарауыл шежіресі», (18-ғасыр), «Жәңгір хан шежіресі» (1835), Ш. Уәлихановтың жазып алған «Ұлы жүз шежіресі», Абдулла Ниязұлы жинаған «Үш жүздің шежіресі», Ахмет Жантөриннің шежіресі, Г. Н. Потанин жазып алған Мұса Шорман ұлының шежіресі, Қорғанбек Бірімжан ұлының бастауымен 1894-жылы жинақталған «Орта жүз және кіші жүз шежіресі», Қазақ шежірешілері Торғай қаласында бас қосып құрастырған «Ғажайып шежіре», «Шыңғыснама», «Нисабнама Шыңғыс» («Шыңғыс шежіресі»), Торғай би жинаған «Үш жүздің шежіресі», Диқанбайдың «Ұлы жүз шежіресі» (орыс ғалымы Н. А. Аристов жазбасында сақталған), тағы басқалар.

18-ғасырда елімізді билеген Ежен ханның қызметкерлері қазақ арасынан қазақтың көптеген шежірелік деректерін жинап, мәнжу тілінде жазбаға түсірген екен. Бұл жазбалар қазір Бейіндегі хан сарайы музейінде сақтаулы.

Қазақтың шежіре жинақтарының бірсыпырасы 20-ғасырдың басында жинақталып басылған. Бұлар: Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақ шежіресі» (Орынбор, 1911); Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», «Бұл қазақ қай кезде үш жүз аталған», Нұржан Наушабайұлының «Қазақ пен түрікпен шежіресі», Мұхамеджан Тынышпайұлының «Қазақ шежіресі», т. б.

Қазақ шежірелерінің қолжазбалары еліміздегі қазақ арасында да көп сақталған. Кейінгі кезде осындай шежіре қолжазбаларынан 20 нұсқа жиналды. Оның ішінен 12 шежіре таңдалып алынып, «Қазақ шежірелерінің жинағы» деген атпен баспаға ұсынылды. Қазақ мәдениетінің маңызды бір саласы болған шежірелік шығармалар әлі күнге толық жиналып, зерттеліп, бір ізге түспей келеді.

ДӘРІГЕРЛІК — САУЛЫҚ САҚТАУ

Қазақ халқы ұзақ тарихи даму барысында дәрігерлік және саулық сақтау жөнінде мол тәжірибе, білімдер жинады. Олар мал шаруашылығымен айналысып, қиыр қонып, шет жайлап, қалалармен қатынас тораптарынан шалғай жерлерде ауаша өмір өткізгендіктен, алуан түрлі ауруларды өздерінің өмірден жинаған білім тәжірибелеріне сүйеніп емдеді және аурудан сақтанудың тәжірибелерін қорытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырды.

Қазақ қауымы денсаулық сақтаудың маңызын терең түсінді. Мұны қазақтардың «Әуелгі байлық — денсаулық», «Малым — жаным садақасы», «Өлмеген адам алтын аяқтан ас ішеді», «Он екі мүшең сау болса, қара басың ханмен тең», «Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқ», деген мақал-мәтелдерінен көруге болады.

Деннің сау болуы үшін тазалық керек. Соның үшін қазақ: «Денсаулық — зор байлық», «Денсаулық шарты тазалық» дейді. Қазақ халқы киген киім, жатын орын, ішкен ас, ыдыс-аяқтың тазалығына ерекше көңіл бөледі. Олар астың алды-артында және дәреттен соң қол жууды әдет еткен. Ислам дінінің дәстүрі бойынша апта сайын суға түсіп, күніне бес рет дәрет алып отыру дін үшін ғана емес, тазалық және саулық сақтау үшін тиімді болды.

Қазақ халқы аурудан алдын ала сақтануды дәріптейді, аурудан сақтану үшін ішетін астың тазалығына, жағымды-жағымсыздығына көңіл бөлу керек. «Ауру — астан», ауруға шалдықсаң оған жақпайтын әрекеттен тиылуың керек, «Ішің ауырса тамағыңды ти, көзің ауырса қолыңды ти», «Елемеген дау жаман, ескермеген ауру жаман», «Асқындырып алсаң тұмау түбі құрт болады, тұман түбі жұт болады», «Ауруыңды жасырсаң, өлім әшкере қылады», «Екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені» дейді.

Қазақ ауруға дәрі-дәрмек беріп, ем-дом істеумен бірге күтінуге мән беруді қуаттайды. Көбінесе шарыттап дем алдыру әдісін қолданады, ауырған адам өзіне-өзі дәрігер болу керек, аурудың асқынуынан, қайталануынан сақтануы тиіс. «Асқынған ауру насырға шабады», «Қайталанған ауру жаман, қайта шапқан жау жаман» дейді.

Ғасырлар бойы жиналған халықтың дәрігерлік тәжірибесі негізінде қазақ емшілігі қалыптасты. Қазақ арасында білім тәжірибесі мол дәрігерлер, емшілер, оташылар болды. Олар өздерінен бұрынғылардың бұл саладағы білім тәжірибесіне мұрагерлік етіп, оған өзінің білім тәжіри-

белерін қосып, дамытып отырды. Емшілік, дәрігерлік, оташылық атадан балаға мұра болып қалды.

Қазақ дәрігерлері дәріні сан алуан өсімдіктерден, малдың, аң-құстың денесінен (мысалы аюдың өті, бұғының мүйізі, ұлардың миы, жұпардың кіндігі) және мүсәтір, ашудас, күкірт, тұз, тотияын, апиын, алмас, кепіреш, сынап, тағы басқа заттардан жасады. Малдың сүті, алуан түрлі жеміс-жидектер дәріге көп пайдаланылды.

Қазақ емшілері ауру-науқасты тамыр ұстап, көзіне, тіліне қарау, аурудың хал-жайын тәптіштеп тексеру арқылы айырып отырды. Қазақ қауымы ауруын айтқызбай тапқан дәрігерлерге мейлінше сеніп емдететін және ықылас байлайтын болды.

Қазақ емшілері ыстық-суық, жел-құз (ревматизм) және суық тиіп, тер қатудан болған ауруларды терлету жолымен емдеді. Оларды әр алуан булауға түсірді. Теріге салды. Олар қан бұзылудан, сары судан асқынған ауру деп есептейтін аурулардан қан алып лоңқа салды.

Құлғана, мерез сияқты ауруларды құрт ауру деп атады, бұларды көбінесе сынаппен ыстады, кепірешпен улатып емдеді. Құлғана, мерез, сүйекқұрт сияқты ауруларды тұқым қуатын текті ауру деп есептеді.

Ішкен тамақтан бұзылған ауруларға, асқазан запыранына құстыратын, іш айдататын дәрілерді берді. Ауруларды тамақтан тыйып, белгілі шарт мерзім бойынша тынықтыратын, кісіге кезіктірмей ауаша сақтайтын болды. Қоздырғыш құрты бар өкпе, оспа жара мен қотырларды алмас, кепіреш, апиын, тотияын, сынап, күкірт сияқты улы дәрілермен емдеді.

Сарыбуын, құяң және тері ауруларын (қотырларды) арасанға апарып, шипалы сулар арқылы емдеді. Қазақ емшілігі аурудың жұғуынан сақтануды насихаттады. Олар: «сынықтан басқа аурудың бәрі жұғады» дейді.

Мертіктерді салып, сынған сүйектерді таңып емдейтін дәрігерлер оташы деп аталды. Қазақтар үнемі ат үстінде, қиын таулы жерлерде жүргендіктен және асаулармен алыскандықтан олардың арасында үнемі мертігу, қол-аяғы сыну істері болып отыратын. Қазақ оташыларының анатомиялық білімі мол болады, олар сынық таңуға шебер келеді. Олар неше жыл бұрын сынып, қисық біткен сүйектерді де тайдың қазысына орап жібітіп, қайта сындырып таңып, мүлтіксіз жазып отырды.

МАЛДӘРІГЕРЛІК

Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ төрт түлік малдың сыр-сипаты мен жай күйіне қанық еді. Қазақ малшылары қоралы қойды түсінен айырады, бір көрген атын неше жылдан кейін жазбай таниды.

Олар үнемі мал сойып отырғандықтан малдың барлық денесінің анатомиялық құрылысы жөнінде мол білімге ие болды. Малдың барлық ұлылы-кішілі сүйектері мен өкпе-бауыр, ішек-қарын, ет, сіңір, тамыр, жүйке, тарамыс, бездеріне дейін бәрінің атын, тұрған орнын анық білді. Олар түрлі малдарда болатын ауруларға да әбден қанық еді.

Қазақ мал дәрігерлерінің білімі — халқының ғасырлар бойы жинаған тәжірибе негізінде қалыптасты, дәрігерлік көбінесе атадан балаға мұра болып қалып отырды.

Қазақ мал дәрігерлері ауырған малды түрлі дәрі-дәрмек арқылы емдеді. Асқынған аурулар мен жараларды емдеуде пышақпен сылып тастау әдісі жиі қолданылды. Жылқыдағы алақарақ, шеміршек, ботадағы қос кіндік, қойдағы түйнек ауруларын операциялау арқылы емдеді. Жылқының маңқасын тамақ безін сылып тастап, кеңсірігін кесіп, алмас салу арқылы жазды.

Қазақ мал дәрігерлері мертiкті, сынған сүйектерді таңуға өте шебер келеді. Олар еркек малдарды пішу жұмыстарын да істеп отырады.

ДІНИ НАНЫМДАР МЕН САЛТ-САНАЛАР

Қазақтар ислам дініне сенеді. Бірақ көшпелі қазақтар арасында ислам діні жансарлау болды. Отырықшы қалалар мен егіншілік аудандардағыдай терең тамыр тартып кете алмады. Көшпелі аудандарда қалалардағыдай мешіт, медреселер болмады, бірен-саран бола қалған күнде тек қыстау маңында ғана болды. Қазақтар ислам дініне енгеннен кейін де өздерінің исламнан бұрынғы көптеген салт-саналарын сақтап келді. Бұл салт-сана әдет-ғұрып ырымдар ретінде ислам дінімен сіңісіп, айыра танығысыз болып кетті.

Қазақтар Орта Азия өңіріне таралған талай дінді басынан кешірді. Ерте кездегі қазақ тайпалары ата-бабаларының аруағына, көк пен жерге, аспан әлеміндегі жарық денелерге — күнге, айға және жұлдыздарға табынды. Тарихи даму барысында олардың діни нанымдары да алма-

кезек ауысып отырды, шаманизм, одан соң будда дініне, христиан дінінің бір мазһабы болған несториан дініне сенді, ең соңында ислам дініне кірді. Алғашында ислам дініне кірушілердің басым көпшілігі жоғарғы жік адамдары еді, бұқара арасында шамандық наным күшті болды.

Тарихи деректердің айтуына қарағанда, 15—16-ғасырлардағы қазақ шаруалары арасында киізден, жібек пұлдан істелген буддалар болған. Қазақтар ислам дінін қабылдаумен қатар осы қолдан жасап алған буддаларына жасырын табынып жүрген. Оларды «буд тәңірі» деп атаған. Ислам дінінің «алласы» мен арғы заманнан келе жатқан «тәңір» жанаса жүріп отырған.

Қазақтар ерте кезде қайтыс болған ата-бабаларының аруақтарына сиынған, ол аруақтар өзінің ұрпақтарын, руластарын қолдайды деп сенген. Сондықтан соғыс шайқасына кіргенде, ат бәйгеден келе жатқанда, палуан күресінің жұлқыстарында қазақ ру-тайпалары ата-бабаларының яки сол рудан шыққан батырлардың атын ұран етіп шақырып, олардың аруағынан медет күткен. Малға ауру-індет келгенде ата-бабаларының моласына апарып түнетіп, отпен аластайтын әдеттер сақталған.

Қазақ мифологиясында ертеден келе жатқан нанымдардың белгілері сақталған. Олар: табиғат күштерінің, жаратылыс құбылыстарының жаны бар, олардың бәрі басқаратын иесі бар деп білген. Оларды «киелер» мен «кесірлер» деп екі топқа бөледі. «Киелер» адамдар мен жанжануарларға жақсылық істейді, «кесірлер» ауру-індет, жұт-апат, пәле-қаза таратып, қаскөйлік істейді, киелер мен кесірлер үнемі күресіп отырады деп білді. Қазақтардың ескілікті нанымында төрт түлік малдың иелері — киелері бар делінеді. Мысалы: қой киесі — Шопаната, жылқы киесі — Қамбарата, түйенің киесі — Ойсылқара, сиырдың киесі — Зеңгібаба, ешкінің киесі — Шекшеката, егіншіліктің киесі — Діқанбаба, т. б. Бұлардың бәрі қолдаушы киелер. Ал төрт түлік малға апат әкеліп, оларды қырғынға ұшырататын топалаң, қарасан, шелек, мәлік, кемелік, т. б. ауру-індеттер мен жұт апаттары — қаскөйлік істейтін кесірлер. Бұл кие мен кесірлер үнемі күресіп отырады деп таныған. Бұл киелерді шамдандыруға болмайды, шамдандырған адам оның кәріне жолығады. Малды мәпелеп күтпесе, орынсыз жәбірлеп қинаса «мал төркініне жаман болады» деседі.

Қазақтардың ескілікті нанымында жазғытұрым жаңа шыққан көк шөп пен ағаш бұталардың жалтырақ бүрлері өмірдің үздіксіз жалғасы және өркені. Көк шөпті беталды

жұлуға, көкөрім шыбықты сындыруға, орманды бет алды бүлдіруге болмайды, оның киесі атады, жапан түзде жалғыз өскен ағаш киелі болады, оған тиісуге болмайды дейді, жер бетіндегі өсімдіктерді аялауды, жер-суды қадірлеуді дәріптейді. Қазақ ғұрпында жер өртеу мен суға зәр сындыру аса ауыр қылмыс есептеледі. Көк шөпті жұлып, көкке қарап қарғау жан түршігерлік қатты қарғыс есептеледі.

Қазақ ғұрпында көкке (көк тәңірге), жерге (жер анаға), суға (су анаға), отқа (от анаға), күн көзіне, айға және басқа аспан денелеріне сиыну салты сақталды. Жұқпалы ауру-індет таралған және жазда жаңбыр жаумай қуаңшылық болған кездерде, жұрт өзен бойына яки бір төбеге жиналып мал сойып (қара лақ құрбан етіп), «тасаттық» береді «тасаттыққа» сойылған малдың етін далада асып жеп: «пәле-жаладан қалас ет». «Көктен жаудыр, жерден өндір» деп көкке сыйынады. Жаңа туған Айды көргенде: «Ай көрдім, аман көрдім, бұрынғыдай заман көрдім, ескі айда есіркей көр, жаңа айда жарылқай көр!» деп айға сыйынады. Ауырған адамдарды сумен соғып ұшықтау, жерұшық жасау — жер мен суға сиынудың сарқыншақтары.

Бұрынғы қазақ қауымы отты жарық нұрдың, күн көзінің нышаны, барлық пәле-жаладан аластайтын киелі зат деп қастерлеген. Сондай-ақ, от — отбасының бейнесі есептелген, «менің үйім» деудің орнына «от жаққан жерім» бір үй деудің орнына «бір түтін» деген тұрақты тіркес қолданылған. «Оты өшті», «түтін түтетері қалмады» деген сөздер бір отбасының құруын, ұрпағының үзілуін бейнелейді. Олар отты — үйдің, қазандағы ырыстың қамқоршысы санаған, оттың орнын басуға, әсіресе отты сабауға тиым салған. Жаңа түскен келінді үлкен үйге алғаш енгізгенде отқа май құйдырып сәлем еткізеді. Маймен лапылдап жанған отқа қарап: «от ана, май ана, жарылқа!» деп сыйынады.

Ертедегі қазақтар арасында ежелгі заманнан келе жатқан отпен аластау салты сақталды. Малға ауру-індет келгенде, қыстаудан көшкен кезде малды отпен аластады, қазақтардың ертедегі түсінігінше: қыс бойы отырған қыстау лас болады, онда адамға, малға зиянды кесірлер болады. Ал жайлау қыстауға қарағанда таза қоныс, оған тазаланып шығу керек. Бұл тазаруды «аластау» деп атаған. Жайлауға шыға беріс көш жолына екі жерден үлкен от жағып, жетектелген түйелі көшті, айдалған қоралы қой және сиырларды осы екі оттың ортасынан өткізіп аластаған. Әдетте от басында «алас-алас, бар пәлемен талас» деп зікір айтып, екі кемпір тұратын болған. Қазақ ұғымында жылқы «таза

жануар», «киелі мал» саналады, сондықтан алас отының арасынан жылқы өткізілмейді.

Қазақтар қыс мезгілін қылышын сүйреп, қабағынан қар жаудырған, демалысы аяз бен үскірік, ақ киімді, ақ сақалды қияңқы шал деп бейнеленген. Ол қырына алса, жеті ағайынды жұтын қаптатып, алдындағы малыңды ақ сүйек қылып қырып салады, сондықтан жаудан қорғанғандай қыс қысымынан қорғанып, жаздыгүні қыстың қамын істеу керек деп қарайды. Ырыс-береке мен молшылықтың жаршысы көктемде алғашқы рет күркіреген күн деп қарады. Көктемде алғаш рет күн күркірегенде аналар үй айналып, шөміш қағып, «сүт көп, көмір аз» деп тілек тілейтін болды. Көктемде тұңғыш рет жауған жаңбырға қазақтар тымағын алып, басын төсеп: «көктен тамдыр, жерден өндір» деп күбірлейді. «Жаңбыр жауса, шөптің ырысы» деп жаздың жаңбырлы, шөптің шүйгін, ақтың мол болуын аңсайды.

Қазақтардың әдет-ғұрып, салт-санасындағы сақталған осындай құбылыстардың бәрі ислам дінін қабылдаудан бұрынғы нанымдардың қалдығы екені айқын. Бірақ осы қалдықтардың сақталуына қарап, қазақты «қос дінді халық» деуге болмайды. Қазақтағы үстем дін — ислам діні, исламнан бұрынғы діни нанымдардан қалған сарқыншақтар ислам дінімен тоғысып, оған үйлесіп, діндік дәрежеден ығысып, тұрмыс салтындағы ырымдарға айналған.

БАҚСЫ-БАЛГЕРЛІК

Қазақ арасындағы бақсы-балгерлер қазақ қауымы ислам дініне кіруден бұрын тұтынған шамандық дінінің өкілдері еді. Қазақтар ислам дінін қабылдағаннан кейін де осы бақсы-балгерлер қазақ арасында едәуір көп болды. Олар домбыра мен қобызға қосып сарын айтып, «жын» шақырып ойнады, бал ашып «ғайыпты болжады», «алақан қарап» адамдардың тағдырына сәуегейлік істеді. Ауыру-науқастардың тамырын ұстап, оларды ұшықтады, дәрі-дәрмекпен емдеп, тәуіптік істеді. Бұл іспен шұғылданушы еркектер «бақсы-балгер», әйелдер «күшынаш» деп аталды. Тағы осы сияқты басына аққу терісін киіп, мойнына әлем-жәлем байлаған асқан дуаналар болды. Бұлар атқа мініп, зікір айтып, ел ақтап жүретін болды. Бұрынғы кездерде қазақ қауымы осыларға сенетін, әсіресе ауру-сырқауға тап болғанда бақсыларды ойнатып емделетін болды.

Қазақ арасына ислам діні таралғаннан кейін, бақсы-

балгерлер бірте-бірте шамандық әрекетті ислам дініне үйлестіріп бейімдей бастады. Бақсылар ойнағанда өзінің жындарын шақырып, иелеріне сыйынумен қабат, исламның алласына да мінәжат ететін болды. Ел ақтаған дуаналар «шайқы бұрқы дуана, жын-шайтанды қуала» деген ескі шамандық сарынға «алла хақ» деген исламдік ұранды қосып айтатын болды. Дегенмен, қазақ қоғамында ислам дінін таратушы моллалар мен бұрынғы шамандық діннен қалған бақсы-балгерлер арасында қайшылық сүріп отырды.

Қазақ арасындағы бақсы-балгерлер, құшнаштар ішінде ауру-науқастарға дәрі-дәрмек беріп емдейтін, тамыр айыратын тәжірибелі тәуіптер де болды, олардың емшілік тәжірибесі атадан балаға мұра болып қалып отырды. Олар қазақ қауымы ішінде беделді болды.

Бақсылардың өзіне тән күйі, сарыны болды. Бақсылар көптеген домбыра, қобыз күйлерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырды. Ерте заманда өмір сүрген бақсылар мен абыздар орхон және соғды жазуын жетік білетін бітікшілер (жазушылар) болған. «Жетісу бақсылары» (бітікші) сүйген ісін тасқа, ағашқа, сүйекке, теріге, киізге (киіз кітап) жазып түсіріп отыруды ерекше әдет қылған¹.

¹ Академик Әлкей Марғұлан «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз», 1-сан, Алматы, 1984.

Қазақ халқының тұрмыс салты

ҮЙ-ЖАЙ

Қазақтың көшпелі мал шаруашылығының өріс, қоныстары жылдың төрт маусымына қарай қыстау, көктеу, жайлау және күзеу деп төртке бөлінді. Әдетте көктеу мен күзеу бір орында болды. Қыстауда малшылар құйма кесектен немесе соқпа тамнан яки тастан қаланған үйлерде, орманды өңірлерде ағаштан қиылған үйлерде қыстады, жылдың басқа мезгілдерінде киіз үйде отырды.

Бірнеше үй бір ауыл есептелді. Ауыл дегеніміз — бір атадан таралған бірнеше туыстас отбасы. Олардың өріс-қоныстары бір болды, шаруашылықты бірлесіп жүргізіп, бірге көшіп-қонып жүрді.

Киіз үй — көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Оның қабырғасы айқыш сағанақтардан көктелген керегеден тұрғызылады. Кереге әдетте екі түрлі болады. Оның бірі кең көзді кереге — «желкөз» деп аталады. Бұл артуға жеңіл, бірақ желге төзімсіздеу келеді. Екінші түрі тар көзді кереге — «торкөз» деп аталады, ол артуға ауырлау

болғанымен, желге өте төзімді. Кереге жиылмалы болып бөлек-бөлек қанаттан жасалады. Ал керегеден жоғары сидам, жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылады. Уықтардың аяғы дөңгелене жайылған керегенің аша басына аяқастырыла байланып, үші (қаламшасы) шаңырақтың көзіне шаншылады. Шаңырақ — үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған ши ұсталады. Кереге мен уықтар кермебау, басқұр, құр және басқа да бау-шулармен бекітіледі. Үй ағашының сыртынан арнаулы үй киіздері — қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түңлік жайылады. Бұл үй киіздері бау-шулар арқылы ұштастырылады. Киіз үйдің есігінің биіктігі бір жарым метр, ені 0,8 метр келеді. Оған ағаштан оюлап жасалған «сықырлауық» деп аталатын жарма есік орнатылады. Сықырлауық сыртынан ораулы шиден тоқып, оюлы киіз қаптаған жаппа есік түсіріледі. Үйдің ортасында тамақ асатын ошағы (тағаны) яки дөңгелек темір пеш болады. Үйдің оң жағында төсек, оның тұсына тұскиіз ұсталып, төсекті қоршап шымылдық тартылады. Үйдің төріне жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық, т. б. жүктер жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазанаяқ, саба сияқты ыдыстар қойылып, шыпыстармен қоршалады.

Ауқатты отбасының үй іші сәнді болады. Үй ішіне түрлі-түсті пұлдан оюланған тегеріштер, туырлық қастар ұсталып, керегеге тұскиіз, кілем-кілшелер тартылады. Үй тағанына оюлы откиіз, текемет, сырмақ, кілем-кілше төселеді. Кереге, уықтар сырланып, кейде жез, күміс құймалар қағылады, үйдің сырты дөдеге ою-өрнектермен әсемделеді.

Келінге арнап көтерілген үй «отау» деп аталады. Бұл отаудың барлық жасау-жиһазы жаңадан жасалады, іші-сырты әшекей ою-өрнек, кестелермен безеледі. Той кезінде ұзатылатын қызға арналған барлық киім-кешек, жасау-жиһаз осы отау ішіне жайылып, гүл жайнап көз тартады. Бұл бейне қазақ халқының ісмерлік өнері мен ою-өрнек кестелерінің көрмесі тәрізді.

Қатардағы шаруалардың төрт қанат, ауқатты байлардың алты қанат үйі болды. Ал сегіз қанат, он екі қанат үйлері ірі феодал, хан-сұлтандарда ғана болды. Ол «Ақ Орда» деп аталды. Бұл ордалар салтанатты мерекелерге арнап тігілетін болды. Қазақ кедейлерінің киіз үйлері өте жұпыны еді, киізі тозып, түтін сіңіп кеткендіктен «қараша үй» деп

аталды. Кедей жалшылар шанышпа уықтар мен шаңырақтан құралған «шанышпа қос», «лашық» атанған жұпыны үйлерде өмір өткізді.

Ерте кезде қазақтарда астына дөңгелек орнатып, күймесін киізбен яки сырмен қаптаған жылжымалы үйлер де болған. Оған түйе, өгіз сияқты көліктер жегіп, көшіп отырған.

Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі — күннің аптабы мен түннің дым-сызынан, жауын-шашын мен аңызақтан, бораннан сақтануға ыңғайлы, әрі ауалы, әрі жарық болудың үстіне көшіқонға қолайлы болды; оны жарты сағат ішінде жығып-артуға да, жарты сағатта көліктен түсіріп, тігіп алуға да болатын еді.

Қазақтардың қарашадан наурызға дейін отыратын тұрақты қонысы «қыстау» деп аталды. Әдетте қыстау ықтасын жерлерге, өзен бойларына, шөбі шүйгін, суы мол, отынды, түңкелі жерлерге салынды. Қыстаудағы үйлердің жағдайы сол өңірдің жағырапиялық, жаратылыстық жағдайларына және ауа райына байланысты болды. Қалың орманды жерлерде ағаштан, орманы аз жерлерде құйма кірпіштен, соқпа дуалдан, таулы жерлерде тастан салынды. Бұл үйлер төрт бұрышты, текше төбелі келеді. Үй ішіне балшық немесе темір пеш орнатылады. Бұл үйлермен қатар ерте заманнан келе жатқан «шошала» деп аталатын шошақ төбелі үйлер болды. Шошаланың құрылысы қазақтың киіз үйіне ұқсайды, оның аумағы дөңгелек яки көп қырлы, керегесі тастан, яки құйма кірпіштен 2,5 метр биіктікте қаланып, үстіне уық тәрізді тарам-тарам сырғауылдар көлбей шаншылып, күмбез тәрізді қауыстырылады. Сырғауылдардың түбі қаланған қабырғаларға тіркеліп, ұшы төбедегі шаңыраққа таңылады да сыртынан тоқылған қамыс және шыбық жабылып, оның сырты балшықпен сыланады. Ішіне төрт яки алты арыс қойылып, тіреу тіреледі. Шошаланың ортасына ашық жағылған оттың түтіні шаңырақтан шығады, қыста осы шошаллада тамақ пісіріледі және соғымның еті арыстарға асылып сүрленеді.

Қыстаудағы тұрғын үйлердің қасында тастан қаланған немесе соқпа дуалдан салынған яки шыбық шарбақтан тоқылған мал қоралары болады. Оның маңында қыстық пішен жиналған маялар тұрады. Ауланың ортасына мініс көліктерін (ат) байлайтын дерен-діңгек, атағаштар орнатылады.

КИИМ-КЕШЕК

Қазақтардың қысқы киімдері көбінесе әр алуан теріден, жазғы киімдері пұлдан тігіледі. Өйткені қысқы киім жылулықты, жазғы киім сұлулықты алғышарт етеді. Еркектер ақ пұлдан кең жейде, дамбал, оның сыртынан бешпент, камзол, онан соң түрлі үлгілі шапан киеді. Ерлердің қысқы киімі қойдың немесе түйенің жабағысын күсіп, қалың матамен тыстап, кең тігілген күпі, қой терісінен жүнін ішіне қаратып тігілген тон, елтірі яки сеңсеңнен немесе қасқыр, түлкі, тауешкі сияқты аң терілерінен құрастырып, сыртын пұлмен тыстаған қайырма жағалы ішік, жүнін сыртына қаратып құлын терісінен тігілген әдемі жағалы жарғақ, күпі немесе тон сыртынан киілетін кең сулық шидем шекпен.

Мал шаруашылығымен шұғылданған қазақтар үнемі ат үстінде жүргендіктен, әр алуан материалдан кең шалбар киді. Олардың қысқы шалбарлары иленген қой терісінен жүні ішіне қаратылып тігілген тері шалбар, жазғы шалбарлары матадан, шекпеннен тігілді. Ешкі немесе киік терісінен иленіп, боялып тігілген тықыр жарғақ шалбарлар да бар. Жастардың жарғақ шалбарлары кестелі болады.

Қысқы бас киім — екі құлағы және артқы етегі бар шошақ тұмақ. Бұл көбінесе қара елтіріден, түлкі терісінен яки түлкі пұшпағынан тігіліп, сырты мата яки жібек пұлмен тысталады. Олар елтірі яки аң терісінен (құндыз, бұлғын, сусар) тігілген шошақ төбелі бөрік те киді. Боран кездерінде бөрік сыртынан бастыра кең жалбағай — күләпара, жаздыгүні жұқа ақ киізден, қайырмасын қара барқытпен қаптаған шошақ төбелі ақ қалпақ киді. Қазақ арасында түрлі пұлдан сырып тігілген, қайырмасы мақпал яки пүлішпен көмкерілген кең етек айыр қалпақтар да кең тарады, бұл жазға лайық жеңіл де ықшамды бас киім.

Қазақ еркектері киім сыртынан кісе, оқшантай, дандакүлер асылған құймалы былғары белбеу буынды. Бұл белбеулерде былғары яки ағаштан жасалған қын мен пышақ және шақпақ асулы тұрды.

Қазақ еркектері киетін аяқкиімдердің түрлері де әр алуан: өкшесі өте биік, қонышы тізені қаптап тұратын шоңқайма етік — былғары саптама (бұл қонышты етік киіз байпақпен киіледі), аңға киілетін қайқы тұмсық жұмсақ етік, жаздыгүні киілетін бір тақалы жеңіл етік (шетік), жұмсақ теріден тігілген мәсі, сауыр былғарыдан

тігілген кебіс, тері шақай (Шәрке, шабата), мұны көбінесе аңшылар мен малшылар киді.

Қазақ әйелдерінің киімі көбінесе безекті пұлдан, жібектен яки мақпалдан тігіледі. Олардың көйлек үлгілері өте көп, қыздар мен келіншектердің көйлектері көп бүрмелі, қатармалы, жаға-жеңі кестелі, желбіршекті, қос етек-ті, сан алуан үлгіде болды. Бой жеткен қыздар кестелі бешпент, шапан, төбесіне қозалаған маржанды үкі тағып, кәмшат бөрік немесе кестелі сопақ тақия киеді. Қыздар ұзатылғанда, алуан түрлі кесте, алтын-күміс әшекей және моншақтармен безелген шошақ төбелі сәукеле киеді. Жаңа түскен келіншек алғашқы жылы тойда киіп келген сәукелесін киіп жүреді. Жыл өткен соң сәукеле алынып тасталып, желек жамылады. Тұңғыш баласын туған соң, желек алынып, кимешек кигізіледі. Жасы отыз, қырықтан төменгі әйелдер кестеленген әшекейлі кимешек киеді. Шылауышына төбелдірік, маңдайына бергек, түйреуіштер қадайды. Бірнеше балаға ана болған орта жастағы әйелдер көзге түсерліктей әшекейі жоқ шалаң кестелі кимешек киіп, ақ жаулық (шылауыш) тартады.

Қазақ әйелдерінің дағдылы аяқкиімі кебіс-мәсі, ауқатты отбасы әйелдерінің салтанатқа киетін оюланған кестелі етігі, көк сауыр былғарыдан тігіліп, оюлап, күміс құйма қақтырған кебістері болды. Асыл тастар орнатқан алтын-күміс сақина, шолпы, түйреуіш, білезік, шашбау, қаптырма, алқа және кемер белдіктері аса сәнді болған.

Қазақтың киім-кешек үлгілерінде кейбір жергілікті ру-тайпалық сәндер де болды. Мысалы, керей тымақ, найман тымақ, арғын тымақ, албан бөрік, қызай қалпақ т. б.

ІШП-ЖЕМ

Мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі қазақтардың негізгі асы — сүт пен ет. Етті асып, қуырып және қақтап жейді. Сүтті пісіріп немесе ұйытып ішеді. Сүттен сан алуан тағамдар жасайды. Сиыр мен қойдың сүтінен: кілегей, қаймақ, айран, қатық, сүзбе, құрт, ақ ірімшік, қызыл ірімшік, сарымай т. б. тағамдар жасайды. Биенің сүтінен қымыз, түйенің сүтінен шұбат ашытады. Қымыз бен шұбат қазақтардың ішімдігі. Көктемде мал төлдеген кезде уыз қатырып, оны сүр етпен араластырып жейді.

Қазақтардың қастерлі тағамының бірі — жент. Ол қуы-

рып ақтаған тарының жармасы мен талқандаған ірімшік және шекерді сарымайға араластыру арқылы жасалады.

Қазақтар қыс мезгілінде жаппай соғым сояды. Соғымға семіз малдар таңдап сойылады. Соғым сою — мал қыстың суығынан арықтап союға жарамай қалған кезде азықтан қысылып қалмаудың алдын-ала жасалған дайындығы. Соғым еті тұздалып, ысталып сүрленеді. Сүр ет келесі жылы көктемде ақ молайып, мал семіріп союға жарағанға дейін жететін етіп дайындалады. Соғымның кесек еттері сүйегімен бірге сүрленеді де, ұсақ еттерінен қимай, шұжық, үлпершектер жасалады. Жылқы етінен қазы айландырылып сүрленеді.

Қазақтар мал еттерінің ішінде жылқы еті мен қой етін қадір тұтады, ең қадірлі қонақтарға қысырдың тайын сояды. Сыйлы қонақтарға жылқының қазы-қарта, жал-жая сияқты кәделі еттерін тартады. Қыстыгүні езген құрт ішу де кәделі тамақтардың бірі.

Қазақтар қадірменді құда, тамырларына семіз еркек қойды бітеу ұйытып, тұтас апаруды кәдеге айналдырған. Өте сыйлы қонақтарға үйіткен қойдың еті тартылады.

Қазақтар ірі турап, істікке шаншып қақтап пісіретін етті «жаубүйрек» деп атайды. Мұның кәуептен айырмашылығы бған қызыл бұрыш емес, тек тұз ғана себіледі. Қойдың құйрық майы мен бауырын пісіріп, турап, айранға араластырып жейтін етті «құйрық-бауыр» дейді. Бұл көбінесе тойларда тартылатын сый табақтардың бір түрі.

Қазақтардың ұннан жасайтын тағамдары: нан, бауырсақ, шелпек, қарыма, кеспе көже, ұн шай, доғалатпа ет (тары, қамыр араласқан ет). Күрішпен жасайтын тағамдары: сүт ботқа, күріш көже және палау (көшпелі қазақтардың палауы көбінесе сәбізсіз ақ палау болады). Ақтаған тарыдан: жент, майтары, тары көже жасайды. Бидайды түктеп қуырып талқан түйеді, түктеліп жармаланған бидайдан шикі көже жасайды. Мұны үлкен ағаш шелекке ашытып, сусын орына да ішеді. Арпадан да көже жасалады.

НЕКЕ, ОТБАСЫ ЖӘНЕ МҰРАГЕРЛІК

Қазақ халқы арасында өмір сүрген некенің негізгі формасы дара неке (моногамия) болды. Қазақтар неке жөнінде ертеден келе жатқан салт-сана бойынша бір ру өз ішінен қыз алыспайды, тіпті алысқан күнде бұлар жеті ата-

дан артқан болуы, бұлардың қоныстарының арасында жеті өзен болуы шарт. Қазақтың байырғы шежірелік дәстүрі бойынша жеті атадан тараған ұрпақ бір ата, он үш атадан асқанда бір ру есептеледі. Сондықтан жеті атаның ішіндегі ұрпақ туыс саналады. Ал қоныстардың арасында жеті өзен болуы керек дейтіні, емшектегі баласын үйіне тастап ауыл қыдырған қазақ әйелдері омырауы сыздағанда бірінің баласын бірі емізе береді. Қазақ салтында бір ананың сүтін емген екі бала туыс болып есептеледі. Егер олардың араларында жеті өзен болса, баласын үйге тастап, жеті өзеннен өтіп қыдыруы мүмкін емес, мұндайда емшек сүті араласпайды дегенді негіз етеді. Жеті атадан асып, өзара қыз алысуға тура келгенде құдаласушылар сол рудың беделді адамдарын шақырып, мал атап сойып, жол-жора беріп ризалық алу керек.

Қазақ қоғамында өмір сүрген негізгі салттың бірі — «қалыңмал». Қалыңмалдың мөлшері құдаласушылардың орын-мәртебе, дәулеті мен әл-ауқат күйіне қарай әркелкі болып отырды. Әдеттегі жоғары қалыңмал жетпіс жеті байтал болды. Ал ақсүйек хан-сұлтандар мен ірі байлардың арасында, қалыңмал мөлшері 100 тайлақ (500 байтал), 200 байтал немесе 1000 қой сомасына дейін барған. Бұл ілуде бір кездесетін некен-саяқ жағдай болған.

Күйеу жақ қалыңмалдың сыртында қыздың әке-шешелеріне «ілу», «сұтақы», «қоймал» береді. Туыстарына киіт кигізеді, кәде береді. Қыздың ата-аналары алған қалыңмалдың мөлшеріне қарай жасау жасайды, қызға арнап жаңа отау көтереді, ат міндіріп, түйе арттырады, күйеудің ата-аналары мен туыстарына киіт кигізеді. Қыздың киім-кешек, үй-мүкәмдарының әр қайсысы бестен, жетіден, тоғыздан жасалады. 100 тайлақ яки 200 байтал қалың мал алған ірі феодалдардың бес үй тігіп, қырық түйе арттырып, жеті ат мінгізіп, жиырма бестен жасау жасап, қыз ұзатқандары да болды. Мұндай жағдайда қызға берілген жасау алған қалыңмалдан артып кетіп отырды.

Әл-ауқаты төмен кедейлер арасында қалыңмал алыспайтын, «қарсы құдалық» салты өмір сүрді (мұнда өз қызын қарсы жақтың ұлына беріп, оның қызын өз ұлына әпереді). Қалың беріп үйленуге шамасы жетпеген кедей адамдарға ағайын-туғандары және руластары көмектесетін салттар да өмір сүрді.

Феодал-шонжарлардың жоғары топтары арасында көп әйел алушылық (полигамия) салты да болды. Олар

«бір еркектің төрт әйел алуына болады» дейтін ислам шариғатын негіз етті.

Қазақтың байырғы неке салтында некенің өмірлік болуы баса дәріптеледі. Некеден ажырасу «Сұмдық іс» есептеледі. Сондықтан қазақ арасында некеден ажырасу өте сирек.

Қазақтың отбасы, неке салтында сақталған ескі ғұрыптың бір түрі «әменгерлік». Бұл ғұрып бойынша ері қайтыс болған жас әйел ерге тиюді тілесе, қайтыс болған ерінің інісіне, яки ағасына не болмаса жақын туыстарының біріне тиюге тиіс. Мұндай туыстар болмаса, яки әйел олардың ешбіріне тиюді қаламаса, онда қайтыс болған ерінің руы ішінен біреуді таңдауға тиіс. Бұл жөнінде: «Ерден кетсе де елден кетпейді» деген ереже бар. Ол әйелдің рудан таңдаған адамы оны алудан бас тартқанда ғана оның өз еркімен кетуіне жол беріледі.

Қазақ отбасында әйел ерге бағынды, әке билігі тежеусіз болды. Балалардың әкенің бетінен алуына, ата-анаға құрмет етпеуіне қатал тыйым салынды. Әке өзі билеп-төстеп қыздарын ұзататын, ұлдарын үйлендіретін. Үйленген ұлдарын өзі біліп енші беріп шығарып отырды. Ең соңында кенже баласы шаңырақ иесі болып, әкесіне мұрагерлік етті. Әйелдің отбасында мүлікті құқы болмады, тек ері қайтыс болған әйел ғана баласы ер жеткенше отбасы мүлкін биледі.

Ерлі-зайыптылар некеден ажыраса, бала әкеге тән болады. Ері әйелді тастаса, әйел ұзатылып келгендегі артқан түйе, мінген ат, жасау-жабдығын алып кетеді. Ал ерден шығуды әйел талап етсе, онда қара басы ғана босайды.

Қазақ салты бойынша енші ұл балаларға бөлінеді. Қыз балаларға ұзатылғанда берілген ат, түйе, жасау-жабдықтан тыс арнаулы енші бөлінбейді. Ұзатылған қыз бірнеше жыл өткен соң (балалы болған соң) ата-анасының үйіне төркіндеп келеді. Осы жолы әкесі (төркіндеу жолы) белгілі мал-мүлік беріп қайтарады. Бұл іс жүзінде берілген енші. Нағашыларының жиендеріне беретін «қырық серкеш», «жиенқұрық» дейтін жол-жорасы да жоғарыдағының қатарына кіреді.

Ері өлген әйелге ерінен қалған мүліктің алтыдан бірі яки сегізден бірі беріледі. Жесір қалған әйелі екі-үшеу болса да осы үлесті бөлісіп алады. Ұзатылмаған қыз әрқашан шешесімен бірге кетеді.

Қазақ салтында бала асырап алу кең өріс алды. Асы-

рап алған баланы үйлендіреді, енші береді, «асыранды» деп айтуға, кемсітуге қатал тыйым салынады.

Қазақтар ислам дініне сенеді. Алайда, олар өздерінің ерте замандағы салт-санасының едәуір бөлегін сақтап отыр. Неке, отбасы, мұрагерлік, тағы басқа істерді басқаруда ислам дінінің шарифатынан өздерінің байырғы ғұрып-әдетін жоғары қояды.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Қазақ халқында қарттарды құрметтеу, үлкендерді сыйлау, балаларға жанашырлық, жастарға қамқорлық ету, ата-ананы ардақтау, әйелдерді аялау ізгі дәстүрге айналған. «Қасқа қатал, досқа адал болу» — қазақ халқының негізгі мінез-құлқы. Қазақ халқында тым ертеден келе жатқан көптеген әдет-ғұрыптар бар. Бұл әдет-ғұрыптар қазақ өмірінде жазбаға түспеген заң сияқты терең тамыр тапқан.

МЕЙМАНДОСТЫҚ

Қазақ халқы тарихтан бері өте меймандос халық. Қазақтар үйіне келген әр қандай мейманды (оның қайсы ұлт болуына қарамай) таныса да, танымаса да жылы шыраймен құшақ жая қарсы алып, сыйлап күтеді. Өзінің ең аяулы асын қонақасыға береді. «Қонақасы — қазақтың бөлінбеген еншісі» есептеледі. Тек мейманның өзін ғана емес, оның ат-көлігін де күтіп, аттанарда аман-есен қолына тапсырады. Бұл үшін мейманнан ешқандай ақы алмайды, алуды намыс деп біледі. «Егер қоналқы жердің бәрінде қазақ болса, бір уыс азық, бір тиын қаражат алмай жылдық жолға жолаушы жүруге болар еді» деген тәмсіл осыдан шыққан.

Қонақ келсе «қой сойып, қол қусыру» — қазақтар үшін аса абыройлы іс және жалтартпайтын міндет. Өте қадірлі қонақтарға тай сойып, қонақасы беріп аттандырады.

Сойылатын малды асаба алдымен қонақтар отырған үйдің босағасына әкеліп бата тілейді. Қонақтар бата жасаған соң мал сойылып, ет асылады. Ет піскенше меймандарға кең дастарқан жайылып, дастарқанға құрт, ірімшік, бауырсақ, жент, сарымай қойылып, қаймақтаған шай құйылады, шайдан соң жаздыгүні болса қымыз, қыстыгүні болса езген құрт беріледі. Осы мезгілде әдетте үй иесі жа-

ғынан домбыра шертіліп, күй тартылып, ән айтылады. Бұл «ауылдың алты ауызы» деп аталды. Одан соң кезек меймандарға келеді, меймандардың ән шырқап, қиса-дас-тан, яки ертегі айтуы керек. Егер айта алмаса, түрлі әзіл-қалжыңдар істеледі. Ет піскен соң қолға су құйылып, ет тартылады. Қонақтың алдына сойылған қойдың басы, жамбасы, сүбесі тағы басқа жіліктерден жасалған табақ тартылады. Қонақтың ең сыйлысы бастың оң езуінен бір кесіп жеп, оң құлағын кесіп табаққа қойып, басты үй иесіне қос-қолдап қайтарады. Бұл асабаның құрметіне білдірген разылық есептеледі, одан кейін табақтағы етті кесіп жеуге кіріседі. Табақты тауыса жемесе, үй иесінің көңілі көншімейді.

Мейман күтуде малдың он екі жілігінің өз алдына мәртебесі бар. Жасы үлкен сыйлы қонақтарға бас пен жамбас, күйеу мен келінге асықты жілік пен төс тартылады. Балаларға тіл, құлақ, бүйрек, жүрек беріледі. Тамақ жеп болған соң бата тілейді, қонақтардың қолына су құйылады. Міне, мейман күтудің дағдылы дәстүрі осы.

ЕРУЛІК

Көшпелі қазақ халқы көші-қонды аса келелі іс санады, көшу — қазақтар үшін салтанат есептелді. Қазақ санасында көше алмай жұртта қалудан үлкен қорлық жоқ, қазақ қауымы көшкен күні — еруде кимейтін жақсы киімдерін киеді, көштегі жүк артқан түйеге кілем-кілше, сырмақтарын оң бетін сыртына қаратып жауып салтанат етеді. Еру отырған ауылдар жанына келіп қонған ауылды жабыла қарсы алып, «қоныс жайлы болсын» айтып, олардың жүгін түсірісіп, үйін тігіседі және «ерулік» апарады. Бұл ерулікке дастарқан көтеріп, шай апару, сабалап қымыз апару, тіпті қой сойып апару істері де болады. Бұл көшіп, шаршап келген туыс-жұрағаттарына жасалған сый-құрмет және қамқорлық еді. Бұл істер ағайын арасында «еруге қару» ретінде алма-кезек болып отырады. Мұны қазақтар «ағайын берекесі» деп атайды.

Көшіп келе жатқан көш еру отырған ауылдың үстінен өткенде, еру ауылдың әйелдері қымыз, айран сияқты сусын алып, көш жетелеп келе жатқан әйелдер мен оның алдындағы жас балаларын ат үстінен сусындандырып жөнелтеді. Еру ауылдың еркектері көш бастап келе жатқан ақсақалдарға сәлем беріп «көш байсалды болсын!» айтады.

Қазақ арасында ерте заманнан келе жатқан салттардың бірі — «үме» яки «асар салу» деп аталады. Бұл салт бойынша, көпшілік күш біріктіріп, бір-бірінің жұмысына қолқабыс көрсетеді. Қауырт күш жұмсауды талап ететін жұмыс кезінде, мысалы: қой тоғыту, қой қырку, жүн сабап, киіз басу, үй көтеру, жылқы күзеп, тай таңбалау, піпе, бие байлау, соғым сою, егін ору, шөп шабу және жинау, үй-жай, қора салу, той жасау, ас беру, өлім ұзату сияқты істерде ауылдастар мен руластар жабыла жұмылып, бұл істерді істесіп келеді. Үй қожасы осы көмекке келіп, қолқабыс істегендерді тамақпен сыйлайды, асар салғанда көбінесе мал сойылады, бірақ қолқабыс істеушілер істеген жұмысына ақы алмайды. Бұл қарапайым малшылар арасындағы өзара көмектің бір түрі. Бұл еруге — қару жолымен алма-кезек болып отырады. Бұл «асарға» ат салыспаған адам өз басына іс түскенде басқалардың көмегінен құр қалады. Осындай жұмыс майданына кездейсоқ келіп қалған жастар да ешқандай іркілмей жұмыс істеуге кіріседі, жұмысқа қол тигізбей қарап тұру «жас келсе іске, кәрі келсе асқа» деген салтқа қайшы келеді. Феодалдар да осы салтты пайдаланып, еңбекшілерге тегін жұмыс істетті, бірақ олар еңбекшілердің асарына қолқабыс істемеді, мұндай асардың қанаушылық мәні болса, еңбекшілердің арасындағы асар — өзара көмек сипатында болды.

ЖЫЛУ-ЖӘРДЕМ

Қазақ арасындағы өзара көмектің осы бір түрі тым ерте кездегі рулық қауым құрылысынан бері келе жатқан әдет-ғұрыптарға жатады. Бұл әдет-ғұрып бойынша: табиғи апатқа — жұтқа, өртке, селге тағы басқа да дүлей күш кесіріне кенеттен кездесіп, мал-мүлкінен, баспанасынан айрылып, күн көрісі қиынға соққан адам өзінің туыстары мен руластарынан жылу-жәрдем сұрайды. Бұған ағайын-туғандары мен руластары түгел көмектесіп, жылу-жәрдем жинап береді, одан ешкім де бас тартпайды. Жылу беруден кімдекім бас тартса, өз басына осындай күн туғанда мұндай көмектен мақұрым қалады және жалпы жұрт келесін бұзғандығы үшін жек көрінішті болады.

Кездейсоқ, аққұла шығынға ұшырап, борышын төлей алмаған адамдар да, өзінің туыстары мен руластарынан

осы борышты төлесуді талап етеді. Бұл да «жұртшылық жәрдемі» деп аталады.

Қолының қысқалығынан үйленуге шамасы келмеген адамдарға да, ағайын-туғандары «қалыңмалға» көмек көрсетеді. Қазақтың байырғы салты бойынша, мүлде панасыз қалған жетім-жесірлерді және қарайтын адамы жоқ, салт бас қарттар мен мүгедектерді ағайын-туғандары яки руластары асырап, бағып-қағуға міндетті болған. Халық бұқарасы ішінде мұндай көмектің өмір сүруі қазақ қоғамында қайыршылардың болмауына игі әсер етіп отырды.

ТОЙ-МЕРЕКЕ, ТАҒЫ БАСҚА ЖОЛ-ЖОСЫНДАР

Мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі қазақ өмірінде жаздың үш ай жайлауы «өмірдің жаннаты» есептеледі. Гүл-бәйшешекке бөленіп, масатыдай құлпырған жасыл жайлау үсті мал тойынып, ақ молайып, бие байланып, елдің жұмыстан қолы босап сергіген кезі болады. Қыс қысымын көріп келген қазақтар жаз жайлауда жаддырап жазылып, барлық той-томалақ, ойын-сауық, сәнсалтанатын осы жайлауда өткізеді. Қазақтың «қыс қысыл, жаз жазыл» деген сөзі осы өмірден туған.

Қазақтар үшін «той» тек той жасаушы жеке отбасының қуанышы ғана емес, тіпті бір тайпа елдің ортақ мерекесі есептеледі. Соның үшін, бір отбасы той жасаса, оның ағайын-туған жұрағаттары, тіпті бүкіл бір тайпа ел түгел аттанысқа келіп, үйлерін апарып тігіп, биелерін байлап, астарын әзірлесіп, табандарынан тік тұрып қонақ күтісіп, той жұмысын атқарады. Бұдан сырт қалу елдің елдігіне нұқсан келтіргендік, азаматтық борышты атқармағандық болады.

Қазақтың ас-тойына шақырылған аумақтағы ер-әйел, кәрі-жас, бала-шаға түгел барады, мал бағып үйде қалғандарға да ас-тойға барғандар сарқыт ала қайтады. Тойға саба артып, тойлық шашу ала баратын дәстүр бар.

Қазақ өміріндегі ұлылы-кішілі той-томалақ пен ырым-кәделердің түрлері де сан алуан. Қазақ өмірінің әрбір белесі тойсыз, өлеңсіз өтпейді. Қазақ тойлары «тойбастар» жырымен және шашумен басталады.

ҚАЛЖА МЕН ШІЛДЕХАНА

Бір баланың дүниеге келуі тек сол бала туған отбасының ғана қуанышы емес, күллі ауыл-аймақтың ортақ қуанышы. Әсіресе ұл баланың тууын қазақтар қатты қастерлеп, «ұл туғанға күн туады» дейді. Байырғы қазақ салты бойынша, бала туған күні сол отбасында той басталып, «қалжа» сойылып, маңайдағы абысын-ажын, тағы басқа әйелдер сол үйге жиналып, «баланың бауы берік болсын» айтып құттықтайды. Ал кеште қыз-бозбала жиналып, түні бойы ән салып, домбыра шертіп, өлең айтып «шілде-хана» күзетеді, түрлі ойын-сауық өткізеді, кейде шілдехана күзету үш күнге созылады.

БЕСІК ТОЙЫ

Жаңа туған балаға ат қойып, оны алғаш бесікке бөлеу жорасы «бесік тойы» деп аталады. Бұған көбінесе сол төңіректегі әйелдер шақырылады. Келген әйелдер балаға арнап шашу, көйлек-көншек, тана-моншақ, үкі, тағы басқа тойлықтар әкеледі. Осы тойда балаға ат қойылады. Атты жасы үлкен ер адам қояды. Ат қойылатын баланың оң құлағына үш рет, сол құлағына үш рет «сенің атың...» деп айғайлайды. Ұрпақ өсірген үбірлі-шүбірлі қадірмен әйел бір-екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды. Сәбидің әжесі не шешесі түбектің тесігінен балаларға тәтті бауырсақ үлестіреді, мұны «Т...» деп атайды. Онан соң әлгі әйел баланы тұңғыш рет бесікке бөлейді. Тойға жиналғандар тойға дайындалған тамақты жеп, баланың өмірі ұзақ, бауы берік, бақытты болуын тілеп бата беріп тарады.

БАЛАНЫ АТҚА МІНГІЗУ МЕРЕКЕСІ

Қазақ балалары бес жасынан бастап атқа салт мінуге жаттығады. Ата-аналары баланың алғаш атқа мінуді қуаныш етіп, той жасайды. Атқа мінетін бала жаңа киім киіп, басына үкі тағып, «ашамай» деп аталатын екі қасы «Х» түрінде айшықталып жасалған ерге мініп, туған-туысқандары мен руластарын аралайды. Туыстары оған шашу шашып, айыл-өмілдірік, құйысқан, жырым-шеттік, шыбыртқы-қамшы сияқты ер-тұрмандарын байғазыға береді. Осы-

дан бастап бұл бала өз алдына ер-тұрманға ие болып, көш кезінде «тай-құнанға» мініп жүре бастайды.

Көшпелі тұрмыстың қажетіне сай, қазақта адам басына бірден ер-тоқым болады. Қазақ ішінде ат-көлік табу оңай, ер-тұрман табу қиын. Өйткені қазақтың өмірінің көбі ат үстінде өтеді. Қазақтар «ер атымен, құс қанатымен» деп, атты ер адамның қанаты есептейді. Атқа мінудің алдыңғы шарты ер-тоқым, атқа жайдақ мінуді жаяушылықтан жаман көреді. Сондықтан «ат табылады, ер табылмайды» дейді.

Ат жалында уып, ат үстінде өскен қазақ балалары «ат» десе ішкен асын жерге қояды. Олар бесіктегі кезінде-ақ шешелерінің алдында атқа мініп жүреді. Олардың тілі «ат» деп шығады. Олардың ат мінуге әуестігі соншалық, қазақтардың жылап-жатқан баласы «атқа мінгізем» десе қуана қалатыны бар.

СҮНДЕТ ТОЙЫ

Ислам дінінің жол-жосығы бойынша қазақтар ұл балаларын бес жаста яки жеті жаста сүндетке отырғызады. Осыған байланысты той жасалады. Той қарсаңында сүндеттелетін баланы басына және екі иығына үкі тағып атқа мінгізіп, жақын туыстары мен жұрағаттарын аралайды. Барған жеріндегі туыстары шашу шашып құттықтайды. Балаға үкі қадайды, кепеш кигізеді, әл-ауқатына сай лақ, қозы, құлын сияқты жас төлдің бірін ен салып береді. Осы тойда балаға арнап ен салынған еркек құлын есейгенде баланың «сүндет аты» есептеледі.

Қазақ арасындағы бала сүндеттеу ісін осы кәсіппен шұғылданатын «қожалар» жүргізеді. Бұл қожаларды қазақ қауымы «Мұхаммед пайғамбардың әулеті» деп ардақтайды. Ерте кезде қазақ арасында қожалар екі түрлі болған. Оның бір түрі әлгінде сүндет істейтін қожалар, бұларды «молда қожа» деп атады. Әр тайпаның өз «қожасы» болды. Енді бірі жас балаларға шешек егетін қожалар. Олар «қорасан қожа» деп аталған. Бала сүндеттеген қожалар да, шешек егетін қожалар да балалар сауыққан соң тиісті ақы: «қой, қозы» алып отырды.

Баланы сүндетке отырғызудың төркіні ислам дінінен келген, кейін келе бұл ұлттық ғұрып-әдетке айналған. Баланың сүндет тойын, халық іс жүзінде оның қара құлақ болып, қатарға қосылуының алғашқы бір белесін тойлау деп санаған.

Қазақтың қыз ұзату және келін түсіру дәстүрі толып жатқан той-томалақ, ырым-кәделері арқылы болады. Бұлардың бәрі жалғасып, жұртқа түсінікті салтқа айналған. Ең алдымен қыз айттыратын жақ қыздың ата-анасына кісі салып, құдалық сөйлеседі. Құдалық сөйлесіліп, келісімге келген соң, күйеу жақ қалыңдық жаққа өлтірі (қоржын) апарды. Осы жолы «өлтірі тойы» өткізіледі. Бұл күні ақ қой сойып, ақ бата жасалады. Бұл құдалықтың ресмилескендігінің айғағы. Осыдан кейін белгілі мерзім өткен соң, күйеу жақ өз жағындағы туыс-жұрағат, дос-жарандарын шақырып «жыртыс салу тойын» жасайды. «Жыртыс салу» дегеніміз қалыңдықтың киім-кешек, жасау-жабдығына жұмсалатын және оның ата-ана, тағы басқа туыстарына киітке берілетін бұлдарды дайындап, ел көзінен өткізу еді. Осы тойда ағайын-туған, дос-жарандары тиісті көмек көрсетеді.

Дайындалған жыртыстың апарылуына байланысты қалыңдық жақ той жасайды. Бұл жолы күйеу қалыңдық жаққа барады. Бұл той күйеудің «ұрын бару тойы» яки «есік көру тойы» деп аталады. Осы жолы күйеу қалыңдықпен кездеседі және қайын ата, қайын енелеріне көрінеді. Осыдан соң күйеудің қайнына барып келіп араласуына болады.

Ұрын бару тойынан кейін белгілі мезгіл өткен соң, қыздың ата-анасы отау көтеріп, «қыз ұзату тойын» жасап, қызды ұзатады. Осыған жалғас күйеу жақта «келін түсіру тойы» болады. Сөйтіп, қазақтың байырғы үйлену салты бірінен соң бірі өткізілетін бес той арқылы орындалады. Бұл тойлардың бәрі қазақтың дағдылы салт жырлары арқылы өтеді. Тойлардың бәрінде «той бастар» айтылады. Мұның мазмұны мен мақсаты — тойды құттықтау және сауық-сайранмен той өткізуге жиылған жарандарды шабыттандыру.

Қыз ұзату тойында жұбайлық байланыс, қазақтың байырғы ұлттық салты бойынша, қыздар мен жігіттер екі ұдай болып, «жар-жар» айтуымен мақұлданады. «Жар-жар» жұбайлардың бақытты, тату-тәтті өмір өткізуін тілеген жұрт ықыласын бейнелейді.

Қалыңдық ұзатылып барған соң, келін түсіру тойы жасалып, жаңа түскен келін қайын атасының үйіне енгізіледі. Осы кезде сабына қызыл-жасыл әлем байлаған камшы ұстаған бір жігіт келіннің бетін ашады. «Беташар» жыры арқылы жаңа түскен келін жиылған жұртқа таныс-

тырылады, келінге ақыл-насихат айтылады, әзіл-қалжың араластырып, жұртты күлдіріп отырады, келін ата-енесіне, қайынағаларына сәлем етеді. Үлкен үйдің отына май салады, май құйылған от лап етіп жанғанда, отырғандар: «От-ана, Май ана, жарылқа!» деп сыйынады. Бұл қазақтардың ислам дініне кіруден бұрынғы отқа табынатын кезінен қалған ырымдардың бірі екені даусыз (ислам дінінде мұндай салт жоқ). «Неке қию» салты осы келін түскен тойда өткізіледі, некені молла қияды.

Жоғарыда айтылған ұлылы-кішілі той-мерекелердің бәрі өлең-жырмен өтеді. Әр алуан той-мерекенің өзіне тән өлең-жырлары болады. Бұл жырларда жергілікті өзгешеліктер болғанымен, жалпы алғанда олардың мазмұны біркелкі келеді. Әр алуан салт жырларының өзіне тән әні болады. Ол жырлар: «Тойбастар», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсыма» тағы басқалар.

ӨЛЕҢ ТОЙ

Жоғарыда айтылғандардан басқа «Өлең той» аталатын кәде бар. Бұл күйеудің қайнына ұрын барған тойына қосылып өткізілетін «түнгі той». Күйеу жақ «өлең кәде» аталатын тай, құлын тәрізді бір малды ала барады, бұл кәдені алған үй күйеу мен құдаларды, тойға жиналғандардың бір бөлегін шақырып, мал сойып қонақасы беріп, «өлең той» өткізеді. Кеш батқаннан таң атқанша осы ауылда ақындар айтысы болады. Бұл тойға жиналған жастар домбыра шертіп, ән айтып, би билеп, сауық-сайран жасайды. Өлең тойға қатысушылардың көпшілігі жастар болады.

Қазақ өміріндегі той-мерекелерде — көптеген ойындар өткізіледі. Бұл ойындардың көпшілігі ашық далада, ат үстінде ойналлатын спорттық сипаттағы ойындар. Олар: «мүше алып қашу», «Қыз қуар», «Көкпар тарту», «Теңге ілу», «Жамбы ату», «Ат шаптыру», «Ат қарғыту», «Жорға салу», «Аударыспақ ойнау», тағы басқалар.

ӨЛІМ-ЖІТІМ ЖӘНЕ ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІ

Қазақтардың сүйекті жерлеу дәстүрі ислам шарифаты бойынша болады. Адам қайтыс болған соң иегін таңып, бетін құбылаға қаратып жатқызып, бетіне таза бүркеншік жауып, айналасын шымылдықыпен қоршап, оңаша жатқызады. Туыс-туғандары жұртқа хабар айтады. Дағдысында

сүйек сол үйде бір күн яғни үш күн түнейді. Бұл күндері жақын туыстары шырақ жағып, жанында күзетіп отырады. Жаназаға жиналған жұрт осы үйге кіріп, сүйекпен қоштасып, туыстарына көңіл айтады. Одан соң сүйекті арулап жуып, «ақырет кебін» деп аталатын ақ пұлға орап, «дәуір» жүргізіп, «ысқат» шығарады. Бірнеше мал ала жіппен байланып, сол үйдің есігінің алдына әкелініп, дәуір жүргізуші адам мал байланған жіпті ұстап: «бұл адамның біржылдық өтелмеген ораза, намаз, тағы басқа парызқарыздары үшін» өліктің төрт жағында отырған моллаға ұстатады, молла «қабыл алдым» деп жіпті алып, қайта береді. Бұл адам қанша жасқа келген болса, сонша рет осылай істеледі. Ал балағатқа толмаған жас бала қайтыс болса, оған дәуір жүргізілмейді. Бұл мал дәуір жүргізген моллалар мен кәріп-кәсірлерге садақаға беріледі. Одан соң өлік үйден шығарылып, жаназа оқылады. Жаназадан кейін өліктің баласы, яки туысы жұртшылықтан «марқұм қандай адам еді?» деп сұрайды. Көпшілік бірауыздан: «Марқұм ізгі адам еді, иманы сәлемет болсын, жаны жаннатта, топырағы торқа болсын!» деп жауап береді.

Жаназадан соң сүйек қазылған қабыр басына апарылады. Егер сүйек жерленетін жер алыс болса, сүйекті түйеге артып, бетіне кілем жауып апарады. Жер жағдайына қарай қабыр екі түрлі — «тік ақым» және «жан ақым» болып қазылады. Сүйек басы оңтүстікке, аяғы солтүстікке, беті құбылаға (Мекедегі Байтолланың тұрған жағына) қаратылып шалқасынан жерленеді. Сүйек қабырға енгізілерде қабыр басына барғандардың бәрі оның үстіне бір шымшымнан топырақ салады, содан кейін сүйек қабырға қойылып, беті жабылады.

Қазақтың жерлеу дәстүрлеріне ерте кездегі шаманизмнен қалған салттар да араласып отырады. Бірақ бұлар кейін келе ислам қағидасымен тоғысып кеткен. Ерте заманда қазақтар сүйек қойылған үйдің босағасына ала жіппен жетектеп жеті яки тоғыз жылқы немесе басқа мал әкеліп, ырымын істеп болған соң мола басына апарып құрбандыққа сойған, қайтыс болған адамның жақсы көретін атын сойып, басын молаға қойған. Сонымен бірге найза, садақ, қылыш, ер-тұрман, ыдыс-аяқ, тамақ сияқты жарақ-жабдықтарды сүйекпен қоса жерлеген. Олар: адам өлгеннен кейін ол дүниеге барып қайта өмір сүреді деп таныған. Ислам шарифаты бойынша, өлікпен бірге ақырет кебіннен басқа нәрсе қоюға болмайды. Ислам дініне енген соң, бұрынғы мола басына апарып құрбан ететін ала жіпке байлаған

малды жаназа-ысқат шығарған молдалар мен кәріп кәсірлерге садақа беретін болған.

Сүйек жерленгеннен кейін жетінші күні «жетісі» беріледі. Бұл күні сүйекті жуған адамдарға киім және киімдік кездеме таратылып беріледі. Қырық күн өткен соң «қырқы» өткізіледі. Бір жыл толғанда «жылы» беріледі.

АЗА ТҮТУ ДӘСТҮРІ

Ертедегі қазақ дәстүрі бойынша өлімге ұзақ уақыт аза тұтылады. Қайтыс болған адамның әйелі өлікті үйден шығарғанда жылап, бетін жыртады. Жыл бойы қара жамылып, басына ақ бүркей салады. Қайтыс болған адамның әйелі мен қыздары жыл бойы жоқтап дауыс айтады. Бұл адамның өміріндегі елеулі оқиғалардың бәрі жоқтау жырына қосылады. Жоқтаудың өзіне лайық мұңлы әні болады. Әдетте жоқтау күніне екі рет — күн шығып келе жатқанда және күн батып бара жатқанда айтылады. Күндіз бата оқып келгендердің қарасы көрінгенде жоқтау басталады, олармен көріскен соң тағы да жоқтау айтылады, аят оқып, көңіл айтылған соң барып тоқтайды.

Өлім шыққан үйге ағайын-туғандары мен руластары ауыл-ауылмен келіп ақтық салып, бата оқиды. Барлығы жиналып бата оқырға келеді. Олар келген беті қаралы үйге келіп, көрісіп жылайды, көңіл айтады, қаралы үй оларды мал сойып күтіп, аттандырып отырады.

Егер ауқатты, беделді адам қайтыс болса, оның азына арнап ту тігіп, белдеуіне қадап қояды. Бұл тудың түсі қайтыс болған адамның жасына қарай болады. Жас адамға қызыл ту, кәрі адамға ақ ту, орта жастағы адамға бір жағы қызыл, бір жағы ақ ту тігіледі. Қайтыс болған адамның атының құйрығы кесіліп тұлданады. Көшкенде осы атқа сол адамның тірі күнінде мініп жүрген ер-тоқымы ерттеліп, ерге киімі жабылып, қара жауып жетектеледі. Қаралы көш әр ауылдың үстінен өткенде, осы тұлдаған атты жетектеген әйел мен қыздары дауыс айтып жылайды. Өлік жерленгеннен кейін белгілі мерзім өткен соң моланың басына зират орнатылады, оның көлемі өлген адамның әл-ауқат күйіне қарай болады. Әдеттегі молаға тастан оба үйіліп, бейіт жасалады. Атақты да беделді адамның молалары құйма кесектен, тастан, дөңгелек яки қырлы қорған түрінде соғылып, бұрыштарына құлақ орнатылады. Атақты адамдарға бүкіл тайпа жиналып тас кірпіштен сәулетті,

мұнаралы күмбездер де орнатқан. Мұндай қорғандардың іші кең болып, бұдан былайғы жерде сол адамның туыстары жерленетін болады. Бұл тіпті ерте кезден келе жатқан салт еді. 15—17-ғасырларда қайтыс болған қазақтың хандары мен сұлтандары Түркістан қаласындағы Қожахмет Иассауи (Баба түкті шашты Әзіздің) мазарына жерленіп отырған.

АС БЕРУ

Бір жыл яки одан да артық уақыт өткен соң қайтыс болған адамға арнап «сауын айтып», ас беріледі. Астың көлемі қайтыс болған адамның әл-ауқат күйі мен жұрт ішіндегі беделіне қарай болады. Асқа шақырылған жұрт жиналып, ас басталғанда тұлданған ат ас берген үйдің алдына әкелінеді. Ас берілген адамның әйелі мен балалары жоқтау айтып, атқа қоштасады. Бұл ат асқа сойылады, осы атқа қосылып, басқа да мал сойылады. Азалы ту жығылып, сабы сындырылады. Асқа жиналған жұрт күтіледі. Ас аяқтаған күні әйелінің жамылған қарасы мен ақ бүркейі алынады. Қаралы үйдің жүгіне жайылған сеп (қайтыс болған адамның киім-кешегі) жиналады, сонымен ас аяқталады.

Ұлы дүбірлі үлкен астарда асты аяқтайтын күні ат бәйгесі және палуан күресі өткізіледі. Бәйге шапқан ат келіп, жүлдесін алған соң, ас тарқайды. Ас тарқаған соң асқа сойылған тұлданған аттың басы, төрт тұяғы және терісі иесінің моласына апарылып қойылады. Міне, бұлар бұрынғы заманда қайтыс болған адамның тірісінде ұстаған найза, қылыш, садақ, киім-кешегін және мінген атын бірге жерлеу салтының ислам дініне бейімделіп өзгеруі еді.

МЕРЕКЕ-МЕЙРАМДАР

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз — қазақ халқының жаңа жылы. Парсы тілінде нау — жаңа, роз — күн деген сөз, бұл екі сөз қосылып, «жаңа күн» яғни «жаңа жыл» деген ұғымды береді. Қазақ халқы уақыт есептеуде бағзы заманнан бері байырғы дәстүрге айналған он екі жылдық мүшелдік күнтізбені қолданды. Осы мүшел жылының басын күн мен түннің көктемдегі теңелуінен (күн тоғысуынан) бастап, осы күнді (жиыр-

ма екінші наурызды) «ұлыс күні» немесе «наурыз» деп атады.

Мүшел жылы — осы наурыздан (22 наурызда) бастап ауысып, ескі жыл шығып, жаңа жыл кіреді деп есептеді. Бұл мезгіл қыс қысымы кетіп, «қойдың күйегі түскен» мал төлдеудің қарсаңы, көктемін ертіп жыл құстары келе бастаған «ілгері салым күндер» деп танылады. Сондықтан, бұл күнді қазақ қауымы «ұлыс күні — наурыз» деп мерекеледі.

«Наурыз мейрамында» әрбір үй наурыз көже жасайды. Наурыз мейрамын құттықтаған қазақтар топ-топ болып, ауылдан-ауылға қыдырып, үй басын түгендеп наурыз көже ішеді. «Наурыз бәйітін» айтып, жаңа жылды қарсы алады. Бір-бірімен құшақтасып, жаңа жастарын құттықтасады. Осы жылда мал басының көбейіп, егін бітік шығып, молшылық болуын тілейді. Қыста сойған соғымның наурыз мерекесіне арналып сақталған бас (көбінесе өгіз басы) наурыз күні қадірлі қариялардың алдына тартылады. Бұл қариялар «малыңның басы өссін, ағың мол болсын» деген дәстүрлі баталарын береді.

«Наурыз мейрамының» түпкі төркіні байырғы қазақ күнтізбесі — мүшел жыл есебімен тығыз байланысты. Бұл қазақ қауымының ислам дініне кіруден бұрын тұтылған ұлттық мейрамы болуға тиіс. Өйткені бұл мейрамда ұлттық салттардан тыс ислам дініне қатысты ешқандай ғибадат өтелмейді. Қазақтардың «жыл қайыру» есебіндегі жыл шекаралары осы наурыз мейрамымен межеленеді. Осы мейрамнан бұрын яки кейін туғанына қарай жаңа туған баланың жылын белгілеп отырады.

ОРАЗА АЙТ

Ораза айт — ислам дінінің қағидасы бойынша жыл сайын ұсталатын отыз күн ораза аяқталғаннан кейін өткізілетін үш күндік айт мейрамы. Ораза айт мейрамы сол айттың алғашқы күні таңертең оқылатын екі ракағат айт намазынан басталады. Бұл намазды мал шаруашылығымен айналысқан қазақ қауымы көбінесе даладағы таза, тегіс жерге жиналып оқиды. Бұл мейрамның түпкі төркіні ислам дінінен келгенімен, кейін келе ұлттық әдет-ғұрыпқа, бұқаралық мейрамға арналып кеткен. Қазақ халқы бұл мейрамды жыл сайын өткізіп, аттарына мініп, топ-топ болып айтшылайды, үйлерге кіре бере-ақ «айт қабыл болсын!»

айтады. Осы мейрам кезінде түрлі ұлттық ойын-сауықтары өткізіліп отырады.

ҚҰРБАН АЙТ

Хыжра — жыл есебінің жаңа жылы болып есептеледі. Қазіргі ортақ қолданылып отырған жыл есебінің (һиладяның) 622-жылы маусым айының 10-күніне қараған түні (сәнібі күніне қараған түні) Мұхаммед пайғамбар Мекеден Мединеге көшкен. Міне осы күннен хыжра күнтізбесі басталады. (Хижра — көшу, ауу, қоныс аудару деген сөз). Ораза айттан кейін жетпіс күн өткен соң құрбан айт болады. Мұның құрбан айт деп аталуы осы айтта үй басы құрбандық шалады. Айтқа арнап дастарқан жайылады. Құрбан айт күні таңертең көшпелі қазақтар ат мініп алдын-ала белгіленген бір орынға (мешіт бар жерде мешітке) жиналып, екі ракағат құрбан айт намазын оқиды. Осыдан соң, жұрт үй басын санап айтшылап «айт қабыл болсын» деп, айттық құрбандықтың етін жейді. Қазақ қауымы арасында осы құрбан айттан бір күн бұрын ата-бабаларының аруағына арнап мал сойып, «шек беретін» салт болған. Бұл қазақтың ата-бабалар аруағына сыйынатын бұрынғы салтының сарқыншағы еді, ол кейін келе құрбан айтқа қосылып кеткен. Құрбан айттың төркіні діни нанымнан туғанымен, кейін келе қазақтың ұлттық бұқаралық мейрамына айналған.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-САУЫҚТАРЫ

Қазақ халқының ұлттық ойын-сауықтарының түрі сан алуан, бұл ойындар түрлі мереке-мейрамдарда, жұрт жиналып бас қосқан той, топ, ас сияқты ұлы дүбір жиындарда ойналады. Ойын-сауықтардың өте көп тараған түрлері әдеби-көркемөнерлік түр: күй шерту, ән тарту, билеу, өлең айтысу, дастан-қиссалар айтысу. Бұл жоғарыдағы ұлы дүбір той жиындарда орындалуымен қатар шағын көлемді сауық кештерінде де, мысалы: жас нәрестенің туу қуанышына арналған шілдехана, ұзатылатын қызға дос-құрбылары қоштасу ретінде өткізілетін сауық кеші «қыз ойнақ», дос-жарандар бірігіп кезекпен мал сойып, қызық-думан өткізетін «серне» қонақасыларында да, тіпті жүн сабап, киіз басу сияқты үмелі еңбек кезінде де орын-

дала береді. Жастар бас қосқан жиындарда «Үкілі орамал», «Балтам тап», «Хан-уәзір», «Көрші», «Қол соқпақ», «Мыршым» сияқты көңіл ашар, күлдіргі ойындар болады.

Қазақ ойын-сауықтарының бірсыпырасы балалар мен жасөспірімдердің ойындары. Бұлар «Әйгөлек», «Белбеу тастау», «Саққұлақ», «Шешеке», «Бұрақотан», «Ақсүйек», «Соқыр теке», «Тымпи», «Ауыл үй», «Алты бақан», «Әлпеншек» тағы басқалар. Бұл ойындардың көбі түнде, ауыл шетінде ойналады. Жиналған балалар мен жас өспірімдер осы ойындардың бірінен соң бірін ойнап жүріп таң атқызады, бұл малға күзет болады.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі — «тоғызқұмалақ», бұл он сегіз ұя (кіші отау), екі қазан (үлкен отау) ойылған арнаулы тақтада 162 құмалақпен ойналады, әр ұяда тоғызқұмалақ болады. Мұны бейне шахмат сияқты екі адам ойнайды, бұдан басқа қазақ арасында дойбы және асық ойынының бірсыпыра түрлері бар.

Қазақ ойындарының мол түрі спорттық шынығу сипатындағы ойындар. «Ақпа таяқ», «Дом», «Палуан күрес», «Жамбы ату», «Садақ тарту», «Арқан тарту», «Жаяу бәйге», «Секіру» секілді ойындардан басқа ойындардың көпшілігі ат үстінде шынығуға арналған. Қазақ халқының ат үстіндегі спорттық ойындары: «Бәйге шабу», «Сайыс», «Қыз куу», «Жорға салу», тағы басқалар.

Қазақ халқының ұлттық ойын-сауықтары қазақ халқымен бір туып, біте қайнасқан. Оның ұзақ тарихы бар. Ежелгі заманға тән жазба деректерде: «Олар қымыз ішіп қызып алған соң, бір-бірімен өлең айтысады» деп жазылған. Біз бұдан ақындар айтысының тым ерте басталғанын көреміз. Қазақ халқының әр алуан ойын-сауықтарының халық арасында қалыптасқан ережелері бар. Бұл ережелерге жұрт түгел бойұсынады, оны бұзу көп келісін бұзғандық есептеледі. Қазақ халқы «бәйгеге» аса мән береді. Қазақтар бәйге атты қымбат бағалайды. Бәйге аттарды айыра тану мен баптаудың өзі ұзақ жылдық халық тәжірибесінен жиналған арнаулы білім. Қазақ халқы «Ат адамның қанаты» дейді, қазақ халқының салт-санасында, оза шауып, бәйге алу үлкен даңқ саналады.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ ТАРАУ

Жалпы шолу	7
----------------------	---

ЕКІНШІ ТАРАУ

«Қазақ» атауы туралы	17
«Қазақ» атауының төркіні туралы	19
«Қазақ» атауының мән-мағынасы туралы	24

ҮШІНШІ ТАРАУ

Байырғы қазақ шежіресі және тайпа таңбалары	37
Қазақ халқының құрамындағы негізгі ру-тайпалар	38
Қазақ ру-тайпаларының таңбалары және ұрандары	42
Қазақ антропологиялық типі	47

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Қазақ халқының түпкі тегі және оның тарихи қай-нары	49
Сақ тайпалары	50
Ұлы иозылер	58
Үйсіндер	61
Қаңлылар	87
Аландар	100
Иұндар	103

БЕСІНШІ ТАРАУ

Қазақ халқының құралу және даму барысы	109
Батыс түрік қағандығы	111
Түркеш қағандығы	126
Қарлық қағандығы	134
Қимақ қағандығы	140
Қарахандар әулеті	143
Батыс Лиану патшалығы	150

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Шыңғыс әулетінің маңғол патшалығы дәуіріндегі қазақ халқы	155
Маңғолдар қозғалысының қарсаңындағы қазақ ұлыстары	156
Шыңғыс әулеті билеген ұлыстар мен ордалар, олардың құрамындағы қазақ халқы	193
Шыңғысханның батысқа жасаған жорығы «Отырар апаты»	195
Ұлыстардың құрылуы	199

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Қазақ хандығы	229
Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы жалпы жағдай	230
Қазақ хандығының құрылуы және нығайуы	232
Қазақ хандығының күшейуі және кеңейуі	240
Қазақ хандығы мен Мауараннахрдағы Шайбани әулеті арасындағы соғыстар	244
Қазақ хандығының қайта дәуірлеуі	251
17-ғасырдағы қазақ хандығы	257
18-ғасырдағы қазақ хандықтары	263
Қазақ хандығының жойылуы	310

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Қазақ хандығының қоғамдық құрылысы	314
Қазақ хандығының заңдары	317
Қазақ хандығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай	322

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Таяу замандағы қазақ халқы	331
19-ғасырдағы қазақ өміріндегі тарихи оқиғалар	332

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Қазақ халқының мәдениеті	341
Философиялық ой-пікір	342
Қазақ халқының аспан әлемі туралы түсініктері және байырғы қазақ күнтізбесі	349
Қазақ халқының әдебиеті	354
Қазақ халқының көркемөнері	362
Қазақ халқының шежірешілік дәстүрі және шежірелік шығармалары	367
Дәрігерлік-саулық сақтау	370
Малдәрігерлік	372
Діни нанымдар мен салт-саналар	372

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Қазақ халқының тұрмыс-салты	377
Үй-жайы	377
Киім-кешек	380
Ішіп-жем	381
Неке, отбасы және мұрагерлік	382
Қазақ халқының әдет-ғұрыптары	385
Мереке-мейрамдар	395
Қазақ халқының ұлттық ойын-сауықтары	397